

А 2015

1505 к



ШЕТ  
ЕЛДЕРДЕГІ  
**ҚАЗАҚ**  
ӘДБИЕТІ



Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

Ғылым комитеті

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты

# ШЕТ ЕЛДЕРДЕГІ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

Алматы, 2014

УДК 821.512.122.0  
ББК 83.3 (5 Қаз)  
Ш 50

**Кітапты баспаға М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер  
институтының Ғылыми кеңесі ұсынған**

**Бас редакциясын басқарған:**  
ҚР ҰҒА мүше-корреспонденті У. Қ Қалижанов

**Кітаптың жауапты редакторы:** С. С. Қорабай

**Пікір жазғандар:**  
А. Т. Хамраев, филология ғылымының докторы;  
Т. Әлбеков, филология ғылымының кандидаты

**Ш 50 Шет елдердегі қазақ әдебиеті: ұжымдық монография.** – Алматы:  
«Evo Press», 2014. – 592 б.

**ISBN 978-601-230-044-4**

Еңбекте шет елдердегі қазақ әдебиетінің бай тарихы егжей-тегжейлі зерттеледі, диаспоралық қазақ әдебиеті туындылары біртұтас ұлттық әдебиет қазынасы ретінде қарастырылып, Қытай мен Моңғолиядағы көрнекті қазақ ақындары мен жазушылары шығармаларының көркемдік, стилдік, жанрлық ерекшеліктері, шығармашылық дәстүр мен сабақтастық мәселелері жан-жақты пайымдалады.

**УДК 821.512.122.0**  
**ББК 83.3 (5 Қаз)**

**ISBN 978-601-230-044-4**

© М. Әуезов атындағы  
Әдебиет және өнер институты, 2014

## КІРІСПЕ

XXI ғасыр басында әлемдік қауымдастық жаңа тарихи дәуірге қадам басқан кезеңде адам өмірінің барлық салаларындағы өркениетті ғаламдану үрдісі қазіргі даму сатысының басты ерекшелігі болып табылады. Дүниежүзі елдеріндегі әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси, мәдени-тарихи құбылыстар бір-бірімен тығыз байланысты және бір-біріне тәуелді болуы себепті ғаламдану мәселесі жаңа да зерттелмеген тың құбылыс ретінде ғылыми жұртшылық тарапынан ерекше назар аударуды талап етеді.

Жаһандану үрдісі жағдайында әдеби шығармашылық мәселелерін тереңірек зерттеудің мән-маңызы зор. Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алған жиырма жылдан астам уақыт аралығында еліміздің қоғамдық өмірін кеңінен қамтыған рухани жаңғыру мен жаңару үрдісі жаһандану жағдайында ұлттық әдебиеттану саласында егемендік талаптарына сай жаңа ғылыми ізденістердің нақты нәтижелерге бағдарлану міндеттерін алға тартады.

Бұл ретте бүкіл қазақ халқының ата-жұрты болып табылатын Қазақстан Республикасынан тысқары елдерде өмір сүретін қазақтар әдебиетін арнайы зерттеудің маңызы ерекше. Қазір әлемнің қырықтан астам мемлекетінде 5 миллионға жуық қазақ диаспорасы тұрып жатыр. Шет елдердегі аз этникалық топ болып табылатындығына қарамастан, олар әрдайым өздерінің түп атамекені – Қазақстанмен рухани-мәдени және шаруашылық байланыста болуға тырысады. Олардың тарихи Отанмен тығыз байланыста болуын қамтамасыз етуде 1992 жылы құрылған Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының рөлі зор. Қауымдастық төралқасының төрағасы ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаев болып табылатын бұл беделді халықаралық ұйым осыған дейін дүниежүзі қазақтарының төрт құрылтайын өткізіп, қазақ халқының тағдыры, тілі, әлемнің түкпір-түкпіріндегі қазақтарды біртұтас ұлттық мемлекетке біріктірудің құқықтық негіздері сияқты көкейтесті мәселелерін талқылады. 2011 жылдың 25 мамырында Астана қаласында өткен Дүниежүзі қазақтарының

IV құрылтайында сөйлеген сөзінде де елбасы, Қауымдастық төрағасы Н. Назарбаев «Қазақстан – дүниедегі әр қазақтың қас-терлі құбыласы» атты баяндамасында: «Қазақ баласы дүниенің қай түкпірінде жүрсе де тұтас халқының бір бөлшегі екенін еш уақытта ұмытпауымыз керек» деп қадап айтып, «...қандастар тұрып жатқан елдерде ұлттық өнердің кеңінен таралуына жағдай жасауымыз керек. Біз қазақтың қаймағы бұзылмаған көрші елдерде ұлтымыздың аса құнды рухани мұралары сақталғанын жақсы білеміз. Білім мен ғылым министрлігі мен Мәдениет министрлігіне экспедициялар ұйымдастырып, осындай құнды мұраларды жинақтауды тапсырамын» деп үлкен міндеттер жүктеді. Елбасының Құрылтайда сөйлеген осы сөзінен туындайтын бүгінгі күн талаптарын негізге ала отырып, қазақтың қаймағы бұзылмаған көрші елдер – Қытай, Монғолия қазақтары әдебиетін біртұтас ұлттық құндылықтар тұрғысынан жан-жақты зерттеудің маңызы зор. Бұл елдерде тұратын қазақтар әдебиеті осыған дейін диссертациялық деңгейде, монографиялық бір тарау ретінде ғана қарастырылып келсе, мемлекеттік бағдарлама деңгейінде кең ауқымда зерттелген жоқ.

2012-2014 жылдары жүзеге асқан «Шет елдердегі қазақ әдебиеті» гранттық жобасының басты мақсаты да отандастарымыз тығыз қоныстанған Қытай мен Монғолияда тұратын қазақтар әдебиетінің біржарым ғасырлық тарихына терең барлау жасап, дүниежүзіндегі қазақтардың біртұтас ұлттық әдебиетінің жаһандану үрдісіндегі негізгі даму бағыттары мен мақсат-міндеттерін айқындау барысында шығармашылық үндестік, сабақтас-тық принциптері негізінде іргелі ғылыми еңбек жазу болатын.

Міне осы жобалық жұмысты жазу барысында жалпы қазақ әдебиетіне сырттан құяр қайнар бұлақтың бірі – Қытай, Монғолия қазақтары әдебиетінің қалыптасу, даму жолдарын біртұтас ұлттық әдебиеттің әдеби-тарихи ерекшеліктерімен тығыз байланыстыра зерттеу негізгі міндеттің бірі ретінде назарға алынып, XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдағы шет елдердегі қазақ әдебиетінің тарихына жан-жақты тарихи, әдеби сипаттама тұрғысындағы шолулар жасалды, осы елдердегі қазақтар әдебиетінің поэзиялық туындыларына кең ауқым-

ды әдеби-салыстырмалы, текстологиялық зерттеу жұмыстары жүргізіліп, диаспоралық әдебиетке елеулі үлес қосқан ақындар шығармашылығының негізгі сарындары анықталды, сонымен бірге, шет елдердегі қазақ әдебиетінің прозалық жанрларының туып қалыптасу және даму үрдісі сарапталып, көрнекті жазушылардың шеберлік қырлары зерделенді, Қытай, Монғолия қазақтары әдебиетінің көрнекті өкілдерінің поэзиялық және прозалық туындыларының жанрлық-стильдік, көркемдік ерекшеліктері шығармашылық дәстүр мен жаңашылдық тұрғысында жан-жақты талданды.

Жобалық жұмыстың негізгі қорытындысы – «Шет елдердегі қазақ әдебиеті» ұжымдық монографиясында қазақ диаспоралық әдебиеті мәселелері отандық әдебиетпен шығармашылық сабақтастық тұрғысында пайымдалып, түр мен мазмұн жағынан кемелдену сырлары зерттелді, осы әдебиеттің поэзия, проза жанрларын зерттеу барысында шет елдердегі қазақ ақындары мен жазушыларының жалпы ұлттық әдебиет тарихына қосқан үлестері бағамдалды.

Бұл еңбек біртұтас ұлттық мемлекет құру мұраттарынан туындайтын тәуелсіздік талаптарына сәйкес келіп, ұлттық әдебиеттану ғылымының міндеттері аясында іске асырылатын ғылыми-зерттеу жұмыстарының көкейтесті мәселелерін айқындайды. Шет елдердегі қазақ әдебиетінің ұзын-сонар тарихы, қалыптасып, дамуының жай-жапсары, көркемдік-стильдік және жанрлық ерекшеліктері ұлттық әдебиеттану ғылымында бұған дейін кең көлемде әлі зерттелген емес. Сол себепті шет елдердегі қазақ әдебиетін қазақтар тығыз қоныстанған Қытай, Монғолия елдеріндегі диаспоралық әдебиет мысалында кешенді түрде зерттеу осы тақырыптағы ауқымды ғылыми-зерттеу жұмыстардың бағыт-бағдарын айқындауға, біртұтас қазақ әдебиетінің әлемдік әдебиеттегі орнын пайымдауға мүмкіндік береді.

Республика көлемінде осындай жобалық тақырып бойынша қазақ әдебиеттануында баспа бетін көріп жүрген санаулы мақалалардан өзге іргелі ғылыми зерттеу бұрын жүргізілмеген. Тәуелсіздік дәуірінде ұлттық рухани жаңғыру контексінде

арнайы зерттеу нысанына алынып отырған тақырыптың зәрулігі күмән келтірмейтіні анық десек, қазақ диаспоралық әдебиетінің тарихын жан-жақты зерттеп, даму үрдістерін пайымдау мақсаттары көзделген монография бұл әдебиетті жалпы қазақ әдебиетінің негізгі құрамдас бір бөлігі ретінде қарастырып, еліміздің біртұтас ұлттық мемлекет құру жолындағы стратегиялық бағыт-бағдарының маңызды бір міндетін айқындаған, сырт елдердегі қазақ әдебиетінің озық туындыларын біртұтас ұлт әдебиетінің жауһарлары, ал осы шығармалар авторларын бүкіл қазақ әдебиетінің мақтаныштары ретінде қабылдап, әлемдік деңгейде танытуға бастайтын, жаңа ғылыми ізденістерге жол ашатын көлемді зерттеу ретінде қалың көпшілікке ұсынылып отыр.

Ұжымдық зерттеуде шет елдердегі қазақ әдебиеті Қытай және Монғолия қазақтарының әдебиеті негізінде алғаш рет кешенді түрде жан-жақты қарастырылып, озық поэзиялық және прозалық туындыларға көркем талдаулар жасалды, осы елдердегі қазақ ақындары мен жазушыларының суреткерлік ізденістері жалпы қазақ әдебиеті жетістіктерімен тығыз байланыстыра зерттеліп, шығармашылық үндестік пен сабақтастық мәселелері пайымдалды. Осыған дейін шығармашылық қырлары жете қарастырылмай келген Қажығұмар Шабданұлы, Омарғазы Айтанұлы және т.б. көрнекті ақын-жазушылар туындылары ғылыми айналымға еніп, арнайы зерттеу нысаны болды. Сонымен бірге Қытайдағы қазақ әдебиетінің көшбасшылары Ақыт Үлімжіұлы, Таңжарық Жолдыұлы, Асқар Татанайұлы, Көдек Байшығанұлы, Шарғын Алғазыұлы, көрнекті өкілдері Нығмет Мыңжанұлы, Жақып Мырзаханұлы, Оразхан Ахмет, Серік Қапшықбайұлы, Шәміс Құмарұлы, Моңғолиядағы қазақ әдебиетінің басында тұрған Ақтан Бабиұлы, Құрманхан Мұхамәдиұлы, Имашхан Байбатырұлы, кейінгі буынның талантты өкілдері Кәкей Жанжұңұлы, Қуанған Жұмаханұлы, Сұраған Рахметұлы, Байыт Қабанұлы сияқты ақын-жазушылардың шығармашылық қырлары тұтас қарастырылып, сол кездегі қоғамдық-саяси жағдайлармен ұштастырыла жаңаша көзқарас тұрғысынан талданды. Осы екі елдегі диаспоралық әдебиеттің негізін қалаған,



оның дамуына елеулі үлес қосқан ақындар мен жазушылардың шығармашылығы туралы арнайы портреттік тараулардың берілуі зерттеудің негізгі жаңалықтарының бірі болып табылады.

«Шет елдердегі қазақ әдебиеті» ұжымдық монографиясын жазуға қатысқан авторлар:

**С. С. Қорабай**, филология ғылымының кандидаты («Кіріспе», «Қазақ диаспоралық әдебиетінің қалыптасып, дамуы», «Ақтан Бабиұлы», «Қорытынды»), **У. Қалижанов**, филология ғылымының докторы («Амангелді Жүсіпұлы»), **З. Н. Сейітжанов**, филология ғылымының докторы («Көдек Байшығанұлы»), **А. С. Ісімақова**, филология ғылымының докторы («Ақыт Үлімжіұлы», «Омарғазы Айтанұлы», «Тұрсынәлі Рыскелдиев»), **Ш. Н. Сариев**, филология ғылымының кандидаты («Таңжарық Жолдыұлы», «Қуанған Жұмаханұлы», «Байыт Қабанұлы»), **Т. Әлбеков**, филология ғылымының кандидаты («Шарғын Алғазыұлы»), **Д. Мұхамадиев**, филология ғылымының кандидаты («Серік Қапшықбайұлы»), **Ж. Секей**, филология ғылымының кандидаты («Имашхан Байбатырұлы»), **Ә. Қайырбеков**, филология ғылымының кандидаты («Мұрат Пұшатайұлы»), **Б. Сарбалаұлы**, сыншы («Шәміс Құмарұлы»), **Л. Тоқайұлы**, педагогика ғылымының кандидаты («Кәкей Жанжұңұлы»), **Ж. Шәкенұлы**, жазушы, сыншы («Қытайдағы қазақ әдебиеті»), **Х. Омарұлы**, әдебиет зерттеуші («Құрманхан Мұқамәдиұлы»), **А. Сағындықұлы**, әдебиет зерттеуші («Қажығұмар Шабданұлы»), **О. Әділбек**, сыншы («Жақып Мырзаханұлы»), **А. Хаутай**, филология магистрі («Моңғолиядағы қазақ әдебиеті», «Сұраған Рахметұлы», «Ербақыт Нүсіпұлы»), **А. Ахметова**, филология магистрі («Асқар Татанайұлы», «Библиография»).

## ҚАЗАҚ ДИАСПОРАЛЫҚ ӘДЕБИЕТІ

Диаспора ұғымын әлеуметтік ғылымдарда жеке бір ұлттың атажұрты болып табылатын, елден тысқары өмір сүретін бір бөлігі ретінде қарастырады. Ал қазақ диаспорасы тарихи, саяси өзгерістер салдарынан пайда болған құбылыс екендігін назарға алсақ, қазақ халқы өзінің ұшы-қиыры жоқ кең-байтақ жерінде емін-еркін ен жайлап келген ұлт болатын. XIX ғасырда патшалық Ресейдің өз алдына дербес, тәуелсіз мемлекет ретінде өмір сүрген қазақ хандығын жойып, қазақ даласын ойрандап отарлауы, Қытаймен бірге қазақ жерінен мемлекеттік шекарасын белгілеуіне байланысты қазақтар өз атамекенінде отырып-ақ Ресей мен Қытай сияқты алып империялар құрамындағы аз этникалық топтардың біріне айналды. XX ғасырда Кеңес одағында одақтас республикалардың әкімшілік аумағын айыруға байланысты жүргізілген еш ақылға сыймайтын өктем өзгерістерге байланысты қазақ халқының біраз жері Ресей мен Өзбекстан аумағында қалып қойды. Бұдан бөлек, XX ғасырдың 20-30 жылдары Кеңес одағында қолдан ұйымдастырылған ашаршылық пен қасақана жүргізілген саяси қуғын-сүргін салдарынан қазақтар жан сауғалап шет мемлекеттерге қоныс аударуға мәжбүр болғаны белгілі. Тарихшы-ғалым Н. Мұқаметқанұлы дөп басып жазғандай: «Міне, бұлар қазақ диаспорасының қалыптасуының тарихи себептері. Қазақ диаспорасы мейлі қандай жағдайда қалыптассын, олардың барлығы қазақ ұлтының құрамдас бөліктері болып табылады» [1, 4].

Диаспора өзі тұрып жатқан елде аз этникалық топ болып табылады да, әрдайым өзінің тегі шыққан елмен рухани және шаруашылық байланыста болады. Қазір соңғы деректер бойынша әлемнің қырықтан астам мемлекетінде тұрып жатқан 5 миллионға жуық қазақ диаспорасы өзінің басты ұлттық бір белгісі – әдебиет арқылы өздерінің ұлттық танымы мен тәуелсіздік санасы ретіндегі ұлттық біртұтастануға ұйтқы болады.

Осы ретте «Диаспоралық әдебиет» деген ұғым әлем әдебиетінде бұрыннан бар. Бұл ұғым көп уақытқа дейін тіл, әдеби

дәстүр, этникалық қатыстылығы мен белгіленген кеңістік, яғни аумақ үйлесушілігі алдын ала болжанған ұлттық қағидадан ауытқушылық ретінде қарастырылып, жазушының сәйкестігін айқындаған жағдай ретінде қабылданды. Диаспора қалыптастырған өзіндік мәдениет әлемдік әдебиетті зерттеуде ұлттық әдебиеттер қатарында еленбей келді. Дәл қазір диаспоралық әдебиеттің сыншылдық өзегі ұлттық ерекшеліктер ауқымындағы дәстүрлі құрылымнан басым түседі, ал ұлттық дәуірден кейінгі кезеңде диаспоралық құбылыс ғаламдық әдеби үрдіс орталығына қарай жылжиды.

«Диаспора» ұғымын әдебиеттану зерттеулерінде пайдалану жайына қарапайым түрде ғана талдау жасағанның өзі бұл ұғымның көбінесе иммигранттық (қазақы түсінік бойынша шет елдерде тұратын ағайындардың) немесе отарлық кезеңнен кейінгі әдебиет синонимі ретінде қолданылатындығын нақты байқатады.

Біздің ел жағдайында диаспоралық әдебиет – бұл шет елдердегі қазақтар әдебиеті. Мұндай әдебиеттің бар екендігіне ғасырға жуық уақыт болып қалды. Қазақ диаспоралық әдебиеті қазақтар тығыз қоныстанған Қытай, Моңғолия елдерінде бар. Ал бұрынғы Кеңестер Одағы құрамында болған Өзбекстан, Түркменстан, Ресей сияқты ұлт республикаларында қазақтар көп қоныстанғанмен дәл осындай диаспоралық әдебиет жоққа тән. Себебі бұл елдерде тұрған қазақ ұлтының өкілдері өздерінің түпкілікті шыққан атамекені – Қазақстанмен бір мемлекет аумағында емін-еркін араласты, олар өздеріне тән диаспоралық әдебиетті қалыптастырып дамытуға мүдделі болған жоқ. Өйткені аталған республикалардағы ағайындар ана тіліндегі төл әдебиет туындыларын жас кездерінен саналарына сіндіріп, жоғары отаншылдық, ортақ ұлттық сезіммен қабылдады. Оның үстіне Ресей құрамындағы Омбы, Қорған, Сарытау, Астрахан, Селебе, Құлынды өлкесі, Өзбекстанның Қазақстанмен шекаралас аймақтары ежелден қазақтардың түпкілікті атамекені болған жерлер. Қазір де туған атақоныстарын қимай, Қазақстанға көше алмай отырған басты себептерінің бірі де осы. Ал арасын шекара бөлген тілі де, діні де, ұлттық сипаты да бөлек

шет мемлекеттерде тұрған қазақтар ортақ Отан – Қазақстаннан жырақта тұрды, туған әдебиетті қаншалықты білгенмен соншалықты ақпарат жеткіліксіз, жалпы қазақ әдебиетінің тереңге кеткен тылсым құпияларын ашып, бұрынғы-соңғы озық көркем туындыларын еркін оқып танысуға мүмкіндік болмады.

Осы ретте көрнекті жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Қалихан Ысқақтың шет елдердегі қазақ әдебиетіне байланысты айтқан мына пікіріне зер салсақ. «Байқап отырсақ, Қытайда, Моңғолияда әдебиет бар. Ал Түркия мен Германияны айтар болсам, олар бәлендей әдебиет жасай қойды деп айта алмаймын. Біз түрлі сапармен барып-келіп жүрміз. Ол елде оқып жүрген студенттер бар. Білуімізше, әдеби орта жоқ. Олардан сауда-саттық жағын үйренбесек, әдебиет, мәдениет жағынан біз үйренетін ештеме де жоқ. Олардың барлығы маргиналды тұлға болып кеткендер. Олардың мәдениеті не Батыс емес, не Шығыс емес, екі ортадағы дел-сал дәрегей дүниеге айналып кеткен» [2, 3] – деп ой түйіпті қаламгер өзінің «Қазақ әдебиеті» газетіне берген сұхбатында.

Жазушы бұл жерде Еуропада тұратын қазақтар әдебиетіне байланысты өз пікірін бүкпесіз білдіріп отыр. Шынында да еуропаланған қазақтарда жеке кәсіп бар да, әдебиет жоқтың қасы. Ресей мен Өзбекстанда да солай.

Шет елдерде тұратын қазақтар бүкіл ұлттық әдебиеттің ажырамас құрамдас бөлігі болған диаспоралық әдебиетті қалыптастырып дамытуға тарихи-әлеуметтік жағдайлар өзінен өзі ықпал етті де, осылайша өрісі кең, көркемдігі қуатты Қытайдағы қазақ әдебиеті және Моңғолиядағы қазақ әдебиеті қалыптасты. Ғылыми әдебиетте осыған дейін көрнекті ақын, ойшыл Ақыт Үлімжіұлы мен ұлы Абайдың талантты шәкірті Әсет Найманбайұлы сияқты ірі талант иелерін Қытайдағы қазақ әдебиетінің негізін салушылар деп келдік. Тіпті де олай емес. Көзі тірісінде Қазан баспаларында жыр жинақтары жарық көрген Ақыт қажы есімі бүкіл қазақ даласына мәшһүр болса, Әсет ақын Абайдан тәлім алып, ұлы ойшылдың әдеби мектебінің көрнекті өкілдерінің бірі ретінде танылды. Сондықтан екеуі де бүкіл қазақ әдебиетінің ортақ мақтанышына айнал-

ғаны белгілі. Ал бұл ақындарды Қытайдағы қазақ әдебиетінің қалыптасуына ықпал еткен, осы диаспоралық әдебиетті шығармашылық дәстүр ерекшеліктерімен дамытқан тұлғалар деп нық сеніммен айта аламыз.

Қазақ фольклоры мен әдебиеті мұраларын жинап, атақты «Қыз Жібек» жыры мен қазақ айтыс өнерінің көркем де биік шыңы – «Біржан-Сара» айтысын және шығыстық сарындағы бірнеше қисса-дастандарды Қазан, Уфа, Ташкент, Петербург қалаларынан алғаш рет кітаптар етіп бастырған ақын, аудармашы Жүсіпбек Шайқысламұлы туралы да осыны айтамыз. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске қатысып, жасы ұлғайған шағында Қытайға қоныс аударған ақын осы елдегі Іле өңірінде тұрақтап қалады да, оқу-ағарту ісімен айналысады. Оның да шығармашылық жолы Қазақстанда қалыптасып, жыршылығымен, баспагерлік қызметімен елге мәшһүр болған атағы Қытай қазақтарына жетіп, жергілікті жас ақындар арқылы ақынды өздеріне ұстаз тұтып, сан қырлы талантынан нәр алған. Осы ретте Жүсіпбек жұртшылықты ислам негіздеріне баулып, оқытушылық қызмет атқаруы себепті оны Қытайдағы қазақ әдебиетінің негізін салушы емес, осындағы диаспоралық әдебиетке игі әсер еткен үлкен әдеби мектеп өкілі ретінде ғана қараймыз.

Қазақ диаспоралық әдебиетінің негізі Қытайда тұратын ағайындардың шығармашылық ортасында қаланды. Оған Семейде құрылған Алашорда басшылары Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Райымжан Мәрсекұлы бастаған топтың 1918 жылдың жазында Шәуешек және Үрімжі қалаларында болып, жергілікті ұлт зиялыларымен, қалың жұртшылықпен кездесулер өткізуі ерекше әсер еткен сияқты. Алаш басшыларының Қытайдағы ағайындарға арнайы келу құрметіне ұйымдастырылған үлкен той жиынында арқалы ақын Әсеттің:

– Көргенде Алашорда көсемдерін,  
Танылған алты алашқа шешендерін.  
Алдында меймандардың төгейін бір,  
Тасыған өлең сөздің нөсерлерін, –

деп шабыттана жыр толғауы, ел ішіндегі таланттардың үн қосуы Қытайдағы қазақ әдебиетінің ізгі бастаулары болатын. Шын мәнінде «Қазақ әдебиетіне сырттан құяр қайнар бұлақтың бірі – Қытайдағы қазақтардың әдебиетінің» [2, 4] пайда болуына Қазақстанда қолдан жасанды түрде ұйымдастырылған ашаршылық салдарынан мұндағы елдің Қытайдағы ағайындарды сағалап жөңкіле көшуі, сол көшті басқарған аса көрнекті ақын Шәкәрімнің ұлы Зият сияқты талантты ақынның болуы үлкен ықпал етті. Зият Шәкәрімұлы, алаш қайраткерлері Райымжан және Шерияздан Мәрсекұлдары, Ғазез Қалбанұлы және жергілікті ұлт белсенділері Шыңжан өлкесінде ауқымды саяси және мәдени-ағартушылық жұмыстар жүргізіп, қазақ тілінде аймақтық газеттер ұйымдастырды. Мұның өзі жұртшылық арасында үлкен тың серпіліс туғызып, талант көздерін ашты. Поэзия көгінде Таңжарық Жолдыұлы, Көдек Маралбайұлы есімдері жарқырап көрініп, 1940 жылдары талантты жазушылар Ахмет Жүнісұлы, Қаусылхан Қозыбаев, Дубек Шалғынбайұлы мен Бұқара Тышқанбаевтың алғашқы әңгімелері, Нығмет Мыңжанұлының повестері және Рахметолла Әпшеұлының әңгімелері мен пьесалары оқырмандарға кеңінен танылды. Кейінірек, 1970 жылдар соңында Жақып Мырзаханұлының «Арман асуында», Нығмет Мыңжанұлының «Қарлығаш», Оразбек Әбділұлының «Ұстаз», Оразхан Ахметтің «Өзгерген өңір», Жұмабай Біләдтің «Жондағы жорықтар» атты романдары, Жақсылық Сәмитұлының әңгімелері мен повестері жарияланып, бұл жазушылар Қытайдағы қазақ әдебиетіндегі осы жанрдың негізін қалады. Ата-тары аталған ақындар мен жазушылар бүкіл қазақ әдебиетінің үлкен мәуелі бұтағы – Қытайдағы қазақ әдебиетін қалыптастырып, одан әрі дамып өркендеуіне ерекше үлес қосты.

Соңғы жылдары Қытайдағы қазақ әдебиеті туралы бірнеше көлемді ғылыми-танымдық мақалалар мен зерттеулер жазған белгілі жазушы, сыншы, әдебиет зерттеуші Жәди Шәкенұлы жазғандай: «Қытайдағы қазақ әдебиетінің кәусар бұлағы – қазақ әдебиеті айдынына келіп қосылатын асау ағыстың бірі. Оның қазақ әдебиеті мен мәдениетіне берері де мол» [3, 89] деп нық сеніммен айтамыз.

Моңғолиядағы қазақ әдебиеті де осы үрдісте дамыды. Бұл елдегі 1920 жылдардағы саяси өзгерістер Баян Өлгий аймағын мекен еткен қазақтар өміріне тың жаңалықтар әкелді. Туа біткен ерекше дарын иесі, аса көрнекті ақын Ақтан Бәбиұлы өзінің ұлтжандылық рухтағы жырларымен, эпикалық ауқымдағы сюжетті поэмаларымен осы елдегі қазақ жазба әдебиетінің негізін салды, осы жақтағы ұлттық драматургияның да көшбасшысы болды. Ал Моңғолиядағы қазақ әдебиетіндегі проза жанры 1960 жылдардың соңында бірнеше повестердің жазылуы негізінде пайда болса, 1976 жылы жарияланған талантты жазушы Елеусіз Мұхамәдиұлының «Қобда қойнауында» романы осы жанрдың негізін қалады.

Әлемдік ғаламдану жағдайында қазақ диаспоралық әдебиеті тоқырауға ұшыраған жоқ, өзге мәдениеттер ықпалында қалмай, ұлттық өркениет құндылықтары ауқымында дамып, жаңа заман ағысымен, жаңа ұлттық сипатта өркендеп келеді. Қытайдағы қазіргі қазақ әдебиеті қай жанрда болсын, көркемдік қуаты күшті тақырыбы өзекті ойларға құрылған шығармалардың халық көкейінен шығуымен ерекшеленеді. Эпик жазушы Қажығұмар Шабданұлының алты томдық «Қылмыс» романы өмір шындығын жан-жақты көркем суреттеп ашқан терең мағыналы шығарма ретінде бүкіл қазақ әдебиетіндегі үлкен құбылыс болды. Бұл елдегі қазақтар арасында айтыс өнері де жаңа қарқынмен дамып, осы жанрдың табан астында ойдан шығарылып, көркем ойды суырып салып айтатын ерекшелігі сақталған дәстүрдің дамып жаңа сатыға көтерілуімен айқындалды.

Моңғолиядағы қазақ әдебиеті 1990 жылдардың бас кезінде осы елдегі ағайындардың атамекенге жаппай көшуімен, олардың арасында жергілікті зиялы қауымның белді өкілдерінің, көрнекті ақындар мен жазушылардың Қазақстанға қоныс аударуымен біраз жылдарға дейін тоқырап қалғандай сыңай танытып еді. Қазақтарға құт болған Баян Өлгийде қалған ағайындардың кейінгі буынында алдыңғы толқын әдебиеттің көшін жалғастырушы талантты ұрпақ бар екендігі соңғы он жыл шамасында анық байқалады. Өлеңдерін постмодернистік стильде жазуға бет бұрған жаңа үрдістегі көрнекті ақын Сұраған Рах-

метұлы Моңғолия Жазушылар одағы қазақ бөлімшесінің төрағасы ретінде осы елдегі қазақ әдебиетінің даму ісін ұйымдастырып, үлкен жанашырлық танытып келеді.

Поэзия көгінде пайда болған жаңа есім, даланың дарқан ақыны Байыт Қабанұлы:

Далалық ұлмын,  
далаға ынтық жанмын мен,  
Дарабоз толқын  
ағайын болдым ақ жырмен, –

деп асау да ағынды ойларымен нәсерлете жыр төгіп, адалдық пен пәктіктен, сұлулық пен сырлылықтан, ізгілік пен іріліктен жаралған даладай дархан сырға толы өлеңдері арқылы оқырманын баурап алды. Бірнеше жыр жинағын шығарып үлгерген, өлеңдерін қазақ, моңғол тілдерінде бірдей жазатын арқалы ақынды қазір моңғол елінде білмейтін жан жоқ. Моңғолиядағы қазақ әдебиетіне жаңа сипат, тың үрдіс алып келген арқалы ақын Байыт сияқты таланттар аз емес. Поэзиядағы ежелгі түркілік жыр дәстүрін жаңа мағынада жалғастырып, өлеңнің көркемдік қуатына жаңа серпін берген талантты жас ақын Жанат Боқашұлы, жаңа заман кейіпкерлерінің жан-дүниесіне тереңдеп еніп, беймаза тіршіліктегі өмір шындығын шебер суреттеген жаңа мазмұндағы әңгіме, повестерімен танылған жазушы Ербақыт Нүсіпұлы – Моңғолиядағы қазақ әдебиетінің жаңа өкілдері. Ал осындағы ұлт әдебиеті классиктерінің бірі Сұлтан Тәукейұлы тарихи тақырыптарға батыл барып, бірнеше романдарымен проза жанрын биік деңгейге көтерді.

Сонымен бірге жоғарыда атап өткеніміздей Қытай мен Моңғолиядан басқа қазақтар қоныстанған шекаралас елдерде диаспоралық әдебиет жоқтығын айтқанымызбен, Ресей мен Өзбекстанда өлең өлкесінде өзіндік талант қырларымен танылған ақындар аз да болса кездесіп қалатындығын атап өткен жөн. Әрине, көркемдік қуаты соншалықты жоғары деңгейде болмағанымен, жергілікті жұртшылық арасында өлең-жырларымен көпшілік қошеметіне бөленіп, ақын ретінде танылған есімдер де баршылық. Біз бұл талант иелерін де қазақ әдебиетінің бір



өкілдері ретінде білуіміз қажет. Осы ретте ақындар айтысында суырыпсалма өнерімен танылған омбылық Амангелді Жүсіпұлы, атамекенге сағынышын отаншылдық сезімге толы жыр жолдарымен жеткізген ирандық Әбіш Мұхаметұлы, өзбекстандық халық ақындары: жұртшылықты имандылыққа шақырып, адамгершілікті биік ту етіп көтерген жырларымен жерлестерін сүйсіндірген Ермұхамбет Шабарұлы, ақындығымен қоса Өзбекстанның Тамды ауданында қазақша газет ашып, қарымды қаламгер ретінде белгілі болған Қани Амандықов, Сыр сұлейлерінің жыр дәстүрін жалғастырған Ләтіп Мірәшімұлы, дидактикалық сипаттағы өлеңдерімен ерекшеленген Асанғазы Ордабайұлы, Сырда туып, сыртта өскен, 1975 жылы Алматыда шыққан «Сырымды айтам» атты шағын жыр жинағымен елді елең еткізген, жастай өмірден озған талантты ақын Бердәлі Оразалыұлы, әрі ақын, әрі жырау ретінде өз есімін мәшһүр еткен Әлмен Базарұлы, төкпе ақын Мекембай Омарұлы, «Аралға кім оқ атқан?» атты экологиялық тақырыптағы өлең циклдерін жазған Дарап Дәрменұлы және т.б. көптеген жас ақындар есімдерін құрметпен атаймыз.

Айтуар Сабыров – Өзбекстан жерінде қазақ поэзиясы көгіндегі жаңа есім. Осы елдегі жыр сүйер қауымға лирик ақын етене таныс екен. Өлеңдерінде парасат пен пайым тұнып тұрған ақын:

Ізінен құдың деп елестің,  
Қайтара алмайды мені ешкім.  
Жеткізбей келеді,  
Сөз – сағым,  
Оныма өкінген емеспін, –

деген өрнекті жыр жолдары арқылы өзіндік стилімен ерекшеленіп, жаңа өлең өлшеміне тереңдейді [5, 4]. Осыған дейін оның «Сағыныш», «Дүние жалған», «Сен менің елімді көр», «Менің де титтей мұңым бар», «Дарига дәурен» атты жыр жинақтары жарық көріпті. Бірақ бұл кітаптардың ешқайсысы қолымызға түскен жоқ. Өзбекстанда қазақ тілінде шығатын «Нұрлы жол» газетінде жарияланған бір топ өлеңдерін оқып, өзіндік үні мен өлең өрімі бар ақын екендігін байқадық. Оның үстіне

2010 жылы Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының ұйымдастыруымен Астана қаласында өткен Халықаралық жыр сайысында Айтуар өлеңі бірінші орын алғанын айтсақ, поэзия көгінде жарқырап көрінген дарынның алдағы айтары көп ақын екендігін білдірсе керек. Ақын шығармаларымен толық танысқаннан кейін оның талант қырларын молынан талдап жазармыз.

Сол сияқты Ресейдің Саратов облысында тұратын Меңдібай Тиағалиев те талантты ақын екен. Бұл кісімен М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының аға ғылыми қызметкері, белгілі музыкатанушы-ғалым, өнертану ғылымының кандидаты Бақыт Тұрмағамбетова 2013 жылы Саратов облысына ұйымдастырылған фольклорлық-музыкалық экспедиция кезінде кездесіп, біршама материал жинап қайтты.

Сексеннің сеңгіріне шыққан М. Тиағалиев өлеңдерін орыс тілінде жазады екен, арасында ана тілінде шығарған жыр шумақтары да кездесіп қалады. «Жүрегім Ресеймен бірге», «Менің Галактикам», «Мен XX ғасырданмын», «80-нің сеңгірінде» атты орыс тіліндегі жыр жинақтарының авторы. Отыз жылдан астам уақыт бойы көру қабілеті нашарлап, бірінші топтағы мүгедек атанғанымен жастайынан өлеңді өміріне серік еткен ақын тағдырына еш мойымай, заман мен қоғам туралы тебіреністі өлеңдерін тудырып, жаңа өмір өзгерістерін шабыттана жырға қосып келеді.

Бүкіл Саратов өлкесіне белгілі ақын өз шығармаларында Ресей мен Қазақстанды бірдей жырлап, Отанға, туған жерге деген сүйіспеншілігін, адамдарға ықыласы мен өмірге құлшынысын өлең жолдарымен білдірген. «Меңдібай Тиағалиев атажұрттан жырақта жүрсе де жүрегі қазақ елім деп соққан, туған халқының рухын көтеріп, руханиятына қызмет етіп жүрген дарынды жанның бірі» деп Б. Тұрмағамбетова дөп басып жазғандай [6, 266], поэзиялық туындыларын орыс тілінде жазса да, қазақша ойлап, қазақша толғанатын ақынның қазақ әдебиетінде өзіндік ізі бар деп айтуға болады.

Қазақ диаспоралық әдебиеті атамекеннен жырақта өзге ел жағдайында өз бетімен дамып өркендеп жатыр. Шет елдердегі

қазақ әдебиеті жалпы қазақ әдебиетінің үлкен құрамдас бір бөлігі десек, Қытай мен Моңғолиядағы қазақ әдебиетінің озық көркем туындыларын бүкіл ұлт әдебиетінің жауһарлары, ал осы шығармаларды жазған ақындар мен жазушыларды бүкіл қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері ретінде қабылдап, қалың жұртшылыққа таныстыру қажет. Негізі бар әдебиеттің болашағы да бар. Бұрыннан қалыптасып дамыған отандық әдебиеттің шығармашылық дәстүр сабақтастығын сол елдегі диаспоралық әдебиет ерекшеліктерімен біртұтастықта жалғастырған, жаңа заманның өркениет көшіне ілесіп, мүлдем тың көркем туындылар әкелген мұндай әдебиеттің болашағы кемел. Бүкіл қазақ әдебиетінің бір бұтағы саналатын бұл әдебиеттің одан әрі дамып өркендеуі үшін де, болашақ шығармашылық бағыттарын бағдарлау үшін де дұрыс жөн сілтейтін, ақыл-кеңес беретін орта керек. Ол орта атамекендегі Жазушылар одағы, ғылыми-зерттеу мекемелері мен орталықтары ғана емес, мемлекеттік деңгейдегі басшы органдар да диаспоралық әдебиетке еліміздің біртұтас ұлттық мемлекет құру жолындағы стратегиялық бағыт-бағдарының маңызды бір міндетін айқындайтын бөлігі ретінде қамқорлық жасауы қажет.

Қытайда да, Моңғолияда да қазақ әдебиеті өз бетімен даму үстінде. Қытай елінде шығармашылықпен айналысатын талант иелеріне мемлекеттік деңгейде үлкен қамқорлық жасалған: Шыңжан өлкесінің Алтай, Тарбағатай және Іле аймақтарында тұратын қандас қаламгерлер қазақ тілінде баспалардан кітаптарын еркін шығара алады, үш аймақта да әдеби-көркем журнал шығады, басқа да қамқорлықтар жеткілікті. Ал Моңғолияға келсек, бұл елдегі қазақ ақын-жазушыларының жағдайы мүшкілдеу. Шығармашылық одағы болғанмен баспалары жоқ. Әркім өз кітабын өз бетінше әр жерде бастырып шығарады. Жарық көрген басылымның безендірілуі сын көтермейді. Баян Өлгий аймағының орталығы – Өлгий қаласында не бір арнайы кітап дүкені, тіпті кітапхана да жоқ. 1990 жылдарға дейін бай кітап қоры бар кітапхана болған, қазір тек жұрнағы ғана қалыпты. Кітап қоры мүлдем аз, негізінен, кеңестік кезде жарық

көрген шығармалар. Оқырман қазіргі қазақ әдебиетінің даму барысын мүлдем білмейді десе болады.

Сондықтан қазақ диаспоралық әдебиетінің кең құлашты дамуын қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі шет елдердегі қазақ диаспораларын ана тіліндегі оқулықтармен қамтамасыз етіп, талантты жастарды жоғары оқу орындарына түсіру, түрлі білім, ғылым, өнер конкурстарына қатыстыру жағына назар аударғаны жөн. Ал еліміздің Мәдениет және ақпарат министрлігінің қазақ диаспоралық әдебиетін дамыту ісіне көмек беретін мүмкіндігі мол. Шет елдердегі қазақ әдебиетінің күндерін өткізу, екі жақтағы айтыс ақындарының сайысы мен жазба ақындардың жыр мүшәйрасын ұйымдастыру және т.б. көптеген мәдени игі іс-шараларын жүргізу қажет. Тіпті іргеміздегі Моңғол еліндегі Өлгий, Қобда қалаларында, Ресейдің Таулы Алтайындағы Қосағаш кентінде қазақ тіліндегі түрлі әдебиет кітаптары қамтылған кітапханалар ашып берсе нұр үстіне нұр болар еді.

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты «Шет елдердегі қазақ әдебиеті» жобасы бойынша отандастарымыз тығыз қоныстанған Қытай мен Моңғолияда тұратын қазақтар әдебиетінің бір жарым ғасырлық тарихына терең барлау жасап, дүние жүзіндегі қазақтардың біртұтас ұлттық әдебиетінің жаһандану үрдісіндегі негізгі даму бағыттары мен мақсат-міндеттерін айқындау барысында шығармашылық үндестік, сабақтастық принциптері негізінде көлемді ғылыми еңбек жазып, жүзеге асыру үстінде. Бұл диаспоралық әдебиеттің ғылыми қамтылу жағы. Ал қазақ диаспоралық әдебиетінің бүкіл қазақ әдебиетінің ажырамас бір бөлігі ретінде толыққанды дамуына түпкілікті атамекенінде мемлекеттік деңгейде көңіл бөлініп, қамқорлық жасалғаны жөн болар еді. Сонда ғана қазақ диаспоралық әдебиетінің алдағы даму болашағы бұлыңғыр болмай, одан әрі тың серпінмен нұрлана түседі, жаңа сипаттағы көркем шығармалар жазылып, бүкіл отандық әдебиет өрісі кеңі береді.

## Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мұқаметханұлы Н. Қазақ диаспорасының ұлттық танымы мен тәуелсіздік санасы – ұлттық біртұтастанудың ұйтқысы // Төртінші билік. 2011. 3 қазан.
2. Ысқақ Қ. Бәрімізге ортақ бір ғана қазақ әдебиеті бар // Қазақ әдебиеті: 2005. 30 қыркүйек.
3. Сейітжанов З.Н. Қытай қазақтары әдебиетінің туып, даму жолдары (поэзия, проза. 1950 жылға дейінгі 3 кезең). Филол. ғ.д. дәрежесін алу үшін дайындаған диссертацияның авторефераты. – Алматы, 2000.
4. Шәкенұлы Ж. Жалғыздың үні: Сын-зерттеу мақалалары мен сыр-сұхбаттар. – Алматы, «Ақотау» баспасы, 2010. – 424 б.
5. Сабыров А. Жүрегімнің сансыз жыртығын жырыммен жүрмін бүтіндеп... // Нұрлы жол (Өзбекстан). 2012. Мамыр 16.
6. Тұрмағамбетова Б. Ұлттық өнер – өмір мен қазына: Ғылыми зерттеулер мен мақалалар. – Алматы, 2013. – 360 б.

## ҚЫТАЙДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТИ

Қытай қазақтарының әдебиеті – күллі қазақ әдебиетінің бір бұтағы. Шынжаң (жаңа өлке) өңірін мекендеген қазақтардың әдебиеті XVIII ғасырдың бірінші жартысынан белгілі, арғы тарихы қазақ халқының ауыз әдебиетімен сабақтас.

Бес мың жылдық тарихы бар Қытай сынды байырғы елдерде түркі әдебиетінің жұрнағы барынша таза күйінде сақталып қалған. Оны «Батыс өңір: аз ұлт жырларынан таңдамалылар» кітабы және Қытайда шығып жатқан «Қытай тарихындағы қазаққа қатысты деректер» атты қомақты томдар мен қазақтанушы қытай ғалымы Су Бихай жазған «Қазақтың мәдениет тарихы», «Шынжаң жартас жазбалары» секілді көптеген еңбектер және біздің қолымыз әлі жетпей жатқан қытай «қоймалары» толық дәлелдей алады. Десе де, бүгінгі әдебиет тарихымызды дәуірлеп, оның тарихын зерттеуде XII-XIII ғасырларда туған Орхон ескерткіштерінен, Күлтегін, Тоныкөк жазуларынан аса алмай келе жатуымыз арабтар жойып жіберген ескі әдебиетімізді әлі де зерттеп жете алмай жатқанымыздан болса керек.

Енді өзіміз көтеріп отырған тақырыпқа қайта келсек, Шынжаңдағы әдебиеттің туылуы да исламдық үлгідегі діни әдебиеттен бастау алады. Оның алғашқы бастауы, әрине, Абай (1845-1904) мен Ақыт (1868-1940) шығармаларында жатыр. Абай күллі қазаққа ортақ ұлы тұлғаға айналса, Ақыт – әлі зерттеліп болмаған қыры мен сыры көп ірі ғұлама. Біз Абайдың, ең алдымен, Шығыс шайырларын өнеге тұтқанын білсек те, Ақыт жайында аз білеміз.

Ақыт Үлімжі туралы 1897 жылы алғашқы еңбек жазған орыс ғалымы Николай Федорович Катанов болса, одан кейінгі бодандық жылдар социализмнің коммунистік жүйесіне бағынып, Ақыт жайында ауыз ашуға қорықты. Себебі ол арабтық әдебиет үлгісін барынша пайдаланған діни әдебиеттің өкілі деп қаралды. Ал ендігі бір топ зерттеушілер Ақытқа өз заманының емес, бүгінгі әдебиеттің өлшемімен қарағысы келеді. Енді-енді ес жиған 1970-1980 жылдардан бастап Қытай, Моңғол, Қазақстан жерлерінде Ақыт туралы сөз қозғаған Қабидаш Қалиасқарұлы,

Кәкей Жанжұңұлы, Шынай Рахмет, Нариман Мұхаммедхан, Әуелхан Қалиұлы, Қалиолла Нұртаза, Шәміс Құмарұлы, Қадыс Жанәбілұлы, Зұфар Сейітжанов секілді жазушы, ғалымдар біраз деректер берді.

Ақынның 1903 жылы жазған «Керей ишаны Мұхаммед мүмін» деген еңбегінен белгілі болғанындай, орыс жерінен қашып барған Мажбулла деген үлкен оқымысты Мырзабақа деген атпен Ақытқа ұстаз болған. Ақыт осы адамнан араб, парсы тілдерін үйреніп, араб, парсы, шағатай тілдеріндегі тарихи, ғылыми, әдеби кітаптар арқылы Шығыс әдебиетімен молынан танысады. Әрі Қобда пошта бөлімшесінде жүрген кезінде жұмыс қажетімен моңғол, орыс тілін де үйренген. Ақынның қажылыққа баруы да ой әлемін кеңітіп, қалам қуатын арттыра түседі. Сол тұстарда ол Мұхаммед пайғамбар (с.а.с.), Мұхаммед Құнапия, Смағұл қатарлы исламдық ірі тұлғалар өмірінен тарихи жырлар жазады әрі «Ғадыл ханның үкімі», «Мұса пайғамбардың мойындауы», «Мұсаның Қызырға жолдас болуы», «Ескендір Зұлқарнайын» тектес жиырмадан астам назиралық дастандар жазған.

Ақынның алғашқы еңбектері 1891 жылдан бастап Қазан, Орынбор, Семей баспаларынан кітап болып шыға бастаған.

Ақыттың өмірі мен өлең-жырларына үңілгенде, оның шығыстық діни үлгіні пайдаланып әдебиетке келгенін, қазақы қара өлеңмен сусындап, Шалкиіз, Қазтуған, Асан, Бұқар жырларын да жаттап өскендігін, жол ортасынан өте бере Абайды да өнеге тұтқанын анық сеземіз. Ақыт қолына кештеу тиген Абай шығармаларының Қытайдағы қазақтарға жетуіне келсек, қазіргі бар дерек бойынша Абайдың 1909 жылы шыққан кітабы 1915 жылы Асқар Татанайұлының қолына жеткенін білеміз. Одан кейінгі деректер 1920 жылдары Таңжарық Жолдыұлының (1903-1947) Қазақстан жерінде болып қайтуы, 1916 жылы Әсет Найманбайұлының (1867-1923), Жүсіпбек (қожа) Шайхысламның (1857-1937) Қытай жеріне өтуі, Зият Шәкәрімнің Қытайға қашып өтуі екі ел арасындағы әдеби-мәдени байланыстарға мұрындық болғанын көрсетеді. Осы орайда Абай мен Ақыт арасындағы бір жаңсақ ұғымның бетін аша кеткіміз келеді. Көп жұрт Ақыт Абайдан өнеге алған дегенді айтады. Бұл

теріс емес. Алайда Ақыттың Абайды ресми тануы 1930 жылдардан ғана бастау алған. Ақыт 1932 жылы ұлы Абай шығармаларымен кеңінен танысып, Абай өлеңдеріне тікелей еліктеп 90 өлең жазады. Бір жағына Абай сөзін, бір жағына өз сөзін жазған бұл топтаманы ақын «Ғақлиялық үндеулер» деп атаған. Әрі анық түсініктеме жасаған. Бұл кітап сегіз қырлы ақын еңбегінің бір қыры ғана екенін ескергеніміз жөн. Әлі зерттеліп болмаған тарихи әңгімелердің көп екенін ескерсек, Әсет Найманбайұлына байланысты да шешуі толық емес жұмбақ-хикаялар көп. Соның бірі – 1918 жылы мамырда Әсет Найманбайұлының Қытайдың Шәуешек қаласында Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулаттармен бірге болғандығы, Әсет бұл басқосуда «Алашқа» атты атақты өлең-толғауын шығарады. Ал осы сапар барысында Ахмет, Міржақып туралы бізге жеткен әңгіме мардымды емес. Демек, Алаштың атақты тұлғаларының да Қытайдағы қазақтар арасында болғандығы расталып отыр.

Қуғын-сүргін салдарынан Қытай жеріне қашып өткен ендігі бір топ Шәкәрім қажы ауылының адамдары еді. 1931 жылы 2 қазан күні Шәкәрім қажы жазықсыз атылған соң, Зият Шәкәрімұлы, Бердеш Әзімбайұлы Тәкежанов, Мәнәкеш Әзімбайұлы, Қожақапан, Төлеуқазы қатарлылар әуелі Тарбағатайға, онан соң Алтайға қашып барады. Осыдан аз уақыт бұрын ілгерінді-кейінді болып Алтайға жан сауғалап барған Сейітқазы Нұртаев, Шабдан Әбдікерім, Кәрім Дүйсебай, Сәлім Жаназар, Мырзахмет, Құсайын қатарлы асылдың қиықтары бар еді. Олардың алды болыс болған, Стамбул, Мәскеу қалаларында университет оқыған, арты асылтекті тұқымнан тараған көптілді, аса білімді жандар болатын. Демек, жоғарыдағы көп есімдерді атауымыз олардың екі ел арасындағы өркениеттің, әдебиеттің алмасуына игі ықпал жасаған іздерін ізетпен атау еді. Абай өлеңдерімен жарыса жеткен Мағжан Жұмабаев (1893-1938), Міржақып Дулат (1885-1937), Бейімбет Майлин (1894-1938), Ахмет Байтұрсынұлы (1873-1937), Шәкәрім Құдайбердіұлы (1858-1931), Жүсіпбек Аймауытов (1889-1930), Лияс Жансүгіров (1894-1938), Сәкен Сейфуллин (1894-1938), Сұлтанмахмұт Торайғыров (1893-1920) есімдері осыдан бастап



шетел қазағына да кеңінен танылды. Іле өңірінде Әсет, Жүсіпбек, Көдек ақындар өзіндік өнегесімен әдебиеттің тамырын тереңге жайса, Зият Шәкәрімұлы арқылы Мағжан Жұмабаев өлеңдері, Ахмет Байтұрсынұлы мысалдары, Шәкәрім өлеңдері, әндері, дастандары, шежірелері Алтай мен Тарбағатай қазақтарына кеңінен тарады.

Осынау тараған өлең-жырлар ішінде Әсеттің Алтайдағы іздері, Мәми Бейсіге жоқтау шығаруы, «Салиха-Сәменді» жазуы – әлі күнге тиянақты зерттеу таппаған тақырыптар. Әуелі «Шәкірт-Шәкірат» секілді ежелгі әдебиеттің кейбір үлгілері Әсетте жаңсақ жазылған жағдай да жоқ емес. Енді бір қызығы, бүгінгі Шынжаң ауыз әдебиетінің қорына енген бай қазыналардың арасында атақсыз жүрген Алаш ұлдарының еңбектері де ұшырасады. Ол да ертеңгі күннің зерттеуін күтеді. Осыларға жалғас тағы бір жұмбақ – «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының Алтайға тараған нұсқасының сондағы жер аттарымен төркіндестігі.

Жазушы, тарихшы Асқар Татанайұлының «Тарихи дерек, келелі кеңес» кітабының «Беген шабылған Қарасеңгір оқиғасы» мақаласында 1830 жылдары Өр Алтайдың Көктоғайына алғаш ат басын тіреген есағасы, Қазыбек ауылындағы Беген қатарлы ақсақалдардың жерге айналған ескі төмпешікке: «Қарекең мен Сарекеңнің зираты еді» деп дұға оқуы кісіні ойға салады. Тіпті төменгі Алтайдан Өр Алтайға дейінгі жер аттарындағы «Баянның алқасы мен білезігі қалған жер» (Алқабек, Білезік өзендері), «Баянның буыршыны қалған жер» (Буыршын ауданы), «Алайғыр», «Қозының таяғы көктеген жер» (Көктоғайдағы Белқайың) «Қырық құдық» (Жеменей) тектес жер атаулары тағы көп сұрақ тудырады. 1935 жылы 27 желтоқсан күні алғашқы саны жарық көрген Шынжаң «Алтай» газетіне Зият Шәкәрімұлының өзі де өлең шығарған:

Жас «Алтай» жаңа ұшып қанат жайған,  
Көрініп тұр жарығы сонадайдан.  
Көркейіп көп жасасын орын алып,  
Жойтын надандықты құрал-сайман...  
Ортаңа келді баспа басатұғын,

Таратып түрлі жеміс шашатұғын,  
Оқу – өнер, білімнің түп-қазығы,  
Серпіліп надандықтан қашатұғын.  
Шығарды «Алтай» атты жаңа газет,  
Оятып халық көзін ашатұғын.  
Алтай кәрі болғанмен білгенің жас,  
Балалыққа жолама, енді одан қаш.  
Бірлік қыл, пұл аяма, қолыңды ұстас,  
Бір жеңнен қол шығарып, жағадан бас.  
Басқышқа жаңа шықтың қадам басып,  
Тұтқасын ұста, ғылым есігін аш.  
Езіліп үйде отырып күн өткізбей,  
Халқыңа қызмет ет ендігі жас.  
Тілегім, шын жүрегім, хақ ниетім,  
Еңбек ет, шаруа көркейт, ілгері бас.  
Көрмеген өнер-білім бұрын халық,  
Ен жүрген көшіп-қонып малын бағып.  
Білімге барлық шаруаң байланысты,  
Алсаңдар тәжірибе ойға салып.  
Ен көшіп, еңбексіз ет-қымыз ішіп,  
Қазақтың қараңғыда қалуы анық.  
Әр нәрсе өз-өзінің заманында,  
Құша келді бізді бүгін заман ағып.  
Әділ заң, түзу тезің құрулы тұр,  
Нұрлы күн сәуле берді нұрлы жарық.  
Білімге толы адам бел байлайды,  
Өнерсіз елің жоқ деп түрін танып.  
Қолданып Сұнияттың салған жолын,  
Ел болып қатарға ендік теңдік алып.  
Жаңа «Алтай» құттық айтып қадамыңа,  
Басқарған алғыс айтып адамыңа.  
Жәрдемге қолбасшылық жөн сілтеген,  
Көп рахмет Шәріпхандай жанабына.

Сөйтіп, аты аталған тарихи тұлғалардың игі ықпалында Шынжаң қазақ әдебиеті қалыптаса бастады. Оның көш ба-сында Жүсіпбек Шайхысламұлы, Әсет Найманбайұлы, Ақыт

Үлімжіұлы, Таңжарық Жолдыұлы, Нұртаза Шалғынбаев, Досбер Саурықұлы, Дубек Шалғынбаев, Асқар Татанайұлы, Нығмет Мыңжанұлы, Арғынбек Апашбайұлы есімдері тұрды. Бұлар ауыз әдебиетінің бай үлгілерінен мейлінше сусындаумен бірге, шығыстық және батыстық әдебиеттің үлгілерімен де белгілі дәрежеде танысқан, Кеңес одағындағы ақын-жазушылардың еңбектерін де оқып білген, өз тобынан озып шыққандар еді. Бұлармен қатар немесе соңдарынан жеткен ауыз әдебиеті үлгісін жалғаған әрі айтыс ақыны, әрі жазба ақын бір топ болды. Олардың бастыларынан: Асылхан Мыңжасарұлы, Әріпжан Жанұзақұлы, Рахымжан Мешпетұлы, Сұлтан Мәжитұлы, Смағұл Қалиұлы, Отарбай Дүйсенбіұлы, Болмас Төлемісұлы, Боздақ Дүзбембетұлы есімдерін атауға болады.

Шынжаң қазақтары өз әдебиетін қалыптастырғаннан кейін керуен бұйдасын соза жалғаған қаламы қарымды, қадамы алымды тағы бір топ өмірге келді. Олардың ішінде: Қаусылхан Қозыбай, Құрманәлі Оспанұлы, Рахметолла Әпшеұлы, Мағаз Разданұлы, Күнгеі Мұқажанұлы, Омарғазы Айтанұлы, Қажығұмар Шабданұлы, Жұмабай Біләлұлы, Оразхан Ахметұлы, Жақсылық Сәмитұлы есімдері алдымен ауызға алынатын болды.

Ал осыдан кейінгі Шынжаң қазақ әдебиетіндегі шоғырлы топта Мақатан Шәріпханұлы, Шәкен Оңалбаев, Қызырбек Сахариұлы Оралов, Бұлантай Досжанин, Ғалпар Біләлұлы, Ғани Саржанұлы, Қапез Сүлейменов, Батырхан Құсбегин, Сұлтан Жанболатов, Жұман Әбішұлы, Шайсұлтан Қызырұлы, Задахан Мыңбаев, Бердібек Құржықаев, Әбденбай Бажаев, Серік Қапшықбай, Дутан Сәкейұлы, Шәмшабану Хамзақызы, Әуесхан Нұрқожақызы, Тұрсынәлі Рыскелдиев, Зейнолла Сәнікұлы, Жұмәділ Маманұлы, Қайролла Баянбайұлы, Бәйтiк Дүйсебаев, Мәди Әбдірахман, Құлмұқан Ахметұлы, Құмарбек Сахарин, Қанаділ Тұрысбеков, Жәнетхан Тұтқабек, Қыдырхан Мұқатай, Ұлыхан Сұлтан, Сәли Сәдуақасұлы, Тәліпбай Қабаев, Ғалым Қанапияұлы, Райхан Ібiнқызы, Қасымхан Уатханұлы, Әзілбек Кiназбекұлы, Шәміс Құмарұлы, Айтқали Оспан, Қабыл Ыбырай, Көбен Асқар, Оразбек Әбділ, Шаймұрат Қамза, Шәмен Исаұлы, Сейітхан Қалиұлы, Қабылқақ Күлмесханұлы, Серік Қауымбай,

Қабдеш Жанәбіл, Нұрила Қызыхан, Асылбек Сақышұлы, Балапан Рабатов секілді қаламгерлер болды. Осы қаламгерлермен қанаттас әдебиет зерттеу және сын жанрында еңбектенген ғалым қаламгерлерден Жақып Мырзаханов, Ахметбек Кірішбаев, Әуелхан Қалиұлы, Мырзахан Құрманбайұлы, Омархан Асылұлы, Бексұлтан Кәсейұлы, Қаусылхан Қамажанов, Шәріпхан Әбдәліұлы, Ғазез Райысұлы, Асан Әбеуұлы, Камуна Жанбоз, Жеңісхан Мұқатай сынды бір қосын бар.

Ежелгі күндерден-ақ өзге тілден аудару мен назиралық жолмен жаңғыртып жазудың әдебиетіміздегі орны өте маңызды болып келді. Қазақты құраған бағзы тайпалар тарихының өзінде әртүрлі аудармашылардың болғаны сөз етіледі. XII ғасырдан бастап ресми сөздіктердің жасала бастағаны жөнінде де дәлелдер бар. Ислам дінінің жалпыласуымен бірге Шығыс әдебиетін аудару үрдіске айналған. Науаидің «Тотынама», «Ләйлі-Мәжнүнi» Фирдоусидің «Шахнама», «Жүсіп-Зылиқасы», Низамидің «Фарһад-Шырыны» – соның алғашқы мысалдары.

XVIII ғасырдан басталған орыс өктемдігіне байланысты көптеген тілмаш-аудармашылар жетілді. Қытай қазақтарына келер болсақ, 1756-1757 жылдан кейінгі қазақ-қытай байланыстарының жиілеуі және қазақтардың ежелгі мекеніне орала бастауына орай аударма қажеттілігі туа бастады. Әрине, Пекинмен арадағы түрлі байланыстардың тілмашсыз өтпегені белгілі. Қазақ әдебиетіндегі көркем аудармаға келер болсақ, алдымен аузымызға түсетіні А. Құнанбаев, Ы. Алтынсарин, Ш. Құдайберді, М. Сералин, Ә. Найманбаев, Ш. Бөкеев, А. Байтұрсынов, Ж. Аймауытов секілді серкелеріміз болмақ. Шынжаң қазақтарында 1922 жылғы Үрімжі қаласында ашылған Моңғол-қазақ мектебінің қытай тілі мен орыс тілінен сабақ өтіле бастағанын ескерсек, бұл ондағы аударманың негізін қалады деп толық сеніммен айтуға болады.

1933-1934 жылдардан бастап оқу-ағарту, баспа ісінің өркендей бастауы аударма ісін одан ары жандандыра түсті. Мұқаш Жәкеұлы, Дубек Шалғынбаев секілді аудармашылар қосыны қалыптасты. Шынжаң қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардан болған Ақыт Үлімжіұлының, Әсет Найманбайұлының, Жүсіп-

бек Шайхысламұлының, Арғынбек Алашбайұлының араб, парсы тілдерінен аударып жаңғыртып (назиралық жолмен) жазған шығармалары көркем әдебиетіміздің көліне кәусар бұлақ болып құйылды.

Қарымы қатайған қазақ қаламгерлері ендігі жерде қытайдың классикалық шығармаларын аударуға бет бұрды. Нариман Жабағытайұлы, Меллатхат Әленұлы, Әдібек Байболатов, Ғылажден Оспан, Әнуарбек, Әріп Зұрғанбекұлы, Әбділдабек Ақыштайұлы, Қалихан Қалиақбарұлы, Хакім Әкімжан, Әзімхан Тышанұлы, Ақберді Изатбекұлы, Бекмұхамет Берікұлы, Қазымбек Арабин, Шамас Әубәкір, Найманғазы Сапанұлы, Ақия Раданұлы, Әлімжан Қатбаев, Кәкеш Қайыржан, Әбдіманап Әбеуұлы, Қайша Тәбаракқызы, Еркеш Құрманбекқызы секілді белді аудармашылар Лу Шүн, Мау Дүн, Ба Жин, Яң Мо, Лау Шы шығармаларын, Сау Шучиннің «Қызыл сарайдағы түсін», Ло Гуанжұнның «Үш патшалық қиссасын», У Чың-ынның «Батысқа саяхатын», Шы Найан мен Ло Гуонжұнның «Су бойындасын» және Таң дәуірінің таңдамалы өлеңдерін тәржімеледі.

Шынжаң телевизиясында аударма фильм жасау орталығының бастамасымен кинофильм аудару ісі тіпті де кемелдене түсті. Шынжаңдағы қазақ киносы сөз болғанда, 1954 жылы түсірілген «Хасен-Жәмила», одан кейінгі «Тянь-Шань қызыл гүлі», 1980 жылдардан кейінгі түсірілген «Жетім қыздың махаббаты», «Қыз бейіті», «Сержан», «Сахарадағы Дәлеш», «Жусанды дала», «Көрікті мекен» кинолары еске түседі. 1970 жылдан бастап іске қосылған Шынжаң телевизиясы 1985 жылы 22 қыркүйектен бастап қазақ тілінде хабар тарата бастаған.

1988 жылға келгенде қазақ тіліндегі телефильм аудару-жасау бөлімі құрылған. 1989 жылдан 1998 жылға дейінгі мәліметте Шынжаң телевизиясының қазақ тілінде таратқан кинофильмдері 2 мың 354 сериалдан асқан. 2004 жылдан бастап жылдық жұмыс өнімділігін 550 сериалға жеткізген. Бұл фильмдердің көбі қытайдың және басқа шетелдің таңдаулы телефильмдерінің қатарына жатқызылып, халықаралық Оскар сыйлығына ие болғандары да бар. Біз қазақ елінде отырып қазақшаға жа-

рымай отырғанда Қытай қазақтары теледидардың 2 телеарнасынан қазақ тіліндегі бағдарламаларды үздіксіз көре алады.

Қытай тілінен қазақшалаудан тыс арабшадан қазақшалау немесе қазақшаны қытайшалау жағынан да белгілі еңбектер болды. Ғазез Ақытұлы мен Мақаш Ақытұлы «Құран кәрімді» қазақшалады («Ұлттар» баспасы, 1990 ж.). Сібе ұлтынан шыққан аудармашы Қабай Абай шығармалары мен «Абай», «Абай жолы» еңбектерін қытайшалады. Кейінгі жылдары бұл үрдісті Қайша Табаракқызы, Еркеш Құрманбекқызы сияқты екі тілді бірдей меңгерген қаламгерлер жалғады. Жоғарыда аты аталған аудармашылар арқылы Жамбыл Жабаев, Ғабиден Мұстафин, Сәбит Мұқанов, Мұхтар Әуезов, Дүкенбай Досжан, Қалдарбек Найманбаев, Сайын Мұратбеков, Тахауи Ахтанов, Оралхан Бөкей, Немат Келімбетов, Дидахмет Әшімхан секілді ақын-жазушылар шығармасы азды-көпті қытайша сөйледі. Аударма ғана емес, Қазақстан қаламгерлері шығармаларының Шынжаңда төте жазуға аударылып жарық көруі де ондағы әдебиеттің өсіп-өркендеуіне игі ықпалын тигізіп отырды.

1933-1937 жылдар аралығындағы Кеңес Одағы мен Шың Шысай басқаруындағы Шынжаң үкіметі арасындағы әртүрлі мәдениет-өнер алмасуға байланысты Қытай қазақтарының мәдениет, оқу-ағарту, әдебиет және өнерде де белгілі дамушылықтар болды. Осы кезден бастап Қытайдағы жұртқа Қазақстан қаламгерлерінің шығармасы да жиі жетіп тұрды. Қытай үкіметі азаттық кезең деп атаған 1949-1957 жылдар аралығында Қытай қазақтары мен Кеңес Одағы құрамындағы Қазақстан қаламгерлерінің байланысы біршама терең болды. 1956 жылы Сәбит Мұқанов, 1957 жылы Ғабит Мүсірепов қытай жеріндегі қазақ қаламгерлері арасында болып қайтты. Тіпті сол жылдардағы Шынжаң Жазушылар қоғамының құрылуына да қазақстандық қаламгерлердің ақыл-кеңесі мен үлесі мол болды.

1991 жылдан кейінгі тәуелсіздік кезеңі екі ел қазағының қарым-қатынасына кең жол ашты. Қазақ ақын-жазушыларының кітаптарының Шынжаңда жарық көруі үрдіске айналды. Бір М. Мақатаев шығармаларының өзі сегіз рет басылым көрген. М. Әуезов, С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов, Ә. Нұрпейісов, І. Есенбер-

лин, М. Мағауин, О. Бөкеев, Ә. Кекілбаев, Қ. Мырзалиев, Т. Айбергенов, Т. Молдағалиев, М. Шаханов, М. Айтқожина, Н. Келімбетов, Р. Отарбай, Қазыхан Әше, т.б. қаламгер кітаптары бірінен соң бірі жарық көрді. Бұл жақсы бастама осы күндерге дейін жалғасып, тек кітап түрінде ғана емес, шынжандық басылымдардың бәрінде де қазақстандық авторлардың шығармалары жарияланып келеді. Соның жақын күндердегі мысалы ретінде «Алтай аясы», «Шұғыла», «Құмыл алқабы», «Тарбағатай», «Ле айдыны» деп аталатын журналдарда Тұрсынбек Кәкішев, Фарица Оңғарсынова, Асқар Сүлейменов, Тұманбай Молдағалиев, Мұқағали Мақатаев, Қадыр Мырзалиев, Қазыбек Иса, Жәркен Бөдешұлы, Ғалым Жайлыбай, Есенғали Раушанов, Ұлықбек Есдәулетов, Бауыржан Жақып, Жәди Шәкенұлы, Әмірхан Балқыбек, Әміржан Әбдіхалық сынды көптеген ақын-жазушылар шығармаларының жарияланғанын атауға болады.

Кейінгі кездегі Қытай қазақтарындағы аударманың тағы бір ерекшелігі – әлем әдебиетінің озық үлгілерінің қытай тіліне күнбе-күн аударылып жатқандығы. Қытайдағы ұйғыр және қазақ қаламгері қытайша нұсқадан немесе аудармасынан оқу мүмкіндігіне ие болды. Осы арқылы қазақ жастары әлем әдебиетінің бүгінгі озық үлгілерінен өз қажеттерін тауып келеді. Ал осыған орай аударманың сөзбе-сөз аударылуы немесе қытай тілінің сөздік тіркесін өзгеріссіз пайдалану, ұйғыр сөздерін араластыру сияқты ішінара кемшіліктері де көзге түсіп қалады. Мұның тілді шұбарлауға апарып соғатынын білсек, ондағы ағайындарға сақтық қоңырауын шалып отырудың еш әбестігі болмаса керек.

Ауыз әдебиетінің үлгілерін жинау жұмысы қазақ халқының шежірелік дәстүрімен де тікелей байланысты. Қытайдағы қазақтардың шежірелік дәстүріне келер болсақ, оның түп-тамырының тереңде жатқанын байқаймыз.

XVIII ғасырда Қытайды билеген Еженханның әскери әкімшілік қызметкерлері қазақ арасынан қазақтың көптеген шежірелік деректерін жинап, манжу тілінде жазбаға түсірген екен. Бұл жазбалар Пекиндегі Хан сарайы мұражайында күні бүгінге дейін сақтаулы тұр. Қытайдың тарихи естеліктерінде

қазақтар жөніндегі деректер бастапқыда Қытайдың батыс аумағында (Шынжаң өңірінде) моңғолдардың ойрат тайпалық одағының құрамындағы жоңғарлардың күшейіп шығуы, әсіресе, жоңғарлардың мықты билеушісі Батұр Хұнтайжының дәуірінде оның қол астында болуды қаламаған торғауыттардың XVII ғасырдың 30-жылдарында батысқа көшуі – қазақ даласын басып өтіп Еділ-Жайық (Орал дариясы) өңіріне баруына қатысты жазылады да, содан тартып 1750 жылдарда Чиң хандығы үкіметінің әскер шығарып, жоңғар ақсүйектерінің бүлігін тыныштандырғанға дейінгі жүз жылдан артық уақытқа жалғаса береді. Алғашында тек жоңғарлар мен қазақтар арасындағы тарихи байланыстар және соғыстар жөніндегі деректермен шектелсе де, XVIII ғасырдың орталарынан кейін қазақтың шежіресі және қазақтың үш жүзінің хан-сұлтандарының Чиң патшалығы үкіметімен және патшалық Ресеймен болған дипломатиялық байланысы, сауда барыс-келіс жақтағы мол деректерге қарай ойысады. Мысалы «Жоңғарды тыныштандырудың жалпы жобасы» мен «Чиң патшалығы Гаузұң орда естелігі», «Чиң патшалығы Рынзұң орда естелігі», «Чиң патшалығы Ышуанзұң орда естелігі», міне, осындай мәліметтерге өте бай болып табылады.

Ал Сұң Жүн жазған «Шынжаң деректер» атты кітап та өте құнды. Бұл кітапта қазақ хандарының Чиң патша ордасына (Пекинге және Чыңдыға) жіберіп отырған елшілері, қазақ үш жүзі хандарының билік көлемі, олардың шежірелік тарауы берілген. Жапониялық зерттеуші Зокуто өзінің «XVIII-XIX ғасырлардағы Шынжаңның қоғамдық тарихы жайында зерттеулер» атты кітабының қазақ жөніндегі тарауын жазғанда Қытайдың тарихи естеліктерінен жан-жақты пайдаланған. Қазақтың үш жүзге бөлінетіндігі, қоныстанған өңірі және олардың шежірелік таралуы жөніндегі мәліметтерді, Бартольд шығармаларындағы, тіпті «Қазақ ССР тарихындағы» деректермен салыстырып зерттеген. Демек, сонау XVIII-XIX ғасырда-ақ қазақтардың тарихы қоғамдық ахуалы жөнінде жазылған деректер мен жүргізілген зерттеулерде қазақ шежіресі ерекше орын алған деуге болады. Қазақтың үш жүзі және оларға қарасты үлкен тайпалар жөнінде анық деректер жазылуы – осының айғағы.



Қазақ ішінде көп жүріп, қазақ тарихына, этнографиясына тән мәліметтерді жан-жақты жинап, оны «Тауарих хамса» атты еңбегінде жазып қалдырған татар тарихшысы Құрбанғали Халид болып табылады. Ол өзінің еңбегінде: «Бала кезімде сөз құмарлау, қариялардың сөзіне құлақ асқыш едім. Сол күнде естіген әңгімелерімді осы күнде білетіндер азайып кетті. Ол кезде шежіре адамдар әр жерден, әр рудан кездесе беруші еді. Ал бүгінгі күнде шежірелер азайып, қариялар кеміп кетті. Қазақ халқы оқу-жазуды білмей-ақ, кітапты көрмей-ақ ауыздан-ауызға айтылып келе жатқан ежелден бергі тәлімдері бойынша естіген сөздерін ұмытпағандығын көрсетеді. Сондықтан бұлардың айтқандарына құлақ қойып, тарихына, ру таратуларына көңіл бөліп, әңгімелерін ескеріп отыруға тура келді» дейді.

Қытай қазақтары шежіресінің зерттелуіне келсек, 1970 жылдарға дейін түйе боталағандай сирек көрініп, әр жерде шашырап жүрді. Тек Нығмет Мыңжанұлы сонау 1950 жылдардың алды-артында қазақ және қытай тілінде алғашқы еңбектерін жариялай бастады.

1978 жылы ел тірлігі оңала бастаған тұста қазақ зиялылары қолдарына қайта қалам алды. 1979 жылдың күзінен 1980 жылдың көктеміне дейін Шынжаң университеті сияқты орындардың ұйымдастыруымен қазақ тарихына қатысты ғылыми конференциялар өтті. Қазақ тарихы жөнінен көптеген ізденістер жасап жүрген белгілі ғалым Жақып Мырзаханұлы «Қазақтың тегі және ұлт болып қалыптасуы» атты баяндамасын жасады. Бұл жаңа тарихтың беташары еді. Осыдан кейін арт-артынан қазақ тарихына қатысты зерттеулер жарық көре бастады. Бастыларынан «Қазақтың қысқаша тарихы» (Н. Мыңжанұлы, «Шынжаң» халық баспасы, 1987 жыл), «Қазақ тарихынан зерттеулер» (Н. Мұқаметханұлы, Шынжаң жастар-өрендер баспасы, 1989 жыл), «Қазақ шежірелері» (Іле халық баспасы, 1990 жыл), «Қазақ халқы және оның салт-санасы» (Ж. Мырзаханұлы, «Шынжаң» халық баспасы, 1992 жыл), «Қазақ шежіресі» («Шынжаң» жастар-өрендер баспасы), «Чиң патшалығы кезіндегі қазақ халқы» (Н. Мұқаметхан, «Шынжаң» халық баспасы, 1997 жыл), «Тарихи дерек, келелі кеңес» (А. Татанай, «Шын-

жаң» халық баспасы, 1987 жыл), «Шынжаң қазақтарының қоныс аудару тарихы» («Ұлттар» баспасы, 1999 жыл), «Қытай тарихнамаларындағы қазаққа қатысты деректер» («Ұлттар» баспасы, 1998 жыл), «Қазақтың тегі және қалыптасуы» (Жақып Жүнісұлы, «Ле» халық баспасы, 1994 жыл), «Баркөл шежіресі» («Шынжаң» көркемөнер-фото сурет баспасы, 2004 жыл) «Қазақ мәдениетінің тарихы» (Су Бихай, «Шынжаң» халық баспасы, 2005 жыл), «Қазақ мәдениетінің айдыны» (Шынжаң жастар-өрендер баспасы, 2006 жыл), «Ленің» тарихи шежіресі» (Ж. Жүнісұлы, «Ле» халық баспасы, 2007 жыл) кітаптарын атауға болады. Бұған жалғас «Шынжаңда» қоныстанған қазақтардың жерлік шежіресі мен рулық шежірелері де көптеп жарық көрді.

Қытай қазақтарында атқарылған маңызды жұмыстың бірі – ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, реттеп, баспадан шығару болды. Оның алғашқы жұмыстарын ерте кездің өзінде-ақ Ақыт Үлімжіұлы, Жүсіпбек Шайхыслам бастаса, 1950 жылдардан бастап қазақ фольклоры мен ауыз әдебиеті үлгілерін жинап бастыру ісі жүйелі түрде қолға алынды. Мәселен, 1958 жылы «Ертегілер», «Ертегілер мен аңыздар» атты екі кітап жарық көрді.

Аймақ, аудан дәрежелі орындардың бәрінен ауыз әдебиеті мұраларын жинайтын арнайы қоғамдар құрылып, он жылға тарта сапалы жұмыс істеген. «Ауыз әдебиетінің таңдамалы үлгілерінен» әрбір аудан төрт кітаптан 81 том шығарған. Жарық көрмегенін қосқанда, жалпы еңбектің саны 150 томға межеленген екен.

1979 жылы «Қазақ мақал-мәтелдері» (О. Қанапин т.б. құрастырған), 1980 жылы шыққан «Қазақ халық ертегілері» (О. Қанапин, З. Сәнік құрастырған) бұл жұмыстың алғашқы жемісі еді. 1980 жылдардан басталған бұл бастаманың нақтылы нәтижесін айтар болсақ, «Қисса-дастандар», «Тарихи жырлар» «Батырлық жырлар» (18 том), «Ғашықтық жырлар» (8 том), «Ертегі-аңыздар» (4 том), «Шежіре» (3 том), «Тарихи айтыстар» (6 том), «Айтыстар» (6 том), «Тарихи ән-күйлер» (4 том), «Шешендік сөздер» (4 том), «Мақал-мәтелдер» (2 том) баспадан

шықты. «Шалғын», «Мұра» журналдарында ауыз әдебиеті мұраларын насихаттаған 200-ден астам мақала жарияланған.

Айрықша айта кетерлігі, Шынжаң қазағының мәдени өмірінде «Шалғын» журналының орны ерекше болды. Журнал алғаш рет жарық көрген 1980 жылдары оның таралымы отыз мыңнан асты. «Мәдениет төңкерісі» аталатын солақай саясат кезеңінде өз әдебиетінен айырылған халық онымен жылап көрісті. Екінші, малшының қайбірінің үйіне бара қалсаңыз да «Шалғын» оп-оңай табылатын еді. 1980 жылдан 1987 жылға дейінгі жеті жылдық өмірінде «Шалғын» журналының 32 санында 64 қисса-дастан, 65 аңыз-ертегі, 1350 мақал-мәтел, бір мың шумақтан астам халықтық өлең-жырлар, 300-ден астам жұмбақ-жаңылтпаштың жарық көруі – соның дәлелі. Бұдан сырт ауыз әдебиетін дәріптеген «Ауыз әдебиеті туралы пайымдаулар» (1984 ж.), «Қазақ әдебиет тарихының таңдамалы үлгілері» (1985 ж.), «Қазақ ауыз әдебиеті туралы» (1985 ж.), «Ауыз әдебиеті тарихы» (1988 ж.) т.б. зерттеу еңбектері жазылды. Аудандардан жиналған «Ауыз әдебиетінің» төрт томы қайтадан сұрыпталып, «Қазақ ертегі-аңыздары» (2002 ж.), «Қазақ мақал-мәтелдері» (2005 ж.), «Қазақ қисса-дастандары», «Қазақ өлең-жырлары» деген атпен ШҰАР жағынан энциклопедиялық төрт том болып жарық көрді.

Қазақстанда «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша шығарылып отырған «Бабалар сөзі» ұласпалы 100 томдығының 25 томы сол Шынжаңдағы нұсқадан көшіріліп отыр.

Ауыз әдебиетінің бізге жеткен көрнекті үлгілерінің бірі – айтыс өнерінің де орны ерекше. Қытайдың солтүстік Сұң патшалығы тұсында жазылған көп томды «Тайпиң Хуаниүй жазбаларының» 196-бөлімі, «Түріктер шежіресі» тарауында: «Түріктер бие сүтінен жасалған ішімдікті ішкен соң ән шырқап, бір-бірімен айтысады» деп жазылған.

Халқымыздың көне жазбалары санатындағы М. Қашқаридың «Түркі тілдер сөздігі» және «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Қыз Жібек» жырында да айтыс түрі кездеседі.

Шоқан Уәлиханов 1855-1856 жылдары жазған «Қазақ поэзиясының түрлері» деген мақаласында, В.В. Радлов 1870 жылы

шығарған «Түркі тайпаларының халық әдебиеті нұсқалары» кітабында және Жүсіпбек Шайхыслам, Әбубәкір Диваев, Мәшһүр Жүсіп Көпеев еңбектерінде ұлтымыздың айтыс мәдениеті зерттеле бастаған. 1940 жылдан кейін С. Мұқанов, М. Әуезов, Қ. Жұмалиев, Е. Ысмайылов, М. Ғабдуллин, Ә. Қоңыратбаев, Р. Бердібаев, М. Жармұхамедов, С. Негимов секілді қаламгерлер бұл салада арнайы қалам тербеді.

Қытай қазақтарында 1905 жылдан бастап айтыс өлеңдер жазбаша тарағанымен, арнайы зерттелмеген. 1980 жылдан бері қарай «Қазақтың байырғы айтыстары» (1985 ж.) «Ақындар айтысы» (6 том, 1933, 1995, 1999, 2003 ж.), «Өлең тойы» (1999 ж.), «Қазақтың қазіргі айтыстары» (2000 ж.), «Қоңыробадағы қоңыр әуен» (2001 ж.), «Ақ өзен салтанаты» (2002 ж.), «Жекпе-жек» (2003ж.), «Айтыс – сөз барымтасы» (2005 ж.), «Ақындар айтысы» (2006 ж.) секілді көптеген кітаптар жарық көрді. Бұдан басқа да Ә. Қалиұлы, Ж. Мырзаханов, Су Бихай, Б. Кәсей сияқты ғалымдар мен жазушылардың еңбектерінің де зерттеу тақырыбы болды.

1979 жылы тұңғыш рет ШҰАР орталығы Үрімжі қаласында ақындар айтысы өткізіліп, сонан бергі 28 жыл ішінде (2007 жылға дейін) ШҰАР көлемінде екі рет, облыс дәрежесінде бірнеше рет, әрбір аймақта жылына екі рет айтыс өтіп келеді. Құрманбек Зейтінғазыұлы, Жамалхан Қарабатырқызы, Бүбімәри Жақыпбайқызы, Мейрамхан, Бердіхан Абайұлы бастаған Қайрат Құлмұхаммед, Еркін Ілиясұлы т.б. секілді айтыс ақындарының шоғыры қалыптасты.

Шынжаң қазақ ауыз әдебиетінің жиналып, зерттелуімен бірге ән-күй тақырыбында да көптеген еңбектер жинақталды. Жарық көрген күй кітаптар: «Күй толқыны» (Қ. Назарұлы, «Шынжаң» жастар өрендер баспасы, 1984 жыл), «Күй қайнары» («Іле» халық баспасы, 1985 жыл), «Жаймашуақ» (К. Құсайынұлы, «Шынжаң» халық баспасы, 1988 жыл), «Көктем шуағы» (Ә. Мәлікұлы, «Шынжаң» халық баспасы, 1988 жыл), «Күй аңызы» («Шынжаң» халық баспасы, 1994 жыл), «Бейсенбі күйлері» («Шынжаң» халық баспасы, 2006 жыл) секілді көптеген кітаптар шықты.

Шынжаң қазақтарына халық әндері мейлінше кең таралумен бірге, онда туған авторлы және авторсыз әндердің өзі өте көп. Тіпті көбі әлі зерттеліп болған жоқ. Сондай әндердің негізгілерінен «Ағажай», «Сұлубайдың әні», «Бүркітбайдың әні», «Әппақтың әні», «Қазына-ай», «Жетіарал», «Төлеуханның әні» секілді көптеген әндерді атауға болады.

Халық әндерін жинау, реттеуге байланысты 1984 жылы Пекиндегі «Ұлттар» баспасы «Қазақ халық әндерінің» екі томдығын шығарды. Осыған жалғас «Ән салсаң Әсеттей сал» («Шынжаң» халық баспасы, 1989 жыл), «Ән әуені» (Үш том, Шынжаң халық баспасы, 1991 жыл), «Абай әндері» («Іле халық баспасы», 1995 жыл), «Қазақ термелері» («Шынжаң халық баспасы», 2000 жыл), «Гэкку» («Шынжаң» халық баспасы, 2004 жыл), «Ән сайлайық бәріміз» («Шынжаң жастар өрендер баспасы», тізбекті кітап) секілді көптеген ән жинақтары шықты.

Бұл тақырып аясында ең әуелі Қытай қазақтарының тіл-жазуы мен баспа сөзіне тоқтала кеткеніміз артық болмас.

1924 жылы Ахмет Байтұрсынұлы араб жазуы үлгісіндегі төте жазу әліппесін жасағаннан кейін Шынжаң қазақтары жаппай осы жазуды қолданды. 1965 жылдан бастап қытай жазуының дыбыстық бейнеленуі негізіндегі латын әліпбиі жасалып, ол 1982 жылға дейін пайдаланылды. Одан кейін А. Байтұрсынұлы жазуы негізіндегі төте жазу қайтадан қолданысқа еніп, қазірге дейін іске асып келеді.

1880-1890 жылдар ішінде Жүсіпбек Шайхысламұлы, Ақыт Үлімжіұлы бастаған алғашқы бір топ ақындар «Қазан» баспасынан кітаптар шығара бастаған еді. Сөйтіп, 1900 жылдан 1917 жылға дейін Қазанда, Омбыда, Орынборда, Петербургте, Ташкентте, Троицкіде, Семейде, Оралда және басқа қалаларда қазақ тіліндегі жүзге тарта түрлі кітаптар шыққан. Шың Шысай билік басына келгеннен кейін, оның алға қойған алты саясаты бойынша Кеңестер одағымен достасып, мәдениет және оқу-ағарту істері жағында белгілі даму пайда болды. Өлке орталығы Үрімжі қаласында және де Іле, Алтай, Тарбағатай аймақтарында құрылған «Қазақ-қырғыз мәдени, ағарту ұйымының»

ықпалымен қазақ баспасөзі мен оқу-ағарту саласында жаңа қадамдар жасады.

1935 жылы Іледе қазақ тілінде «Төңкеріс таңы» атты газет шықты. Бұл газетті қазақ-қырғыз ұйымының ойын-сауық, мәдениет істеріне жауапты ақын Таңжарық Жолдыұлы басқарды. Осы газетті қазіргі «Іле газетінің» алғашқы негізі, Іледегі қазақ баспасөзінің төркіні деуге болады.

Алтай өңірінің уәлиі және әскери қорғаныс генералы болып тұрған ағартушы Шәріпхан Жеңісханұлы Көгедаев 1934 жылы Кеңес Одағынан баспа машинасын алдырып, 1935 жылы қазіргі «Алтай газетінің» тұңғыш саны «Шынжаң Алтай газетін» шығарды. Бұл газет сол жылдың соңында «Жаңа Алтай газеті» деген атпен шығып тұрды. Бұған қоса 1948 жылы «Таң шолпаны» атты журнал шықты.

Тарбағатай өңірінде баспасөз жұмысы Іле мен Алтай өңіріне қарағанда ертерек басталған. Бірақ ол алғашында нағыз қазақ тіліндегі басылым болмады. Өйткені қазақ, ұйғыр, татар, тағы басқа ұлттар аралас қоныстанған Тарбағатайға Кеңес Одағынан (1925 жылы) әкелінген тас баспа аспаптары Қазан баспасынікі еді әрі ұйғыр, татар тіліне жақын әріп болатын. Осы тілмен шыққан «Біздің үн» атты газетте Нұртаза Шалғынбаев сияқты қазақ зиялыларының мақалалары да басылып тұрған. 1935 жылы қорғасын әріппен «Жаңа Шынжаң» атты маусымдық журнал шықты да, онда Н. Шалғынбаевтың «Көрген-білгендерім» атты мақаласы басылды. Үрімжіде «Шынжаң газетінің» қазақ тіліндегісі 1935 жылдан шыға бастады да, қазақ баспасөзінің дамуына негіз болды.

Құлжада, Үрімжіде газет-журналдармен бірге кітаптар да шығатын болды. 1948 жылы Құлжада Таңжарық Жолдыұлының «Алғашқы жинағы», Үрімжіде Нығмет Мыңжанұлының «Тұрмыс тілшісі» атты повесі, Үрімжіде «Абайдың таңдамалы шығармалары», Алтайда Әсет Найманбайұлының «Сәлиха-Сәмен» дастаны, Тарбағатайда Нұртаза Шалғынбаевтың «Көрген-білгендерім» очеркі, Дубек Шалғынбаевтың «Кедей оқушының тағдыры» әңгімелері жеке кітап болып шықты.

Қытайда жүргізілген саяси күрестерге байланысты баспасөз қызметі бір мезет тоқырауға ұшырап, 1980 жылдардан кейін ғана қайта жанданды. Арнайы баспа орындарынан «Ұлттар» баспасы, «Шынжаң халық баспасы», «Шынжаң жастар-өрендер баспасы», «Денсаулық, ғылым-техника баспасы», «Шынжаң оқу-ағарту баспасы», «Іле халық баспасы» сияқтылар бар. Бұл баспалар үкіметтік және жеке қаржы табу жолдарымен тапсырыстар қабылдап, әртүрлі кітаптар шығарып отырады. Жалпы, Шынжаң қазақтарындағы баспалардан шығатын кітап таралымы, кем дегенде, 3000 данамен жарық көреді. Бұл біздегі «2000 таралым» деп жазылып жүрді. Қалай болған күнде де, ондағы қазақ әдебиетінің жемісі күллі қазақ әдебиетінің байлығына қосылатын қомақты еңбек болып саналады.

Қытай қазақтары бойынша қазақ тілінде шығатын мынадай әдеби журналдарды атауға болады: «Шұғыла», «Мұра», «Іле айдыны», «Алтай аясы», «Тарбағатай», «Көкжиек», «Іле жастары», «Қазақ балалары ғылыми суретті журналы», «Жастүлек», «Құмыл алқабы». Қазақ тілінде шығатын газеттерден «Шынжаң газеті», «Іле газеті», «Алтай газеті», «Тарбағатай газеті», «Шынжаң ғылым-техника газеті», «Іле ғылым-техника информация газеті» бар.

Жазушылардың қоғамдық ұйымынан Қытай мемлекеттік Жазушылар қоғамы және оның Шынжаң бөлімшесі – Шынжаң Жазушылар қоғамы мен оған қарасты Іле облыстық Жазушылар қоғамы, аймақтық Жазушылар қоғамы бар.

Қытайдағы қазақ қаламгерлерінің Қытай мемлекетінің ішінде де өзіндік орны бар. Атап айтар болсақ, оның бір тобы Қытай мемлекеттік Жазушылар қоғамының мүшелері болса, ендігі бір тобы – Қытай мемлекеттік сыйлығының иегерлері.

Қытай мемлекеттік Жазушылар қоғамының мүшелері: Шәкен Оңалбай, Шәміс Құмарұлы, Шайсұлтан Қызырұлы, Серік Қапшықбай, Қайролла Баянбай, Ғаппар Біләл, Жұмабай Біләл, Жақып Мырзахан, Жұмаділ Маман, Әуелхан Қали, Сұлтан Жанболат, Әкпар Мәжит, Дутан Сәкей, Тұрсынәлі Ырыскелді, Оразхан Ахмет, Задахан Мыңбай, Батырхан Құсбегин, Бұлаңтай Досжан, Қабыл Ыбырай, Сәли Сәдуақас, Ахметолла Қали,

Әбденбай Бажай, Шәмшабану Қамза, Зейнолла Сәнік, Айтқали Оспан, Еркеш Құрманбек, Тәпей Қайысқан. Марқұм болғандары: Асқар Татанай, Мағаз Раздан, Құрманәлі Оспан, Күнгеі Мұқажан, Омарғазы Айтан, Әлімжан Қатпаев, Мақатан Шәріпхан, Ғани Саржан, Нығмет Мыңжан, Қаһарман Мұқан, Қазымбек Арабин, Әуесхан Нұрқожа, Ғалым Қанапия, Жақсылық Сәмит, Оразанбай Егеубаев.

Қытай Мемлекеттік сыйлығын алған ақын-жазушылар: Құрманәлі Оспан, Шәкен Оңалбай, Мағаз Раздан, Омарғазы Айтан, Қажығұмар Шабданұлы, Оразхан Ахмет, Жақсылық Сәмит, Жұмабай Біләл, Шәміс Құмар, Бердібек Құржықай, Тұрсынәлі Ырыскелді, Жұмәділ Маман, Серік Қапшықбай, Күнгеі Мұқажан, Ғалым Қанапия, Әкпар Мәжит.

Мемлекеттік аударма сыйлығын алғандар: Қайша Тәбаракқызы, Еркеш Құрманбекқызы.

Жүсіпбек Шайхыслам (1857-1937) – әйгілі ақын. 1857 жылы Жетісудың «Әулиеата» деген жерінде өмірге келген. Араб, парсы және түркі тілдерін жетік білген. 1930 жылы ҚХР Текес ауданына барып, соңғы өмірі сонда өтті.

Ол өз жанынан өлең шығарумен бірге шығыстық үлгідегі көптеген шығармаларды, аңыз-ертегілерді назиралық жолмен жаңғыртып, жазып шыққан. Оның өкілдік шығармаларынан: «Қасен мен Ғайнижамал», «Шәкім-шәкірт», «Еренғайып», «Шеризат», «Мұндық-Зарлық», «Алтын балық», «Ораз молла», «Мәңгі тату ерлі-зайып» сынды Бақтиярдың қырық бұтағынан өңделген 13 қиссасын, «Жүсіпбекқожа мен Зылықаның айтысы», «Сақау қыз бен көсенің айтысы», «Жүсіпбекқожа мен Лазипаның айтысы», «Біржан сал мен Сара қыздың айтысы» секілді айтыстарын, өзі бастырған «Қыз Жібек» (1894), «Айман-Шолпан» (1898), (1898), «Алпамыс батыр» (1899) кітаптарын атауға болады. Оның еңбектері Қазан, Ташкент баспаларынан жарыққа шықты.

Жүсіпбек (қожа) Шайхыслам қытай қазақтарының жазба әдебиетінің негізін салушы ғана емес, тұтас қазақ жазба әдебиетін қалыптастырушылардың бірі саналады.



Әсет Найманбайұлы (1867-1923) – қазақтың әйгілі ақыны, әнші-сазгері. Туған жері – қазіргі Қарқаралы өңірі. 1904 жылдан бастап Қытай-Қазақстан арасында ақындықпен аты шығып, сал-серілік өмір өткізген. 1916 жылдан бастап Қытайдың Тарбағатай өңіріне өтіп, одан Лені мекендеп, ақындығы мен әншілігі арқылы дүйім жұртқа танылады. 1923 жылы Ғаббардың үйінде андаусызда «алмасты мүсәтір деп татып алып», қапияда көз жұмды. Қабірі Құлжа ауданының Көкқамыр жайлауында.

Қисса-дастандарынан – «Мұңлы қыз», «Нұрлан мен Айгүлім», «Түсіпхан», «Кешубай-Жәмила», «Пушкин-Татьяна», «Салиқа-Сәмен», «Алтын балақ ақ сұңқар», «Бақтияр», «Дастархан», «Шәкір-Шәкірат», «Шеризат», «Жамсап», «Ғалым-Сәлім», «Ағаш ат» секілділерді атауға болады. Айтыстарының ішінде Ырысжанмен, Бақтиярмен айтысы және Кемпірбаймен қоштасуы, ел ішіне көп тараған әндерінен – «Інжу-маржан», «Мақпал», «Қаракөз», «Майда қоңыр», «Ләйлім шырақ», «Жиырма бес», «Қысмет», «Қоңыр қаз», «Ардақ» секілділері бар.

Әсет – Шынжаң қазағының ғана емес, тұтас қазақ әдебиетінің көш басындағы серкелерінің бірі болған тұлға.

2000 жылы Қытайдың Бейжіңдегі «Ұлттар» баспасынан «Әсет шығармалары» деген атпен екі томдық шығармалары жарық көрген.

Ақыт Үлімжіұлы (1868-1940) – ақын және ағартушы, белгілі қоғам қайраткері. Шынжаңның Көктоғай ауданында туылған. Араб, парсы, моңғол, орыс тілдерін меңгерген. Шығыс класиктері мен қазақтың жырауларынан өнеге қабылдаған. 1891 жылы Қазан баспасынан «Жиһаншаһ Тамұз Шақұғлы» атты кітабы жарық көрген, кейін де бірнеше баспа бетін көрді. 1897 жылы орыс ғалымы, профессор Николай Катанов «Деятель» журналының сол жылғы 8-9-санында осы шығарма туралы тоқталған, осыдан кейін іркес-тіркес «Қисса хабдү-мүлік» (1902 ж., 1904 ж., 1909 ж.), «Ахуал қиямет» (1908 ж.), «Әдеби ғақылия» (1909 ж.), «Керей ишаны Мұхаммед мумин» (1909 ж.), «Хисса Сейфүлмәлік» (1895 ж., 1909 ж., 1914 ж.), хисса «Сейд Жағфар шам әулие сұлтан Сейд» (1894 ж.) секілді тоғыз кітабы Қазан,

Орынбор, Семей баспаларында 17 рет басылған. 1991 жылдан бері Моңғолияда «Қажыбаян», «Ақыретбаян», «Жиһаншаһ», «Ғақлия» секілді төрт кітабы, Шынжаңда таңдамалы шығармаларынан екі томы, атажұрт – Қазақстанда 2007 жылы Дүниежүзі қазақтары қауымдастығынан «Жиһаншаһ» атты таңдамалы томы жарық көрді.

Ақыт шығармаларының дені адамдық, адалдық, Аллаға деген таза жүрек, ыстық пейіл, ізгілік тақырыптарынан құралған. Елім деп елжіреген, халқым деп қан жылаған ақын 1940 жылы 72 жасында Шың Шысай түрмесінде жауыздықпен өлтірілді.

Ақыт Үлімжіұлы Шынжаң қазақ әдебиетінің ғана емес, күллі қазақ жазба әдебиетінің іргетасын қалаушылардың бірі саналады. Таңжарық Жолдыұлы (1903-1947) – әйгілі ақын. Қытай қазақ жазба әдебиетінің көрнекті өкілі. ШҰАР-дың Күнес ауданының Шапқы деген жерінде туған. Әуелі ауыл молдасынан, онан соң ауыл мектебінде, кейіннен 7 жылдық «Мұң-ха шуетаңда» (моңғол-қазақ мектебі) оқыған. Тоғыз жасынан бастап өлең құрап айта бастаған.

1925 жылы Шапшал шекарасы арқылы Қазақстан жеріне қашып өтеді. Бұл ақынның өнер жолына үлкен жол ашады. Көлкөсір газет-журнал, кітаптарға қолы жетіп, білікті, білімді жандардан ұстаздық тәлім алды. Қойдыммен айтысады. 1928 жылы қоржын-қоржын кітап теңдеген ақын Күнеске қайта қашып өтеді.

1933 жылдан бастап қоғамдық жұмыстарға араласады. Қазақ сахарасында мектептер ашу, мұғалімдер жетілдіру, халықты жаңалыққа бастау жағында көп жұмыстар тындырады. Құлжа қаласына барып, қазақ-қырғыз ұйымының мәдени жұмыстарына жетекшілік етеді. Әдебиет-көркемөнер кештерін ұйымдастырады. Газет шығару, театр қою жұмыстарына араласады.

Шың Шысай үкіметі қазақтарды жаппай тұтқындай бастағанда 1940 жылы Таңжарықты да ұстап, түрмеге жабады. 1944 жылы түрмеден босап, 1945 жылы қайтадан ұсталады. Аяусыз жәбірлеуге, жан төзгісіз қинауға ұшырайды.

1946 жылы Гоминдаң үкіметі мен үш аймақ үкіметі арасындағы келісімшартқа орай түрмеден босайды. 1947 жылы маусымда тұйықсыз аурудан қайтыс болады.

Оның өкілдік шығармаларынан «Ел сыры», «Іле көркі», «Қоштасу», «Түрме халі», «Амандасу», «Туған жер», «Шын тілек» секілді жыр-толғаулары, «Назигүл», «Анар-Сәуле», «Санауар», «Салиха-Садық», «Молда мен бақысы», «Қасқыр мен бөрібасар» дастандары, айтыстарынан – Ұлжалғаспен, Қойдыммен, Нұри-ламен, Әлекенмен айтыстары бар. 1948 жылы ақынның өлеңдерінен «Алғашқы жинақ» атты жыр жинағы жарық көрген.

«Шынжаң» халық баспасынан ілгерінді-кейінді болып, «Түрме халі» (1981 ж.), «Назгүл» (1982 ж.), Орталық «Ұлттар» баспасынан «Анар-Сәуле» (1982 ж.), «Іле» газеті баспасынан «Шын тілек» (1994 ж.) кітаптары жарық көрді. Кейіннен барлық шығармалары топтастырылып, «Таңдамалы шығармаларының» I-II томы 1985 жылы, III томы 1995 жылы басылып шықты.

Шынжаңда Таңжарықты зерттеу қоғамы құрылып, «Төңкерісшіл ақын Таңжарық» (1985 ж.), «Сөнбес алау» (1994 ж.), «Таңжарықтану» (1995 ж.) атты зерттеу еңбектері мен «Таңжарық» телефильмі жарық көрді. Белгілі жазушы, ғалым Оразанбай Егеубаев таңжарықтануда орасан зор қызмет етіп, аталған еңбектердің жазылуына, жарық көруіне мұрындық болды.

Қазақстанда 1974 жылы, 1992 жылы және 2003 жылы ақын еңбегі арнайы кітап болып шықты. Дүниежүзі қазақтары қауымдастығынан 2003 жылы Таңжарық Жолдыұлының 100 жылдығына арналған халықаралық жыр бәйгесі өтті.

Асқар Татанайұлы – (1906-1994) – жазушы, тарихшы, Қытай қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі. 1906 жылы ШҰАР Алтай аймағында, Қыран өзенінің Ертіске құйған жерінде, Нәдіреке аралында дүниеге келген. Ауыл молдасынан оқып, сауатын ашқан Асқар 1930 жылдан бастап өлең жаза бастаған. 1934 жылы Сарсүмбеден қысқа мерзімді мұғалімдер курсына оқыған.

1934 жылдары «Алтай» және «Шынжаң» газеттерінің алғашқы сандарында өлеңдері жарық көрген. 1938 ж. Алтайда жарық

көрген «Таң шолпаны» журналында «Малбикенің өмірі» атты дастаны басылған.

1934 жылы Шәріпхан Көгедаев Зайсаннан баспа машинасын алдырып, Алтайда тұңғыш рет баспахана құрғанда, Асқар алғашқылардың бірі болып әдеби жұмыстарға араласа бастаған. Асқар осы тұстарда өлең жазумен бірге пьеса жазумен де айналысады. Халықты білімге, оқу-ағартуға, мәдениетке үндеген «Талап», «Қалың мал», «Құлдықтан құтылғандар», «Малбикенің өмірі», «Батырлар жыры», «Екі палуан», «Адасқан аю», «Өтірікші шал» секілді көптеген шығармалар жазды.

Осыдан кейін оқытушы, мектеп бастығы, ойын-сауық үйірмесінде жетекші, мәдениет мекемесінің бастығы сияқты әртүрлі жұмыстар атқарды. Қытай қоғамындағы саяси қозғалыстардың жүруімен басына бұлт айналып, 1958 жылы «ұлтшыл, оңшыл», 1966 жылы «кері төңкерісші», «ұлтшыл» деген атпен қуғынға ұшырады. 1977 жылы жаладан құтылып, 1979 жылы зейнетке шықты. 1994 жылы сәуір айында дүниеден өтті.

Асқар Татанайұлы бірнеше дастан, жиырмаға тарта пьеса, мыңнан астам өлең, көптеген тарихи әңгімелер жазды. «Арқалық батыр» атты тарихи дастаны, «Үш кезең», «Азамат үні» атты өлеңдер жинағы, «Тарихи дерек, келелі кеңес» атты тарихи әңгімелер жинағы, «Бір ғасыр» өлең романы, «Ел қорғаны – Абылай» дастаны, жеке-жеке кітап болып жарық көрді. Бір бөлім еңбектері қытай тілінде жарық көрген. А. Татанайұлының есімі Қытайда жарық көрген энциклопедиялық томдарға, сөздіктерге, оқулықтарға енген.

Ол Қытай мемлекеттік Жазушылар қоғамының, Қытай аз ұлт жазушылар қоғамының, Қытай ұлттар әдебиетін зерттеу қоғамының, Шынжаң Жазушылар қоғамының мүшесі болған.

2008 жылы Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының «Атажұрт» баспа орталығынан атажұрттағы алғашқы кітабы «Ел қорғаны – Абылай» (дастан-өлеңдер) деген атпен жарық көрді.

Дубек Шалғынбаев (1921-1947) – Қытай қазақтарынан шыққан белгілі қаламгер әрі қоғам қайраткері. Атасы Шалғынбай

зәңгі болса, әкесі Нұртаза көптілді, білімді, үкірдай болған адам.

Дубек 7-8 жастағы кезінде ауылдық мектептен оқумен бірге, қытай тілінде де білім алады. 1936 жылы Үрімжідегі «Моңғол-қазақ» мектебіне жіберіледі. Зерек бала қытай тілін меңгеріп қана қоймастан, сол тілде саяси мақалалар жаза бастайды. 1937 жылы күзде Дубек бұл мектепті бітіріп, Шынжаң институтының тіл факультетіне оқуға түседі. 1939 жылдан бастап «Шынжаң газеті», «Халық үні», «Жаңа нұр», «Күрес», «Табыс» атты газет-журналдарда «Кедей оқушының тағдыры», «Халық пікірінің шындығы», «Қазақ тілінің кейбір мәселелері», «Әдебиетіміздегі келелі мәселелер» секілді көптеген еңбектер жариялады.

Дубек әйгілі аудармашы да болған. Ол қазақ халық ертегілері мен Қожанасыр әңгімелерін қытай тіліне аударған.

Жендет Шың Шысай оны 1942 жылы тұтқындап, түрмеге қамайды. 1945 жылы түрмеден босайды. Сол жылы ақпанда Шәуешек қаласына келіп, үш аймақ төңкерісіне қатысады. Бір мезет Шәуешек түрмесіне жатып шығады.

1945 жылы тамызда Тарбағатай уәли мекемесі құрылып, Басбай – уәли, Дубек үгіт тарауының бастығы болады. 1946 жылы Тарбағатай төңкерістік жастар ұйымы төрағасының орынбасары, аудандық кеңестің төрағасы, «Халық үні» газетінің бас редакторы жұмыстарын атқарады.

Арғынбек Апашбайұлы (1883-1946) – көрнекті ақын. Қазіргі Шығыс Қазақстан жерінде туған. Қытай еліндегі Алтай өңіріне өткен. Ол Шынжаң қазақ әдебиетінің негізін салушылардың қатарынан орын алған. Басты шығармаларынан «Жыр роман», «Қалам алып Арғынбек», «Жер – адамның анасы», «Жігіт сол», «Жақсы-жаман», «Насихат», «Бір заман», «Сайыскер сарбаздардың жайы», «Мұса мерген», «Брысқанды жоқтау», «Ұлым, саған айтарым бар» секілді туындыларды атауға болады.

2004 жылы «Шынжаң халық баспасынан» таңдамалылары «Арғынбек шығармалары» деген атпен жарық көрген. Оның шығармаларының көбі ел мен жер мұңы, өзі куә болған ұлт

азаттық қозғалысы және оның сарбаздары төңірегінде болып, көркемдік деңгейі едәуір жоғары.

Досбер Саурықұлы (1894-1971) Іленің Нылқы ауданында туған. Араб, парсы тілін жақсы білген әрі ел басқару ісіне араласып отырған. Жасынан өлең-жырға әуес болып, жазғандары 1940 жылдың соңғы кездерінен бастап жариялана бастаған. 1947 жылы «Төңкеріс таңы» газетінде тілші болған. Өкілдік шығармаларынан «Сәдуақас жомарт», «Сақау қыз», «Алдаркөсе», «Досбер мен Алтынның айтысы», «Мамырбекке», «Бадам туралы», «Күнейтегі бауырыма», «Текеске барғанда», «Шап», «Бала», «Қалам мен балаға», «Ғашықтық хаты» сияқтылар бар болып, оның көп бөлімі 2000 жылы Іле қазақ баспасынан «Досбер Саурықұлы шығармалары» деген атпен жарық көрген.

Көдек Маралбайұлы (1837-1888) – ақын. Алматы облысы, Райымбек ауданының Шалкөде жайлауында туып, ШҰАР-дың Мұңғұлкүре ауданында қайтыс болған. Оның ақындығы шабытты шақтардың лездік уақытында айта салатын төкпелігі мен замана ауқымына арнаған көлемді жырлары жағынан бейнеленеді. 1984 жылы «Шынжаң жастар өрендер баспасынан» «Көдек» атты жыр жинағы шықса, 2005 жылы «Шынжаң халық баспасы» жағынан «Көдек шығармалары» деген атпен жыр топтамасы жарық көрген.

1999 жылы Қытай мен Қазақстанда – екі елде де ақынның 110 жылдық мерейтойы атап өтілді. Әрі ақынға арнап Алматы облысының Райымбек ауданынан көше және мектеп аты берілді.

Қаусылхан Қозыбайұлы (1924-1979) – Шынжаң қазақтарының алдыңғы буын жазушыларының бірі. 1942 жылдан бастап әдебиетке әуестене бастаған. 1944 жылдан 1948 жылға дейін «Жаңа тұрмыс», «Жаз тойына», «Көркем майға», «Ендігінің ғашығы», «Оқырманға», «Дәуір туралы», «Ақиқат не?», «Шын жетім» секілді көптеген өлеңдер мен «Кім жазалы?» атты дастан, «Орнынан шықпаған үміт» атты сахналық шығарма жазған. Әрі бұл сахналық шығармасы сахнада ойналған. Өзі де кино актері болған. 1954 жылдан бастап «Шынжаң әдебиет искусствосы» (қазіргі «Шұғыла») әдеби журналында редактор

болған. 1954 жылы «Шағылған төсек», 1958 жылы «Қырықбай» комедияларын жазып, көрермендерден жақсы баға алған.

Қаусылхан 1957 жылдан бастап «Алғашқы адымда», «Он жылдықтың озаты», «Хат», «Тамаша өмір», «Жаңа сайлау» әңгімелерін жариялап, бұл әңгімелері 1963 жылы «Алғашқы адымда» деген атпен жинақ болып шыққан.

Ел есін жиған 1977 жылдан кейін «Рас па, әке?», «Сламның құрдасы» секілді шығармалар жазып, кейіннен барлық шығармасы бір томдық таңдамалылар болып «Ұлттар» баспасынан «Қаусылхан Қозыбаев шығармалары» деген атпен жарық көрген.

Ол Қытай мемлекеттік Жазушылар қоғамының және оның Шынжаң бөлімшесінің мүшесі болған.

Қажығұмар Шабданұлы – көрнекті жазушы. 1925 жылы Аягөздің Таңсық елдімекенінде туған. 1932 жылғы ашаршылық тұсында Қытайдың Тарбағатай жеріне өткен. 1942 жылы Үрімжідегі педагогикалық училищеде оқыған. 1951 жылдан 1978 жылға дейін «Тарым» жаза лагерінде болған. «Шынжаң» халық баспасы жағынан 1982 жылы «Қылмыс» романының 1 томы, 1986 жылы 2 томы жарық көрген. 3-томы баспадан жинап алынған. 1986 жылы әртүрлі жалалармен қолға алынып, қайтадан түрмеге түскен. 2000 жылы мерзімін өтеп шыққан. 2000 жылдан 2005 жылға дейін үйінен ұзап шықпайтын, сыртқы бақылауда болған. Дүниежүзі қазақтары қауымдастығынан 2004 жылы «Пана» романы, 2005 жылы «Қылмыс» романының 1-томы жарық көрсе, 2009 жылы «Қылмыстың» 6 томдығы тұтастай жарық көрді.

Мағаз Разданұлы (1924-1998) – Қытай Мемлекеттік сыйлығының иегері, көрнекті жазушы, ақын. М. Разданұлы 1924 жылы 22 сәуірде ҚХР ШҰАР Алтай аймағының Буыршын ауданы, Дулайты ауылында дүниеге келген. 1935-1938 жылдары ауылдағы жаңаша мектепте, 1938-1946 жылдары Сарсүмбе мұғалімдер жетілдіру мектебінде білім алған. 1940-1944 жылға дейін Дулайтының «Жеміс» мектебінде мұғалім болған. 1947-1957 жылдары «Ерікті Алтай» газетінде, 1957-1958 жылдары Қытай Жазушылар қоғамы Шынжаң бөлімшесінде әдеби қыз-

меткер болып жұмыс атқарған. Солақай саясаттың кесірінен жаланың құрбаны болып, жиырма жылдық өмірі жазалау лагерінде өткен. Атақ-абыройы қалпына келгеннен кейін 1979-1981 жылдар аралығында Буыршын аудандық саяси мәслихат кеңесі төрағасының орынбасары болған. 1982 жылы қазанда зейнетке шығып, 1998 жылы қайтыс болған.

Мағаз сонау 1930 жылдардың өзінде-ақ Абай, Шәкәрім қатарлы ұлы ақын-жазушылардың шығармаларынан тәлім алып, 1936 жылдан бастап өз жанынан да өлеңдер шығара бастаған. Алғашқы өлеңі 1946 жылы «Ерікті Алтай» газетінде жарияланған. «Шынжаң газеті», «Ерікті Алтай» газеті, «Таң шолпаны», «Бірлік» атты журналдарда өлеңдері ретімен жарық көріп тұрған. Ол ақындық қана емес, проза, драма жанрында да өз талантын танытқан қаламгер.

Төл шығармаларынан «Асулар толғауы» (1982 жылы «Іле» халық баспасынан), «Уақытқа жауап» (1984 жылы «Ұлттар» баспасынан), «Ертең» (1994 жылы), «Босаға» (1998 жылы) жыр жинақтарымен бірге «Сары бел» өлең-романы (1986 жылы «Шынжаң» халық баспасынан), «Атазаман сөйлейді» әңгіме-повестер жинағы (1994 жылы «Шынжаң жастар-өрендер баспасынан»), «Алтайдың ақиықтары» атты тарихи романы (1998 жылы «Шынжаң жастар-өрендер баспасынан») жарық көрген.

«Кебенек кигеннің тойы» әңгімесі мен «Сары бел» өлең-романы Қытайдың Мемлекеттік сыйлығына ие болған.

«Атазаман сөйлейді» кітабы 2005 жылы Астана қаласында «Елорда» баспасынан қайталай басылып шықса, «Алтайдың ақиықтары» атты тарихи романы 2008 жылы Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының «Атажұрт» баспа орталығынан жарық көрді.

Автордың отызға жуық өлеңі, бірнеше әңгіме-повесі қытай тіліне аударылған.

М. Разданұлының бұрынды-соңды жеті шығармасы Мемлекеттік және ШҰАР сыйлықтарына ие болған. Бұдан сырт ШҰАР, облыс, аймақ дәрежелі әдебиет-көркемөнершілер қоғамы жағынан он шақты рет «Әйгілі ақын-жазушы», «Қарт майталман» секілді атақтармен марапатталған.



Мағаз шығармаларының басты ерекшелігі қазақы бояуының қанықтығы болып, оқырманын бірден өзі бейнелеп отырған өткен заманға – ескі қазақ ауылдарына жетелеп отырады.

Құрманәлі Оспанұлы (1924-1999) – ақын. 1945 жылы «Күтемін» атты алғашқы өлеңімен әдебиет шебіне келген. «Шаттық жырлары», «Алуан әуендер», «Тянь-Шань жырлары», «Меруерттер», «Жылдар ізі» секілді жыр жинақтарының, «Үш майдан», «Шіркін, бұраң дүние-ай» эссе-естелік кітаптарының авторы, ҚХР Жазушылар қоғамының, ШҰАР Жазушылар қоғамының мүшесі.

Күнгей Мұқажанұлы (1929-1990) – жазушы. 1950 жылдардың ішінде «Жүрек архиві», «Күйдіргі», «Жаңа төл», «Бақташылар», «Мұрагерлер» әңгімелерін жариялап көзге түскен. Онан кейінгі шығармашылығында «Өгіздің терісі» атты тарихи әңгімесі, «Игілік», «Өр Алтай» романдары, «Тайталас» повесі, «Ортеке» әңгіме-мақалалар жинағы жарық көрген.

«Тайталас» повесі, «Алтай әңгімелері» атты әңгімелер жинағы Қытай мемлекеттік аз ұлттар әдебиеті сыйлығына ие болған.

Ол ҚХР Жазушылар қоғамының, ШҰАР Жазушылар қоғамының мүшесі, ҰАР ауыз әдебиеті қоғамы төрағасының орынбасары секілді міндеттер атқарған.

Нығмет Мыңжанұлы (1922-1993) – ақын, жазушы, тарихшы, ғалым. Тарбағатайдың Толы ауданында туған. 1940 жылдардан бастап шығармалары жариялана бастаған. 1942 жылы «Күрескер семья» пьесасы, 1943 жылы «Қыз Жібек» мақаласы, 1945-1947 жылдары «Күрескерлер», «Білім шырағы», «Күш – бірлікте», «Шәріпхан туралы» өлең-мақалалары жарық көрген. 1948 жылы проза саласында «Тұрмыс тілшісі» повесін жариялаған. Сонымен бірге «Қазақ тарихының дерегі» атты зерттеу мақаласы «Шынжаң газетінің» қазақша, қытайша, ұйғырша сандарында жарияланып, 1949 жылы жеке кітап болып шыққан.

1952 жылы «Шынжаң қазақтарының шаруашылық өмірі мен әлеуметтік құрылыс және әдет-ғұрпы» деген кітап жазды. 1959 жылы «Қарлығаш» атты өлең-романы шықты. «Шынжаң» халық баспасынан 1987 жылы «Қазақтың қысқаша тарихы», 1996

жылы «Қазақтың мифтік аңыздары» атты зерттеу кітабы жарық көрді.

Рахметолла Әпшеұлы (1924-2000) – жазушы. 1947 жылы алғашқы мақаласы, 1948 жылдан бастап өлеңдері жарияланған. «Одақ журналы», «Шынжаң газеті», «Шынжаң әдебиет искусствосы» журналдарында қызмет істеген. 1954-1956 жылдары «Шырға», «Жендет жеңге», «Құпия құдалық», «Достар», «Биікке» әңгімелері жарық көріп, олар «Озғандар мен тозғандар» деген атпен кітап болып шыққан. Сахналық шығармаларды да жазып жариялаған. «Балапан» (1985 ж.), «Тас бастау» (1982 ж.), «Шұғыл бұрылу» (1984 ж.), «Сөре алдында» (1999 ж.) кітаптарының авторы.

Омарғазы Айтанұлы (1931-1997) – ақын, жазушы. Ол 1952 жылдан бастап осы заман қазақ поэзиясына тамылжыған табиғат лирикаларымен келген. Кейіннен философиялық ой иірімдеріне бойлап, өзіндік бағыт, ұстаным қалыптастырып, әдебиеттегі өз орнын алған. Қытайда «Тырналар», «Құс жолы», «Түйе», «Сәукеле» қатарлы жыр жинақтарымен бірге, «Аң шадырын оқ табар», «Таразы» сияқты романдары жарық көрген. 2003 жылы Дүниежүзі қазақтары қауымдастығынан «Тырналар» атты өлеңдер, дастандар, поэмалар жинағы шыққан.

Шынжаң қазақ әдебиетіндегі тарихи романдардың туылу, қалыптасу төркініне көз жүгіртсек, ауыз әдебиетінің қайнар бастауларынан үлгі алған қаламгер легіне кеңестік қазақ әдебиетінің озық үлгілері ертеден таныс бола бастады. 1933-1935 және 1955-1957 жылдар аралығындағы Қытай-кеңес Одағы достығы және екі арадағы ұзақ мерзімдік тоңның жібіген 1980 жылдардың ішінде «Қарағанды», «Ботагөз», «Қазақ солдаты», «Абай», «Абай жолы», «Ұлпан», «Қан мен тер» сияқты туындылар әртүрлі жолдармен қолдан-қолға өтіп, оқырман шөлін қандырды. Сонымен бірге қытай әдебиетінің қазақ қаламгерлеріне белгілі ықпалы болды. Қытай классикалық романдары «Қызыл сарай түсі», «Су бойында», «Үш патшалық қиссасы», «Батысқа саяхат», «Жастық жыры», «Семья» сияқты алуан түрлі кітаптар аударылып жетті. Қытай әдебиеті арқылы тәржімеленген шетел жазушылары Бальзак, М. Шолохов, Толстой, Горький, Че-

хов, Жюль Верн, Гарсия Маркес, Шыңғыс Айтматов, Пушкин, Шекспир, Диккенс, Сервантес, Гоголь, Н. Островский, Тургенев сындылардың шығармалары қазақ тіліне аударылды. Міне, мұның барлығы 1980 жылдардың басындағы Шынжаң қазақ әдебиетіндегі қаламгерлерді мол оқулықпен қамтып, олардың қаламына дем берді. Соның нәтижесінде көктемнің боз жусанындай көтерілген шығармалар іркес-тіркес өмірге келді.

Осының бел ортасын басқан, жұрттың көзіне алдымен түсіп, көңілін аударғаны – тарихи тақырыптағы романдар болды. Әсіресе, 1966-1976 жылдарды қамтыған онжылдық солақай саясат өткеннен кейінгі реформа, әлем елдеріне есік ашу сынды жаңа дәуір басталысымен қағажудан құтылған қазақ қаламгерлері ортаға шықты. Тарихи тақырыпта жазылған романдар жарық көрді. Қажығұмар Шабданұлының «Қылмыс», I-II том (1983-1985 ж.ж.), Батырхан Құсбегиннің «Жан», I, II, III, IV томы (1987-1991, 1999 жылдары), «Зуқа батыр» (1992 ж.), Шәміс Құмарұлының «Бөке батыр» (1987 ж.), «Ер Жәнібек» (1998 ж.), Шайсұлтан Қызырұлының «Бұлаң дүние» (1990 ж.), «Дабыл» (1993 ж.), «Қайқая шапқан қаракер» (1998 ж.), Сұлтан Жанболаттың «Елжау Күнби», I-II том (1994 ж.), «Саншура Күнби» (1998 ж.), Асылхан Багенұлының «Қасен генерал» (1995 ж.), Мағаз Разданұлының «Алтайдың ақиықтары» (1998 ж.), Серік Қауымбайұлының «Жәке би» (1998 ж.), Зейнолла Сәнікұлының «Баспай» (1996 ж.), Жұмабай Біләлұлының «Дала торғайлары» (1992 ж.), Күнгеі Мұқажанұлының «Өр Алтай» (1997 ж.), Мұхтархан Самажанұлының «Бейсенбі би» (1995 ж.), Қостай Жақияұлының «Дәлелхан генерал» (1995 ж.) романдары бар. Онан сырт тарихты тіке атамай, тарихи оқиғаларды негіз еткен Ахметолла Қалиұлының «Арда Алтай», Ғалым Қанапияұлының «Бұрқасын» атты романдары бар.

Жарық көрген тарихи романдардың жыл мерзімінен қарағанда 1985-1998 жылдар аралығындағы 14 жылда 20-дан астам тарихи роман туған екен. Сан жағынан қарағанда аз емес, ал сапа мәселесіне келсек, бірдеңе деу қиын шығар. Шынжаң қазақ әдебиетіндегі тарихи тақырыптағы романдар, мейлі, сан жағынан болсын, мейлі, сапа жағынан болсын, Шынжаңның

бүгінгі әдебиетіне өкілдік етеді. Десе де, бұл романдарда бір ортақ ерекшелік бар десе, ол Мұхтар Әуезовтей қара нардың соңынан ерген ізбасарларының әдебиет көшін керуенге айналдырғаны дер едік. Бұл романдарда бір ортақ кемшілік бар делінсе, ол да осы көштің шиырынан шыға алмағанымыз деп мойындар едік.

Осымен бірге тарихи тақырыптағы романдардың жалпы тұлғасынан бір ұқсастық байқаймыз. Бұл ұқсастықтың бірі – тақырып талдау жағынан көбінің тарихи дара тұлғаларды алғандығы. Атап айтқанда, роман атауларынан көрініп тұрғандай, Елжау Күнби, Зұқа батыр, Бөке батыр, Ер Жәнібек, Қасен генерал, Дәлелхан генерал, Жәке, Бейсенбі, Баспай сияқты жеке тұлғаларды роман тақырыбына өзек ету дәстүрге айналды. Романдарда сол жекелердің тарихына қатысты оқиғаларға ғана орын берілді. Аталған романдардағы екінші ұқсастық – шығарма құрылысы мен баяндау жағындағы ұқсастық. Жоғарыда айтқанымыздай, мұның бәріне «әліппе» болғаны, әрине, Мұхтар Әуезовтің «Абай» және «Абай эпопеясы» екені белгілі. Десе де, Мұхтарға еліктеу жаман емес-ау, бірақ Мұхтардың деңгейіндей биік өреге жеткізіп, иін қандырып, әлемдік әдебиеттің шоқтығына жармаса алды ма, жоқ па, ол жағына жеңіл кесім айта алмаймыз.

Тарихи романдардың көркемдік тұлғасына көз тастайтын болсақ, ауыз толтырып мақтамасақ та, ешкімнен ұялмайтын еңбектердің бар екені шындық. Ерте шыққан жыл мерзіміне қарап сөз қозғайтын болсақ, Шәміс Құмарұлының «Бөке батыр» романы алдымен ауызға түсер еді. Бөке образын сәтті жасаған жазушының көп ізденгені байқалады. Мұндағы бір жаңалық – жалаң оқиғаға бой ұрмай, халықтық мифтерді де арқау етіп, тұтас шығарманың бойында негізгі желімен қатар қосалқы нанымдық желі жатады. Әуелі Бөкеге ілескен елдің ішінде Бөкенің құлағының бүтін еместігін көріп, айнитын наным-сенім, түйелердің мойнын ұзаққа созып жатуы, ауа райы болжамы қатарлылардағы халықтық астрономия, бүкіл шығарма бойынан кезігіп отыратын ұлттық психология, жалпылық философия т.б. табылады. Тіпті романды оқып шыққанда Қарақыз сынды образ

көкейіңізге мықтап шегеленеді. Қареке, Қалдыбай бейнелері де өзіңізге таныстай елестейді. Оқиға өрбіген орын, табиғат суреті, қырғындар жайы – барлығы да нанымды бейнелері арқылы шығарманың өміршендік құндылығын асыра түскен. Роман Бөке батырдың кешулері арқылы ұлт тарихының құрамдас бөлігі болған Алтайдан ауып, Тибет жеріне босқан елдің трагедиялық халін көркемдік деңгейде жеткізе алған.

Шәміс қаламынан туған «Ер Жәнібек» романы да автор жасампаздығының кемелдену жолындағы бір биігіндей көрінеді. Десе де, тарихқа құрмет етуді басты орынға қойған автордың бұл еңбегін «Бөке батыр» романымен салыстырғанда көзге ерекше түсетіндей ен-таңбасы жоқ екенін де жасыра алмаймыз. Тарихи шындық – болған оқиғалар егжей-тегжейлі баяндалғанымен, жалпылық тұлға жақтан Жәнібек бейнесі өз айналасынан немесе ұсақ рулар шеңберінен ұзай алмай қалған. Дегенмен тарихи тұлға Жәнібек образын тіктеп, оны бүгінгі оқырман көзіне кешегідей елестетіп, қарапайым оқырмандардың көңілін тапқаны да рас.

Тарихи тақырыпқа атсалыса кіріскен ендігі бір жазушы – Батырхан Құсбегин. Ол «Жан», «Зұқа батыр» романымен көпке таныс. Батырханның «Жан» романындағы бір ерекшелік, сол дәуірдің суретін шеберлікпен жасап, кейіпкерлер характерін дәл беруі десек, артық айтпаған болар едік. 1940 жылдардың алды-артындағы Шынжаңның аумалы-төкпелі саяси жағдайы, Үрімжі қаласындағы қарсылас топтардың, жекелердің арбасқан айлакерлігі, өзара жауыздығы жазушы қаламынан өзіндік өрнек тапқан. Әсіресе, Сары Ноғай образы өзіне тән қасиеттерімен, даралығымен есіңізден еш кетпейді.

Батырхан қаламынан туған екінші бір кесек туынды – «Зұқа батыр» романы. Онда ХХ ғасырдың басында өткен Зұқа Сәбитұлының жарлыларға жоқшы болып, елдің елдігін қорғап, үстемдікке мойынсынғысы келмеген тәкаппар өрлігі бейнеленген. Зұқа образы барынша ашылып, көркемдік деңгейге көтеріле алған. Десе де, Қытай қоғамындағы «саяси салқындықтың» әсерінен жазушының қаламының қалтыраған сәттері де сезіледі.

Елді елең еткізіп, сонау ел білмес ескі заманнан сыр ақтарған, жеті қабат жер астынан алтын іздегендей Сұлтан Жанболаттың «Елжау Күнби», «Саншура Күнби» романдарының да аңысы аз емес. Осыдан бірнеше мың жыл бұрын дәурендеген үйсін елі және оның билеушілері жайында қалам тербеу жазушының «батырлығы» екеніне шүбә жоқ.

Елжау романда қазақ ұлыстарының ортасындағы шебер дипломат, саясаткер, құрметті ел билеушісі ретінде ортаға шығады. Осындай киелі тақ иесі билеген үйсін елінің сан қилы дәуір оқиғаларын, өмір шындығын, мифтерді көркемдік тұрғыда оқырманына жеткізе білу – жазушының басты табысы. Кейбір баяндаулардың ұзын-сонар болуы мен табиғатқа тән әдебиеттік бояулардың кемдігі тұтас шығарма тұлғасына ақау түсірмейді. Тарихи оқиғалар мен тұлғаларды бейнелеуде өзіндік даралығымен танылған Мағаз Разданұлының «Алтайдың ақиықтары» романының да сүбесі қалың. Роман XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басқы мезілдерінде өмір сүрген Алтайдағы төрт би және төрелер төңірегінде сыр шертеді. Қасиетті төрт орынның күлтөгері, атбайлары болған кейінгі мұрагерлері жайында сөз қозғап, соның қасиетін Өміртай Нәштенұлынан іздейді.

Мағаз шығармаларының өзгеден ерек көзге көрінер қасиеті, тарихи тұлғалардан сөз қозғағанда ғасырдан асқан баяғының қариясындай өткен өмірдің өзімен тыныстас киелі сөзді қозғайтындығы. Енді бір жағынан қарасаңыз, әлдеқайда ұмыт болып бара жатқан қазақтың ежелгі тұрмыс-тіршілігінің, толғауы тоқсан қызыл тілді ырқына көндірген би-шешендердің қағысуларының энциклопедиясы сияқты.

Тарихи тақырыпты бейнелеу жағынан Мағаздың үзеңгілестерінен көш бойы ілгері екенін бәріміз де мойындаймыз. Солай да. «Алтайдың ақиықтары» романынан «көлеңке» іздер болсақ, тақырыптың тақиясы тар болғанын да жасыра алмаймыз. Роман Алтайдың ақиықтары жайында сыр шертуден басталады. Басында төрт би төре және оның кейінгі мұрагерлері төңірегінде кеңінен әңгіме қозғаған жазушы романының орта бөлігіне келер-келместен-ақ жорғасынан жаңылып, бар қасиетті Өміртайдың бойына ғана үйіп төгеді. Ендігі Алтайдың ақиығы жал-

ғыз Өміртай ғана болып қалады да, «ақиықтары» деген көптік қосымшаның парызы өтелмейді. Бұл тек тақырыптық жақтағы кемістік көрінгенімен, романның өзге артықшылықтарын көлеңкелей алмайды. Мағаздың қара сөздің қайығы екендігіне иланбайтын жан жоқ.

Жазушы Шайсұлтан Қызырұлы «Бұлаң дүние», «Дабыл», «Қайқая шапқан қаракер» романдарымен 1930-1940 жылдар ішіндегі Алтайдағы қазақ малшыларының ұлт азаттық көтерілісін тілге тиек етеді. Бірінші, екінші кітапта жалаң баяндау басым болса да, «Қайқая шапқан қаракер» романы Шайсұлтанның бүгінгі биігін көрсетіп берді. Автордың тарихи тақырыпқа тереңдей бойлауы, жалықпас ізденісі, өмір шындығын нақты бейнелеуі бұл романдарды оқырмандар таласа-тармаса оқитын еңбекке айналдырды.

Әңгіме, повестермен Шынжаң әдебиетінің алдыңғы биігінен көрінген Күнгей Мұқажанұлының «Өр Алтай» романы да тарихи романдардың бел ортасын баса алады. Алайда тарихи болмыстарды жеткізудегі жемістерімен бірге олқылықтары да көзге түседі. Дегенмен де «Тайталас» сынды повесімен елді елең еткізген жазушының бұл романының аңыз-әңгімелердің қоспасы секілді жұтаң шыққанын қалай жасырамыз. Бұған бола қара сөздің қаймағын қалқып, майын шелдейтін жазушының әдебиеттен алар орнына ешкімнің таласы жүрмейді.

Әйгілі бай, отаншыл қайраткер Баспай сынды тарихи тұлғаға жазылған «Баспай» романы Зейнолла Сәнікұлының әдебиеттегі бір биігін көрсетеді. Онда Баспай тұлғасы тарихи шындыққа құрмет етіле отырып, әдебиеттік өремен жеткізілген.

З. Сәнікұлы еңбектерінің ерекшелігі, тарихи дәлелдерді тәптіштей зерттеп, шындыққа барынша жақын қалам тербеуі. Бұл жағынан кейде тарихқа құрмет етемін деп көркемдікті ақсатып алатын жағдайлары да көрініп қалады.

Асылхан Бәгенұлының «Қасен генерал» романы, Мұхтар Самажанұлының «Бейсенбі би» романы, Қостай Жақияұлының «Дәлелхан генерал» романы әдебиет пен тарихтың қатынасынан қарағанда әдебиеттік көркемдігінен гөрі эсселік, деректілігімен құндылыққа ие еңбектер саналады.

Серік Қауымбайұлының «Жәке би» романы тарихи жекені әдебиет биігіне көтере алды десек те, романның кейіпкерлер характерін ашу, тақырып талдау жақтағы олқылықтары бірден көзге ұрады. Десе де, жазушының өзіндік тыныс танытқысы келген жанайқайы, ізденісі басым. Тарихи тақырыпты бейнелеуде көне сүрлеуден қашып, жаңаша жол іздегені көрінеді. Автор кем сөзді болуға талпынды ма, роман қамтитын кейіпкерлері мен өрбіген оқиғалықтары жағынан повестік деңгейден көтеріле алмаған. Алайда мәселе оның роман иә повесть болуында емес, сапасында ғой.

Шынжаң қазақ әдебиетінде соңғы жылдары жарық көрген Оразхан Ахметұлының, Жұмабай Біләлұлының, Шәміс Құмарұлының жаңа романдары мен Шаймұрат Қамзаұлының «Орданың соңғы көші» («Шынжаң» халық баспасы, 2003 ж.), Қабдеш Жәнәбілұлының «Ардагер» («Ұлттар» баспасы, 2008 ж.) романдарының сақасы салмақтылау болды. Ал Шынжаңдағы қазақ романдарының Қазақстан жағында жарық көруіне келсек, Қ. Шабданұлының «Пана», «Қылмыс» (алты том), Б. Құсбегиннің «Зұқа батыр», С. Жанболаттың «Елжау күнби», З. Сәнікұлының «Баспай», «Сергелдең», Ш. Құмарұлының «Бөке батыр», «Көз жасы сарқылмайды», «Ер Жәнібек», «Тұғырылхан» романдарын атауға болады.

Шынжаңнан 1993 жылы елге оралған көрнекті жазушы Ж. Сәмитұлының «Сергелдең» (4 том) романының да әдебиетімізге берері мол. С. Қапшықбайдың «Жоқ», О. Егеубаевтың «Тағдыр тәлкегі немесе көк бөрі», Т. Рыскелдиевтің «Ұлы көш» романдарының да өзіндік айтары бар. Тарихи романдардың барлығының төрт құбыласы түгел деуден аулақпыз. Әлем әдебиетінің шыңына шыққан шығармалардан да «тарыдай мең» табылуы әбден мүмкін. Қазақ тарихи романының бастауы болған Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясы да мінсіз шығарма емес. Атап айтқанда, Құнанбай образы мен Абай образын екі тап өкілі ретінде бөліп алуы жазушының «саяси сақтығынан» туса да, «ат құлағынан ақсамас» десек те, «шұнақтың аты шұнақ қой» дейтін ой салады. Бірақ бұған бола Мұхтарды



және оның «Абайын» кімде-кім әлем әдебиетінің төрінен түсіре алмайды.

Тарихи романдарға баға беру тарихтың, болашақтың борышы екені шүбәсіз. Бір жазушының жүрек қанын сарқып, көз майын тауысып, күнді түнге, түнді күнге жалғап жазған кесек шығармасына бірауыз сөзбен жеңіл-желпі баға беру – қиынның қиыны. «Жоқтан бар жақсы» деп өзімізді жұбатқанмен де, барға баға керек болады. Шынжаң қазақ әдебиетінің бүгінгі жағдайына көз салғанда даму, есею үстінде екеніне қанағат етпей болмас. Сол қанағаттың көңілге сыйлаған тоғайыңқылығы болашақ әдебиеті үшін «жаңа роман төңкерісінің» қажеттілігін ұқтырады. Бүгінгі қытай (ханзу) әдебиетінің кейінгі толқынында әлем ағымына ілескен жас жазушылар шоғыры көптеп өмірге келді. Әсіресе, әлем әдебиетінің озық үлгілеріне бізден бұрын қол жеткізіп отырған ондағы жас буынның болашағына деген үмітіміздің үкісі желбіреп тұрғанын да ашық айтуымыз керек. Түбі біздің атбайларымыздың бірі – Шынжаң қазақ әдебиеті боларына дау жоқ.

Кезекті басқосулардың бірінде көрнекті жазушы Шерхан Мұртаза: «Моңғол қазағы, қытай қазағы деген қазақ жоқ, дүниеде бір ғана қазақ бар, ол – қазақ!» деген еді. Бүгінгі қазақ әдебиеті сөз болғанда да «Қазақстан қазақ әдебиеті», «Шетел қазақ әдебиеті» деген ұғым жиі ауызға алынып жүр. Шерхан Мұртазаның сөзін осы ұғыммен қайталасақ, қазақ әдебиеті де біреу ғана. Ол – бір ғана қазақтың әдебиеті. Сөзімізге дәлел ретінде «Әдебиет айдыны» газетінің 2005 жылғы 30 қыркүйектегі 3-бетінде берілген Қ. Ысқақтың сұхбатына қарайық. Аталған сұхбат «Бәрімізге ортақ бір ғана қазақ әдебиеті бар» деген тақырыппен берілген, тақырыбынан аңғарылғандай, ойды онан ары бұтарлаған Қалихан: «Шетелде жүрген қазақтардың мәдениеті, әдебиеті дейтін болсақ, бөле-жарып қаралмайтын қазаққа тән бір-ақ дүние. Олай болатыны – бір халықтың ғана әдебиеті мен мәдениеті. Барлығының түбірі бір» деп тұжырымдайды.

Ал біздің шетел қазақ әдебиеті дегеніміз, шын мәнінде, қазақ әдебиетінің қытайдағы, моңғолдағы бұтағы немесе өркені.

Ахмет Жүнісұлы «Әдебиетіміздің Шынжаңдағы бір отауы» мақаласында («Қазақ елі» газеті, 1998 ж., 9 қаңтар, 2-бет) жаңағы «бұтағы», «өркеніне» балама «отауы» атауын алғанын көреміз. Олай болса, ендігі жердегі зерттеу еңбектерінде оны «Шынжаң қазақ әдебиеті» немесе «моңғол қазақ әдебиеті» деудің еш әбестігі жоқ. Бұл зерттеуге қолайлы болу үшін алынған географиялық атау екенін ескертеміз. Жоғарыда аталған Ахмет Жүнісұлының еңбегінің «бісмілләсында»: «Әр орманның бұлбұлы өзінше сайрайтындай Шынжаң қазақ әдебиетінің де өзіндік үні, өзіндік тобы бар. Бұлар өз халқының құлақ құрышын қандыруда, көкейлерін көбексітуде мұрындық болып жетелеуде. Тарихының өткеніне айна, келешегіне құбыланама болуда мығым. Осы мығымды сөз ету – тайлаққа емес, атанға жүк. Бұған мақала емес, үлкен зерттеу керек. Қазіргі сөз еткелі отырғанымыз да – білетіндерімнің бірлі-жарымы, он екі құлаш арқанның тұтамдайы ғана», – дейді.

Бүгінгі әдебиеттің бұл мәселеге назар аударуына келсек, 2002 жылғы сәуірдің үшінде Қазақстан Жазушылар одағының Әдебиетшілер үйінде Қытай мен Моңғолиядан атамекеніне оралған ақын-жазушылардың «Алыстан аңсап келген ағайын» атты басқосуында біраз әңгіме болды. Сол жылдары Қазақстан Жазушылар одағының хатшысы болған талантты жазушы, марқұм Ғабиден Құлахмет шетелдегі қазақ әдебиеті туралы шолу жасай келіп: «Шенеуніктердің тілінде айтылатын «оралман» сөзі әдебиетке жүрмейді. Қалам ұстау, ең алдымен, ұлтқа қызмет ету. Ұлттық әдебиеттің гауһар қазынасы – әлемдік руханиятқа барып қосылатын үлес» дегенді айтқан еді («Қазақ әдебиеті», 2002 ж. 12 сәуір, 11-бет). Осы басқосудың соңғы нәтижесі Қазақстан Жазушылар одағы жанынан шетелдегі қазақ әдебиетінің кеңесін құру болды. Кеңестің құрылуы шынында өте қажет еді. Бірақ нақтылы атқарған жұмысы жағынан бұл, Қ. Ысқақтың сөзімен айтқанда, «арбаның бесінші аты» қызметін ғана атқарды.

Шын мәнінде, шетелдегі қазақ әдебиетінің зерттелуіне тоқталсақ, мұның түп-тамыры өте арыдан басталады. Түркітілдес халықтардың ауыз әдебиетін, тілін, мәдениетін зерттеуші ға-

лым, тілші, фольклорист, этнограф, Қазан университетінің профессоры Николай Федорович Катанов сонау ХІХ ғасырдың өзінде-ақ Ақыт шығармашылығына тоқталған екен. Бұл жөнінде «Қазақ кітабының шежіресі» (Алматы: «Рауан», 1996 ж. Ү. Субханбердина, Д.С. Сейфуллина) кітабының 9-бетінде мынадай айғақтар бар: «Деятель» журналының беттерінен Алтайда және Моңғолияда әйгілі болған, революциядан бұрын Қазан қаласында төрт-бес кітабы басылып шыққан Ақыт Өлімжіұлы Қарымсақовтың (дұрысы, Өлімжі емес, Үлімжіұлы. – Ж.Ш. ) 1897 жылы шыққан «Тәржіме-и Ақыт уаляди Өлімжі Алтайский» деген кітабы жайында Н. Катановтың мақаласын кездестіреміз (1898 ж. № 8-9, 429-430-беттер). Онда кітаптың 5000 дана болып шыққаны, бастырушы Мұхаммед Нәжиб Әли-Әкбаров екендігі туралы айтылады. Бұл Ақыт ақынның «Жиһан шаһ Тамуз шаһ ұғлы» атты белгілі қиссасы, ол 1902 жылы қайта басылған». Міне, арғы ғасырлардан бастау алған бұл еңбектер, әрине, шетелдегі қазақтың емес, қазақ әдебиетінің алтын қорындағы бай қазыналар екендігі шүбәсіз. Н. Катанов та мұны қазақ әдебиетінің жемісі ретінде ауызға алады. Алайда арадағы кеңестік идея, құдайсыздық көзқарастар бір ғасыр бойы Ақыт сынды ғұламасын көлеңкелеп келгені секілді шетелдегі қазақтардың әдебиетіне де оң көзбен қарамады. Қазақ тарихына, әдебиетіне зерттеу жасаған ғалым Шоқан Уәлихановтың Қазақстан жерінен тысқары жатқан қазақ және ұйғырлар мекенінен де іздері табылады.

«Алыптар тобындағы» Сәбит Мұқанов 1956 жылы Қытай жерінде болып, ондағы қазақтардың әдебиеті мен мәдениетіне барынша көңіл аударған. Оны Сәбеңнің «Алыптың адымдары» атты очерктер жинағынан айқын көре аламыз. 1957 жылы Ғабит Мүсірепов те Қытайдағы қазақ қаламгерлері арасында болып қайтқан. Онан кейінгі жерде профессор Рахманқұл Бердібай, профессор Тұрсынбек Кәкішев, академик Серік Қирабаев, ғалымдар Рымғали Нұрғалиев, Бақытжан Майтанов, ақын-жазушылардан Мұзафар Әлімбаев, Қабдеш Жұмаділов, Ахмет Жүнісов секілді мүйізі қарағайдай қаламгерлер бұл тақырыпқа бір соқпай өтпеді. Аталған авторлар өз еңбектерінде

Қытай және Моңғол қазағындағы қазақ әдебиетіне аз да болса зерттеулер жасап, олардың озық ақын-жазушыларының шығармаларына тоқталады. Бірақ арнайы зерттеу емес. Әсіресе, Шынжаң қазақтарындағы қаламгерлердің көркемдік деңгейі мен шығармашылығын зерттеу-талдау, оны ортақ игілікке жарату, әдебиеттану ғылымына кіргізу жоқтың қасы. Бұл жайында Қ. Ысқақұлы жоғарыда аталған сұхбатында: «Шетелдегі жазушылардың деңгейін көш басы дей алмаймыз. Өйткені мен оларды оқыған емеспін... Поэзиясына келер болсам, дауым жоқ.

Прозасында стилистикалық жағынан, форма жағынан бізге ілесе алмай қалғаны анық. Заманға ілесе алмай қалған жерлері көп. Олар нені жазамын дегенді біледі. Осыны қалай, қайтіп жазамын дегенде орашолақ... Олар көбінде XVIII ғасырдағы билеріміз сияқты құр сайрай береді. Сайрай беру прозаның міндеті емес», – дейді. Қ. Ысқақ мұнда шындықты айтады. Оған өкпе, реніштің керегі жоқ. Бұл жалғыз Қалиханның ғана сөзі емес, бүгінгі әдебиеттің айта алмай жүрген ой түйткілі. Осы тақырыпқа ойысқанда көп ақын-жазушылар бәрін «оқыған, білген» болып көсемсіп сөйлейді. Қалихан сөзінің одағайлау көрінуі – шындықты бүркемелемей бетке айтқандығында. Ендеше, осындай көзқарастар өмір сүрген ортада шетелдегі қазақтардың әдебиеттану ғылымын жасаудың бейнетті еңбек екенін тіпті де терең сезінеміз.

Шетелдегі қазақ әдебиетінің ұлтанды бөлігі болған Шынжаң қазақтарының әдебиеттану ғылымына келсек, ол 1940 жылдардан бастау алады. Қытайдағы қазақ жазба әдебиетінің алғашқы өкілдерінің бірі Нығмет Мыңжанның 1942 жылы «Шынжаң газетінде» жариялаған «Қыз Жібек жөнінде» атты зерттеу мақаласы осы саладағы алғашқы ізденіс еді. Н. Мыңжанның 1946 жылы жазған «Қазақ тарихы» («Шанхай» журналында қытай тілінде жарияланған) мақаласы толықтырылып қайта жазылып, 1949 жылы қазақша, ұйғырша, қытайша – үш тілде кітап болып шыққан. Кейіннен жазған «Қазақ халқының ауыз әдебиеті» (1980), «Қазақ тіл-әдебиетінің қалыптасу және даму дәуірлері» (1981), «Қазақ қиссасы «Бақтияр» және оның қырық бұтағы»

(1982), «Қазақ әдебиетінің қисса-дастан жанры» (1982), «Қазақ халық дастандарының тарихына тән кейбір деректер жайында» (1982), «Қорқыт ата» кітабы және қазақтың Қорқыт жыры жайында» (1984), «Қазақтың ел аузындағы екі жүз дастаны» (1986), «Қазақтың мифтік аңыздары» (1996) атты еңбектері әдебиеттану ғылымының бостығын толтырды.

Н. Мыңжанның ізін басып өмірге келген Әуелхан Қалиұлы, Ахметбек Кірішбаев, Омархан Асыл, Әзімхан Тышанұлы, Бексұлтан Кәсейұлы, Мырзахан Құрманбай, Ғазез Райысұлы, Қаусылхан Қамажанұлы сынды қаламгерлер тобы Шынжаң қазағының әдебиеттану ғылымына өз үлестерін қосты.

Шетелдегі қазақ әдебиетінің Қазақстан топырағындағы әдебиеттану ғылымы ретінде зерттелуіне көз жіберсек, «Шынжаң қазақтарының әдебиеті» төңірегінде еңбектер жазған Тұрсынбек Кәкіш, Зұфар Сейітжанов, Мұхтархан Оразбай, Дүкен Мәсімхан, Омарәлі Әділбек, Бекқожа Жылқыбек секілді аз ғана топты көреміз.

Моңғолия қазақтарының әдебиеті жайында еңбектеніп келген Қабидаш Қалиасқарұлы, Кәкей Жанжұңұлы, Шынай Рахметұлы, Жәмліқа Шалұлы, Қуанған Жұмаханұлы, Ақеділ Тойшан, Бақытбек Бәмішұлы, Абай Мауқара, Бекен Қайрат секілді қалам иелері де сирек көзге түсті. Осылардың ішінде 1969 жылы «Моңғолия қазақтарының ауыз әдебиеті», 1972 жылы «Халық ақындары», 1976 жылы «Өскен өлкенің өршіл әдебиеті», 1980 жылы «Айтыстың қыры мен қызметі», 1993 жылы «Моңғолия қазақтарының әдебиеті» еңбектерін жариялаған Қабидаш Қалиасқарұлын ерекше атауға болады.

Міне, бұлар аз да болса жоғарыдағы біз іздеген «ақтаңдақтарды» толтыруға арналған ұлағатты еңбектер екені рас. Әрі әдебиеттану ғылымының дәрежесіне көтерілген маңдай тердің таза жемісі.

Осы орайда, атажұртқа келіп жалпы қазақ әдебиетінің қара шаңырағына уық болып қаланған тұлғалар мен бұрын-соңды қосылған кейінгі буын өкілдерін тағы бір мәрте толықтай кетсек, Қабдеш Жұмаділов, Қажытай Ілияс, Марфуға Айтқожина, Несіпбек Айтұлы, Жәркен Бөдешұлы, Қазыхан Әше, Жақсылық

Сәмитұлы, Серік Қапшықбай, Тұрсынәлі Рыскелдиев, Тұрсынхан Зәкенұлы, Дукен Мәсімханұлы, Сіламхат Сейтқамза, Серік Нүсіп, Алмас Ахметбек, Ғалым Қалибек, Құл-Керім Елемес, Жәди Шәкенұлы, Серік Нұғыман, Адалбек Ахмәди, Ауыт Мұкибек, Ардақ Нұрғазы, Бекқожа Жылқыбек, Мақсұтхан Дәлей, Мұрат Шаймаран, Мұратхан Шоқан, Қалбан Ынтыхан, Ұларбек Дәлей, Ырысбек Дәбей, Тоқтарәлі Таңжарық, Ұларбек Нұрғалым, т.б. өз орнын еншілегенін байқаймыз.

Бүгінгі күннің жас буын ізденушілері жағынан шетелдегі қазақ әдебиетінің зерттелуі күндердің күнінде өзіндік бағасымен әдебиеттану ғылымынан ойып орын алатыны сөзсіз.

Қорыта айтқанда, Қытайдағы қазақ әдебиетінің кәусар бұлағы – қазақ әдебиеті айдынына келіп қосылатын асау ағыстың бірі. Оның қазақ әдебиеті мен мәдениетіне берері де мол.

## ҚЫТАЙДАҒЫ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ЖАҢА ДӘУІР ӘДЕБИЕТИ

Қытайдағы қаламгерлердің жаңашылдығы жайлы әңгіме қозғаудың алдында, түгел қытай әдебиетіндегі бұрылыс жөнінде азырақ аялдауға тура келеді. Қатып-семген социалистік реализмнің тоңы жібіп, қытай саясатына жылу жүгірген соң сөз өнері даңғыл жолға түсті. Билік басына Дыншиаупин шыққаннан кейін әдебиет саясат үшін қызмет істемейтіндігін, әдебиет саяси өзгеріске мойын бұра бермейтін, мәңгілік дүние екенін, Қытай елінің төрағасы өзі бас болып ауызға алды.

1979 жылы Қытайдың мемлекеттік 4 кезекті әдебиет-көркемөнершілер құрылтайы ашылды. Осы жолғы құрылтайда әдебиеттің ішкі заңдылығына құрмет етіліп, жаңа дәуір әдебиетінің есігі айқара ашылды. Сонан бастап, әдебиетті құрсаудан құтылдырып, біртіндеп қалпына келтіре бастады. Әдебиет көркемдік тәсілдер арқылы адамдарды рухани жақтан азат болуына көмектесті.

Қытайдағы қоғамдық реформаның көшіне ілескен қытай әдебиеті ұлтының рухани жарасын емдеп, өміршеңдік жасампаздық күшін қалпына келтірді. Әдеби құрсаулау жүйесін, жасампаздық әдістерін бірлікке келтіру талабының тас ошағын талқандап, әдебиет көзқарасында және әдебиет сыны әдісінде аса зор өзгеріс жасалды. Әдебиет көп жақтан ізденді. Биік талап-талғам қоятын, бәсекелесетін дәуірге қадам тастады. Қытайдың жаңа дәуір әдебиеті проза, поэзия, баяндау әдебиеті жақтарында дүниені елең еткізді. Әдебиет саяси таптық күрестің құралы болудан қалды. Даралық тебендеп, ортақтық шеңберін бұзып шықты. Жасампаздық еркіндігі, сын еркіндігі өріс алып, әр жазушы өзінің жеке стилін қалыптастыратын жол ашылды. Әдебиет жасампаздығындағы эстетикалық категорияны кеңейтті. Трагедияны бұрын өрескел деп қарайтын «хикімет қара юмор» сияқтылар да әдебиетке кірігіп кетті. Әуелі шындықтан жылты жоқ шығармалар да жарыққа шықты. Жаңа дәуірдің көркемдік саналығы мен сындағы саналылық бой көтерді. Ақын-жазушылар енді дүние әдебиетінің озық үлгілеріне ой жүгіртіп, іздену жолына түсті. Қытай қаламгерлері ба-

тыс әдебиетінен үлгі алуда өздерінің дәстүрлі әдебиетін осы заманғы әдебиетке айналдырудың ішкі органикалық түзілісін қарастыруға бет бұрды. Батыстың көркемдеу тәжірибесін, қытай әдебиетінің тәжірибесіне сіңістірудің жолын іздеуге кірісті. Ұлт мәдениетінің психологиялық құрылымын сарапқа салды. Мұндай сарапқа салудың тереңдеуі ұлттың жалпы тұлғасын құрайтын, әрі бір мүшесінің бұған сөзсіз қатысуын белсене талап етті. Сөйтіп өзін тексеру сипатындағы ойлану талабы туды. Бүкіл ұлтпен бірге опық жейтін, ұлтпен бірге ойлануға қарай бет бұрған қытай қаламгерлері әдебиеттің тереңдеуінің беталысын мойындады.

Жаңа дәуір әдебиетінің даму барысы гуманистик көзқарастың таптық күресті арқау ету көзқарасын таптап өтті. Жаңа дәуір әдебиеті адамдық қасиет, адамгершілік және гуманизм, адамдардың бір-біріне ізет-құрметі мен қадыр-қымбаты жасампаздықта шынайы бейнеленіп, оқырманды ықыласқа бөледі.

Қытайдың жаңа дәуір әдебиетінің көш басында жазушы Лиу Шынудың «Клас жетекшісі» атты әңгімесі өкілдік еткен «Дақ арылмаған әдебиет» дүниеге келді. Бұл жаңашылдық қытай оқырмандарын селт еткізді. Әңгіменің көркемдігі солғындау болса да, жаңа дәуір әдебиетінің қытайда тұңғыш рет төбе көрсеткендігін әйгіледі. Осыдан соң жарияланған әңгіме, хикаяттар жарық көріп, таптық күрес принципін тас-талқан етті. Сонан бастап, қытайдың жаңа дәуір әдебиетінде адамның ізет-құрметі онан ары саналы түрде дәріптелді.

80-жылдардың соңында қытай қаламгерлері гуманистік идеяны шығарма соңына көмескілемей, тікелей, әрі әшкере бейнеледі. Адамзатқа махаббат ортақ екендігін мойындаған шығармалар туа бастады. Бұл сатыда әдебиеттегі реформа дами түсіп, қаламгерлер суреткерлікке қарай ойысты. Гуманизмнің тереңдеу сатысы, оны бұрынғыдан да асқақ кезеңге көтеріп, қаламгерлердің түсінік-түйсігі тереңдей түсті. Жазушы Жаңженің «Ұмытылмас махаббат» атты әңгімесі гуманизм ағымының тереңдей түскенін дәлелдеді. Адамды дүниеде теңдесі жоқ кемелді, мінсіз деп қарамай, кәдімгі шынайы пенде ретін-



де бағалау – әдебиеттің де тағдыры болды. Жазушылар гуманистик мәннен қол үзе, оқырманын баурау қуатынан айрылатындығын түйсінді. Қаламгерлер гуманизмді қасиетті ту етіп, кейбіреуі дүниеге таныла бастады. Әрі дүниедегі озық әдебиет ағымдарына есікті айқара ашты. Ал осы мезгілде Қытайдағы Қазақ қаламгерлеріне де ой түсті. Енді біздің қаламгерлеріміз де жаңа тынысты көркем шығармаларды дүниеге келтіруді ойластырды.

Әуелі, отты да, өжет, өткір жанр – поэзияға жол берсек. Қытайдағы қазақ ақындардың қатарында ертерек ояңған, жаңашыл, тұңғыық ойлы ақын Омарғазы Айтанұлы мен Серік Қапшықпайұлын атауға болады. Өмірі де, өлеңі де – күрделі, махаббат пен кекке, арман мен торығуға, қасірет пен қамығуға толы трагедия. Ол өзі Қытайдағы әсіре саясат құрсауының терең шүңетінде жатып-ақ, жасампаздық еркіндігін, қиялдау еркіндігін, жүрек еркіндігін ауыздықтамаған ақын. О. Айтанұлы ізденгіш те, талғампаз қаламгер. Басында саяси бостандығы жоқ, лагерде еңбекпен «түзетіп» жүріп, өзі құдық қазып жатқанда, төбесінен тыраулап ұшып өткен тырналарға шалқалай қарап, қиялы бүкіл әлемді шарлайды. Сонан әйгілі «Тырналар» дастаны қағанақ жарды.

Омарғазы поэзиясын қытайдағы қазақ қаламгерлері бірден мойындаған жоқ. Сыншысымақтар «ары тарт, бері тарт» десіп, кергілеп көрді. «Омарғазының өлеңдерінде ұйқас, ырғақ жүдеу, ойы ауыр, ұғымсыз т. б...» десті.. Кейін оның шынайы ақын екендігін, Қытайдағы қазақтар ғана емес, өлеңдері қытай тіліне аударылған соң, бүкіл қытай қаламгерлерін де жалт қаратты. Қазір ақынның көп томдығы жарық көрді. Қазақ елінде «Тырналар» атты таңдамалы өлең, поэмалар жинағы шықты.

Ал енді ақынның «Түйелер» деген өлеңіне назар аударайық. Оның қалың қатпар қалтарысында ауыр ойлар, зілді өкініш, қазақтың қасіреті, ұлы дала мәдениетінің ұшқындары жылт береді.

Тұрар сонда қасымда  
Боғда жанымда,  
Ақбас кәрі атандай.

Кірген еді олар қанша қалаларға,  
Сол түйелер үстінде күймеде отырып?! –

деп басталады өлең. Ақын бұл өлеңді сюжетке құрып жазған. Мұндағы бір ерекшелік: ашық сюжетпен жазылған лирика оқиғалы сияқты болып байқалады да, оның құрылысын оңай аңғарамыз. Бұл өлеңдегі кейіпкерлердің бірі – ақынның өзі. Енді бірі – түйе. Ақынның көз алдында, ақбас кәрі атан сияқты, атақонысының ардақты тауы Боғданың маңдайы жарқырап тұр. Кәрі атанға шегілген күйменің үстінде отырып, әлдекімдер жаһан кезіп, қаншама қалаларға барғанын оқырман көз алдына елестетеді. Атанның көтерген жүгі, ә, дегеннен ауырлай түседі.

Ғасырлар сүргінінде жоғалған бір тайлак  
Тұрды екен қайсы жылғада түйе боп үлкейіп?! –

деп ақын қиялы алыс ғасырлар сүрдегіне шарықтайды да, ғасырлар қойнауында жоғалған бір тайлақтың тағдырына алаңдайды.

Скифтер заманынан қалған құтты шаңырақтай,  
Азия, сенің қайсы жүгің бар  
Түйе баласы көтермеген?!  
Баладай елпек,  
Көрсең едің сен осы маңғаз жануарды  
Ала бұйда тағып, мұрнын тескен, –

дейді де, ақын енді қазақтың арғы тегі скиф дәуіріне орағытып, «баладай елпек» ақбас атанға ерте заманның құтты шаңырағын артып, Азияның да ауыр жүктерін арқалатады. Ала бұйда тағып, мұрнын тескенге көнген көмбіс те, маңғаз жануарға ақынның жаны ашиды.

Бозінген» күйі бекер тумаған,  
Әлде бір бәйбіше ақтық байлап,  
Үкі таққан ба екен  
Осы ұлы мал иесінің ботасы өлгенде?  
Әлдебір ақын домбыра ұстап  
Төрде отырған ба екен,  
Сол түйе боздап қасына келгенде?

«Поэзия – адам баласының рухы» деп жүрміз. Ақын өлеңінің әр жолында, әрбір шумағында көзге бірден көрінбейтін, құпия да, терең философия, зор азаматтық үн жатыр. Өлеңнің ұлттық бояуы да қанық. Ақын айтпақ болған ойын алдымызға жап-жалаңаш жайып салмай, тереңде ұстайды. Оқырманның бір сәт болса да, ойлануын талап етеді. Адам жаны қандай күрделі болса, ақынның ойы да сондай күрделі. Сезімі тұңғұйық. поэзияның шымылдығы» тектес. «Түйелерде» ботасы өлген боз інгенді «Әлде бір ақынға домбыра ұстатып» қойып, сол түйені боздатып қасына келтіреді. Оқырманның да қиялын алыс қиырға, ұлтымыздың ұлы даласынан туған мәдени мұрасының шығу-тегіне дейін бір соғып өтеді.

Мүмкін сол түйелер емес пе екен

Мың жыл жүріп,

Шаршап келіп

Қалған осы «Жібек жолында»

Мәңгі тау болып шөгіп?! –

дейді қаламгер. Ақынның ұшқыр қиялы сары сүрдек тарих көшінің ертеде салып кеткен, өшкін іздеріне үңіледі. «Мың жыл жүріп, шаршап келген» ақбас атан мүмкін «Жібек жолында» (ақынның атақонысы Боғда тауы) мәңгі шөгіп қалған сияқты елестейді көз алдымызға. Бұл өлеңдегі Омарғазының қуанышы – маңғаз атанның рухы, басынан ақшаңқан қар кетпейтін асқақ та, пәк тауы Боғда болып, мызғымай, мәңгі шөгіп жатқаны, көзінің жасы ақбас атаны «мың жыл жүрген» жолындағы сары сүрдек ізге тамып тұр.

Түйелі қалың қол алдынан өтіп,

Қатар шауып,

Ұлы құрлық үстінде

Садақ жебелерін зуылдатты,

Өз заманының алып іргетасы

Құрлықтар ара ұшқан

Атом бомбасы емес,

Жасаулар артынып.

Көшкен сағымдай

Көз ұшында бұлдырып,

Алыс дөңдерден асқан

Еуропа-Азия үстінде жасыл із қалдырып...».

«Түйелер» атты өлеңнің соңғы шумағында, адам баласының игілігі үшін «мұрнын тескен маңғаз жануардың» өз заманындағы рөлі, құрлықтар арасымен ұшқан атом бомбасы болмаса да, өз заманындағы елінің алып іргетасын қалауда, елін, жерін қорғауда қазақ елінің қалың қолына көмбіс көлік болғаны, сағымдай жортқан ел көшінің Еуразия үстінде із қалдырып кеткеніне – ақынның көңілі тоқ. Көзінің жасын тия қояды. Бұл өлеңдегі түйелер ненің символы? Қайыспас қара нардай қазағымның рухы ғой ол!

Омарғазыны Олжаспен салыстырып та жүрміз. Екеуінің де поэзиясының ойлылық жағы ұқсағанымен, екеуі екі таудың ұлары сияқты, өз бетімен ұшады.

Ал енді, қытайдан атамекенге қоныс аударған ақын Серік Қапшықпайұлының поэзиясы ше? Оның Қазақстанда «Тас», «Күншығыс», «Жылқы ішінде ала жүр» атты өлең, дастандар жинағы жарық көрді.

Менің студент кезімде, кәдімгідей ақын ретінде танылған Серіктің өлең жолдарындағы «Теке сақал бетеге желден ырғып» дегенін, сыншылар сегіз саққа жүгіртіп, талас-тартыс болғаны есімде. Туған жерінің үлпілдеп өскен бетегесін, текенің сақалына ұқсату – әдемі теңеу. Гәп, бетегенің үстінен желдің ырғуында ғана... Секең кейін ондай дауға жолыққан жоқ. Ал әзірге дейін айтылып жүрген кейбір пікірлер: «Серіктің өлеңін өзінен өзге ешкім түсінбейді» дегені.

С. Қапшықпай ұлының «Батар күн» деген өлеңіне ой жүгіртіп көрейік.

Бұрылам ба, бұрылмай,  
Өте беру жөн шығар?...  
Айдың беті аядай,  
Күннің беті кеңсымал.

Әне,  
Солар барында,  
Жұлқыластым-ай,

Жерменен.  
Айналып ақ айылға,  
Бүкір болып белдемем.

Астымдағы тана-ды,  
Жатайын деп барады.  
Құдайы күн еңкейіп-  
Батайын деп барады.

Серіктің поэзиясының ойы ауыр екені рас. Бірақ тым тылсымға бойұрмаған. Бұл өлеңнің кейіпкерлері – ақынның өзі, «әнеу», маңызды детальдар – күн, тайынша. Ақын алған бетінен қайтпай, төте тартып барады. «Әнеу, солар барында», өмір бойы жер бетіндегілермен жұлқысып келеді. Өзі әбден титықтап, «Ақайылға айланып, белдемесі бүкір болып қалды». «Әнеу» дегені кім? Ол – жер үстінің алаяқтары. Ақынның қолында әділеттің ақ семсері тұрса да, мына заманда солар үстем орында тұр. Жеңіс те осылар жақта. Шындық үшін жүрегін аузына тістеген ақындардың ақайыл-аққапталға айналып, белін жаза алмай қалғаны да өмір шындығы. Жер бетіндегі ерен шайқастан қажыған, жүрегі жаралы ақын, бәлкім астындағы тұлпарын алаяқтарға тартқызып қойып, танаға мініп қалған ғой. Ол – әділетсіздікке күңірене күрсінген ақынның көңіл-күйі. «Тана» ақын рухын көтере алмай, жаталақшиды-ау!

Құдай күн жер бетіне тіршілік сыйлайтын, құдіретті күш. Бұл өлеңінде ақын күнді – адамзат тіршілігінің жарығының символы еткендей. Ал, зорлық-зомбылық әділетсіздік жайлаған жер бетінде, таланттың да, аңқылдаған ақеділ ақын армандарының да «күні еңкейіп, батайын деп барады-ау!» Мүмкін бұл өлеңді өзгелер басқаша түсінер, ақын ойының түкпірінде тағы не жатыр? Оны өзі біледі.

Жә, ендеше, Қытайдан атажұртқа ат басын бұрған жас ақын Тоқтарәлі Таңжарықтың өлеңдері әдеби басылымдарда енді жарық көре бастады. Шын ақынды бір өлеңінен-ақ тануға болады. Оның «Теңіз, ай, елес» өлеңіне назар аударып көрейік. Бұл өлең – бұркемелі сюжетті лирика түріне жатады. Кейіпкерлері мен маңызды детальдары – ақын, ай, теңіз, кеме, сыңар аққу.

Көгілдір ай сәулесі астында  
Буырқанып жатқан теңіз..  
Толқындар сапырылыса шайқалған  
Айдың «өлі» денесін  
Бәлкім сол ай біздің ғұмырымызбен егіз,  
Көкірегімізді қанжоса ғып қадалған  
Тіпті де ұмыта алмаймыз  
Уақыттың улы жебесін».

Ақын ағыл-тегіл толғана отырып, ішкі көңіл-күйдің кең алапты шытырман дүниесін оқырман алдына жайып салады да, өз алдына бір сырлы елестің көрінісін ұстайды. Оны адам өміріндегі ой дүниесінің өресіне көтеріп саралайды. Уытты сезімнің ошағында қорытып сомдайды. Сонымен кіршіксіз де тасыған сезім арқылы оқырмандардың жан жүйесін тербейді.

Ай мен сол елес.  
Жылымға шөккен кеме.  
Субетіне шықпайды енді олар қалқып.  
Сұңқылдап жалғыз ұшқан  
Аққуды көрсең сен егер,  
Қанатын көгілдір сәулелерге шарпып;  
Ол да біздей күңіреніп  
Елес дүниесін кезер,  
Аласұрған сезімнің құшағында малтап.  
... Бүгін теңіздің демі салқын.  
Үн-түнсіз барамыз қайтып...

Қауырсыны қатпаған жас ақыннан мұндай қабат-қабат бүкпесі бар, түкпірлі өлеңі қуантады бізді. Байыбына бара алмайтын, бірде-бір бөгде сөз жоқ. Өлең – түп-тұнық, жылып аққан өзен іспетті. Ай сәулесі астындағы теңіз, теңізге түскен айдың кескіні, лағып ұшқан жалғыз аққу, оның қайғысына ортақ ақын, салқын теңіздің жағасынан үнсіз кетіп барады. Бұл өлеңдегі образ күңгірт. Бірақ ақын жан сезімінің жалыны айқын лаулап тұр. Тоқтарәлі жансыз кейіпкер қимылын жүрек сезімталдығына мықтап қиюластырған. Оқырманын көңілінің дарқан дүниесіне жетелеп кіргізеді. шетсіз-шексіз әлемді көз алдымызға келтіреді. Баяндаудың ішінде шарықтау жатыр әрі

шымырау бар. Сезім мен көрініс, ой мен өріс, ішкі әлемнің эстетикасын жас ақынның меңгере бастағанын байқайсың.

Жаңа дәуір әдебиетінің көшіне ілескен ізденгіш те, талантты ақындардың өлеңін сарапқа салып, түгел талдаудың жүгін бірер мақала көтере алмайды. Қытайдағы және атамекенге ат басын бұрған жас, орта жас ақындардан атап өтуге татитын жаңашыл ақындар: Мұрат Шаймардан, Мұратқан Шоқан, Біліспек Әбдіразақ, Ерлан Нұрдыханұлы, Алмас Ахметбекұлы, Ермұрат Зейіпқанұлы, Құл-Керім Елемес, Дүкен Мәсімхан, Дәулетбек Байтұрсынұлы, Гүлманат Әуелқанқызы, Ардақ Нұрғазы, Ұларбек Дәлей, Гүлнар Қасымханқызы, Ләззат Игісінқызы, Әзия Мағыпер, Нұрболат Әбдіқадыр іспетті жаңа толқын поэзия көліне құйылуда.

Қытайдағы ақындардың қатарында классикалық ағымның ұлттық өлең жазу үлгісін сақтап жазатын, танымал ақындардан Задахан Мыңбай, Мағаз Раздан, Шәкен Оңалбай, Дутан сәкей, Әбденбай Бажайұлы, Құлмұхан Ахмет, Бердібек Құржықай, Жұмаділ Маман, Қызырбек Оралов пен Әзілбек Кіназбекұлы, Сәли Садуақас, Балапан Рабаттарды атауға болады.

Қытайдағы атышулы мәдениет төңкерісі тұсында жазықсыз атылып кеткен талантты ақын Қызырбек Ораловтың шығармашылығына соқпай өтуге болмас. Оның бар «қылмысы» – атажұртқа қашып келе жатып ұсталып қалған. Ақынның «Жыр күмбезі» атты өлеңі бар-жоғы екі-ақ шумақ.

Өлермін мен де бір күн жырым тынар,  
Толықсып шешек жарған гүлім сынар.  
Күмбірлер сонда бір күн туған жерде,  
Білдің бе ол жан толқытар сырым шығар.  
Ерсі де болар мүмкін бұл мінезім,  
Алайда оны шындық деп білдім өзім.  
Өлсем де мәңгі мұра қалдыруға,  
Жатырмын жасап бүгін жыр күмбезін» –

деп жазды Қызырбек.

Сезім – өлеңнің жаны. Ақын – сезім адамы. Ол сезімнің жаршысы болу керек. Өлеңдегі сезімнің фонтандай атылып шығуы, ақынның жүрегіңде жасырынып жатқан қою жалынды сезімнің

идеяда пісіп-жетілген ақыл-парасат нұры. Жайнаған інжу маржаны. Өрқандай өрелі өлең селдей сезімге, көлдей көңіл күйге толы болады. Ақынның көзқарасы, эстетикалық мұраты, әуес, ынтығы, мінез-құлқы, өмірге болған танымы, түрліше күрделі заттарға болған позициясы, қуанышы, кек, қайғыру, қорқыныш, ұнату, қарғыс, әуес, ынтығу сынды күшті көңіл-күй арқылы өз бейнесін табады.

Белинский: «Сезім болмаса – ақын да болмайды» деген. Демек сезім болмаса, өлең де болмақ емес. Өлең сезімнен туады. Сезім арқылы оқырманға ерекше әсер қалдырады. Ақын сезім арқылы образ жасай алады. Өлең адамдарға буырқанған сезіммен көңілін босатады. Оқырманға көркем әсер, эстетикалық рақат сыйлайды. Оқырман мен ақынның жүрегін бір-бірімен тоғыстырып, сол арқылы оқырмандардың сезімінде және идеясында ояну тудырады да, өлеңнің құнын асқақтатады.

Марқұм Қызырбектің өлеңдері буырқанған сезім, образды оймен тоғысып жататын. Адам үшін ең ауыр трагедия – өлім. Ақын өлім әкелетін трагедияны, «Толықсып шешек жарған гүлім сынар» деп бейнелейді. Туған жердің ақынға азалы күйі күмбірлеп, үн қатпақ. Өлім трагедиясын алдын ала сезінген ақын «Мәңгі мұра қалдыруға жыр күмбезін жасап» кетті. Бұл өлеңде ақынның сезімі ағыл-тегіл ақтарылып, эстетикалық мұраты, мінезі жүрегінде жасырынып жатқан жалынды сезімнің идеяда пісіп-жетілген ақыл-парасат нұры жарқ ете түсіп, көңіл-күйі дауылды күнгі көлдей толқын атып тұр. Оның «Өсиет» деген өлеңінде мынадай шумақтар бар.

Мен кетермін келмеске ұшып жаным,  
Суық көрді қапсырып құшып жалын.  
Өлерімді білемін өзіме аян,  
Сондықтан да жасқанып қысылмадым.

Жан емеспін жалыны жойса кетер,  
Өлеңім бар бәріне ой сап өтер.  
Өзі қысқа, өзі аса тентек өмір,  
Арттағыға бір белгі қойса нетер?!



Жан беймаза жолаушыдай тоналған,  
Енді нені күтеді екен ол алдан?  
Қасірет пе сары теңізге батырар,  
Қуаныш па аңсап күткен мол арман?»

Ақынның өмірге, өлімге болған танымы, позициясы бөлек. Қуаныш, кек, қайғыру, қорқыныш, ұнату, қарғыс, ынтығу сынды күшті көңіл-күй арқылы сезім селін жосылтады. Ақын өлсе де, жүрегiнiң жалынын өлеңiне сiңiрiп аттанды. Әрi ол жалын «Суық көрді қапсыра құшты». Өйткені «Өзі қысқа, өзі тентек өмірде, арттағыға ой сап өтер өлеңі бар». Бірақ «Жаны беймаза, жолаушыдай тоналған...». Алда не күтіп тұрғанына ғана алаңдайды ақын. «Қасіреттің сары теңізіне батыра ма? Аңсап күткен мол арманына жетіп, қуанышқа кенеле ме?» Ақын тағдыры қыл үстінде тұр. Амал қанша, арманына жете алмады.

Бақытсыз, қуанышсыз мен кетермін,  
Еріксіз көз жасымды көлдетермін.  
Өмірде сөнген сорлы жүрегімді,  
Тірлікте мұңлы күймен тербетермін.

...

Жаратқан дүниені қайласымен,  
Күн өзі кең әлемнің айнасы ма ең?  
Жершары жалғыз түйір тарыдай-ақ,  
Мен енді қайда барып, қайда сіңем?!

Өр мінезді, қайсар ақын «Бақытсыз, қуанышсыз» ажалынан бұрын өтті өмірден. Оның ажалы әсіре қызыл ұшқары саясаттан болды. «Еріксіз көз жасын көлдетіп» озды жалғанның жарық дүниесінен. Десе де «Өмірден сөнген сорлы жүрек» көзі жұмылғанша «Мұңлы күйін шертті...». Ақын үшін жершары «Жалғыз түйір тарыдай-ақ» болып, әділетсіз әлемге сыймай қалды. Тар заманы ақынның қалған өмірін қимады. Сөйтсе де ақын айтарын айтып кетті.

Енді атажұртқа ірге тепкен жас ақын Ерлан Нұрдыхан ұлының «Нүкте» атты өлеңін оқиық:

Сағым дүние – сарғайған жүрек үшін,  
Ей, сары күз сағыныш реңісің.

Жасыл пойыз жастығым барады ұзап,  
Солқылдатып уықтың релісін.

Кәрі жартас түксиген бүркіт қабақ,  
Түнереді мезгілге үркіп қарап.  
Көңіліме бейуақта жылап кірді,  
Көбелегі көктемнің жыртық қанат.

Жылап кірді көңіліме,  
Көктем іздеп сергелдең өміріне.  
Маңдайымнан сүйген кім?  
Сағыныш па –  
Мұңлы күздің мұздаған еріні ме?!

...

Өтер, кетер, өмір бұл тозаң-құйын,  
Қалар ертең қаңғырап қазан миың.  
Қазылмаған қабырлар үстінде біз –  
Билеп жүрген әртіспіз ажал биін.

Әйтеуір төрт аяғын тік тұрғызып, ұйқасқа, ырғаққа түсіре салса болғаны, поэзия деп түсінетін ақындар Ерланның өлеңін оқығанда не дер еді? Сауатсыз ақын мен сауатсыз оқырман үшін «Соқыр өгізге бәрі топан» дегендей, ұйқасқа түскен қаражапырақ қара сөздің бәрі – өлең. Ал сауатты ақын мен сауатты оқырман олай ойламайды. Оларда талғам бар. Ерланның поэзияға талғамы биіктеп қалғанын таныта бастаған. Өлеңнің тақырыбы «Нүктенің» өзі-ақ оқырманына ой салады. Әрине, өмірдің соңы – «Нүкте». Әрбір пенде өмірінің соңына нүктені қалай қояды? Тағдырының сөйлемі қалай аяқтайды. Өзіңіз ойлап көріңіз!

Төрт буыннан ұйқасқан қара өлең ырғағы майталман жорғасынан танбайды. Ақын тозығы жеткен дайын үлгіге талғамсыз жабыса кетпейді. Өлеңнің ойы, астары, образдылығы, ішкі иірім, тұтану, шарықтау, сезімнің тереңіне бойлау сияқты көркемдік тәсілдерді есіне мықты ұстаған. Сары күзді сарғайған сағынышқа балайды. «Жастығы – ұзап баражатқан жасыл пойыз». «Кәрі жартас түксиген бүркіт қабағын түйіп, түнереді.

Мезгілге үрке қарайды...». Көктемнің көбелегі неге жыртық қанат болады? Ол ақын көңіліне не үшін жылап кіреді? Көктем іздеген көбелектің өзі де сергелдең. Әйтеуір бір мейірімді жан ақынның маңдайынан сүйеді. Оны сағынған кім? Ақын оның ерінін күздің мұздаған ерініне неге ұқсатады? «Тозаң-құйын» өмір өте шыққанда, қураған бастар қайда қалмақ? Адамдар тірлікте «Қазылмаған қабырлар үстінде ажал билеп» жүргенін қалай түсінуге болады? Өлең оқырманға осы тәрізді жұмбақ айтады. Жас ақынның маңдайынан сүйгің келеді. Ақын жұмбағын жабыла шеше берейік!

Образдау, символдау, бейнелеу, астарлаудағы ақынның шеберлігі қуантады бізді.

Ерланның «Ақынның ақырзаманы» деген өлеңі оның ойының ұшқырлығын тіпті де айқын байқатады.

Гайыптан бір тамшылаған сәулелер,  
Бейуақта жүрек шымшып әурелер.  
Сағынышыңды да сатқысы бар тиынға,  
Сайқал дүние саудагер.

Сауал өніп басып өткен ізімнен,  
Күз бораны ырғақ қосар ызыңмен.  
Мың жапырақ – мың жүрегім,  
Және де –  
Мың күдерім үзілген.

...

Ардың алтын кірпігінен от еміп,  
Тіл қатпадым басымды да көтеріп.  
Қашанғы бір кәрі дүние қаусаған,  
Қасыңда отыр жөтеліп  
Айналамыз ұжданы өлген кедейге,  
Сөз құдайы енді бізді елей ме?  
Үнсіз қалу ақиқаттың алдында,  
Ақын үшін ақырзаман емей не?

Лирикалық өлеңдерде немесе өзге де лирикалық шығармаларда ішкі сезім, ақыл-сана, ой-пікірлерін бейнелейтін лирик – жеке геройдың өзі. Лирикалық өлең жекелер жағынан жазыл-

ғандықтан, көп жағдайда лирик-қаһарман деп ақынның өзін айтамыз. Ақын өз басындағы арман-мұңын, басынан өткендері арқылы өзге адамдарға тән кешулерін, өзі жасаған тарихи дәуірдегі мәлім қоғамдық топтар мен жіктер үшін характерлі болған ой-қиял, пікірлерін бейнелегенде, лирик-қаһарман лирикалық образдан пайдаланып, жалпыластыру жолымен жара­тады. Автор айтып отырған «Ғайыптан тамшылаған сәулелері» не? Ол ақын жүрегін бейуақытта не үшін шымшылайды? Ақын­ның басқан ізінен саулап өскен сұрақтарға күз бораны ызың­мен ырғақ қосқанын неге жоруға болады? Мың жапырақ үзіл­се, мың жүрек, мың күдер неге үзіледі? Ардың алтын кірпігін от жалмап жатқанда, ақын неге басын көтеріп тіл қатпайды? Кәрі дүние әбден қаусап, ақынның қасында күрк-күрк жөтел­генін недеп түсінеміз? Кедейлердің ұжданы өліп, сөз «құдайы» дес бермей тұрса да, ақынның үнсіз қалуы – ақырзаманның таяғаны екенін, Ерлан неге қатал ескертеді? Оқырманға осы тектес ой тастауы, жас ақынның ізденіс жолындағы биікке тал­пынысы деуге болады.

Мұрат Шаймардан, Мұратқан Шоқан, Біліспек Әбдіразақұлы, Гүлманат Әуелқанқызы қатарлы кейінгі буын ақындар да поэзия талғампаздығына атбасын бұрды.

Проза жанрында қытайдағы Жаңа дәуір әдебиетінің қарым­ды қаламгерлерінің бірі марқұм Жақсылық Сәмитұлы. Оның 80-жылдардың соңында жазған «Қаданның ғашығы» атты хи­каятына соқпай өтуге болмас. Шығарманың басты кейіпкері Қадан қытайдағы оңшыл, ұлтшылдыққа қарсы қызыл жебелі саяси науқан кезінде қылмыстылар тобынан, «Тарымға» еңбек­пен түзеу лагеріне сүргін болады. Сүйген жары Гүлжамал ар­тында боздап ол қалады. Қадан Тарымдағы балық фермасында «еңбекпен өзгеріп» жүріп, құмды далада адасып қалған Еркін атты кішкене ұл баланы түн ішінде ұйықтап жатқан жерінен тауып алады. Ес кіріп қалған бала, әкесінің аты Құдыс, ше­шесінің аты Айниса екенін айтады. Адасып кетіп жоғалған ба­ланы өлдіге балап, жетісін беріп жатқан күні, «Тарым» өзенінің бойындағы «Қызыл жұлдыз» халық коммунасының бастығы Құдыстың үйіне баланы аман-есен алып барып талсырады. Ба-

ланың туған шешесі Айниса – Құдыстың төртінші рет үйленген әйелі екен. Уыздай жас әрі айдай сұлу келіншек Еркінді үйінен тауып келіпті (баланың әкесі беймәлім). Қаралы өлімге арналған нәзірге жиналған ел баланы көріп аң-таң болады. Өгей әке басында баланы өлімнен құтқарып әкелген, өзгертудегі жас жігітке қатулы қабақ танытып, оған күмәнмен қарайды. Ал, іштен шыққан шұбар жылан Еркінін ажалдан алып қалған жас жігітті, аспаннан түскен ақ періштедей санаған Айнисаның қасіреті қуанышқа ұласып, қаралы жиынның арты тоймен тарайды. Жас ана баласының Қаданға бауыр басып қалғанына қатты мейірі түсіп, оның асты-үстіне түсіп, алажәупек болып күтеді. Кетерінде қимастықпен қоштасады. Жас жігітке ә, дегенде-ақ алакөзімен қараған «Тарымдағы» тұтқындарды басқаратын түрме бастығына астыртын арыз кіргізеді. Балық фермасында еңбекпен өзгеріп жатқан Қаданның, Айнисаны алып қашпақшы болғандығын айтады. Қадан зынданға салынады. Айниса Еркінді ертіп барып екі рет жолыға алмай қайтады. Қаданның жоғалған баланы иен даладан тауып бергеннен басқа жазығы жоқ екенін түрменің қатысты адамдарына құлаққағыс етеді. Қадан мен Айниса сырттай қарағанда аға мен қарындас тәрізді байқалғанымен, іштегі ғашықтық қоламтасы күн өткен сайын қоздай түседі. Бірақ жан әлеміндегі өзгеріс сырын біріне-бірі ашық сездірмейді. Ғашықтықтың тілі сөйлемей, көзі сөйлейді ғой. «Көңілімнің бір бұрышына орнап қалған елестен құтыла алмадым» дейді Қадан. Тұтқын жігіттің өзгерту алаңынан қашпақшы болғаны жалған екені анықталған соң, Айниса мен шешесі екеуі іздеп барып, Қаданды үйлеріне ертіп қайтады. Бұл кезде Айниса қырыс, сыңарезу Құдыстың қазымырлығы мен ызғарына шыдамай, ажырасып тынған еді.

Қаданды үйіне ертіп барған күні Айниса өзегіне от тастаған жігітпен есік алдындағы баранның астында, бір төсектің үстінде сырласады. «Сұлу айдың алтын кірпігі жадырап, бұлт арасынан күміс шекесі қылтияды». Сонда да екі ғашықтың ішкі уыты сыртқа теппейді. «Деміміз ішімізге түсіп үндеспедік...» Баран астында жатып, Қаданның ұйқысы қашады. Еркексіреген әйелдің сезімі сергелдең болып, көңілдің көкдөненін қанжілік

етіп болдыртады. Баран астында жалғыз жатқан жас жігіттің қасына қалай келіп қалғанын өзі де түсінбей қалған. Оның әп-пақ сазандай, сұп-суық сүйрік саусақтарынан уыстап ұстаған жігіттің ып-ыстық алақаны келіншектің жүрегін дір еткізсе де өзегін өртеген ғашықтықтың алауымен өзінің ішкі өлкесін ғана жарқыратып, сөз әрекетінде әдеп - ибадан аспайды. Жігіт те асау тайдай аласұрған сезімге ақылдың бұғалығын сала қойып, қылмойнынан қылқындырып тұра қалады. Ол өзін әрең тежеп, өртенген өзекке себезгі жаңбыр жауғандай салқын тартады.

Осындай сыр бермеген махаббаттың сұр жыланы жүректерін орап жатып, Қадан онжылдық «Тарымдағы» еңбекпен түзеу мекемесінен босап, алып кеткелі келген әкесімен ауылға қайтатын күні екеуінің өзегінде ұйықтап жатқан арыстандар оянады. «Айниса жастықты құшақтап жатып қалған екен. Менің тықырымды естіп басын жұлып алды. Орнынан ұшып тұрып, жүгіріп келіп, құшақтай алды да жас жуған бетін кеудеме басты.

– Мұндай болады деп ойламаған едім, - деді егіліп,

– Мен де... – деп міңгірледім сөз таба алмай...

– Еркінді ұмытпай, хат жазып тұрыңыз, –

деді де ол көз жасын онан арман көдетіп, – байқұс бала тағы жетімсіреп қалатын болды ғой...» – деседі. Бұлардың кейінгі тағдыры оқырманның ойлануына қалады. Қадан жол-жөнекей бірде Айнисаны, бірде он жылдың алдындағы қалыңдығы Гүлжамалды көз алдына алма кезек елестетіп, ойсоқты болып бара жатады.

Жақсылық Сәмитұлы Қытайдағы жаңа дәуір әдебиетінің көшіне осы сияқты хикаят, әңгімелерімен ілескен жазушы. Ол Қазақстанға оралған соң, «Сергелдең» тетралогиясы, «Атамекен» атты хикаяттар жинағы жарық көрді.

Қытайдағы жаңа дәуір әдебиетіне жаңа тынысты шығармаларымен есе қосқан жазушылардың енді бірі – Жұмабай Біләлұлы. Оның «Дала торғайлары» романы мен «Илеу» атты әңгімелер жинағы және бірнеше хикаяттары оқырмандардың назарын аударған. Жұмабай ізденгіш, тұспалдап, астарлы жазатын жазушы. «Илеу» әңгімесінде құмырсқалардың өмір сүру,

тіршілік ету қамы әңгімесіне арқау болады. Олардың еңбекшіл, ұйымшыл, ұқыпты, естілігі әсерлі жазылған. Жұмабайдың әңгімелері қытай сыншыларының да назарын аударды.

Атамекенге оралған жас жазушы Жәди Шәкеннің «Ертіс қызы» шағын әңгімесінің айтары мол. Ұлттық мұра, жол-жосын, ұлы даланың саз өнері, таза да, тұнық махаббаттың құдірет-күші шағын әңгіменің құшағына сиып тұр. Әңгіме өзінің «Қаралы көш» романының жүгін көтере алған. Әңгіменің негізгі кейіпкерлері: қаладан жаздық демалысқа келіп жүрген оқушы, оның әкесі, сыбызғышы Зейнолла шал, малшы Закон шал. Тайқазан қауымдастығының пішен жинау жұмысына барғандар қара қостарында дамылдап жатқан кездерінде, бір зарлы сыбызғының үні естіледі. Лирикалық кейіпкер (оқушы) «Әке, бұл не?» - деп сұрайды. Әкесі: «Ертіс қызы сыбызғы тартып жатыр, шақырып жатыр... » - дейді. Мұның төркініне түсіне алмаған ұлына әкесі «Ертіс қызы» туралы ел аузындағы аңызды айтып береді. Бір байдың қызы әкесінің жылқысын бағатын сыбызғышы жігітке ғашық болады екен. Әсіресе, жылқышы жігіттің тартқан сыбызғы үні Ертіс өзенінің арғы жағасынан естілгенде, әлгі байдың қызы, Ертістің бергі жағасында тұрып, жігітпен ол да сыбызғы тартып, тілдесетін болыпты.

Қызының есіктегі малайына көңілі ауғанын естіген әкесінің намысы қозып, қызын еркінен тыс, басқа бір мырзаға малға сатпақшы болыпты. Ал жігітті қызының көз алдынан аулақ, алыс отарға жіберіпті. Ғашықтық оты өзегін өртеп, әкесінің қатыгездігіне назаланған қыз Ертіс бойындағы тоғайға бой тасалап, ғашығына деген сағыныш сазын сары қурайды сыбызғы қып тартып, қаңғып кетеді де, қайтып үй қарасын көрмепті. Сол қыз тартқан сыбызғы күйі күні бүгінге дейін Ертіс маңына естіліп тұрады екен.

Сыбызғының зарлы да, мұңлы әуені алыстан әлсіреп жетіп, Ертіс өзеніне шымырлап батып кеткендей байқалады. Ал осы «Ертіс қызының» сыбызғы күйін Зейнолла дейтін шал қурайдан сыбызғы жасамай-ақ, бөбежігін бүлкілдетіп, боздатып жібергенде, Ертіс жағасы да еңіреп кеткендей боп, естіген жанның етжүрегін елжіретіп, сай сүйегін сырқырататын көрінеді.

Пішеншілер «Ертіс қызының» күйін тартқан Зейнолла шалды алқақотан қаумажалалап алып, тыңдаудан жалығар емес. «Закон деген шал кір-қожалақ орамалымен маңдай тері мен көз жасын кезек сүртіп, мұрнын қорс-қорс тартып қойып жылап отыр». Әңгіменің жүрегін солқылдата соқтырып тұрған құдіретті күш те – «Ертіс қызының» сыбызғы күйі.

«Өзен жағасында моншақты аспан астында толқындар қазанға қайнатқан құрттай сапырылысады. Көкбұйра желке жүндері жалбыраған су серкелері сарт-сұрт сүзісіп, шалқасынан құлайды...». Көз тартатын жанды да, мәнді сурет. Жәди сияқты жас қаламгерлердің қарымына қайрат тілеп, тілеуестік білдіреміз.

Қытайдағы қаламы төселген қаламгерлердің бірі – Оразхан Ахметұлы. Оның «Қызыл гүл», «Толқынды көл» әңгімесі мен «Дүрегей» атты хикаяты жаңа тыныспен жазылған. Шәміс Құмар ұлының соңғы жылдар жазған «Орданың соңғы көші» романы, Қырбақ Нұрғалиұлының кейінгі жылдары жарық көрген кейбір хикаяттары, Серік Қауымбайдың «Құйынды қабыр хикаяты», Өркен Ақантайұлының «Жүрекке әмір жүрмейді» хикаяты секілді прозалық шығармалар да жаңа дәуір әдебиетінің ұшқындары ұзаққа ұшқандай сезіледі.

Ал қытай тілінде жазатын аса талантты прозаик – Әкпар Мәжитұлы ініміз. Ойлы әңгіме, хикаяттар жазып жүрген қарындасымыз – Еркеш Құрманбекқызы. Сонымен қатар, аталған жазушылар Қытайдағы ақын-жазушыларының шығармаларын қытай тіліне аударып таныстыруға да елеулі еселерін қосты. Абайдың өлеңдері мен қара сөздерін, ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясының қытай тілінде жарық көруіне де осы екеуінің еңбегі мол. Қазақстандағы өзге де қаламгерлердің шығармаларын қытай тіліне аударуға да ниеттеніп етіп жүр.

Енді тарихи тақырыпта көп томдық «Қылмыс» романының авторы Қажығұмардың жарық көрген екі кітабының біреуі Қазақстандағы оқырмандармен қауышты. Қажығұмар Қытайдағы қазақтардың жазба әдебиетінің іргетасын қалаушылардың бірі. Бұл романның басты кейіпкері Биғабыл түрмеде жатып, мәде-



ниет төңкерісі кезінде «қызыл қорғаушылардың» атаманы алдында сұраққа тартылады. Құдыққа түсіп өлген шешесі туралы тергеушіге: «Әділетті тергеуші, ақ, нақақты адамзатқа сіз ғана айтар деп сенемін. Осы үлкен шешемнің өз құрсағынан шыққан балаларын зар қақсатып, ләм демей, рақымсыз ызғарлы күйінде кетуін қарашы, недеген тасбауыр еді!.. Неткен рақымсыз қылмыс» дейді. «Өзім осындай жеті тегімнен қылмыскердің ұрпағымын» деп мойындаған болады. Автор ойының астарына үңілсең, тергеушіні басты кейіпкер масқаралап, әжуалап отыр. Сол арқылы жазушы шектен асқан әділетсіз әкімшілікті мақтамен бауыздайды. «Қылмыс» романының жазылу стилі жағында Қажығұмардың өзіндік даралығы бар. Шыңжаңның дербес үкімет билігінің тізгінін ұстаған Шыңшысай совет одағымен достықтан бет бұрып кеткен кезінде Биғабыл оны – өзін алдап кеткен опасыз кәрі қызға теңейді. Шыңшысай Тарбағатайға келгенде, қоғадай иіліп, құрақтай жапырылған жұрт түгел қолдарына қызыл байрақша ұстап, қақ жарылып қарсы алады. Сонда қызыл шүперек таба алмаған бір әйел дамбалының балағын жыртып алып байрақша жасап, ол да қатардан қалмауға жанталасады.

Жазушы «қызым саған айтамын, келінім сен тыңда» дегендей астарлап айтады. Қажығұмардың тілі ащы. «Қылмыс» саяси ауқымға ілескен прозаның шоғырынан ерекше көзге ұрады. Басты кейіпкер аласапыран заманда туындап жатқан қым-қуыт оқиғаларға төрелік айтып, өзі әділетті шындықты кейде мысқылдап жеткізеді. Сонымен бірге, совет үкіметінің колхоздасу жылдарындағы ұшқары белсенділері Ақтай мен Сантай образынан да шырылдаған шындық қай жақта екендігін меңзейді. Жазушының ұтқан жері – арғы бет пен бергі беттің асқынған солшылдығынан туындаған зұлымдықтың тайталаса шабындаған қос бөрісін қос өкпеден бір оқпен атады. «Қылмыс» аса аумақты тарихи шындықты ашатын шығарма. Қансоқтаны белшесінен басқан заманның қылмысын жазушы мысқылдап жеткізуге тырысқан. «Қылмыс» – өмірбаяндық прозаға бейімдеу. Суреткерлік солғындау. Мұнан сырт Қазақстанда Қажығұ-

мардың «Пана» атты романы жарық көрді. Бұл романда таптық күрестің салқыны байқалады.

Жазушы Шәміс Құмарұлы таяу жылдардан бері 3-4 тарихи романды дүниеге әкелді. Оның «Бөке батыр» романы Қазақстанда да жарық көрді. Бұл роман 1860 жылғы Пекин, 1881 жылғы Петербург келісімінің негізіне сәйкес 1884 жылы Шыңжаңның батысындағы орыс-қытай шекара бөлісі жүріп жатқан мезгілден басталады. Қытай империясы Шыңжаңға қанатын кең жая бастаған дәуір еді бұл мезгіл. Ішкі Қыдайдан бастық болып, Лю Жаңжүн келеді. Ол өлкелік үкімет құрып, орталығын Үрімжі қаласы етіп белгілейді. Осы тұста Бөке батыр Алтай жағынан мың түтіндей елін бастап, Үрімжі маңына қоныс аударған болатын. Бөке өзі елбасы болғандықтан, Лю жаңжүннің көзіне түсіп, ордасына шақырады да, оны «амбал» деген қаракөк тасы бар мансап береді. Алайда, ел ішін алатайдай бөліп, көре алмаған күншілдер шығып, Бөкені ұлыққа жамандайды. Батыр басына қатер төнгенін сезеді. Ақыры тұтқын болған бөке түрмеде қатты қинауды көреді. Інісі Шөке елдің атқа мінерлерінің басын құрап, ұлыққа пәре беріп жүріп, ағасын түрмеден шығарып алады. Бөкенің ізөкшесіне түскендер оған тағы да қақпан құрады. Көккөл деген жерге барып қоныс шалып келген батыр бассауғалап, өзіне ілескен елді бастайды да, шығысқа қарай көшеді. Шөлейт құмды даланы басып өтеді. Соңына түскен қуғыншылармен қанды қақтығыс болады. Шөлден, аурудан адамдары қырылады. Босқындар Көккөлге жете алмай, Тибеттегі Заказаңбу өзенінің бойынан бірақ шығады. Ол жерде 3-4 жыл тұрақтап қалады. Қуғыншылар қоярда-қоймай, дүние салған бөкенің көрін ақтарып, басын кесіп алады да, Үрімжідегі үлкен алаңның қақпасының маңдайына іліп қояды.

Романның оқиғасы да әсерлі, кейіпкерлер тағдыры аянышты. Бөке батырдың трагедиясы ел тағдырымен қабыса баяндалады. Құлдықтан мезі болған елдің азаттықты аңсаған жүрек лүпілі романның өн бойынан естіліп тұрады. Аянышты оқиғалар оқырманның көңілін босатады. Халқынды қанжылатқан тоңмойын жауыздыққа кектенесің.

Шәміс өте еңбекқор жаушы. Ол қалың қарбалас басшылық қызмет істеп жүріп, арт-артынан ұлтанды романдарды дүниеге келтіргені – үлкен ерлік.

Қытай архивтеріндегі деректерді пайдаланып, жазушы Сұлтан Жанболат екі томдық «Елжау Күнби» романын жазды. Бұл роман Қазақстанда да жарық көрді.

Атамекенге қоныс тепкен жазушы Тұрсынхан Зәкен «Көкбөрілердің көз жасы» атты роман жазды. Осы екі романда да мол, тың тарихи деректер бар. Ал романның көркемдік шеберлігі жағынан сөз қозғар болсақ, «Көкбөрілердің көз жасы» – өзге тарихи романдардың қатарынан мойны озықтау. Тұрсынханның тілі жатық. Образды сөздерді көбірек қолданады. Көлкөсір тарихи деректердің тігісін жатқызып, нанымды баяндайды. Кәдімгі көркем проза оқып отырғандай сезінесің. Құшлік ханның өлімін аса аянышты, әрі өзгеше әсерлі суреттейді. Дегенмен тарихи деректердің тым молдығы – көркемдікке қөлекесін түсіреді. Сірескен тарихи деректер кейде жазушыға ырық бермей, кейіпкердің жан-дүниесінің түкпіріндегі сезім ағысы, таза әдеби артықшылықтар, жанды, дара мінездер, ой, астар, суреткерлік жақтарын солғындатып жібереді. Әсілі шынайы көркем шығарма, тарих пен педагогиканың жүгін оншалықты көп көтере алмайды...

«Елжау Күнби» романында тарихты сөйлейтін диалогтардың өзі бірнеше бетке кететін ұзынсонар баяндаулар бар. Образ-характері дараланған кейіпкерлерді де кездестіре алмайсың. Роман композициясының белі бостау. Сюжеттік шырғасы тартымды емес. Ұлттық психология тіпті де байқалмайды.

Екіншіден, Сұлтекең «әлем адамдарын» романына кейіпкер етіп алған, оларды жердегі адамдармен тілдестіргені тым орашалақ. Ғылыми фантастиканы көркем шығармаға сіңірудің де ыңғайын тауып, әдеби тәсілдерін игермей тұрып, тәуекелдікке бару, жазушыны күдірлі жолға бастайды.

Қытайдағы тарихи романдар жайлы сөз қозғаудан бұрын басын ашып алатын бір түйін бар. Ол – тарихты романға қалай сіңіру туралы тарихи роман жазғандардың түсінігі біркелкі емес. Көркем әдебиетті жүйелі игеру - әдебиеттану ғылымының

жетістігі ғой. Әрі сана жемісі. «Абай жолын» біреулер: «тарихи роман» десе, енді біреулер тарихи роман емес екендігін айтады. Олардың түсінігінше, нақтылы тарихи оқиғалардың желісінен шықпай, автордың өзге жасампаздығын қоспай жазылған роман ғана тарихи роман болатын көрінеді. Ал тарихи дәуірді ұлы жазушы Мұхтар Әуезов аса биік өреде көркем проза деңгейіне көтеріп жазды. Мұқаңның өз сөзімен айтқанда, Абай мен ұлы ақынның айналасы жөніндегі нақты тарихи деректер 20 пайыз төңірегінде екен. Қалған 80 пайызы жазушының қиялынан туған жасампаздық деген сөз. Әрине Абайдың не ойлап, қай жерде не деп сөйлеп жүргенін, иығында отырып, өмір дәптерін жазып отыратын бақылаушы періште Әуезов емес. Сондықтан ұлы ақынды ұлы жазушы ту қып көтеріп, Абай жасаған тарихи дәуірдің суретін көркем сөзбен салды. Ақын образын ашу үшін Абай дүниеге келуден 30 жылдай бұрын болған Жұмақұл соғысын (рулық жаңжал) Абайдың ес тоқтатқан кезіне, ақынның сәби шағында өткен Қодар өлімі оқиғасын Абайдың бозбала мезгіліне жазушы әдейі өзгерткен сияқты. Сонымен бірге, ұлы даланың дара тұлғалары Құнанбай, Бөжей сынды кісілер арқылы Қазақ халқының салт-санасын, ғұрып-әдетін, далалық мәдениетін, ұлттық мінез-құлқын романға өзгеше шеберлікпен сіңіре білді. Сөйтіп ұлы жазушы тарихи роман жазудың көркем үлгісін жасап берді.

Енді тарихи оқиғалар мен нақты деректердің үйіндісіне айналған романдарды көркем прозаның қатарына жатқызудың өзі қабырғанды қайыстырады. Кейбір эссе романдар жөнінде де соны айтуға болады. Көрген-білгенді, естігенді бірсыдырғы баяндай берсе, екінің бірі, егіздің сыңары жазушы болмай ма?

Қытайдағы тарихи роман жазушылардың кейбіреуі осы үлгіге түсіп алғандықтан, оқырмандар роман оқып отыр ма, әлде тарих оқып отыр ма, күнделік оқып отыр ма, оны өзі де ажырата алмай қалады.

Қайсы бір елдің өркениет өкілдері туған елінің мәдениетін де, әдебиетін де сана арқылы қабылдап, бағымдайды. Әдебиеттану ғылымының жетістіктері арқылы таразылап көреді. Ал, мәдениеттің алтын қазығы әдебиет десек, оны тану, қорғау –

өркениет өкілдерінің борышы. Тарихи төл мәдениетті тірілтетін, алыс болашаққа өлтірмей жеткізетін де – терең тамырлы әдебиет.

Өркениет өкілдерінің әдебиетті сана арқылы қабылдап, тануы да, қатып-семіп қалған дүние емес. Әдебиетпен бірге түлеп, құлпырып, өзгеріп отырады. Ашығырақ айтқанда заман тасқынына төтеп бере алмаған әдебиет те, оның теориясы да өздігінен тақтан түседі. Бір кездегі «Партиялық әдебиет», «Әдебиеттің партиялығы», «Социалистік реализм», «Мінсіз жағымды кейіпкер», «Туа біткен жағымсыз кейіпкер» образын жасау сияқты әсіре қызыл саясаттың жетегінде кеткен көркем туындылар мен әдебиет теориялары бүгінгі таңда тұғырына орнығып отыра алмай қалғаны шындық емес пе?

Қытайдағы көрнекті жазушыларымыздың бірі Оразхан Ахметтің «Өзгерген өңір» романының көркемдік деңгейі едәуір сәтті шыққан. Әсіресе, Ұйпалақ шалдың образы «Көтерілген тыңдағы» Чукар атай сияқты оқырманның есінде мықты қалады. Бірақ амал қанша, Жазушы көтерген идея әсіре қызыл солақай саясаттың жетегінде кеткен. Бүкіл қытай халқына апат әкелген халық коммунасын жәннат қып көрсетуге тырысқан. Қазақтар қоныстанған дала халық коммунасының мейірім-шапағатымен «Өзгерген өңір» болып, құлпырып шыға келген.

Осы күнде жазған прозалық шығармалары жақсы аталып жүрген Жұмабай Біләлдың «Жондағы жорықтар» атты романы да Оразханның «Өзгерген өңір» романы тектестеу.

Кейбір тарихи романдар саясаттың ықпалынан шыға алмағанын былай қойғанда, көркемдік жағынан сын көтере алмайтындары да жоқ емес. Оны ертегі мен жыр қып, қағаз шимайлаудың өзі де, басы артық шаруа...

Ал, әдебиет ағымы жөніндегі сөз басқаша. Жаңа ағым мен көне ағым бірін-бірі жоққа шығармайды. Бәйгеге қосқан жүйріктердей қара таласып, қатар шабады. Кейде бақ таласуы мүмкін. Мысалы: әлемдік әдебиет классигі Камсон «Аштық» повесінде сюжеттіз шығарма жазуды аңсайтын жас жігіттің образын жасады. Оның аудармашыларының бірі американдық Роберт: «Камсон прозасының жаңалығы мен өткірлігі бәрін дүр

сілкіндірді. Камсон шығармалары кейіпкерлердің таңғажайып елес өмірін әсерлердің қисапсыз қауысын, сезім мен ой тасқынының дауысын талдауды ұсынады» деді.

Әдебиетке осындай бір жаңа ағым дүниеге келгенде, соған еліктеушілер де аз болмаған. Камсонша жазуға таланты жетпегендер де, соған ұқсап баққысы келді. Өкінішке орай, көркем прозаның сорын қайнатып, баяндауға ештеме таппағанда, айналсоқтап, ой қайталауды ермек етіп, ақыл айтатын қаламгерлер де төбе көрсетті. Міне бұл классиктерге жансыз еліктеудің әсері.

Енді өмірбаяндық роман жазуға қызығатындар Горкийге еліктеді. Бірақ Горкий «Балалық шақ», «Кісі есігінде», «Менің университеттерім» деген өмірбаяндық шығармаларын роман деп таңба басқанын көрмедік. Горкий бұл эсселеріндегі кейіпкер даралығын сомдау, суреткерлік жағында ерекше күш шығарған. Диалог, монолог, қанатты, образды сөздер қандай тамаша берілген.

Біздегі өмірбаяндық роман жазушылар өмірінде нені көрсе, соны жазды. Оның кейіпкерлері де қара құмдай. Образ-характер даралығы дегенің жоқтың қасы. Кейіпкердің жан-дүниесі, сюжет, композиторлық тұтастық, кейіпкерлер тілінің даралығы, шығарманың ойы, астары сияқты көркем прозаға қажетті қасиеттерді іздеп таба алмайсы. Демек әдебиет ағымындағы ағаттықтан стильдік, шеберлік талғамның тас-талқаны шығатын жәйттер де туылады. Қытайдағы Қазақтардың тарихи романдары мен өмірбаяндық романдарының қатарында осы тектес олқылығы бар шығармалар да бой көрсетті.

«Камсонның шығармалары қысқа да нұсқа сөйлемдермен жазылған. Дәл суреттеу, терең мағыналы сөйлемдермен алмасып отырады» – деді Роберт. Камсон өзі де ылғи сюжетсіз шығарма жазуға жабысып алғаны жоқ. 1917 жылы жарық көрген «Жер сөлі» атты романында туған жерін сүйіп, патриархалды тұрмыстың дәстүрлеріне алаңдаған үлкен сүйіспеншілікпен суреттеген. Ол осы романы үшін 1920 жылы Нобель атындағы әдебиет сыйлығын алды. Ол бұл романын сюжетті жазған екен. «Камсонның кітаптары ашық әшкерелеу емес, таза әде-

би артықшылықтарымен, тамаша сомдалған жанды мінездермен, әдеби тәсілдердің шексіз байлығымен, бәлкім, ең алдымен, елгезек, шынайы үні бар, таза поэзия болып табылатын өзіндік стильмен баурап алды» - дейді Харальд Нэсс. Осындағы «Әдеби артықшылықтар», «Жанды мінез», «Әдеби тәсілдердің шексіз байлығы» дегендер де өркениет өкілдерінің сана ағымына, ғылыми пайымдауға жататын әдебиеттанудың өркендері, жетістіктері деуге болады. Мұндай пайымдаулар әдебиет теориясын байыта түсті. Жә, сонда сюжетсіз шығарма жазу ғана әдебиеттің табысы десек, өзге ағымдарды, классикалық ағымдарды аластау керек пе? Мүлде олай болмайды. Ондай болғанда дүниедегі әдебиет алыптарын қайда қоямыз? Сондықтан әдебиеттегі жаңа ағымдарды қабылдағанда әрі шетке қақпау, әрі догма түрде еліктеп, аңғырттыққа ұшырамаған жөн. Бір ғана өлшем – көркем әдебиеттің бәріне ортақ. Ол – көркемдік пен шеберлік.

Қытайдағы қазақ қаламгерлерінің бір талайы «мәдениет төңкерісі» аяқтағаннан кейін, тарихи роман жазуға ден қойды. Жақып Мырзаханұлының «Арман асуында», Оразбек Әпдүлдің «Ұстаз», Шайсұлтан Қызырдың «Дабыл», «Бұлаң дүние», Шәміс Құмардың «Бөке батыр», «Көз жасы сарқылмайды», «Әз Жәнібек», Батырхан Құсбегіннің «Жан», «Зуха батыр», Мағаз Разданның «Алтайдың ақиықтары», Күңгей Мұқажанның «Игілік», «Өр алтай», Ғаппар Біләлұлының «Ғасырлық қуғын», Серік Қауымбайдың «Жәке би» сынды романдар іркес-тіркес жарық көрді.

Ал, атамекенге оралған қаламгерлерден Жақсылық Сәмиттің «Сергелдең», Тұрсынәлі Рыскелдиевтің «Ұлы көш», Тұрсынхан Зәкеннің «Көк бөрілердің көз жасы» романдары дүниеге келді. Мен өзім тарихи оқиғаларды бүгінгі күнмен сабақтастыра жаздым...

Жақсылық Сәмиттің «Сергелдеңі» тарихи тақырыпты көркемдік өреге бір шама көтеріп жазған шығарма. Жазушы бастан-аяқ өзінің жол жорғасынан онша танбаған. Авторлық баяндау, табиғат пен ортаны суреттеу, тілді ұқыпты пайдалану, кейіпкерлерінің образ-характер даралығына көңіл бөлу жақтарында ұқыпты болған.

«Сергелдең» Қытайдағы Алтай өңірін мекендеген іргелі қазақтардың отызыншы, қырқыншы жылдардағы көркем, әрі аянышты шежіресі. Ел аман, жұрт тынышта қара құйындай ұйтқыған зобалаң қайдан келді? Роман соған жауап іздейді. Сонымен бірге, өткен ғасырдың орта шеніне таяғандағы Алтайдың күн бетіндегі өмір сүрген қазақтардың тұрмыс-тіршілігі, ел тағдыры үшін толарсақтан қан кешкен ерлік күресі «Сергелдеңде» көркем баяндалады. Ырысхан, Есімхан батырлар бастаған ұлт азаттық төңкерісті, аты аңызға айналған Оспан батыр жалғастырады. Қара қытайдың қансоқта зұлымдықтарын көзбен көріп, басынан кешірген Оспанның ерліктері, оның киелі, өжет рухы, қан майдандағы айла тәсілдері, батыр ойының ұшқырлығы оқырманын шырғаға тартқандай баурап әкетеді. Роман композициясының белі мықты. Тілі жатық, жақсы оқылады. Диалог, монологтар кейіпкерлерінің жас мөлшеріне, мінезіне лайықты берілген. Романнан үзінді оқып көрейік.

– Кел, жоғары шық, шайға кел, – деді содан соң, ол иегімен төр жақты нұсқап.

Ақсақалды кәрі үкідей Көнекбаймен амандасып жатып, ақырын жымыып күліп қойды.

– Қалай, көке, қора-қопсың тыныш па? – деді ол қасына келіп отырып жатқанда.

Тегінде Көнекбайды бұл төңеректегі елдің бәрі де тым жаман көрмейді. Ешкімге қылдай зәбірі жоқ. Момын жуас мінезін ұнатып, сыйлап жүреді. Оның үстіне анда-санда бір есіп кеткенде, қайдағы-жайдағыны айтып бір қарық қып тастайтын. Кей әңгімелерінің қисыны онша келе қоймаса да, «мұның өтірік қой» деп бетіне басатын адам шықпаушы еді... Бір қиын сұрақ бере қалатындары болып жатса да берген жауаптарының өзі де ішегіңді қатыратын қызық болып шығатын. Сонан ескеуілдеп сөйлеп, бәрін өзінің баяғы заманындағы саптаяқ шапқандағы әңгімелеріне түсіп кететін еді...

– Ей, бар болғыр-ай, осының бәрін тізіп отырғанша тоқтерін неге айтпайсың? Жігерімді құм қылдың ғой түге, – деді Ноғайбай дегбірі таусылып.



Көкендер жер жылыса жылымайтын сарбаз емес пе? – деп зілсіз қағытып қойды бәйбішесі езу тартып... (30, 31, 33-беттері).

Осы үзіндіде Көнекбай бастаған төрт кейіпкердің характері ашылады да оқырманның көз алдында, есінде сол адамдардың бейнесі мінездері қалады.

Жазушы қаламының төселгені, ұқсамаған кейіпкерлердің басын қосып, шеберлікпен түйістіре білгені осы жағынан байқалады.

«Ырысхан әкелген хабарды естігенде билердің бәрі де түршігіп, біріне-бірі қарасты. Ұзын бойлы, зор денелі Көкбайдың да денесі құрыса, дөңгелек жүзінен нұр шашып, ұзын, қалың қасы тікірейіп, түксиіп кетті. Табиғатынан момын, ұя бұзбайтын жуас адам. «Жау елі басып келеді» дегенді естігенде жүрегі сыздап, үндемей, мелшиіп отырып қалды» (Бірінші кітап, 116-бет).

Кейіпкердің сыртқы бейнесінен, қимыл-әрекетінен, ішкі жан әлемі, ой-дүниесінің астаң-кестеңі, үрейі байқалып тұр. Роман соңы трагедиямен аяқталатыны – «Сергелдең» деген атынан-ақ байқалады. Батыр тағдыры – ел тағдыры. Тарихи шындық та солай еді.

Жазушының сөздік қоры молдығынан ба әлде байқамай қала ма? Қызбатабанға келгенде, синоним сөздерді қабаттастырып, бір орынға төге салатын кездері де кездеседі. Мысалы: «Табиғатынан момын, ұя бұзбайтын жуас адам» деген сөйлемдегі үш тіркестің біреуін алса да басқасының орны өгейсімейтіндей. Өйткені: «Табиғатынан момын», «Ұя бұзбайтын», «Жуас адам» дегендер бір ғана ұғым береді емес пе? «Үндемей мелшиіп отырып қалды» дегендегі мелшиіп отырып қалса да үндемегені түсінікті ғой?

«Сергелдеңнің» басты кейіпкері кім екені онша айқындалмайды. Әсілі аты аңызға айналған Оспан батыр романның басты кейіпкері болып, бастан-аяқ негізгі рөлді ойнау керек еді, Оспан кейіндеп көрінеді. «Сергелдеңнің» төрт кітабы аяқтанғанша басты кейіпкер өзгере береді. Осы жағы көңіліме олқы сезілді.

Жазушының суреткерлігі солғындау болғанымен, сөздік қорға бай, шешендігі оқырманды зеріктірмейді. Қытайдағы Қазақ қаламгерлерінің мейлі тарихи тақырыпта жазсын, мейлі мәдениет төңкерісі мен халық коммунасы тақырыбында жазсын бірталайына ортақ бір мін бар. Оның басын ашып айтар болсақ, кейбір қаламгерлер натурализмнің құрсауынан шыға алмады. Әсіресе, солшыл әпербақан саясаттың ұлтымызға салған лаңын көркем шығармада қалай бейнелеуге келгенде сойқанды сұмдықтарды кейіпкердің тағдырына, жан-дүниесіне, қанына сіңіріп, терең толғана алмады. Сыртқы көріністі шарпып жазу арқылы жалаң баяндау басым болды. Шығармадан натурализмнің исі бұрқырап тұрды. Адамдардың жүрегіне жара салған, тағдырын тәлкек еткен атышулы саяси науқандардың өрескел, озбыр, қатыгездігін, апатын, кейіпкерлерінің жан жүрегін жазудың орнына, өмірдегі болған оқиғаларды қаз-қалпында көшіре салатын стиль орныға бастады. Мысалы: мәдениет төңкерісі кезінде біреулер қинау көрді, таяқ жеді. Бүкіл қытай халқы қақ жарылып, екі топқа бөлінді. Бірі – заупанпай (құқық тартып алушы), бірі бауқуаңпай (құқықтыны қорғаушы) болды. Соққыдан, төбелестен бастары жарылып, көзі шықты. Қару күресі барысында адам өлді. Осындай өрескел қылықтар өрбіп тұрған кезде, біреулер жәбірлеуші, біреулер жәбірленуші болды. Қорлаушы, қорланушы көбейді. Кейбір қаламгерлер соның бәрінің сыртқы суретін ғана салып, жадағай тізбелей берді. Адамдардың жан сарайының құлазуы, ішкі мұң, зар-нала, теңнен тебіренген қасірет-қайғының адам тағдырына әкелген жасырын апаты, ішкі арпалыстан өз-өзімен сырластықтан, торығу мен үміттің іштей салғыласуынан туындайтын өмір сүру философиясын қайырып тастады. Кектену, ширығу, қиындықпен күресу рухы бар кейіпкер образы жасалмады. Жай тұрмыстың сүреңсіз сыртқы тұлғасын, қабығын ғана оқырманның өзіне қаз-қалпында қайталап, оқырманын мезі қылды. Өмірді бейнелеудегі тұрпайы натурализм айналып келгенде, көркем шығарманың жалаң-жадағай, таяздығына апарып соқты. Шынайы өмір адам тағдырымен қабысып, адам жанының күйзелісімен,

қуаныш-шаттығымен тоғысып кете алмаған шығарма туралы көркемдіктен, тереңдіктен сөз ашуға болмайды ғой.

Әркімнің басынан кешкен жаттанды көр-жар тіршілікті, күн-дестік, көре алмастықты, мән-мағынасыз қатынастарды жіпке тізгендей шұбырта берген жазушыдан не күтесің? Көркем шығарма жазбақшы болып қолына қалам алған адам, ең әуелі көркем шығарманың не екенін білу керек. Онан соң талғам мен талант тізе қосады. Аттап өтуге болмайтын көркемдік тәсілдердің басқыштарын байқап басқан жөн.

Натурализмнің бейнелері мен тілдегі салақтық Ғалым Қанапияұлының «мәдениет төңкерісі» тақырыбында жазылған, екі кітаптан тұратын «Бұрқасын» атты романында, Күңгей Мұқажанның «Тайталас» повесінде басым. Оны өз кезінде әдебиеттанушы, сыншылар жетер жеріне жеткізіп айтқан.

Сөзімізді растау үшін Жақсылық Сәмитұлының «Повестеріміздің өресі туралы аз сөз» деген сын мақаласынан мысал келтірейік.

...Күңгей Мұқажанның «Тайталасындағы» формализм туралы айтылған пікірді дәлелдеу үшін повестегі кейіпкерлердің портретіне назар аударғым келеді. «Тайталаста» жағымсыз кейіпкерлердің өң-сиқы да, жүріс-тұрысы да, тіпті аты-жөні де біркелкі жексұрын, ұсқынсыз келеді.

Мысалы Айдардың портреті былай беріледі: «Бір топ қағазды жуан саусақтарымен сүйреп алып шықты. Үлкен ағаштан добалай салған итаяқ пішіндес басын сол жақ алақанымен сүйеп... көзілдірігін түбі батыңқы шелек танауының үстіне шапшаң қондыра қойды. Күжірейген жонын тамға тигізіп еді...» (3-бет). «Айдар былшиған сары жүзіндегі биіктеу көзінің күлдібадам қарашығын әйелге қырынан түсірді...» (5-бет). «Орсақ тісінің арасынан тастай салмақ көрсетіп...» (10-бет). «Айдар жүзінің жұдырығымен қарады» (12-бет). «Айдар екі қолын артына ұстап талтайып тұрған қалпында көздерін ошақ болған сиыр құсатып жіберді...» (30-бет). «Айдар қыдырған шаңырақ құсап тоқтады» (9-бет). «Айдар сыңар мүйіз сүзеген бұқа сияқты еді» (149-бет)....Осылайша жалғаса береді.

Мен «Тайталас» повесіндегі Жақсылық теріп алып талдаған сөйлемдердің бір бөлімін ғана мысалға келтіріп отырмын. Осындағы жазушының жаңа сөз жасаймын деп зорланып, артық етпек болып, тыртық еткенін көріп отырсыздар. Тәптіштеп талдап отырмасақ та, сауатты оқырман өзі де ұғына жатар.

«Тайталас» пен Ғалым Қанапияұлының «Бұрқасын» романында осындай дәрекі, логикаға сыймайтын сөйлем мен сөз тіркестері секілді натурализмнің әсері жетерлік.

Қытайдағы жаңа дәуір әдебиетіне бет бұрған талантты прозаиктер мұндай ылаңнан арыла бастағанын жоғарыдағы талданған роман, повесть, әңгімелерден байқағандаймыз.

## МОҢҒОЛИЯДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

Қазақ әдебиетінің бөлінбес бөлшегінің бірі – шетелдегі қазақ әдебиеті. Алтайдан Атырауға созылып жатқан ұлан-байтақ даланың иесі болған қазақ халқы өзінің басынан өткен қилы тағдырында қаншама тауқыметті басынан кешірді. Тамыр тарихы әріге кететін осынау сайын даланың сәйгүліктері өз еліне ғасырлар бойы көз алартқан көршілерімен жағаласа жүріп, ХХІ ғасырға табан тіреді. Бүгінге дейін жеткені көп болғанымен, жоғалтқаны да аз емес. Соның ішінде жаныңды ауыртып, жүрегіңді сыздататын орны толмас өкініштің бірі – шетелдегі қазақтар мәселесі. Ұзын саны бес миллионнан асатын қаракөз бауырларымыздың жер бетіндегі бірнеше мемлекеттерде тарыдай шашылып жүргені ақиқат. Алайда, тағдыр тәлкегімен аласапыранда адасып кеткен қандастарымыз сол жақта да өзінше өркен жайып, тамырын тереңге тарата бастады. Алды бірнеше ғасырдан бері өзге халықты мекендейтін ағайындарымыз әлі де өзінің тілі мен дәстүрін, салты мен санасын қаймағын бұзбастан сақтап отыр. Солардың бірі – Моңғолиядағы қазақтар.

ХІХ ғасырдың орта шенінде Өр Алтайдан Моңғол жұртына қоныс аударған қазақ елінің бір бөлігі бүгінгі таңға дейін сол мекенде өмір сүріп келеді. Өздеріне сай мәдениеті мен әдебиеті қалыптасқан бұл аймақта қалам қарымдарымен моңғол оқырмандары зердесінен де өзінің орнын тауып үлгерген қаламгерлер баршылық. Егер Моңғолиядағы қазақ әдебиеті отандық әдебиеттің бір бөлшегі деп санасақ, онда Моңғолиядағы қазақ қаламгерлері де қазақ әдебиеті тарихынан өздерінің лайықты орындарын алуы тиіс.

Кез келген елдің әдебиетін сол елдің тарихынан бөле қарау мүмкін емес. Себебі, әдебиет сол елдің тыныс-тіршілігінің, тұрмысының бірден-бір айғағы. Елдің жайы, сол елдегі саяси ахуал міндетті түрде сол елдің әдебиетіне әсер етпей қоймайды. Бұл тұрғыдан алғанда, Моңғолиядағы қазақ әдебиетін де Моңғолиядағы қазақтар тарихынан бөле қарауға болмайды. Моңғолиядағы қазақ әдебиетіне жалпы шолу жасаған кезімізде біздің ең басты қарастыратын мәселеміз – ондағы қазақтардың моңғол

жеріне қалай қоныстануы туралы болмақ. Әдебиет пен тарихты бір-бірінен ажыратылмас ұғымдар деп қарастыратын болсақ, онда Моңғолия қазақтарының әдебиетінен де сол халықтың тұрмыс-тіршілігінің нақты бейнесін көруге болады.

«Тарихи деректерге жүгінсек, Моңғолияға қазақтар алғаш 1860 жылдары, яғни Ресей мен Қытай империясы қазақ жерін бөлшектеп, алғаш шекара бағанын қадай бастаған тұста, Моңғолияның Маньчжурияның бұғауынан босап жеке шаңырақ құруға ұмтылған кезеңінде қоныс аударған екен. Моңғолия мен Қытай арасындағы шекара 1930 жылдарға дейін ашық болғаны белгілі. Осы уақытта мал жағдайына орай Алтайдың күңгейі мен теріскейіне көшіп-қонып жүрген қазақтың бір бөлігі Моңғол билеушісінен арнайы жер сұрап, Алтайдың арғы бетінде қонақтап қалған делінеді. Батыс Моңғолияны қазақтар 1867 жылдан қоныстана бастаған екен. 1940 жылы сол жердегі қазақтардың басшылығымен және әкімшіліктің қолдауымен ұзын саны 40 мыңға толмайтын қазақтар жеке ұлттық аймақ құрды. 1940 жылы тамыз айында 20 киіз үймен алғашқы құрылтайы болып өтті. Осы құрылтайда Қазақтың ұлттық Баян-Өлгий аймағын құру туралы қаулы қабылданып, оның басшысы ретінде Бежеұлы Қабиды сайлау туралы шешім шығады. Баян-Өлгий аймағы жасақталғанда, 10 аудан (сұмын), 56 ауылдан (бақ) тұрған екен. Бұнда 7063 отбасы, 32 мыңнан астам адам, 9 миллионнан астам малы болған екен.

Бүгінде 73 жылдық тарихы бар Баян-Өлгий аймағы саяси-әкімшілік бағыныштылығы жағынан Моңғолияға тиесілі болғанымен, осы жылдар ішінде ондағы идеология қазақы идеология болды. Қазақтың жырақта тігілген жеке отауындай күй кешті. Алыс шетелде жеке мәдениет ошағын құрған бірден-бір қазақтар ретінде Моңғолия қазақтары өнер мен ғылымның әр саласында ерен еңбек етіп отырды.

Моңғолиядағы аз ғана қазақтың өсіп-өркендеуіне, өзінің дара ұлттық мәдениетін жасақтауына бірден-бір септігін тигізген сол кездегі маркстік-лениндік ұлт саясаты. Сол жылдардағы ұлттардың өзін-өзі басқару идеясы Баян-Өлгей аймағының өз алдына жеке шаңырақ көтеруіне мүмкіндік тудырды. Осы

кезеңнен бастап, Баян-Өлгий аймағына Қазақстаннан арнайы мамандар келіп, әр саланың көркеюіне, дамуына өз үлесін қосты. Әр ауылда жаңадан сауат ашу мектептері ашылып, ұлттық газет-журналдар шыға бастады, ұлттық баспахана салынды, ұлттық музыкалық драма театр ашылып, алғаш 40 адамнан құралған ұлт аспаптар оркестрі құрылды. Осы кезде Қазақстаннан Абай Қасымов, Шәріп Өтепов секілді саяси қайраткерлер келсе, Алдаберген Мырзабеков, Хабиболла Тастанов секілді өнер қайраткерлері қазақ ұлттық театрының шаңырағын тіктеуге атсалысты. Ал, Төлеубай Қордабаев, Тілеуберді Сауранбаев секілді оқу-ағарту саласының мамандары әр ауылда мектеп ашуға кірісті. Тағы бір айта кетерлігі – мектептердегі оқу-ағарту ісі, идеологиялық іс-шаралардың барлығы Қазақстанның бағдарламасымен жүргізіліп отырды. 1990 жылға дейін Қазақстанда жарық көретін мерзімді басылымдардың барлығы Баян-Өлгийге жеткізіліп тұрды. Оқулықтардың барлығы дерлік Қазақстаннан алынатын. Тек қана Моңғолияның жағрапиясы мен тарихын, әдебиетін моңғол тілінен қазақ тіліне аударып шығаратын еді» [1, 5]. Осы мезгілде Моңғолиядағы қазақтар түрлі жетістікке қол жеткізді. Қазақ тілінің қадір-қасиетінің жоғалмауы сол мемлекеттің ұлттарға деген жақсы қарым-қатынасының нәтижесінде болса керек. Бүгінге дейін Баян-Өлгей қазақтары сол мемлекетте үлкен ықпалға ие. Көптеген ғылым және өнер майталмандары, әр сала бойынша Моңғолияға еңбегі сіңген қайраткерлер бар.

Парламент мүшесіне Бай-Өлке қазақтарынан әр жолы үш депутат сайланып отырады. Осындай мол мүмкіншіліктің нәтижесінде сол жердегі қазақ балаларының қазақ елі мен әлемдік мәдениеттен хабардар болуына жол ашылды. Ана тілінде оқып, сауат ашып, ана тілінде білім алғанының нәтижесінде бұл өлкедегі қазақтардың әдебиеті де белгілі дәрежеде дами бастады. Моңғолия қазақтарының әдебиетіндегі желі тартып жатқан басты сарын – отанын аңсау болып табылады. Өзге де тақырыптармен қатар айтылатын бұл идея кез келген шеттегі қақтың өлеңінің басты мәні деуге болады. Поэзия мен прозада, драматургия саласында жемісті еңбек еткен Моңғолиядағы қа-

зақ әдебиетінің оқырманға берері өте мол десек, артық айтқандық емес.

Моңғолиядағы қазақ әдебиетін, оның ішінде, Имашхан Байбатырұлының әдеби мұрасын зерттеуші ғалым Секей Жанбота ондағы қазақ әдебиетінің ертеден тамыр тартып жатқанына тоқталып өтеді:

«Жалпы шетелдегі қазақ әдебиетінің зерттелуінің түп тамыры өте әріден бастау алады. Түркітілдес халықтардың ауыз әдебиетін, тілін, мәдениетін зерттеуші ғалым, фольклортанушы, Қазан университетінің профессоры Н.Ф. Катанов сонау ХІХ ғасырдың өзінде-ақ Ақыт Үлімжіұлының шығармашылығына тоқталады. Бұл жөнінде мынадай айғақтар бар: «Деятель» журналының беттерінен Алтайда және Моңғолияда әйгілі болған, төңкерістен бұрын Қазан қаласында төрт-бес кітабы басылып шыққан Ақыт Үлімжіұлы Қарымсақовтың 1897 жылы шыққан «Тәржіме-и Ақыт уаляди Өлімжі Алтайский» деген кітабы жайында Н. Катановтың мақаласын кездестіреміз (1898 ж. № 8-9, 429-430 бб.). Онда кітаптың 5000 дана болып шыққаны, бастырушы Мұхаммед Нәжиб Әли-Әкбаров екендігі туралы айтылады. Бұл Ақыт ақынның «Жиһан шаһ Тамуз шаһұғлы» атты белгілі хиссасы, ол 1902 жылы қайта басылған» [2, 24].

«Құйындай құбылмалы күндерде жат жұрттық болып кеткен қазақтардың тарихы, әдебиеті туралы үндемей келдік. Олардың тағдыр – тарихын рухани дүниесін білуге ырық беріп, ыңғай танытпадық. Сөйтіп, сырттағы қазақ диаспорасының әдебиеті ақтандақтар қатарында қалып келді» [3, 145] – дейді профессор З. Сейітжанов. Шынында да, шетелдегі қазақ диаспорасының әдебиетін жан-жақты толыққанды зерттемейінше, рухани құндылықтарымыздың ілгері – кейінгі тарихын тұтас тану мүмкін емес [4, 5].

Шетелдегі қазақ әдебиетін зерттеу, бағыт-бағдарын айқындау бүгінгі таңда қазақ әдебиеттану ғылымының алдында тұрған өзекті мәселелердің біріне айналды. Бұл мәселені шешудің басты жолы – қазақ диаспорасында өсіп-өнген қазақ әдебиетінің тууы мен дамуын зерттеуге келіп тірелетіні даусыз. Әсіресе, Қытайдың Шыңжан өлкесі мен Моңғолияның Баян-Өл-



гий аймағындағы қазақтар салт-сана, әдет-ғұрпын ғана сақтап қалған жоқ, сонымен бірге, өзіндік мәдениетін де қалыптастырды.

Моңғолия қазақтары да Азия көшпенділеріне тән әдеби, мәдени даму тарихын бастан өткерген халық. Мұндағы қазақ әдебиетінің де өзіндік үні, өзіндік қолтаңбасы бар. Тарихының өткеніне айна, келешегіне құбыланама болып қалыптасу үстінде.

Шеттегі қазақтардың әдеби мұраларын ұлттық әдебиет тарихынан бөле қарауға болмайды. Сондықтан олардың таңдаулы үлгілерін жинау, жариялау, зерттеу, оқыту кезегі келген келелі істердің бірі деп қарауымыз керек. Осы өлкелік әдебиеттің қалай қалыптасып дамығандығын зерделеу бүгінгі таңда әдебиеттану ғылымының аса зәру тақырыптарының біріне айналды.

Шетелде дамыған қазақ әдебиеті мен атажұрттағы әдебиеттің арасында үлкен айырмашылық бар екендігі сөзсіз. Қазақстандағы қазақ әдебиеті – орыс әдебиетінің, орыс тілі арқылы бүкіл әлем әдебиеті озық үлгілерінің ықпал дәстүрін бойына сіңіре отырып дамыған әдебиет. Есесіне, шетелдегі қаламгерлерде қаймағы бұзылмаған қазақтың бай тілі бар. Осы тұрғыдан алып қарағанда, Баян Өлгий ақындары мен атажұрттағы ақындардың көркемдік жетістіктерін салыстыру, тілдік ерекшеліктерін айқындау тақырыптың өзектілігін таныта түседі.

Қазіргі таңда әлемнің қырықтан астам елінде бес миллионнан астам қазақ өмір сүріп жатыр. Бұл шетелдегі қазақ әдебиеті мәселелері алдағы уақытта да сан-салалы зерттеулерді қажет ететін өзекті тақырып екендігін айғақтайды.

Моңғолиядағы Баян Өлгий аймағына қазақтар осыдан жүз елу жылдай бұрын көшіп барған. Тарихи деректер бойынша қазақтың бір тобы Алтайдың Қобда бетіне келіп, мұңғыл жерін мекен ете бастаған тұсы – 1860 жылдар [5, 42]. Орналасқан жерінің жағдайына байланысты оларға Батыстың да, Шығыстың да әсері аз болды.

Жеке аймақ болып өмір кешкен қазақтар әдет-ғұрпы, салт-санасы, тілі мен дінін сақтай отырып, өздерінің рухани мұраларын дамытты. Халық әдебиеті негізінде біртіндеп жазба әде-

биет туып, дамыды. Бай-өлке қазақтардың шын мәніндегі қаймағы бұзылмаған ұлттық ортасы ретінде сақталды [6, 36].

Моңғолияда тұратын қазақтардың алғаш көшіп барғаны жайлы, олардың ол жерде қалай өмір кешіп қоныстанғаны жайлы және ондағы әдебиет жайлы зерттеу неден басталғаны жөн деген сауалдарға келсек, біз алғаш осы мәселеге қалам тартқан зерттеуші ғалым Қабидаш Қалиасқарұлының еңбектеріне сүйенеміз. Алайда, ол еңбек ертеректе жарық көргендіктен, көп еңбектерге ортақ сарынмен, яғни, көбіне-көп Отанды мадақтап, партия шеңберінен аса алмай, соның ауқымында зерттейді. Ғалымның ұсынған тұжырымдары төмендегідей:

«Моңғолияда тұратын қазақтар жергілікті халықпен етене араласып кеткендіктен, олардың достығының тамыры өте тереңде жатқанын айтқанымыз жөн. Сонау ата бабаларымыздың дәуірінен басталып, МХРП арқасында бүгінгі жаңа тұрпатты интернационалдық достық дәрежесіне көтеріліп отыр. Сол үшін де осы бір болаттай бекем достықтың басын әріден, сонау бағзы замандардан, сол заманның шежіре айнасы ауыз әдебиетінен бастап іздейміз.

Моңғол Халық Республикасының батысындағы бүгінгі бай да бағаналы өлке Баян-Өлгий мен Ховд аймағында кең байтақ Моңғолстанда мекен еткен қазақ жұрты Моңғолияда Халық Революциясы жеңгенге дейін тарихтың ең ауыр да азалы көшін кешіп өтті. Бүгінгі бақытты ұрпақтың кешегі әкелері, ата-бабалары қазіргі Қазақ Советтік Социалистік Республикасының территориясынан, дәлірегі Сыр бойынан ауғандар.

Бұл ауудың өзіне тән тарихи мәні болды. XIII ғасырдың басында ұланбайтақ қазақ жерінде біртұтас нығайып, халық басын біріктірген күшті мемлекет болмады. Оның орнында тақпен дәулет, мал мен мансап үшін күніне қырық пышақ болып қырқысқан ұсақ хандықтар мен бөліктерге бөлшектенген әлеуметтік-экономикалық қуатсыз, бытыраңқы ордалар, ұлыстар мекен етті. Ата мекеннен ауа көшкен бұл тайпалардың алды XIII ғасырдан бастап біртіндеп, осы күнгі Моңғолия жеріне дейін көшіп-қона бастады. Талай ғасырға созылған осы процесс XIX ғ. 60-70 жылдарында аяқталды.

Моңғол халқының өздеріндей қонақжай, жомарт екеніне көзі жеткен соң олар біржолата қоныстанып қалды. Сөйтіп, екі халықтың туысқандығы, ара байланысы, достық қарым-қатынасы бұрынғыдан да күшейе түсті. Ал, шын мәнінде жер жақындығы, қоныс көршілігі қазақ-моңғол жұртын бұдан бұрын-ақ араластырғаны тарихтан мәлім. Олар бұрыннан-ақ, қыз алысып, қыз берісуі арқылы араларындағы достық-туыстық қатынасты нығайтып отырды. Бұл туралы көне заманның тарихшы түркологы Рашид-әд-дин «Олар (керейлер – Қ. Қ) моңғолдармен көрші ретінде ұзақ уақыт достықта тұрды. Олар тіпті өзара қыз алысатын» деп жазады.

Халық тарихындағы бұл дәстүрлі достық өз дәуірінің мәдени жетістігінің әр саласында соның ішінде өзінің жарқын сәулелерін айқын қалдырып отырды.

Халықтар бірлігі, өзара татулығы, әсіресе, көрші халықтар тіршілігі үшін аса маңызды екенін қай халық та жақсы түсініп отырды.

Сол үшін де олар татулық, бірлікті бекем сақтауға қатты тырысты. Оны өз творчествосында үнемі дәріптеп отырды. Бұл, әсіресе, ауыз әдебиетінде айқын көрінеді. Мәселен, қазақ халқының аса көркем де көлемді (6500 жол) ерлік жыры «Қобыланды батырда» қалмақтардан халқын азат еткен батыр Қобыланды қалмақ ханы Көбіктінің (Хөвөгт) қызы Қарлығаға (Хорлоо) үйленеді. Қыз алысуды халықтар арасындағы татулық пен туысқандықтың басты кепілі деп түсінген халық өзара өштік, дұшпандық, соғыс әкелуші ханды Қобыландыға өлтіртеді. Өстіп екі ел татулығын орнатады. Қобыланды Көбіктіні өлтірсе де, халқына тиіспейді, тонамайды. Өз елін азат етіп алады да, мекеніне қайтады.

Ауыз әдебиетінің халық достығын паш еткен үлгілері мол дедік. Біз соның ішінен Моңғолия қазақтарының ауыз әдебиетінде қадір тұтып, көп жырлайтын «Арқалық батыр» жырына ғана тоқталайық.

Өрісте малы, қоныста жаны араласқан ағайынды екі халықтың XIX ғасырдың II жартысындағы тұрмысы бұл жырда өте тамаша жырланған. Екі халық арасындағы таптық көзқарас

пен күрес бірлігі ерекше суреттелген. Сонысы үшін де жыр өте құнды. Мұндай қасиет қазақ ауыз әдебиетіндегі жүздеген ерлік жырларында бұрын-соңды кездеспеген соны құбылыс. Оларда қалмақ, моңғолдар негізінен тек басқыншы ретінде сипатталды («Ер Тарғын», «Қыз Жібек» т.б).

«Арқалық жыры» қазақ халқының, оның ішінде, он екі ата керей аталатын халықтың тұрмысын жырлайды. Үстем тапқа, қанаушыларға деген ыза-кегін сөз етеді. Халқымыз жырды сол үшін де мейлінше сүйіп жырлайды. Жырды жатқа білетіндер өте көп кездеседі [7, 13-15].

Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады. Екі халықтың етене араласуы нәтижесінде олардың тарих, шаруашылық, тұрмыс, әдет-ғұрпында, тіл, кәсіп, өнерінде өте көп ұқсастық пайда болды. Мұның өзі ауыз әдебиетінің кей үлгілерінің екі халыққа да ортақ болып келетінінен де айқын байқауға болады. Мәселен, қазақтың «Қалтақ шал», «Ақ қайшы» ертегілері мен моңғолдың «Қарт пен жолбарыс», «Ақылды келін» ертегілері оқиғасы бір-бірінен айна-қатесіз аумайды. Мұндай ұқсастықтар туралы ұлы ғалым, академик М. Әуезов «Қазақ ертегілерін көп заманғы көршілік қатынас орыс халқының ертегілерімен де, моңғол ертегілерімен де ұқсастыққа әкелгенін» ерекше атап көрсетеді [8, 12].

Бұл араласу халқымыз тарихында аса зор прогресс болғанын бүгінгі бақытты да бай өміріміз әлемге әйгілеп беріп отыр. Бұл тұрғыда «МХР Баян-Өлгий қазақ халқы тарихы» деген кітабында тарих зерттеушілері А. Мініс, А. Сарайлар: «Қазақ халқының Алтайдан Қобда бетіне келіп, Моңғолияға бірігуі қазақ халқы тарихында прогрессивтік оқиға болды, қазақ халқы Моңғолияға бірігуі нәтижесінде 1921 жылғы Халық Революциясын жеңдіру ісіне құлшына кірісіп, өзінің бостандығына ие болып, тәуелсіз елдің азат азаматы ретіне еркін өмір сүрді. Халық Революциясы арқасында сан ғасырлық мешеулік пен надандықтан айығып, дамысты да мәдениетті халықтар қатарына қосылып, даму мүмкіндігін алды» [9, 17-18].

Қазір Моңғолияда 130 мыңнан астам қазақтар әлі де өмір сүруде. Оның 90%-ы Баян-Өлгий атты қазақ аймағында ұлт-

тық топ болып тұрып жатыр. Ауыз әдебиетінің бүкіл жанрының үлгілеріне жүйелі жинақтау жүргізу, талдап, зерттеу жұмысы 63-жылдардан бастап Қ. Қалиасқарұлының қолға алуымен жүргізіліп, «Баян-Өлгей қазақтарының ауыз әдебиеті туралы», «Халық жырлары», «Халық ақындары», «Моңғолия қазақтарының фольклоры», «Айтыстың қыры мен қызметі», «Моңғолия қазақтарының әдебиеті» атты ғылыми зерттеу, түйіндеу еңбектері шығып, орта мектеп оқулықтарына енді және халыққа «Халық жырлары», «Замана жыршылары» сияқты әдеби мұра жинақтары «Моңғолиядағы қазақ әдебиеті» атты жиынтық еңбектерінің I, II, III томдарына осы еңбектен таңдап, топтап енгізіліп ұсынылды. Сөйтіп, Моңғолиядағы қазақ ауыз әдебиетін тану ғылымы пайда болып қалыптасты, ел игілігіне айналды.

Ауыз әдебиеті – халық мұрасы, халық қазынасы, өмір тарихының әдеби көрінісі. Өйткені, халқымыздың ғасырлар бойы жасаған әдеби мұрасында оның бүкіл өмір жолы, тарихы, психологиясы, мұң-мүддесі, танымы жатыр.

Ауыз әдебиетінің бүкіл жанрының үлгілеріне жүйелі жинау жүргізу, талдау, зерттеу жұмысы 1963-жылдардан бастап Қабидаш Қалиасқарұлының қолға алуымен жүргізілді. Ұзақ жылғы зерттеу нәтижесінде:

а) Моңғолиядағы қазақ халқының ғасырлар бойы дамыған өзіндік ұлттық мәдениеті бар халық екендігі.

ә) Ол мәдениеттің басты бір саласы жақсы дамыған ауыз әдебиеті екендігі.

б) Бұл халық өнерінің, әлемдегі барша қазақтың қара шаңырағы, ұйтқысы қазақстандық негізгі қазақ халқының ауыз әдебиетімен тарихи тамырластығы. Сондықтан халқымыздың ауыз әдебиеті қазақстандық қазақ халқы ауыз әдебиетіне тән бүкіл озық қасиеттерді бойына сіңірген соның заңды бір бөлшегі, әрі өзіндік өзгешеліктері де бар әдебиет екендігі.

Бұл сана салыстырмалы айқындаулар арқылы кітапшаның тағы бір маңызды міндеті ретінде бүкіл жанр түрлерін профессор Қ. Қалиасқарұлының еңбегін негізге алып, нақты мысалдармен дәлелдеу арқылы жан-жақты зерттеліп, түйінделді. Бұл

еңбектерде қазақ халқына тән ауыз әдебиетінің бүкіл жанр түрі Моңғолия қазақтарында да болғаны және бүгінгі ұрпаққа дейін жеткендігі кей айтыс, жыр түрінің әлі де дамып отырғаны нақты мысалдармен көрсетіледі. Мәселен: «Тұрмыс-салт жырлары», Шешендік сөздер, ертегілер, аңыз-әңгімелер, ерлік жырлары, айтыстар және батырлық жырлары [10, 39-40].

Жазба әдебиеті кенже дамыған елде ауыз әдебиеті ұзақ өмір сүріп кемелденген көп жанрлы, мол қазыналы өнер саласына айналды. Ол ауызша шығарылып, халық жадында сақталып, бізге жетті. «Жазуы жоқ елде сақталудың мұнан басқа жолы да болмайды» - дейді ауыз әдебиеті жазба әдебиеттен бұрын туғандықтан жазба әдебиетінің даму, өсу жолының негізгі қоры, тірегі осы ауыз әдебиеті екенін көрсете келіп Қ. Жұмалиев. «Ауыз әдебиетінен тыс жеке өскен жазба әдебиетті тарих білмейді» деп түйеді.

Еліміздің жазба әдебиеті халық революциясы жеңген соң барып дамығаны мәлім. Ендеше, Б. Ақтанға дейінгі ақындарымыздың көпшілігі ауыз әдебиетінің өкілі болды.

Яғни, олар шығармаларын кез келген жерде, кез келген жағдайға байланысты ауызша шығарып, оны басқа жұрт, кейде ақынның өзі жатқа қайталап, көпке өз атынан таратып отырды. Бұл құбылыс елімізде ХІХ ғасырдың ортасынан басталды да тарихи әдебиетіміздің басты өкілін осы кездегі әдебиеттен іздейміз. Тарихи әдебиеттің туу, даму арнасы, өмірді тану, көзқарасы жағынан да, оны суреттеу, бейнелеу жағынан да ауыз әдебиеті болды. Бұл ауыз әдебиеті мен тарихи әдебиеттің байланысы.

Ауыз әдебиетінің жоғарыда аталған қай түрін алсақ та, оны кімнің шығарғанын білу мүмкін емес. Сондықтан ол бүкіл халықтық шығарма авторы халық деп танылады. Ол мұралар ХІХ ғасырдың ортасына дейін осылай болып келді де, одан кейінгі ауыз әдебиеті үлгілерінің шығарушылары біртіндеп белгілі бола бастады. Өз туындысы, өз атымен бүкіл елімізге мәлім болған алғашқы ақын Тауданбек Қабанұлы болды.

Осы ретте қазақ халқының поэзия жанрының қалыптасуы мен дамуына және «өлең деген не?» деген ұғымға ғалымдардың ойларын білдіре кеткен жөн сияқты.

Қай заманда да қазақ халқы ақындар мен батырлардан кенде болмаған. «Аспандағы аққуға ән қосқан» қазақ елінде «түйе мінгеннің төрт ауыз, атқа мінгеннің алты ауыз» өлеңі болған деп есептелген. Бұл жайында ертедегі бір аңызда былай деп айтылады. «Жер бетін шарлай ұшып келе жатқан ән кейде жер бауырлай ұшып, кейде аспандап, қалықтап ұшыпты. Қазақ елінің үстінен ән жер бауырлай ұшқандықтан, қазақ балалары шетінен өлеңші, әнші болған екен-мыс». Арғы бабаларымыздың асқақ рухты, көш жерге жететін дауыстарын, жан-жүйенді толқытып, буын-буынына тарайтын сырлы да сазды, адуын да асқақ жырларын есептемегеннің өзінде күні кеше ғана белгілі ғалым Радловтың «Маған бүкіл қазақ даласы ән салып тұрғандай көрінеді» деуі бекер емес-ті. Сондықтан кез келген қара домалағы домбырасын қолынан тастамайтын, сал ақыны мен сері жігітке кенде емес қазақ халқына ән өнері, өлең өнері табиғатынан етене жақын, егіз сыңары іспетті. Иә, арғы бабаларын айтпағанның өзінде, қазақ поэзиясы, қазақ өлеңі өзінің көне түркіден шеру тартқан қасиеті мен құндылығын жоғалтпаған қалпында бүгінгі таңға келіп жетті. ХХІ ғасырдағы қазақ поэзиясы өзінің ең шырқау биігіне, кемеліне жетті деп толыққанды айта аламыз.

Өнердің көп салаларының ішіндегі ең бір қадірлісі әрі қасиеттісі – көркем әдебиет. Оның өнердің өзге түрлерімен әлгідей бірлігі бола тұра, өзгешелігі де мол. Сөз өнері сурет пен музыка секілді жалпыға бірдей жетімді деу қиын: сөз – бояу немесе дыбыс емес, барлық халыққа бірдей түсінікті бола алмайды. Әр ұлттың өзгеден ерекше өз тілі бар; әдеби шығарма сол тілде ғана туады. Бұл – көркем әдебиеттің халықаралық өрісіне біраз бөгеу, тұсау екені рас. Бірақ, мұның есесіне, әдебиеттің тілі музыка тілінен гөрі нақты, театр тілінен гөрі нақты: симфонияны тыңдаушының бәрі нақты түсіне бермейді, театр сахнасында бүгін кеште жүріп жатқан спектакльдің ертеңгі ұрпаққа мұра болып қалғандай қолға ұстар затты дерегі бола бермейді, ал,

әдебиетте екеуі де – нақтылық та, заттылық та – бар. Бейне-леу, сәулет, мүсін өнерлері затты, нақты болғанымен, жансыз, қимылсыз, ал әдебиет кез келген шындықты қимыл, қозғалыс үстінде құбылта, құлпырта көрсете алады. Дәл осы тұрғыдан алғанда, сөз өнерін – бар өнердің басы, «өнер атаулының ең қиыны және күрделісі» (Бальзак), «ең жоғарғы түрі» (Белинский) десек, асырып айтқан болмаймыз. Қазақ халқының «өнер алды – қызыл тіл» деген білгір тұжырымы да тегіннен тегін тұмаған-ды [11, 253-254].

Поэзия шекараны таңдамайды. Осы сөздің баяндығы мен өміршендігін қазақ поэзиясы күні бүгінге дейін дәлелдеп берді. Жер шарының түкпір-түкпіріне тарыдай шашылған қазақ сөз өнеріне адал екендігін, ата-бабадан мұра болып келген қара өлеңді өшірмей, одан әрі дамытып келе жатыр. Бұл да болса, ұлтымыздың өз бейнесін жоғалтпағандығының, өз тілін құрмет тұтқандығының, һәм тамырында ағып жатқан қандағы қасиетін сақтап қалғандығының айғағы.

Қазақ тұрақ еткен шет жердегі қара өлең өзінше дамып, ұлт әдебиетінің шарықтауына өзінің септігін тигізіп жатыр. Баян-Өлгий қазақтарының поэзиясы да қазақ әдебиеті атты алып бәйтеректің қуатты бұтағы іспеттес. Дәстүрлі жырау ақындарынан бастап, лирик ақынға дейінгі, отаншыл ақындарынан интеллектуалдық поэзиясына дейінгі Моңғолиядағы қазақ шайырлары Алаш әдебиетінің кемелденуіне, күллі түркі тілдес халықтарының сөз қазынасының молаюына сүбелі үлес қосуда [12, 3-4].

Тарих пен әдебиет – ежелден-ақ, қатар тұрған егіз ұғым. Көне замандардан бері әдебиет өзінің материалдарын тарихтан алып, оны көркем суретке айналдырып, өсіп, жетіліп келеді. Әдебиет өзінің негізгі зерттейтін объектісі – адамды, белгілі дәуірде, тарихи ортада алып суреттеу арқылы сол кезеңнің шындығын да, бейнесін де ашады. Адам тағдыры арқылы тарихи ой-сананың қалыптасуын көрсетіп, оқырманға өмір танытады, оны тәрбиелейді, адамершілікке баулиды, тарихтың біз үшін қажет эстетикалық сабағы да осында.



Қазақ әдебиетінің тарихи өткен жолының елеулі бір ерекшелігі – оның қазақ халқының ғасырлар бойғы басынан кешкен күйлерін көркемдікпен бейнелеп, жазу мәдениеті жеткіліксіз дамыған елде тарихи оқиғалардың легін әдебиет бетінде сақтап қалуында. Шоқан Уәлихановтың «Бұл халықтың ертеден өзіне тән тұрмысында есте қалдырмаған бірде-бір маңызды оқиғасы, бірде-бір тамаша адамы жоқ деуге болады. Олардың бірін суырыпсалма ақындар не жыршылар жыр етсе, екінші біреулерінің атын кейінгі ұрпақ естерінде ұмытылмастай етіп белгілі бір сыбызғышы не қобызшы музыканттар қалдырып кеткен», – деген сөзі тарихи шындық.

Жалпы, көшпенділер тәрізді, қазақтар да сөз өнеріне, ақындық тілге ерекше мән берген. Қазақ әдебиеті үлгілерімен алғаш танысқан сырт ел адамдарының қай-қайсысы да оған таңырқап қарамай өте алмаған. Олар халықтың ақындығын, суырып салып айту өнерін, шешендігін, көркем ой мазмұндылығын ылғи жоғары бағалаған. Мұндай пікірлерді В.В. Радловтан да, А. Алекторовтан да, А. Янушкевичтен де, Г. Потанин мен Д.А. Клеменцтен де табамыз, «Қазақтар нақышты сөйлеуді бар өнердің алды деп біледі, сондықтан да олардың поэзиясы дамуының жоғары сатысына жеткен», – дейді В.В. Радлов» [13, 21-22].

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап Моңғолияға қоныстана бастаған қазақтар арасынан ел көзіне түскен алғашқы ақындар – Тауданбек Қабаұлы (1830-1908), Алтай қазақтарының ұлы ойшылы, кемеңгер, ақын Ақыт қажы Үлімжіұлы (1867-1938) сынды тарлан таланттар қазақ тарихындағы аса күрделі дәуір XIX ғасырдың бастапқы жылдарында өмір сүрді.

Тауданбек ақын болуды көздемеген:

Бақ қайтқанда адамнан бейіл кетед,

Бейіл кетіп, артынан безілдетед.

Еріншек пен жалқаулық жиылып ап,

Сол адамның дәулетін кейіндетед, -

деп, ақын жалқаулық пен еріншектікті қатал сынаиды, жастарды қатал еңбекке шақырады. «Жалқау болсаң, кедей боласың.

Ниетің, пиғылың дұрыс болсын, қандай жұмысты болсын ықыласпен істе» деп үйретеді.

Моңғолияда тұратын қазақтар арасына Тауданбектен кейін танылған адуынды ақындар аз емес. Атап айтсақ, олар: Төлебай Бөжекұлы, сонымен қатар айтыс ақындары, Оңашыбай Ірбітұлы, Сәли Баяндыұлы т.б. ақындарды айтуға болады.

Ауыз әдебиетін осылай саралай келе, әдебиеттің кейінгі жылдардағы даму жолына көз жіберсек, Алтайдың арғы бетіндегі қалың қазақтың ұлт мәдениетіне қосар үлесі мен алатын салмағы ерен екенін көреміз.

Моңғолиядағы қазақ жазба әдебиеті ХІХ ғасырдан бастау алады. Поэзия мен прозадағы туындылары, драматургия саласында жемісті еңбектер жасалып, өлкелік қазақ әдебиеті моңғол тіліне, моңғол әдебиетінің дені қазақ тіліне тәржімаланып отырды. Моңғолиядағы қазақ әдебиеті қазақ ауыз әдебиетінен бастау ала отырып, ұлт сөз өнерінің бір тармағы ретінде дамыды. Өлкедегі қазақтардың жиналған ауыз әдебиеті үлгілері 5 томдық кітап ретінде басылып шықты. Ол Моңғолиядағы қазақтардың әлеуметтік – саяси өміріне бетбұрыс әкелді, әдебиеті мен мәдениетінің өркендеуіне ықпалы зор болды. Моңғолиядағы қазақ әдебиетінің даму кезеңін екіге бөліп қарастыруға болады:

1. 1940-1970 жылдар – жаңа әдебиеттің қалыптасу кезеңі.
2. 1970 жылдан қазірге дейінгі даму кезеңі.

1942 жылы 3 қыркүйекте «жаңа әліпбиді қолдану туралы» қаулы қабылданып, латын әліпбиінің орнына кирилл әліпбиі қолданысқа енгізілді, ана тілінде алғаш рет «Өркендеу» газеті (қазіргі «Жаңа өмір») жарыққа шықты. Моңғолия жазушылар одағының 1948 жылы өткен құрылтайында (съездіне) А. Бабиұлы, Қ. Мұқамедқалиұлы бастаған қазақ қаламгерлеріне арналған үйірме ашылып, 1957 жылдан 3 ай сайын жарық көретін «Жаңа - талап» альманағы (қазіргі «Шұғыла») шыға бастады. Моңғолиядағы қазақ әдебиетін өркендетуге үлкен әсерін тигізіп отырған осы қос баспасөздің ұлттың тарихы мен әдебиетіне қосқан үлесі үлкен. «Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі» деген Ахмет Байтұрсынұлының пікірін ескерсек, Баян-

Өлгейдегі қазақ журналы «Шұғыла» мен «Жаңа дәуір» газетінің атқарған қызметі ХХ ғасырдың басындағы «Қазақ» газеті мен «Айқап» журналының қызметімен пара-пар келеді деуге лайық. Әсіресе, Баян-Өлгейдегі қазақтардың танымдық, мәдени, әдеби құралы болған «Шұғыла» журналы ұлт тарихының өмірінен елеулі орын алады. Қазақ баласының қазақ елі мен әлем жаңалықтарынан хабардар болатын тағы бір жаңалық көзі – Моңғолиядағы қазақ радиосы. Күн сайын бір сағат беріліп тұратын қазақ радиосында елдің күнделікті тыныс-тіршілігі, әлеуметтік-саяси оқиғалар жайлы, әдеби-танымдық хабарлар жиі беріліп отырады. 1968 жылы 28 желтоқсанда Моңғол халық Республикасы жазушылар одағының қазақ бөлімшесі ресми түрде құрылды. Мұның бәрі ұлттық мәдениеттің жаңғыруына, әсіресе, жаңа әдебиеттің қалыптасуына игі әсерін тигізді.

Моңғолиядағы қазақ әдебиетінің негізін салушылардың бірі Ақтан Бабиұлы жасынан айтыскер ретінде танылып, «Кедей күні», «Сары мешелге», «Қарау байға», «Жөргем салға», «Халел мен Мәлік молдаға» атты уытты өлеңдерімен өз заманындағы мешеулікті сын тезіне алды. Ақынның Ұмсындық, Ғазиза, Ақбала ақындармен айтыстарын сол тұстағы қазақ өмірінің айнасы деуге болады. Құрманхан Мұхамедиұлы (1923-1964) әдебиеттегі жолын өлең жазумен бастады. Оның «Құттықтау», «Қыс», «Қазақстандық достарға», «Тау қойнындағы жеке дара» секілді өлеңдері сезімнің шынайы суреттелуімен ерекшеленеді. Ақын Арғынбай Жұмажанұлы «Тақпақтар» (1949), «Ертіс жырлары» (1972), «Мықтыкөл» (1979) жинақтарымен танылды. Даниал Дікейұлының «Жетілген жетім», «Тақ алдында», «Солдат сөзі», «Алтай аясында» атты поэмалары, Имашхан Байбатырұлының «Телқоңыр», «Аққу әні», Шабдарбай Қотшанұлының «Көрімдік», «Шығыстағы алау», «Майлы жер», Дайын Қалаубайұлының «Жас дәурен», «Гүлсім» секілді жинақтары поэзияның даму жолындағы айтулы туындылары болды. Әдебиеттің аға буыны Ж. Байыт, И. Жәбенұлы, Қ. Кәп, М. Егеухан, А. Қауия мен орта буын өкілдері Ж. Кәкей, Ш. Зуқай, Р. Шынай, У. Кеңес, Қ. Тойлыбай, Қ. Бодаухан, Солдатхан, Ж. Қуанған, Б. Мұрат, Ә. Дәу-

летхан секілді өлең өнерінің биік үлгіде дамуына үлес қосты [14, 32].

Моңғолиядағы қазақ әдебиетінің кеңес кезіндегі дамуын зерттеген ғалым З. Сейітжанов. Ғалым сол кезеңдегі Моңғолия қазақтарының әдебиет өкілдерінің көбінің шығармашылығына арнайы тоқталып өтеді: «XX ғасырдың елуінші жылдары Баян Өлгей қазақтарының өмірінде үлкен өзгерістер бола бастады. Қазақстаннан мамандар келіп, оқу-ағарту ісі жолға қойылды. Мектептер саны көбейді. Бұл халықтың сана-сезімінің оянуына әер етті. 1955 жылы аймақтық жазушылар үйірмесі құрылып, 1957 жылы «Жаңа талап» (қазіргі «Шұғыла») атты әдеби альманах жарық көреді. Оның бетінде ақын-жазушылардың шығармалары үзбей жарияланып, олардың елге танылуына мүмкіндік туады. Аймақ әдебиеті 1960 жылдан бастап дамудың екінші белесіне көтеріледі. Ел көлемінде жүргізілген бірлестіктендіру (ұжымға бірігу) аяқталып, біртұтас социалистік шаруалар құрылады. Ел ауқымындағы мұндай өзгерістер әдебиеттен де көрініс табады. Ұланбатор қаласында аймақ әдебиеті мен өнерінің он күндігі өтеді. Рухани-мәдени жетістіктер Моңғолия жұртшылығынан үлкен қолдау табады.

Өнері бар адамдар клуб, газет-журнал төңірегіне топтасады. 1955 жылы құрылған әдеби үйірме 1969 жылы МХР жазушылар одағының қазақ бөлімшесі болып қайта құрылады. Көптеген жастар Қазақстанға оқуға жіберіледі. 1960 жылдарда Қазақстан баспаларынан шыққан әдеби-көркем шығармалар халықаралық кітап саудасы арқылы Баян Өлгейге тоқтаусыз келіп тұрады. Осылардың бәрі мәдениет пен әдебиеттің дамуына үлкен әсер етеді.

Осы тұста әдебиетке бір шоғыр жаңа есімдер келіп қосылды. Олар – М. Құлыбекұлы, Ш. Нығышұлы, М. Сұлтанияұлы, И. Жәбенұлы, Е. Мұхамәдиұлы, А. Жұмажанұлы, Қ. Қалиасқарұлы, Ш. Қатшанұлы, И. Байбатырұлы, Д. Қалаубайұлы, А. Алақанұлы т.б. ал, кейінірек бұлардың қатарын Ш. Рахметұлы, З. Шәріпханұлы, Е. Мұхамәдиұлы, Я. Лиясұлы, К. Жаңжұңұлы, К. Құмарұлы, Қ. Сартқожаұлы, Қ. Жұмаханұлы, С. Орайханұлы, Р. Зұрғанбайұлы, С. Жүнісханұлы, Б. Бәмішұлы, Қ. Бақтыбайұ-

лы, Б. Қабанұлы, Қ. Қабылқақұлы, Ш. Шотпаұлы, Ж. Шәпенұлы және т.б.

1950-1980 жылдары қаламгерлер қатары көбейіп қоймай, әдебиеттің барлық жанры уақыт талабына сай дамиды. Прозаның шағын жанры – әңгіме елуінші жылдардан бастап, бой көрсетсе, кейінірек (1970-1980 жылдары) жүзден астам әңгіме, повесть, ондаған роман жарық көреді. Поэзия жетекші жанр ретінде қоғамдық жаңарулардың шежіресіне айналды. Бірақ, әдебиет еркін дамудан гөрі партиялық нұсқауға көбірек сүйенеді. Сондықтан қаламгерлер партия мен оның көсемі Ленинді әртүрлі көркемдік тәсіл мен әр қырынан суреттеуге ұмтылады. Ақын-жазушылар партияны социалистік өмірдің жасампаз күші деп таниды. Бұл дәуір шындығын профессор Қ. Қалиасқарұлы «Әдебиетіміз 40-жылдарда «жаңа мизамға белсен араласайық!», «60-жылдарда «социализмді жеңдірейік» деп ұрандаса, ал, 70-жылдары «коммунизмді барша халық бірге құрайық!» деген жалпылық коммунистік жалаң ұранның басымдылығынан айрылмады. Сөйте тұра, ой-өрісі өскен қаламгерлер ендігі жерде қуатты, мәдениеті озық, халықтық, ұлттық санасы биік ел, халық болдырсақ деген сананы ұстана бастады» [15, 48-49], - деп, орынды көрсеткен.

Әдебиеттің алдындағы негізгі міндеттердің бірі социалистік еңбекті насихаттап, еңбек адамының образын жасау болады. «Кеше ғана бар-жоқты күн кешкен» жарлылар еңбегінің арқасында халықтың қалаулысына айналады. Мәртебесі биіктеп, бақытқа қолдары жетеді. Еңбекті абырой-атаққа жетудің кепілі деп ұғып, жаңа көзқарас қалыптасады. Сондықтан ақын-жазушылар адал еңбекті үлгі етіп, аянбай тер төгуге үндейді. Ұжымға біріккен шаруашылықты дәріптеп, озат малшылар мен егіншілердің бейнесін жасайды. Олардың қажырлы еңбектерін көпке үлгі етеді.

Ел мен жерді жырлау да Моңғолиядағы қазақ әдебиетінде жетекші сарынның бірі болған. Ақындардың қай-қайсысы болса да, туған жерге деген сүйіспеншіліктерін өлең өрнегіне түсіріп, шынайы сезіммен бейнелеуді мақсат етеді. Отан, туған жер туралы тапқыр да тәлімді ой түюге ұмтылады. Ақындардың

Отан, туған жер тақырыбына арналған өлеңдерінің бір саласы – табиғат туралы толғаныстар. Оларда туған жер табиғатының сан алуан бояуға толы көріністері тартымды бейнеленеді. Ақындардың кейбірі табиғат – пейзажды еңбекпен, ауыл өмірімен астастыра суреттесе, кейбіреулері табиғат құбылысы арқылы сыр-сезімдерімен бөліседі. Лирикамен бірге сатира жанры да дамиды. Ақтан, Даниал, Имашхан, Кәкейлер осы жанрда үзбей қалам тартқан. Олар жамандыққа қарсы сын-сықақты қару-құрал етіп, озбырлық, парақорлық, әділетсіздікпен бітиспес күре ашады, адамгершілікті жақтайды.

Осы дәуірде Моңғолиядағы қазақ әдебиетінде бірнеше үлкен таланттар өсіп шықты. Солардың бірі – Ақтан Бабиұлы. Ол аймақтық ұлт әдебиетінің ірі өкілі. Ақтан бұл кезеңде әр түрлі тақырыпта көптеген лирикалық өлеңдер жазған. Оның таңдамалы өлеңдері 1975 жылы «Шығармалары» деген атпен жарық көрді. Мұнан кейін «Бүркіт» (1959), «Жасыл шық» (1960), «Досымбек-Балқия» (1964), «Шығармалары» (1968), «Өмір өткелдері» (1972), «Таңдамалы шығармалары» (1978), «Ақтан Бабиұлы» (1987) жинақтары шықты. Ауыл, ел өмірінде болып жатқан төңкерістік жаңалықтарды халыққа насихат ету Ақтан поэзиясының негізгі арқауына айналды. 1950 жылы жазған «Менің сырым» өлеңіндегі Ақтанның:

Жол таба алмай адасып,

Көп жыл жүрдім тұйықтап [16, 66], –

деген жолдары моңғол халық революциясына (1921) дейінгі ел өмірінің сипаты ретінде айтылған. Ақын бұл кезеңді «меңіреу түнге» балап, саяси-әлеуметтік теңдікті қазақ төңкерісімен, партия басшылығымен байланыстырады.

Ақтан халықтар достығы тақырыбына бірнеше шығармаларын арнаған. Ол «Достық», «Астанам, тұлғасысың алып күштің», «Қош келіпсің, достарым», «Отан», «Қырғыз ақыны Әсекке», «Орыс даласы», «Москва», «Сэнэгте» т.б. өлеңдерінде орыс, қытай моңғол, қазақ халықтарының арасындағы туысқандықты сүйсіне толғайды. «Қош келіпсің, достарым» шығармасында Қытай мен Моңғол елінің арасындағы достық ынтымақты тілге тиек етеді. Тағдыр тауқыметінен бөлініп кеткен

ағайынның көп жылдан соң қауышуы аһ ұрған ақынның жан сырындай естіледі. Аймақ әдебиетінің алға қойған мақсаттарының бірі – еңбекті жырлау болғандықтан, Ақтан бұл мәселені өз поэзиясының басты тақырыбының бірі етіп алды. Ақтан еңбекке жаңаша сипат беріп, ел дәулетін молайтудың басты шарты деп қараған. Оның «Жылқышы қыз», «Келіндер», «Малшыларға», «Жылқышы әні», «Еңбекпен елім ержеткен» қатарлы өлеңдері – бірлестіктің егінші, малшылардың қажырлы еңбектерін мақтаныш сезіммен жырлаған туындылар.

Ақтан лирикамен қатар сатиралық өлеңдерді де көп жазған. Оның 1950-1960 жылдары «Цэнгэлдің май заводы», «Көшеде жүрген сенделіп», «Комбинаттың мал соятын жерінде», «Бұл ешкідер кімдікі?», «Жиып отыр несіне», «Бармақ басты, көз қысты?», «Бір досқа», «Олақтан салақ жаман», т.б. сияқты сын-сықақтарында қоғам өмірінде кездесіп қалатын келеңсіз-кемістіктер мен адам мінезіндегі оғаш қылықтарды, жағымсыз іс-әрекеттерін сын садағына нысана етеді.

Моңғолия қазақтарының әдебиетіндегі поэма жанрының алғашқы нұсқасы – А. Бабиұлының «Бүркіт» (1959) поэмасы. Шығарманың үзіндісі алдымен «Жаңа өмір» газетінде жарияланады да, сол жылы жеке кітап болып шығады және моңғол тіліне аударылады. Поэма Ақтанның ғана емес, қазақ-моңғол әдебиетінің таңдаулы туындысы ретінде жоғары бағаланады. Шығарма желісіне ақиық қыранды арман еткен халық аңызы арқау болған. Ақын:

Жасыл шың Алтайдың бір биік шыңы,  
Таң ата аймалаған күннің нұры.  
Осы шың кейде жасыл, кейде сұры,  
Ғажайып бар тәрізді терең сыры, деп бастайды.

Ақын ұя салған жасыл шыңды, оның сан түрлі орман-тоғайын, аң-құсын көркемдік қуат, ерекше шабытпен жырлаған.

Поэманың бас кейіпкері Жекей жасыл шыңды мекендеген қыранның балапанын алмақ болған кезде мертiгедi. Жаралы болған Жекейдi бүкiл ғұмырын құсбегiлiкпен өткiзген Дәулет қарттың қызы Жанбота емдеп жазып, өлiмнен құтқарады. Ақыры екі жас қосылады. Алайда, Жекейдiң ақиық қыранына

қызыққан бай, мырзалар құсты сұрап тыныштық бермейді. Солардың бірі – Қасқырбай. Автор Жекей мен Қасқырбай арасындағы арасындағы тартыс арқылы өзімшіл жанның қиянатын, арам ниетін ашады. Қызғаныштың қызыл шоғын қыздырған Қасқырбай қыран құсты қапыда мерт етеді. Бұл – менмен жандардың озбырлығы, заман қиянаты.

Оқиға басты кейіпкер Жекей, Жанботалардың төңірегінде өрбіп, шарықтау шегіне жетіп аяқталады. Шығармада жастардың өмір үшін, өздерінің мұрат-мақсаттары үшін күресі көрініс табады. Ақын кейіпкерлерінің тұлға-бітім, мінез-сырына да сипаттама береді. Шығармада қыран құс, жүйрік аттың бейнелері айшықты суреттелген.

Тең келген өлшегендей айналасы,  
Жұп-жұмыр сом темірдей өр тұлғасы.  
Шүңірек көз, салқы қанат, алғыр тұяқ  
Алтайдың мұзбалағы, құс сарасы.

Бұл – Ақиықтың сипаты. Осындай жолдар поэманың көркемдік-идеялық сапасын биіктете түскен. Сондықтан кезінде шығарманы аймақ әдебиеті «жасыл шыңдарының бірі» деп орынды бағалаған.

Ақтанның екінші көлемді туындысы «Досымбек - Балқия» (1964) поэмасы. Алты тараудан («Алтай сыры», «Халық мұңы», «Досымбек», «Жүйрік кер», «Шие бөрі», «Жалғыз ағаш») тұратын шығарманы жазудағы мақсатын:

Көз көрген, көңілге аян Алтай сыры,  
Біледі толығымен халық мұңы.  
Еске алып, енді менің жырлайтыным,  
Елімнің бір кездегі қайғы-мұңы –

дейді. Ақын «елінің бір кездегі қайғы-мұңын» айтудан бастаған. Басқаша айтқанда, поэмада халық төңкерісіне дейінгі елдің тұрмыс-тағдыры, әлеуметтік теңсіздік пен жастардың бас бостандығы жолындағы күресі кеңінен суреттеледі.

Поэма Шыңжан өлкесін мекендеген аз ұлттардың гоминдаң билеушілері мен ақтардан көрген озбырлықтарын суреттеуден басталады. Онда ХХ ғасыр басындағы ақ пен қызылдар арасындағы қақтығыс айқын көрініс тапқан. Қазан төңкерісінің же-



ңуінен кейін ақтар Алтай өңіріне келеді. Жергілікті халықтарға лаң салып, ат-көлік, азық-түлік үшін адамдарды жазаға тартады.

Осындай дүрбелеңде Балқияның әкесі мен ағасы суға ағызылады, шешесі бір жасында қайтыс болады. Тұлдыр жетім қалған Балқия жарынан айрылып, жалғыз қалған Күләймен кездейсоқ кездеседі. Екі мұңлық бірігіп, үріккен елдің соңынан қуады. Бірнеше күн жүрген екеуі Сараңбай атты байдың ауылына тап болып, екі міскін байдың күңіне айналады. Бір жылдан соң Күләй қайтыс болып, Сараңбай мен баласы Қуандықтың мазағына айналған Балқия ауруға ұшырайды.

Поэманың басты кейіпкерлерінің бірі Досымбек ұнамды жағынан көрінеді. Досымбек те Балқиямен тағдырлас. Жеті жасында жетім қалған ол Қанай байдың малын бағып күнелтеді. Ақыры екі жетім Досымбек пен Балқия табысады. Олар моңғол қартының үйін паналайды. Қарт та оларды өз баласындай қабыл алып, бір-біріне сүйеніш болады. Қысты сонда өткізген екі жас Ұланбатор қаласына келіп, Налайх шахтасында жұмысқа орналасады. Ақын шығармасын:

Жиылған көп еңбекші ел көмір шахты,

Екі жас бақытты орнын іздеп тапты, –

деп бітіреді. Поэма Ақтанның шығармашылық табысы және аймақ әдебиетінде осы жанрдың туып, қалыптасуына айтарлықтай әсер еткен туынды болды.

Ақтан Бабиұлының осы туындыларынан бастап, Моңғолиядағы қазақ әдебиетінде поэма жанры қалыптасып, дами бастайды. Шет елдегі өркендеп, қанат жайып отырған қазақ әдебиетінің басты жанрларының бірі – поэма жанрының дамуының өзіндік ерекшеліктері бар.

Моңғолиядағы қазақ әдебиетінің ішіндегі поэма жанрының қалыптасуын арнайы зерттеп жүрген ізденуші ғалым – Наурызхан Ғазизұлы. (Бұдан соң сол ғалымның еңбектеріне сүйенеміз). Поэма жанрының дамуын жалпы әдебиеттің дамуынан ерекшелеп, бөле-жара қарауға болмайды. Академик Рымғали Нұрғали «Ұлттық өнеріміздің терең арна тауып, жан-жақты өркендеу процесін өмірдің орасан зор ықпалымен сабақтастыра

қарау керек» деп нақтылайды. Жергілікті маман зерттеушілер бұл пікірді әсте қалыс қалдырмайды. Моңғолия қазақтарының әдебиетін ұзақ жылдардан бері қарай зерттеп, осы тақырыптағы бірнеше монографиялық еңбектердің авторы, өрнекті ғалым, филология ғылымдарының докторы, Қабидаш Қалиасқарұлы Моңғолия қазақтарының әдебиетінің толу, өсу жолын екі кезеңге бөліп қарастырады. Ғалым жазба әдебиеттің туу кезеңін Моңғолиядағы қазақтардың жеке аймақ мәртебесін алып құрылған 1940 жылмен байланыстырады.

Қоғамдағы саяси өзгерістердің, сондай-ақ, қоғамдық формациялардың өзгеруі әдебиетке айтарлықтай әсер еткені шындық. Алайда, біз жазба әдебиеттің қалыптасуын бұлайша қоғамды, аумақтық әкімшілік-басқару құрылымдарының пайда болуына сай емес, керісінше, жазба әдебиеттің нақты жазба түрінде жазылу деректеріне сай белгілеу керек деп есептейміз. Осы тұрғыдан келгенде, Моңғолия қазақтарының жазба әдебиетінің, соның ішінде поэма жанрының тууының негізінде халық жырлары жатса, ал, оның қалыптасуының басын Ақыт Үлімжіұлының эпикалық жырларының тасқа басылып, баспадан жарық көрген кездерінен бастау жөн деп білеміз.

Моңғолия қазақ ақындарының поэмалары – қазақ әдебиеті тарихында, халқымыздың поэзиялық баянында ойып тұрып орын алар, бірақ, әлі күнге дейін зерттеліп ғылым бағасы берілмеген кесек құбылыс. Ол моңғол поэзиясының қабырғалы бір бөлшегі ретінде түрі ұлттық, мазмұны «социалистік» жанр ретінде де өз ерекшеліктерімен айқындалады. Жалпы шетел қазақтары әдебиетінің мекендік бастау көзі Қазақстанмен жалғасып жатқандығын еш естен шығармауымыз керек сияқты.

Баян Өлгей ақын-жазушыларының шығармаларын оқып отырғанда, олардың авторына көз салмай-ақ, осы топырақтан жаралғандығын тап басып айтуға болады. Ол ақын-жазушыларының прозасында да, поэзиясында да айқын көрініп тұрады. Бұл – аймақ ақын-жазушыларының өзгеге ұқсамайтын өзіндік жеке қалыптасқан қолтаңбасы, әдеби стилі бар деген сөз. «Өзгеге ұқсамайтын» дегенде өзара емес, жалпы қазақ әдебиетіндегі иеленер үлесіне қарай айтып отырмыз, яғни, өзінің бастау

көзінен, эпицентрінен алыстаған әдебиеттің даралық қалыпта-  
сып дамуы. Олар өз шығармашылдық тәжірибелерінде қазақ  
әдебиетімен тонның ішкі бауындай жарасып, етене байланыс  
жасап отырды. Қазақ әдебиетін көп оқып, көп үлгі алды. Әдеби  
жанрлардың қазақ қаламгерлері жасаған әдіс, тәсілдерін жан-  
жақты меңгеріп, соны өздерінің туындыларында сәтті пайда-  
ланды. Қазақ ақындарымен шығармашылдық жарысқа, бәсеке-  
ге түскен тұстарын да аңғаруға болады. Бұл поэманың дамуына  
қатты әсер еткен. Мұндайда Шәкәрім Құдайбердіұлының шы-  
ғыс шайырларымен тақырыптық үндестігі басым «Қалқаман  
- Мамыр», «Еңлік - Кебек» поэмаларымен Ақыт Үлімжіұлының  
«Сейфулмәлік...», Ақтан Бабиұлының «Досымбек пен Балқия»  
поэмаларының тақырыптық және мағыналық жағынан ұқсас-  
тығын айтуға болады.

Поэма қойылар әдеби барлық талапқа сай келер бүгінгі  
биігіне жетті. Поэмада жырланған қай тақырып болсын бостан-  
бос бір қиялдан жаралған дүниелер емес, ескісі ел көкейінде  
қалған көне жәдігерлер болса, жаңасы жаңа өмірдің өзі тудыр-  
ған оқиғалар еді. Сондықтан да, күмәнсіз, шындыққа құрылған  
реалист туындылар болып табылады. Сөйтіп, өмір, тіршілік,  
қоғам құбылыстарын адам тағдыры арқылы ашатын поэзия-  
ның эпикалық кең құлашты жанры – поэманың дамып, үлкен  
айдынға бет бұрғанын көреміз. Ол айдын – қазақ әдебиеті атты  
ұлы мұхит еді.

Моңғолиядағы қазақ ақындарының поэмаларының қай-  
қайсысында да сол қазақтан қазақ бөлінген заманнан бастап,  
бүгінгі күнге дейінгі жалпы ұлттық мәселелерге байланысты  
әдет-ғұрыптық, этнографиялық, тұрмыс-тіршілікке қатысты  
ұлттық қасиеттер мен жора-жосында молынан суреттеледі. Ол  
жаңа дәуірдің тыныс, талғамымен тамаша үйлесім тауып, көр-  
кем бейнеленіп, қоғамдық өмірді кеңінен қамтиды. Сонымен  
қатар, поэмалардағы кейіпкерлер арқылы жергілікті этникалық  
ортасынан бөлініп қалған халықтың мінез-құлқын, мәдениеті  
мен рухани байлығының деңгейін, жалпы халықтың табиғи  
бітім-болмысын танып білуге болады.

Моңғолия қазақтары әдебиетіндегі поэма жанры өткен ғасырдың 70 жылдарынан 90 жылдар аралығында көркемдік-идеялық, тақырыптық, көркемдік шеберлігі жағынан алабөтен қарқынды дамыған. Бұл кезең елімізде де поэма жанрының қарыштау кезеңімен сәйкес келетіндігін көреміз. Академик Сейіт Қасқабасов «Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті» атты еңбегінде қазақ әдебиетінің 70-80 жылдар ішінде қазақ поэзиясының, соның ішінде қазақ лирикасының адамды тану, оның ой-сезімін, рухани тіршілігін бейнелеу саласында бірсыпыра табыстарға жеткендігін айтады. Осы жылдарда Баян Өлгей ақындары өз шығармаларында тек аймақтық аумақпен ғана күреленіп қалмай, отандық орбитаға шығып, жалпы моңғолдық тірлікке де белсене араласады.

Шығармалардың реалистік бояуы анық, отансүйгіштік тәлімі жарқырап көрінеді. Аталған жайларды сараптай келе, осыған байланысты Моңғолия қазақтарының әдебиетіндегі поэма жанрының дамуын шартты түрде төмендегідей топтарға бөлуге болады: 1) тарихи және батырлық поэмалар; 2) лирикалық поэмалар; 3) заманауи поэмалар. Бірінші топқа жататын поэмалар: Ақыт Үлімжіұлының «Жәнібек», Мағауия Сұлтанияұлының «Ер Жәнібек», Кәп Құмарұлының «Кәрі боз», «Арпа кер», «Қызыл ту», Зуқай Шәрбақынұлының «Қас қағым сәт», «Сол жылы көктем», «Қияғы сынған қыран», Имашхан Байбатырұлының «Ерліктен елес», «Тел қоңыр», Шәмел Қалқаұлының «Шын дос», Бақытбек Бәмішұлының «Тәңір сынағы немесе Хан Кене», «Зуқа батыр», «Оспан батыр», Дағжан Белдеубайұлының «Айғыр мен қасқыр» поэмалары. Екінші топқа: Ақтан Бабиұлының «Бүркіт», «Досымбек пен Балқия», Даян Қалаубайұлының «Келін», Шабдарбай Қатшаұлының «Көрімдік», Кәп Құмарұлының «Жеңеше», Кеңес Льясұлының «Қос келіншек», Имашхан Байбатырұлының «Таңғажайып тағдыр», «Келін», «Қобда өзен», Зуқай Шәрбақынұлының «Жүрек сыры», Байыт Қабанұлының «Жетімдік» поэмалары. Үшінші топқа жататын поэмалар көлемі жағынан да ең көп жырланған тақырып болып есептеледі: Даниял Дікейұлының «Жетілген жетім», «Таң алдында», «Солдат сөзі», «Отты күндерде», «Алтай аясында», «Жүрек әмірі», Шабдарбай

Қатшанұлының «Шығыстағы алау», «Октябрь шуағы», «Азамат», «Майлы жер», «Баянсыз қуаныш», Зуқай Шәрбақынұлының «Туған жер», «Өрліктің өрімі», «Күйік», «Жан наласы», «Мезгілсіз сөнген шырақ», «Ажалдың үзіп құрсауын», «Ақ таңдар күліп атқанда», «Отар оты», «Сел», «Сыр», Даян Қалаубайұлының «Жігіт сыры», «Жолдама», «Батыр бала», Имашхан Байбатырұлының «Қибатдолда», «Серікбай», «Ұмытпаймын сені ешқашан», «Араша», «Ұстас жолы», Байыт Қабанұлының «Көк жал», «Қыз ана», Шынай Рахметұлының «Иман», Қабдай Мұсаханұлының «Қойшы сыры», Кеңес Льясұлының «Ақбақай» поэмалары.

Бастауын бағзы әдебиеттен алған эпикалық шығармаларды жазуда ақындардың сюжет таңдау, ондағы оқиғаны, айтылмақ ойды беру әдіс-тәсілдері, көркемдік шеберлігі үнемі даму үстінде болған [17, 105-107].

Аймақ әдебиетінің екінші бір үлкен тұлғасы Құрманхан Мұқамәдиұлы (1923-1964) поэзия, проза, драматургия жанрларына бірдей қалам тартқан. Ол алғашқы қадамын өлең жазудан бастаған, бірақ, поэзиясы көп емес. Шығармаларының дені – драмалық туындылар. Құрманханның алғашқы жинағы «Жасыл дөң» 1960 жылы жарық көреді. 1970 жылы моңғол тіліне аударылады. 1983 жылы «Шығармаларының толық жинағы» шығады. Әдебиет табалдырығын өлеңмен аттаған ақынның небәрі он-он бес өлеңі мен «Бөкен жарғақ» атты аяқталмаған поэмасы бар.

Моңғолия қазақтарының әдебиетінде проза жанры 1955 жылдан кейін ғана дами бастады. Құрманхан Мұхамәдиұлының тұңғыш әңгімесі «Алғашқы қадам» (1964), оның прозаға жасаған сәтті қадамы болды. «Жұрт ала ма, жұт ала ма?» атты эссесін де оқырман жылы қабылдады. Көркем проза М. Құлыбекұлының «Мұралық», «Көк лақтың құпиясы» әңгімелері мен «Қызыл қайың хикаясы» повесі арқылы жалғасын тапты. Ш. Нығышұлының «Күрделі керуен» (1967), Ж. Шалұлының «Көкала жорға» (1969), Қ. Ойнақбайұлының «Ананың ақ тілегі» (1974), «Менің анам», «Етікшінің баласы», М. Байтықасынұлының «Күміс керуен» (1978) секілді прозалық шығармалары әдебиетке елеулі жаңалық әкелді. Бұл қаламгерлердің кейбірі тек

қана моңғол тілінде жазатын. Ана тілін білмегендіктен, қазақша жаза алмаса да, шығармаларының өн бойынан қазақшылықтың сарыны анық байқалады. 1970 жылдан бастап Моңғолия қазақтарының әдебиетінде бірнеше роман жарық көрді. Алғашқы роман Қ. Мұқамедқалиұлының «Қобда қойнауында» саналса, кейін Ш. Қатшанұлы «Өз қолымен», Нығышұлы «Ұрпағың үзілмесін», Шалұлы «Үлкен үй», С. Әбілқасымұлы «Қара боран», Тәукейұлы «Мұнар таулар» романдарын жазды. Бұл әдебиеттің жаңа белеске көтерілгенінің дәлелі еді.

Қ. Мұқамәдиұлы – көркем прозаның алғашқы сүрлеуін салған жазушы. Оның «Алғашқы қадам», «Екі дос», «Сәтті сапар» әңгімелері және «Жұт ала ма, жұрт ала ма?», «Жұмыртқадай ақ отау – Жиһаздары жаңа отау» атты очерктері бар. «Екі дос» әңгімесінде Темірбек пен Тоқаштың достығы арқылы зиялы жастардың қалыптасу жолын көрсетсе, «Сәтті сапарда» екі шопан – Қауметбай мен Жүсіптің шаруашылығы қатар қойыла суреттеледі. Қауметбай нағыз еңбек адамы болса, Жүсіп «ауырдың үсті, жеңілдің астымен» жүріп күнелтуді мұрат тұтқан. Шопан ауылдарын аралаған Серікбол мен Рысбек екі шопанның екі түрлі іс-әрекетін көріп, көп нәрсені көңілге түйіп қайтады. «Құрмаш» әңгімесінде композициялық тұтастық толық сақталған. «Құрмаш әңгімесінде композициялық тұтастық толық сақталған, жинақылық пен терең ой, қажетті штрихтар мол кездеседі» [18, 84].

Құрманханның әдеби мұрасының басым бөлігі – драмалық шығармалары. Олар – «Кезең үстінде», «Жасыл дөң», «Тұлба көл шайқасы», «Қарға қарғаның көзін шұқымайды», «Тамыр дәрі», «Тоғысқан тағдырлар» пьессалары және «Алтыбақан» либреттосы. Жазушының алғашқы драмасы «Кезең үстінде» 1956 жылы Баян Өлгийде ашылған театрда қойылады. Шығарма ел ішінде жүргізілген бірлестіктендірудің алғашқы кезеңі қамтиды. Бірлестік басшысы Мұрат, партия ұйымының хатшысы Азамат бастаған адамдар бірлестікті ұйымдастыру, қиындықтарды жеңіп, ұжымдық шаруашылықтарды нығайту үшін күреседі. Ал, Базар бастаған топпен бірлестікке кіріп алып, іштей іріткі салуға кіріскен Байсалдар жасырын жаулыққа көшеді. Бірі жаңа

ны жақтаса, бірі ескіні сақтап қалуға әрекет етеді. Тартыс осы екі топтың арасында өтеді. «Жасыл дөңде» - ұжымға біріккен ауылдың жаңа тұрмысы, таптық тартыс, асыра сілтеу, халықтар достығы сияқты қат-қабат оқиғалар көрініс тапқан. Бұл пьеса көтерген тақырыптарының күрделілігімен де, жаңаға қадам басқан заман, адам тұлғаларын жасаудағы жетістіктерімен де, көркем қуатымен де балаң драмамыздың үлкен жетістігі болады» [19, 13] – дейді К. Жанжұңұлы.

«Қарға қарғаның көзін шұқымайды» комедиясында Жуат сынды басшының рушылдығын, парақорлық-тоғышарлығын шенеп, жаңа заман жастарының еркін өмірі көрсетіледі. «Тамыр дәрі» - малшы өмірін суреттейтін екі перделі шағын көрініс. Төлші қыздың іске икемдігін басқа жастарға үлгі-өнеге етеді. «Алтыбақан» либреттосына бас еркіндігіне ұмтылған жастардың іс-әрекетін арқау еткен.

Жазушының тарихи тақырыпқа жазған драмасы «Тұлба көл шайқасы». Драма болған оқиға негізінде жазылған. Революцияда жеңіліп, кеңес елі шекарасынан қуылған ақ әскері Моңғолия жеріне өтіп, қазақтар мекен еткен Тұлба (Меңді) көлге жетеді. Жергілікті халыққа озбырлық көрсетеді. Ақ әскерлеріне қарсы Байкалов бастаған қызыл әскерлер мен партизан Хасбатыр бастаған халық жасақтары көтеріледі. Әлденеше есе көп жау қолында қалған халық жасақтары қырық екі тәулік бойы ұрыс жүргізеді. Халық жасақтарының осындай жанкешті ерліктері пьесада айшықты да шынайы суреттеледі. Әр кейіпкер өзіне тән мінез-құлық, іс-әрекетімен дараланады.

Қ. Мұқамәдиұлы көркем шығармаларымен қатар әдеби сын да жазған. «1962 жыл», «Жаңа талап» – 1963 жылда», «Әр өлең әсерлі болсын» мақалаларында әдебиеттің даму жолы мен жас ақындардың өлеңдеріне пікір білдірген. Құрманхан – моңғолдың бірнеше ақын-жазушыларының шығармаларын аударып, қазақ оқырмандарына таныстырған белгілі аудармашы. Ол қысқа ғұмырында қыруар мұра қалдырып, аймақ әдебиетінің қалыптасуына үлкен үлес қосты.

Аймақ әдебиетінің белгілі өкілдерінің бірі – ақын, аудармашы Даниал Дікейұлы. Оның алғашқы өлеңі «Партияға» 1950

жылы «Өркендеу» (қазіргі «Жаңа өмір») газетінде жарияланды. Содан бері «Достық», «Таң алдында», «Жылдар сазы», «Миллион жүрек» (моңғол тілінде) атты жыр жинақтарын шығарады. Ақынның алғашқы өлеңдер жинағы 1959 жылы «Достық» деген атпен жарық көреді. Оның бір шоғыр өлеңдері Моңғолия мен Кеңес Одағы халықтарының арасындағы достыққа арналады.

Ақынның бірнеше өлеңдерінде табиғаттың сыр-суреті баянша тартымды жасалады. Мұндай туындыларына «Көктем», «Жазда», «Екі Дүргін», «Даян көл жағасында», «Сырғалы суреті», «Жайлауым» т.б. өлеңдері жатады. Бұл шығармалырында табиғи алуан түрлі айқын бояулармен бейнеленеді.

Ақынның халық ішіне тез тарап кеткен туындыларының бір тобы – ән өлеңдері. Әсіресе, жастық жалынды сүйіспеншілік және басқа тақырыпқа жазылған өлеңдері көп көңілінен шыққан. Даниалдың «Кездесу», «Сиыршы әні», «Домбыра сазы», «Достық туралы ән», «Қалқаш», «Арман», т.б. әндері сағыныш сазындай сезімді тербейтін сыршылдығымен баурайды. «Ақын жалаң ұраншылдық, жылтырауық, көпірме сөзден аулақ. Көрікті ой, нәзік сезіммен жырлауға көбірек көңіл бөледі» [20, 28-29].

Ақынның бір қыры – сатиралық өлеңдері. Өмірдің көлеңкелі көріністерін сын-сықақпен соққан ол «Тоғышар келіншек», «Маскүнем», «Бір жолдасқа», «Көк тұлпар дос емес», «Тұмау», «Шылым», «Ойла, байқа», т.б. сатиралық шығармаларында тоғышарларды, жан тыныштығын ойлаған жалқауларды, кемістік келеңсіздіктерді әшкерелейді.

Д. Дікейұлы – бірнеше поэма жазған эпик ақын. Оның алғашқы поэмасы «Таң алдында» деп аталады. Автор шығарма оқиғасын Октябрь революциясы алдындағы қазақ кедейі Бердімұраттың жалшылықта күнелткен тәлейсіз тағдырын суреттеуден бастайды. Тіршілік тауқіметінде жүрген Бердімұрат қайтыс болады да, кішкене баласымен Әйгерім жесір қалады. Көп кешікпей, үш жасар Әбіл шешесінен де айрылып, тұлдыр жетім атанады. Әлдекімнің босағасында жадау тірлікпен күні өткен Әбілдің ауыр өмірі поэмада шынайы бейнеленеді. Мұ-



нан кейін Әбілдің өмірі саудаға түсіп, қытай шаруасы Люмин иелік етеді. Ол Әбілді егіншілікке баулиды. Алайда, қызылдан қашып, қытай асқан ақтардың қолынан Люмин қарт қаза болады. Сан түрлі қиындықтарды басынан өткерген бала Орынбай шалдың үйін паналайды. Ақыры нағашы ағасы Қанафия оны моңғол азаматы Самдан арқылы қолына алады. Бұдан соң Моңғолияда халық революциясы болып, Әбіл жетімдіктен құтылады. Астанадағы мұғалімдер мектебіне жолдама алады. Поэма осымен аяқталады. Ақын Әбілдің өмір жолы арқылы әлеуметтік теңсіздік, атажұрттан алыстаған ел тағдыры сияқты шындықты көрсетеді. Д. Дікейұлының «Солдат сөзі» поэмасы жапон самурайларына қарсы күресте ерлік, табандылық танытып, ел қорғаған жауынгерлердің ерлік істеріне арналған [21, 873-876].

Кейінгі кезең өкілдерінің арасынан Моңғолиядағы қазақ ақындары мен жазушыларының арасынан ерте дараланып шыққан қос тұлға – Моңғолиядағы қазақ әдебиетінің қос аққуындай болып оқырман қауымға бітімі бөлек шығармаларымен танылған ақындар – Кәп Құмарұлы және Егеухан Мұхамедіқызы.

Кәп Құмарұлы 1933 жылы 8 наурызда ҚХР-дың Алтай аймағының Көктоғай деген жерінде туған. 1955 жылы Монғолияда мұғалімдер даярлайтын мектепті бітірген. Содан бастап мектептерде ұстаздық етіп келген. 1992-1994 жылдары Шығыс Қазақстан облысы, Абыралы ауданындағы Қайнар ауылдық С. Бегалин атындағы мектепте, 1994-2005 жылдары Үржар ауданының Көкөзек орта мектебінде мұғалім болған. Жасында айтыс ақыны болған. 1959 жылдан бері өлең жазады. «Қызыл ту», «Кәрібоз», «Таудай болғым келеді», «Қос қанат», «Қос ішек», «Арпагер» деген кітаптары жарық көрген. «Халықтық педагогика-ұлттық қазына» атты оқу құралының авторы.

1992 жылы Баян Өлгей аймағының «Маңдай алды озат ұстазы» атағына ие болған. Облыстық Білім департаментінің «Құрмет» грамоталарымен марапатталған. Аймақтық, республикалық жыр мүшәйраларының жүлдегері [22, 54].

Кәп Құмарұлы жастайынан өлең-жырмен сусындап өскен ақын. Ол өмір жолының көбін ұстаздық қызметпен өткізеді.

Аймақтың жас жеткіншектеріне қазақ әдебиетінен сабақ бере жүріп, өзі де өлең жазумен айналысады. Ақынның атажұртқа оралған кездегі өлеңдері «Арпагер» деген атпен Астана қаласында «Рух» баспасынан басылып шығады.

«Арпагер» – жүйрік ат туралы дастан. Кіре тартып бара жатқандардан бір қыздың әкесіне айтып, бір тайды саттырып алғандығы, сол тайдың керемет жүйрік болғандығы, ақыры оның ұрлап әкеткендерден қашып келіп, терлеген тұлпардың туған жеріне жетіп, тоқтаған жерінде аязға қатып өлгендігі туралы баяндалады.

«Атты білетін, тілді білетін ақын тұлпар туралы тамаша толғаныпты.

Құс топшы, барыс сүбе, жылан бауыр,  
Бота көз, күдір жота, киік сауыр.  
Кең құрсақ, жібек сіңір, сілбісі кең,  
Аршын төс, бүркіт қабақ, мінезі ауыр

Жүйрік аттың сынын Кәп ағамыз осылай суреттейді. «Жібек сіңір», «сілбі» деген сияқты көп ақындардың аузына түсе бермейтін, сирек қолданылатын тың сөздер дастанда көп» [23, 4], – деп, тамсанады ақын Несіпбек Айтұлы Кәп Құмарұлының «Арпагер» кітабына жазған алғысөзінде.

Талантты ақын өзінің атажұртында дүниеден озды.

Кәп Құмарұлының зайыбы, қазақ өлеңінің хас шеберлерінің бірі, өзінің поэзиядағы сара жолын «еркемін егіз шыңға ұя салған» деп суреттейтін ақын – Егеухан Мұхамәдиқызы.

Егеухан ақын Моңғолияның Баян Өлгей аймағының Баяннур сұмыны (ауылы), Олон-нуур шұңқыр жұртында 1940 жылы 1 сәуірде дүниеге келген. Сол елде 30 жыл кітапханашы болып қызмет атқарады. Өлең-жырлары біріккен жыр жинақтарына енген. 1960 жылдан өлең жазып, айтыстарға қатысқан. 1971 жылы Монғолия қазақтарының айтыс өнерін дамытуға қосқан үлесі үшін «Айтыс ақыны» атағын алған. Бірнеше республикалық, халықаралық айтыстардың жүлдегері. Ондаған жеке жыр жинақтары: «Жыр қарлығаштары» (1966), «Таң арайы» (1971), «Ақ қайың» (1971), «Қобда өзен толқыны» (1975), «Ару арманы» (1977), «Айтыс» (1979), «Бәйге» (1980), «Оң қанат» (1982),

«Алимын цэцэрлэг» (монғол тілінде, 1989) өлең жинақтары жарық көрген. «Қайтқан қаз», «Қосішек» атты жыр жинақтары Моңғолияда, Қазақстанда жарық көреді. «Даңқты Ана» III дәрежелі ордендерімен, Құрмет грамоталарымен, медальдармен марапатталған. Моңғолия Журналистер одағының, Моңғолия Жазушылар одағының мүшесі.

Даласы таулы Алтайдың толы сырға,

Бөктері бөленіп тұр жасыл нұрға.

Қуанса кербез кескін күлімсіреп,

Жұбанса, меңіреу жартас батқан мұңға, –

дейді Егеухан ақын. Осы бір шумақ өлеңде ақынның бүкіл өмірі, тірлік кешкен ортаның өткен-кеткен шежіресі, сыры жатыр. Сондықтан да жалт-жұлт еткен жасанды бояулардан ада қазақы тілдің қаймағынан туған Егеухан ақынның қарапайым да көркем жырлары жүрегімізге жылы тиеді [24, 4].

Одан соң да Моңғолиядағы қазақ әдебиетінде Имашхан Байбатырұлы, Шабдарбай Қатшаұлы, Арғынбай Жұмажанұлы, Даян Қалаубайұлы, Кәкей Жаңжұңұлы қатарлы бірқатар поэзияның майталман өкілдері болды. Олардың барығы дерлік қазір өмірден өтіп кеткен адамдар. Осы тұлғалардың қажырлы еңбектерінің нәтижесінде Моңғолиядағы қазақ әдебиеті біршама биік белестерге көтерілді. Мәселен, К. Жаңжұңұлы жетекшілік еткен «Мұрагер» атты әдеби-сазды ансамбль шеттегі қазақ әдебиетінің өлмеуіне үлкен үлесін қосты.

Кәкей Жаңжұңұлының да Моңғолиядағы қазақ әдебиетіне қосқан үлесі ерен. Жауқазын жырларымен балауса кезінде-ақ бой көрсеткен Кәкей ақын лирикалық өлеңдерімен көптің көңілінен ерте шыққан.

Шығармашылығы 1965 жылдан басталған дарынды да талантты жас ақынның өлеңдері халыққа тез танылып, кең тарады. 1971 жылы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтын оқып бітіруі қазақ әдебиетінің үлкен арнасымен қауыштырып, ақындық болмыс-бітімін жаңа белеске көтерді.

Қазақ әдебиетінің әр жанрына сүбелі үлесін қосқан ақын, әсіресе, поэзияда өзінің өзгелерден оқ бойы озық екенін көр-

сеткен болатын. Дархан дарын иесі болған Кәкей Жаңжұңұлы 1992 жылы ұшақ апатынан қайтыс болады.

Ақын шығармаларының көбі таза лирикалық жолдардан құралған. Адамның жан дүниесін тербейтін сағынышты да сазды жырларының көбісі бүгінде әуезді әндерге айналған. Ақынның «Мен – қазақпын», «Өлгейім – Өлеңім», «Сетер тал», «Бұлғыным» өлеңдері қазірде Моңғолия қазақтарының рухани байлығына айналған.

Сирек кездесетін талант иесінің «Жауқазын», «Қош, көктем!», «Маусым» т.б. жыр жинақтары жарық көрген.

Жас кезінің өзінде-ақ:  
Шөлдегенге көл болып,  
Толқып жатқым келеді.  
Шексіз-шетсіз ел болып,  
Шалқып жатқым келеді...

Адасқанның жолында  
Күн боп тұрғым келеді.  
Ғашықтардың қолында  
Гүл боп тұрғым келеді.

Сан жүректер сырына,  
Жақын болғым келеді.  
Қанат беріп жырыма  
Ақын болғым келеді! [25, 10] –

деп, төгілтіп жазған «Ақын болғым келеді» өлеңі де келешек дарын иесінің қалам қарымының ұшталып, өз атын қалдыратын меңзеп тұрғандай.

Лирикалық жырлармен төгілтіп өрнек салатын Кәкей Жаңжұңұлы өзіне тән қолтаңбасымен ерекшеленеді. Ол жайлы ғалым Еркегүл Арыққарақызының арнайы монографиясы жарық көрген болатын. Кәкей Жаңжұңұлының «Мен - қазақпын» өлеңін кез келген қазақ баласы жатқа айтады. Лирикалық өнердің хас шебері болған Кәкей өз махаббатын:

Сен жымисаң, көз алдымнан өтеді,  
Көлбең қағып, пері – бақыт етегі.

Жадыратып жіберуге әлемді  
Жалғыз рет езу тартсаң жетеді, –

деп жырлайды.

Моңғолия қазақтарының арасынан шыққан, есімі елге мәлім, қабырғалы қаламгерлердің тағы бірі – Шынай Рахметұлы. Қазақ орта мектебін және Ұланбаторда саяси жоғары мектепті журналист мамандығы бойынша бітірген жазушы-журналист радиода аудармашы, «Жаңа өмір» газетінде тілші, жауапты хатшы, редактор, жазушылар кеңесінің меңгерушісі, 1993 жылдан Моңғолия мемлекеттік «Ардын эрх» газетінің және МОНЦАМЭ ақпарат агенттігінің, Моңғолия ұлттық радиосының Баян-Өлгийдегі меншікті тілшісі қызметтерін атқарған.

«Ой ұшқыны», «Арманым ақ тұлпарым», «Ерке киік», «Қарагер», «Киелі сақина», «Хуслийн оч», «Әйел мұңы», «Оспан батыр», «Наурыз жыры», «Моңғолия қазақтарының ата-тек шежіресі», «Моңғолия қазақтарының ақиқат тарихы» т.б. кітаптарын шығарған. Бірнеше пьесасы сахналанған жан-жақты талантты ақын қазақтың көптеген шығармаларын моңғол тіліне, моңғол туындыларды қазақ тіліне тәржімалаумен айналысқан.

Ақынның «Сұлу көктем» өлеңіндегі:

Келдің-келдің ару көктем  
Ақ толқындар сілкінді.  
Мақпал түнді жарып өткен  
Сағындық біз күлкінді.

Тіршілікті күлімдеткен,  
Жер жиһанға жылу еккен.  
Табиғаттың жастық шағы,  
Армысың сен, Сұлу көктем! –

деп келетін жыр жолдарындағы соны тіркестер мен образды ойлар ақын шығармашылығының шоқтығы биіктіін көрсетеді. Немесе:

Аққудай жүзген көкте ақшарбы бұлт,  
Арай жаз. Тербеліп тұр бақша мүлгіп.

Жазылып жатқан өңір – қалы кілем,  
Баурайды құстар әні бал үнімен, [26, 33] –  
деп өрнектелетін жыр жолдары табиғат лирикасының таңғажа-  
йып үлгісін көрсеткендей.

Моңғолиядағы қазақ әдебиетіндегі орта буын өкілдерінің арасынан Байыт Қабанұлы да өзіндік қалам қарымымен ерекшеленеді.

Жанымның жыршы құстары,  
Қиқула, жырла, шуылда.  
Көктем де келді, масайрап,  
Жалында, жандыр, суынба.  
Боздаған мен бір бозіңген,  
Боздамай, сірә, тынбаймын,  
Дауысымды жеткіз, жалғастыр,  
Менен соң келер буынға [27, 22], –  
деп, өзінің асқақ әуендерін бірден танытатын адуын ақын бүгінде көптеген жыр жинақтарын жариялап, елге танылып үлгірген.

Өлсем де келетіндей сағындырам,  
Өлместің, өшпестіктің тағын құрам.  
Тұрлаусыз төрткүл мына дүниені  
Төрт ауыз өлеңіме бағындырам, –  
сынды жалынды шумақтарды әр жинағының кез келген беттерінен таба аласыз.

Соңғы буын өкілдерінің көшін бастайтын ақындар қатарына Ақеділ Тойшанұлы, Бақытбек Бәмішұлы, Дәулеткерей Кәпұлы, Бауыржан Қарағыз, Ықылас Ожай т.б. ақындарды жатқызуға болады.

Қазағым қайтты әр қырдан,  
Қазаным қайтты – өз мұрам.  
Түркістан түлеп төрімде  
Айдай жаңа жаңғырған.  
Жолына шалам жан құрбан [28, 23], –  
деп келетін жыр жолдарынан Бақытбек Бәмішұлының өзіндік қолтаңбасын танимыз. Кітаптың аннотациясында ақын жайлы былай деп жазылған: «Қазақстанның өзге ақындарынан оның

ерекшелігі жырлаған тақырыптарының көп шиырланбаған сонылығында. Атап айтқанда, қиыр қонып, шет жайлап жүрген қазақтардың сағыныш сазын, өкініш, арманын шеберлікпен жырлайды. Оның жырлары жалған тебіреністен мүлдем аулақ, әрбір жыр, әрбір толғауы шынайылықтың көзге ұрып тұрған шырайындай», - дейді. Осы пікірлерді Моңғолиядағы қазақ ақындарының көбіне қаратып айтса, артық етпейді.

Себебі, Моңғолиядағы қазақ ақын-жазушыларының барлығының шығармашылығына дерлік желі тартып жатқан басты сарын – азаттықты қастерлеу, отанды аңсау, көбі ақыл, өсиет, насихат түрінде кездеседі. Және барлығының өлеңдерінен қазақы келбетін жоғалтпаған ұлттық бояу айқын аңғарылып тұрады. Қазақы болмыстың қаймағы бұзылмаған нәрі Моңғолия қазақтарының өмірінен өнеріне, өлеңіне көшіп отырған.

Осындай аға буындар өрнегін қазіргі кездегі жас ақындар Еркебұлан Мұса, Наурызхан Ғазиз, Нұргүл Тоқтаған, Жандос Аманжолұлы, Аманжол Зарыққан, Жанат Боқашұлы сынды жас таланттардан көруге болады. Олар бүгінде Моңғолиядағы қазақ поэзиясының ең соңғы буын өкілдері іспеттес.

Прозаның шағын жанрының алғашқы үлгісін Құрманхан көрсетсе, бұдан кейін көптеген жазушылар осы жанрды жетілдіре түсті. Қаһар Ойнақбаев «Көк күлпара», Шернияздан Нығышұлы «Жасыл қалам», Мағауия Сұлтанияұлы «Қасқыркөк», «Шопан шоң», Қаржаубай Сартқожаұлы «Құсың құтты болсын, Қойшы», «Тығырық», «Апырым-ай, қайтер екен», Елеусіз Мұхамәдиұлы «Жалғыз оқ», «Күміс түйме», Махфуз Құлыбекұлы «Арпалыста», «Жалғыз қаз», «Жұмбақ жұмыртқа», Ислам Қабышұлы «Меруерт», «Ақ сұңқар», Солдатхан Орайханұлы «Гүл», Шынай Рахметұлы «Иман», «Киелі сақина», «Қаңтар», «Асыл зат», Сейітхан Әбілқасымұлы «Иті үрмейтін ауыл», «Ақиықтың ақырғы балапаны», «Өсиет», Ақын Алақанұлы «Ақ әже», «Тер тамған жер», Тельман Бақыбайұлы «Ізбасар», «Жүрек сыры», «Құдалық жолы», «Жұбаныш», Биқұмар Кәмалашұлы «Тұғыр», Баман Құрманханұлы «Дәме», «Тайынша мінген бастық», Кәкей Жаңжұнұлы «Қасқыр», «Жалғыз қыз», «Құпия хат», Б. Мұрат «Қаз қалпында», Сұлтан Тәукейұлы «Ақиық»,

Бақытбек Бәмішұлы «Қандыбалақ», «Қайран қоңыр», Рысбек Зұрғанбайұлы «Кешіріңіз, келінжан», Ерболат Баятұлы «Заңдылық», «Ежелгі көрші», Съезд Абайқызы «Мысық бике», Ербақыт Нүсіпұлы «Ызғарлы көктем», «Тіршілік», «Бір бума сарымсақ – бір сом», Білімхан Қауияұлы «Ақ жаға», Икрамбек Жәбенұлы «Серт», «Қалыңдық қайда?», Кеңес Илияұлы «Адасқан адам» т.б. шығармалар жазды.

Бұл әңгімелер сан түрлі тақырыпты көтереді. Халық аузындағы аңыз негізінде жазылған И. Қабышұлының «Меруерт» әңгімесінде қазақ әйеліне тән жақсы қасиеттерді Меруерт образы арқылы бейнелесе, С. Әбілқасымұлының «Иті үрмейтін ауыл» әңгімесінде отызыншы жылдары Алтай аймағында болған ұлт-азаттық көтерілісіне байланысты гоминдаң өкіметінің озбырлығы суреттеледі. Қ. Ойнақбаев «Көк күлпара» әңгімесінде баланың әкесіне деген сағынышын тілге тиек етеді. Кейіпкердің ішкі жан сырына бойлау – Қ. Сартқожаұлының «Құсың құтты болсын, қойшы» әңгімесінің арқауы. Е. Мұқамәдиұлының «Жалғыз оқ» әңгімесінде Игембайдың ел қорғаудағы қырағылығы көрсетіледі. Исламның «Ақ сұңқар», Сейітханның «Ақиықтың ақырғы балапаны», Бақытбектің «Қандыбалақ», Кәкейдің «Қасқыр», Сұлтанның «Ақиық» т.б. бір шоғыр әңгімелерінде саятшы-аңшылық өнердің қиындығы мен қызығы тартымды бейнеленеді. Шынайдың «Асыл зат», «Ұларды атуға болмайды» әңгімелері табиғат байлығын қорғау мәселесін көтереді.

Сондай-ақ, Ш. Рахметұлының «Иман», М. Сұлтанаяұлының «Япырым-ай, қайтер екен?», Б. Құрманханұлының «Тайынша мінген бастық», Қ. Сартқожаұлының «Тығырық», Б. Мұраттың «Қаз-қалпында», К. Жаңжүңұлының «Құпия хат» әңгімелерінде көптеген адамдардың өмірін қиған репрессия жылдарының зұлматы әр қырынан суреттеледі. Т. Тоқыбайұлының «Жүрек сыры» (1986) атты жинағына бірқанша әңгімелері топтастырылған. Солардың бірі «Бір ауылдың азаматтары» деп аталады. Шығармада бірлестік басшыларының былық пен шылығы ашылып, адалдықты мұрат тұтқан адамдардың (Табыс, Талап) образы жасалса, «Жұбаныш» әңгімесінде құлқынның құлы



болған Ақбайдың сұғанақтығы сыналады. «Айтылмаған сыр», «Өкініш», «Қызғаныш» әңгімелері махаббат машақатын тартқан жастар өміріне арналған. Жазушының «Шорт», «Ақырғы ескерту», «Ар алдында» т.б. бірқатар сықақ әңгімелерінде өмірдің көлеңкелі жақтары әжуа етіледі. Ал Қ. Айыпханның «Қыран қазасы» атты жинағына кірген әңгімелерінде еңбек адамдарының образы жасалған.

Сексенінші жылдардың ішінде шыққан Елеусіздің «Сұлулық сыры», Тельманның «Қияда өскен қызыл гүл» жинақтарына кірген әңгімелері мен Мағауия, Шабдарбай, Икрамбек, Мизамхан, Мұса, Баман, Кеңес тағы басқа жазушылардың әңгімесіне талдау жасаған сыншы Яки Ілиясұлы әңгімелерде образдардың толық мүсінделмеуі мен көркемдік деңгейлердің біркелкі емес екенін ортақ олқылық ретінде орынды атап көрсетеді [29, 74-80]. Осыған қарамастан, жетпісінші жылдардан бастап, әдебиеттің дамып, толысу кезеңі есептеледі. 1970-1980 жылдары ондаған роман, жүзден астам повесть, әңгімелер жазылған.

Алпысыншы жылдардың соңын ала алғашқы повестер бой көтерді. Одан кейінгі кезеңде бұл жанрда сәтті ізденістер байқалды. Бұл ретте М. Құлыбекұлының «Қызыл қайың хикаясы», «Патша балам», А. Алақанұлының «Сүйген жар», Е. Мұхамәдиұлының «Өрікті көл», «Сұлулық сыры», «Жердегі жұлдыздар», И. Жәбенұлының «Тағдыр тоғыстырғандар», С. Әбілқасымұлының «Айдарлы аруақ», «Мұңлы мүсін», Ш. Нығышұлының «Өмір пернелері», «Күдірлі керуен», С. Нұртазаұлының «Келін», Б. Құрманханұлының «Киелі бастау», Қ. Шалтайқызының «Үзілмес үміт», С. Тәукейұлының «Жайдарман» т.б. повестері сан алуан тақырыпты қамтиды. Аталған повестердің біразы («Өрікті көл», «Тағдыр тоғыстырғандар», «Айдарлы аруақ», «Мұңлы мүсін») тарихи тақырыпқа жазылды. Елеусіздің «Өрікті көл» повесіне «Жалама айдалған жылдар» атты нәубат арқау болса, Сейітханның «Айдарлы аруақ» повесіне «мәдениет төңкерісінің» зобалаңы Зықияның көрген жазықсыз жазасы арқылы ашылады, асыра сілтеу заманының шындығы бейнеленеді. Икрамбектің «Тағдыр тоғыстырғандар» повесінде Әділғазы бейнесі арқылы қазақ азаматының революционер ретінде қалыпта-

су жолы суреттеледі. Шериязданның «Өмір пернелері» бірлестік шаруашылығын дамыту мәселесін қозғаса, ақынның «Сүйген жары» мен Күләштің «Үзілмес үміт», Сәтейдің «Келін», Баманның «Киелі бастау», Сұлтанның «Жайдарман» повестері жастар өміріне, олардың арасындағы достық, сүйіспеншілікке арналған.

Моңғолиядағы қазақ әдебиетінің соңғы оншақты жылында повестер проза жанрының сүбелі саласына айналды. Жазушылар шеберліктерін шыңдап, өмір шындығын тартымды бейнелеуге ден қойды. Осының бір мысалы ретінде Сейітхан Әбілқасымұлының «Ақиқтың ақырғы балапаны», «Айдарлы аруақ» повестерін атауға болады. «Соңғы жылдарда жарық көрген повестерде сюжеттік желі, композициялық тұтастық сақталған. Характер толғанысы, философиялық түйін өзінше жүйе тауып, қиюласа берілген» [30, 17], - дейді осы жанрды зерттеген Е. Кәпқызы.

Аймақ әдебиетінде алғашқы роман 1976 жылы жазылды. Ол Елеусіз Мұқұмәдиұлының «Қобда қойнауында» атты романы. Екі бөлімнен тұратын шығармада Моңғолияны мекендеген қазақ халқының Қобда бетін қоныстануы, олардың тұрмыс-тіршіліктері мен қазан төңкерісінің әсері, халық революциясының жеңісі суреттеледі. Осы туындыдан кейінгі аз жылдың ішінде Мағауия Сұлтаняұлының «Ұрпақ тағдыры» (1981), Сейітхан Әбілқасымұлының «Қара боран» (1981), Шерияздан Нығышұлының «Жырақта қалған жылдар» (1980), «Оралу» (1983), Ислам Қабышұлының «Ұрпағың үзілмесін» (1983), Қауия Арысбайұлының «Жиекте» (1985), Шал Жамлиханың «Үлкен үй» (1984), Елеусіз Мұқамәдиұлының «Жоғалған қыз» (1984), Ақын Алақанұлының «Асулар», Т. Солтанның «Мұзарт шындар» (1986) романдары жарық көрді.

Мағауияның «Ұрпақ тағдыры» романы революциядан бұрынғы заман шындығын суреттеуге арналған. Руаралық араздықтың шырғалаңынан шыға алмаған ағаттықты алға тарта отырып, шығарма татулық, достық, бірлікті қадыр тұтуға үндейді. Романның кемшілігі ретінде баяндау басым екенін айту абзал. Исламның «Ұрпағың үзілмесін» романының алғашқы та-

рауында Расол, Жекейлердің Алтай асып, Қобда бетіне қоныстануы, екінші тарауда «Сарыноқта» салығының азабын тартқан халық қайғысы, үшінші тарауда «Жалама айдаған жылдар» тауқіметі бейнеленген.

Шериязданның «Жырақта қалған жылдар», «Оралу» романдарына Алтай мен Қобдаға кезек қоныс аударған халықтың тиянақсыз тіршілігі арқау болған. Ақынның «Асулар» романында қырқыншы жылдардағы сауатсыздықты жою мен бірлестіктендіру (ұжымға бірігу) мәселесі көрініс тапқан. Махфуздың «Тұрғылас түлектерінде» социалистік құрылысты нығайту мен әйелдердің теңдік алуы суреттеледі. Жамлиханың «Үлкен үй» романы ауыл шаруашылығы бірлестігінің бүгінгі мен болашағын ой елегінен өткізсе, Қауияның «Жиекте» шығармасына ел өмірінде елеулі өзгеріс – социалистік қоғам құру жолындағы қазақ халқының іс-әрекеті бейнеленеді. Елеусіздің «Жоғалған қызында» жұмысшы табының қалыптасуы сөз болды. Сейітханның «Қара боран» романында елуінші жылдардың соңын ала жүргізілген ауыл шаруашылығын кооперативке (ұжымға) біріктіріп, коммуна құрудағы асыра сілтеулер шыншылдықпен суреттеледі.

Драматургия жанрында Ақтан Бабиұлының «Ер малай» пьесасы алғашқы қарлығаш саналса, «Жамал» (1941), «Еріншек пен екпінді әйел» (1942), «Қалқаман-Мамыр», «Ағайша» секілді пьесалары театр өнерінің қалыптасуы мен дамуына септігін тигізді. Мұқамедиұлының «Кезең үстінде», «Қарға қарғаның көзін шұқымайды», «Жасыл дөң», «Тұлба көл шайқасы», секілді драмалық шығармалары күрделі жанрда игеруде соны соқпақ салды. А. Жұмажанұлының «Талаптылар мен табынушылар» пьесасы 1956 жылы сахналанды. Ол «Ертіс мыңдығы», «Сандуғаш» секілді драмалық туындалар мен «Шайқас алдында», «Домбыра әуені» фильмдерінің сценарийін жазды. Ж. Баят, Қ. Шабдарбай сияқты қаламгерлер драматургияның дами түсуіне үлесін қосса, Имашхан Байбатырұлы «Керім-Топыш» либреттосын жазды. Моңғолия қазақ әдебиетінің драмалық шығармалары негізінен Баян Өлгий аймақтық театрында қойылды. Көркем аударма Қазақстанның көрнекті ақын-жазушыларының тү-

гелдей дерлік моңғол тіліне тәржімаланады. Қазақ әдебиетінің классик жазушылары Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романы, Сәбит Мұқановтың «Ботагөзі», Ж. Аймауытов пен М. Жұмабаев шығармалары түгелдей дерлік моңғол тіліне тәржімаланды. Сондай-ақ моңғолдың көне фольклорлық мұралары қазақ тіліне аударылды. Аударма ісінде Шалұлы, О. Қаһар, І. Қабышұлы, М. Сұлтан, Ж. Қамайұлы және Б. Құрманханұлы, Қ. Жұмақанұлы есімдерін атап айтуға болады [21, 55-56].

Осы салада Р. Қорғанбайұлын, Ж. Қамайұлын, С. Рахметұлын, А. Мауқараұлын, Е. Кәпқызы мен Д. Кәпұлы, А. Ақынбақызы т.б. жас қаламгерлер еңбек етеді, олардың 20-дан астамы Моңғолия жазушылар одағының мүшесі, 70-тейі одақтың аймақтық бөлімшесіне мүше. Ең өкініштісі, аударма саласы бүгінде тоқырау үстінде. Моңғолия қазақтарында барлығы 300 ге тарта әдеби шығарма, зерттеу еңбектер мен қазақ қаламгерлерінің 30 жуық жинағы моңғол тілінде жарыққа шықты.

Қазіргі уақытта Моңғолия қазақтарының әдебиеті жанрлық түрі жан-жақты дамыған бай, әрі мазмұнды әдебиет болып саналады [31, 17-20].

Моңғолиядағы қазақ әдебиеті жайлы сөз қозғай отырып, ол өзінің бастауын ауыз әдебиетінен алатынын көреміз. Ертіс жағалауынан Алтай асып барып, Керейлер арасына сіңіп кеткен найман Тауданбек Қабанұлы, шығармалары ел есіне сақталған Ақытқажы Үлімжіұлының, Алтайдың ақиығы атанған Ақтан Бабиұлының шығармалары осы елдің әдеби мұрасының озық үлгілері болып табылады. Моңғолиядағы қазақ әдебиетін зерттеу сонау ХІХ ғасырдан бастау алады. Моңғол елін зерттеуге келген орыс саяхатшылары ондағы қазақтардың да әдебиетімен, салт-санасымен етене танысып, зерттеу еңбектеріне арқау етеді. Алайда, оның көпшілігі бізге жетпеген. Тарихшы, этнограф ғалым Шоқан Уәлихановтың да Моңғолияда болғаны, ондағы қазақтардың тұрмыс-тіршілігімен танысып, зерттеу еңбегін жазғаны жайлы мәлімет бар.

Моңғолия қазақтарының әдеби мұралары жайлы өз араларынан тұңғыш рет зерттеу еңбегін жазып, тыңнан түрен тартқан адам сыншы, жазушы, аудармашы ғалым, филология

ғылымдарының докторы, профессор Қабидаш Қалиасқарұлы. Ғалымның Моңғолиядағы қазақ әдебиетіне қатысты «Баян Өлгий қазақтарының ауыз әдебиеті» (Өлгий, 1969), «Моңғолия қазақтарының әдебиеті» (Өлгий, 1993), «Моңғолиядағы қазақ әдебиеті» 1-том (Өлгий, 1987); 2-том (Өлгий, 1994); 3-том (1995) т.б. кітаптары жарық көреді. Осыған қарап-ақ, Моңғолиядағы қазақ әдебиетінің 1969-жылдардан бастап-ақ, зерттеле бастағанын көреміз. Алайда, ғалымның зерттеу еңбектерінде 1995 жылға дейінгі кезең ғана қамтылған. Ғалымның баспа-сөзге берген сұхбаттарында жас қаламгерлер деп жазылған біраз ақын, жазушылардың өздерінің де көбі ондағы әдебиеттің негізін қалап, кейбірі өмірден өтіп те кетті. Одан соңғы жылдары бұл тақырыпқа Есенгүл Кәпқызы «Моңғолиядағы қазақ проза жанрының қалыптасу мен дамуы», Еркегүл Арыққарақызы «Моңғолиядағы қазақ поэзиясы және Кәкей Жанжұңұлының шығармашылығы» және Секей Жанбота «Имашхан Байбатырұлының әдеби мұрасы» тақырыптарында ғылыми диссертацияларын қорғады. Моңғолиядағы қазақ әдебиетін зерттеп-зерделеген кезде ең алдымен оны кезең-кезеңге бөліп қараған жөн. Мәселен, Ақыт қажы мен Ақтан Бабиұлының шығармаларын ауыз әдебиеті деп қарастырсақ, одан соңғы толқын 1960-жылдардың буыны деп, одан соңғы кезең әдебиетін қазіргі кезең әдебиеті деп қарастырған жөн.

Алайда, шетелдегі қазақ жастарының рухани құндылықтарға сусауы, қазақ әдебиеті мен мәдениетін тануға деген ұмтылысы бұрынғыдай емес. Оның себебін, біріншіден, жаһандану заманына сай деп топшыласақ, екінші жағынан, ұлттық мәдениет аясының тарылуы, қазақ мәдениетінен гөрі моңғол мәдениетін көбірек сіңіріп бара жатқандығынан болса керек.

Моңғолия қазақтарының әдебиеті туралы ғылыми басылымдарда, зерттеу еңбектерде азды-көпті айтылып жүргенімен, нақты ғылыми түрде сараланып, жіктелмеген. Бұл тақырыпқа қалам тартқандардың көбі белгілі бір тұлғаға арнайылап тоқталғанымен, сол адамның қатарластары жайлы көп мәлімет бере бермейді. Сондықтан, алда жарық көретін Моңғолиядағы

қазақ қаламгерлері туралы антологияның ғылыми маңызы зор болмақ.

XXI ғасырға табан тіреген қазақ әдебиетінің асар асуы әлі де нешеме ғасырларға созыла бермегі анық. Оның шарты ана тілінің қадір қасиетін жете таныған жас ұрпақтар арқылы жүзеге асады. Қазақ әдебиетінің үлкен бір саласы болып табылатын Моңғолиядағы қазақ әдебиеті де өзінің жаңалығымен, сонылығымен ерекшеленеді. Шет жерде жүрсе де салты мен санасын қаймағын бұзбастан сақтаған қандастарымыз әдебиетте де өзінің мөлдірлігін танытады.

Олардың шығармалары да қазақ әдебиетінің бір тармағы болып саналатындықтан, отандағы оқырмандарға шетелдегі қазақ әдебиетін насихаттағанымыз жөн. Диссертациялық жұмыста толығымен тоқталып өткеніміздей, Моңғолиядағы қазақ әдебиеті ғылыми айналымға толығымен енген емес. Зерттеу еңбектері сонау XIX ғасырдан басталғанымен, кейіннен ғалым Қабидаш Қалиасқарұлының қолға алуымен жарық көрген ауыз әдебиеті жайлы зерттеулер немесе бірлі-жарым тұлғаның шығармашылығына талдаулар болмаса толыққанды қолға алынбады. Әсіресе, қазіргі кезең әдебиеті тақырыбында ешкім сөз қозғаған жоқ. Оның себебі, ол жақта біріншіден, қазақ университеттері жоқ болса, екіншіден, Қазақстандағы қазақ университеттеріне ол тақырыптың әлі де тың, бейтаныс екендігі себеп. Сондықтан да, зерттеу жұмысымызда, Моңғолиядағы қазақ әдебиетінің қалыптасып, даму кезеңдеріне тоқтала келе, біраз ақын-жазушылардың шығармаларына тоқталып, талдадық. Сонымен қатар, қазіргі кезең әдебиетіндегі шоқтығы биік тұлғалар, яғни, ақын Сұраған Рахметұлы мен жазушы Ербақыт Нүсіпұлының шығармашылығын жан-жақты ғылыми дәрежеде саралап, талдадық. Әрине, Моңғолиядағы қазақ әдебиетіне осы екі тұлға ғана жауап бермейді. Алайда, көптеген тұлғаларға тоқталу, олардың әрқайсысының шығармашылығын саралап, талдап отыруға диссертациялық жұмыс аздық етеді. Сондықтан, келешекте олардың әрқайсысы бір-бір зерттеу жұмысының тақырыбы болуға лайық. Болашақта шетелдегі қазақ әдебиеті

қазақ әдебиетінің бір бөлшегі ретінде оқулықтарға енсе, ғылыми жүйеде толығымен зерттелсе деген үмітіміз бар.

Қорыта келгенде, Моңғолиядағы қазақ әдебиетінің қазіргі келбеті осындай. Бұрыннан зерттелмеген тың тақырып болғандықтан, сүйенер еңбек аз, жетімсіздігінің салдарынан көбінде өз ой-пікіріміз айтылды.

Жалпы айтқанда, Моңғолиядағы қазақ әдебиетінің отандық әдебиетке берері мол. Олардың өлең-жырлары, шығармалары көбіне өздері аңсап жүретін атамекен топырағын, отанды, адамгершілікті және барлық ізгі қасиеттерді насихаттауға арналған. Және бір ерекшелігі, олар қазақ әдебиетінің классик жазушыларының еңбектерімен сусындауымен қатар, моңғол әдебиетінің де майталман жазушылары мен танымал ақыындарының шығармаларынан сусындап өскен. Оларды да өздеріне ұстаз тұтқан қаламгерлер қос елдің рухани мәдениетінен тел еміп отырып, өздерінің ешкімге ұқсамайтын, бөлекше өз әдебиетін қалыптастырды.

Моңғолиядағы қазақ әдебиеті отандық әдебиеттің бір бөлшегі ретінде өзінің тұңғыық поэзиясымен, таңдамалы шығармаларымен, ізгілікті ту еткен қалпымен ғасырдан-ғасырға жете беретіні анық.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Кәпқызы Е. Баян-Өлгий аймағы – бұзылмаған қаймағы // Түркістан. – 2010. – 22 шілде. – 8 б.
2. Субханбердина Ү., Сейфуллина Д.С. Қазақ кітабының шежіресі. – Алматы: Рауан, 1996. – 288 б.
3. Сейітжанов З. Шыңжан қазақ әдебиеті. – Алматы: Қазақ университеті, 1999. – 185 б.
4. Секей Ж. Имашхан Байбатырұлының әдеби мұрасы. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясының авторефераты, Алматы - 2007. – 40б.
5. Қинаятұлы З. Жылаған жылдар шежіресі. – Алматы: Мерей, 1995. – 298 б.

6. Арыққарақызы Е. Моңғолия қазақтарының поэзиясы // Туған тіл. – 2012. - № 1
7. Қалиасқарұлы Қ. Өскен өлкенің өршіл әдебиеті. – Өлгий, 1976.
8. Әуезов М. Ертегілер. – Алматы: Рауан, 1957. – 255 б.
9. А. Миніс., А. Сарай. МХР, Баян-Өлгий қазақ халқы тарихы. – Өлгий, 1960.
10. Қалиасқарұлы Қ. Моңғолиядағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Арыс, 2009. – 240 б.
11. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 352 б.
12. Байбесік тұмалары. – Алматы: Атажұрт, 2010. - 192 б.
13. Қирабаев С. Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет. – Алматы: Ғылым, 2001. – 448 б.
14. Қазақ энциклопедия. – Алматы: Ғылым, 1988. Том 6.
15. Қалиасқарұлы Қ. Моңғолия қазақтарының әдебиеті. – Өлгий, 1993.
16. Бабиұлы А. Шығармаларының толық жинағы. – Өлгий, 1987.
17. Ғазизұлы Н. Моңғолиядағы қазақ поэмасы // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2010. - № 3. – 105-110 б.
18. Лиясұлы Я. Алғыр қаламгер – алғашқы әңгіме // Біздің Құрмаш. Өлгий, 1983.
19. Құрманхан. Шығармаларының толық жинағы. Өлгий, 1983.
20. Лиясұлы Я. Сегіз қырлы, бір сырлы ақын // Шұғыла. – 1993. – № 1.
21. Сейітжанов З. Қытай және Моңғолия қазақтарының әдебиеті // Қазақ әдебиетінің тарихы: кеңес дәуірі (1956-1990). – Алматы, 2006. 9-том.
22. Қазақстан жазушылары: Анықтамалық / Құрастырушы: Қамшыгер Саят, Жұмашева Қайырниса – Алматы: Ан арыс, 2009.
23. Құмарұлы К. Арпагер. – Астана: Рух, 2008. – 120 бет.
24. Мұқамәдиқызы Е. Қайтқан қаз. – Астана: Аударма, 2005. – 172 бет.



25. Жаңжұңұлы К. Жауқазын. – Алматы: Атажұрт, 2012. – 216 бет.
26. Рахметұлы Ш. Қарагер. – Алматы: Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы, 2006. – 192 бет.
27. Қабанұлы Б. Бұрымбибі. – Алматы: Атажұрт, 2010. – 164 бет.
28. Бәмішұлы Б. Тұмарлы таң. – Алматы: Көркем, 2003. – 160 бет.
29. Илиясұлы Я. Шеберлік деңгейі. – Өлгий, 1985.
30. Кәпқызы Е. Моңғол-қазақ әдебиетінде проза жанрларының қалыптасуы мен дамуы. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясының авторефераты, Алматы – 2000. – 140 б.
31. Тойшанұлы А. Моңғолиядағы қазақ әдебиеті // Керуен. – 2009. № 4

## АҚЫТ ҮЛІМЖІҰЛЫ

Шет елдердегі қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Ақыт Үлімжіұлы 1868 жылы Алтайда туған. Сол кездегі қазақтың ата-баба дәстүріне сай Ақыт ақын ауыл молдасы Ғұсыманнан түркі тіліндегі діни кітаптар алып оқыған. Құранды оқумен шектелмей, Құранның қираатын түзейді. Замандастары сияқты араб, парсы, түрік, шағатай тілдеріндегі кітаптарды оқумен қатар, шарифат ережелері аталатын ғылымды да меңгереді.

Үлімжі біздің атамыз,  
Құдайға күп түр қатамыз.  
Ғылым нұрын бір төкпей,  
Қараңғы қайтып жатамыз, –

деген жыр жолдары арқылы қараңғылықтан шығып, ғылымға ұмтылуды көкसेген ақын осы мақсатта кейін хатшылық жұмыста жүріп оғыз, шағатай тілдерін үйренеді. Алғашқы өлеңін 7 жасында жазған Ақыт ақын басты міндетін былай деп анықтаған:

Мысал жаздым азырақ,  
Асан ата сөзінен.  
Ғибрат алар бұл сөзден  
Алдын-ала сезінген  
Өсиетін жеткіздім  
Өтеп міндет өзімнен<sup>1</sup> [1, 11].

Ақыт ақын өлеңдері алаш әдебиетінің стилистикасына сай екені бірден аңғарылады:

Біссімілла деп бастайын!  
Аз ғана ғазыл баяным.  
Азырақ сөз сөйле деп,  
Түсімде көрген аяным [1, 11].

---

1 А. Үлімжіұлы. Жиһаншаһ. А., Атажұрт, 2007.

Ғұмырын жат жерде өткізген алаш ақынының сөздері Мір-жақып Дулатұлы және Ахмет Байтұрсынұлының жырларымен үндес:

Мына отырған жігіттер,  
Ақылы терең біліктер,  
Еліне пана, қорғаны  
Алаштан озған жүйріктер [1, 12].

Ақын Қазаннан шыққан «Әдебиет ғақлия» (1909) кітабында Ақыт Үлімжіұлы Қарымсақов Алтайский деген бұркеншік ат қолданған екен. Ақынның атасы Қарымсақ бай болған. «Алтайский» – мекені Алтай дегенді білдіргені: «Алтайскийден» дегеннің өлең жолдары А. Байтұрсынұлы мен Т. Шонанұлы шығарған «Оқу құралы», (Қызылорда, 1911,1912) Жүсіпбектің «Психологиясы» (1921) Мағжанның «Педагогикасы» (1922) кітаптарында жиі кездеседі. Мен өз басым бұл псевдоним-бұркеншік аттың кімдікі екенін бұрын білмеген едім.

Ауыл молдасынан діни сауатын ашқан Ақыт Бұхарға қашып барып Махбұбұлла деген молдадан діни білім алған. Осы кезде шығыс әдебиеті, араб, парсы, түрік тілдерін толық меңгерген. 1907 жылы Қобдадан қажылыққа аттанып бара жатқан топқа ілесіп Мекке-Мединеге барып қажылық парызын өтейді.

Әдебиеттің негізгі міндеті туралы ақын былай дейді:

Рақым қылсын бір Алла,  
Жүректен шешіп түйінді.  
Жаратушы Құдайым,  
Күпірдеп сақта тілімді.  
Анық-анық сөйлейтін,  
Ашқандай ғып кірімді.  
Ғибрат алшы, әлеумет,  
Әрбір нұсқа білімді [1, 14-15].

Ақыт ақынның оқырманы кім? Жат, бөтен жерде қасіретке толы ғұмыр кешкен замандасы ма? Ақынның оқырманы – оның жат елде сағынышпен өткен ғұмырының сырласы. Ол туралы ақын былай дейді:

Сөз сөйлейін білгенге,  
Құлақ салып түргенге [1, 15].

Өз замандастары туралы келесі жолда айтылған:

Қуанамыз мәз болып,  
Тірлік дәурен сүргенге.  
Бұлғақтаған сұм жалған  
Еркімізге тигенге.

Мұсылман ақын келесі тармақта көркем уағызды анығымен  
алға тартады:

Қанша қызық көргенмен,  
Дүние жолдас болмайды,  
Қараңғы көрге кіргенде [1, 15].

Кейбір замандастары туралы Ақыт ақын былай депті:

Жалған деген жарық қой,  
Қанша ғалам халық қой.  
Күнәлі құл, шабандар  
Оны да ұғып танып қой [1, 15].

Алтайдағы қазақ елін азаттыққа үндеген ақын заманының  
белсенді өкілдерінің басты айырмашылығын қалай бейнеле-  
ген? Олардың басқаларды қаралауына не себеп болды? Бұған  
Ақыт ақын былай депті:

Ойлағанға, жігіттер,  
Алдаушы мына жалғанның  
Өкінерсің ақырда  
Жолдас қой деп нанғаның  
Жалғанның арты жақын ғой,  
Тыңдасаңыз ақыл ғой,  
Жүз жиырма төрт мың пайғамбар  
Солар да өтіп жатыр ғой

Солардан кәпер қылмаған  
Дінге мойын бұрмаған  
Ендігі жандар «батыр» ғой [1, 16].

Ахмет Байтұрсынұлы: «асыл сөз» – әдебиет – адамның жан қоштау қажетінен» туған ілім дейді. Оның басты шарты сонау ақ сәлделі әл-Фарабиден келе жатқан ғибраттық міндет. Бұны Алаш әдебиеттануы дәлелдеп берген теориялық тұжырым. Алаш ақыны Ақыт өзінің сөзін былай деп бастайды:

Алтайда бұлбұл сайрадым,  
Көк орай шалғын жайладым.  
Тәуекел деп әр істі  
Алладан медет айладым [1, 18].

Бір Алладан басқа жан  
Ара тұрмас ажалға  
Не ғаламат болып тұр  
Осы мына жалғанда [1, 22].

Ақыт ақын оқырманына мен өзім бәрін білем дегеннен аулақ, ол оны пікір алысып, сырласуға шақырады:

Кеңес құрдым азырақ  
Жігіттер, тыңда, мін бар ма?  
Бір-біріңе сын бар ма?  
Жалғанның ісін сөйледім  
Өзім жеке көргендей [1, 22].

Ақынның тұсындағы адамдар қандай болды? Асыл сөз иесі Ақыт ақын өз заманының қасіреті туралы былай деген:

Тозған заман тұсында  
Сарысу деген ас болар  
Ішетіндер мас болар  
Шыны-аяғы тас болар  
Ұры-залым, тентектер

Ауылына бас болар  
Малды жігіт шертиіп...  
Тойғанына нас болар

\*\*\*

Елді тура бастамай,  
Надан билер дал болар  
Шарифатын айта алмай  
Ғұламалар хор болар [1, 25].

1931 жылы Ж. Аймауытұлы мен Шәкәрім репрессияға ұшырағандардың алғашқылары болып атылды. Осы жылы Ақыт ақын «Қалам, сия – көз жасы» толғауын жазған екен. Толғау деген себебіміз А. Байтұрсынұлы айтқандай бұл жанр өлеңнен ұзақтау болып табылады. А. Байтұрсынұлы былай дейді: «Толғағанда айтатын нәрсесін толғаушы тысқарғы ғаламнан алмай, ішкергі ғаламнан алады. Толғаушы ақын әуелі көңілінің күйін-мұңын, мүддесін, зарын, күйінішін, сүйінішін айтып, шер тарқату үшін толғайды; екінші, ішкергі ғаламында болған халдарды, нәрселерді тысқа шығарып, басқаларға білдіріп, басқаларды сол көңілінің күйіне түсіріп, халін түсіндіру мақсатпен қозғайды. Толғау, қысқасын айтқанда, *іш қазандай қайнаған уақытта шығатын жүректің лебі, көңіл құсының сайрауы, жанның тартатын күйі*. Ақындық жалғыз өз көңілінің күйін толғай білуде емес, басқалардың да халін танып, күйіне салып толғай алуда... Толғау – ішкергі ғаламның күйі...»<sup>1</sup> [2, 274]. Ақыт ақын толғауы тура осылай басталады:

Біссімілля болар сөз басы,  
Қалам, сия – көз жасы.

Екінші тармақтағы сөйлем Ә. Бөкейханның Мәскеуден жазған хатында айтылған сөздерін еске салады:

---

1 Байтұрсынұлы А. 5 томдық шығармалар жинағы. 1-том. А., Алаш, 2003.

Көңіл келді желпініп,  
Қара перде серпіліп  
Аз ғана кеңес қозғашы.

Тура осы ой сол кезде Абай, Шәкәрім, Сәкен өлеңдерінде де орын алған.

Заманның хал-жайын  
Сірә да кімнен көресің  
Жан жолдасың – қарауыл  
Барында кімге сенесің [1, 30].

Бұл өлеңдегі «жан жолдасың – қарауыл» – иманды меңзеп тұрғаны анық.

Сәкен айтқан: «Тар жол, тайғақ кешу» кезеңі Алтайда қандай болды? Жат елдегі қазақ қандай қасірет шекті? Ол туралы былай делінген:

Заманың келді қырланып,  
Боранды бұлттай сұрланып.  
Әуре болған аз қазақ,  
Әрбір іске шырмалып [1, 30].

Келесі жол – Алаш ардақтылары туралы:

Көзі ашық ойлы азамат,  
Ой ойланды тырбанып.  
Жүрміз мәз боп біз қазақ,  
Мағрипаттан құр қалып.  
Біз жайынбыз өзге ояу,  
Несіне мәз боп жырғалдық.  
Жайын жатсаң жау таяу,  
Бекер босқа тұрмалық .  
Уақыт – өтсе қайырылмас,  
Құйрығы жылпық бір балық.  
Ұйықтасаң өзге не қылмас,

Ояналық шыңдалып.  
Өзге халық неғып тұр,  
Оларды да тыңдалық [1, 31].

Міржақыптың «Оян, қазағын» оқығандай ақын былай дейді:

Оян, қазақ, намыстан,  
Өнер ізде алыстан!  
Үйреніп анық біле алсаң,  
Сен де ешкімнен қалыспан.

\*\*\*

Бәсеке заман кез болды,  
Жанның бәрі жарысқан.  
Үйқыдан оян, тез бол, деп  
Түрегеліп алысқан.  
Қайлалы халық арыстан,  
Қайласыз халық көртышқан.  
Елі мен жерін қорғауға,  
Қай-қайсысы қарысқан.  
Сен де қамдан бас көтер,  
Қамданбасаң бас кетер.  
Баяғыдан жаттың ғой,  
Енді оянсаң нең кетер!  
Оянбай жатсаң бүркеніп,  
Басқын басып меңдетер.  
Денемен өсер кетті күн,  
Өнермен ел ер жетер.  
Оянбай жатсаң қайтейін.  
Үйықтап қалсаң қатты мін,  
Қай досың келіп тербетер?! (1, 34).

Қазақ қандай бағыт ұстануы абзал? Ол туралы да нақты жол көрсетілген.

Құдайға шүкір дін жарық,  
Қараңғыға қосылма



Иман анық, нұр жарық  
Қараңғылық деген сол  
Мағрипаттан құр қалып

Ақын жат елде өзінің ұлт – азаттығын аңсаған күйін былай деп бейнелеген:

Өзімізге ермедік  
Енді қайсың жақының.  
Атасы бөлек алыс жұрт  
Білді ме екен ата ұлын.

Алаш ардақтыларының қадірін білмегендерге Алаш ақыны былай дейді:

Ұғылмай-ақ кетер ме  
Сайрап тұрған не бұлбұл  
Көзі жоқпен тең өтті-ау,  
Жүйрікпенен не дүлдүл [1, 30].

Ақын заман келбетін де нақты суреттеген:

Қатерлі заман оқпен тең...  
Бұл сөзімді байым қыл.

Ақын осыған қарамай қазақты ұлт тәуелсіздігіне шақырады:

Сонда да ойла адамдық,  
Аң емессің түздегі.  
Кейінгі жас ұрпақты  
Білімді жан қылалық  
Әңгіме сөздің түйіні  
Қамын ойла елінің [1, 36].

Келесі өлеңі А. Байтұрсынұлының «Сарымасасы» мен Міржақыптың «Оян, қазағының» жалғасы сияқты:

Енді қазақ, ұйқыңды аш!  
Жатқанның соры арылмас.

Ұйқыдан көтер басыңды,  
Өнерге көндір жасыңды.  
Сенен басқа халықтың,  
Ұйқысы шайдай ашылды.

Алаш ақыны Ақыт қажы жас ұрпаққа былай деп өсиет айтады:

Ғылым-білім мағырипат,  
Тыныш жатсаң да ұғып жат,  
Ел білгенін білсеңіз  
Қатарға кіріп жүрсеңіз

Дүние жұрттың ісін қыл  
Құлаққа мақта тықпаңыз! (1, 37)  
Оян, оян! Ой ойлан,  
Сөз мәнісін ұқсаныз (1, 38).

Ата жұртқа деген сағыныш пен жоқтауы ақын тебірене, жан сырын ашқандай толғайды:

Береке қылып жұм болсаң,  
Қайран қазақ баласы.  
Іждиһатта бір болсақ,  
Болады кімнің таласы.

Артта қалсаң алақтап,  
Дұшпанның қанар табасы.  
Ұқтыра алмай салақтап,  
Қаңғиды жұрттың ағасы.  
Жұмырланған жұм елдің,  
Аман жүрер жағасы.  
Берекесіз сұм елдің,  
Халқын байқап қарашы.  
Ойлап тұрсам жазылмас,  
Қайғылы жүрек жарасы [1, 38-39].

«Әлһамдулилла! Алты миллион қазақпыз!» деп А. Байтұрсынұлы мен М. Дулатұлы ХХ ғасыр басында айтқандай Ақыт ақын да өз толғауында қазақтың саны мен ойы туралы былай дейді:

Алты миллион қазақ ұлт,  
Бір атаның баласы.  
Бытыратқан оларды,  
Қөңілінің аласы.

\*\*\*

Ақылға жұмыр болсаңыз,  
Адамдыққа толсаңыз.  
Мынау да халық дегендей,  
Толғандай болса ортаңыз.  
Болады кімнің таласы [1, 39].

Келесі толғау Абай ілімінің жалғасы сияқты:

Ақылсыз, ойсыз, білімсіз  
Әдепсіз, жаһыл – ғылымсыз  
Тамағың тоқ, қайғың жоқ,  
Хайуан малша жүріппіз.  
Дін, дүниеден болып «тоқ»,  
Қайғысыз өмір сүріппіз [1, 42].

Осыншама ғибратты асыл сөз айтқан ақын толғау соңында құсалықпен өткен ғұмырының күйін бізге осылай өлеңдері арқылы аманат етіп кетіпті.

Біз өз жерімізде туып өстік. Ал жат елде өмір сүруге мәжбүр болған қазақтың күйі қандай болды? Отанынан айырылған тұлғаның көрген күні қандай болды? Қазақ тарихшылары бұл мәселені әлі арнайы зерттемеген.

Ал, қазақтың асыл сөзінде бұл мәселе анығымен нақтыланған. Ақынның жүрегі қандай қасірет шекті? Ол туралы ақын былай деген:

Басына біреу салса шок.  
Қайтіп шыдап тұрасыз.  
Айтқан сөзге көнбеген  
Наданға нешік қыласыз!

\*\*\*

Мұны жаздым, жарандар!  
Исі қазақ затына.  
Қазақ-керей ақыны.  
Ақыт пақыр ағаңның,  
Нұсқа қылсын артына.

\*\*\*

Жаным кейіп, күйеді-ау,  
Осындай істің парқына.  
Қилы-қилы заманның,  
Уақыт жетті шалқыма.  
Қайран елім, оқып жүр,  
Көңіліңе тоқып жүр!  
Қалдырған сөзім артыма (1931).

Осыншама ғибратты асыл сөз иесінің қасиетті кітап – «Құранды» аударуға ниеттенбеуі мүмкін емес еді. Өзі бастап берген бұл істі ұрпағы жалғастырып шығарған. «Құран» қазақ тіліндегі қажетті басылым екені анық еді. Бұл өз алдына арнайы сөз етілетін мәселе.

Ақыт ақынның ең алғаш жарық көрген кітабы «Жиһанша Тамұз Шаһ ұғылы» Қазанда 1891 жылы шыққан. Сол жылдан 1914 жылға дейін Алаш ақыны Ақыттың Қазан, Орынбор, Семей баспаларында 9 кітабы 17 рет басылған.

Алаш ақыны туралы 1897 жылы Ресейдің түркі тілдерін зерттеуші ғалым, проф. Н. Катанов «Деятель» журналында арнайы мақала жариялаған. Бұл да өз зерттеушісін күтіп тұрған ғылыми мәселе.

Ақыт ақын 1940 жылы Шыңжаң билеушісі Шың Шысайдың бұйрығымен Үрімжі түрмесінде қиянатпен өлтірілген. Сол кезден 1970 жылға дейін кітаптары жоқтаусыз қалды. Кеңес кезіндегі алғаш зерттеу 1972 жылы Қабидаш Қалиасқарұлы-

ның «Ақыттанудағы алғашқы талпыныстар» атты еңбегі болып табылады. Монғолияда ақынның 120, 125, 130 жылдық мерейтойлары аталып өткені белгілі. «Қажыбаян», «Жиһаншаһ» кітаптары шыққаны да белгілі<sup>1</sup>. ҚХР-да екі томдық жарық көріпті. Діншіл деп кінәланған Ақыт ақынның 140 жылдық мерейтойы қарсаңында алғашқы кітабы Кеңес кезіндегі тәуелсіз қазақ елінде енді ғана жарық көріп отыр<sup>2</sup>. (Алматы, 2007).

Ғылым – сәуле, нұр – жарық  
Оқымай болмас құр жарық.  
Тырманьп ғылым оқысаң,  
Жүрегіңе тоқысаң,  
Көресің сонда бір жарық.

Білім білген жақсы жол  
Өнеге алсаң молладан  
Мен жазайын бір мысал  
Жәрдем сұрап Алладан [1, 78].

Балаларым, оқыңыз,  
Жүрегіңе тоқыңыз.  
Өжет қылып шығарған  
Ақыт қажы софыңыз [1, 82].

Алаш ақынының бұл көркем сөздері тәуелсіздік кезеңнің басты рухани асыл ойлары болып қала бермек.

---

1 Үлімжіұлы А. Жиһаншаһ. Өлеңдер. Дастандар. Алматы, 2007.

2 Қорамсақов А. Үлімжіұлы. Алтайский. – толғау. 1909 ж. кітап. «Әдебиет Ғақлия» Қазан тип. Домбровского

## КӨДЕК БАЙШЫҒАНҰЛЫ

Қилы заманның қиындықтарына иілмей, артына қыруар жыр-мұра қалдырған арқалы ақынның бірі – Көдек Байшығанұлы. Ол 1888 жылы Алматы облысының қазіргі Райымбек (бұрынғы Нарынқол) аудандағы Шалкөде жайлауында дүниеге келген.

Көдектің кішкене кезінде анасы қайтыс болады да, атасы Маралбайдың бауырында өседі. Әкесі Байшыған мен атасы Маралбай – екеуі де қағытпа-қалжыңға ұста, сөзге шешен адамдар болыпты. Байшыған өз кезінде айтыс ақыны ретінде танымал болған көрінеді. Көдектің ақын болып қалыптасуына әкесінің де әсері аз болмаса керек.

Шағын ғана шаруасы бар Маралбай атасының тәрбиесінде өскен Көдек жасынан зейінді-зерек болып, өз бетімен хат таниды.

Әліпбиді ежіктеп танып алдым,

Бірте-бірте шимайлап қанығармын, –

деген жолдар ақынның қалай хат танығанын аңғартса керек. Халық әдебиетінің нәрлі құнарын бойына сіңіріп, тамыршыдай тап басып, тауып сөйлейтін өнерлі ортада өскен Көдек сиқырлы сөздің сырына ерте қаныққан. Қиыннан қиыстыра білуге машықтанған.

Он үшке он екіден адымдадым,

Атымды өзім ерттеп жабындадым.

Той болған тамашалы жерге барып,

Өлеңге сол кезімнен ағындадым [1, 209 б.] –

деген сөзі осыған дәлел.

Он екі-он үш жаста ақын ретінде танымал бола бастаған Көдек бұрыннан келе жатқан импровизаторлық дәстүрді жалғастырып өлеңді қолма-қол суырып салып ауызша да айтқан, жазып та шығарған.

Көдек 1918 жылы әскер қатарына алынады. Хиуа, Бұхар хандықтарына қарсы азамат соғысына қатысып, 1920 жылы денсаулығына байланысты елге оралады. 1921-1923 жылдары облыстық атқару комитетіне қарасты ерікті халық жасақшыларының бастығы болса, 1923 жылдан болыстық атқару комитеті

төрағасының орынбасары, Сүмбе ауылдық кеңесінің төрағасы болып істейді. Ақын жиырмасыншы жылдары іске аса бастаған ұжымға біріктіру, ауқатты адамдарды тәркілеу кезіндегі шолақ белсенділердің асыра сілтеген іс-әрекетін сынаған өлеңдері үшін қуғынға ұшырайды. Бұл аздай, бір жағынан, алапат аштық қысады. Осы сияқты нәубеттерге төзе алмаған халық бас сауғалап Қытай еліне ауады. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі кезінде Қытайға өтіп, бір жылдан кейін ғана келген Көдек осы қатардағы елмен бірге 1930 жылы ата-қонысынан еріксіз ауады. Оны замана зардабы шетелде шерменде тірлік етуге мәжбүр етеді.

Ақын «Қоштасып қалдырдым да Албан елін» деген өлеңінде шетке кетудің себеп-салдарын нақты айтады:

Ет пен сүт салығынан шошыған жұрт,

Қарасу кешіп жерден ауған едің.

Жазықсыз халық жауы атанған соң

Мекенін тастап шықты аумағы елдің [1, 98 б.], –

дейді. Шекара шебінен өткен ақын Іле аймағына қарасты Мұңғылқүре ауданы Ақдала деген жеріне келіп қоныстанады. Өз кезінде ақпа-төкпе ақын ретінде кеңінен танылған Көдек 1937 жылы Мыс деген жерде аудырып қайтыс болады.

Көдек мұрасын шартты түрде жас кезіндегі өлеңдері, 1917 жылдан 1930 жылға дейінгі туындылары және 1930-1937 жылдар аралығындағы өлең-жырлары деп үш кезеңге бөлуге болады. Көдек он үш жасынан бастап-ақ ауыл арасында өтетін той-тоймалақта өнер сайысы – айтысқа араласады, есімі елге белгілі бола бастайды. Ал өсе келе өлеңді суырыпсалып та, жазып та шығаратын ақпа-төкпе ақын болып қалыптасады.

Ақынның жас кезіндегі өлеңдері қысқа, бірер қайырым ғана болып келеді. Өйткені айналасындағы көріп-білгенін, көңілге түйгенін, әрекетін өлеңге айналдыруға бейім болады. Оның «Ата», «Әже», «Бір қызға», «Маң төбет», «Бір болысқа», «Телкүрен», «Саумал» т.б. өлеңдері қолма-қол айтылған қағытпа-қалжың болып келеді. «Бір балаға» өлеңінде былай дейді:

Атыңнан айналайын жақсы-ақ Құдай,

Болмапты кейінгі ұлы бастапқыдай.

Кісіге үйге келген маза бермей,  
Тапқанша мұндай ұлды тас тапқыр-ай.

Өлең бір балаға қарата айтылса да, баланы тентек етіп өсірген ананың әрекеті нысанаға алынады. Ал ұстаудың ретін жете білмейтін қымызы ашымай қалған бір жеңгесіне көптің алдында-ақ:

Бұл қымыз қазір іріп ашымаған,  
Секілді шикі сорпа татымаған.  
Сапырып үлестіріп құйып отыр,  
Жарайсың жақсы жеңгем жасымаған. –

деп әзіл-қалжың, іліп-қақпа түрінде айтқан өлеңімен жеңгесінің салдыр-салақтығын мысқыл етеді.

Ақынның бір қыры – сын-сықаққа бейімділігінде. Сатиралық сарын оның ілгерінді-кейінді жазған туындыларының көбінен-ақ аңғарылып тұрады. М. Әуезов 1927 жылы Ленинградта жүргенде жазған бір мақаласында Көдектің ақындығы жайында айта келіп: «Парасатты ойлайтын, айналасына сын көзбен қарайтын ақын өлеңдерінің актуальды тақырыптары әрқашан да өзіне тән айқын сатиралық мәнге ие» [2] - деп жазады.

Мұндай ерекшелік ақынның көптеген туындыларынан табылады.

Бірде қаралы хабарды айтуға келген адам сыртта ешкім көрінбеген соң үйге кіреді. Үйде отырған Тергеубай «Неге үйге кіріп айтасың?» деп хабаршыны сабап жіберген көрінеді. Мұны естіген Көдек қолма-қол былай депті:

Үйінде екен барғанда,  
Мұсатай, Итжан манабың.  
Хабар айтқан кісіні,  
«Үйден кет!» деп сабадың.  
Көрмеске уәде етіп пе ең,  
Ағайынның намазын.  
Қапшығыңда бар ма еді,  
Өлместен алған қағазың.

Халықтық салтқа қарсы мінез-қылық көрсеткен Тергеубайдың әрекетіне ашынады, айыбын бетіне басады. Ауыр сөзбен айыптай отырып шенейді.



Тумысынан өткір тілді Көдек тосын сөзге тосылмай, жауап қайтара берумен де ерекшеленеді.

Бірде ауылған келген Бөлтірік ақынға Көдекті сынату үшін көкпар тартып жүрген оны шақыртады. Көкпарын тастап Бөлтіріктің алдына келген жас жігіт бірден:

Ассалаумағалейкум, алдияр,  
Шақырған соң кеп қалдым.  
Жүрісім өте асығыс  
Көкпарды қуа бетке алдым.  
Нөкерлерім қасымда,  
Өкшелеп, қуып, жетсе алдым.  
Аялдасам кешігіп,  
Аттың тері бос қалдың.  
Жасыңа құлдық аталар,  
Айтарыңды деп қалғын, –

деп өзінің жағдайын іркілмей, өлеңмен өріп жібереді. Баланың алғырлығын байқаған Бөлтірік: «Ауылдарыңнан дауылды, ақ тұйғын ақын шыққалы тұр екен, жолы болып, алдынан нұр жаусын!» – деп батасын беріп, риза болыпты.

Өлеңді төгіп те айтатын, жазып та шығаратын Көдек ауыл арасында болатын той-тамашаларда көзге түседі. Он үш жасында күйеу жолдас болып барған Көдек бір қызбен сөз қағыстырады. Алдымен жөн сұрап, онан соң айтысуға дайын екенін айтады:

Алыстан әдейі іздеп тойға келгем,  
Төгілген құйрық-жалы жорға кермен.  
Аралап әріптесті іздеп жүріп,  
Өзіңді топ ішінен зорға көргем.  
Атың кім, қай русың, жөніңді айт,  
Көрікті қос перизат бойға келген, –

дегенде қыз:

Ұқсаңыз, сұрасаңыз атым – Әйім,  
Қожбанбет руым, білсең жайым.  
Жолыңды ал, тоғызыңды ал, құда бала,  
Кісі атын қиыстырып айта алмаймын. –

деп жолын беріп, айтысудан бас тартады.

Көдектің ұзақ-сонар айтысы болмаса да, жоғарыдағыдай сөз қағысулары баршылық. Ол ойын еркін, батыл жеткізе алатын ақпа-төкпе әрі алымды да шалымды ақын болғаны бірден аңғарылады.

Ақынның біршоғыр өлеңдері арнау түрінде айтылған. Мәселен: «Жансерке әжіге», «Ажар жеңгем», «Жамалға», «Қайнарбайға», «Тазабек батырға», «Әубәкірге», «Тұрлықожа», «Уәжіп молдаға», «Лияс Жансүгіровке», «Молдарақыманға», «Оқушыларға», «Ибатқа», «Ораз Жандосовқа», «Әуезге», «Нұрқожаға», «Сасанның баласы Мақсұтқа», «Мұғалімдерге», «Тыныбайға», «Әлімқұл Нүсіпқожаұлына», т.б. өлеңдерінде жақсы-жаман адамдарды салыстыра сипаттап, өрелі ой түйге ұмтылады. Халық әдебиетінен сусындап, оның бай дәстүрін бойына сіңірген ақын болғандықтан, оның біраз өлеңдері арнау түрінде айтылған. Ауызша өлең шығаратын ақын атаулының көп туындысы жеке адамдарға арнау түрінде айтылатыны ежелден келе жатқан салті [3].

Қандай қаламгер болса да, өз заманының моральдық-адамгершілік, имандылық мәселелерін айналып өтпейді. Тіпті, түптеп келгенде, әдебиеттің объектісі – адам емес пе? Осы жақсы-жаманды қатар ала отырып, ұтымды пікір айтады. Бірде Ажар есімді жеңгесі «Мені өлеңге қосып мақташы, қайным» десе керек. Сонда Көдек:

Бұл кісінің әдеті,  
Көк инені түртпейді.  
Жыртық киім, кір киім,  
Жүк бұрышына бүктейді.  
Әңгімесі, күлкісі,  
Не бітпейді, жітпейді. –

деп мақтаудың орнына сын айтады. Оның «көк инені түртпейтін», олақ, үй ішіне дұрыс қарамайтын салдыр-салақ екенін тура айтып бетіне басады. Оның тура айтуы туғанына жақпаса да, әркез шындықты айтуды мақсат еткені аңғарылады. Ақын көптеген өлеңдерінде ешкімнің де бет-жүзіне қарамай, артық-кемді ашық айтады. Кейбір арнаулары сын түрінде болса,

кейбірі мадақтау сипатында жазылған. Мәселен, «Әубәкірге» деген өлеңінде:

Дәулеті, мансабы бар ел жақсысы,  
Әр ісін ақиқатпен шамалаған.  
Шетінде сол мансаптың сіз де барсыз,  
Ел-жұртың жан-жағыңды паналаған.  
Адасқанға ақылмен жол көрсетіп,  
Талайдың ісін оңдап саралаған.  
Бұрынғы білермендер айтқан екен:  
«Азбайды халық сенген адал адам», –

дейді.

Ақын мансабы бар ел басшысының жақсы істеріне ризалық білдіреді. Ел қамын ойлайтын әділ, қамқор басшыны үлгі етеді. Адасқанға жол көрсетіп, кем-кетікке қол ұшын беретін Әубәкір сынды адамның жақсы ісін жария етеді, сенім артады. Көдек «І. Жансүгіровке» арнауында да «Алаштың азаматы қандай болар?» деп сауал тастайды да, өзі жауап беруге тырысады. Өйткені ел тағдыры алаш азаматтарына байланысты екенін жақсы сезінген. Алаш азаматы қарабасының қамын ғана ойламауы керек.

Алаштың азаматы қандай болар,  
Елдің жаны өзіңе жандай болар.  
Елі үшін еміреніп, тебіреніп  
Айтқаны шекер менен балдай болар.  
Қанша артса да еселеп көтеретін,  
Көш басы жүк артатын нардай болар.  
Бүкіл елдің көзі мен көңілінде  
Төбесінде толқыған айдай болар.

Бұл өлеңінде ақын қазақ халқын бөлмей-жармай тұтас алып ой сабақтайды. Бүкіл алаш баласын қамти сөйлеп, оның азаматы қандай болу керектігін айтады. Сонда Алаш деп отырғаны кім? «Алаш (ежелгі түрік сөзі – бауырластар, қандастар, туыстар) – көне заманда, түркі халықтары бөліне қоймаған қауым кезінде дүниеге келген ұғым. Ортағасырлық және одан ерте кездегі деректерде қазақтың өз алдына ел болып хандық құрғанға дейінгі ежелгі тайпалардың ортақ атауы» (ҚҰЭ. А., 1998. – 1 – Т.

– 246 б.). Алаш азаматы қандай жағдайда ел құрметіне бөленеді? Ол үшін елім деп еңбек ету қажет екен. Ақынның ойы – бірді емес, мыңды меңзейді. ХХ ғасыр бас кезіндегі заман зауалынан сескенеді. «Кім білер, кейінгі ұрпақ қандай болар?» – деген күдігі бой көтереді. Сондықтан қазақ халқының еркін ел болуы алаш азаматына байланысты деген түйінге келеді. Өлеңді Лияс сынды ақынға арнауы да тегін болмаса керек. Қазақ елінің тағдырына алаңдаған ақын алаш азаматына сенім артады.

Көдек бірнеше өлеңдерінде албаннан тарайтын рулардың (айт, құрман, шүйке, құсық, қалыбек, сүйіндік, шоған, алжан, қожбанбет, сары, т.б.) басты-басты беделді адамдарының іс-әрекетіне сипаттама береді. Осы арқылы олардың әлеуметтік бейнесі көрінеді. Сондықтан ақын тағы сол алаштың азаматтарына бекер назар аудармаған. Азаматы жақсы болса, ел мен жер де жаман болмайды. Ел де, жер де бүкіл алаш азаматына ортақ, олардың тіршілігінің тірегі, құт мекені. Алаш азаматы арқылы ел іргесі берік болып, берекелі ынтымақ орнайды деп біледі. «Ата-баба» өлеңінде былай дейді:

Қалыбек пен Сүйіндік,  
Артық туған бағадан.  
Сүйіндігі би болған  
Шарапаты бар адам.  
Билігіне разы  
Алдына келген сан адам.  
Немесе:  
Сайынбөлек батыр боп  
Қалмақты жарға қамаған.  
Не:  
Тезектің кезі ер Жайнақ,  
Үлгі көрген бабадан.  
Тартынбай тауып сөйлейтін  
Ойы тұнық, дана адам.  
Нияз атам бай болып,  
Бақ қонып, қызыр қараған...  
Берекелі ынтымақ,  
Іргені берік қалаған.

Бұл жолдарды оқып отырғанда бірінің би (Сүйіндік), бірінің (Сайынбөлек) батыр, бірінің (Жайнақ) шешен, бірінің (Қалыбек) қайыры көп, енді бірінің (Ниязбек) бақ қонып, бай болғанын аңғаруға болады. Мұндағы бір ескеретін жай: ақын тапқа бөліп, саясаттың ығына жығылмайды. Олардың билігі мен байлығы, тұнық ой шешендігі мен батырлығы, жомартығы мен ақылдылығы халық мүддесі үшін жұмсалғанына ризалық білдіреді.

Ел басшыларының берекелі ынтымағы ел іргесінің берік болуына үлкен ықпал етеді. Басқаша айтқанда, бидің бәрі – жемқор, батырдың бәрі – аңғал, байдың бәрі – сараң емес екен. Ақын қоғамдық ортадағы сан түрлі жағдайға сүлесок жеңіл қарамаған. Академик М. Әуезов ақынның осындай қырағылығына ризалық таныта: «... Өзгеше үлгідегі даланың дара ақыны мазмұны мен қоғамдық рөлі жөнінен әлдеқайда қызығырақ саналады. Солардың жарқын бір үлгісі – албандар арасындағы Көдек ақын» [2] – деп лайықты бағалайды.

Ақын арнау өлеңдерінің кейбірінде адамдардың жақсы, жаман мінез-қылықтарын, іс-әрекеттерін салыстыра сипаттап, өрелі ой түйге ұмтылады. Ол «Жаман еркек» деген өлеңінде былай дейді:

Жақсы әйелге күмәнқор жаман еркек,  
Күзетер басқан-тұрған жерін өлшеп.  
Күлсе де, сөйлесе де күмән етіп,  
Тұрады қаны қайнап, ішін өртеп.

Осы жолдардан ер адамның кісілік келбеті анық байқалады. Мұндай отбасының түтіні түзу шығады деу қиын. Бұл – күмәнқор жаман еркек. Мұндай «қаны қайнап, іші өртеніп» тұратын еркектен қандай үміт күтуге болады? Сондықтан, ақынның жақсылыққа жаны жадыраса, жамандыққа жаны күйері анық. «Арнау өлең – белгілі бір адамның бейнесін, мінез-сипатын суреттеу мақсатымен жазылған дербес поэзиялық туынды» [4, 35 б.] екенін ескерсек, бұл шарт Көдек өлеңдерінде сақталған.

Ақынның «Әйел туралы» өлеңінде:

Ерге арман әйел алу ақылдыдан,  
Әр істі жақсы әйел мақұл қылған.

Ауылдас ағайынға ұйытқы болып,  
Жатты да, туысты да жақын қылған.  
Немесе:  
Қисық сөз, қыңыр мінез жар жаманы,  
Ұйқы, ойын, киім, тамақ бар арманы.  
Нысапсыз, сараң, шадыр, арсыз, мылқау,  
Осымен күн өткізер ер жаманы. –

дейді.

Мұнан екі түрлі әйелдің кейпін көреміз. Алғашқы шумақта жақынды да, жатты да туыс санайтын, ағайын арасына ұйытқы болып жүретін ақылды әйелдің ісі көрінеді. Бұл – ауыл-аймақтың береке-бірлігін сақтап, ел анасы дәрежесіне көтерілген әйел. Ал кейінгі тармақтардағы айтылатын әйелдің мінез-машығы мүлде басқа. Нысабы жоқ, сараң, мінезі шадыр, арсыз әйел ер адамды қалай бақытты ете алады? Ой-өрісі төмен, имандылық-инабаттылығы кем мұндай әйел жақсы жар бола алмайды. Өзінің аналық парызын да дұрыс атқармайды. Айналасына мұндай әйелдің де әсері аз болмайды. «Жақсыдан – шарапат, жаманнан – кесепат» деген сөз осындайдан айтылса керек. Сондықтан адамзат өз тарихының ұзына бойында адам қандай болуы керек? Ол неден қашық, неге асық болуы қажет дейтін мәселені бір сәтте есінен шығармаған. Қалыптасқан тәрбие-тәртіптің бұзылуы кісілікке нұқсан келтіруі мүмкін. Сол себепті бұл мәселеге ілгерінді-кейінді өмір кешкен ақын-жыраулардың бәрі де назар аударған, ой толғаған. Солардың бірі – Көдек.

Ақын арнау өлеңдерінің көпшілігінде жеке адамдардың іс-әрекетіне, мінез-құлқына баға береді. Кейде қағытпа-қалжың түрінде айтқанымен де сол адамның адамгершілік болмысы ашылып отырады. Өйткені ата-бабадан келе жатқан жақсы дәстүрді – әдепті сақтап отыру жеке адамдардың көңіл-күйіне де, қоғамдық ортадағы қарым-қатынасқа да әсерін тигізеді. Басқаша айтқанда, адам қоғамнан тысқары өмір сүре алмайтындықтан, әлеуметтік орта қалыптастырған адамгершілік нормаларын сақтауға міндетті. Кейбір өлеңдерінен «жақсының жақсылығына» деген ілтипаты аңғарылып отырады. Көк жайлауда

көп адам қымыз ішіп отырғанда қолма-қол айтқан бірнеше өлеңі бар.

Үйін таза ұстап, асын дәмді жасайтын, сыйластықты сақтап, әулеттің абыройын көтеретін ұқыпты әйелдерге ризалық білдіреді.

Құрметті қайран апам қандай еді,  
Қымызы шекер менен балдай еді.  
Исі күндік жерден аңқып тұрған  
Асқан сүрі қайырған майдай еді.

Немесе:

Көрікті бұл жеңгейдің сүйек сыны,  
Байқалмас тұлғасында ешбір міні.  
Сөзі әдепті, мінезі ұнасымды  
Адамға үлкен-кіші майдай тілі.

Бұл – ақылды аналарға берілген орынды баға.

Ақынға тән бір ерекшелік көптеген туындыларын суырып салып төгіп айтатын өнер иесі болған. Сондай-ақ ол жақсылыққа жаршы болса, жамандыққа қамшы бола да білген. Ер-теректегі «Тілі жоқ» деген бір өлеңінен осындай ерекшелік аңғарылады. «Өлең айт» деп қолқа салған қызды алдымен мадақ етеді. Соңынан оның кейбір теріс қылықтарын ащы мысқылға айналдырады. Демек, ақын «жауырды жаба тоқуға» бармайды. Кім туралы айтса да қара қылды қақ жаратынын көреміз. Мұндай ерекшелік талантты ақынның көптеген өлеңдерінде сақталған. Бірде Омарбек дейтін адам үйіне жекжатшылап екі жігітті ертіп Көдекке сәлем беріп, бірер ауыз лебізін тыңдауға келеді. Жайлап домбыра тартып отырған ақын даусын көтере әндетіп, алдымен сәлем бере келгендеріне рахмет айтады. «Барыс-келіс, алыс-беріс бөлінбеген енші екенін» еске салады. Бұдан кейін:

... Бірде қызық, бірде құбыл дүние,  
Шындығын да, сұмдығын да тербегем.  
Әр адамға тура пішкен үлгім бар  
Біреудікі біреуіне келмеген.  
Оқымаған, тоқыған жан халықта  
Сөзді сынап, құнын білер зерменен.  
Бір жағында шипагерлік дауам бар,

Тексіздер мен ұятсызды емдеген.  
Зұлымдар мен жеменгерді жерлеген  
Ел басқарған көпке қормал азамат  
Оны айтқанда сөзім тасып кернеген, –

деп ойын жалғай түседі «Омарбек пен жежкатына» арнаған туындысында.

Көдек осы өлеңінде де ішкі жан сырын бүгіп қалмаған. «Шындығын да, сұмдығын да тербегем» деп өзі айтқандай, ақын өлеңдерін оқып отырғанда оның бұл сөзінің шындығына көзіміз жетеді. Сезімі сергек ақынның қаламынан өз кезіндегі қоғамдық мәселелердің ешбірі шет қалмаған. Шындығын асырмай, сұмдығын жасырмай айтқан. Сол себепті оның туындылары тарихи-шежіредей әсер қалдырады. Ойы – ұшқыр, көзі – қырағы, тілі – өткір ақын өмірдің ақ, қарасын да, адамдардың жақсы-жаманын да қатар алып салыстыра жырлайды. Жеке адамдарға қарата «біреудікі біреуіне келмеген» деуінің де мәні бар. Ол ешкімнің байлығына, мансабына қарамай, оның шынайы болмысына назар аударады. Тексіздер мен ұятсыздарды, зұлымдар мен жеменгерді өлеңмен «емдеуге» ден қояды.

Бір қарағанда тексіздік пен ұятсыздық – бір-біріне жақын ұғым. Тек тәрбиесі дұрыс болмаған адам ұятсыздыққа жол береді. Залымдық, ұятсыздық, жемқорлық – бәрі де кісілікке дақ түсіреді. Көдек осындай жиіркенішті қылықтардың болмауын қалайды, көргендігіне көңілі тояды. Ел басқарып көпке қормал болған азаматтардың жақсылығына жаны жай тапқандай болады. «Оны айтқанда сөзім тасып кернеген». Ақын өлеңнің нарқы мен парқына үлкен міндет жүктеп, адамгершілік мұратты насихат етеді, адамдарға ой салып отырады.

Көдек арнау өлеңдерінде жеке адамдардың мінез-құлқының, ақыл-ойының, инабат иірімдерінің қандай екеніне көбірек көңіл бөлген. Басқаша айтқанда, адам деген атқа лайықты мінезді іздейді. Осы ретте ол «ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста» дейтін Абай тұжырымымен үндестік тауып отырады. Кейде жақсы мен жаманды айыра бермейтін парықсыз жандарға налыс білдіреді. Мәселен, «Қайнарбайға» арнауында «Бұқа



мұрнын тескендей жұдырықпен, дөрекі сөз айтудан арланбай ма?» деп Қайнарбайдың ойланбай сөйлейтін ақылсыздығын сынайды. «Тазабек батырға» өлеңінде жер-суын қорғай білген батырлығын мадақ етсе, «Тұрлықожаға» туындысында азаматтық жақсы істеріне риза болады. «Еліне келген нашарды жиыстырып ел еткенін» үлгі етеді. Кедей-кембағалдарға көмегі тиген қайырымды адам ретінде көрсетеді.

Ақынның «Заманбек туралы» өлеңінен мүлде басқа жайды ұғамыз. Жаркенттен Сүмбе ауылына басшылыққа келген Заманбек көптің үмітін ақтаудың орнына, оларға әңгіртаяқ орнатуға бейім нағыз озбыр басшы болады. Оның қолымен небір пәле-жала, жамандық жасалады. Бұл қылығын ақын тізіп тұрып бетіне басады.

Елдің ішін бүлдірді арандатып,  
Жамандық, пәле болып іздегені.  
Айдап, өріп, иіріп жусатады,  
Жоғалтып ұлт, ру мен дін дегенді...  
Өз ауылы, өз елін құрту үшін,  
Не болса да мақұл боп тілге ереді.  
Баяғы Майлыбайдың қатасындай  
Басыңа соның күні бір келеді.

Өлеңнің мазмұнына қарағанда өткен ғасырдың жиырма-сыншы жылдарындағы шындық айтылатын сияқты. «Жоғалтып ұлт, ру мен дін дегенді...» деген тармаққа қарап осындай қорытындыға келуге болады. Заманбек өз ұлтын қорғап, оның діні мен тіліне құрметпен қарағаны былай тұрсын, «өз елін, өз ауылын құрту үшін» жанын салғанын аңғарамыз. Мұндай әділеттіліктің ақ жолынан ауытқып, ұлттық құндылықтарды құртуды мақсат еткен жетесіз белсендінің өрескел қылығына өкінеді. Бірақ «судың да сұрауы болатынын» есіне салады. Әділдікті жақтап, пендешіліктен биік болуды талап етеді.

Көдек Байшығанұлының сын-сықақ сипаттағы өлеңдерінің бәрі де шындыққа суарылған, ақиқатты арқау еткен туындылар. «Қата жайында» толғауында штабтан мандат алып, елден мал-мүлік жинаған Қатаның жылпостығына күйінеді. Жазықсыз елді қан қақсатқан шолақ белсенділерге зығырданы қай-

найды. Оның теріс әрекетіне көзжұмбайлықпен қарай алмайды. Бір күні «жегенің желкеңнен шығады» деп кектене түседі.

Қата, сен өз еліңді қорлағаның,  
Құртамын, жоғалтам деп зорлағаның.

Мал-мүлік, алтын-күміс, ақшасымен  
Жау тигендей тонадың, олжаладың.

Не:

«Алып кел деп жатыр» деп,  
Албаннан жиды жалды атты.

Бүтін киім, соғымды,  
Қатаға берген жан бақты.

Жинаған қойы одан көп  
Келтіріп жатыр жан-жақты. –

дейді.

Ар-ұятты белінен басқан екіжүзді белсенді елдің мал-мүлкін өз қалауынша тонап, нысапты білмей ашкөздікке бой ұрады. Дүниеге көзі тоймай, қанағатынан айырылу адам бойындағы жаман кеселдің бірі екенін есінен шығарған белсендінің бейнесі жан-жақты жексұрындығымен көзге ұрады. Адамшылықтан жұрдай мұндай адамдардан қоғамға үлкен зиян келуі мүмкін. Сондықтан адамдық асыл қасиеттерді мадақтау, зұлымдық-тоғышарлықты сынау ақын поэзиясында үнемі жалғастық тауып отырады. Ол әділдікті жақтап, арсыздықты айыптауды парыз санайды. Ақын күмілжіп-күлбілтелемей:

Зұлымдықпен, қулықпен,

Кісі ақысын алмағын.

Тіршілікте азғынсың,

Өлсең тарттың зардабын, –

деп үкім айтады. Кісілігі жоқ жанға аяушылық көрсетпейді.

Өмір-тіршілік сауалдарын әр қырынан қамти білетін ақын өз кезіндегі әлеуметтік мәселелердің ешқайсысына енжар қарамаған. Қайта басқаның басқаруындағы елінің ертеңін ойлайды. Кез-келген саяси мәні бар мәселенің халық өміріне әсері болмай қоймайтынын арыдан ойлап, терең түсінген. Сол себепті ол адамдардың жақсы-жаманды іс-әрекетін ой елегінен өткізіп отырады. Халықтық ақыл-нақылмен қабысып жататын мына-

дай жолдарда ақ, қараны қатар алып, мінезінің қалтарысын шынайы саралап ашуға ден қояды.

Бақ келгенде досың көп,

Жаны бірге тыныстар.

Басқа пәле келгенде,

Аулаққа бәрі жылыстар.

Ақын адам болмысын әр қырынан бағадайды. Байлық пен бағың барда айналсоқтап дос болғандардың басыңа бір іс түссе жаныңа жоламайтын екіжүзділігін дөп басады. Тіпті адамзаттық моральға жат іс-әрекеттердің түп-негізін шынайылықпен ашып көрсете біледі. Ниеті тұзу адам ғана бірқалыпты мінезінен өзгермейді. Нағыз дос қайта қиын-қыстау шақта қасыңнан табылуы керек. Ал, ел басқаратын әкімдердің парыз-қарызы қалай екеніне назар аударайық.

Ақ, қараны айырған,

Ұлықта да ұлық бар.

Халыққа тегіс көз салған,

Кейбір ойы тұнық бар.

Есе тисе есірер,

Қанқұйлы мен бұзықтар.

Оған да орнап қалмайды,

Мойныңда тағдыр-құрық бар, –

деп түйеді.

Көдектің бұл өлең жолдарынан «бес саусақ бірдей емесін» ұғамыз. Ойы тұнық адал мен қанқұйлы, бұзықтарды қарсы қоя отырып, түбінде бір тағдыр-құрықтың барын еске салады, пенделіктен биік болуға үндейді, әділдік, адамгершілік қадір-қасиетті жоғалтпауды уағыздайды. Өйткені кеңестік дәуірдің алғашқы жарымы нағыз аласапыран кезең болған еді. Аумалы-төкпелі қиын шақтарда адамдардың іс-әрекеттері мейлінше даралана түскен-ді. Біреулер адамгершілікті сақтап, әділдікті аяққа баспауға ұмтылса, біреулер шаш алудың орнына бас алады. Сондықтан ақынның қайсы өлеңі болса да өмірдің өзінен алынған. Адам пиғылын тазарту, жаңарту ақынның өз жүрегімен сезінген өмірлік құбылыстардан бастау алғаны ақиқат. Сондықтан Көдек шығармалары анық реалистік, әлеуметтік

мән-мағына көтеріп тұрған туындылар десек артық айтқандық болмайды.

Байшығанұлының арнау өлеңдері әртүрлі адамдардың іс-әрекетіне байланысты не мадақтау, не сын түрінде айтылады. Осы тәсіл арқылы адамның сан қилы мінез-құлқын, жеке адамның жеке ортамен қарым-қатынасын көрсетуге ден қояды. Мәселен, «Бәзілжанға» атты өлеңінде Бұқараның сараңдығы сынға алынады. Бәйіт жазып беруді өтінген Бәзілжанға мынадай өлең жазып жіберіпті:

Үш теңге Бұқара ағаң беріп еді,  
Ішіме сияр емес жасырғанға.  
Болғанда оған – теңге, маған – тиын  
Әшкере қыласың деп ашуланба.  
Қашқынды қашып келген мақтап берсем,  
Үш теңге тапқандаймын қасымнан да, –

деп сараңдықты да шенейді, ренішін де білдіреді. Қашып келген адамның күйінің болмайтынын да бүгіп қалмайды. Бұл өлең адам мінезінен де, заман сырынан да хабар береді.

Ақынның арнаулары жеке адамдарға ғана емес, көп адамдарға да арналған. Мәселен, «Жастарға кеңес» өлеңінде жақсы-жаманды салыстыра, қатар ала отырып ұтымды ой түюге ұмтылады. Алдымен ақ сөйлеп, адал жүруді жастарға өсиет етеді. «Ұры, залым, қарақшы, тонаушыны, жақсы деп кім айтады залалдыны» деп адалдық пен арамдықтың ара жігін ашып, жастардың жат жолдан сақтануын қалайды. «Оқушыларға» өлеңінде талапты басты парыз, өнер-білімді – ырыс деп ұғындырады.

– Жас кезінде оқу мен өнерге ұмтыл,  
Талап қылып ізденген табар мұны.  
Өнер-білім – адамның ырысы деп,  
Атаң мен айтпап па еді бабаң мұны.

Болмаса:

– Білім табу – тебенмен құдық қазу  
Іс емес қолдан келер бірдемдегі...  
Байлық та, парасат та білімде тұр  
Жалықпай тауып шығар ізденгені.

Ақын байлық пен бақытты, ақыл-парасатты тікелей біліммен байланыстыра қарайды. Жастардың білімді болуы – басты мәселенің бірі. Ел болашағын жастармен байланысты қарасақ, бұл да өмірдің өз талабынан туындаған қажеттілік екені даусыз. Білімді, парасатты адамдардың әрекеті көп нәрсені орнына келтіреді, жақсылықтың жаршысына айналады. Жастар терең білім мен парасатты болса, жамандыққа жол бермейді. Бұл адамгершілік-имандылықты бекіте түседі. Тіпті жалпы адам баласының ақ тілегі де осыдан туындамақ. Ендеше ақын өлеңдері де мәнді мәселеге арналғанын аңғаруға болады. Бірақ білімді болу оңай емес, ол үшін ерінбейтін еңбек, талап, мұқалмайтын күш-қайрат қажет деген байламға келеді, қапы қалмауға үндейді, шалыс басудан сақтандырады.

Көдек Байшығанұлының «Мұғалімдерге» деген өлеңі де көп адамға арналған. Совет өкіметінің алғашқы жылдарындағы өзгерістердің кейбірін (сауат ашу) қолдайды. Алайда заман өзгерісі адамдарды түрлі жағдайға түсіргенін атап көрсетеді және мұндай «жаңалықтарға» өз көзқарасын да білдіреді.

Болғанда біреу олай, біреу былай,  
Бәйгеден келер озып қорғанбаған.  
Түбінде бәрінен де сол озады

Біреуді кем-кетік деп қорламаған, – дейді. Ақын «біреу олай, біреу былай» болған заманның кейбір науқандарына онша іш тарта қоймағанын аңғаруға болатындай. Оның азаматтық дауысы асқақ естіледі. «Біреуді кем-кетік деп қорламаған» деген сөзінде дәулетті адамдар мен халқының дербестігін қалаған зиялы қауым өкілдері меңзеледі деп ұғуымыз қажет. Көдек кеңес үкіметі іске асырып жатқан түрлі саяси науқандарды қолдамаған. Қайта кейбір кеңестік заң-түзім көп адамның тағдырын тәлкек еткені жайында ұстамды ой айтуы өлең өресін биіктете түскен.

Көдектің хат түрінде жазған бірнеше өлеңі бар. Соның бірі «Битіманға хат» деп аталады. Өлең 1927 жылы жазылған. Бұл кезде совет өкіметі жер-жерде өзінің іс-шараларын жедел іске асырып жатқан кез болатын. Ақын Битіманға жазған хат өлеңі

арқылы ел ішіндегі берекесіздіктен хабардар етеді. Ел ағалары шетінен тұтқындалған.

Әлібек, Бегалыны қатар ұстап,  
Албанға қарайтұғын бет қалмады.  
Өлгені, ұсталғаны, сотталғаны  
Бұл елде күйзелгенде ес қалмады.  
Бегалды нақақ күйіп жоғалдық деп,  
Талайдың ішінде боп кетті арманы, –

деген жолдар боямасыз шындық еді. Жиырмасыншы жылдардың ішіндегі мұндай қым-қиғаш озбырлық елді әбден күйзелткен-ді. Дәулетті адамдардың мал-мүліктерін тәркілеумен тынбай, оларды жазықсыз жазалап, торғайдай тоздырған болатын. Кілең жоқ-жітік, кедей-кепшіктердің қолтығына су бүркіп олардың айдарынан жел ескен заман-ды. Бұл да ұлтқа жасалған қиянаттың бірі еді. Билік шала сауатты, ақылы аз, бір нәрсенің байыбына бара бермейтін сұмпайы адамдардың қолына тигенде ізгілік туралы сөз етудің өзі артық. «Түтіні әр жерінен бықсып шығар, Тұр ма екен Жетісуды өрт шалғалы?» – деген жолдарды іркілмей айтуы үлкен ерлік. Бұл – халқына қамқор болып жүретін аңғарлы ақынның жан күйзелісі.

Екінші бір өлеңі жиырма бес жасында сотталып кеткен Сәлиманға қарата жазылған. Сонда Сәлиманның қандай қылмысы болған?

... Бізді құртқан әсілі солар екен,  
Шаш ал десе, бас алған кейбір шұнақ. –  
деген сөзі де біраз сырды аңғартады.

Кедей-кембағалдарды еліртіп, «шаш ал десе, бас алатын» дүлей белсендіге айналдырған кеңестік кезеңнің тағы бір амал-айласы аңғарылады. Обал-сауапты білмейтін мұндай қатігез белсенділердің зияны халыққа аз болмаған. Тәркілеу кезінде албан елінің бір топ игі жақсыларын – Ыбырайымбай, Рахымбай, Бейсен т.б. жақсыларын «көрнекті бай» деп түрмеге қамайды. Сол тұтқында жатқан ағайындарына өлеңмен екі хат жазады. «Сәлем де аға-ініге түрмедегі» деп басталатын хатта белсенділер бай адамдарды құртуға жан сала кірісіп, «ұзында өш, қысқада кегіміз бар» деп даурықса, Көдек оларға жана-

шырлық танытады. Байлықты ешкімнен тартып алмағанын түсінеді. Сондықтан хат жазып, хал сұрауды адамгершілік парыз санайды.

Бұрынғы Жаркенттің түрмесінде  
Бар шығар әр албаннан барып жатқан.  
Қармағы ілгеректей ілінер ме,  
Ешкімге зияны жоқ малын баққан.  
Таяз боп байдың үйі о да кетті  
Дария көлім еді ағып жатқан.

Ақын «Таяз боп байдың үйі о да кетті» дегенде Ниязбек ұрпақтары меңзеледі. Бұл өлеңінде автор бір ғана ауқатты адамды емес, бірнеше бай адамдардың атын атап, түсін түстей отырып, заңсыздыққа өкінеді. «Ешкімге зияны жоқ мал баққан» шаруаларды тұтқындап жатқан себебіне үңіледі. «Екінші хатынан» тағы да мынадай жолдарды оқуға болады. Өз үстемдіктерін нығайта түсу үшін совет үкіметі небір айла-амалдарды тауып отырған. Қойдың жүні мен сүтіне дейін есепке алынған.

«Сатасың қанша сиыр, көрсеткін» деп,  
Шетінен тамға басып, қарып жатқан.  
Үстінен қойдың жүнін дағауарлап  
Саудырып оның сүтін алып жатқан.  
Түгендеп бәрін тегіс айта алмаймын  
Тебендей дәнеңе жоқ қалып жатқан.

Бұл да сол тұстың анық ақиқаты. Өз малдары өздеріне бұйырмай, сатылатын малға дейін рұқсат алу қажет болады. Халықты күн көріс көзінен айырып, бәрін есепке алған. «Таптық жікке» бөлуді оңтайлы шара ретінде қолданған. Дәулетті адамдарды жазалау әділетсіздік болатын. Бұл бодандықтың болмысынан туындаған қитұрқы саясат еді. Осы арқылы халықты титықтатып, өз үстемдігін нығайта түсуді ойлаған. Ақын «түзелген дүниені көргенім жоқ» деп халықтың басынан бағы тайған заман екенін жасырмайды. Сөйтіп, әлеуметтік өмір тынысын тануға ден қояды.

«Оралға хат» өлеңінде «адамға жазығы жоқ күйе жағып» туып-өскен жерінен айырған заман кейпін ұтымды бейнелейді. Патша үкіметі қазақ елінің құнарлы жер-суын тартып алып

отырса, Совет өкіметі тапқа бөлу арқылы халықты мүшкіл күйге душар етті.

Шағым мен айдалудың барысында,  
Жолдағы қызыл қанға боялғаны.  
Тең басқан еркіндікті еске алып  
Адамы Жетісудың тоналғаны.

Қысқасы, империяның отарлау саясаты кеңестік кезеңде де жалғастық тапқаны белгілі. Бұл тұста қазақ зиялылары, солардың ішінде, алаш қайраткерлерінің де қуғынға ұшыраған кезі болатын. Ақын осындай қиын-қыспақты кейде ашық, кейде астарлап жеткізеді. Сөз ұстаған шешендері мен топ бастаған көсемдерін айыптаса, басқалары бас шұлғудан арыға бара алмайтыны белгілі. Дәл осындай бейкүнә кейіпті «өртең шалған тоғайдай, кеткені-ай жұрттың сұрының» деуі бүгінгі тарихқа арналған қызыл саясаттың қырсығы ретінде жырланған.

Октябрь төңкерісінің «шарапаты» халықты жер-суынан айырды, мал-мүлкін тартып алды, еріксіз ұжымға біріктіруді жалғастырды. Мұнымен де тынбай, қаншама дәулетті адамдарды жер аударды, жауапқа тартты. «Өртең шалған тоғайдай» өлеңі уытты да отты туындыларының бірі.

Бал татыған балдыры,  
Жемісті жердің құруын.  
Азаматын айдатып,  
Салады қанды құрығын, –

дейді.

Орны толмас өкінішті бұдан артық жеткізе айту қиын. Неше түрлі саяси лаңды «салады қанды құрығын» деген бір-ақ тармаққа сыйдыра білген. Ақын өлеңдерін оқыған сайын заман қалтарыстары бірінен кейін бірі ашылып, адамдардың сан құбылған мінез-әрекетінің куәсі боламыз. Енді бірде былай дейді:

Екіжүзді найсаптар  
Белсенді болып шығуын.  
Жақсыны жаман көрсетіп  
Өздерінің бұғуын.

Құбылмалы қулардың кейпін қандай дәл бейнелеген. Кісіліктің иісі мұрнына бармайтын дүлейлерді «заман сен-



дердікі» деп елірткені белгілі. Осының нәтижесінде дәрекі, көркеуде шолақ белсенділер көбейді. Осындай жетесіз жандар ел азаматтарының түбіне жетті. Ақын айтқандай, жақсыны жаман етіп көрсетті. Мұндай санасыздық көптің сорына айналды. Көдек жан жылуы жоқ белсенділердің бейнесін көптің көз алдына шығарады. Бірақ өмірден мүлде күдер үзбейді.

... Әділдік жеңер күн туар,

Жарқыратып маңдайды, –

деп әділдіктің жеңетініне сенеді. Бұл күндері ақын болжамының шындыққа айналғанын көрдік.

Өткен ғасырдың алғашқы жарымында ел басынан өткен қилы заман зобалаңы екінің біріне оңай тимеді. 1916 жылғы ұлт-азаттық Қарқара көтерілісі кезінде қаншама адамдардың өмірі қиылды. Тәркілеу мен ұжымға бірігу, ашаршылық пен репрессия жылдарының зобалаңы аз болмағаны аян. Енді қайту керек? Саяси науқандардан қалай аман қалуға болады?

Ет пен сүт салығынан шошыған жұрт,

Қара су кешіп жерден ауған едің.

Жазықсыз «халық жауы» атанған соң

Мекенін тастап шықты аумағы елдің.

Осындай қысымға шыдамаған ел туған жерін тастауға мәжбүр болады. «Ата-жұрттан ауып кету – үлкен қасірет. Мұндай жағдайға әркім өз еркімен бара бермеген. Жиырмасыншы жылдардың (XX ғ.) соңына таман «кіші октябрьдің» қызу науқаны мен «аша тұяқ қалмасын» деген ұр да жық ұрандарды желеу етіп халықты ұжымға біріктіру науқаны ел басына ауыр нәубет әкелді... Асыра сілтеу азабын тартқан халық басы ауған жаққа босуға мәжбүр болады. Күйзеліске ұшыраған бір қауым ел Қытайдағы қандастарына қара тартып барады. Соның бірі – Көдек ақын.

Алайда өз көзімен көрген шындықтарды ақын жіпке тізгендей етіп өлең өзегіне айналдырып отырған. Сондықтан оның туындыларынан қандай бір әлеуметтік мәселе сырт қалмаған. Кеңес үкіметі орнаған тұстағы белсенділердің ұрандатып даурыққан ойсыз іс-әрекеттеріне қосыла қоймайды. Ұлттың ұйқысы бұзылатынын терең сезінеді. Қаншама адамдардың бейкүнә

жазаланып жатқанына кейістік танытады. Көптің көрген қия-  
наты ақынды ойлантпай қоймайды.

Балшайбек Лениннің заманында,  
Жаңа заң, жаңа заман тарих құрған.  
Заңының алды – құйын, арт жағы мұз,  
Үшқыны дүниені шалып тұрған.  
«Дүние пролетары бірігіңдер!» –  
Дегенді ұран етіп дабыс қылған.  
Байлықты жаратылған меңгермедік,  
«Тарихта қорландық деп шағыстырған.  
«Ұлтты, дінді, бай мен өктем күшті  
Жоғалту міндетің» деп бағыт құрған, –

дейді.

Бұған қарағанда ақын саяси шараларды өзінше бағалайды. Кеңестік әрекет ұлттық мүддені ойлау емес, оның дінін және ұлт қамын ойлайтын адамдарды жоғалтудың амалы екенін ұғынады. Ешкімнен қаймықпай сынға алады.

Жоғарыдағы аталған мақаласында М. Әуезовтің «ол даланың жергілікті қоғамдық өмір аясында туындайтын ішкі көңіл-күй сезімдерінің, ел мүддесі мен және барлық мәселелердің бірден бір білгірі» – деп жазушының тегін айтпағанына көзіміз жете түседі. Ақын қоғамдық өмір шеңберінде болып жатқан шындықтарды көркемдік шындыққа ұтымды айналдырып отырған. Көдек – сан түрлі саяси науқандардың себебін жан жүрегімен сезіне білген ақын.

Көдек Байшығанұлы 1916-1930 жылдар арасындағы ел өміріндегі елеулі өзгерістерді тізбектей отырып суреттейді.

Заман зауалы оны ойлантпай қоймайды. Өйткені халыққа жасалып жатқан әділетсіздік әбден шегіне жеткен-ді. Ашынған ақын халық мүддесінің жоқшысына айналады.

... Жиырма жетінші жыл болғанында,  
Тасқынның тасырлады дерегі кеп.  
Жылына отызыншы барғанында  
Армананың асқандады кемері жоқ.  
Обалды, өкінішті болғандар көп.  
Не десе шағымшының дегені кеп.

Ақын «обалды, өкінішті болғандарды» көре отырып, қалай үнсіз қалсын. Олардың жоғын жоқтап, мұң-қайғысына ортақтасады. Қоғамдағы озбырлықтарды батыл айыптайды. Ол көптеген өлең-толғауларында билеуші әміршіл жүйенің күшпен, айламен іске асырып жатқан айла-шарғысын көрегендікпен әшкерелейді. Ақынның үлкенді-кішілі туындылары сол тұстағы елдің жан азабы, мұң-қайғысымен үндесіп отырады. Шырғалаң кез шындығы Көдек қаламынан сырт қалмаған.

Мұндай өлең жазған ақынның қудаланбай қалуы мүмкін емес. Оның үстіне «ат байланып белдеуге, азамат басы тергеуге» түссе қайтпек? Сондықтан «мекенін тастап шыққан» елдің ішінде Көдек те бар еді. Шекара асқан ақын ол жақта да көптеген ауыртпалықтарға тап болады. Алдымен жол-жөнекей қарақшы-қалмақтардан құқай көреді. «Қолыма қалам алып жазамын хат» өлеңінде:

«Қашқан жауға қатын ер» дегендейін,  
Тонады жолда қалмақ тонап алып!..  
Баста бөрік, етік жоқ аяғымда  
Қайтейін қарақшылар тонады анық.  
Қаншалық жалынсаң да тыңдамайтын,  
Боп шықты адамзаттың арам анық.  
Аш, жалаңаш, жаяулап жан қиналып,  
Қайғырды қарт адамдар назаланып. –

дейді.

Атамекеннен алыстаған қиын заман, қырсық күннің шындығы терең тебіреніспен жырланады. Еріксіз бөлініп-жарылған еліне қамығады. Көдек – шетке ауған халықтың бастарынан өткен қиындықтарды алғашқылардың бірі болып өлеңмен өрнектеген ақын.

Халық туған жерін бақытына балаған. Сол себепті әр адам өмір-тіршіліктің мәнін де туған жерімен байланыстыра қараған. «Ер туған жеріне, ит тойған жеріне» деген сөзді ұрпағының санасына сіңіріп отырған. Аяулы атамекеннен кету орны толмас өкініш еді. Осыны біле тұра бір бөлім ел жан сауғалап Қытай ауғанда артынан солдат қуса, алдынан қалмақ тосады. Бөтен ел, бөтен жерге тап болған олардың мал-мүліктерін

жергілікті содырлар тонап-талап отырады. Қолдағы малдарынан, тәуір киім-кешектерінен айырылады. Заң-түзімді білмейтін халық қарсылық көрсете алмайды. Босқындардың ойы сол жақтан шығарып жібермей, бас сауғалау. Басқасы «бастан құлақ садаға». Автордың «Өрге қашқанда» толғауынан:

Бөрік, шапан, кілемдер, түрлі киім,  
Жараулыдан ештеме қалмады алып.  
Ертоқым, тәуір деген қамшы да жоқ  
Жылқыға енді жүрді шалманы алып.  
Ой, тақсыр, жаяу қайтіп жүрем десең,  
Сабайды жақынсың деп малға нағып, –

деген жолдарды оқуға болады.

Мұндай бассыздыққа басалқы айтар жан болмағандықтан, босқындар ешкімге тіл қатып, тіс жармайды. Зорлыққа да, қорлыққа да шыдап, жабырқай жүріп жан бағудың қамына кіріседі. Тек тірі қалудың қамын ғана ойлайды.

Босқындар белгілі бір жерді мекен еткенше қысым-қиянатты көп көреді. Бірден ес жиып, етек жабу оңай болмайды. Ауыл-ауылды аралап тамағы үшін әркімге жалданады, талғажау табудың қамына кіріседі. «Албан тарихы» толғауында ауыр тұрмыс-тіршілікті бар жанымен сезіне жырлайды.

Шалдығып қашқын байғұс сүрініп жүр,  
Болдырған арық малдай әлі кеткен.  
Тамағы үшін жалданған малайлар көп  
Секілді құры сурет жаны кеткен.  
Теректей қазандағы дауыл ұрған  
Астықтай үсік шалып әрі кеткен.

Бұл – бүкпесіз айтылған шындық. Ақын жерден ауған елдің өте ауыр күйзелісті бастарынан өткізгенін бедерлі бейнелейді. Сондай-ақ осындай сүреңсіз тірлікке кінәлі кім деген сауалға да жауап береді.

Адамды екі жікке ажыратып,  
Бірін – жау, біреуін – дос халық еткен.

Қоғамдық-әлеуметтік саяси мәселелерді қалт жібермей қадағалай білетін ақынның зейін-зердесіне тәнті боламыз. За-

манды аздырып, адамды тоздырған кеңестік жүйе екенін мойындатады.

Көдектің қай өлең-толғауларында туып-өскен жеріндегі озбырлыққа шыдамай, жат елде жапа шеккен босқындардың тағдыр-талайы әр қырынан дәйекті жырланады.

Таралып өсіп-өнген қайран елім,  
Біріңнен бірің кеттің адасып-ай.  
Үйі жоқ баспанасыз жүрген байғұс  
Қыстағы шыдамады борасынға-ай.  
Суырша жерді қазып кіріп алған,  
Жаппасы үш сиырдың қорасындай.

Шет жердегі шерменде тірліктің сиқы осы. Гоминдаң үкіметі көмек-жәрдем берудің орнына қашқындарға күмән-күдікпен қарайды. Олардың іштегі дертін кім ұқсын. Көп нәрседен шектеліп те, шеттетіліп те күн кешеді. Атамекеннен алыстау жүректе жара, көңілде нала болып қала береді. Бірақ осының бәрі жыр-шежіреге айналып, ақын атын асқақтата түседі.

Мұндай сүреңсіз, сұрқай тірлік, артта қалған атамекен – бәрі сезімтал, нәзікжанды ақынға оңай тимейді. Уақыт өткен сайын тұғыры болған туған жерді, артта қалған қалың елді сағынады. Қайғысыз-қамсыз өткен күндерін есінен шығара алмайды. Әркез ақынның жан әлемі туған жерімен бөлінбейтін бірлікте екенін байқаймыз.

Қырандай көкке өрледім, атымды елім,  
Еркелетіп «Көке» деп қойып еді.  
Өз мекенін аңсаған аққудаймын,  
Осы жағдай түсім бе, өңім бе еді...  
Үш ай жаз сайран салып, күзде қайтқан,  
Жаз құсы сияқтымын өңірдегі.  
Тозған торғай секілді жайым мынау,  
Көре алмай кетіп барам жерімді енді, –

деп өкініш білдіреді. Сағыныш пен өкініш қос өрім тартқан мұндай жолдарды бей-жай оқу мүмкін емес. Ел-жұртынан алыстап, ойы онға, санасы санға бөлінген ақынның жан азабы жеке басқа ғана тән мұң-зар емес, қоғамдық сипат алған шындық сағыныш сазына айналып көптеген өлең-толғауға өзек тартады.

Көдек Байшығанұлының көптеген туындылары «Кең Текес», «Тау берігі, ел берігі», «Елге хат», «Сасан ауылына барғанда», «Ел аралау», «Жауап хат» т.б. осы кезеңде жазылған.

XX ғасырдың алғашқы жартысында Шыңжаңды (Шығыс Түркістан) билеушілер жергілікті халықты мейлінше қаталдықпен қанап отырған. Бұл өңірде билік жүргізіп отырған гоминдаң үкіметінің зымияндық саясатын жақсы ұққан ақын Шың-Шысайдың екіжүзді заң-түзімінің құпия сырын ашады:

Түлкінің алпыс түрлі айласы бар,  
Бұл сырды жан ұқпайды үңілмеген.  
Бұл дубан болғанымен жайдары, ашық,  
Құпия аржағында білінбеген.  
Болмасын ертеңгі күн кім біледі,  
Бурадай қаңтардағы жынын жеген.

Ақынның сын-сәуегейлігі көп уақыт өтпей-ақ ақиқатқа айналады. «Жаппай тазалауды» мақсат еткен ауыр кезең басталады.

Көдек ақын өзінің сым-семсерін қулардың сұм-сұрқиялығына, зорлықшылардың асқақтаған астамшылдығына қарсы сілтейді. Бұл ретте оның шыншыл да сыншыл шығармаларының пәрмені, ықпалы күшті. Мәселен, «Сасан ауылына барғанда» туындысында Сасан ауылының сыр-сипатын өзек-өрім ете отырып қазақ сахарасының әлеуметтік жағдайын, тіршілік болмысындағы шындықты терең ашып береді. Ел билеуші мансаптылардың зорлығы мен жоқ-жітіктердің тұрмысы салыстырмалы суреттеледі. Қолында мөрі бар билеушілердің адамдық өресінің төмендігіне өкінеді.

Қытайша жазуы бар ағаштан мөр,  
Өзінше дәулет екен қолдағы бір.  
Әлсізге әкірендеп, байға шұлғып,  
Азуы алты қарыс шомбалың жүр.

Барға басын шұлғып, әлсізге әкірендеуді әдет еткен келеңсіздікті орынды қағытады. Ақын «азулы, аты шулы» деп ешкімнің де бет-жүзіне қарамай, тура айтады, келеке етеді. Адамға да, қоғамға да пайдасы жоқ жағымсыз құбылысты сатира нысанасына айналдырады.

Автор осы толғауында ел билеген атқа мінерлерді бір-бірлеп таныстырады. Олардың ерсі іс-әрекет, мінез-құлықтарын уытты тілмен шенейді. Алудың, баюдың неше түрлі амал-айласын жасайтындардың кейпін былай көрсетеді:

Бір-екі шабарманын мен де көрдім,  
Елінен жүйрік пенен жорға алып жүр.  
Бірыс-құт соятұғын керек болса  
Ар жағы қой-сиырға жалғанып жүр.  
Біреудің қора-жайын тартып алып  
Әркімге тиеді екен зардабы бір.

Өздерінің жұмыс орнын пайдаланып халықтың мал-мүлкін зорлықпен алған адамның (шабарман) әрекетін қатал сынайды. Көпшілікке тізесін батырып, аранын ашқан қара жүрек, тойымсыздардың жиынтық бейнесін жасайды. Тағы оқып көрейік:

Сасанның Еркімбегі мынау дейді,  
Тылтиған қара кісі формалы жүр.  
Аласа шаршы келген сүйегі бар,  
Жаялы сары ат мінген жорғалы жүр, –

деген портреттік сипаттама оның кейпін көз алдыға әкеледі. Кекірейген басшының сиықсыз бейнесі еріксіз жиіркендіргендей болады. Сасан ауылындағы мансаптының екіншісін төмендегіше сипаттайды:

Бірауыз сөздің жөнін айтар болсаң,  
Қақ басқа қамшыменен салғалы жүр.  
Шалағай шатынаған мінезі бар,  
Ішінді ашуланса жарғалы жүр.  
Бойында Телғараның көріп едім,  
Тақсырлап үлкен-кіші жан-жағы жүр.

«Ашуланса, ішінді жарудан тайынбайтын» барлық ақыл-айласын өз басының қамына жұмсайтын қытымыр, қатыгезді әшкерелейтін өлең баға-сипаттама түрінде жазылған. Өткір мысқыл, аяусыз сынды үстемелей айту арқылы кейіпкердің жағымсыз әрекетін уытты сатиралық серпінмен ашады. «Тақсырлап үлкен-кіші жан-жағы жүр» дегенде жан-жағынан қаумала-

ғандардың қоғадай жапырылуы оған көрсетілген құрмет емес екендігін бірден аңғарамыз.

Мансапқа мастанып «жемір сиырдай жалманып жүрген» шатынаған шалдуардан елге қандай қайыр болмақ. Мұндай басшы жұрттың көсегесін көгертпейді деген түйінге келген ақын бірде ұлықтың бейне-портретін, бірде іс-қимылын, бірде мінез-құлқын бейнелеу арқылы ащы мысқылмен әжуа нысанасы етеді. Ал, үшінші бір «жуан қарын» Нүкежанның қандай жан екеніне де көзіміз жетеді.

Семірген жуан қарын Нүкежанды,  
Бір жылқы әрең тартып зорға алып жүр.  
Пайдасы нашарларға тимей-тұғын  
Зекетсіз қайыры жоқ мал бағып жүр.

«Бір жылқы әрең тартып зорға алып жүр» деген жолдан ақ Нүкежанның да оңып тұрған адам емес екенін аңғарамыз. Біріншіден, нашарларға қарайласпайтын қайырымы аз. Екіншіден, малынан зекет бермейтін сараң адам екен. Заман алдындағы парыз бен қарызды ұға бермейтін жандар екені әр қырынан ашылады.

«Сасан ауылына барғанда» толғауында осындағы кедей-қарашалардың хал-жайы да ақынның қырағы көзінен сырт қалмайды.

Отыншы, сушы болып бір талай жан,  
Өмірі жоқшылықтан жалданып жүр.  
Үстінде іліп алар лыпасы жоқ.  
Әйтеуір тамағы үшін жан бағып жүр...  
Қорлық-зорлық пәленің бәрі осында  
Кедейді құтқармайтын қармағы жүр.

Бір ауылдағы адамдардың екі түрлі тұрмыс-тіршілігі анық аңғарылады. Әсіресе, ішерге тамағы, киерге киімі жоқ, күн көріс қамы үшін «жалшы-малшы» болып жалданып жүрген жарлылардың жадау тірлігін айнытпай бейнелейді. Автор әділдік-адамгершілік жайында санасында саңылауы жоқ атқа мінерлердің қайырымсыздығын мінейді. «Халықтың бәрі бірақ мұндай емес» екенін, жан-жағына жақсылық жасайтындардың да



қарсылығын «тасыған төгіледі деген сөз бар» деп халықтық қағида бойынша зілді ескертпе арқылы жеткізеді.

Көдек «Тыныбайға» өлеңінде Тыныбай жылқышысын «басынған қашқын» деп айыптайды. Мұны естіп отырған ақын «Сіз халықтың үстінде жайқап жүрсіз, ту қойдайын борлаған соғымдағы» – деп оны ащы мысқылға айналдырады. Тумаған ту әрі бордақтаған семіз қойға теңеп, масқаралайды. Ақын «Кең Текес» толғауында Текес бойында отырған қалың елдің хал-жайын таныстырады. Барлық-байлық кімде болса өр көңіл, өктем сөз де солардікі болмақ. «Көзден жас, көңілден шер» кетпеген елдің жайы шынайылығымен көрінеді. Автор айтқаны келіп, айдарынан жел есіп тұрған алты ақалақшы туралы бір сырдың ұшығын шығарады.

Кең Текес шөбің шүйгін суыңменен,  
Тентегің басылмады-ау қуыңменен.  
Жылқының мандам болған арқасындай,  
Мансаптың байланысты ұрыңменен.

Бұл жолдардан да залымдық пен ұятсыздықтың сыры ашылады. Шындыққа табан тіреген ақын батыл да, батырып та айтады. «Мансаптың байланысты ұрыменен» деу, сөз жоқ, шындықты шыжғырып бетке басу. Жамандыққа жаны құмар ұрымен байланысты әкімдердің сыры – осы. Бұл әділетсіздік белең алған қоғам шындығы екені даусыз. Ел бақытының бір жағы халыққа қамқор, әділ билеушіге байланысты болмақ деген емеурін байқатады.

Сонымен бірге ел әкімдерінің бұйрық-жарлық, тапсырмаларын орындайтын шабарман-шеріктердің әуре-сарсаңы да аз болмаған. Халық бұл екеуінен қатты сескенеді. Себебі олар ұлықтардың оң қолы саналады. Сондықтан жүрген жерлерінде ойларына келгенді істеп, халықты әбден ығыр ететін болған.

Шабарман-шерік деген бір пәле бар,  
Жүруге қорқа-тұғын жолдан елі.  
Ат, түйе жолдығына жамбы беріп  
Сұры кірмей қалатын қонған жері. –

дегендегі «бір пәле» деген сөздің өзі-ақ үлкен идеялық жүк арқалап тұр. Бұл шаш алудың орнына бас алатын ұр да жық шабарман-шеріктердің кейпі.

Барған-жүрген жерлерінде шу-шұрқан шығарып жүретін қыңыр да қисық шабарман-шеріктердің іс-әрекеті де өрескел еді. Олардың оспадар қылықтарын шымбайына батыра шенейді.

Халықтың мал-мүлкіне бүйідей тиіп берсе қолынан, бермесе жолынан алатын мұндай есерсоқтарға қарсы бірауыз сөз айтуға болмайды. Неге? Өйткені оларды тектеп, тыйым салатын пенде жоқ. Сондықтан жан-жағына бұрылмайтын тоңмойындарға қарсы келу – зиратқа қарай жүгірумен бірдей еді.

Бірауыз сөз қайырып жауап айтсаң,

Іліңнің бір пәлеге қырын келген.

Нашарға өте-мөте қырын келіп,

Кім қалды ол уақытта сүрінбеген?

Тоңқайтып дүре басып кетуші еді

Биенің құйрығындай құлын жеген.

Міне, қарсы келгендердің «сыйы» – осы. Бұл ел ішінің шынайы көрінісі. Ақын халық басына түскен қысымның зардапын мейлінше терең сезіне отырып көптің мұң-мұқтажын батыл жырлайды, халықтың ауыр тағдырына алаңдайды. Мұның бәрі оның дүниетанымдық сүзгісінен өтіп, өлең өріміне айналып жатады. Осы шабарман-шеріктердің есіріп жүруінің бір себебі өлкені басқарып отырған үлкен-кіші мансап иелеріне байланысты. Кез келген бағынышты халықтың бұра тартуына жол жоқ. Себебі «болғанда аспанда тор, жерде қақпан». Сол тор мен қақпанға тап болмас үшін, бастықтар айтса бас шұлғымасқа шара жоқ. Айбат-ызғарынан жұрт қаймығатын басшылардан әділдік күту де мүмкін емес. Кеуделеріне жел толған билік иелері халықтың жағдайын ойлауды ұмытқан. Қайта сол бұқараның үстінен байып отыруды мақсат етеді, қарабастарының қамын ғана күйттеген.

Атағы, айбарынан жұрт қаймыққан,

Басында үкіметтің дутыңы жүр.

Аяздай сықырлаған жерді жарып

Таралып жан-жағыңа дүмпуің жүр.

Бүкіл халықты бір тарының қауызына сыйғызып отырған өл-келік өкімет басшысының (дутың) сорақы сипаттарын ұтымды ашады. Оның өзі түгіл атақ-айбарынан жұрт қорқады. Қандай басшы екенін «аяздай сықырлаған жерді жарып» деген жолдар арқылы көз алдыға әкеледі. Ақын әлеуметтік теңсіздіктерді қырағылықпен аңғарады. Ол адамдарды тапқа бөліп, бірін қор, бірін зор етіп көрсетуден аулақ. Қайта қоғамдық ортаның адамгершіліктен аттамауын еске салып отырады. Алайда заман шіркін ақын ойындай бола қоя ма? Осыған қарамастан Көдек көз алдында болып жатқан оқиғаларға немқұрайлы қарамаған. Өз бағасын беріп, көзқарасын білдірген.

Байлық пенен пұл күшті осы күнде,

Тілді-ауызды адамды сөйлетпеген.

Өр көңіл де, өктем сөз осыларда

Жақындаса «жаныма» «ей» деп келген.

Билік пен байлыққа қолы жеткен адамдардың ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс болғандықтан өр көңіл мен өктем сөз де осыларға тән. Оларға мына дүние өздері үшін жаралғандай көрінеді. Сондықтан өздерін басқалардан жоғары қояды, қанағат пен тәубені ұмытады. Кедей-кембағалдарда не байлық, не жер, не су жоқ. Жанын жалдап, қысы-жазы тыным таппайды. «Өмірі барады өтіп бейнетпенен». Ақын ешнәрсені бүгіп қалмаған. Өз кезінде кімнің күшті, кімнің тісті екенін ашық айтады. Арыдан ойлайтын ой-өрісі кең ақын дәуір жайлы, адамдардың әлеуметтік орны, олардың жақсы-жаман қасиеттері жайында терең толғанады. Бұл ақын ойының жалпылық-халықтық мәнін арттыра түседі. Көдек Байшығанұлы екі мемлекетте болып жатқан қоғамдық саяси мәселелерді көзімен көрді. Қазақ қоғамының отарлық ауыр халін жете сезіне білді. Сондықтан мұның бәрі ақын назарына ілініп, поэзиясында мейлінше көркем өрнектеліп отырды.

Жоқтау – ертеден келе жатқан салт өлеңдерінің бір түрі. Көне дәуірден келе жатқан жоқтау өлең әлем халықтарының көбінің өмірінде кездеседі. «Жоқтаудың ежелгі үлгілері шумерлердің Гильгамеш туралы жырларында да, үнді эпосы «Махабхаратада» да, Гомердің поэмасы «Илиадада» да, Мысыр жырла-

рында да кездеседі. Жоқтау үлгісіндегі жырларды ежелгі Грек трагедиялары, сондай-ақ Рим ақындары Катулл мен Вергилий де жазған. Түрік әдебиетіндегі жоқтаулардың ең көне түрі – «Алып Ер Тоңғаны жоқтауы», «Бөрідей ұлып жылады, Жоқтады жыртып жағасын» дейді жырда. Махмұт Қашқаридың жазуы бойынша жоқтау ежелгі түркі тайпаларының ерлік тумысынан туған жырлардың бір түрі» [6, 18 б.]. Қазақ ақын-жырауларының жоқтау өлең шығармағаны кемде кем.

Өмірдің екі жағы бар: бірі – қайғы. «Өлеңмен дүние есігін ашқан адам, өлеңмен жер қойнына кірмек». Арыдан келе жатқан дәстүрді дамытқан ақындардың бірі – Көдек Байшығанұлы. Ол көптеген жоқтау-дауыстар шығарған. Бірақ бұл топтағы шығармалары бізге толық жетпеген. Ақынның «Әбділдаға дауыс» деп аталатын туындысы 1920 жылы жазылған. Әбділда Сәрсенбай әжінің ұлы. Ниязбек байдың немересі. Онда:

Бисмилла деп бастайын,  
Әуелі бұрын алдымен.  
Опасы жоқ дүние-ай  
Өтіп жатқан әркімнен.  
Бері қарай былтырдан  
Қайғыны көрдік зарлымен.  
Аташымнан айырылып  
Қандай күні қалдым мен? –

деп өкініш білдіреді.

Жоқтаудың мазмұнына қарағанда қайтыс болған адамның жылында (бері қарай былтырдан) айтылғанын және туыстық жағынан да кім екенін (аташым) аңғаруға болады. Жалған дүниенің әркімнің басынан-ақ өтетінін еске салады. Мұнан кейін қайтыс болған адамның (Әбділданың) аталары бай-дәулетті адам болғанын ұғамыз. Бір ішікке жүз жылқы беріп алу екінің бірінің қолынан келмесі анық. Бұған қарағанда марқұмның ататегі әрі бай, әрі жомарт болған.

Бір ішікке бір кезде,  
Жүз жылқы беріп шыдаған.  
Тері жағын ішіктің  
Машинамен құраған.

Асыл бұйым аршындап  
Бұлардай беріп кім алған.

Әбділдаға арналған шағын жоқтау-дауыстан оның өмір жолдарының кей сәттерінен хабардар боламыз. Бір отбасының тірегі саналатын азаматтан айырылу оңай емес екені анық. Енді бірде:

Он жетіде жолдас боп,  
Қосылған екен алалы.  
Қатарынан кем емес,  
Құдайға шүкір балалы, –

деуіне қарағанда марқұмның он жеті жасында үйленіп, балалы-шағалы болғанына шүкірлік етеді. Артында қалған ұрпақтары көңілге медеу болады. Өзі жоқ болса да, көзі қалғанына ризалық білдіреді, тәубеге келеді.

Көптеген елдердің өмірінде бар жоқтау өлеңдер кейбір халықтарда жаттамалы түрде айтылса, қазақтарда көбінесе ақындар шығарып берген. Сондықтан Көдек те жоқтау өлеңдерді көп жазған. Соның бірі «Диқанбайға дауыс» деп аталады.

Аяулы адамынан айырылу кімге болса да оңай тимеген. Қайтыс болған адамды қимай дауыс айту, ақтық сапарға арулап шығарып салу күні бүгінге дейін жалғасып келе жатқан салт. Марқұмның соңындағы жақындарының парыз-қарызы десек болады. Хакім Абайдың «Өлген адамның жаман болмайтыны несі, тірі адамның жамандаудан аман болмайтыны несі?» деген сөзінде үлкен мән бар. Қайтыс болған марқұмның атына артық ауыз сөз айту – әбестік. Тіпті марқұмға айтылатын жоқтау-дауыстарда жақсы жағынан айту, үлгі көрсету басымы болып отырады. Диқанбайға арналған жоқтау «Бисмилла деп бастайын» деп қайталанып келетін жолдармен басталады. Бұл фольклордан ауысқан ерекшелік. Мұндай дәстүрлі қайталау осы топтағы өлеңдерінде әркез ұшырасып отырады.

Тетір болса сөкпеңіз,  
Өлім деген сын екен.  
Туылған соң анадан  
Ақ өлімің шын екен.  
Он сегіздің жылында

Орыстан қаза түр екен...  
Кімге тоқтап тұрады  
Опасыз жалған бұл екен.

Осы шағын үзіндіден Диқанбайдың 1918 жылы қайтыс болғанын және «орыстан қаза түр екен...» деуіне қарағанда кімнен қаза тапқаны да ашық айтылады. Біздіңше, бұл сөз шындықтан алшақ емес. Өйткені 1916 жылы албан елін тұтас қамтыған ұлт-азаттық көтеріліс болғаны белгілі. Көтеріліс соңы қызыл қырғынмен біткені де шындық. Ендеше ақынның «Орыстан қаза түр екен...» деуі ақиқатқа саяды. Жоқтауда алдымен ел өмірінен көп дерек береді. Ұлт-азаттық көтерілістің шығу себебін де еске салып өтеді.

Шалкөде мен Қарқара  
Жайлаған албан көп едің.  
Ақ патшадан бұйрық кеп  
Бала сұрап кеп едің, –

дейді.

Бұл жолдар патшаның 25-маусымдағы жарлығын нақтылай түседі. «Қазақ жастарын майданның қара жұмысына алу жайындағы жарлыққа ел көнбей, көтеріліске шыққаны белгілі. Жоқтауда көп адамның есімдері (Жәмеңке, Ұзақ, Бекдайыр, Әбдіхалық, Серікбай, т.б.) аталады. Бұлардың бәрі де «орыстың құрығына» ілінгенін жасырмайды. Ақын осы қайғылы сәтті бекер айтып отырған жоқ. Бұдан Диқанбай да озбырлықтың құрбаны екенін байқау қиын емес. Жоқтау бір адамға ғана емес, бірнеше адамға арналғандай әсер қалдырады.

Ақын сол тұстағы тарихи оқиғалардан дәйекті дерек бере келіп, Диқанбай сынды елге беделді, батыр адамның жақсы қасиеттеріне назар аударады.

... Шарапаты бар еді,  
Шалқар көлдің суындай.  
Қасиеті бар еді,  
Арасанның буындай.  
Қаптап жауы тұрса да,  
Көрмеуші еді шыбындай.  
Қазылған аңғар болса да

Өтуші еді жығылмай.  
Кешегі өткен Әтиім,  
Үлкен бір таудың ығындай.

Арманда кеткен азаматтың рақым-қайыры мол азамат екенін, батыр-батылдығын әдемі салыстырулармен тартымды жеткізеді. Арманда кетті дейтіні 1918 жылы орыс әскерлері бейқам отырған Диқанбай ауылын қанды қырғынға ұшыратады. Диқанбай мен екі баласын өлтіреді. Бұл жоқтауды Көдек ақын иелерінің ұсыныс-өтініші бойынша жазған екен.

Мұнан басқа Диқанбайдың үш баласына (Құдайберген, Құсайын, Мышан) арнаған жоқтау-дауысы бар. Үлкен ұлы Құдайбергенге дауыста:

Жәкем қандай кісі еді,  
Атын білген мақтаған.  
Қай мінезі бар еді,  
Ағайынға жақпаған.

Не:

Жанып тұрған шырағым,  
Ағып тұрған бұлағым, –

деуі орынды айтылған баға-сипаттай естіледі. Құдайбергеннің (Жәке) барлық ағайынға мақтан болған, мінезі көпке жағымды адам болғанын ұғамыз. Сондықтан марқұмды жанып тұрған шыраққа, ағып тұрған бұлаққа балайды. Көдек жазған жоқтаулар белгілі бір адамдарға арналатындықтан, онда сол адамға тән ерекшеліктер көрсетіледі. «Құсайынға дауыста»:

... Қажеті болса нашардың,  
Қазынаңнан төледің.  
Отыз екі жасыңда  
Дүниеден өттің зерегім, –

деген жолдардан біраз нәрсені аңғаруға болады. Біріншіден, марқұмның жомарт-қайырымдылығы, екіншіден, тым жас кеткеніне өкінгендей сыңай танытады.

Әкелі-балалы марқұмдарға арналған жоқтау-дауыстарда олардың қандай адам екенін айтып қана қоймай, ел басына түскен ауыртпалықтарды да қоса қамтып отырады.

Құрбандықтың айында,  
Бізге бір келген селебе.  
Сексен бес орыс келіпті  
Селебе емей немене?  
Қата менен Келеке  
Кәпірді бастап келе ме  
Бізге бір келген селебе.  
Сексен бес орыс келіпті  
Селебе емей немене?  
Қата менен Келеке  
Кәпірді бастап келе ме!

Бұл Диқанбайдың үшінші ұлы «Мышанға дауыс». Жоқтаулардың негізгі сарындары сәйкес болса да, айтар ойларында айырма барлығы байқалады. Диқанбай ауылын қырған орыстардың саны Қата мен Келеке сияқты шолақ белсенділердің зұлымдығы, оқиғаның уақыты айқын көрінеді. Жоқтаудың соңын халықтың басына түскен мұң-шерді айтумен бітіреді.

Арманым менің көп болды,  
Өзекке түсіп дерт болды.  
Таразы тартқан қорғаным,  
Қырылып бәрі дерт болды, –

деп ел басына түскен ауыр дерт ретінде қарап, орны толмас өкініш білдіреді. Марқұмдарды халықтың қорғанышы ретінде сипаттайды. Сондықтан мұң-шер өлеңдерде ел өмірі, көптің таным-түсінігі қылаң беріп отырады. Лирикалық кейіпкердің өзегін өртер дерті бар, айтар арманы да көп. Осы соңғы шумақтың төртінші тармағы «қырылып бәрі мерт болды» деп аяқталады. Біріншіден, өлген адам біреу емес, екіншіден, «мерт болды» деген сөзден қайғының тосыннан болғанын ұғамыз. Олай болса, оқиға біздің жоғарыда айтқанымыздай болған. Диқанбай да және оның балалары да жазалаушы жендеттердің қолынан қаза тапқан. Демек, бұл бір ауылға келген апат емес, ел басына түскен қайғы екенін аңғаруға болады. Академик М. Әуезов «... Кей уақытта жалпақ елдің жоқтауы болады. Ондайда қайғылы қалың елдің атынан ақын-жырау жоқтайды, кейде үй ішінің ауыл-аймақ, рудың ішінде жоқтау өлеңі болады» [7, 22 б.] – деп



жазады. Бұл жоқтау да ру ішіндегі қаралы жағдайға байланысты жазылғаны анық.

Көдек Байшығанұлының көлемді жоқтау өлеңінің бірі – «Түнқатар қажыға дауыс». Жоқтау 1922 жылы жазылған. Алдымен ақын бүкіл дүние әлемнің болуы Жаратқан иенің құдіреті екенін терең сезінеді. «Құдай – біреу, Құран – шын, пайғамбар – ақ». Кәрі-жасқа қарамай айы біткен айында, күні біткен күнінде дүниеден өту де заңдылық деп біледі. Қандай адам болса да тіпті әулие, пайғамбар болсын бір Жаратушы Алланы танып, сыйыну керек. Солардан қалған ақ өлім атадан қалған мұра іспеттес. Мұны мойындамау – күпірлік. Жетпіс екі жастағы қажыға келген қазаға пенделері көнуі тиіс. Ынсап, тәубе, құлшылық әр үмбеттің парызы. Жаратқанды ойлап, асымай-тасымай жүруі керек. Осылайша дүниенің жаратылуы мен ислам дінінің қағида-шарттарын жан-жақты хабардар етіп, пенделерге бір сәт болса да ой салады. Тура келген қазадан ешкім де құтылмақ емес.

Бай мен патша болсаң да,  
Дүниені сапыра.  
Жер бесікке түсесің,  
Бармайды ешкім қасыңа.  
Дүние опа қылмайды,  
Жинағанмен асыға.  
Бәрі артында қалады,  
Әлі бітпей шашыла.  
Иманың болар жолдасың  
Шам-шырағың басыңа.

Ағаш бесікке жатқан адамның жер бесікке түсері хақ. Дүние жалғаннан опа көрем, оның түбіне жетем деудің өзі әбестік. Сондықтан әр пенде тәубені ұмытпауы тиіс. Пәниден бақиға озған марқұмға иманы ғана жолдас болмақ. «Иманың болар жолдасың, Шам-шырағың басыңа».

Жоқтауда дін жолы бойынша орындалатын жосын-жоралғылар да айтылып отырады. Бұдан кейін Түнқатар қажының халыққа қадірі, беделі бар, шарифаттың шарттарын орындап құлшылық жасап жүретін жақсы адам болғанын мадақ етеді. Мал

басы өскен дәулетті, қормал адам болғандықтан, қажылыққа барып парызын өтеген ел ағасы ретінде дәріптейді.

Қажы атам жақсы жаралған,

Құйма алтындай сомынан.

Өмірде десі қайтпаған,

Ісі келіп оңынан.

Өркендеген мал басы,

Ормандай өсіп молынан.

Кең өрісті мекені

Тұнық ішкен соныдан.

Адамдық қасиетке дақ түсірмей, кем-ғаріпке жәрдем беріп елдің ынтымақ-бірлігін сақтай білген, кісілігі жоғары адам ретінде жоқтайды. «Бүрлі ағаштай саялы» шарапаты көпке тиген жан болғанын айтады. Жатты да жатырқамайтын пейілі кең, қабағы ашық адамның қазасын ел қайғысына санап дұғаның қабыл, жанының жаннатта болуын тілейді.

Қайырымы кең пейіл,

Халыққа ашық қабағы.

Жатырқамай, сыйласып

Жатты өзіне санады, –

дейді.

Жоқтау-дауыста Түнқатар қажының барлық жақсы қасиеттері қамтылып отырған. «Қажы атам қандай кісі еді?» деген сауалды жиі қоя отырып, әр қырынан тарата жауап береді. Сонымен бірге, кейде албан елінің ата шежірелерін жоқтаумен ұштастыра таратып, ел басшыларын еске түсіреді. Халық тұрмыс-тіршілігінің көп көріністеріне назар аударады. Он алтыншы-он жетінші (XX ғ.) жылдардағы аумалы-төкпелі қиын заманның ел өміріне қандай әсері болғанынан да хабардар етеді. Елдің бағына туып, құт-берекесіне айналған асқартаудай атасының адамдық мұратының биіктігін ашады. «Жатты жатырқамай сыйлау» кісіліктің белгісі ретінде қаралып, жоқтау өлеңге құнарлы мазмұн дарытады. «Алтын туына» балаған қажы атасына дұға бағыштап, иманды, жанының жәннатта болуын тілейді.

Көдек Байшығанұлының «Сәрсембайға дауысы» 1924 жылы жазылған. Сәрсенбайдың көпке белгілі беделді адам болғаны аңғарылады. Марқұмның қазасын естіген адамның бәрі «ағып жатқан бұлағы сарқылғандай» сезімде болады. Марқұм өмірінің бір мәнін төмендегідей баян етеді:

Асыраған жасынан,  
Ағайынның арығын.  
Мінезінде бар еді,  
Саспайтұғын сабырың.  
Толған айдай халқына  
Әрқашан түскен жарығың.

Бұл жолдардан Сәрсенбайдың қандай адам болғанын бірден аңғаруға болады. Біріншіден, ағайынның арығына қол ұшын беретін қамқорлығы, екіншіден, сабыр сақтайтын ақылдылығы, үшіншіден, бүкіл халқына жарығы түскен жан болғанын ұғамыз. Көдек жоқтау-дауыстарында аз сөзге көп мағына сыйғыза отырып, нәрлі сөз тіркестерін жиі қолданып отырады. Мұнан ағайынға-қамқор, халқына пана болған адамның рухы биіктей түседі.

Асылынан айырылды,  
Ел мен жұртың, ауылың.  
Айта берсе өмірің  
Әрі үлгілі, әрі мұң, –

деген жолдар Сәрсенбайдың болмысын аша түскен. Марқұм қатарынан озып туған асыл азамат ретінде танылған. Жоқтауда Сәрсенбай өмірінің бел-белестері, кейбір жақсы іс-әрекеттері де айтылып отырады. «Албан менен бұғыға қолының жеткен саласы» деуіне қарағанда қазақ-қырғыз екі елге де сөзі өтетінін білсек, енді бірде:

Алып берген жегізбей,  
Арыстанға ақымды.  
Орыс, қытай екі жұрт  
Біледі түгел атыңды, –

деп екі елге есімі танымал болғанын мадақ ете сөйлейді. Елінің намысын да, жеке адамдардың ақысын да ешкімге жібермейтін беделі артқан кісі болған. «Батырлық, байлық, манаптан, тү-

гел алып еншіні» көптің көшбасшысы болған марқұмның орны ерекше байқалады. Жоқтауда көздің жасы, көңілдің зары барынша әсерлі баяндалады.

Көлеңкеде көркейдім,  
Көз нұрында сақталып.  
Санаменен сарғайдым,  
Қайғыменен қақталып, –

деп бірде өкініш білдіреді. Ақынның жазған жоқтаулары бір-біріне ұқсамайды. Қайтыс болған әр адамның іс-әрекетіне лайықталып шығарылған. Қай жоқтау – дауысты оқысақ та шыннайылығы және көркемдік бояуының қанықтығы ерекше әсер етеді. Қаралы жандардың қайғысын жеңілдеткендей болады.

Ақынның 1927 жылы жазылған «Оразай болысқа дауысында» марқұмның ататегінен мағлұмат береді. Малға да, жанға да мұқтаж болмағанын баян етеді.

Қажы атамның тұқымы,  
Жаманшылық көрмепті.  
Мәуелеген жемістей  
Дәулетті де перзентті.

Осындай өсіп-өнген отбасынан шыққан марқұмның жас кезінен абырой-атағы шыққан көпке үлгі боларлық адам болғанын атап көрсетеді. «Қол қайыры көп болған, айтқанынан бал тамған» аяулы адамға балап жақтайды. Жоқтауда Оразай болыстың беделді адам болғаны толық ашылған.

Алатаудай айбатым,  
Ауыл, елге үлгі еді.  
Жасынан шығып дабысы,  
Талайдан болған ілгері.  
Миуалы дарақ секілді  
Өркендеп, өсіп бүрледі, –

деп Алатаудай айбатына, миуалы дараққа балайды.

Бақ пен таққа қолы жеткен, әділдіктен ауытқымай халқының қалаулысына айналған адамның өмірден өтуі – үлкен қайғы. Бірақ жазмыштан озмыш жоғын еске салады, басу айтады.

Сарқылғаны-ай халықтың,  
Ағып жатқан бұлағы.

Аман болсын шырпысы

Жығылса да шынары.

Өзекті жанға бір өлім болары хақ. Сондықтан ақын сабырға шақырып, марқұмға иман, артында қалғандарға амандық тілейді. Екінші жағынан, қысқа ғұмырдың бағасын білуге үндеп, «Жалғанда жүрсің сынақта» деп түйеді. Ағып жатқан бұлағының сарқылғандай болғанына өкінсе, бірде тірі жүрген пенделерге ой салып отырады.

Алатаудай айбатым,

Сүйенішім – бел кетті.

Асылынан айырылып,

Ел-жұртыңыз шөлдепті. –

дейді. Көңіл наласын терең толғайды. Көптің де жан-күйінен хабардар еткендей болады. Марқұмның қазасы бүкіл ел-жұрттың қайғысы, мұң-наласы деп біледі. Қайыры мен мейірі көп жайсаң жанның өмірдегі орны жоқтаудың бүкіл өн бойында айтылып отырады. Басқаша айтқанда, жеке адамдардың көңіл-сезімі де, марқұмның жақсы істері де қоса қамтылып, бірлікте сөз етіледі. Жоқтауды тыңдаған әр адамның ойында «әттең-ай» дейтін бір қимастық тұрары хақ.

«Мысаны жоқтау» 1932 жылы жазылған. Мыса – Айт руының белгілі би-батыры болған Жайнақтың шөбересі. Әкесі Бегдайыр 1916 жылғы көтеріліс басшыларының бірі болған адам. 1932 аштық жылдары Мыса Қытай еліне өтеді. Жолда бір қалмақтың үйіне қонады. Дүние-мүлкіне қызыққан қалмақ Мыса мен бала-шағасын түгелдей жазым етеді. Ақын алдымен Мысаға қысқаша сипаттама береді. Текті әулеттен шыққан, оқыған-тоқығаны көп, саналы азамат болғаны айтылады.

Кетті ме қайран Мыса дерегі жоқ,

Жастардың туылып ең ерені боп.

Арғы атаң Сүйіндіктен бері қарай

Албанның шығып едің зерегі боп.

Сөзге бай, тілге жүйрік, қиялға ұшқыр

Жұрт білген неше алуан өнері көп.

Мыса жас кезінен бастап-ақ ортасынан оза туған жан екені көрінеді. Орысша, қазақша сөзге шешен, өнерлі болғанын ай-

тып, онан соң әкесі Бегдайырдан мағлұмат береді. «Өз әкең ақ патшадан жазым болған» деуі тарихи дерекпен сәйкес келеді. Тарихшылардың жазуына қарағанда Бегдайыр Сұлтанқұлов көтеріліс бастап ату жазасына кесілген он бес (15) адамның ішінде аталады.

Мысаның Қытай еліне кетуі алқымнан алған аштықпен байланысты екенін де ұғамыз. Сондай-ақ жоқтау өлеңде 1920-1930 жылдардағы ел өміріндегі саяси нәубеттер де көрініс тауып отырады. Ел-жұртының айбарына айналған адамның бір жауыз жанның қолынан қаза болғанына қамығады. Бірге өлмек жоғын мойындайды.

Көз көріп, қол жөнелтсе, арман бар ма,

Қайғымен аһ ұрады бауырың-ай!

Еріксіз көзімнен жас домалайды

Жасаған жаны кейіп, қамығып-ай, –

деп кейістік танытады, бірақ аһ ұрудан басқа амал жоғын ұғады. Маңдайға жазылғанды өзгерту ешкімнің де қолынан келмек емес. Сондықтан артында қалғандарға игі ғұмыр тілейді. Қандай ауыр қайғы-мұң болса да ақылға салып сабыр сақтауы керек деген байламға келеді. Көдектің жазған жоқтаулары поэтикалық бітімі жағынан тартымды болып келеді. Онда сан алуан көріктеу-салыстырулар, теңеу, эпитет, метафора, т.б. келісті ойдан туған кестелі сөздер көп. Мұндай айшықтар жоқтаулардың ажарын ашып идеялық-мазмұнын да, эстетикалық әсерін де күшейте түскен. Сондықтан Көдек Байшығанұлы әріден келе жатқан дәстүрлі мұң-шер өлең (жоқтау) өрнегін дамытқан ақынның бірі. Оның жоқтау-дауыстарында жеке адамдар мен халық қайғысы қоса қамтылып отырады.

Көдек Байшығанұлы шығармаларының бір саласы – дастандары. Оның алғашқы дастаны – «Қайынға барғанда» көлемі шағын туынды. Бұрынғы қазақ қоғамында келін түсіріп, қыз ұзату – құда болу, баталасу арқылы шешілетін. Мұндай ғұрып-салтпен бас қосқан кейбір жастар бақытын тауып жарасып жатса, кейде ата-ана ұйғарымына келіспей, екі арада келеңсіздіктер де орын алатын. Көдектің бұл туындысы дәл осындай кереғарлықты бейнелеген. Оқиға бірінші жақтан баяндалатындықтан,

ақынның өз басынан өткен жағдай болуы да мүмкін. Шығарманың тақырыбы – ескі қазақ қоғамының әдет-салтынан туындаған әйел теңсіздігі. Ескі салт пен сана тартысы көрініс тапқан.

Жас мөлшері бір-біріне сәйкес келмейтін екі жасты атастырып қояды. Қалыңмалы берілген қыз құда түскен жеріне баруы керек. Лирикалық кейіпкер он төрт жасқа келгенде ғана өзінің жас кезінде атастырған қалыңдығы барын біледі. Екі жас бір-біріне тең бе, әлде кем бе бұл жағы күңгірт. Өйткені екеуі бірін-бірі әлі көрген емес. Ес жиып, етек жапқан балаға ой түседі. Қайын жағына бір барып қалыңдығын көргісі келеді. Жарасам ба, әлде адасам ба деген ой мазалайды. Қайын жұртының да қандай адам екенін білмейді.

Тең келсе сайма-сайың жарасасың,  
Кем келсе ақылыңнан адасасың.  
Қол артсаң жақсы атаның баласына  
Көңілге бір-біріңнің қарасасың.  
Жөн білмес біреулермен құда болсаң,  
Әріне бір қараның таласасың.

Қыздың қалыңмалы беріліп қойған. Алайда екі жас бір-бірін ұнатпаса не болмақ? Онда мәселе басқаша сипат алады. Лирикалық кейіпкерді осы мәселе алаңдатады. Мүмкін келісер, мүмкін кетісер, бірақ қалыңдықты қалайда көруі керек.

Бір жерге ынтымағың қосылмаса,  
Бұрынғы өткен малды санасасың.  
Жігіт жас, қыз ересек болғаннан соң  
Жөнімен ала алмайды аласасын.

Екі жас тең болып, бірін-бірі ұнатып жатса, оның арты қуанышқа ұласады. Егерде бұлай болмаса ше? Онда екі арадағы сыйластық қана емес, құдалықтың да бұзылуы мүмкін. «Бұрынғы өткен малды санасу да» ғажап емес. Ақыры бір жылдан кейін қайынға барудың сәті келеді. Алғаш есік көргенде атқарылатын жол-жоралғылар мен кәде-ырымдар дайындалады. Қалыңдықтың ата-анасына арнайы сыйлықтар алынады. Барлық сый-сияпатымен қайын жұртына аттанады.

Тай-тұяқ, басы құндыз жыртисым бар,  
Базардан талай алып асыл берген.

Есеп қып, қой сиырды не қылайын  
Түсін сап талай аттың басын берген.

Күйеу баланың қайын жұртымен танысып, қалыңдығын көруі бұрынғы қазақта есік көру немесе ұрын бару деп аталған.

Қажетт жөн-жоралғыларымен келген күйеу баланы жеңгелері қарсы алады, отау үйге түсіреді. Бірақ басқа ешкімді көрмейді, қалыңдықты да әкеліп таныстырмайды. Күйеу баланың көңілі су сепкендей басылады. Оның үстіне біршама шығындалғаны бар. Ойда-жоқта алданғандай боады. Қызды көрсем деген үміті де ақталмайды. Салы суға кеткен күйеу еліне қайтады.

Бала екен барған соң да көреміз деп,  
Өр кеуде қыз айтқандай өлшеуімде.  
Біреп күн қонақ қылмай салдақының  
Қарашы мінезінің тентегіне, –

деп кекетеді.

Бұл әрекет күйеу баланы ойландырып ширата түседі. Намысын жібергісі келмеген күйеу бала басқа амалға кіріседі. Қыздың жай-жапсарын басқалардан сұрап білуге кіріседі. Сонда бір жігіт былай дейді:

Ол айтты: сондай қызға күйеу болса,  
Жігіттің жырғар еді мал тапқаны.  
Бір тойда айтысып қап табысып ек  
Көңілім содан бері жай таппады.

Бұл сөзден кейін күйеу бала қайын жұртына жиі барып, қалайда қыздың сырын білуге әрекет етеді. Кейде батыл әрекеттерге барады. «Ауылынан күмәнді жігіт көріп, Кей жолы айқай-сүрең салып жүрдім» дегеніне қарағанда қалыңдық пен екі ара ушыға түспесе, ымыраға келетін емес.

Бір күні әдейі ат басын бұрады, осы күні тағы бір жігіт қонақ болады. Қалыңдықтың ықыласы сол жігітке ауған, бірақ күйеу бала да сыр бермей әліптің артын бағады. Алайда бір нәрсеге көзі жеткендей болады, күмәні шынға айналады.

Байқаймын бағанағы сұлу жігіт,  
Жасырын атып жүрген мерген екен.

Қыздың ерсі қылығына кектенген күйеу баланың зығырданы қайнаса да сабыр сақтайды. Ертедегі салт бойынша қызды



жеңгесі ертіп әкеледі. Тіс қағып қалған қу қыз бір жағын әзілге сүйеп, түрлі амал-айлаға барады. Бірақ күйеу баланы бойына тоғытпай баласынған сыңай танытады. Қасына келген қыздың сырт сипатына көз салады.

Қыз екен ұзын бойлы, жалпақ сары,  
Бола ма бір пәлекет барсақ-тағы.  
Қараймын денесінің жуанына  
Өткендей баяғыда-ақ бал шақтары.  
Көрінді тар маңдайы әжім-әжім  
Осы ма қалыңдық боп аңсатқаны.

Қалыңдыққа берілген бұл портреттік сипаттама оның қандай адам екенінен хабар беріп тұрғандай. Астарлау емес, ашық айтылған уытты юмор. Бұл арада жай әжуадан гөрі мазаққа айналдыра масқаралау басым сияқты. Сондықтан бұл тәсіл шығармаға сатиралық сипат дарытып, әсерлілігін арттыра түседі.

Үлде мен бұлдеге бөленген бай қызының киімдері де көз артады. Ауқатты жердің ерке қызының қылығы да күмән тудырады. Түрлі сылтау айтып күйеу баланың ырқына да көне қоймайды. Қыздың сөзіне иланған болып еркіне жібереді. Бірақ сыртынан бақылайды.

Әлгі қар құдай болып кетті жайқап,  
Үкісін бұлғақтатып өтті шайқап.  
Жігіттің қойнына барып жатты  
Абайлап арт жағында тұрсам байқап.

Қалыңдықтың бұл өрескел қылығына шыдамаған күйеу бала морт сынады. Дәл осы сәтте ақылды ашу жеңеді. Жетіп барып бірден қамшы сілтейді, шу-шырқан басталады. Қыздың «өлтірді» деген дауысын естіп ағасы қызынады. Күйеу баланы қорлағандай боп намысына тиген қалыңдыққа қайта оралмайды, құдалық бұзылады. Берілген қалыңмалын қайтарып алады. Қалыңдықтың мұндай әдепсіздігін ешкім де құптай қоймас. Алайда бұл арада ескеретін бір жағдай қалыңдық та өзінен кіші, ұнатпаған адамына барғысы келмеген шығар. Сондықтан басына еркіндік алудың бір жолын осылай шешуді жөн көруі мүмкін. Ендеше бәріне қыз кінәлі деуге болмас. Мұның түп-тамыры ескі қоғамдық салтта жатқаны даусыз. Көне жол-жосық

салдарынан туындайтын неке теңсіздігін әшкерелейді. Кейде ащы мысқыл-ирония араласып отыратын шығарма тартымды оқылады. Сондықтан бұл туынды – ақынның мәнді мұрасының бірі.

Көдек мұрасының биік белесі саналар шығармасы – «1916 жыл туралы» дастаны. Ұзақ уақыт қабырғасы қақырамай келген бодандықтағы халық кегінің жойқын бір бұрқанысы он алтыншы жылғы ұлт-азаттық көтерілісі еді. 1916 жылғы көтеріліс қазақ даласынан асып, бүкіл Орта Азияны қамтыды. «1916 жылғы шет аймақтардағы ұлттық қозғалыс ресейлік үстемдікке қарсы жүргізілген күрестің биік шыңы. Отаршылдық жүйеге бүкіл шығыс бір майдан болып шықты» [8, 131 б.].

Шығармада Қарқара көтерілісі мен оған басшылық еткен батырлардың ерліктері суреттеледі. Барлық ақиқатты өз көзімен көріп, жанын жаралаған оқиғадан Көдек ақын да сырт қалмаған. Ақын туындысында тарихи оқиғаны әсірелемей, шындықты қаз қалпында көрсетуді мақсат еткен. Сондықтан дастан көркем туынды ғана емес, тарихи-деректі шығарма ретінде де мәнділігі арта түседі. Көтерілістің шығу себебін былай түсіндіреді:

Ақ патша әділеттен тайғаннан соң,  
Соғысқа бала бер деп қылды пәрмен.  
Өлсек те бұған бала бермелік деп  
Қырылды Қарақолда өңшең бағлан.  
Басшыдан ақыл табар айырылған соң  
Сандалып бұқарадан кетті дәрмен.

1916 жылдың маусым жарлығы халық кегіне май құйғандай болады. Ұзақ жылдар бодандықтың теперішін тартқан халық ашулы еді.

Жастарды майданның қара жұмысына алу керек дегенде морт сынбасқа амалдары қалмаған еді. Азаттық үшін айқасқа дайын тұрған халыққа маусым жарлығы түрткі болады. Жұдырықтай жұмылып патша жендеттеріне қатты қарсылық көрсеткен жердің бірі Қарқара көтерілісі болғаны белгілі. Қолдарында қару-жарақтары болмаған бейкүнә халық патшаның мұздай қаруланған көп әскеріне төтеп бере алмайды.

Патшамен қарсыласып ұрысуға,  
Болмады қолда қару-жарағымыз.  
Өзі рақым қылмаса Алла бізге  
Дағдырып, таусылып тұр амалымыз. –

деген жолдардан халықтың шарасыздық халін аңғаруға болады.

Қарусыз халықтан қан көп төгіледі. Себебі патша өкіметі бұл көтеріліске үрейлене қарап, «бұратана» саналатын халық үшін өрескел бассыздық деп біледі. Патшаның жарлығын орындамау – үлкен айып. Сондықтан бұл көтерілісті басу үшін, қайта бас көтертпеу үшін жанталаса әрекет етеді. Мұндай жауыздыққа шыдамаған ел үркіншілікке ұшырайды. Торғайдай тозған қазақ ауылдарының бір бөлімі көршілес Қытай асып кетуге мәжбүр болады.

Атқылап кез келгенін қырғаннан соң,  
Шыдамай қашып кеттік зардабына-ай.  
Құдайым кең жаратқан қытай жұрты  
Тиіп тұр әзір бізге жәрдемің-ай.

Бұл ел басына қара бұлт үйірілген сол дүрбелең жылдың ақиқаты екеніне қапысыз сенесіз. Ақын қалың қауымның береке-бірлігі, тыным-тыныштығы бұзылып, «байтал түгіл бас қайғы» болған ащы шындықты әр қырынан толғайды. Сырт елдерге еріксіз кетіп, көрінгенге көз түрткі болған халықтың ауыр хал-жайы барынша табиғи суреттеледі. Шекарадан өткен бетте қалмақтар мал-мүліктерін талауға салады.

Серкесіз қойдай бөгеліп,  
Енді болдық жан бақты.  
Сасқандықтан ес қылып,  
Қашып едік қалмақты.  
Мал мен пұлға тоймастан,  
Киімді тонап зарлатты, –

деуі тегін емес.

Ата қоныстан ауған елде қандай күй болсын. «Жығылған үстіне жұдырық» дегендей қолдарындағы азын-аулақ мал-мүліктерін содырлар талан-таражға салады. Бұған қоса, тәуір киімдерін де тонап алады. Өйткені бұларды қорғайтын заң да жоқ, жаны ашитын адам да жоқ. Мұның өзі ауған елдің ба-

сындағы ауыртпалықты арттыра түседі. Қолдан келер дәрмен болмаған соң үзілмеген үмітті ғана медеу тұтады. Сырт көзден жалтара, жабыға жүріп бас сауғалайды. Ақын ереуіл алдындағы ел өмірін кейінгі уақыттағы халықтың өзегін өртеген өксігімен ұштастыра отырып көркем түйіндеулер жасайды.

Біздің ел Қарқараға қонушы еді,  
Даласы жылқы, қойға толушы еді.  
Әр ауылдың үстінде тамаша ғып,  
Ат шабыс, тұс-тұсынан болушы еді.

Ертеректегі ел өмірі айқын елестейді. Қан жайлаудағы қамсыз тіршілік осылай сипатталады. Шөптің шүйгінін, судың тұнығын қуалап мал баққан қазақ ауылдарының тіршілік-тынысын көз алдымызға әкеледі.

Мал басы талауға түскен шетінен айдалып-атылып жатқан күрес күндеріндегі көп адамдардың «кіндік кесіп, кір жуған» жерін тастап кетуі де ел еңсесін түсіріп, жанын жегідей жеген еді. Халық қамкөңіл болып, қаралы күн кешеді.

Адастық осы күнде күн мен айдан  
Ауған соң Қарқарадай жақсы жайдан.  
Сансырап, есеңгіреп есім шықты  
Күніміз бұрынғыдай болсын қайдан? –

дейді. Мұны бірдің емес, көптің өкініші деп білу керек. Көнбейтінге көнген, көрмейтінді көрген ел мұңын байқамау мүмкін емес. «Қанаттас қатар жатқан қазақ, қырғыз» екі елдің де шырқының бұзылуы ақын ойын онға бөледі. Құлазып қалған құт мекеннің тағдыры не болмақ, бұлықсыған бұрынғы күн қайда? Қамсыз өткен қайран дәуренді халық қасіретімен ұштастыра әсерлі жеткізеді.

Біздің жұрт бұрынғыдай болар ма екен,  
Бәрі кеп Қарқараға қонар ма екен.  
Ұрық-туған бір жерге басын қосып  
Көңіліміз раушан боп толар ма екен?!

Көтерілістің сын-салмағын көріп еңіреген ел арманы – осы. Басқа елге бас сауғалап кеткен халықтың мұң-наласы шығармада соншама айқын көрініс тапқан. Қапылыста көз жазып

қалған ата-жұртқа деген ыстық ықылас пен сағыныш-зар да те-  
рең тебіреніспен жырланады.

Ел-жұртым көк майсалы, кең Қарқара,  
Бұл күнде бір көруге болдым ғашық.  
Сағынып осы күнде жылай-жылай  
Көзім нашар тартты ғой мұнар басып.  
Аға, жеңге, келін мен інілерім!  
Бір жүрер күн болар ма екен араласып!

Адамның аяушылық сезімін тудыратын осы жолдардан ел  
мұңының лебі есіп, себеп-сыры ашылғандай әсер етеді. Жердің  
тозып, елдің азуына себеп болған не? Ата-жұрттан алыстаған-  
дардың санасын санға бөлген қандай жағдай? Ел шырқының  
бұзылуы әр адамның жанын жегідей жеген қайғы-мұңға айна-  
лады. Барлығының түп-тамыры отаршылдықта екенін жақсы  
сезінген Көдек елінің өткен өмірін аңсайды. Әлеуметтік шын-  
дықты, заман сауалын сыншыл көзқарас тұрғысынан бейнелеу-  
ге ұмтылған.

Ақын дастанында сол бір аласапыран болған ауыр шақта  
тұйықтан шығар жолды сілтеп, халық үшін қару асынған ба-  
тырларды да қағаберіс қалдырмаған. Олар Жәмеңке мен Ұзақ  
бастаған бір топ азаматтар. Автор тарихи тұлғаларға жеке-же-  
ке портреттік сипаттама бермегенімен, олардың ерлік іс-әре-  
кеттерін баяндайтын жолдар дастанның өн бойынан ұшырасып  
отырады. Көтеріліс басшыларын былайша таныстырады.

Айт-бозымнан шыққан ер,  
Ұзақ еді аруақты.  
Жәмеңке батыр теңізден  
Жайын алған қармақты.  
Албанда жігіт бар еді  
Бегдайырдай ардақты.  
Құдиярбек ер еді  
Қорғасындай салмақты.  
Тамам батыр асылды  
Түн қатырып бір күні  
Өңкей маңғаз саңлақты  
Қарақолға айдапты.

Осы шағын үзіндінің өзінен-ақ біраз дерекке қаныққандай боламыз. Ақынның баяндауына қарағанда бұлардың бәрі де «Өңкей маңғаз, ардақты, асыл» азамат ретінде сипатталады. Ақынның ойынан шыққан әдеби кейіпкер емес, өмірде болған адамдар екенін ескерсек, ақын сөзіне шүбәсіз сенуге болады.

Көдек тарихи шындықты жақсы білгендіктен де батырлардың қоғамдық орнын нанымды көрсете алған. Шын мәнінде Жәмеңке мен Ұзақ көтеріліске дейін де ақыл мен айланы тең ұстап, жақсы істерімен жарқырап, көп көңілінен шыққан елдің білікті адамдары болған. Халықтың береке-бірлігін сақтау жолында өрелі сөздерімен өнеге айтқан. Көкірек көздері ашық, әділдік-туралығымен бұқараның қалаулы адамдарына айналған. Сол үшін көп қауым оларға сенім артқан, ел басшысы деп санаған.

Құдай-ау тарқатар күн болар ма екен,  
Байланған жүректегі кеселімді.  
Жол тауып бұл албанды ап шығатын  
Маңдайға алғызбады көсемімді. –

дегенде көтеріліс басшылары Жәмеңке мен Ұзақты меңзеп отырғаны хақ. Ақын екеуін де халық қамқоры, қиын кезде топ бастаған көсемі ретінде көрсетеді. Ортаны ойып, орданы бұзған дүбірлі дүрбелең шақта бұл екі адам халық көтерілісінің даңқты басшысы дәрежесіне көтерілген. Ел намысын биік ұстап, халқының амандығы үшін бастарын қауіпке тігіп, ел қорғаны бола біледі.

Қанша қинап сұраса,  
Бала бермей қарысқан.  
Жәмеңке мен Ұзақты  
Алдарына салысқан, –

деуі осы ойды айғақтай түседі.

Әуел баста ел жағдайын кеңінен ойлап кеңес құрған батырлар айтқан сөздерінде тұрады. Жастарды майданның қара жұмысына жібермеу үшін тәуекелге бел буады. Бұл мәселенің арты жеңіл болмай, қан төгіске апарып соғатынын олар жақсы білген. Халық болса ақылды, жүректі басшыларының амал-айласына, беделі мен ісіне сенген. Сондықтан ел Жәмеңке мен

Ұзақты үлкен тірек санаған. Олардың маңына топтасып, артынан ерген. Жұрттың ықыласы оларға бекер аумағанын жақсы білген патша өкіметі алдымен көтеріліс басшыларын құртуды мақсат еткен. Осы арқылы халықтың бірлігін бұзбақ болған. Осы мақсатпен Жәмеңке мен Ұзақ бастаған көптеген адамдарды Қарақолдың абақтысына қамайды. Алайда қасарысқан батырлардың жауаптары ерліктің үлгісіндей әсер қалдырады.

Зорлық өкім көрсетіп,  
«Бала бер» деп қинапты.  
Бермеймін деп баланы  
Ұзақ батыр сайрапты.  
Жанынан қорықса берер деп,  
Ұзақтай асыл батырдың  
Екі қолын байлапты.  
Өлтіремін сені деп,  
Қылышын өткір қайрапты.  
Қасқарып сөйлеп сонда ол  
Бір сөзінен таймапты.

Абақтыда отырғандарына қарамастан көтеріліс басшылары өлімнен де қорықпайтын нағыз батырлар екенін көрсете білді. Қапас тұтқында отырып-ақ көп сенімін ақтай білетін, елім деп еңіреген ерлер бейнесі көз алдымызға келеді. Өмірлерін ел азаттығы үшін арнаған батырлардың ерлік-табандылықтары дастанда ұтымды суреттелген. Бодандыққа бой ұрмай, ел намысын қорғаған ерлерді патша өкіметінің қанқұйлы жасақтары қатігездікпен қанды қырғынға ұшыратады. Қатерлі сәтте де қайыспаған батырлар халық үшін қандарын төгеді. Жастарға арашашы болып жандарын пида етеді.

Қырылды Қарақолдың түрмесінде,  
Басшысы Жәмеңке, Ұзақ кемеңгерім.  
Далада көр, кебінсіз бекер қалды,  
Маңдайын күн шалмаған өңкей елім.  
Әйтеуір түбін берсін біздің албан  
Айырылып жақсылардан сынды белің, –

деп өкініш білдіреді.

Батырлар бейнесі қазақ тарихының қаралы беттері саналатын оқиғаға байланысты жасалады. Жәмеңке, Ұзақ тұлғалары, бір жағынан көпті ұйыстыра білетін ел басшылары ретінде көрінсе, екінші жағынан, алған беттерінен қайтпайтын батырлығымен ерекшенеді. Ел-жұртын азаттық күреске бастаған батыр басшылардың тергеу кезіндегі батыл жауаптарын көпшілікке үлгі етіп, олардың бейнелерін даралай түседі. Шығармада бұлардан басқа да көптеген батырлардың есімдері (Нөке, Әбдіхалық, Сыбанқұл, Зада, Кәрібоз, Жаңабай, Серікбай т.б.) аталады, қысқаша сипаттама беріледі. Туындыдан жасақ басшыларының кулық-залымдықтары да айқын көрініс тапқан.

... Өзгенің бәрін шақырып,

Қарқарада қармапты.

Түн қатырып бір күні,

Қарақолға айдапты.

«Жиын» деген сөзге еріп,

Алдауменен ұсталып

Екі көзі жайнапты, –

дейді. Бұл жолдар да шындықтан алшақ емес. Қайта патша жасақтарының тағы бір сұрқия-сұмдықтарының беті ашылады.

Дастанда 1916 жылдың дүрбелені кезінде Қытай ауып, бас сауғалауға ұмтылған халықтың көңіл-күйі мен тартқан тауқыметі барынша нанымды көрініс тапқан.

Қырғыз, албан осындай,

Көріп тұрмыз шығынды.

Патшамыз алжасып

Заманымыз құбылды.

Жетім қалған баладай

Қытай келіп тығылды.

Бастан кетіп сәніміз

Туымыз біздің жығылды, –

деген жолдар халық өмірінің шынайы көрінісі.

Ақын халық басына қара бұлт үйірген ұлт-азаттық толқудың бір ошағы болған Қарқара өңіріндегі көтерілістің сипатын тарихи шындық тұрғыдан бейнелеген. Оның бұл дастаны бүкіл халық қасіреті мен белгілі кезеңнің анық ақиқатын терең таңбалаған



жыр-куәліктей әсер етеді. Көдектің бұл шығармасы Қытайдағы қазақ әдебиетінің саяси маңызды мәселе – ұлт-азаттық көтерілісі тақырыбына жазылған алғашқы туынды болып табылады.

«Үркін» (1937) – ел басынан өткен ауыр кезең шындығын суреттейтін туынды. Дастан 1916-1918 жылдар аралығындағы тарихи оқиғаларды қамтиды. Шұрайлы жер-суын тастап басқа елге бас сауғалауға қандай себеп болды? Ақын алдымен осыдан хабардар етеді.

Он алтыда жарлық боп,  
Жігіттерді жинауға,  
Қырда қазақ елінен...  
Бұратана атанған,  
Көшпелі елге бұл әмір,  
Қадалған оқ өңменнен.  
Тез тарады суық сөз  
«Солдат» жиып бер деген.  
Асау халық үрікті  
Мойнына құрық түспеген.

Бұрын әскер қатарында болмаған, қан майданды көрмеген халық үшін бұл жарлық төбелерінен жай түскендай әсер етеді. Тұйыққа тірелген ел не істерін білмей дағдарады. «Солдат жиып бер» деген суық сөз тез тарайды. «Бұратана» атанған отар халықтың жағдайы одан әрі қиындай түседі. 19 жастан 43 жасқа дейінгі еңбекке жарамды адамдар алынуға тиіс еді. Осы арқылы патша өкіметі көптеген орыс солдаттары мен жұмысшыларын неғұрлым көнбіс және арзан жұмыс күші ретінде «реквизицияланған бұратаналармен» ауыстырып, оларды қорғаныс құрылыстары мен басқа да тыл жұмыстарынан босатқысы келеді. Осыған байланысты шыққан патшаның бұйрығын халық «өңменнен қадалған оқ» деп қабылдады.

Бала (жастар) орнына әскерлердің азық-түлігі үшін ат, өгіз сияқты сойыс малын беруді ойластырады. Бірақ патша ұлықтары айтқанынан қайтпай, жастарды тізімге ала бастайды.

Тыңдамай ұлық тұрды елдің сөзін,  
Бұл тілек еске алынып, еленбеген.

Қалмастан жалғыз-жарым тізімделіп,

Пәрмені күннен-күнге тереңдеген.

Патша өкіметінің мұндай қатігездік іс-әрекеті халықтың ой-санасын оятып, ұлттық мүддені ойлауға итермелейді. Күн сайын қарсылық көбейіп, көп қауым тәуекелге бел буады. Жастарды майданның қара жұмысына жібермеу керек деген байламға келеді. Ел ішінен шыққан Ұзақ сынды батырға сенім артады. Ел атынан сөйлеген батыр былай дейді:

Қазақ соғыс көрген жоқ,

Бермеймін солдат мен, – деді.

Қарусыз жасты жауға айдап

Ұлықпысың сен – деді.

Берсең – бала өледі

Бермесең – шал өледі

Бала өлгенше, шал өлсін! –

деп кесіп айтады. Ұлықтың өзіне кінә арта сөйлейді. Жәмеңке мен Ұзақ тізе қоса отырып, патша жарлығын орындамайтынын мәлімдейді. Патшаның жарлығын орындамайтынын білген билік орындары енді басқа тәсілге көшеді. Бұларды алдап-арбап қақпанға түсіруді мақсат етеді. Өйткені патша жарлығына қарсы шыққан адамдардың жазасыз қалуы мүмкін емес болатын. Сондықтан патша ұлығы «ұзын арқау, кең тұсауға» салып, айтар талап-тілектерінді Қарақолдағы оязға айтарсыңдар, жауабы сол жерде беріледі деп Ұзақ пен Жәмеңке бастаған отыз екі ел басшыларын қарулы әскер Қарақолға айдайды. Бұл оқиғаға бүкіл назары ауады. Үміт пен күдік тайталасқан сәтті ақын:

Ұзақ пенен Жәмеңке

Ел жақсысы бас болып.

Отыз екі би-болыс

Елден кетті қош болып.

Артында албан тіледі

Амандығын ат көлік.

Немесе:

Қарақолды бетке алып,

Айдауында солдаттың.

Мылтықтары оқталып

Ел үмітін арқалап  
Кетіп еді аттанып, –

деп барынша дәлдікпен суреттейді. Бұл сол бір беймезгіл тұстың боямасыз тарихи шындығы болатын.

Патша жендеттері қанша қысқанымен, батырлар сөздерінде тұрады. Жәмеңке Мәмбетов мал есебінде майданға айдау намысқа тиер қорлық екенін айтса, Ұзақ та алғашқы сөзінен қайтпай табандылық көрсетеді. Амалы таусылған ұлық айтқандарына көнбеген елдің сөз ұстар басшыларын өлтіруге бұйрық береді. Автор осы бір қанды оқиғаның қай уақытта болғанын нақтылы айтады.

Қыркүйектің онында,  
Қылмысты деп шамалап.  
«Бірін қоймай қыр» деген,  
Заң шығарды қаралап...  
Бұйрық алып ұлықтан,  
Дуал сыртын паналап,  
Ел жақсысын, басшысын,  
Қойдай қырды қамап ап.

Патша өкіметінің озбырлары айласын осылай асырады. Қарулары жоқ, қамауда жатқан адамдарды өлтіру онша қиынға түспейді. Бұйрық алған әскерлер оқ жаудырады. Абақтыдағы адамдардың көбі өліп, кейбірі тірі (Тұрлықожа мен Әубәкір) қалады. Ұзақ батыр екі жерінен жараланады. Әубәкір мен Тұрлықожа батырды бір дүнгеннің үйіне жасырады. Мұсылман деп сенім артады. Өздері ат әкелуге еліне кетеді. Бұл үшеуінің тірі қалғанын білген ұлық дереу іске кіріседі.

Қаладан шығатын жолдарға тосқауыл қойғызады. Абақтыдан қашқан адамдардың қауіпті екенін айтып, ұстап бергендерге «сыйлық» беретінін жариялайды. Олжадан дәмелі болған екіжүзді дүнген Ұзақты ұстап береді. Екі жерден жаралы болып, екі қолы байланған батыр ең соңғы сөзінде:

Жеткіншегім аман бол,  
Тілегім осы Алладан.  
Халықта жастар бар болсын,  
Елін-жұртын қорғаған.

Құрбандықпын сендерге,  
Бұйыртқаны сол маған, –

дейді. Кейінгі жастарға амандық тілеп, ел-жұртын қорғауды ақтық аманат етеді. Нағыз батырға тән әрекет етіп, ұлағатты сөз айтады. Жастар үшін өзін құрбан етуден тартынбайды. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінің материалдары негізінде жазылған С. Тәнекеевтің «Ереуілтөбе» атты зерттеуінде сөз болып отырған үш адам (Ұзақ, Тұрлықожа, Әубәкір) атылу жазасына кесілгендердің тізімінде көрсетілмеген. Бұған қарағанда, ақын қанды оқиғаның ақиқатын аттамай, тарихи шындықты өз қалпында бейнелеуді мақсат еткенін аңғаруға болады.

Көптің көз алдында болып жатқан мұндай қатігездіктен елді үрей билейді, дүрбелең басталады. Аман қалудың бір жолы ата-мекенін тастап, іргелес отырған Қытай елін паналауды жөн көреді. Сондағы қандастарына қара тартып бару керек деген байламға келеді.

Басында бүтін үйі жоқ,  
Ел көтерді іргені.  
Қытай ауып кетем деп  
Ыржаңдасып күлгелі.  
Баласын қорып әр үйде,  
Көш-көшпенен гүледі.  
Мұртынан күліп қалмақтар,  
Тұрғанын тосып білмеді.

Бір зорлықтан қашқан ел екіншісіне тап болады. «Есеңгіреп жүргенде, қалмақ, сібе тонапты». Босқындықтың бір үзік сыры осындай еді. «Қайда барса Қорқыттың көрінің» кебін киеді. Жат ел, жат жерде өмір сүру қайдан оңай болсын. Бірден еңсе көтеріп, есесін ала алмай тығырыққа тірелгендей болады. Автор ел басынан өткен сүркей кездің суретін жеткізе айтуға ден қояды.

Шөлдеп қаңсып барған жұрт,  
Баспанасыз шер кеуде.  
Киер киім, тамақ жоқ.  
Еңсесі түсті бір демде, –

деп босқындардың басына түскен жоқшылық пен мұқтаждықты ашады. Біреудің малын бағып, біреудің отын жағып күн көруден басқа амал қалмайды.

Ел іргесін көтергенде Тұрлықожа сынды ел басшысы болған ақылды азамат тоқтатпақ болады. Жат елге барып жадау тірлік етуге қарсы шығады.

Тұрлықожа жиып ап,  
Ел болмайсың Қытайға,  
«Қашуды албан қой!» – деді.  
Қалмақтан дүре жегенше,  
«Өз жерінде өл» – деді.

Бірақ кетуге белді бекем байлағандарды тоқтату қиын болады. Біреулер бұл сөзді тыңдайды. Біреулер тыңдамайды. Осындай аласапыран заман Жетісу өңірінен бір қауым елдің ауып кетуіне себепкер болады. Алайда Тұрлықожа батыр да қарап жатпайды. Үркіп кеткен халықты қайтару үшін батыл әрекетке барады. Қытайға жол тартады. Ауған елдің біразын өздерінің атамекендеріне қайтарып әкеледі. Тұрлықожа елдің бірлігін – бүтіндігін ойлаған көптің қамқоршысы ретінде бейнеленеді.

Жерінен ауып, жетімдік көрген елдің аталуға түскен мал-мүлкін қайтаруға күш салады. Кейбір озбырлық көрсеткендерді «жанына қауіп төндіреді, айтқанына көндіреді». Босқындардың есесін қайтарады. Олар қоныстанған жерлерді аралап көреді, ақыл-кеңес береді. Ақырында мақсатына жетеді.

Қас, Күнес, Текес, Жырғалаң,  
Ердің ісін ел білді.  
Бәрін түгел аралап,  
Ақылға елді көндірді.  
Қалжат, Қорғас, Нарынқол  
Шекарадан өткізіп,  
Жеріне елді қондырды.

Бұл аумалы-төкпелі замандағы халық өмірінің ащы шындығы. Қалмақ пен сібелер тонаған мал-мүлікті қайтарып, босқындарды өз еліне көшіріп әкелген есіл ер қапыда қаза болады. Қалмақтар үзеңгісіне у жағып жібереді. Мұндай іс қалмақтардың өмірінде кездесетін қастандықтардың бір түрі.

Үш күн салып араға,  
Сүмбенің өтіп суынан,  
Сол удан ер сұлапты, –

деген жолдардан оның қайғылы қазасынан хабар табамыз. Елінің тәуелсіздігі үшін күрескен, әділетсіздікке ашынып атқа мінген Тұрлықожа батырдың өмірі осылай аяқталады. Ақын өз шығармасында тарихи оқиғаны асырмай да жасырмай суреттеп, халық басынан өткен аса ауыр да азапты кезең ретінде таныған. Бұл – 1917 жылы болған оқиға.

1918 жылға келгенде ақ пен қызыл арасында алақұйын арпалыс басталады. Бірі бұрынғы билікті сақтап қалмақ, екіншісі жаңа қоғам орнатпақ. Ескіні құлатып, жаңаны орната салу да оңай емес екені белгілі.

Алақұйын арпалыс,  
Біреуді біреу білмейді.  
Біреу – қызыл, біреу – ақ,  
Кімді кім қайда жерлейді.

Ел ішінде тағы дүрбелең басталады. Көпшілік кімдікі дұрыс, кімдікі бұрыс екенін де білмейді. Ақтардың әрекеті барған сайын үдей түседі. Бір бөлім ел қыспаққа шыдамай шетке ауса, қалған елге тыныштық-тыныш бергені былай тұрсын оларды да қанды қасапқа айналдырады. Қата сияқты екіжүзді опасыздардың көмегіне сүйеніп, халықты тонап-талауға кіріседі. Көп мөлшердегі салық арқылы халықты айтқандарына көндіруді мақсат етеді. Мұндай заңсыздыққа Қата белсене кіріседі.

Әмпей болған ақтарға  
Оған да халық төзді енді...  
Бастығы оның байлардан,  
«Салық жиып кел» дейді.  
Тайтұяқ, жамбы, ат, айғыр  
Шығатын жерді меңзейді.

Елдің Қатадан қорқатыны соншалық «жылаған бала уанатын болған». Қата ешқашан бекер келмеген. Оның қарасын көргеннен-ақ елді қорқыныш билейтін болған. Келеке дейтін тағы бір жағымпаз Шалкөде жайлауында отырған Құсайын мен Мышаны ұстатады. «Әскер әкеп ауылды, Шырмауықтай шырмады».

Елдің бас көтерер азаматтарының жаны жаралы болады. «Жақыннан жау шыққан» аласапыран кезең шындығы біртіндеп көз алдымыздан өтіп жатады. Бұл он сегізінші жылы болған қанды қырғынның бір ғана дерегі.

Қазақта ауызбірлік жоқ,  
Жақыныңнан жау шықты.

Балапаны басына  
Тұрымтайы тұсына

Ер арасы ушықты, –

деген шумақта үлкен шындық жатыр. Ауызбірлігі болмаған елдің тоз-тозы шығып, «балапаны басына, тұрымтайы тұсына» кеткені рас болатын. Патша әскерінің жауыздықтары мен дәрменсіз халықтың мүшкіл жағдайы барынша табиғи суреттелген. Дастанда халықты тапқа бөліп біріне-бірін айдап салған зымияндық саясат және дәулетті адамдарды «жау» ретінде жойып, мал мен жерді ортаға алу сияқты өрескелдіктер жан-жақты көрініс тапқан. «Қалың албан тоз-тоз боп, азаюға айналды» деп ақын бекер кейістік танытпаған.

«Бұқарға сапар» – әскерге барып-қайтқан сапары негізінде жазылған туындысы. Ақын Ақсу, Пржевал, Ойтал, Тайпақ, Тоқпақ, Пішкек, Мерке, Әулиеата т.б. елдімекендерді атпен жүріп өтеді. Бұдан соң отарба (поезд) арқылы Шымкент, Арыс, Ташкент арқылы Самарқанға апарады. Автор жол-жөнекей көрген қиындықтары мен әскери өмірді кеңінен суреттейді. Ақыры денсаулығы жарамсыз болғандықтан, еліне қайтады. Түргендегі Жүнісбай ауылында Жамбылмен кездеседі, ел-жұртымен қауышады. Дастан сол тұстағы әлеуметтік-саяси жағдай, ел басынан өткен оқиғалар жайында жан-жақты мәлімет береді. Ақын өмірінің кей тұстарын анықтауға, білуге септігі тиер шығарманың танымдық мәні зор.

«Ел аралау» дастанында алдымен ақын сан құбылған заманға, береке-бірлігінен айырылып, шырқы бұзылған ел тарихына ой жүгіртеді. Жиырмасыншы жылдар ішінде небір саяси-әлеуметтік оқиғалардың көптігі қыза түседі. «Асыра сілтеу болмасын дей отырып, асыра сілтеуге жол береді». Елді ұжымға біріктіру, әлді-ауқатты адамдардың мал-мүлкін тәркілеу, өз-

дерін жазалау сияқты саяси науқандар жедел асырыла бастайды. Жаңа экономикалық қатынасқа дайын емес ел әбден күйзеледі.

... Сансырап екі келіп, есі кетіп  
Орысқа қараған ел мұнды келді.  
Ұйтқылы байдың бәрі тозып кетті,  
Үзілмей келе жатқан шынжыры енді.  
Солардан айырылған соң қайран елім,  
Кеттің ғой тоз-тоз болып жүнжіп енді.  
Ел болмай осы бойдан кетер ме екен,  
Қолына тимей тізгін, шылбыры енді.  
Түтіні тұман болған қайран албан  
Бұлардың не болады тірлігі енді? –

деп ақын үлкен өкінішпен жырлайды.

Көшпелі өмір салты бұзылып, емін-еркін қамсыз тірлік кешкен ел «тізгін, шылбырынан айырылып, тоз-тоз болып кетсе» бұдан артық қорлық болар ма? «Сансырап екі келіп, есі кетіп, орысқа қараған ел мұнды келді» деген сөзінің астарында үлкен шындық бар. Себебі босқын болудың басы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінен басталып, онан кейінгі таптық күрес идеясы кезінде де жалғастық тапқаны аян. Ақынның «екі келіп, есі кетіп» деп отырғаны – осы. 1920-1930 жылдардың аралығында елдің экономикалық және қоғамдық саяси өмірінде жаппай етек алған «қысым көрсету» саясаты еңсе көрсеткені былай тұрсын, жат елге кетуге мәжбүр еткен. Алайда даңғыл жол бола қоймады, шекарадағы атыс-шабыстан қаншама адам қаза болады. Ақын қоғамда болып жатқан осындай әсіре қызыл саясатқа өкіне қарайды. «Түтіні тұманға айналған» елінің мүшкіл халіне алаңдайды, жабырқайды. «Бір тарының қауызына сыйғызған» өктемдікке қарсы батыл үн көтереді.

Ақын туындысында бұрыннан тұратын елді босып келген елмен салыстыра суреттеп, олардың тұрмыс-тіршіліктерінен шыннайы мәлімет беріп отырады. Бір жағы күнкөріс қамымен елді аралауға кіріседі, өлең айтады. Өйткені туған жерінен ауған халық, ауыр тұрмыс-тіршілікті бастарынан өткереді. Олардың қатарында ақынның өзі де бар-ды. Жан бағудың бір амалы ретін-



де «аты шыққан жақсыларды аралап» ерулікке емеурін білдір-мек болады. Қасына бір жолдас ертіп қабырғалы қалың елдегі албан ауылдарын аралауға кіріседі. Алдымен, Шиліөзекте отырған Нақысбектің үйіне келеді.

Үйіне бір күн барып қонақ болдым,

Бірталай әңгіме айтты үлгілі енді.

Көз салып көлеміне қарағанда

Жемісті алма ағаштай бүрлі келді, –

деп бұрынғы өткен-кеткенді көп білетін «маңызды, сөзі жатық» адам ретінде мінездейді. Нақысбектің көлеңкесін саялап көп үй отырғанына, елге пана бола білгеніне ризалық білдіреді.

Ел басына екіталай күн туғанда қашып келгендер туралы екітүрлі пікірлердің болуы заңды нәрсе. Көптің көрген тауқыметін біреулер түсініп, сезіне білсе, кей адамдардың ұқпауы да мүмкін. Сондықтан ел аралап жүрген ақынға кейде ілтипат көрсетіле бермегені аңғарылады. Ақынға көбі жылы қабақ танытса, «танымасын сыйламас» дегендей, кейде іліп-қақпа ауыр сөз айтып қалатындар да табылады.

«Қаңғырған көп қашқынның бірі ғой» деп

Қатыны Әлімжанның шұлғыды енді.

Бірақ ақын айыптамайды, әрқашан ақиқатты ашып, әділін айтады. Амал жоқ, тіршілік қамы ауыл аралатып, көрінгенге көз түрткі етеді. Ақынның өзі де бұл әрекетін құптамайды. «Ешкім де мұнда бізді шақырған жоқ». Алайда босқындардың күйі өте ауыр. «Кісідей түрі жаман түрмедегі». Себебі жоқшылық жағадан алса не істемек? Елдіктің қасиеті, ер-азаматтың қадірі кеткен заманға басқа амал жоқ-ты. Көдек өзінің азып-тозған жағдайын былай түсіндіреді.

Бір серкеш бұл жаққа кеп соя алмай,

Өлеңді сол себептен қылдым енді.

Шашылған орыс елі еске түсіп

Көңілім ашық емес-кірлі келді.

Бұл шерменде боп жүрген елдің шерлі тірлігінің бір көрінісі. Бір адамның ғана емес, ата-жұртынан алыстаған талайлардың жан сыры. Ел болған соң оның жақсы, жаманы болуы табиғи нәрсе. Кей адам қаңқу сөзбен қағытса, ақынды сыртынан бі-

летін Байқұрман дейтін адам үйіне бірнеше күн қонақ етеді. Ауыл-аймағын шақырып «ел – сыншысы Көдек келіпті» деп құрмет көрсетеді.

Үш жылқы, жиырма қой жиып берді,  
Сұм нәпсім мұны көріп болды жарық, –  
деп пейіл-көмегіне разы болады.

Суреткер тұрғылықты албандардың көбінің үйінде болады. Әркім шамасына қарай көмек көрсетеді. Біртіндеп тұрмысы түзеліп, қатарға қосылады. Ақын өзі барған ауыл ағаларының әрбіріне сипаттама беріп отырады.

Елдіктің бұзылмауын береке-бірлікпен байланысты қарайды. Әр ел азаматының бойынан кісілікті көргісі келеді. Кейде көңілі толмаған адамдардың міндерін бетіне басып тура айтады.

Байбатша, Үсен, саған айтарым бар,  
Ойың жоқ елге үлгі берсем деген.  
Ұрлық, зорлық кәсіптің бәрі сенде  
Жағдайын ел ішінің көрсең деп ем.

Байбатша мен Үсенге қарата айтқан осы сөзінде олардың ұрлық, зорлыққа жол беретіндеріне реніш білдіріп, батыра сын айтады. Бұл ақынға тән ерекшелік. Ол бір сәтте халықтың қамын есінен шығармайды.

Көдек босып барған елді де аралап, олардың хал-ахуалымен танысады.

Айтайын тұрғыннан соң қашқын жағын,  
Әр жерге қоныс теуіп шашқындадың.  
Албанның тоза-тұғын шағы болып  
Отырып ішкенінді ас қылмадың.  
Қараған балшайбекке орыс елі  
Ағарттың отызымда шаштың бәрін, –

деген жолдардың ешқандай жалғандығы жоқ. Қайта елдің көрген қиянат-қысымын бүкпесіз бейнелейді. Ақынның егіле, езіле отырып айтқан өлеңінен қанды тарихтың қасіретті беттерін көз алдыға әкеледі. Сондай-ақ бодандық бодауында жүрген ел тағдырын тарихи құжаттардай нақты дерек аясында суреттейді. XX ғасырдың бас кезіндегі халық басынан өткен қилы кезең,

тар заман шындығын өз туындыларында барынша қалысыз қамтылып, айқын суреті ел есінен кетпестей өлең өріміне айналып отырған. Адам мен заман арасындағы қолдан жасалған қайшылықтарды батыл айтады. Көдектің қай туындысын оқысақ та тарихтан тамыр тартатындығымен бағалы. Тағы бірде:

Жолығып Шиліөзекте жолығысып,  
Ішінен бір-ақ шықтым Айттың қалың.  
Қалмақты тонап алған жайын айтып,  
Шығардым көңілдегі дерттің бәрін, –

дейді. Оның «Шығардым көңілдегі дерттің бәрін» деуі әншейін айтыла салған сөз емес. Зорлық-зомбылықтың бірінен қашып жүргенде екіншісіне тап болады. «Қайда барса, Қорқыттың көрінің» кебі келеді. «Елдіктің іргесін шайқар іріткі құбылыстар «Ел аралау» дастанында өзгеше бір көркемдік, шеберлік тәсілдермен адам характерлері, ой қалтарыстары кейіптеу, суреттеудің жанды иірімдерімен өрістеген» [9, 100 б.]. Ақын көзімен көрген, елдің басынан өткен тауқыметті заманның кермек дәмін кетірмей, ерекше көркемдік қуатпен дәл де дәйекті жырлаған.

Туып-өскен ата-жұрттан алыстап, жат елде жабырқаулы тірлік кешу қандай өкінішті. Аяулы мекен – туған жері көз алдында жоқ. Бірақ ешқашан көкірегінен көмескі тартпаған. Оны ұмыту мүмкін емес. Сондықтан нәзік жанды ақын бірде жадыраса, бірде жабырқаған. Сартап болған сағыныш ақын көңілін алаңдатары хақ. Екі арада қаһарлы қамалдай тартылған шегендеулі шекара тағы бар. Одан әрі өту мүмкін емес. Ендігі бір амалы ақын көңілдегі арман-аңсарын өлең өріміне айналдырып отырған. «Елге хат» дастаны осындай жағдайда жазылған.

Кез келген адам үшін кіндік тамған жерінен артық ешнәрсе жоқ. Ұшарға қанат жоқ. Қайтып кетудің де реті жоқ. Бұл жақта да ешкім маңдайынан сипай қоймайды. Ендігі жерде ел мен жерге деген сағыныш-сезімін хат түрінде жеткізеді.

Бәріңнен сұрағаным амандығың,  
Бере ме жағдай заман бүгін.  
Сұрасып ұғысқалы, хат жазалық  
Өмірдің кім біледі қалған күнін, –

дейді.

Алда күтіп тұрған тағдырдың тағы қандай «сыйы» бар, болашақ бұлыңғыр. Барып-келуге заман заңы көтермейді. Сол себепті қалған елдің амандығын тілейді.

«Кебін киген келмес де, кебенек киген келер» деген бір болымсыз жылтыраған үміт-сәулені медет тұтады. Хат жазып хабарласуды дәтке қуат етеді. Бір сәт «Шөлдегенде суы балдай татыған» туған жерінің тау-тасы, ойы-қырын егіле отырып есіне алады. Жат елге кетіп көңілі жабыраңқы жүрген ақынды күн сайын сағыныш сазы тербейтіні аян. Алыста жүрсе де «жоспарлап істің артын байқау керектігін» ескертеді. Кейбір шолақ белсендінің әрекетін еске алады. «Кетіріп ел ішінің берекесін, жүр дейді әлі баспай алқынып-ай». Атқа мініп арындаған белсендінің ақылсыздығына ренжиді. Сыйлас болған адамдарының атын атап, дұғай сәлем жолдайды.

Сәлем де ел мен жұртың, туысқанға

Жамандық келіспейді қуысқанға.

Үй іші ала болса, пәле жауар

Ынтымақ озатұғын ырыстан да.

Қалған ағайындар бірін-бірі түртпектемей, ынтымақты сақтауды ұсынады. Өйткені тапқа бөлу кезінде талай сорақылықты көрген ақын енді абай болуды меңзейді. Жауды жақыннан іздемеуді жөн көреді.

Көдек сол кездегі болып жатқан шындықты, қоғамдық мәселелерді саралап, сын таразысына салып отырады. Кеңестік идеологияның бай, кедей деп бөлуі талайлардың түбіне жеткенін ашық сынайды. Осы арада ескертетін бір жай – автор Шортанбайды еске алып былай дейді:

Баяғы Шортанбайдың айтқан сөзі,

Нұсқасы келуші еді дәл осындай.

Ниеті замананың бұзылып тұр,

Үркердің жұт жылында тоғысындай.

Бұл тараптан алғанда Көдек Байшығанұлы зар заман ақындарының шығармаларын білген. Өз ойы солармен үндесетінін де аңғарған. Бірақ қара тізімге ілініп кетермін деп қорықпаған. Қайта «ниеті замананың бұзылып тұрғанын» батыл айыптай-

ды. Болып жатқан мәселелердің дұрыстығына күмән келтіреді. Дәуірдің қасіретті шындығын асқан шеберлікпен көркем туындыға айналдыра білген.

Енді бірде өзіне жақын адамдарын егіле еске алады.

Көз көрген жеңгелерім аман ба екен,

Белгілі бес биенің сабасындай.

Бар ма екен Әкімқожа, Әлиасқар

Қуатым, жал-құйрығым, қанатым-ай. –

деп етене бауырларының не амандығын, не жамандығын біле алмай, зарыққан жанның жан күйзелісін естігендей боламыз. Ақынның ішкі толғаныс-сағынышы айқын көрініс тауып отырады. Әрине, бұл мәселе көптің басынан өтіп жатқан мұң-мұқтаждық екені аян. Мұндай болып жатқан шындықты тағдырға қарай аударғанымызбен, шындап келгенде басқаға бодан болып жүрген елдің орны толмас өкініші екені хақ. Суреткер өзіне ізгі қасиет сыйлаған туған жерін бір сәтте есінен шығармайды. Өйткені туған жерді қасиет тұту – ежелден келе жатқан ата-баба дәстүрі. Жарық дүниенің есігін ашып, жастықтың қызық-қуанышын өткізген, өмірді танып-біліп егделікке қарай қадам басқан шақта туған жерінен кету қайдан оңай бола қойсын! Сан құбылған көңіл назы қоса өрілген туындылары жүрек қылын дөп басады.

Көк майса, жері жазық, түні салқын,

Құмары тірі жанның қанатын-ай.

Күнде той, күнде жиын, тамаша боп

Құрылған Шәлкөдеге санатың-ай.

Туған жер суреттері оның көңіл-күйімен ұштастырыла суреттеледі. Ақынның жан әлемі туған жерімен бөлінбейтін бірлікте. Тұғыры болған туған жерін, артта қалған қалың елін сағынады. Ойы онға, санасы санға бөлінген жан азабы қоғамдық сипат алған шындық еді. Осының бәрі жыр-тарихқа айналып, бүкіл өлең-жырларына өзек тартады. «Қызырлы өркендеген ауыл едік» дей келіп:

Біргалай көлеңкесі жерге түскен,

Екпенің жеміс шыққан ағашындай.

Сағынып алыс жерге кеткенінде

Білесің өз еліңнің бағасын-ай, –

деген көңіл назы орынды.

Адам «қолда барда алтынның қадірін білген бе?». Атажұрттан алыстаған соң ғана оның қадір-қасиетін тереңірек сезіне бастайды. Сөйтіп жекенің де, көптің де арман-мұңы қос өрімдей жымдаса түскен. Көдектің саяси-әлеуметтік ойлары бүкіл дастанның өн бойынан бірден байқалып отырады. Бұдан ары туған жерінен неге пана таппады, оның себебі не? Осы дүрбелең-дәурен шындығын Көдектей жеткізе жырлаған ақын кемде кем. Тағы оқып көрейік:

Ұйымға түтін ақша былай салып,

Ақша мен малын алған санатып-ай.

Мал соңында адамға ауыз салды

Тор жайып, құтырынып аласұрды-ай...

Қорлық, зорлық, зұлымдық бәрі де бар,

Ұсталып кетіп жатыр сан асыл-ай!

Қақсағанда қарадай түңілесің,

Бейкүнә жанға жапқан жаласын-ай.

Қабырғаң қарап тұрып қайысады

Тоз-тоз ғып қатын, бала-шағасын-ай.

Осы өлең жолдарында қашудың-басудың себеп-салдары нақты-нақты айтылады. «Қорлық, зорлық, зұлымдықтың» бәрін қолданса, ақшадай салық салып, малын сырып алса, бейкүнә жандарды жіпке тізіп ұстап жатса қашпай көр. Бұдан құтылудың жалғыз жолы – туған жерін тастап, босып кету. Бұл ортаны ойған, орданы бұзған ХХ ғасырдың жиырмасыншы жылдарының анық ақиқаты екені ешқандай күмән тудырмасы анық. Дастанда кеңестік кезеңнің бастапқы шағында іске асырылған қудалаудың нағыз шындығы кестеленген. Дәл сол тұста қисыны кеткен қыңыр тірліктің кейпі осындай болатын. Әсіресе, тапқа бөлу белең алған және ұжымға бірігу кезеңіндегі асыра сілтеу әбден асқынған кез еді. Ақын осындай нәубет кезеңнің зобаланын нанымды таңбалайды.

Дастанды оқып отырғанда жат елдің жағдайынан да хабар табамыз. Бірінен кетті, екіншісіне жетті. Сонда бұл жақтың

жайы қандай екен? Автор өзінің оңтайына келетін өткір юмор арқылы «қансорғыштарға» портреттік сипаттама береді.

Көкесі қансорғыштың осында екен,  
Жабысқан Сарытаудың сонасындай.  
Семірген жуан қарын толып жатыр,  
Серкенің мес қып құйған шанашындай.

«Жуан қарындар» тоналып-таланып келген босқындарға бас ауыртпайтыны белгілі. Қайта олардың тәуір аты болса шабарман арқылы қолынан не жолынан алады. Екінші жағында ебін тауып алатын ұрысы тағы бар. Бірінен-бірі адасып, көз жазып қалған елге осының бәрі оңай тимейді. Ал, мансап иелерінің де қам-қарекетінен түңіледі. Олардың айбар-ызғарынан адам шошиды.

Атағы, айбарынан жұрт қаймыққан,  
Басында өкіметтің дутыңы жүр.  
Аяздай сықырлаған жерді жарып,  
Таралып жан-жағыңа дүмпуің жүр.  
Жер-жердің, орындардың ұлықтары  
Ызғары барлығының бір шығып жүр.

Ел басқарған ұлықтардың да ым-жымы бір екенін көреміз. Жарлының жалғызын қорғамақ түгіл, олардың «қан-терін» алдымен өздері сығады. Сондықтан босқындар «жазған құлда шаршау жоғын» біледі. Іштен тынудан басқа әрекетке бара алмайды.

Қашқын байғұстар әбден титықтайды. «Жаңбыр бір жауса, терек екі жауадының» кері келеді. Қолдарындағы дүние-мүліктері мен тәуір киімдерінен айырылады. Араша түсер заң да жоқ, қарайласар жан да жоқ.

Сипақтап қашқын байғұс қалтырайды,  
Жылқының шыбын қонған жарасындай.  
Үй де жоқ, баспана жоқ, жүрген қашқын  
Қыстағы қалай шыдар борасынға-ай!  
Суырша ін қазғандай кіріп алған  
Жаппасы үш сиырдың қорасындай.

Бұл жаны жасып, бағы ашылмай жүрген қашқындардың тірлігі. «Байтал түгіл бас қайғы» болған босқындар осының бәріне төзеді. Ақ, қарасын айырмай шетінен ұстап жатса мұн-

дай қиын тірлікке көнбегенде қайтеді. Бас сауғалаудан басқа мақсат болмайды. Сондықтан жабырқай жүріп жан бағуға кіріседі, дастанда босқындардың сергелдең болған аса ауыр, аянышты хал-жайлары шындық шеңберінде табиғи жырланады.

Көдек дастанның соңына таман тағы да үзілмеген үмітке сенім артады. Туған жерге деген ынтызарлығы артпаса, кемімек емес. Бір жағынан, атамекенге деген іңкәрлігін білдірсе, екінші жағынан, қашудың-босудың себеп-салдарына қанықтыра түседі.

Кең Текес, өсіп-өнген қайран Сүмбе,  
Дариға-ай қайта айналып барам ба енді?  
«Жиырма төрт сағатта орында» деп,  
Осынау асыра сілтеу пәле келді.  
Кінәлі-кінәсізді тексерместен  
Шығарып шеттен соттап ала берді.  
Бүйте берсе тұқымды құрта ма деп  
Шекаралас Қытайға бара берді.

Бұл үзіндіде ақынның көкірегің сыздатқан арман-мұңы да бар. Сонымен бірге, «Шетінен соттап ала берген» қоғамдық заңсыздық та бар. Ащы шындық ашылған сайын оқырманды ойланта түседі. Шынайы өмір суреттері барынша дәлдікпен суреттеледі. Жазықсыз жазаланып жатқан жаралы жандардың қайғы-мұнын жырлап, оларға жасалып жатқан қиянатқа қарсы үн көтереді. Мұның бәрі Көдек өмір сүріп жатқан уақыттың өрті мен дерті болатын. Атамекеннен ауып кету – жүректә жара, көңілде нала болып қала береді. Тегеурінді суреткер әділдікті аяққа басқан бодандық саясатты батыл айыптайды.

Қорыта айтқанда, Көдектің «Елге хат», «Ел аралау», «1916 жыл туралы», «Үркін» дастандары мазмұны жағынан бірін-бірі толықтырып отыратын туындылар. 1916 жылғы ұлт-азаттық кезінде Қарқара өңіріндегі халықтың қызыл қырғынға ұшырауы, тапқа бөлу, ұжымға бірігу кезіндегі келеңсіздіктер мен халықтың шетелге босуы, олардың ауыр тұрмыс-тіршіліктері – бәрін ақын жіпке тізгендей етіп тартымды суреттеген. Аталған дастандардың тарихи-деректілік мәні зор. Береке-бірлігі бұзылған елдің мұңы, бодандық болмысынан туындап жатқан заманның запыран зары, туған жерге деген ыстық ықыласы – бәрі



тарихи дерекпен ұштастырыла өзек-өрім тартқан жыр-шежіредей шынайылықпен бейнеленген. Көдек өлең-жырларының қайсысын оқысақ та елінің болашағына алаңдайтын ақын ондағы болып жатқан әлеуметтік-саяси оқиғаларды жүрек сүзгісінен өткізіп, ерекше тебіреніс-толғаныспен суретті сөзге айналдыра ой өргеніне қаныға түсеміз. Оның лирикалық кейіпкері халық қамын ойлап тағдырына толғанады. Заман зарын әр қырынан қамтып жырлаған дастандарының көркемдігі кемел, мән-маңызы жоғары тарихи тақырыпқа жазылған туындылар болуымен ерекшеленеді. Сондықтан Көдек – тарихи дастанның дамуына үлкен үлес қосқан талантты тұлға.

Көдек Байшығанұлының шығармалары бастан-аяқ іркіліссіз құйылып отыратын «эпостардағы төкпе өлеңнің әуендете айтылатын» тәсілмен жырланған. Демек, ақын арыдан арна тартар дәстүрді дамытқан. Оның туындыларының ажарын ашып, мазмұнын құнарландыра түсетін кестелі тілдік өрнектер көп. Поэзиядағы сөз суреттелігі адамның сезімін қозғап шығармаға сырлы сымбат дарытады десек, Көдек мұрасы – осындай көркемдік-эстетикалық биікке көтерілген туындылар.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Байшығанұлы К. Қайтейін, жалған дүние. – Алматы, 2008. (Бұдан кейінгі өлең үзінділері осы кітап бойынша беріледі).
2. Әуезов М. Казахское народное творчество и его поэтическая среда//Алтын тамыр. – Алматы. 2001. – №3 (Аударған Д. Батыр).
3. Бердібаев Р. Дәстүр тағылымы. – Алматы, 1973, 140-б.
4. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі// Құраст.: З. Ахметов, Т. Шаңбаев. – Алматы, 1996.
5. Сейітжанұлы З. Ел күрескері Көдек//Алматы ақшамы, 1997. 27 қараша.
6. Қазақстан Ұлттық энциклопедия. – Алматы, 2002. – 4 –т.
7. Әуезов М. Шығармалары. – Алматы, 1969. – 11-т.
8. Қозыбаев М. Жауды шаптым ту байлап. – Алматы, 1994.
9. Мәдібай Қ. Өрісті өнер. – Алматы, 2014. – 188 б.

## АҚТАН БАБИҰЛЫ (1897-1973)

Шет елдердегі қазақ әдебиетінің талантты бір өкілі ретінде Моңғолиядағы жаңа қазақ әдебиетінің негізін салушылардың бірі, ақын, драматург Ақтан Бәбиұлы есімін құрметпен атаймыз. Екі қоғамдық-экономикалық формацияны бастан кешкен жыр дүлдүлі шығармаларында туған халқының зар-мұңы, арман-тілегі, тұрмыс-тіршілігі, әлеуметтік қайшылықтары жан-жақты қамтылып, жоғары адамгершілік пен парасаттылық ой иірімдері, заман мен өмір ағысы туралы ішкі толғаныстар тереңнен тартып, өзі тіршілік еткен кездің келеңсіз жақтарын аяусыз сынап, қара халық мүддесін қорғайды, социалистік Моңғолия тұсындағы туындыларында жаңа кезеңнің шатты жақтарын, еңбек көрігін қыздырған ел тынысын жырға қосады.

Ақын шығармашылығы туралы осы елде әр жылдары Х. Қаһарманұлы, Моңғолиядағы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері Ш. Нығышұлы, М. Құлыбекұлы және т.б. мақалалар жазып, И. Байбатырұлы, Қ. Қалиасқарұлы, Қ. Жұмаханов зерттеулер жүргізген болатын. Талантты ақын, сыншы Қуанған Жұмаханұлы Ақтанның өмірі, шығармашылық мұрасы туралы арнайы ғылыми еңбек жазып, 1993 жылы «Ақтан Бәбиұлының өмірі мен шығармашылығы» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. Ақынның тума талантын кеңінен қамтыған бұл алғашқы ғылыми еңбек сол қолжазба күйінде қалып, жарық көрмеді.

Ақтан Бәбиұлы 1897 жылы Қытайдың Алтай аймағындағы Ақшағыл ауылында туған. Бала күнінде жергілікті молдадан хат танып, одан әрі оқуын өз кезінің білімді азаматы Біләл хазіреттен жалғастырады. Міне, осындай оқыған адамнан тәрбие алып, білімін кеңейту әдебиетке құштарлығын арттырып, өз жанынан өлең шығаруды әдетке айналдырады. Өзі өмір сүрген кезеңнің келеңсіз жақтарын жыр жолына қосып, ол ойларын қағазға түсіріп отырады. Әділетсіздік атаулыға қарсы тұрып, ынсапсыз бай-болыстардың қарапайым халық үстінен күнелтіп отырған оспадар қылықтарын сын тезіне салады.

Найза орнына жауызға,  
Сұға бердім қаламды.  
Қарсыласа жырладым,  
Әділетсіз заманды, –

деген өлең жолдары ақын поэзиясының наразылыққа толы жастық шағындағы күрес кезеңінің өр рухын танытады.

Туа біткен суырып салып өлең айту қабілетінің арқасында Қытайдың Алтай өңіріндегі атамекенінде өткен жастық дәуренінде талай айтысқа түсіп, есімі бүкіл елге мәлім болады. 1914 жылы Ұмсындық деген ақынмен, 1921 жылы Ақбала қызбен айтысып, жеңіске жетеді. Осы өлең өрінде алғаш рет айтыскер ақын ретінде атағы шығады. Ел басына туған ауыртпашылық пен жеке өзіне төнген қауіп-қатер салдарынан 1932 жылы Алтайдың арғы бетіндегі Моңғолия жеріне өтуге тура келеді.

Қонақжай моңғол елі ақынды шет қаққан жоқ. Еңбекші елмен бірге, жаңа өмір салтанатын шерулетіп, жаңа заманды шабыттана жырға қосты. Қазақтар ғана қоныстанған Баянөлгий аймағының мәдениет саласын дамыту ісіне белсене араласып, қазақ тіліндегі «Өркендету» газетінде тілші болып істейді. Моңғолия Жазушылар одағының мүшелігіне өтеді. 1958 жылдан бастап, өмірінің соңына дейін таза шығармашылықпен айналысады. Ақынның әр жылдары «Шығармалары» (1957), «Бүркіт» (1959), «Жасыл шық» (1960), «Шығармалар» (1968), «Өмір өткелдері» (1972), «Таңдамалы шығармалары» (1978) және т.б. жинақтары жеке кітап болып жарық көрді.

Ақтан ақын жемісті шығармашылық қызметі үшін Моңғол Халық Республикасының бірнеше орден, медалімен марапатталып, Моңғолия Жазушылар одағы сыйлығының лауреаты атанған. 1960 жылы оған Моңғолияның көркем шығармашылығына еңбегі сіңген қайраткер атағы берілген.

Өлеңдерін суырып салып айтып та, қаламмен жазып та шығарған арқалы ақынның өлең өлкесіндегі басты ұстазы Абай болды. Ұлы ақын туындылары оның азаматтық сана-сезімінің оянып, жеке көзқарасы мен имани арман-мұраттарының қалыптасуына ерекше ықпал етті.

Ақтан Бабиұлы өз заманының шындығын жырлаған ақын болды. Алғаш ақындық жолға түскен күнінен бастап:

Мақтанып айдап жүрген малың болса,

Малдан қымбат менің де өлеңім бар, –

деп байлықты місе тұтқан пайдакүнемдерге өлеңді өмірінің басты темірқазығы етіп алды. Сол өлең өнеріне берілгендігіне соншалық:

Өлеңім бірі – алтын, бірі – күміс,

Өмірлік қашандағы өзіме ырыс,

деген өрнекті жыр жолдарын көркемдік мұратына айналдырды.

Ақын моңғол жеріне қоныс аударғанға дейін өлең-жырларында қарапайым халық пен билік иелері арасындағы қайшылықтарды ашып көрсетіп, өмір шындығын бейнелесе, 1932 жылдан басталған шығармашылық шабытты шағында азаматтық сарындағы жоғары тебіреністі шығармалар жазып, Моңғолияның жаңа даму сатысындағы салтанатты шеруін, еңбекші елдің жетістіктерін шабыттана жырға қосты.

Моңғолиядағы қазақ әдебиетінің негізін қалаған сан қырлы суреткердің өлең өріндегі басты қаруы сатира болды. Жастық шағында өктем үнді, өткір тілді сатираны қоғамдағы әділетсіздікті әшкерелеуге жұмсап, жеке адамдардың жағымсыз қылықтарын ащы әзілмен әжуалап сынады. Моңғол жерінде шығармашылық өрлеу кезеңінде мазмұны жағынан жаңа да терең сатиралық туындылар жазып, уытты жыр жолдарын өз тұсының кемшіліктерін сынауға арнады.

Ақтан моңғол-қазақ әдебиетіндегі поэма жанрын қалыптастырып дамытуға үлкен үлес қосты. Қоғам қайшылықтарын батыл ашқан «Бүркіт» поэмасы (1959) осы ел поэзиясына соны леп әкелген осы жанрдың ең алғашқы туындысы болуымен ерекшеленеді. Тәуелсіздік үшін күрес жолындағы ғашықтар күресін терең бейнелеген «Досымбек-Балқия» поэмасы да ақынның эпикалық жанрды игерудегі үлкен шығармашылық табысы болды.

Ақын талантты драматург ретінде де танылды, профессор З. Сейітжанов атап өткендей, «бірнеше скетч, пьесалар жазып, драматургия жанрының туып дамуына үлес қосты» [1, 452].

Моңғолияның қоғамдық өміріндегі елеулі өзгерістерді арқау еткен «Ермалай» пьесасы осы елдегі қазақ әдебиетіндегі драматургия саласының тұңғыш туындысы болды. Әйел теңдігіне арналған «Жамал» пьесасы да ұлттық драматургияның белесті шығармасы ретінде танылып, сахнада әні қойылды.

«Қазіргі жазушылар арасында ештеңеден тайсалмай, ескіліктің сарқыншақтарын ашық әшкерелеген, жазықтыларды атаған, оларды ақиқат жолына түсуге бағыттауға тырысқан Ақтан сияқтыларды табу қиын» деп профессор Қ. Қалиасқарұлы деп басып айтқандай [2, 41], Ақтан Бабиұлы ақиқат жыршысы, халық құрметтеген сан қырлы талантты ақын болды.

– Қадірлі болса басың ел-жұртыңа,  
Сен үйрек, елің шалқар көл секілді.

Жетпіс түгіл сексеннен сексенбейді

Құрметке бөленген қарт мен секілді [3, 169] –

деп бүкіл мағыналы шығармашылық өмірін туған халқына арнап, үлкен абырой биігінен көрінген кең тынысты қаламгердің «атақ-даңқы жылдар көшінде онан әрі жаңғырып, поэзиясы онан әрі жарқырап, ұрпақтан ұрпаққа ұласып, олардың жан жүрегінде мәңгі жасай бермек» [4, 77]. Ақын мұрасы бүкіл қазақ әдебиеті тарихынан өзінің лайықты орнын аларына кәміл сенеміз.

### Пайдаланылған әдебиет тізімі:

1. Сейітжанов З. Қытай және Моңғолия қазақтарының әдебиеті. – Кіт.: Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. – Алматы, 2004. Т.8. – 520 б.
2. Калиасқарұлы К. Фольклор и письменная литература алтайских казахов. Диссертация на соискание ученой степени доктора филологических наук. – Алма-Ата, 1992. – 460.
3. Бозінген (Моңғолия қазақтарының өлең-жырлары). – Алматы, 1971. – 215 б.
4. Жұмаханов Қ. Сын сыры. – Өлгий, 1985. – 114 б.

## ТАҢЖАРЫҚ ЖОЛДЫҰЛЫ

Таңжарық Жолдыұлы – күрескер ақын. Ұлт үшін басын құрбандыққа шалуға даяр тұрған тұлға болып қалыптасты. Қытайдағы қандастарымен бірге ұлттық намыс үшін, әділеттікті орнату үшін, жан сала күрес-майданының ортасына енді. Таңжарық ақын 1903 жылы 15 наурызда, Қытай, қазіргі Іле-Қазақ автономиялық облысында, Күнес ауданында, Қамысты ауылында дүниеге келді. Бір басында түрлі өнер қонған Таңжарық ұлттық күрес майданында ақын-жырау да болды, ағартушы-композитор да болды. Бірақ талант-дарынының басым түсіп, оқшау болған саласы – ақындық еді.

Көзі ашық, білімдар адам болып қалыптасты. Оған алғаш әсер еткен татар оқымыстысы Әбділмәжит үлкен ықпал жасады. Ол орыс жерінен қуғындалып келген оқымысты. Шапқы (1918), Күре (1919) мектептерінде алғаш білім сусынын татты. Қазақ елінің Кеген, Нарынқол аудандарында жетіжылдық мектепте тәлім алып, өмірге еркін қадам басқан. Бұл 1922-1925 жылдар болатын. Ал, 30-шы жылдары Шыңжаңда мұғалім болса, 1936 жылы жаңадан ашылған «Іле» газетінің тұңғыш редакторы болып, әдебиетке бір жола бет бұрған ақын бүгінде тұлғаға айналды.

Жас кезінен өлең-жырға деген сүйіспеншілік сезімі оянған, талант-дарыны демеу болған ақын жүрек ұлы Абайға табына отырып, еліктеп «Жаз таңы», «Тау табиғаты», «Көктем мысалы», «Жаз мысалы» сынды туындыларды, еліктесе де, өзінше жазды. Өз туындысының талғамды дәрежесіне жеткізе білді.

Ақын есейе келе ұлттық идеологияға ден қойды. Бұл қасиет ақынның азаматтық тұлғасын биіктете түсті.

Академик Серік Қирабаев өзінің «Әдебиетіміздің аңтаңдақ беттері» атты кітабында: «Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы» деген еңбегін оқығанбыз. Онда ел басысының тәуелсіз отанымызды дамытудың жолдары жайлы ойлары мен негізгі бағдарламасы сөз болған. Біз бүгін оқып, талқылап отырған «Қазақстанның болашағы қоғамының идея-

лық бірлігінде» деп аталатын еңбек сол алдыңғы жұмыстың заңды жалғасы сияқты. Мұнда ол үлкен стратегиялық жоспарды орындауға халықты жұмылдыратын байсалды идеология керек екенін орынды көтерген», – деп жазды.

«Иә, шынында да ешбір қоғам, мемлекет идеологиясыз өмір сүре алмайтыны ақиқат. Идеологияның жоқтығы қоғамның даму бағдарын әлсіретіп қана қоймайды, оның күйреуіне әкеліп соғатыны да бар». Оны өткен заман, уақыт дәлелдеді. Академик осы тұрғыда сөз етіп келіп, Нұрсұлтан Әбішұлының мына қағидасын алға тартады: «Идеология бұл адамдардың қоғамдастығын, саяси және экономикалық міндеттерді шешуге топтастыру мен жұмылдырудың уақыт тезінен өткен тәсілі, бұл әлеуметтік мінез-құлықты қалыптасу механизмі, бірақ бұл күшпен зорлау тәсілі емес, қайта мемлекеттің және оның тұғырнамасын қолдайтын партиялардың, қоғамдық қозғалыстардың адамдардың ақыл-ойына өркениетті түрде ықпал ету тәсілі».

Бұл қағида өте орынды және де қысқа да нұсқа айтылғанын академик ғалым-сыншы қостай отырып, идеология – адамның сенімі, идеалы, арман-мұраты, өмірді сүю, еліне, отанына құштарлығы екенін нақтылай түседі. Арқалы ақын Таңжарық Жолдыұлы шетелде түрмеде азап тарта жүріп, аз ұлттардың көп ұлт ортасындағы нені бағдар ету ұстанымына арналған идеологиялық принциптерді алға тартқан. «Мекені деп бабамның, бір шетінен далаңның, боздап келе жатырмын» – дейтін ақындардың жүрегінде қаншама қатпарлы астар жатыр. Жоғарыдағы айтқан, отаныма, еліме деген құштарлығы көрінбей ме? Өмірге, қоғамға сенім, сүйіспеншілік көрінеді. Михайл Светлов айтқан екен: «Жаман адамнан, жақсы ақын шықпайды» деп, осы ой-пікірді келтіре келе «Меніңше, өлең жазған адамның жаманы жоқ, ал, талант деңгейі, әдебиет мәселесі бір басқа» деп әдемі түйіндейді. Көкейге қонатын пікір. Таңжарық ақынның тұлғасы да, жаны да, жан-жүрегі де өз туындысымен туыстасқан ақын. Бірінен бірін ажырату қиын. Шетелде жүріп, елім деп, жерім деп боздап өткен.

Ұлы Махамбет Өтемісов 1803 жылы туған болса, жүз жылдан кейін, Таңжарық Жолдыұлы 1903 жылы дүниеге келді.

Махамбет, жаңа заман ақыны болса, Таңжарық та жаңа дәуір ақынына айналды. Махамбет жыршы бүгінгі ұрпақ тәуелсіздігі үшін күрессе, Таңжарықта сол үшін майдан сап бүгінгі ұрпақтың азаттық рухын ұштап, тәуелсіздік рухы жолында семсерін қолға алды. Махамбет 1846 жылы дүние салса, Таңжарық ақын 1946 жылы 8 тамызда түрмеден босағанымен, абақты азабынан дертке шалдығып, бір жылдай уақыт өткенде қайтыс болды. Бірі – қырық үш жаста, бірі қырық төрт жаста, аз ғұмыр кешіп, дүниеден озғанымен, ұрпақтарына ұлы мұраларын қалдырды. Махамбет Өтемісұлы Таңжарық үшін ұлы ұстаз, Таңжарық – Махамбет баба үшін ізін жалғастырған шәкірт. Әңгіме әрине, Махамбет Өтемісов хақында емес, әңгіме Таңжарық Жолдыұлы жайында.

Таңжарық Жолдыұлы өзіне ұлы Абай Құнанбаевты, ұлы Махамбет Өтемісовті ұстаз тұтқан ақын. Абайдың үлгі алып пәлсапалық ойларға барса, Махамбет ақыннан үлгі алып, күрескерлік рухқа өзін бейімдей отырып, жырға құлаш ұрады.

«Қай уақытта атар екен таңым менің» деп армандаған ақын әділетсіздікке жырымен қарсы күреске шығады. «Қапаста шырылдаған бозторғаймын, бұлбұлдай естілер ме, әнім менің» деп армандап «Көксеген арманыма жетіп өлсем, шірімес қабырда да тәнім менің» деп, «босаға – кедейдікі, төр – байдыкі» екеніне налиды ақын. «Тон – келте, жүнім – сұйық, құйрық – шолақ, жетіліп бір шықпады жалым менің» деп тағдырының не бола-рын күмәнмен қарайды.

Таңжарық Жолдыбаев мәшһүр атым ,  
Белгілі алты алашқа жазған хатым, –  
деп бастап, Іле түрмесінде жазған жырында, өзін-өзі қамшылап, былай дейді:

Жарамас қалам алмай жатқан, Тәке,  
Көбейді сырттан дұспан сатқан, Тәке.  
Аңдамай аяқ басу қатер екен,  
Жолықты жолға құрған қақпан, Тәке,  
Ашуда темекіңе құмар қанбай,  
Алмасты ашырқанбай тартқан, Тәке.



Тартынба бір есептен жаудан, Тәке,  
Болса да бастан бағың ауған, Тәке,  
Қызық көп өмір болса көретұғын,  
Біткен жоқ осыменен саудан, Тәке!

Ей,Тәке, құлағың сал мына сөзге,  
Қызығып жүргенің жоқ бұл мен бөзге.  
Көңілінде көздегенің шын әділдік,  
Ойласам арманың жоқ одан өзге, –

деп түйіндеп, өзінің ақындық поэзиясына жүгінеді. Ақынның көздегені - әділдік! Одан өзге арманы жоқ.

1940-46 жылдары Таңжарық ақын Қытайдағы солақай саясаттың бел алуына орай талай рет тұтқындалып, талай рет түрмеге жабылған. «Абақтыда кім жатыр?», «Ақын сыры», «Тұтқындалу», «Елмен , Жермен қоштасу», «Түрме тарихы», «Құлжадан айырылғанда» атты өлең-толғаулар соның куәсі.

Мен 1974 жылы «Жұлдыз» журналының «Сын және библиография» бөліміне қызметке келдім. Сол жылы «Жазушы» баспасынан «Арман-тау» деген атпен атамекенінде алғашқы туындысы жарық көрген. Бұрын поэзиясы таныс емес ақынның алғашқы кітабы әдебиетшілер арасында резонанс тудырып, қазақ әдебиетіне шынайы ақын келгенін паш етті. Сол жылдары жазушы Бексұлтан Нұржекеев Таңжарық ақын туралы тың деректердің бетін ашып, қазақ жұртшылығына паш еткені бар. Әсіресе, ақынның әділдік үшін күрескенін баса айтып, әділдік деген патшаның үстемдік құруына атсалысқан қаламгердің жан-жүрегіне, ақындық пайымына тәнті болған. Соның бір куәсі ретінде, ақынның ойын алға тартсам деймін:

Қалыңдығы төрт елі,  
Отыз пара Құрандай,  
Сауалдың түрін көргенде  
Орнымнан қалдым тұра алмай.  
Қалам ұстап екеу тұр,  
Қара шұбар жыландай,  
Басқа түскен пәленің,  
Таба алмадым айласын.

Әлгі ханзу бар болса,  
Көрер ме едім пайдасын,  
Өтірік жеңді, шын қалды  
Періште қашты, жын қалды,  
Әділдік, шындық қайдасың?!

– деп ышқынады ақындық жүрек.

Қытай мемлекеттік сыйлығының иегері, профессор, жазушы О. Егеубаев Таңжарық ақын туралы: «Ақынның абақты өмірі бастан-аяқ, тасқындаған поэзия өмірі болды. Туындыларының басым көпшілігін абақты ішінде жазды. Сол шығармалары арқылы Шың Сысай, Гоминдан дәуірі дейтін бір дәуірдің, оның адам қаны сасыған қасап түрмесінің, өзінің нұрлы мұрат-мақсатының құнын мәңгілік жоймайтын архивін және нағыз келбетін орнатты. Энциклопедия дәрежелі оқулығын жасады. Қазақ тарихында талай ғұламалардың, ақын-жазушылардың талантты ғұмыры абақтыда сорлап сөнген. Бірақ, абақтының жан түршігерлік жауыздық өмірінен, абақтыда түлеп, жетіліп отырған өздерінің асыл мұрат-мақсаттарынан, ішінара шығармалар болмаса, олардың қай-қайсысынан да жауыздықпен бетпе-бет тайталасып, сескенбес, түкті жүрек батырлықпен болған әділетсіздіктердің барлығын өз үстінде ашық жазып, өз қалпында артқы ұрпаққа қалдырған Таңжарық ақынның мұрасындай мүкәммал мұра кездескен емес», - дей келіп, өз ойын одан әрі өрбітіп, «Осындай қайтпас реалистік, жоғары ұлттық идея, көркемдік құнды құдіретінен ақын поэзиясы түрме ішіндегі түрмелестерін баулудың үстіне, сондай қыспақты шақтарда да, қараңғы түндегі қара бұлттардың жыртығынан әлемге жарқыратып нұр құйған ай сәулесіндей, зындан-түрме саңлау, бостықтарынан тарап, зәулім тас жамбылдардан құстай ұшып шығып, кең-байтақ сыртқы қоғамдағы ел-жұртымен, қан майданда әділдік, ұлттық еркіндік, теңдік үшін сайыста жүрген сардар-сарбаздармен іштей, жүрекпен табысып жатты. Пулемет, зеңбіректен де ерекше роль атқарып, оларды әділдікке, үмітке, тайсалмастыққа, нұрлы болашаққа баулыды» – деп жазды. Енді мына деректі айтып өтпеуге болмайды, 1946 жылы Гоминдан үкіметі мен үш аймақ төңкерісшілерінің арасында он бір тар-

мақты бітім жасалып, Шыңжаңда уақыттық бірлескен үкімет құрылады. Бітімде Шыңжаң түрмелеріндегі саяси қылмыстыларды тұтас босату белгіленді. Сол белгілемеге сай Таңжарық Үрімжі абақтысынан екінші рет босатылып, тамыз айында Ілеге қайтып барады. Үш аймақ үкіметі оны Күнес ауданының жер-су істерін басқаруға тағайындайды.

Алғаш ақын бұл бостандыққа сеніп қалады. Сол бір ойын желеу етіп, ел-халыққа біраз қызмет те атқарады. Жақсылықтар жасады. Шарапаты тиді.

Ақын «Уа, жігіттер!» өлеңінде әділет үшін жанды садаға етуге үндейді. Жігіттерді елдік үшін ойлануға, толғануға шақырады.

Жігіт жоқ қарап тұрсам жүдемеген,  
Қайғы жоқ күннен күнге үдемеген.  
Келеді тәнге зақым жүдей берсе,  
Тері де тесілмей ме сүре берген?!  
Толғанып, кел жігіттер, ойланалық,  
Жарамас бекер қарап жүре берген.  
Қалды ма жалбармаған «құдайымыз»,  
Қол жайып тілек бар ма тілемеген?!  
Таңымыз атар болса атпас па еді,  
Тасаттық беріп тілеу тілегеннен.  
Мүйіз де шығар болса шықпас па еді,  
Ендігі құр үзеңгі шіренгеннен, –

деп, құр босқа тілек тілеп, ышқырыңды көтеріп шіренгеннен ештеңе бітпейтінін, елдік үшін ерге, лайық қимылға келуді меңзейді. «Жүректің түкпірінен салдым айғай» деп ұлтым деген, ұлт үшін күресетін жігіттерді 1945 жылы, Үрімжі түрмесінде жатып үндейді.

Жүректің түкпірінен салдым айғай,  
Болсаңдар бұдан бұрын елемеген,  
Вулкандай оның ыстық жалыны бар,  
Қоқсықты өрт бола ма өртемеген.  
Мезгілің енді ойланар, уа жігіттер!  
Семсерді тот баспай ма білемеген?!

Қытай жерінде қаза тапқан ақын Таңжарық Жолдыұлының өмірбаянын оқысаң да, өмірбаяндық желімен жазылған көркем дүниелерін оқысаң да, ақынды қайғы-қасірет шыңдағанын, елім-жұртым деп аңырап өткен ақын екендігіне көз жеткіземіз. Ақынның жеке басының қасіреті емес, саясаттың астарында біртіндеп жойылып жатқан қандастарымыздың қасіретін ойлап қайғы шегеді. Жеке басы Қытай республикасында өзіне жерліктей қызметтер де атқарған, солай бола тұрса да көкжиектен асып көре алмайтын бауырларының қамы үшін өз басына қасіретті тілеп алып, тілеп алып қана қоймай сол бір әділдік деген аяулы перзенттің кіндігін кесіп, керек десе сүндетке де отырғызып, үй етіп, шаңырақ көтергізіп, елдікке жеткенше де меуді көздейді. Өз ісімен де, ақындық жүрегімен де, азаматтық парасатымен де қасірет-қайғы жүгін иығымен тік көтеріп арқалап өткен ақын.

Ғұмырының көбісін түрмеде өткізген ақын әділетсіз саясаттың құрбаны болған. Елі-жері үшін отқа түсуге бар, осындай ақынды біздің отандастарымыз алақанға салып, аялап, мәңгілік қастерлеп өту – бүгінгі тірілердің парызы. Осындай ұлағатты жандардың жан-жүрегін бағалау арқылы, бүгінгі және ертеңгі ел үшін күресетін ұрпақты баулимыз. Елім деген ер азаматтың атқарған ұлағатты ісі ескерусіз қалмақ емес. Ақын бірде:

Жүрген жерім саздай боп,  
Қайырылып ұшқан қаздай боп,  
Бұл тағдырға кез болдым,  
Көрмеген күнім аздай боп,-

дейді, енді бірде:

Көбімізден айырды,  
Қанатымнан қайырды,  
Қылшылдаған қылыш ем,  
Дүзімді тас боп майырды, -

дейді, енді бірде:

Аузы тар, ені жалпақ, түпсіз үңгір,  
Шатақ бар – қатты жөтел, түшкір, сіңбір.

Тебіскен жер қорада жылқыдай боп,  
Етеді «іннің» түбі дүңгір-дүңгір.  
Көз көріп естігенді келе жатыр,  
Аумалы заман екен келген бұл бір, –  
депті, енді бірде:

Сонымен жатып қалдық түрмесіне,  
Талатып қандала мен бүргесіне.  
Қажалап қайғы-қиял, зар-қасиет,  
Бір шығып, қатын-балам бір есімде.

дейді ақын. Таңжарық ақын түрменің тепкісін туған халқына деген араша сезімі үшін қасірет тартқан. 1940 жылғы, Іле-Үрімжі түрмесінде жазылған жырлары ақындық, азаматтық парасаттан туған. Осы орайда ойға оралған өмірдегі бір сәт есіме түсіп отыр. Ол кезде мен «Жұлдыз» журналының поэзия бөлімін басқаратын едім. Бір күні Семейден бір ақсақал келді. «Өзінді сыртыңнан танимын» – деп ақсақал өзінің қолжазбаларын ұсынды. Қолымен жазылған. Өлеңдерін оқып көріп едім. Ұнады. Ұнаған себебі тағдыры саналуан жан екендігі өлеңдерінен көрініп тұр. Басынан өткен тағдыры - өлең болып өрілген, жыр болып төгілген туындыларын оқып шығып: «Өлеңдеріңізді жариялауға тұрарлық екен. Бірақ, маған тақырыбы түсініксіздеу болып тұр» – дедім. Өйткені тақырыбын: «Т.Ж. Ө.», – деп жазыпты. Ақсақал сәл миығын тартып, күлімсіреген болды да: «Бұл тақырыптың үлкен мәні бар. Бұл өлеңдердің бәрі де түрмеде жазылған. Сондықтан: «Т.Ж. Ө.» деп қойдым. Мұны тартатып айтқанда «Түрмеде жазылған өлеңдер» деген сөз» – деді ақсақал ақын. Мен риза болып тақырыбын сол күйінше жазып, «Жұлдыз» журналына, үтір-нүктесіне тиіспей жарияладым. Тек «Т.Ж. Ө.» тақырыбына жұлдызша қойып, беттің төменгі жағына «Түрмеде жазылған өлеңдер» деп анықтама бердім. Сол ақсақал кейін Қазақстанның Тәуелсіздік туын тіккенде Республикамыздың Тұңғыш президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың ант беріп, Ақордада таққа отырғанда бата берген ақсақал ақынымыз еді. Ол Шәкір Әбенев еді. Сол ақынмен тағдырлас Таңжарық Жолдыұлы елден шалғай, Қытай елінде қасірет тар-

тып, түрмеде айтарлықтай жырлар жазған екен. Бұл да айтуға, жазуға, зерттеуге тұрарлық тұлғалар екені ақиқат.

Таңжарық Жолдыұлының тағдыры туралы зерттеуші ғалым Оразанбай Егеубаев былай деп жазады: «Таңжарық Шапқы медресесінде оқып жүргенінің екінші жылында ел ішінде аяқ астынан: «Біздің Сады ауылына Күредегі<sup>1</sup> шөтаңға<sup>2</sup> апарып, қытай тілінде оқытуға бір бала, оқу шығыны мен салық түсіпті» деген дақпырт туыла қалды. Ел арасынан: «Баламыз қытайша оқыса, қытай болып кетеді, оқу шығынын қалай төлемекпіз?» дегендер шығып, балаларын оқуға жібермеуге жасырады. Бұл кезде әбден сауаттанып, түрлі пәндерден, өз халқының фольклорынан, шығыс мәдениетінен едәуір ғылым жұқтырып, ақындық жолына талпынып, өмір, оқу қадірін аңғарып, өзінше талғам тауып қалған Таңжарық ел арасынан суырылып шығып: «Сол салыққа мені жіберіңдер» деп өздігінен тіленіп, 1919 жылы күзде 17 жасында Күре шөтаңына оқуға түседі. Мұнда сол кездегі аталуы бойынша: «Мемлекет тілі, есеп, мінездеме, сауда кәсібі, бөлшек, тарих, жағрафия...» деген қатарлы сабақтар оқиды. Мектеп бітіріп сынаудан өткендер мемлекет қызметіне орналастырылады. Таңжарық бұл мектепте үш жыл оқиды. Қытай тілін, қытай жазуын жете меңгереді.

1977 жылы Ресейде Қазан төңкерісі болып, халыққа жаңа заман, жаңа заң орнатты деген хабарды естіген Таңжарық 1923 жылы Күнестегі Нүптебек деген байдың «Жырық көк» атанған әйгілі жүйрік атын ұрлап мініп, қазіргі Шапшал Сібе автономиялы ауданының батысындағы Қанжол шекарасынан Кеңес одағының Қазақстан Республикасын 1923 жылы қашып өтеді. Бұл кезде Алашордашылар зиялысы Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов-сынды тұлғалардың еңбегімен танысып, сол ба-

---

1 **Күре** – қазіргі Сүйдін ауданы орталығының оңтүстік батысындағы көне қалашық. Ол кезде Іле өңіріндегі көшпенді малшыларды басқаратын орталық болған.

2 **Шөтаң** – ол заманда қытай тілінде мектеп осылай аталған. Күре шөтаңы – сол тұста Іле өңіріндегі ең жоғары оқу орны болған.

**Жағрафия** – Таңжарықпен қатар оқыған сол мектептің оқушысы – марқұм Толымбектің қол жазба естелігінен алынды.

ғытта жыр жазуға ұмтылады ақын. «Бідің қазақ не ғып жатыр?» деген өлеңі соның куәсындай:

Бұл өмір, бір күн өтсе өтіп жатыр,  
Талпынған талабына жетіп жатыр,  
Байқасам, қаладағы ел алға кеткен,  
Қырдағы біздің қазақ не қып жатыр?

Сөз ұғып, неге қазақ серпілмейді,  
Шығып ап тау басына желпілдейді.  
Өнер, білім жағынан хабары жоқ,  
Жаңғырса тастан дауыс селкілдейді –  
деп жырлауы Мағжан Жұмабаевтың өлеңін еске түсіреді.

Басқа жұрт аспан-көкке асып жатыр,  
Кілтін өнер-білім ашып жатыр,  
Бірі – ай, бірі – жұлдыз, бірі күн боп  
Жалтырап көктен нұрын шашып жатыр.

Таласып өнер-білім алып жатыр,  
Күнбе-күн алға қарай барып жатыр.  
От жегіп, көкке ұшып, суда жүзіп,  
Тәңірінің рақметіне қанып жатыр.

Ойламай біздің қазақ текке жатыр,  
Бір іске жанаса алмай, шетте жатыр.  
Азырақ көз жүгіріп қарап тұрсаң,  
Қазекен таңқаларлық кепте жатыр.  
дей келіп:

Мінекей, қазақ солай бітіп жатыр,  
Күннен күн артқа қарай кетіп жатыр.  
Сезінбей өз өлгенін, өзінікін

Аты өшкір оқығандар нетіп жатыр! –  
деп аяқталатын әйгілі ақын өлеңіне Таңжарық еліктеп жазғандай.

Әділеттілікті қайдан табам деген оймен 1925 жылы Күнестегі еліне қайтып келеді. Осыны пайдаланып, бәйге аты ұрланған байдан бастап, саяси белсенділер «Таңжарық ел ішінде

тып, түрмеде айтарлықтай жырлар жазған екен. Бұл да айтуға, жазуға, зерттеуге тұрарлық тұлғалар екені ақиқат.

Таңжарық Жолдыұлының тағдыры туралы зерттеуші ғалым Оразанбай Егеубаев былай деп жазады: «Таңжарық Шапқы медресесінде оқып жүргенінің екінші жылында ел ішінде аяқ астынан: «Біздің Сады ауылына Күредегі<sup>1</sup> шөтаңға<sup>2</sup> апарып, қытай тілінде оқытуға бір бала, оқу шығыны мен салық түсіпті» деген дақпырт туыла қалды. Ел арасынан: «Баламыз қытайша оқыса, қытай болып кетеді, оқу шығынын қалай төлемекпіз?» дегендер шығып, балаларын оқуға жібермеуге жасырады. Бұл кезде әбден сауаттанып, түрлі пәндерден, өз халқының фольклорынан, шығыс мәдениетінен едәуір ғылым жұқтырып, ақындық жолына талпынып, өмір, оқу қадірін аңғарып, өзінше талғам тауып қалған Таңжарық ел арасынан суырылып шығып: «Сол салыққа мені жіберіңдер» деп өздігінен тіленіп, 1919 жылы күзде 17 жасында Күре шөтаңына оқуға түседі. Мұнда сол кездегі аталуы бойынша: «Мемлекет тілі, есеп, мінездеме, сауда кәсібі, бөлшек, тарих, жағрафия...» деген қатарлы сабақтар оқиды. Мектеп бітіріп сынаудан өткендер мемлекет қызметіне орналастырылады. Таңжарық бұл мектепте үш жыл оқиды. Қытай тілін, қытай жазуын жете меңгереді.

1977 жылы Ресейде Қазан төңкерісі болып, халыққа жаңа заман, жаңа заң орнатты деген хабарды естіген Таңжарық 1923 жылы Күнестегі Нүптебек деген байдың «Жырық көк» атанған әйгілі жүйрік атын ұрлап мініп, қазіргі Шапшал Сібе автономиялы ауданының батысындағы Қанжол шекарасынан Кеңес одағының Қазақстан Республикасын 1923 жылы қашып өтеді. Бұл кезде Алашордашылар зиялысы Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов-сынды тұлғалардың еңбегімен танысып, сол ба-

---

1 **Күре** – қазіргі Сүйдін ауданы орталығының оңтүстік батысындағы көне қалашық. Ол кезде Іле өңіріндегі көшпенді малшыларды басқаратын орталық болған.

2 **Шөтаң** – ол заманда қытай тілінде мектеп осылай аталған. Күре шөтаңы – сол тұста Іле өңіріндегі ең жоғары оқу орны болған.

**Жағрафия** – Таңжарықпен қатар оқыған сол мектептің оқушысы – марқұм Толымбектің қол жазба естелігінен алынды.



ғытта жыр жазуға ұмтылады ақын. «Бідің қазақ не ғып жатыр?» деген өлеңі соның куәсындай:

Бұл өмір, бір күн өтсе өтіп жатыр,  
Талпынған талабына жетіп жатыр,  
Байқасам, қаладағы ел алға кеткен,  
Қырдағы біздің қазақ не қып жатыр?

Сөз ұғып, неге қазақ серпілмейді,  
Шығып ап тау басына желпілдейді.  
Өнер, білім жағынан хабары жоқ,  
Жаңғырса тастан дауыс селкілдейді –  
деп жырлауы Мағжан Жұмабаевтың өлеңін еске түсіреді.

Басқа жұрт аспан-көкке асып жатыр,  
Кілтін өнер-білім ашып жатыр,  
Бірі – ай, бірі – жұлдыз, бірі күн боп  
Жалтырап көктен нұрын шашып жатыр.

Таласып өнер-білім алып жатыр,  
Күнбе-күн алға қарай барып жатыр.  
От жегіп, көкке ұшып, суда жүзіп,  
Тәңірінің рақметіне қанып жатыр.

Ойламай біздің қазақ текке жатыр,  
Бір іске жанаса алмай, шетте жатыр.  
Азырақ көз жүгіріп қарап тұрсаң,  
Қазекен таңқаларлық кепте жатыр.  
дей келіп:

Мінекей, қазақ солай бітіп жатыр,  
Күннен күн артқа қарай кетіп жатыр.  
Сезінбей өз өлгенін, өзінікін

Аты өшкір оқығандар нетіп жатыр! –  
деп аяқталатын әйгілі ақын өлеңіне Таңжарық еліктеп жазғандай.

Әділеттілікті қайдан табам деген оймен 1925 жылы Күнестегі еліне қайтып келеді. Осыны пайдаланып, бәйге аты ұрланған байдан бастап, саяси белсенділер «Таңжарық ел ішінде

теріс үгіт жүргізіп жүр» деген желеумен 1926 жылдың күзінде тұтқындап Құлжадағы даутай Жамбылының зынданына салып, содан бастап, Таңжарық ақынның түрмедегі ақындық тағдыры басталады. Түрмеде жазылған жырлары да, түрмеде жазылған өлеңдері /Т.Ж. Ө./ де бастау алады.

Қытайдағы қазақ баспасөзінде «Таңжарықтанудың білгірі», «Таңжарықтану ғылымының негізін салушы» деп дәріптелген ғалым Оразанбай Егеубаевпен жүргізген Білісбек Әбдіразақтың сұхбатында:

«Алдымен ақын мұраларының жиналып біткен-бітпегендігі жөнінде фактілерге назар аударалық: Бұл жұмыс ақынның дүние салып рухани өмірі басталған сонау 1947 жылдан бермен қарай қолға алынды. 1948 жылы «Алғашқы жинақ» атты тұңғыш жыр жинағы баспадан шықты. Ақынның ғана емес бұл иісі Қытайдағы қазақтардың өз баспасында жарық көрген бірінші жыр кітабы болды. Шамалы болса да өлеңдері газет, журналдарда жарық көрді. Сол тұста Қытайда творчестволық іссапарда болған Сәбит Мұқанов жиналған шығармалармен танысып, сапарынан жазған «Алыптың адымы» кітабына «Түрме халі» атты толғауын тұтас енгізді. Және сол толғаудың өзі-ақ ақынның кім екендігін танытатындығын көрсетті. Аралықта солшыл саясаттың кесірінен жиырма жыл тоқтап, саяси жағдай оңалған кезде 1978 жылдан бастап тағы қолға алынды. Бұл жолғы жұмыстың көлемі кең болды. Жиналған шығармаларынан 1981 жылы «Түрме халі» («Шыңжаң» халық баспасы), 1982 жылы «Нәзигүл», «Анар-Сәуле» («Орталық» ұлттар баспасы), 1994 жылы «Шын тілек» («Іле» газеті баспасы) дастандары жеке-жеке кітап болып баспадан шықты. 1985-1995 жылдары «Таңдамалы шығармалары» деген атпен үш кітабы («Шыңжаң халық баспасы»), 1998 жылы қытай тілінде бір кітап таңдамалалары оқырман қолына табыс етілді. Қазақстанда өздері жинап және Қытайда жарық көргендерінен саралап алып, 1979 жылы «Арман тау», 1992 жылы «Таңжарық шығармалары» жыр кітабының шығарылғандығын, ал жазушы Тұрлыбек Мәмесейіттің «Жұлдыз» журналының екі нөмірінде (1997) жарияланған «Таңжарық» романын (Бұл романды Қытайда шығатын «Көкжиек» атты ау-

дарма журналы төрт санына жариялады) айту артық болмас» – деп жазды. Бұл Таңжарық шығармашылығының, біршама пономалалық бет-бейнесін білдіретін деректер десек те болады.

Бұдан әрі өмірбаяны жөнінде Таңжарық ақынның түрмеде болған «Қылмысты ісінен қатталған екі папка түрме архивінде ғалым өз қолына көшірмесін алғанын айта отырып, әдебиет зерттеуші Естеу Нүсіпбековтың: «Осы толқынның өзі жаңа туып келе жатқан Шыңжан интеллигенциясын екі топқа бөлді. Бір тобы – түрмедегі достарынан өлең алып, оған жауап өлең жазушылар болды да, бір тобы шыңсысайлық, гоминдаңдық қанды тырнақтар тобының жыртысын жыртушылар болды. Бұның біріншісі – түрмеде жатқан Таңжарық, Текесте жүрген Шарғын, Совет одағына шығып кеткен бірнеше ақындар мен Қажығұмар Шабданұлы ілескен топ. Ал, екіншісі – қазіргі әдебиетіміз түгіл, қоғамымыздан аласталған аз санды элементтер» – деп жазғанын алға тартады. Таңжарықтанудағы бірнеше мәліметтер береді.

1940 жылы ақпанның 2-ші жұлдызы күні Таңжарық Гоминдаң үкіметінің Құлжада тұтқындалып, содан бастап ақынның түрмедегі ғұмыры басталады, содан бастап түрме жырлары әділетсіздікке деген ашу-ызадан, намыстан туады. Тамыздың 2-ші жұлдызында Құлжадан Үрімжі абақтысына қамалады.

Академик Серік Қирабаев «Ұлт тәуелсіздігі және қазақ әдебиеті» кітабындағы «Тәуелсіздік және ұлт-азаттық қозғалысының қаһармандары» деген еңбегінде Тәуелсіздік қозғалысының басын әріден бастап. «...Қалмақ басқыншылығына қарсы қол бастаған Абылай хан мен оның сарбаздары Қабанбай, Бөгенбай, Жәнібек, Қоқан хандығымен күрескен Сұраншы, Саурық, Сыпатай, орыс отаршылдығына қарсы бас көтерген Исатай мен Махамбет, Кенесары мен Наурызбай, Сырым, Бекет пен Есет, Жанқожа тағы басқа батырлардың өмірі мен күресі елге өнеге болып, тарихи жырлардың жаңа легін туғызды. Бұл жырлар қазақтың тарихи әдебиетінің, батырлық жырының дәстүрін жалғастырып, ел санасын жаңа деректермен байытты», - деп жазды ғалым. Тәуелсіздік қозғалысына орай батырлар дүниеге келсе, оны жырлаушы ақындар легі тарихқа қатар енген. Академик

С. Қирабаев енді бір сөзінде: «Осындай жырлардың бір алуан үлгісін Кенесары-Наурызбай қозғалысы тудырған. Олар халық шығармашылығынан кең орын алып, ел жадында ұзақ сақталған. Олардың жырлаушылары қатарында Нысанбай, Досқожа, Күдері, Қашқынбай, Көкбай, Доскей, Саяділ, Омар, Иманжан сияқты әдебиет тарихында аты белгілі ақындар бар. Бұлармен қатар аты белгісіз ақындардан қалып сақталған жырлар да аз емес. Жанрлық жағынан қарағанда, бұл жырлар көлемді, сюжетті дастан күйінде, Кенесары мен Наурызбайдың жеке ерліктері эпизодына құралған шағын өлеңдер, көтеріліс басшыларының хаттары мен жауаптары, Кенесарының елмен, қоныспен қоштасуын суреттейтін қоштасу жырлары, көтерілістің жеңілуі мен батырлардың өлімін жоқтауға құрылған ескерту, жоқтау үлгілері түрінде шығарылған. Кенесары-Наурызбайға қосып, олардың ағасы Саржан батырдың ерлігін де жырлаған» – дейді.

Осы тұрғыдан келгенде Таңжарық ақын да түрмеде жазылған жырларымен тың бейнелерді, соны қаһармандарды әдебиет әлеміне енгізген. Таңжарық ақынның еңбегі сонысымен құнды.

Айтарым бұл жолы да: аш көзіңді,

«Әйт!» десе өзіңді-өзің талағанша.

Қанға орап ұқтырамын бар мұңымды,

Көкіректе қатқан шерім тарағанша.

Жеп жатыр даяр асты қарға, құзғын,

Қолыңды сен асықпай ұсынғанша.

Артқыға сол себепті белгі қылып,

Түсірдім қолтаңбамды мұсылманша, –

деп тебіренеді Таңжарық ақын «Ой толғауында» «Сөзім қалсын» деген ізгі ниетпен, өз қасіретін ақтарады, бұл болса халқы көрген қасірет.

Сондықтан да ақын:

Дүние неше түрлі өзгеріп тұр,

Бастаушың жалған-жала сөзге еріп тұр.

Қыршаңқы байталыңа маңдам айғыр,

Жымитып құлақтарын кез келіп тұр.

Жоруы жақсы түстің түк жолықпай,

Жаман түс күн ұзамай тез келіп тұр.

Жораға кімдер жүріп, қораға кім,  
Үргеніп жайған торға сайып қыран,  
Қиналып тар қапаста қор болып тұр.  
Саналып кімдер бөтен бұл заманда,  
Кімге кім, байқа халқым, дем беріп тұр.  
Қорлықта аш-жалаңаш жүргендер кім?  
Сүйеу боп кімдер оған жем беріп тұр?! –

деп кейіпкерімен бірге тығырыққа тіреледі. Зерттеуші ғалым О. Егеубаев Таңжарық ақынның бес қасиетін ерекшелеп айтады. Біріншісі, ұлт тағдырын ту етіп ұстанғаны, екіншісі алып империядағы әділетсіздікті, жауыздықты, түрме түбінде кісендеулі отырып жазғаны, жазғанда сорғалаған жүрек қанымен жазғаны. Үшіншісі, Жоңғар шапқыншылығы тарихынан жазылған «Садық-Салихан» дастаны түрмеде отырып, бір деммен жазып, асыл мұра етіп қалдырғаны. Төртіншісі, нағыз шынайы жаза білгендігі. Бесіншісі, тілінің жүйріктігі, зарлы да шерлі, ызалы да құсалы сөздері, сонымен қоса, дауылды, қайратты да, жігерлі қаһарлы сөздері қатарласа шауып, ақынның құдай берген талантынан хабар беретіндігі. Ақын сонымен қоса түрмеде:

Өлейін, өлсем дағы айтып-айтып,  
Шыдайды дәтім қалай тірі жатып, –

деген принципті ұстанған. Сол жолда құрбан болған, анығын айтқанда өзін-өзі құрбан еткен жан. Және де келер ұрпаққа:

Келсеңдер Үрімжінің қаласына,  
Көзің сал қалтарыс, сай саласына.  
Ұмытпа өле-өлгенше осыны деп,  
Тапсырып кет балаңның баласына.

Көргенін атасының оқып көрсін,  
Кектеніп, көзін салып, көңіл бөлсін,  
Бабамның тарихы деп тегін танып,  
Залымнан кегін алып, қолында өлсін ! –

деп аманат еткен ақын.

Ақын Таңжарық Жолдыұлының түрмеде тыным таптырмай жыр жаздырған ақындық қасиеті болса, екеншісі сол кездегі аса қауіпті саяси ахуал еді. Шынында да: «Алпауыт империяда ұсақ

ұлттарға жойылу қаупі қашан да төніп тұрады. Қауіптен құтылу, ұлт ретінде даму үшін ұлт рухын, ұлттың дінін, табиғатын, ұлы аруақтарын, дәстүр, ғұрып-салтын, дінін, тілін әр өкілінің санасында бес уақыт намаздай күніне бес мәрте қайталатып, қастерлетіп отыру парыз. Қане, құртып көрсін! Таңжарықтың тұтас тұлғасынан сол қасиеттердің барлығы және кемел табылған». Сондықтан да, азаттық үшін күрескен ақын жырлары – мәңгіліктің жырына айналған.

Таңжарықтанушы, Таңжарық мұраларын зерттеуші Тілеужан Сақалов:

«Таңжарықтың әдеби мол мұрасын шындап зерттеу енді ғана қолға алынды. Шыңжаң Жазушылар одағының қазақ әдебиеті секциясында атақты ақындар Құрманәлі Оспанұлы, Омарғазы Айтанұлы, зерттеуші ғалымдар Оразанбай Егеубаев, Қасымхан Уатқанұлы, Ғалым Қанапияұлы қатарлы арнаулы топ ақын творчествосын жинап-зерттеу жұмысымен айналысуда. Солардың ішінде Таңжарық творчествосын зерттеуде жемісті еңбек етіп жүрген Оразанбай Егеубаевты ерекше атап өткен жөн. Ол өзінің «Таңжарық Жолдыұлы жөнінде жалпылық зерттеу» деген монографиялық еңбегінде ақынның өмірі мен творчествосына жан-жақты талдау жасаған» - деп жаза келе «түрмеде азап тартып жатып та Таңжарық ақын қаламын бір сәт қолынан тастамағанын айтады.

Шынында да түрмеде отырып жазған шығармаларының орны ерекше, әрі көркем туындылар. Соның бірі – «Абақты» атты ұзақ толғау-дастанын алға тартсақ деген ойымыз бар. Жан түршігерлік қиянатқа барған Шэн-Ши-Цай мен Томиндаңның ұлтжанды жандарға жасаған қиянаты адам айтқысыз. «Абақты» дастаны «түрме тарихи» деген қос шумақтан басталады:

Ағайын, құлағың сал сөзіме енді,  
Айтатын, жазатын бір кезім келді.  
Оқиға көргенімді ағытайын,  
Оқыған елестетіп көзіңе енді.

Ашылу қиын бағың бір байланса,  
Аршылмай жүргеніңе кір байланса.

Азамат ақылынан адасады,  
Арылмай жабысқан дерт жылға айланса» –  
деп барып бір тоқтайды да, арқаны кеңге салып, кең далада  
шауып келе жатқан арғымақтай салған сайын кең көсіле түседі  
ақын.

Абай лирикасының шетелдік қазақ ақыны Таңжарық Жол-  
дыұлының шығармашылығына әсері-ықпалы үлкен болған.  
Абай ақынның жырлау объектісіне айналған табиғат лирикала-  
ры қандай көркем болса, Таңжарық біршама еліктей отырып,  
өзіндік қолтаңбасы бар көркем дүниелер жасаған. Өткен ғасыр-  
дың отызыншы жылдарында «Көктем мысалы», «Тау табиғаты»,  
«Жаз мысалы», «Жаз таңы» - сынды табиғат лирикаларын жаз-  
ғанда Абай шеберлігінен үлгі алып, өзіндік өрнек тоқыған.

Қыс өтіп, күн жылынып, қызық жетіп,  
Жерде қар, көкте суық бәрі кетіп.  
Аш тойып, кем жетіліп, жер жаңғырар,  
Малға жай, жанға рақат уақыт жетіп.

Қыбыладан қызыл-жасыл бұлт шығып,  
Екпіндеп ескек соғар дүрілдетіп.  
Жел келіп жерді тұман, бу қылғанда  
Ойда өзен, сайда бұлақ гүрілдетіп.  
Қасықтай қар, тобықтай тоң қалмайды,  
Табиғат жер жүзіне рақым етіп.

Сол кезде ел қыдырып өңкей сері,  
Қыз аулап ертең келер, бүгін кетіп.  
Ел шарлап, ауыл барлап, аңдып жүріп  
Аулақта жарын құшар күлімдетіп, –  
деп толқыған ақын, тіршілік тынысын, дәл басып, өмір сурет-  
теріне үңіледі, өзіндік шешім табады:

Тірілер құрт-құмырсқа қыбырласып,  
Жан бігер өлгендерге жыбырласып,  
Күн қызып, шөп құлпырып, сулар тасып,  
Көкке аунар көбендердің көңілі тасып.

Кергісіп кемпір мен шал күншуақта  
Мейірмен мекіренер арқа қасып.  
Қатындар арасында өсек қаптар,  
Жақтырмай бірін-бірі шалқаласып, –

деп көктем тынысын жаны таза ақындық рухпен әсем өруге  
ұмтылады.

Ақын «Тірлік мысалы» деген өлеңінде өмір заңына, өрелі ой-  
лар айтуға, көркем тілмен өруге, өзіндік соқпақ салуға ынтыға-  
ды. Сол ынтыққан ынталы жүрек таба да біледі, тартымды етіп  
жырлай да біледі.

Жаратқан топырақтан денемізді,  
Қондырып маңдайға асыл екі көзді,  
Тамырдан үш жүз алпыс қан таратып,  
Жүктеді қызыл тілге сөйлер сөзді.

Тұлғанды тік тұрғызып сүйек етті,  
Адамның жан-тынысын жүрек етті.  
Буыннан жиырма төрт жалғастырып,  
Біреуін-біреуіне тиек етті, –

деп, «адамның жан тынысын жүрек еткенін», «Тұлғанды тік  
тұрғызып сүйек еткендігін» кәдімгіде кәделі оймен көңілге қон-  
дыра біледі ақын. «Өткір ой, жүйрік қиял, қырағы көз берген»  
адамға мінез бермесе, «құр ақыл еш өмірге жете алмайтынды-  
ғын» жыр етеді. «Бір арман адамзаттан қалған емес, Астың да  
болса дағы алтын тағың» дейді ақын. Бәрінен жас күніңнің әр  
мезеті – байлықтан да, алтын тақтан да артықтығын» ақын-  
дық жүрекпен алға тартады. «Жүйрік ой, зерек көңіл бәрі қа-  
лар, адамның жастықтығы қолдан кетсе» деп түйеді. Бұл бірақ  
өлеңнің түйіні емес, ақынның да түйіні емес. Түйін алда:

Байлықтың, батырлықтың керегі не,  
Тоқталып қызу көңіл қаның кепсе,  
Адамға жаз-жасшылық, қыс – кәрілік,  
Шыға ма қыстың күн» егін ексе!? –

деп түйіндейді ақын. Ащы шындықты алға тарта отырып, ойға  
қалдырады, ақиқатқа иландырады. Жастық шақ бұған сене қой-  
мас, бірақ, ерте ме, кеш пе, бұған мойынсынбасқа лаж жоқ. Бұл



өмір заңы. Өткір естіледі, өктем естіледі, құлақтан еніп, бойды алады. Тағы да келіп ұлы Абайды еске алдырады.

«Жазғытұры» деген өлеңінде Абай ақын:

– Жазғытұры қалмайды қыстың сызы,  
Масатыдай құлпырар жердің жүзі.  
Жан-жануар, адамзат анталаса,  
Ата-анадай елжірер күннің көзі.  
Жаздың көркі енеді жыл құсымен,  
Жайраңдасып жас күлер құрбысымен..., -

деп, қырдағы ел ойдағы елмен араласып, күлімдесіп, керісіп, құшақтасып бір серпілсе, жастардың мойны босап, сыбырласып, сырласып мауқын басып, өмір қайта оянғандай, дүние түрленіп сала береді.

Түйе боздап, қой қоздап – қора да шу,  
Көбелекпен, құспенен сай да ду-ду,  
Гүл мен ағаш майысып қарағанда,  
Сыбдыр қағып, бұраңдап ағады су.

Көл жағалай мамырлап қу менен қаз,  
Жұмыртқа іздеп, жүгіріп балалар мәз.  
Ұшқыр атпен зырлатып тастағанда,  
Жарқ-жұрқ етіп ілінер көк дауыл баз.  
Құс қатарлап байлаған қанжығаға  
Қыз бұраңдап жабысып, қылады наз, –

деп жырлайды ақын. Қыз-келіншек жазға жақсы киініп, «Жер жүзіне өң берер гүл бәйшешек», қырда торғай сайраса, сайда, бұлбұл, тастағы үнін қосып байғыз, көкек, осылайша, безендіріп жер жүзін Тәңірім шебер, мейірбандық дүниеге нұрын төгер, ал, енді анамыздай жер иіп емізгенде, бейне әкемдей үстіңе анаң төнер дейді ақын.

Ұлы Абай жырларының кәусарынан қанып ішкен ақын Таңжарық Жолдыұлының жырларында да осындай үндестік бар. Үндестік болғанда, қайталамай өзінше жырлау, өзінше бейнелеу, өзіндік суретін өзіндік мәнермен жасау аңғарылады. «Қара тастан басқаның бәрі жадырап» Абайдың «Жазғытұрында» да, Таңжарық ақынның «Жаз мысалында» да өмір бар. Тіршілік

тынысы бар. «Көңілі күн лебіне тойғаннан соң, Жер толықсып түрленер тоты құстай» деп екі ақын да өзіндік өзгеше суреттерімен табиғат полотносын салған.

Абайдың «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да» деген өлеңінің ізімен Таңжарық ақын «Көңілім қалды, торықты» деген жыр жазды. Абай:

Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да,  
Алдамаған кім қалды тірі жанда?  
Алыс-жақын қазақтың бәрін көрдім,  
Жалғыз-жарым болмаса анда-санда.

Пайда үшін біреу жолдас бүгін таңда,  
Ол тұрмыс бастан жыға қисайғанда.  
Мұнан менің қай жерім аяулы деп,  
Бірге тұрып қалады кім майданда?

Ендігі жұрттың сөзі – ұрлық-қарлық,  
Саналы жан көрмедім сөзді ұғарлық.  
Осы күнде осы елде дәнеме жоқ  
Мейір қанып, мәз болып қуанарлық, –

деп жырлап, «байлар да мал қызығын біле алмай жүр, Жаз жіберіп, күз атын міне алмай жүр» деп, «Ала жылан, аш бақа күпілдектер, Кісі екен деп ұлықтан ұялмай жүр» деп, «бір күшті көп тентекті жыға алмай жүргенін» айта келіп:

Жетілтіп жаз жайлауға қона алмай жүр,  
Күз күзеу де жанжалсыз бола алмай жүр,  
Қыс қыстауың – қып-қызыл ол бір пәле,  
Оралып ешбір шаруа оңалмай жүр.

Жасы кіші үлкеннен ұялмай жүр,  
Сұрамсақтар нәпсісін тия алмай жүр.  
Сәлем – борыш, сөз – қулық болғаннан соң,  
Қандай жан сырттан сөз боп, сыналмай жүр?

деп түйеді ақын. Осы «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да» өлеңінің әсерімен Таңжарық өзіндік ырғақпан «Көңілім қалды, торықты» өлеңін жазды:

Бармысың құдай, жоқпысың,  
Білдің бе біздің хал-жайды?!  
Бар болсаң қабыл ете көр,  
Дұғаға құлың қол жайды!  
Жоқ болсаң және өзің біл,  
Ар жағын ойым болжайды, –

деп жырлап, «су құйсаң да толмайды, өтіп бір кеткен өмірім, көрген түстей болмайды» деп опына отырып, қайғы-қасіреті өткен өмір ғана емес, арманы – ел екендігін айтып, «Ел жұртымнан айрылдым, қалайша жүзім солмайды» деп торығады.

Жүректі басқан қайғы дерт,  
Шық деп жанды зорлайды.  
Ішім толған өрт жалын,  
Мұз салсаң да тоңбайды.  
Кейбір кезде сағым ой,  
Ұшырып қанат қомдайды.  
Көп ойладым өзіңді,

Бар ғой деп бір күн ондайды, –

деп сабақтай жырлайды. Мұндай үндестік «Жаз таңында» да «Жаздың бір күнінде» де «Көктем мысалында» да баршылық. Елімді тірі көрмесем де, арманым: ең болмаса сөзім барса» деп арман еткен ақынның өзі жетпесе де, туған еліне, туған жеріне туған ұлты мен туған халқына сөзі жеткен ақын. Сонысымен ақын ғұмырлы, сонысымен өлең-жырлары мәңгіліктің тұғырында тұрған ақын – Таңжарық Жолдыұлы!..

Күрескер ақын Таңжарық Жолдыұлы туралы жазып отырып мен азамат ретінде, ақын ретінде осы қазіргі күн тәртібінде не айтылуға тиіс деп ойладым. Әсіресе, біздің қадым ғасырдан келе жатқан поэзиямыз өзінің трибунасында нені жырлау керек, бүгінгі халқымызға нені айтуымыз қажет деп іштей толғандым.

Қайраткер азамат Марат Мұханбетқазыұлы Тәжиннің ұсынысымен дүниежүзінде екінші Шекспир атанған Португалияның ұлы ақыны Луиш ди Камозенстің «Сонеттері» атты кітабын тәржімаладым.

Сол ақын Португалияның тәуелсіздігінен айрылған 1580 жылдың 10 маусымында дүниеден өтеді. Көз жұмар алдында:

«Мен, тіпті, өзімнің туған Отанымда көз жұмғалы жатқан жоқпын, мен сол тәуелсіздігінен айрылған туған Отаныммен бірге өліп жатқандай сезінемін» деген ақынның жалынды сөзі ұлтының жүрегіне ұялап, Португалия елі қайта тәуелсіздік алғанда, ақынның асқан дана сөзі үшін Луиш ди Камозэнс қайтыс болған күнді – Португалияның Ұлттық күні деп белгілейді.

Біз, Қазақ елі, ұлттық Тәуелсіздік алғанымызға жиырма жыл өтті. Кезінде Кеңес өкіметі кезінде «Қазағым» деген сөзді кітабымызға кеңінен жариялай алмаған тұстарымыз болды. Оны өткен ғасырда басымыздан кешірдік.

Қазақ халқының арман-тілегін, елдің ынтымақ бірлігін көксеген кемеңгер, терең ойшыл Бұхар Жыраудан бастап (1684-1782) ұлттық Тәуелсіздік үшін құрбан болған ақын Махамбет Өтемісұлынан бастап, Қытайда ғұмыр кешкен, әділет үшін күрескен Таңжарық Жолдыұлына дейін, кешегі «Мен қазақтың мың өліп, мың тірілген» деп жырлаған Жұбан Молдағалиевке дейін, одан қалды біздің замандастарымызға келіп бұйырған ұлы олжа – Тәуелсіздікті жырлау, ұлтымыздың бостандығын жырлау, ынтымағын жырлау – бүгінгі ақындарымыздың үлесінде!

Алаштың асылдары – Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев сынды ардақтылардың поэзиясы да сол Тәуелсіздікке келіп тіреледі. Кезінде ұлтымыз туралы өрелі сөзді айтқызбаған Кеңес өкіметі тұсында ақын Ғафу Қайырбеков:

Басқа елдердің хандары хан сияқты,

Біздің хандар несіне жаман болған, –

деп ішкі ақындық қасіретін сыртқа шығарғаны бар...

Қазіргі таңда ақын Ұлықбек Есдәулетов «Қазақстан! деген елеңінде:

Шаңырағың – шырағым,

Топырағың – тұмарым,

Ғаламда жоқ сыңарың,

Ғажайыбым, жұмағым,

Басы таза бұлағым,

Басылмайтын құмарым,

Қазақстан – қыраным! –

дей келе:

Айың тусын оңыңнан,  
Күнің тусын солыңнан,  
Жұлдыз жансын жолыңнан,  
Басыңа бақ орнасын,  
Қыдыр болсын жолдасың,  
Құдай сені қолдасын,  
Қазақстан – көз жасым!.. –

деп түйіндейді. Жырдың ширығар тұсы «Қазақстан – көз жасым!» – деген тұс. Тәуелсіздікті иығымен арқалаған жан да, Тәуелсіздікті сағынышпен күткен жүрек те: «Қазақстан – көз жасым!» деп толғанары хақ. «Жер орта» жинағында ақын Серік Тұрғынбеков:

Елімның жарлығына,  
Ой-пікір ойыспаса,  
Халқымның зар-мұңына,  
Қабырғаң қайыспаса,  
Өмірдің дернегіне,  
Тамсанып табынбасам,  
Ақын боп керегі не,  
Ағымнан жарылмасам, –

деп толғанады.

Шынында да Тәуелсіздік теңізі тербеткен тұста, ағынан жарылып, осынау бір Тәңір сыйлаған бостандықты жырламаса, шынында да ақын болып керегі не?!

Әшімжан Жанарбек, Әмірхан Балқыбек, Маржан Ершутегі тағы басқа ақындар, Тәуелсіздік хақында қалам тартып жүр.

Солай десек те Тәуелсіздікті жырлау дәрежесін ұлтты сүю, ұлтжандылық деңгейінде асқақтатып, әсем де сазды лирикалық-философиялық ойға қалдырарлық, толғандырарлық биікте жырлау – бүгінгі ақындарымыздың парызы деп білемін.

«Тәуелсіздік» атты мақалалар жинағы жарық көрді. Соның алғы сөзінде: «Тәуелсіздік... мына дүниеде 2500-ден астам халық бар екен. Соның екі жүзге жуығы ғана өзінің мемлекеттілігіне ие екен» – деп жазды жазушы Сауытбек Әбдірахманов. Сол Тәуелсіздік алған елдің ортасында Қазағымыз бар. Бұл

дегенің ұлы қуаныш емес пе? Қуанышымызды жырлау – ұлт-жанды ақындарымыздың парызы!

Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Менің сенетінім – жақсылық, менің сенетінім – болашақ» – деп жазды. Біз, ақын-жазушылар, болашағымызға сене отырып, қаншама ғасырлар бойы көксеген ұлы арман-мақсатымыз Тәуелсіздігімізді көк байрақ туымыздай биік етіп, ұлттық намыспен жырлау – ақындық парасатымыз, азаматтық парызымыз!

Ал, Таңжарық Жолдыұлы осы тәуелсіздігіміз үшін күрескен ақын.

## ШАРҒЫН АЛҒАЗЫҰЛЫ

Қытай қазақтарының соңғы бір ғасыр аясында туындатқан мәдени-рухани мұрасы өзінің молдығымен де, сапасымен де назар аударады. Сонымен бірге, бұл мұралардың біртұтас ұлттық игілікке айнала алмай келе жатуы, тек сол бір өңір аясымен шектелуі алаңдатады. Шығыс Түркістан қазақтары арасында кеңінен танымал, иісі қазақ жұрты біле бермейтін тарихи тұлғалардың бірі – ақын Шарғын Алғазыұлы [1903-1988].

Шарғын ақын да Кеңес өкіметінің содыр саясатының салдарынан ата жұрты Жетісудан кіндік үзіп, Қытай өлкесіне қоныс аударады. Өзінің ширек ғасырдан астам өмірін шет жерде өткізген ол тағдыр тауқыметіне мойынсына қоймай, туған жері мен еліне деген сүйіспеншілігін, сағынышын жүрек төрінде сақтай білген. Шарғын өзінің маңайындағы ортаға ақын ретінде мойындалғанмен, көзінің тірісінде бірде-бір жинағы жарыққа шықпаған. Сондықтан да болар оның шығармашылығы осы кезге дейін жан-жақты зерттелмеген. Егер туындыларына мұқият назар салып, саралап, бір жүйеге келтірер болсақ, соңында мол қазына қалғанын байқаймыз.

Ш. Алғазыұлы Жаркент уезі, Қожбанбет болысына қарасты 5-ауылда [қазіргі Алматы облысы, Ұйғыр ауданы, Диірмен атты елдімекенде – Т.Ә.] туған. ХХ ғасырдың алғашқы ширегіндегі қазақ даласындағы өзгерістер ақынның жастық шағына, тіпті жігіттік кезіне де ықпалын аз тигізген жоқ. Жас жеткіншек қоғамдағы қат-қабат оқиғалардың қайнаған ортасында қалыптасады. 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс пен қазан төңкерісі, 1930-1933 жылдардағы аштық азабы Шарғын жүрегінде қанды өрнектерін қалдырды. Басында ауыл молдасынан қара танып, 1920-1921 жылдары кеңес мектебінде білім жетілдіреді. Осы соңғы мектепте дәріс берген жаңашыл ұзтазы Мақсұт Додабайұлы орны ерекше еді. Озық ойлы жетекшісінің бастамасымен, өлең-сөздің қадірін түсіне бастаған жас Шарғынның алғашқы тырнақалды туындылары жаңа өкімет баспасөзінде жариялана бастайды. Осы жылдары ауылға орыс мұғалім келіп бала оқытады да Шарғын есейіп қалғанына қарамастан үш

жылдай дәріс тыңдап, бірсыпыра білім жинақтайды. Ендігі жерде болыстық атқару комитетіне мүше болып қабылданып, қоғамдық жұмыстарға белсене араласады.

Отызыншы жылдардағы күшпен ұжымға тарту, зорлықпен отырықшылыққа орнықтыру Кетпен тауының бөктеріндегі жұртты да зобалаңға ұшыратты. Тіршілік көзі болған азынаулақ малынан айырылған халық аштықтың тұзағына ілікті. «Таңғы нәсіпті-тәңірден» іздеген қазақ, қырғыз қытай ауды. Белсенділердің күдігіне шалынған, келешегі бұлыңғыр ақын босқын жұртқа ілесуге мәжбүр болды.

Қош болғын көріскенше туған жерім,  
У мен өрт ішім толған, сыртым бүтін.  
Талайы мендей зарлап кеткен шығар,  
Кім тұрар дүниенің ұстап кілтін, –

деп мұңая толғайды ақын «Елмен қоштасу» атты ұзақ толғауында<sup>1</sup>. Туған жерден тұрақ, жаңа қоғамнан сүйеніш таппаған босқын елдің шет жерде де көрген қорлығы, шеккен азабы аз болмады. Шарғынның осы тұстағы өлең, толғауларының барлығы дерлік халықтың басынан өткізген қайғы-қасіретіне арналды.

1933 жылы сәуір айында Шығыс Түркістанда төңкеріліс жасалып, өкімет басына Шын-Ши-Цай келгені белгілі. Ол өзінің алдындағы Жин-Шурын өкіметіне қарағанда жасанды түрде болса да аздаған демократиялық сипаттағы шараларды іске асыра бастады. Олар: Шыңжаңда демократиялық өкімет құру, Кеңестер Одағымен достықта болу, ұлттық теңдікті, бейбітшілікті сақтау сияқты аса маңызды мәселелер болды. Бұл бағдар жаңашыл бағыт ұстаған қазақ зиялыларының көзқарасына дөп келді. Жақтаушылардың алғашқы ілегінде Ш. Алғазыұлы жүрді. Қазақ зиялыларының алдында тұрған тағы бір толғақты мәселе-халықты сауаттандыру міндеті еді. Қараңғылық қамауындағы қандастарының сауатын ашып, жас ұрпақтың көкірегіне білім дәнін себуде Шарғын да көп еңбек сіңірді. Ақынның ағартушылық қызметін онымен бірге қызмет атқарған қаламгер Қ. Толыбаев былайша еске түсіреді: «Үйсін тауы-

1 Алғазыұлы Ш. Көш керуен. Алматы: 1992. – 45-48-б.



ның бөктеріндегі қазақ ауылдарына мектеп ашып, бала оқытуға мүмкіндік туды. Сөйтіп, Шарғын ұрпақ тәрбиесіне араласады... Бұл жұмыста ұзақ жылдар істеп, Тәңірі тауының құшағындағы қазақтардың бір бұтағына өнер-білім үйретті, игі тәрбие берді. Ағарту ісіне педагогтік-ұстаздық еңбегімен үлес қосты. Сол жылдардың өзінде-ақ қазақ әдебиетінің өркен жаюы үшін Таңжарық ақынмен тізе қосып, тел қозыдай үндері қатар шығады. Жаңа әдебиетті көркейтуге еңбек етті»<sup>2</sup>.

Т. Жолдыұлы, Дәулеткелді секілді қаламгерлердің қатарында Құлжада алғашқы қазақ тіліндегі «Іле» газетін ашуға белсене араласып, өзі сонда қызмет атқарды. Кейінгі жылдары дүниеге келген «Төңкеріс таңы», «Білім арнасы», «Одақ», т.б. газет-журналдарда өлеңдері жиі жарияланып тұрды. Халықтың рухани-мәдени өресін көтеру жолындағы қажырлы еңбегінің арқасында Шыңжаң өлкесінде беделді ақын ретінде танылды.

Үрімжіде [1953 ж.] өткен ақын-жазушылардың тұңғыш мәслихатына қатысып, жаңа бағыттағы қаламгерлердің сапына енді. Төрт жылдан кейін Шыңжаң Жазушылар одағын құруға атсалысып, алғашқылардың бірі болып мүшелікке қабылданады. Мұның өзі Ш. Алғазыұлының әдебиет сүйер қауымның арасында беделінің биік екенін аңғартады. Жат жұрттағы 30 жылдай өмірінде ол туған жері мен өскен елін бір сәт те естен шығарған емес. Отанына оралудың орайын күтіп іштен тынып, тарығып жүрді. Оның сәті 1958 жылы ғана түсіп, атамекені Шалкөде аулына келіп қоныстанды.

Саналы өмірін шет жерде өткізгеннен де болар, ақын туындыларының басты тақырыбы – туған ел мен атажұрты. 30-жылдардағы «Елмен қоштасу», «Ақ сұңқар қолға түскенде», «Сарын» т.б. лирикалық өлең, толғауларында босқын жұрттың басынан кешкен ауыртпалықты, қытай өкіметі мен жергілікті билеушілердің зорлық-зомбылығын уытты да көркем тілмен баян етеді. «Айтайын әңгімемді...» толғауында кереғар заманның бар болмысын шынайы бейнелеп, бас бостандығын аңсайды. Әділетсіздікке налып, әдепсіздікке ашынады. Қазақстанның әсем табиғаты мен ондағы ағайынның бірлігін жырлап, туған то-

2 Толыбаев Қ. Шарғын ақын // Шалқар. 1990. 22 маусым.

пырақты аңсаған жұрттың көңілін аулайды, келешекке деген үмітін оятады.

Шығыс Түркістанды билеп отырған қытай өкіметі 1939 жылы өз саясатын шұғыл өзгертіп, жымысқы әрекеттерге барғаны мәлім. Бұл жағдай екінші дүниежүзілік соғыстың басталуымен және Шығыстағы Жапон мемлекетінің Кеңестерге қарсы агрессия жолына түсуімен тікелей байланысты еді. Шын-Ши-сай өкіметі де осы үлкен саясатқа қатысып, азаттық пен бостандық жақтайтын мыңдаған зиялы қауым өкілдерін түрмелерге жапты. Гоминдаң жендеттерінің тұтқындарға істеген зұлымдығын айтып, ақын қатты күйзеледі. Нәубеттен құтылар амал іздеп таба алмай, жаны түршігіп, көңілі құлазиды. Осы жылдары жазылған «Ақ сұңқар қолға түскенде» толғауының мазмұны күрескер ақын Таңжарық Жолдыұлының «Абақтыда» атты түрме оқиғаларына байланысты дастанымен сарындас.

Алтай, Тарбағатай, Іле аймақтарынан бастау алып, жалпыхалықтық сипатқа ұласқан 1944 жылғы ұлт-азаттық төңкерістің нәтижесінде Шығыс Түркістан Республикасы құрылады. Тумысынан азаттық аңсаған Шарғын ақын төңкерістің алғы шебінен көрінеді. Түбі бір түрік жұртшылығын, барша мұсылман қауымын тәуелсіздік жолындағы күресте бір тудың астында бірігуге үндейді. «Өмір күрес ендігі» деген өлеңінде:

Өлімнің өмірменен күресі бұл,

Ұлы сын жастық пенен батырға енді<sup>1</sup>, –

деп көтерілісшілерді ерлікке, қайсарлыққа жетелейді. Шығыс Түркістандағы барша халықты бірлікке шақырып, атажауға қарсы ымырасыз күрес жүргізуге жігерлендіреді.

Елуінші жылдар Шарғын шығармашылығы үшін елеулі табысты кезең болды. «Арман толғау», «Ақ көңілге» тәрізді философиялық сарындағы өлеңдері, «Текестің салалары», «Бақалық», «Құрбыларым, ұрпағым» секілді толғаулары осы шуақты жылдардың жемісі. Бұл кездері ақынның шығармашылығы шыңдалып, ақындық деңгейі биіктей түскен шағы еді.

Туған отанына аман оралып, өз үйіріне қосылған соң Шарғынның екінші тынысы ашылғандай болады. Ондаған жылдар

1 Толыбаев Қ. Шарғын ақын // Шалқар. 1990. 22 маусым.

жүрек түкпірінде тұншығып жатқан сағыныш сазы еріктен тыс жыр шумағына айналады. Қай ақынға да туған жердің орны ала бөтен. Сондықтан да болар бұл тақырыптағы өлеңдері ондап саналады. Оларда туған өлкеге деген сағынышы, ішкі дүниесінің барлық болмысы көрінеді. Жастарға патриоттық тәрбие беруде бұл өлеңдердің орны ерекше.

Шарғынның ауқымды туындыларының қатарына табиғат туралы жырлары жатады. Туған жердің табиғаты оны мүлдем баурап алған. «Алатаудың баурайы» аталатын өлеңінде:

Алатау көк тіреген таудың нәні,  
Қалықтар құздарында тау қыраны.  
Мейірлі анасына бас игендей,  
Қарайды Алатауға таудың бәрі, –

деп шабыттана, тамсана отырып, жыр маржанын, сөз асылын аялы Алатауға арнайды. Жетпісінші жылдары шығарған «Тұз көл», «Айғайтас» сияқты өлеңдеріне зер салсақ, табиғаттың тұнып тұрған тірі келбетін байқауға болады.

Ш. Алғазыұлының бір топ өлеңдерінің ғибраттық мәні басым. Тоқсан жастың табалдырығын аттап, екі үлкен мемлекетте үш ірі төңкерісті басынан кешірген азамат ақынның жас ұрпаққа айтары аз болмаса керек. «Арман», «Теңеу», «Жекжат-жұрат», «Жақсыдан сөз қалады» т.б. өлеңдерінде ұрпаққа өсиет, өнеге айтады. Бұдан өзге ақын шығармасында әзіл-оспақ, мысал, арнау сияқты поэзия жанрлары жинақталған.

Шарғынның ерекше қалам тартқан жанры-жоқтау жырлары. Жетісудың оңтүстік шығыс өңірінде Жүсіпбек қожа, Бөлітірік, Көдек сынды ақындар жоқтау шығарудың шебері болған. Шарғында өз кезегінде аға ақындардың жөн-жоралғысымен жоқтау жазып, ұмыт бола бастаған дәстүрді жалғастырылды. Соның бірі – көз жұмар алдындағы өзіне арнап жазған жоқтауы. Туындының кіріспесіне қарағанда, әйелінің атынан жазылған:

Алладан пәрмен болған соң, бақижайға жөнелдің,  
Қуат қылып тұрарлық артыңнан ерген төлдерің...  
Амал бар ма қайтейін, аңсадым да шөлдедім,  
Тұрақтамас ешкімге, көп екен өмір керуенім.  
«Ей көпшілім, артыңда қалып өксідім».

Жоқтаудың әр бөлімінің соңында жоғарыдай бөлекше әуен, мұнды зармен айтылатын: «Ей зерегім, саялы шынар терегім», «Ей қормалым, Алатаудай қорғаным» т.б. жолдар қайғы-қасіретті еселеп, жоқтаудың көркемдік құнын биіктете түседі. Осылай бар саналы ғұмырын өлең, жырды рухани азық еткен талантты ақын, ақпейіл ақсақал аузынан асыл сөзі, қолынан қаламы түспей мәңгі дүниеге аяқ басады.

Ш. Алғазыұлы айтыс ақыны ретінде де халықтың сүйіспеншілігіне бөленген. Қазірше қолда бары – Таңжарықпен, Күлшарханмен өткен қайымдасулары мен Нәсілхан қызбен айтысы ғана. Соңғы айтыс өзінің көркемдік, мазмұндық деңгейімен де ерекшеленеді. Айтыс барысында әлеуметтік, саяси, дін, салт-дәстүр т.б. мәселелер тереңнен қозғалады. Тіпті, кейде екі ақын жұмбақтасып та кетеді. Тілі шұрайлы, қай жағынан қарағанда да XIX-XX ғасырлардағы атақты айтыстардан кем түспейтінін айта кеткен орынды.

Шарғын шығармашылығының дәуірлеген тұсы, 1949-58 жылдар аралығы екені даусыз. Осы кездері оның өлендері Шыңжаңның барлық газет-журналдарында жарияланып, бірнеше толғаулары Пекиннен шығатын «Ұлттар» журналында басылды. Қытайға арнайы сапармен барған [1957] Ғ. Мүсіреповпен кездесіп, әдебиет жөнінде көптеген келелі кеңестер алады. Алып сөз зергеріне жолқосшы болып, оған жүрек жарды өлеңін арнайды. Өмірінің жетпіс жылын шығармашылыққа арнағанмен, көзінің тірісінде бір жинағын шығара алмады. Кеңес идеологиясы шарықтау шегіне жеткен 70-80 жылдарда Шарғын сияқты арғы беттен өткендер саяси сенімсіздікке ұшырады. Оның өлеңі тұрмақ өзіне де күдікпен қарады. Туған елге жүрек жарды қуанышпен оралған ақынға мұндай сенімсіз көзқарастар қатты батты. Өкіметке еңбегіменде, қаламымен де қызмет еткісі келді, бірақ ешкім оны елемеді. Бар мұңын, рухани күйзелісін айтып шырылдаған ақынның жан айқайын естір құлақ табылмады. Табылса да байқамаған сынай танытты. Тек 1992 жылы 90 жылдық мерейтойы қарсаңында «Көш керуен» атты шағын жинағы жарық көрді. Қ. Алпысбаев, Ә. Тарақов, Д. Мәсімханұлы қатарлы әдебиеттанушылардың баспасөз бет-

теріндегі шағын мақалалары болмаса Шарғын шығармашылығы түбегейлі зерттелген емес.

Ш. Алғазыұлы поэзияның барлық жанрында қалам тартқан ақын. Стиль жағынан алып қарағанда эпикалық сарын басым. Тілінің суреткерлігі, уыттылығы мен көркемдік деңгейін саралай отырып, халық ақындарының таңдаулы өкілдерінің легіне жатқызуға болады. Сондай-ақ, ілгергі ақын-жыраулардың туындыларын жатқа айтқан жыршы, термешілік қасиеттері де сан қырлы өнерпаздық дарынын айқындайды.

## АСҚАР ТАТАНАЙҰЛЫ (1906-1994)

Қытайдағы қазақ әдебиеттануының ірі өкілдерінің бірі Асқар Татанайұлының шығармашылығын көп жұрттың біле бермейтіні анық. Ел басына қиын күн туғанда ешбір қиындыққа мойымай, саналы ғұмырын әдебиетке арнаған ақын, жазушы, драматург, фольклортанушы Асқар Татанайұлы 1906 жылы шалғайда жатқан ШҰАР Алтай аймағында дүниеге келген екен.

Қарапайым шаруа отбасында туылған, Асқар алғашында ауыл молдасынан білім алып, 1934 жылы Сарысүмбе деген жерде ашылған қысқа мерзімді мұғалімдерді жетілдіру курсына қабылданады, сөйтіп халық ағарту ісіне де ерте араласып кетеді. 1934 жылы Алтай өңірінде әскери қорғаныс генералы болып тұрған ағартушы Шәріпхан Көгедәев Кеңес Одағынан баспа машинасын алдырып, баспахана ашқанда Асқар алғашқылардың бірі болып әдеби жұмыстарға араласа бастайды. Бұл газет сол жылдың соңында «Жаңа Алтай газеті» деген атпен шығып тұрды. Бұған қоса, 1948 жылы «Таң шолпаны» атты журнал шықты. Ахмет Байтұрсыновтың енгізген емлесінде шығатын баспаны алғаш рет Алтайда іске қосады.

Бірнеше жыл ұстаздық қызметпен айналысып, 1952-1958 жылдар аралығында Алтай аймағының ойын-сауық үйірмесі басшысының орынбасары, Алтай қалалық мәдениет үйінің бастығы сынды қоғамдық жұмыстарды атқара жүріп, Қытай елінде саяси қозғалыстар жүрген кезеңде 1958 жылы «ұлтшыл», «солшыл» атанып, 18 жыл ауыр азапты күндерді бастан кешеді. 1994 жылы Алтай қаласында қайтыс болады.

Әдебиеттің проза, поэзия, драма жанрында талмай еңбек еткен қаламгердің қолынан «Талап», «Қалыңмал», «Құлдықтан құтылғандар» секілді пьесалар мен «Малбикенің өмірі», «Беген шабылған Қарасеңгір», «Батырлар жыры», «Екі палуан», «Адақан аю», «Өтірікші шал» т.б. дастандарымен қатар, «Шәріпхан» атты деректі романы мен «Құн және айып» атты тарихи әңгімесі жарық көреді. Сонымен бірге, Әсет Найманбаевтың «Салиха-Сәмен» дастанын баспадан шығарады.

Жас кезінен бастап халық тұтастығына негіз болар, ұрпақтар арасындағы сабақтастықтың үзілмеуін мақсат тұтқан Асқар Татанайұлы халықтың фольклорлық мұрасын жинау барысында еңбегі зор болды. Алтайды мекен еткен қазақтардың арасындағы асқан би-шешен, жыршы-шежірешілерінен естіп-білген қисса-дастан, айтыс, аңыз-әңгіме, ертегі, мақал-мәтел, жаңылтпаш, жұмбақ секілді ауыз әдебиеті үлгілерін реттеп, қағазға түсіріп отырған көрінеді. Халық арасынан теріп, жазып алған әдеби қазынасын «Мәдениет төңкерісі» аталған сын кезеңде 1968 жылы қызыл белсенділердің қолына түсіп қалудан қорқып, бәйбішесінің зиратына апарып жасырған қалың кітаптарын 1978 жылы қайтадан қазып алып, баспаға қайта дайындайды. Он шақты жыл жердің астында жатқан қағаздардың көбісі шіріп, тіпті, қайта оқып, бастыруға жарамай қалады. Бұлардың ішінде халық мұралары да, ақынның өз шығармалары да бар болған. Сарғайып тозып кеткен, жұлым-жұлым қағаздарға көз майын тауыса отырып, ол «Арқалық батыр» дастаны секілді шығармаларын қайта реттеп шығады. Бұл туралы автор «Тарихи дерек, келелі кеңес» кітабының алғысөзінде былай деп жазады:

«... Қалай сақтаудың өзі де мүшкіл еді. Үйдің ішінен жер қазып тығып тастайын деп те ойладым. Жер дым болғандықтан, шіріп кетуі мүмкін еді. Тінту жүргізіп, там біткенді қиратса, тауып та алады ғой. Ағайындардың біріне тыққызып қоюды да ойладым. Бірақ бала-шағасынан бірер сөз таралып кетсе, зияным тие ме деп тағы да қорыным. Ақыры мынадай жайластырдым: қайтыс болғанына екі ай болған әйелімнің қабіріне сандықша тұрғызып, белгі орнатамын деген сылтаумен бір-күндік рұқсат алып, екі дағар топанның арасына бар қағазды салып жолға шықтым. Сәтіне басқанда, ешкім мені тінтпеді және қорған басына менен басқа жан бармады. Сонымен әйелімнің қабірі жанынан ептеп жүріп, орын шығардым да, кітап, қағаздарды су тиместей етіп көміп, жан жолдасымның әруағына тапсырып, үйіме оралдым. Ертеңінде кіші ұлым Мәдетбек бір топ кітап-қағаздарды (жарақсыз қолжазбаларды) жұрт көзінше өртеп жіберді» [6, 5].

1980 жылдары шығармаларын баспа бетіне шығаруға мүмкіндік туып, «Халық газеті», «Азаттық армия» секілді газет беттерінде жариялана бастайды. Осыдан кейін Асқар Татанайұлының «Арқалық батыр», «Үш кезең», «Тарихи дерек, келелі кеңес» (2 бөлім), «Азамат үні», «Бір ғасыр», «Өмір-майдан», «Ел қорғаны – Абылай» (2008 жылы Қазақстанда да жарық көрген), «Құн және айып» секілді жекелеген кітаптары баспа бетін көрді.

Асқар Татанайұлы 1938 жылдан бастап Алтайда тұңғыш шыққан «Жаңа Алтай» журналына өзінің жиған халық әдебиеті туындыларымен қатар, өз шығармаларын да жариялайды. Қазақтың тарихи жырларын, қиссаларын көптеп жинап, олардың шығу төркіні туралы мақалалар жазып тұрған. Сол тұста «Арқалық батыр» жыры, 1947 жылы жазып алған «Дәмежан жыры» секілді үлкен эпикалық дастан жырларды қайта реттестіреді. Автордың Қытай қазақтарына, соның ішінде, Алтай өңірінің қазақтарына қатысты деректері, әсіресе, Жәнібек батыр және Абақ керей жөніндегі аңыздарды, аға сұлтан Құнанбайдың еліне келуі, төрт бидің сайлануы, Беген шабылған Қарасеңгір оқиғасы т.б. «Тарихи дерек – келелі кеңес» атты зерттеу кітабында көрініс тапқан.

А. Татанайұлының 2008 жылы «Ел қорғаны – Абылай» атты кітабы Ж. Шәкенұлының редакторлығымен Қазақстанда жарық көрген болатын. Осы кітапта ақынның бір дастанымен қатар, бірнеше өлеңдері: «Сөз басы», «Бір керім әйел көрдім», «Шыңжаң сыры», «Ұрпақтар серті», «Найзам – қалам», «Алтай», «Мен қандаймын?», «Нар тәуекел, тізгінінді ал өзің», «Шыңдық қайда?», «Өмір – адам ырысы», «Мен кімді мақтап едім жалбырақтап», «Біздің қазақ», «Атамекен – Алтайым», «Тоқсандағы тобықтай сөз», «Аманат», «Сәлем, Іле», «Уақыт саған тіл қаттым» т.б. топтастырылған.

Ақынның өлеңдерінде өзі өмір сүрген ортасы, өмірдің өткіншілігі, заман турасындағы ой-толғаныстары, отан, атамекенге деген сүйіспеншілік, оқу, білім мен ғылымның маңыздылығы т.б. түрлі тақырыптарды қамтиды. Кейбір өлеңдерінде ақынның айтар ойы салмақты, терең болғанымен, көркемдік



деңгейі жоғары деп айтуға келмейді. Кейбір өлеңдеріне тоқтала кетсек.

Кез келген ақын алдымен өз туған жерін, атамекенін жыр жолдарына арқау ететіні белгілі. Асқар ақынның да поэзиясының бір парасы осы қасиетті мекен – Отанына арналады.

«Атамекен – Алтайым» (1986), «Алтай» (1947) өлеңдерінде туған өлкесі – әсем Алтай аймағының сұлулыққа оранған әсем табиғатын, оның баурайын мекен еткен табиғаттың баға жетпес байлығы – аң-құстарының молдығын мақтанышпен жыр жолдарына арқау етеді.

Араласам далаң мен тауларыңды,  
Сол құсыңды көрейін, аңдарыңды.  
Қоймен бірге өретін қоңыр аңың,  
Қоршап алып жатушы еді жан-жағымды [3, 51].

Алтай тауының орман беткейлері де, өзен-сулары да, сай-саласы да – ақынның балалық шағының куәсіндей.

Балалармен қыранның бойын бойлап,  
Бірге ойнап кетуші ем елігіммен! [3, 52] –

деп сағынышпен еске алады.

Төменгі жолдарда қасиетті атамекенді көз қарашығындай қорғау, Отанға деген адалдықты сақтау, оны шексіз сүю – әрбір азаматтың борышы екенін ұғамыз. «Найзам – қалам» өлеңінде ел шетіне жау тисе, ақын барлық уақытта «қалам-қаруына «сөзін-оқтап» жауға қарсы аттануға дайын екендігінен хабар береді.

Еліме тиісер болса жау есалаң,  
Мен дайын жауынгермін, найзам – қалам.  
Сөзім – оқ, даусым – дауыл, қас батырмын  
Ту алып, тұлпар мініп жауға аттанам! [3, 21] –

деп аса ақындық пафоспен, сезімталдықпен жырлайды.

1958-59 жылдары ақынға «ұлтшыл» деген айып тағылып, талай қиындықты бастан кешкені белгілі. Мына өлеңнің жазылу уақыты осы кезге дәлме-дәл келіп тұр.

Тар жол тайғақ тұр міне асу алдымда,  
Шырқау шыңды, құлама құз, жар мұнда.  
Уа, дүние, не істедім, мен саған,

Тағы әкеліп бұл қиынға салдың ба?

...

Асау таймен жағаласып өскен ұл,

Арпалыспен жалғай берсін өмірін. –

деп қиындыққа мойымайтын кейіп танытады.

1994 жылы өмірінің соңғы сәттерінде жазған «Тоқсандағы тобықтай сөз» өлеңінде өзінің 90 жылдық ғұмырында көрген-түйгендерін сөз етіп, Алла Тағала адамды саналы ой иесі етіп жаратқаннан кейін оның өмірдегі атқарар мақсат-міндеттерін де ақын өзінше белгілейді.

Адам боп жасай ма адам ой болмаса,

Ойлыларға ұғымың сай болмаса.

Өзін-өзі басқарып ала алмайтын

Не керек ойсыз, мисыз құр далбаса [3, 94].

**Немесе:**

Адамзат жасамайды жүрмей-тұрмай,

Өз қатары қалпынша тірлік қылмай.

Ел қамын, ердің қамын ерте ойлап,

Ойдан-қырдан бас құрап бірлік қылмай [3, 95].

Ақынның «Аманат» дастаны өзге шығармаларының ішінен мазмұнының тереңдігімен, көлемінің үлкендігімен, көркемдік құнының жоғарылығымен ерекшеленеді. Қарт ақсақалдың келіні Гүлсанияға деген аталық шексіз мейірімін, алғысын білдіруімен басталып, шығарманың өнебойында солақай саясат тұсындағы қаламгердің басына қара үйіріліп, қыспаққа алынғандағы адам төзгісіз жағдайы, халықтың басынан өткен қиын тағдыры баяндалады. Гүлсания арқылы бүкіл болашақ ұрпаққа ақ пен қара араласқан қайшылығы көп тіршілікте қандай жағдай болса да туралықтан ауытқымай, әділдікті ту етіп, жарқын болашақты қолдан бермеуді аманат етеді.

\*\*\*

Шоқан Уалиханов «Абылай хан заманы – қазақ батырларының дәуірі» деген пікірді текке айтпаған секілді. Абылай дәуірі жоңғарлар мен қазақтардың сұрапыл шайқастарына толы болғаны белгілі. Небір қазақтың жайсаң батырларының атағы осы

кезеңде шықты. Соның бірі Асқар Татанайұлының «Тарихи дерек, келелі кеңес» тарихи әңгімелер жинағында халық «Ақыр Жәнібек» деп атап кеткен Ер Жәнібек батырдың сан қыры туралы баяндалады.

Ер Жәнібек батырдың дүниеге келген жылына байланысты әркім түрлі дерек келтіргенімен, автордың осы аталған шығармасында 1714 жылы туған деуі оқиғалармен салыстырғанда ресми дерекке сәйкес келетін сияқты.

Автор Жәнібектің батыр атануын нағашы атасы арғынның қаракесек руынан шыққан Қазыбек бидің көрегендігі мен Абылайдың оң тізеден орын беруімен байланыстырады.

Автордың көрсетуі бойынша Жәнібек батыр 18 жасынан бастап жоңғарларға қарсы шайқастарға қатысқан екен.

Қазақ даласын жаулауға үлкен дайындықпен, басым күшпен келген жоңғар әскерлеріне қарсы Абылай басқарған қазақ батырлары да жан сала шайқасады. Сансыз жеңіп, жеңілулердің бірінде өкшелей қуған жауға төтеп беріп келе жатқан қолдың ішінде Абылай да болады. Абылайдың астына мінген аты майдан даласында жүруге жарамай қалғанда астындағы көк дөненін омыраулатып жетіп келген жас жігіт:

– Алдияр тақсыр! Атыңыз қаржалған екен, менің атыма мініп, сарбаздардың алдын тоқтатыңыз. Өйтпегенде қуған дүшпан құтқармайды. Жалғыз соғысып жау алған жанды атам қазақтан көрген емеспін, – дейді.

– Атың шалымды көрінеді, менің атымнан сен барып тоқтат, – дейді Абылай.

– Тақсыр-ай, – дейді оның қатарына келген жас жігіт: – Мен сен бола алмаймын, ақыратын айбатым, көпке жүретін салауатым жоқ, жаудың алдын бөгеп соғысуға қайратым ғана бар! Қарулы қолды, жалынды сөзді жас жігітке жалт бұрылған Абылай оның сөзіне иланса да, намысын жібермей жаумен жалғыз алысуға тағы да дайындалып:

– Жас екенсің шырағым, жау басым, жазым боларсың, – дей бергенде ашуына мінген Жәнібек қылышын суырып алып:

– Басыңды жауға кестіріп, қанжығасына байлатқанша, өзім кесіп әкетейін, – деп қаһарланып тап береді.

Осыны айтып Жәнібек,  
Абылай ханға қарады.  
Тап бергенде Абылай,  
Қорыққаннан көк дөненге,  
Қарғып мініп алады.

Бұл кейінгі ұрпаққа аңыз болып айтылып келе жатқан ерен ерліктерінің бірі. Осы оқиғадан кейін Абылай хан Ер Жәнібектің өтініші бойынша Шыңғыс хан шапқыншылығы тұсында тоз-тозы шығып, бытырап кеткен Абақ керейлерді бір тудың астына біріктіріп, елдік рәсімнің кепілі ретінде үш құлаш ақ жібек туды қаратамақ найзаға байлап береді. Ел ішінде «Жәнібектің ақ туы» деп аңызға айналған бұл құнды қазына бертінге дейін сақталған.

А. Татанайұлы шығармасында Жәнібек батырдың нағашы атасы арғынның қаракесек руынан шыққан Қазыбек би деген адам еді делінеді. Жәнібек батыр бала кезінде нағашы атасының тәрбиесінде өсіп, ержетіп, жылқы жайып, қоспен бірге түзде жүрген екен. Бір күні Қазыбек би жылқысын шолып, басты-басты айғыр үйірлерін түгендеп келе жатса, қаңтарулы тұрған атты көреді. Жанында жас бала – жиені Жәнібек ұйықтап жатыр, екі бөрі баланың үстінен ары-бері секіріп, ойнап жүр. Еріксіз атының басын тартқан Қазыбек би бұған таңқалып қарап тұрса, екі бөрі ғайып болыпты. Сонда бойын ерекше күш билеген Қазыбек би көңілі толқып тұрып былай депті:

Әруақты батыр боларсың,  
Алысқан жауды аларсың.  
Елінді ел етерсің,  
Ежелгі жерге жетерсің.  
Екі бөрің тұрғанда,  
Екіленбей не етерсің, – депті.

Қазақтың қасиет қонған билерінің болжамы кейде ақиқатпен сәйкес келіп отырған.

Шыңғыс ханнан кейін тоз-тозы шығып, қаңғырып кеткен Абақ керейлер құрып кетудің аз-ақ алдында тұрған-ды. Аталас уақ руларын пана тұтып, Бармақ батырдың қосының арасында жүрген еді. «Елінді ел етерсің» деп нағашы атасы айтқандай,

Абақ керейді ел етіп, жеке шаңырағын көтерген осы Жәнібек батыр болатын. «Ежелгі жерге жетерсің» дегені ежелгі қонысы Алтай тауын айтқаны. Бұл жерге 550 жылдан кейін Абақ керейлер осы Жәнібектің басқаруымен қайта қоныстанған екен. Алғаш бала Жәнібекті батасын беріп, жауға аттандырған да осы нағашы атасы Қазыбек би көрінеді. Тағы бір қалмақтармен болған қақтығыста елмен бірге жауға аттанбақ болған Жәнібекті нағашы атасы Қазыбек тоқтатып: «Қарағым, елің өрде жатыр, олар сені құттының басы, елдігінің оты деп ойлайды. Жассың, жауға шаппа, жазым боларсың, қасымда бол» дейді. Сонда бала Жәнібек: «Желкілдеген тудан, жер қайысқан қолдан қалатын мені от айналған көбелектей көрдіңіз бе?» – деп шығып кетіпті.

Сонда Қазыбек би мынаның көк бөрісі қонған екен, батамды берейін деп шақырып алыпты:

Жол басқарсаң, жолың киелі болсын,

Ел басқарсаң, қолың киелі болсын.

Көк бөрің қолдасын, – деп бата беріпті.

Кітапта орын алған шағын тарихи очерктерде жоңғар шапқыншылығына қарсы шайқаста ерлік көрсеткен қас батыр Жәнібектің бейнесі балалық шағы, ержеткен тұсы, жоңғар шапқыншылығына қарсы күресте Абылайдың Қабанбай, Бөгенбай, Малайсары, Өтеген сынды батырларының бірі болғандығы, Абақ керейді елге қосу жолындағы ерлігі кеңірек сөз болады.

Ер Жәнібек батыр Қаракерей Қабанбай батырдың майданда серігі болған. Тағы бір тарихи деректе «Қабанбайдың ең бір жақсы көрер батырлары Керей Жәнібек болған» деп атап өтеді.

Абақ керейдің он екі абақ болып, бүкіл үш жүздің баласына танылып, теңдік алған кезі де дәл осы Жәнібектің тұсы деп түйіндейді автор. Батырдың қайтыс болған жылы 1792 жыл деп көрсетеді.

Ер Жәнібектің өмірі мен ерліктері жөніндегі деректерді құнттап жинап құнды еңбек жазып, ел кәдесіне жаратқан Асқар Татанайұлының еңбегі зор болды.

Халық арасындағы аңыз бойынша Жәнібек батыр ғана емес, асқан шешен де болған адам. Оның бұл қасиеті туралы аңыз-

дар ел арасында күні бүгінге дейін ұмытылмай айтылып келеді. «Жәнібекке көкбөрінің даруы», «Көк дөнен», «Жәнібектің Абылайдың оң тізесінен орын алуы», «Жәнібектің Қабанбайдан бата алуы», «Жәнібектің Бидайық тауын көруі» сияқты ғажап көркем аңыздар сақталған.

1938 жылы Алтай аймағында қазақша «Таң шолпаны» атты әдеби журналда Асқардың «Малбикенің өмірі» туындысы жарияланды. Одан кейін Асқар осы журналда «Талап», «Қалың-мал» атты пьесаларын да жариялайды.

«Малбикенің өмірі» дастанында қазақ қыздарының феодалдық салт-дәстүрдің құрбаны болып, өмір сүру еркіндігінен айырылған трагедиялық ауыр халін көрсетеді.

Ескі қоғамда көптеген қазақ әйелдері, әсіресе, қыздары феодалдық жүйенің, феодалдық әдет-ғұрыптың шырмауына бұғаланып, көрмеген-танымаған, сүймеген адамына атастырылып, еріксіз тұрмыс құратын. Жазушының бұл дастаны осындай қазақ қыздарының трагедиялық ауыр халін, әйел теңсіздігін дәл бейнелеген реалистік шығарма. Дастанның негізгі мазмұны – Нұрбақыт есімді жетім қыздың бай есігіне келін болған сәттегі көрген қиянатын баяндауымен өріледі. Нұрбақыт әке-шешеден жеті жасында жетім қалып, жауыз жеңгенің жұмса – жұдырығында, ашса – алақанында болып, он екі жасқа келгенде Қойлыбай деген байдың үш жастағы ұлына атастырылады. Енді қалған өмірінде мейірім атаулыны тек ата-енесінен ғана күтеді. Бірақ болашақ өмір Нұрбақыттың ойлағанындай болмай, бұрынғы азап өмірі жалғасын табады.

Енесі «Малға сатып алғанмын» деп, Нұрбақыттың есімін «Малбике» деп өзгертеді. Нұрбақыт сонда да қиындыққа қарсы тұрып мамыржай өмірдің орнайтынын сеніп, бар үміті күйеуі мен болашақта дүниеге келер баласында болады.

Дастанның үшінші бөлімінде Нұрбақыт бала сүйіп, енді рахат өмір сүремін дегенде, залым қайын енесі баланы тартып алып, Нұрбақытты үйден қуып шығады. Үзілмес үмітке иек артқан байғұс Нұрбақыт тағы да баласының ержеткенін күтеді.

Дастанның төртінші бөлімінде Малбикенің ата-ене, күйеуінен, туған баласынан да үміті үзіліп, қоғамдық ортадағы өкіл-

дерге иек арта бастайды. Шекара қорғанысының бастығына шағым айтуға барады. Залым енесі оның да жолын кесіп, қорғаныс бастығын алтынмен паралап, Малбикенің үстінен мың қой айдап өткізіп, жазаламақ болып ауылына қайтады.

Дастанның бесінші бөлімінде енесінің шектен асып кеткен жауыздығына ауыл ақсақалдары араша түсіп, Малбикені жазадан құтқарып қалады. Басқа амалы қалмаған кемпір, оның өзінен туған үш жастағы баласын өз анасына қарсы өшіктіріп, жау ете бастайды.

Дастанның алтыншы бөлімінде феодалдық қоғамның кер-тартпа салтының ауыр азабын арқалаған Малбикенің өмірі мағынасыз өтеді. Тіршіліктен күткен бар үміті үзіліп, рухани өмірі өшіп, өзі де өзгеріп, адамдық сипаттан айырылады. Енді бұған жарық дүниедегі жол жалғыз-ақ өлім болып елестейді. Малбике ел-жұртына қош айтады да, бір ағашқа асылып өледі. Автор Малбикенің өлімі арқылы феодалдық қоғамды әшкерелеуі болып табылады.

Қорыта келгенде, шетелдегі қазақ әдебиетінің басты өкілі Асқар Татанайұлының әдеби мұрасын зерттеу, ғылыми айналымға енгізу бүгінгі ғылымының басты талаптарының бірі деп есептеуге болады. Сонымен А. Татанайұлының шығармашылығы, қоғамдық қайраткерлігі туралы біраз танымдық мақалалардың кейбір газет-журнал беттерінде жарияланғанымен, шығармашылығының ғылыми-теориялық жағынан ғылыми зерттеулердің негізгі нысанына алынбағанына көз жеткіздік.

Асқар Татанайұлы өлшеулі ғұмырында артына өшпес мұра қалдырған белгілі тұлға. Артында қалған мұраларып жинап, баспадан шығару мүмкіндігі болса, оның өлең, дастан, пьеса, роман мен әңгіме, тарихи естеліктері – әрқайсысы бір-бір томды құрайтыны анық.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Татанайұлы А. Тарихи дерек-келелі кеңес. Үрімжі, «Халық» баспасы. 1987. – 204 б.

2. Аязбаева Ұ. Ұлт-азаттық көтерілісі туралы тарихи жырлар (Қытайдағы қазақтардың XIX ғасырдың екінші және XX ғасырдың бірінші жартысында туған тарихи жырлары бойынша). Филол. ғыл. канд. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. Алматы, 2007. – 29 б.
3. Татанайұлы А. Ел қорғаны – Абылай. Өлеңдер, дастан. Алматы, Атажұрт. – 2008. – 216 б.
4. Татанайұлы А // Жұлдыз. №3, 1995.
5. Құрманбекқызы Е. Атына заты сай Асқар Татанайұлы (Қытайшадан аударған Ж. Мұқаметханұлы) // Көрші. – 2006.– №4–44-45 б.
6. Мырзаханов Ж. Асқар және «Ел қорғаны – Абылай». Шалқар-2. 2003 жыл, 29 тамыз.



## ҚҰРМАНХАН МҰҚАМӘДИҰЛЫ (1923-1964)

Құрманхан Мұқамәдиұлы – Моңғолия қазақтарының жаңа сыпатты ұлттық жазба әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі. Ол Моңғолия қазақ әдебиетінің қалыптасу қарсаңында барлық жанрда дерлік қалам тартып, оның көбінің үлгілік жолдарын көрсетіп, алғашқы іргетасын қаласқан үлкен суреткер, мықты драматург, жазушы, ірі аудармашы ретінде бағаланады.

М. Құрманхан 1923 жылы Алтай тауының Қаратүргін деген жерінде туған. Бала кезінен жарлылық пен жоқшылықтың ауыртпашылығын тартып, ауқаттылардың малының соңынан ерді. Ауыр еңбек пен таршылық өлең-жыр десе, елеңдеп тұратын пысық та алғыр баланы жасытпады. Санасы ерте оянып, өнер-білімге құштарланды. Бастауыш мектепті аяқтай сала мұғалімдер даярлайтын 2 жылдық курста оқып, үздік бітірді. Осы кезден бастап Қазақстанның және Моңғол әдебиетінің озық үлгілерімен танысып, оны құныға оқуы 20 жылдан астам жалғасқан әдебиет қызметінің бастамасы болды. Әдебиетке алғашқы қадамын «Октябрь тойына» (1941) деген алғашқы өлеңдерімен бастап, ол еңбектері кезінде тәуір баға алып, оның әдебиетке бейімділігін, талантын таныта бастады. Кешікпей «Өлеңдер жинағы» атты кітабы шықты.

Қ. Құрманхан, сондай-ақ әдебиетті кәсіби қаракеті болдырып қана қала бермей, қоғам өміріне белсене қатысып, жауапты қызметтерге араласып бастауыш мектепте мұғалім, Ішкі Істер бөлімшесінде жауапты қызметкер, тіпті аймақ басшылығына дейін көтерілді. Елдің халық депутатына сайланып, партияның орталық органына мүше де болды. Сондай-ақ замана ағымына сай малшы қауымды ұжымдастыруға белсене қатысып, ұжымдық шаруашылықты басқарды. Әдебиеттен өмірінің соңына дейін қол үзбей, баспахана бастығы, әдебиет үйірмесінің жетекшісі, әдеби «Жаңа талап» журналының редакторы болды. Осы жылдар табиғатынан кішіпейіл де көпшіл, халыққа етене жақын, іскер де ұйымдастырғыш қабілеті бар М. Құрманхан мемлекеттік қызметтерге қатысып, уақытын жұмсағандық-

тан, қаламынан көлемді шығарма туа қоймағанымен, оның көп үйренген, әдебиет әлеміне бақылау жасап, әдеби білімін шыңдаған, өзін әзірлеген жылдар болды. Сол қызметте жүре қатал табиғаттың құшағындағы қазақ ауылдарының бай, кедей екі тұрпаттағы сипаты мен халық тұрмысының шынайы көрінісін бейнелеп «Жұт ала ма, жұрт ала ма» деген көркем әңгіме-белгілеу жазады. «Алғашқы қадам» атты әңгімесін моңғол тілінде жазып, ал 1961 жыл дегенде еңбектерінің жинағы моңғол тілінде, кешікпей орыс, тыва тілдерінде басылды.

Бұл жылдары алғаш аудармамен де шұғылданып моңғолдың жаңа заман әдебиетінің негізін салушылардың бірі Д. Нацагдоржының әйгілі «Жұмбақ төбелер» операсының либреттосы мен бірнеше әңгіме, өлеңдерін қазақ тіліне аударды. Құрмаш әдебиетке барлық ой-санасымен беріліп, өмірдің шындығына қоян-қолтық араласуды жөн деп көріп, үлкен лауазымнан бас тартты. Халық арасындағы серпіліс, ынта-жігерді көзбен көріп, қолмен жасау, оны өзінің шығармашылығында көрініс таптыруды мақсат етті.

Сөйтіп алғашқы көлемді туындысы – «Кезең үстінде» пьесасы өмірге келіп, ол Моңғолия қазақтарының жазба әдебиетінің алғашқысы ретінде танылды. 1956 жылы шаңырақ көтерген ұлттық театрымыздың сахнасы осы пьесамен ашылды.

Кешікпей «Тау қойнында жеке-дара», «Қарға қарғаның көзін шұқымайды», «Жасыл дөң» пьесаларын жазды. Бұл еңбектерінде адамдардың жарасты достығы мен алаяқтардың іс-әрекетін, жастар романтикасын, өлкедегі зиялы қауымның өсу, қалыптасу жолын тартымды көрсете білді. Сонымен бірге, қазақ аулының дәстүрлі тұрмыс-тіршілігін сенімді суреттеді.

60-шы жылдардың басында жазған «Тұлба көл шайқасы» Құрмаштың озық туындысы еді. Ол тарихи тақырыпқа қалам тартқан қалам иесінің тағы бір қырын ашып, көрермендерден жоғары баға алған. Кейін бұл еңбектен елімізде көркем суретті кино да жасалды.

Өмірінің соңын ала «Тоғысқан тағдырлар» атты пьеса, «Бөкен жарғақ» аңыз-дастан бастаған еді, мезгілсіз ажал оларды аяқтатпады. Ол қаламы төселіп, әдеби таланты кемелденген

шағында бар-жоғы 40 жасында қайтыс болды. Қия шапқан қылыштай қамал алар қырықтың қақпасын енді ғана ашып, қақ төріне жете алмай қыршын кеткен қайран Құрмаш 30-40 жас арасында небәрі 9 жылдай ғана шынайы шығармашылықпен шұғылданыпты.

Құрмаш өзінің саналы өмірі мен тамаша талантын халқына қызмет етуге арнап, Моңғолия қазақтарының жазба әдебиетінің қалыптасуына аса зор еңбек сіңіріп, жас әдебиетшілерді тәрбиелеуде үлкен міндет атқарып еді. Ол әдебиеттегі көркемдік пен шеберлік жайлы көптеген рецензия мен публицистикалық мақалалардың авторы.

Құрманхан творчесвосының дені – драмалық шығармалар. «Кезең үстінде», «Жасыл дөң», «Тұлба көл шайқасы», «Қарға қарғаның көзін шұқымайды», «Тамыр дәрі», «Тоғысқан тағдырлар» пьесалары мен «Алтыбақан» либреттосы оны үлкен драматург ретінде танытты.

Жазушы шығармаларының негізгі тақырыбы ауыл өмірі, дәуір талабы мен замана үрдісіне дер кезінде үн қосып, адамдардың ұжымдасып бірлесіп, бірігіп жан сақтаудағы қиыншылықтар, ондағы ескі мен жаңаның күресін, сана сезімдегі өзгерістерді, қажырлы еңбегін, жақсыны көре алмай, жаманнан арыла алмаған мінез-құлықтағы іс-әрекеттерді көзге көрсетіп, ойға сыйымды, нанымды суреттей білгендігінде. Бірақ әр шығармасында үрдіс еш қайталанбайды, тың, жаңа оқиға, адам мінезі көрінуі оның үлкен талант иесі екенін дәлелдейді.

Білімділік пен әржақты сауаттылық қайнаған өмірдің ортасында жүріп, біте қайнасу, көпшіліктен қол үзбеу, халық алдында жауапкершілік жүктеген үлкен-кішілі сатылы лауазымдағы кім-кімге де өмір тағылымы екенін айдай анық көрсете белген Құрмаш: «Қоғам адамды жаңартып, адам даланы жаңартып жатыр» деп кейіпкерлері арқылы өз ойын айтады.

Білім терең, ой-санасы ашық, асып-тасымайтын адам заманның сырын да, сынын да ұғып өзгерте біледі, – дейді.

Драмаларындағы тағы бір жиі көрініп отыратын конфликт: өмір өзгерісінде жаңа салт-сана, іс-әрекет пен ескі дағды сіңіскен тозығы жеткен идея арасындағы қайшылықты көрсе-

туі бүгінде маңызы жоғары екенін өмір дәлелдейді. Адамдар біліміне, сауаттылығына, мәдени дәрежесіне, мінез-құлқына, ой-санасына, түсінік көзқарасына, дүниетанымына, жас ерекшелігіне сәйкес ойын білдіруімен сөйлеген сөзі өлшенетіндігін, тіпті, сол кісі кім екенін анықтайтынын Құрманхан шығармасында көрініс табуы психологиялық үлкен табысы.

Ол кейіпкері арқылы былай дейді: «Қайғы қарабасындікі болса – жалғыздың ісі жазым, жылып аққан бұлаққа батасың да кетесің. Қайғы көпке ортақ болса – түпсіз мұхит болса да түскенің көптің кемесі, мінесің де өтесің. Қуанышың жеке өзіндікі болса, кездейсоқ түскен бір сағым, өтеді де кетеді. Қуанышыңа көп ортақ болса, шашырап түскен күн нұры, ғұмырыңа жетеді» дегендей қанатты сөздері көп. «Жасыл дөң» атты драмасында сол 40-50 жылдарға жалғасып келген асырасілтеушілік, әпербақан шолақ саясаттың зымынкестік шырғаландарды дер кезінде батыл сынаса, «Қарға қарғаның көзін шұқымайдысында» паракорлық, рушылдық, тоғышарлықты әшкерелейді.

Құрмаштың «Тұлба көл шайқасы» атты төрт перделі пьесасы халқымыздың өткен тарихи жолын көркем әдебиетінде тамаша бейнелеген тұңғыш туынды. Жаудың 5000 әскерінің шабуылына төтеп беріп, қоршауында 42 тәулік бойы қалған ержүрек 400-дей халық жасағының жан аямай шайқасқан ерлігі мен қиыншылықты жеңудегі қайсарлығы шебер суреттелген. Елінің тәуелсіздігі, халқының бостандығы мен азаттығы үшін жанқиярлық күресі мен сондай қиын-қыстау кезде адамдардың мінез-құлқы, адамгершілігі сұрыпталып көрінетінін, қайғы сарыуайым мен қайрат, қайсарлықтың өзара тілдесіп, алдыңғысын екіншісі жеңетіні өмір тағылымы екенін айтады. Өмірдегі жағымды образ бен ұнамсыз типтердің шын бет пердесін ойтойыңа жеткізе суреттеуімен ерекшеленген шығарма. Драмада шебер жасалған суреттер, тапқыр детальдар, ұтқыр ой-салыстырмалар жиі кездеседі.

Автор қайшылықтағы қарама-қарсы екі күшті өзара салмақтап, іскерлік, моральдық, мінез-құлық сипаттарын үнемі қатар қою арқылы халық жағындағылар жеңіс иесі болатынын көрсетеді.

Шығармадағы ең басты нәрсе – тіл. Тілі көркем де бай, қарапайым халықтық тіл. Сол арқылы кейіпкердің кім екенін аңғарамыз. Мәселен ой-парасатын, мінез-құлқы мен адамгершілігін, мақсат-мүддесін ұғамыз. Аталған батырлық драмада бас кейіпкер қандыбалақ серіктестеріне:

– Қайғы-уайым қас дұшпаннан да қауіпті. Дұшпанмен кескілестің бітті, не өлтіресің не өлесің. Сарыуаймға салынсаң бітті, кес-кестеп алдыңды орайды да тұрады, өмірдегі қызықтың бәрін жоқ қыласың, – деп ащы шындықты айтып жігерлендіреді. Тағы бір кейіпкер: Тәуекелдің таяғы күшті, бүгінгі асқақтап тұрған кезеңде сол ғана бізге сүйеу, тіреу бола алады, – дейді.

Құрманхан шығармаларының биіктігін танытатын бір қасиеті – тілінің поэтикалық мәнері. Кейіпкердің жан-күйінің толқуына, мазмұнға сай сөзді ырғақ үндестікпен көркейтіп қолданытынында. Заман өзгермей тұрмайды. Кешегі лаулаған от, бүгін сөніп, бықсып қалуы, кешегі толықсыған өмір, бүгін дәуір жұртында қара күрке болуы оңай екенін кейінгіге сабақ ретінде:

Жатыр бықсып төрт-бес тезек,  
Отыр шалы қолын қалап.  
Оң білегін сыбанып тастап,  
Кемпір отыр жабу жамап.

Осылайша тұғырдан түскен кешегі мықтының бүгінгі күйкі тірлігін суреттейді.

Еңбектің түбі зейнет екенін білім алып, ағартуды көп айтады, тоғышар отағасы мен еңбекқор, ұқыпты, еңбек жаршысы, надан, қараңғылық пен оқыған саналылықты салыстырып, қайсысын таңдауды оқырмандар ортасына салады. Бұл жағынан оның үлкен ағартушы, жаңашылдықтың насихатшысы екенін көреміз.

М. Құрманханның әдеби мұрасының үлкен бір саласы – көркем аударма. Әдебиеттің әр жанрында қалам тартқан жазушы айтулы аудармашы болды. Моңғолия әдебиетінің классигі Д. Нацагдоржның еңбектерінен аударғаны жеке бір кітап. Басқа да ақын, жазушылардың шығармаларын қазақ тілінде оқытқанының ішінде Лодойдамбаның «Тұның тамир» атты романы да бар.

«Аудармашы – шығарманың екінші авторы» дегенді бекем ұстанған ол, автордың стиліне, шығарманың мазмұн, құрылымының берік сақталуына көп мән береді. Аударманың тілі жатық, қазақ оқырмандарына етене түсінікті, ана тіліндегі туындылардай жылы қабылданады. Мысалы, моңғолшадан сөзбе сөз аударғанда «Ақ ай мен қара жас» деп келетін еңбекті Құрмаш «Жылдың басы, көздік жасы», «Себепті үш төбе» дегенді «Жұмбақ төбелер» дегендей тек атауын ғана емес, әр сөйлемді негізгі мағына, желісін бұзбай, қазақша аударғаны ерекше үлгі етерліктей.

«Жұмбақ төбелер» аты Моңғолдың әйгілі операсын аударған, айталық:

Сүйгеніне қосылу –  
Бақытты жанға лайық.  
Жұбымен өскен аққудай  
Бірігіп тұрмыс құрайық, –

деген жолдары А. Пушкиннің «Онегин мен Татьяна» сөздерін қазақша оқытқан Абайдың аудармаларын үлгі еткенін, еліктегенін көрсетеді.

Құрмаш партия, мемлекеттік, шаруашылық істерін тіпті, жасы 25-30 жасында атқарды. Өз ісіне сондай құштар, әр істің тетігін таба білуші болған. Құрмаштың азаматтық, қайраткерлік болмысы туралы басқа адамдардың ауызекі әңгіме, естеліктеріне үңілгенде оның ақыл-парасатталығы, жан-жақты білімдарлығы, арамдықтан аулақ, адалдыққа етене мінез сұлулығы, туғанына тартпайтын турашылдығы кей кемақыл кеудемсоқтардың ашық та жасырын құқай, жымысқы пиғылдарына тегеурінді тойтарыс беретін ақкөз өжеттігі, ханды емес, қара халықты пір тұтқан дегдарлығымен ерекшеленеді.

Өсіп кемелденуінің ең шыңы Мәскеуде Чекистер мектебінде оқыған кезі. Аз уақытта орыс тілін тамаша игеріп, сол тілде баяндама қойғаны, дәрісті үш тілде, төрт түрлі (латын, кирилше, төте жазу және ескі моңғолша) жазумен белгілейтіні, іс-қызметінің ерекшелігінен іс-әрекеті шектеулігіне қарамай, Кеңес жазушыларымен, мысалы, А. А. Фадеевпен жақын байланысты болған, кейін елге келіп лауазымды қызметте тұрғанда

галстук тақпай жүргені үшін шенеуніктерден сөгіс естіп, тіпті іс-сапарлық жолдама алып тұрса да содан шетелге баратын құқықтан айырылғаны туралы аңыз етіп айтатын деректер көп.

Ол қырық-ақ жас жасаса да көп еңбектеніп үлгерді. Артына өшпес тағылымдық із қалдырды. Бірақ көп нәрсесі әлі жарық көрген жоқ, мысалы, Ішкі Істер мекемесінде Құрмаштың көп құпиясы әлі тың жатыр. Оның Шығыс Түркістандағы Моңғолияның ресми өкілі ретінде азаттық қозғалыс жетекшісі Оспан батырмен үзеңгілес болып, халықты азат ету майданына қатысқаныны біртөбе тарих. Осы деректер баласы Баман марқұмдікінде, немересі жұрағаттікінде болар. Ол да шүкіршілік. Сондай-ақ Ішкі Істер мекемесінің мұрағатында да талай сыр жатқан болар, бұл – құрманғалитанудың келешектегі нысанасы.

Құрмаш сонау жылдарда аймақ бастығы болғанда да және Ішкі Істер мекемесін басқарғанда да зұлматтық заманына қарай ешбір адамды нәубаттыққа ұшыратпаған адал, парасатты адам болғанымен тағы ерекше.

Құрмаш кешкен қилы ғұмыры мен шығармашылық тағылымын айтқанда төменгі жолдарды айтпай кетуге болмас деп ойлаймын. Қудалау көріп, жан жүрегі жараланған кездері көп болса да, жігері мұқалмай бәрінің де жақсылықпен аяқталарына бекем сеніп, болашаққа үміт артқан жанкештілігі көз алдына келгендей болады. Біздің зиялыларымыздың бірін бірі көреалмастық, рушылдық, жікшілдік, жақсыны жанына жолатпай, жағымпаз жаманды жымысқы әрекетіне пайдаланып, ортасынан жем түсіруге, сөйтіп мансап биігіне жыландай өрмелеп шығуға талпынатын дерті болғанын білеміз. Ондай жайды бүгінге дейін өзіміз де көріп, кейде жағамызды ұстауға жақын қалатынымыз өтірік емес. Мансап биігіне де, асыл азаматтық асқарға да жыландай жылжып емес, қырандай қалықтап шыққан Құрмашты да осы «дерттенгендер» кезінде аз мазаламағанын айтпасақ, оның азаматтық шын тұлғасын таныту үшін бүгінгі талпынысымыздың зая кеткені болар еді.

Ол заманының өнімі де, өз уақытының құлы болған адам емес, егер олай болса өзін жазаламас та еді, тіпті өлмес те еді. Кейін тоталитар қоғамның шын мәнін де ұғып қарсы тұрды;

өзін-өзі жазалау арқылы қарсы тұрды; жаңа жүйе орнап жыр-  
ғатпады дей келе:

Сорлы қазақ өмірге болып мазақ,  
Өмірінде бейнет шегіп, тарттың азап.  
Ұжмақ қайтіп көзіңе елестейді,  
Көргеннің тіршілікте бәрі тозақ, –

деп қызылдардың орнатқан қоғамын сынады. Мақтаған жаңа  
қоғам, жаңа мизам халықтың тіршілігіне сонша оңды өзгеріс  
бермегеніне қынжылып:

Кигіз үй қара борша, қырық тесік,  
Тесіктен жел аңқылдап, ескек есіп.  
Алдың жылы болғанымен, артың мұздай,  
Болмаса отыра алмайсың бөлің шешіп, –

деп налыды.

«Өмір менен жеріді, мен – өмірден жерідім», «Суық судай  
сылдырап өтіп жатқан өміріме өкінемін» – бұл сөздер Құрмаш  
афоризмінің бір-екеуі ғана. Кезіндегі өлкенің топ зиялылары-  
ның бірі болған, сонда бірегейі болған, оның эрудицияға бай  
қасиетін көре алмаған ол, өзіміз жоғарғы айтқандай, өзін-өзі  
жазалауға апарғаны тарихи шындық. бұған өкінген Алтай, Қоб-  
да беті қазақтарының абыз жырауы – Ақтан бірде:

Уа, қарағым Құрмашым,  
Қалаулысы халықтың,  
Мыңмен тең бір басың  
Ақылға келші аяңдап,  
Асаулыққа берілмей.  
Бүйте берсен, Құрмашым,  
Табылмаймың сен бізге, –

деп ақылын айтып, қынжылды.

Бірақ амал нешік, дәуірінің дара туған тұлғасы, қара сөздің  
қайығы Құрмаш өмірден ерте кетті.

Міне, осылайша Моңғолияның аз қазағының әдебиетінің үл-  
кен жыршысы болған Құрманхан Мұқамәдиұлы артына үлкен  
тағылымды із қалдырғаны, оны бүкіл қазақ әлеміне ортақ әде-  
биетші деп мақтанышпен айтамыз.



## ҚАЖЫҒҰМАР ШАБДАНҰЛЫ

Қажығұмар Шабданұлының бостандықта жүрген санаулы жылдарының бірінде, 1984 жылы Қытайдағы Іле-қазақ автономиялы облысы бойынша айтыс ақындарының кезекті бір басқосуы Нылқы ауданының Шапқы жайлауында өткізілетін болды. Тарбағатай аймағынан айтысқа қатысатын ақындар тобын Қажығұмар Шабданұлы бастап келеді екен дегенді естіп қалдық. Аламан айтысты Шапқы жайлауында өткізген ақындар қайтар жолда облыстың орталығы Құлжа қаласына келіп бірер күн аялдағаны бар. Қажығұмар «Іле» қонақүйіне түсіпті. Бұрыннан бір көруге құмар болып жүретін әйгілі жазушының жатқан бөлмесіне барып, сәлем бердік. Құлжа қаласындағы әдебиет пен өнердің төңірегінде жүретін шығармашылық топтың беткеуштар белгілі өкілдерінің барлығы дерлік Қажекеңнің төңірегіне жиналып қалған екен. Сол кездесуде бір байқағанымыз: үш аймақтан жиналған ақындар болсын, Шыңжаң қазақ әдебиетінің көшбастар серкелеріміз деп жүретін, орталық қалада тұратын ақын-жазушылар мен өнер адамдары болсын, барлығының да Қажекеңнің алдынан кесе өтпейтін құрмет-ілтипатын көрдік. «Тарым» лагерінде бірге болған жазушылардың Қажекеңе деген құрметі тіптен ерекше екен. Кейбіреуі Қажекеңнің қолын алып, қасиет тұтып, көзін сүртіп жатты. Міне, осының өзінен-ақ Қажығұмар Шабданұлының өз әріптестерінің арасында, өнерсүйер қауымның ортасында аса жоғары абыройға ие екендігін бағамдадық.

Қажығұмар Шабданұлы ортадан сәл ғана жоғары бойы бар, денесінде қырып алар артық ет жоқ, бар иманы бетіне шыққан ақ сұр өңді, тез сөйлейтін, қағылез адам екен. Шашы шымқай аппақ болып ағарыпты. Кең маңдайы келісті жүзіне жарасып-ақ тұр. Кәдімгі темекінің өзін ұстарамен ортасынан екіге бөліп, мүштекке кигізіп тартатын әдеті бар екенін де сол отырыста байқадық. Бір сағаттай отырып, «Тарымда» өткен күндерінен айтқан әңгімелерін тыңдап, мол әсер алып, қанаттанып қайттық.

Қажығұмар Шабданұлының 6 томдық «Қылмыс» романы – жанры жағынан ғұмырнамалық роман. Шығармадағы оқиғалар басты кейіпкер Биғабыл арқылы өрбиді. Биғабыл – Қажығұмардың өзі. Шығарма жеке адамның тағдырын бүкіл ұлттың тағдырымен астастыра отырып, қилы заман қырсықтарын қылыш жүзіндей жарқыратып көрсетеді. Шығармадағы кейіпкерлердің басым көпшілігі – өмірде болған адамдар. Тек аттары өзгертіліп алынған. Кейбір белгілі тарихи тұлғалардың аттары ғана өзгеріссіз, өз қалпында берілген. Жазушының романында суреттелетін, әке-шешесі, аға-бауыр, қарындастарының барлығы да өмірде болған адамдар. Шабдан әулеті шығармада «Жаппар әулеті» деп аталады. Жазушы өз романында көзі шалып, көңілі тартқан тақырыптың бәрін баяндай бермейді. Шығармадағы барлық құбылыс бас кейіпкер Биғабылдың көкірек көзінен, ой елегінен өтіп отырады.

Енді біз осы жазушының осы алты томдық романының желісін оқи отырып, Қажығұмар Шабданұлының өміріне қысқаша шолу жасап, романның жалпы мазмұнына аздап болса да тоқтала кетуді жөн санадық. Әрине, алты томнан тұратын романды бір мақаланың аясында түгелдей талдау мүмкін емес. Ондай кең көлемді зерттеулер, монографиялар алдағы күннің еншісінде деп білеміз.

Қажығұмар Шабданұлы қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Аягөз ауданындағы Таңсық ауылында 1925 жылы дүниеге келген. Ежелгі Барқытбелдің баурайын мекендеген найман руының ішінде қаракерейдің семізнайман бұтағынан тарайды. Арғы аталары би, бай-дәулетті болған екен. Қажығұмардың атасы Құрманның тұсына келгенде ата дәулеті шайқалып, өз әкесі Шабданның заманында бұл әулет қарақасқа кедейдің қатарына қосылыпты. Құрман қырық жасқа жетер-жетпесте ерте қайтыс болады да, одан қалған үш ұл жастай жетім қалады. Бұл тұс – Кеңес одағының қанды қырғынмен өз билігін орнатып жатқан кезі. Ауылдың атқа мінген ақкөз белсенділері «арғы атаң бай болған, би болған, сен де кеңес үкіметінің жауысың!» деп Шабданды қырына ала бастайды. Басқа халыққа бодан, кіріптар болып жүргенімен, қырыпсал белсенділігі мен

отаршылдарға жандайшап болуы жөнінен қазақ алдына басқа ешбір ұлтты салмай келген халық қой. Тіпті қазақты бодандықта ұстап отырған орыс пен қытайдың өзі қазақ белсенділерінің «қызметін» елеген де жоқ. Әйтпесе, кеңес үкіметінің дақпыртын алыстан ғана естіп, өз алдына, иен таудың қойнауында жатқан шағын бір қазақ ауылының өз ішінен іріп, бірін-бірі «халық жауы» деп ұстап беріп, бір-бірінің шаңырағын ортасына түсірердей не күн туды деп ойға қаласың кейде... Өздерінің Қытайға ауып, қалай босқын болып кеткендігін Қажығұмар романда былайша жеткізеді:

«... Бұл қыстауда бізбен бірге отырған Санатбай, Ақтай атты ағайынды екі жігіт болды. Сол кезде Санатбай қырық жастан асқан еді. Ақтай – отызда. Екеуі де осы күнге дейін отбасын құрмаған. Олардың басын қосып, түтінін түтетіп отырған шешесі еді. Екеуі де белсеніп, білек сыбанып шыға келді. Тіпті, Ақтай аудан жағалап жүріп, партия қатарына өтіпті. Содан кейін оның бүкіл өңірге «Ақтай – коммунист» деген атағы шықты...». Қажығұмарды атамекен – қарақыстауынан қуып шығып, Қытайға қашуға мәжбүр етіп, қаңғытып жіберген де осы Ақтай «коммунист». Шабдан әулетінің Қытайға өтуі де – олардың шынжыр балақ, шұбар төс болған кесірлігінен де, кеңес үкіметіне қарсы шыққандығынан да емес. Қалт-құлт етіп, әрең жан бағып отырған қарақасқа кедей Шабданды Ақтай «коммунист» итжеккенге айдататын болған соң, балаларын қолынан жетектеп, 90-ға келген шешесін ертіп, Шабдан байғұс Қытайға ауады. Романда жазушы тап осы тұстарды өте әсерлі суреттейді. Жалғыз сиырларын алып кеткен белсенділер, енді ұраға тыққан азғантай астығын тартып алады. Әрі қарай шығармаға үңілсек: «Қауің неден болса, ажалың содан», кешке дейін көз алдымызға елестеген құбыжықтар ымырт жабыла сау ете түсті. Есік алдында жиналған адамның бір тобы үйге кіріп тінту жүргізді. Бірнешеуі ұраларды қазып, астық қаптауға кірісті. Ұясын қорғаған қызғыштай быжақ қағып, шешем барды олардың қасына. Тыңдаған біреуі болған жоқ: алып жатыр, арбаға басып жатыр.

– Обалдарың өз ауылдарыңнан шыққан атқамінерлеріңе! Біз айтқанды ғана орындаймыз! – деді де олар астығымызды, аузымыздағы нанымызды алып жүре берді.

Біз тағы да үрпиісіп, есік алдында тұрып қалдық. Қап-қараңғы түн болғанымен, кетіп бара жатқан ырыздығымыз көңілімізге жап-жарық. Жазда күндіз кеткен қызыл қасқа сиырдай ап-анық кетіп барады. Алыстаған сайын айқындалып, ауыр күйінішіміз бен қайғымызды ауырлата, жап-жас қабырғамызды күйрете жаншып, кетіп бара жатқандай... Кішкентай саусақтарымызбен әрең теріп, балғын табандарымызға найзаларын сұққанына қарамай, әрең тапқан тары-талқанымыз, қош бол!».

Міне, қараңыз, енді қаңғымағанда не қалды? Барар жер, басар тау жоқ. Жалғыз ғана жол қалды. Ол – Қытайға қашып құтылу. Әйтпесе, шиеттей қызыл қарын бала-шаға аштан қырылайын деп тұр. Ал, әкесі Жаппарды (Шабданды деп ұғыңыз – Автор) қызыл үкімет таңертең ұстап, итжеккенге айдағалы жатқанын заң орындарында істейтін, жақын бір ағайындары жасырын келіп айтып кетеді. Енді кетпегенде не қалды?! Бұл кезде Биғабыл (Қажығұмар) жеті жаста. Осы жайттарды оқып отырып, ештеңенің байыбына бармайтын, өзінше тарихшы болғысы келетін бәзбіреулердің «Сол кезде Қытайға Кеңес үкіметіне қарсылар – байлар, билер, бандылар қашып кетіп еді...» деп көсемсігеніне не дерсің...

«Арқада қыс жақсы болса, арқар ауып несі бар». Бұлар Қытайға шекараның арғы бетінде жағалай қонған жұрт, қалың қазақ отырған жерге пана тұтып барды. Оның ішінде байы да, кедейі де алаштың небір асыл азаматтары да бар болатын. Қазақ өзінің ел болып, ұлан-байтақ далада өмір сүргелі бері дәл осындай берекесіздікті, бір-біріне мейірімі кетіп, қиракез қастандықты бұрын-соңды көрмеген-ді. Алаш жұрты тектісін көргенімен, тексізін төрге шығарған кер заманға тап келгені анық еді. Адамнан аяушылықтың, адамгершілік – бауырмалдықтың кетіп, азғындауы да осы кеңес үкіметінің орнауы кезеңінен бастау алғаны белгілі.

Романның бұдан былайғы оқиғасы Қытай жерінде өтеді. Жат ел, жат жердегі сергелдең тірлік. Үлкен бір отбасының

жерсіз, сусыз, баспанасыз, мал-мүліксіз өмір сүруін ойлаудың өзі қорқынышты. Қазақстанның шекаралық аймақтарынан барып жатқан босқындар артып-жетіледі. Шәуешек қаласының көшелері топ-топ босқындар мен бір тілім нан сұрап, тентіреп жүрген тіленшілерге толып кеткелі қашан... Қарап тұрудың өзі үрей туғызады. Бірақ, енді осыған көну керек. Биғабыл мен шешесі Шәуешек шаһарына жетіп, өздерінің таныстарын іздестіріп болып, жұрттан жөн сұрай бастайды. Сондағы шаһардың тұрғылықты ұйғырларынан естіген алғашқы сөздері мынау екен:

– Сұмалак календырлар (сүмелек қайыршылар) қайдан келеді осында? Бұны айтқан бір жастау қыз. Роман бұл оқиғаны әріқарай былайша баяндап кетеді:

– Календыр емеспіз! Олай деме, шырағым!.. Еш нәрселеріңнің керегі жоқ, жөн сұрайық, – деп шешем назалана кірді аулаға.

– Календыр деген немене, апа? – деп сұрадым қыздың жанынан өте беріп.

– Қайыршы дегені болар. Құдайдың уақыты ғой мұны естірткен! Келмей жатып естідік-ау...

Бір кекселеу қызыл-сары әйел шешемнің сөзін естіп күлімсірей қарады.

– Кейімеңіз. Қайыршы тым көбейіп кетті, жақыннан бері ұғыр болып қалдық. Бейшаралардың бәрі де қайыршы десе, шамданады. Бұрын ешқайсысы қайыр тілеп көрмеген адамдар көрінеді...

Осы аралықта тағы бір әйел кіріп келді. Ол да қазақша сөйлеп, біздің жердегі жайтты сөз етті.

– Апа, бұлар да сарт па? – деп сыбырладым шешеме, – бұлар бізді қайдан біледі?

– Біздің ел көп келіп жатыр ғой, солардан естіген шығар.

– Мына бала бек пакіз (таза дегені) екен – деді үй иесі жаңа келген кекілді әйелге қарап, – Матіриым бай «бір ұл бала бағып алсам» деп жүр еді. Осы баланы сатшы...

– Сұмдық-ай, лақ емес, қозы емес, бала сатқаны несі! – деп шешем екеуіне кезек қарады. Екі қатын қатар күлді:

– Балаңызды берсеңіз, жақсы жерге орналастырып қояр едік, ақша берер едік.

– Шешем шошып кетті. Әлгі қатындар:

– ... Арғы беттен келгендерден бала сатып алып жүргендер көп болған соң сұрап едік, бермесеңіз ықтиярыңыз!.. – деді де кете берді.

Осыларды оқып отырып, тағы да бәзбіреулердің Қытай асып кеткен елді сейіл-серуен іздеп, қыдырып кеткендей көріп, отарлаушы жұрттың көңілінен шығу үшін айтқан қисынсыз сөздері еріксіз еске түсіп, қаның қайнайды. Ал босқын болып барған жұрттың көрген күні осындай.

Жаппар әулетінің бұдан былайғы сергелдең тірлігі Қытай жерінде өтеді. Ақпанның аязындай азынаған азап, көзтүрткі өгейлікке ұшыраған өмір. Тоз-тоз болған, баянсыз босқын тірлік... Осыны оқып отырып, көзіңе жас, көкірегіңе мұң ұялайды.

Бүкіл әулеттің еңбекке жарайтын естияр адамының барлығы байға жалшы, малай болады. Ит талап өлтірген, көшеде аштан өлген, бір дорба тары-талқанға сатылып кеткен жас жеткіншек, бала-шаға қаншама?! Жоқшылық пен аштыққа шыдамай, төніп келген ажалдан аман қалу үшін Құдай қосқан қосағынан, айрандай ұйып отырған отбасынан безіп, тұрғылықты жердің жас шамасы өздерінің әкесімен жасты ұйғырдың байына, әкім-қараларға, қытай мен дүңгендерге тоқалдыққа тиген жас келіншек, ару қыздар қаншама...

Жаппар әулеті қанша бейнет көрсе де алдағы күннен үміт үзбей, адал еңбек, маңдай терімен жан бағып, ешкімнің ала жібін аттамай, «арым үшін жаным садаға» деген ата жолын ұстанып қалады. Қазандарына арам ас салмай, таза, қоңыртөбел тірлік кешеді.

Биғабыл бала күнінде аса бір зәрулігі болмаса көп сөйлемейтін, тұйық болса керек, сондықтан оны тетелес өскен аға-бауырлары «мылқау» деп атайды. Бірақ, өзі алғыр, ұғымтал, оқу, жазуға икемді. Оқи келе, есейе келе ашылып, ойға көсем, сөзге шешен бола бастайды. Адалдық үшін арысқа түсетін, жан-себiл, жалаңтөс болып ержетеді.

Енді Қажығұмардың өміріне келейік. Қажығұмардың отбасы Тарбағатай аймағының Шәуешек шаһарынан 50 шақырымдай қашықтықтағы Дөрбілжің деген жерге 1934 жылы барып, сол жерді мекен етіп, тұрақтайды. Қажығұмар осы аудандағы тұңғыш ашылған қазақша орта мектепте оқыған. Осы мектепті тәмамдағаннан кейін, Үрімжі қаласындағы мұғалімдерді дайындайтын педколледжге оқуға түседі. Бұл сол тұста Шығыс Түркістандағы жоғарғы оқу орнының бірі болатын. Қажығұмар осы оқу орнында оқып жүрген кезде Шығыс Түркістан Республикасының Үрімжідегі жасырын ұйымдарына қатысып, үш аймақтың қарулы күресіне қатысу үшін, ұйымдасқан топ болып, қаладан қашып шығады. Бірақ әлдекімдердің сатқындығынан Гоминдаң үкіметінің қолына түсіп, түрмеге қамалады. Үш аймақтың қарулы қосыны Үрімжі қаласына таяп келе жатқанын ескерсе керек, өкімет бұларға «кеңшілік» жасап, абақтыдан босатады. Көп өтпей жасырын ұйымның бұл мүшелері Үрімжі қаласынан тағы да қашып шығып, Манас өзенінің бойында жатқан үш аймақтың ұлттық армиясына келіп қосылады. Бұнда ол ұлттық армия қосынында штабтың әскери хатшысы, саяси нұсқаушысы болып қызмет атқарады. Қажығұмар осы аралықта, егер соғыс қайта басталса, дереу қосынға қайтып келетін болып, бас штабтың жолдамасымен Дөрбілжіңдегі үйіне қайтып кетеді. Айылына келгеннен кейін көп өтпей мұндағы үш аймаққа қызмет істеп жүрген, бұғып қалған бұрынғы гоминдаңшылдар Қажығұмарды «шпион» деп жала жауып, ұстап, Құлжа қаласына айдатып жібереді. Онда тағы да бір қыс түрмеде жатып, көрмеген қорлықты көріп, одан әрең ақталып шығады. Ауылына қайтып келгеннен кейін, басқа лауазымды жұмыстардың барлығынан бас тартып, мектепке мұғалім болады. Оқу-білімнен кенде қалған ел-жұртының көзін ашып, білім беруді алдына мақсат етіп қояды. Қажығұмардың шығармашылықпен айналысатын тұсы да осы кез. Кейін өлкелік оқу-ағарту бөлімі жұмысқа шақырып, Үрімжі қаласына барып қоныстанады. Осы мекемедегі Шыңжаңдағы алғашқы қазақ тіліндегі орта, бастауыш мектептерге арналған оқулықтарды құрастырады. Бұдан кейін өлкелік әдебиет-көркемөнер бірлестігіне жұмысқа ауы-

сып, бірыңғай әдеби шығармашылықпен шұғылданады. Сонымен бірге, қазақ тіліндегі алғашқы әдеби көркем журнал «Шұғыланы» шығаруға атсалысады.

Шыңжаң қазақтарының ең алғашқы көлемді, көркем прозалық шығармасын да Қажығұмар Шабданұлы жазған екен. Оның «Бақыр жолында» атты романы, «Біздің үй» деп аталатын дастаны, тағы басқа да жыр-дастандары әлеуметтік өмірдің алуан тақырыбында жазған шығармалары – Қытай қазақтарының жазба әдебиетінің негізін қалаған шығармалар. Жазба әдебиеті енді қалыптасып келе жатқан елге жазушының атын ерте мәшһүр еткен де оның осындай еңбектері еді. Қажығұмар өлкенің орталығы Үрімжі қаласында оқу-ағарту, әдебиет, мәдениет саласында қызмет істей жүріп, әлеуметтік, саяси мәселелердің барлығына белсене араласқан қаламгер. Қазақ ұлтының сөзін сөйледі, оның басқа халықтармен теңдігін талап етті.

Қытай елінде бір толастамай, түрлі айдармен жүргізіліп отыратын саяси науқан 1958 жылы «Қажығұмардың өкіметке қарсы ұлтшылдық тобы бар» деген жалған жаламен оны әйгілі «Тарым» лагеріне айдайды. Жазушы 1958-1978 жылдар аралығындағы 20 жылды сол лагерде өткізіп, 60-тан асқан шағында ақталып, ауылына қайтқан болатын.

80-жылдардың басында жазушының көптомдық әйгілі «Қылмыс» романының алғашқы екі томы әрқайсысы 15000 данамен жарыққа шықты. Іркес-тіркес баспадан шыққан романды жұрт қолма-қол талап сатып алды. Сөйтіп әр үйдің кітап сөресінде Қажығұмардың «Қылмысы» қасқайып тұратын болды. Қолдағы екі том «Қылмысымызды» оқып болып, кезекті үшінші томдағы «Қылмысымызды» тағатсыздана күтіп жүргенде, аяқастынан «Қажығұмар Шабданұлы Кеңес одағының тыңшысы екен, Кеңес одағына мәлімет беріп жатқанда ұсталыпты» деген суық хабар жайлап кетті. Бұл Қытайдағы бүкіл қазақ қауымының төбесінен жай түскендей әсер етті. Қажығұмармен аралас-құраластығы бар ақын-жазушылар, былайғы сыйлас-сыбайлас адамдар бір мезгіл бір-бірімен кездесуге бата алмай, «бізді қашан ұстар екен» деп, есік пен терезесіне жалтақтап отырып тамақ ішетін күйге түсті.



Қытай үкіметі жазушыны Үрімжінің әйгілі №1 тас түрмесіне әкеліп қамап қойды. Сот жабық жағдайда жүргізілді. Оған айырым мекемелердің сенімді, қырыпсал белсенділерінен шағын ғана топты қатыстырды дегенді естідік. Бұл жолы Қажекеңді 15 жылға соттап, үкім шығарды. Бұл 1986 жыл болатын. Өзі 20 жыл «Тарым» лагерінің тозағында болып, сүргіннен келген. 60-тан асқан қарт жазушының мына қараңғы қапастағы ендігі 15 жылдық азапты күні не болмақ? Тіпті, ойлаудың өзі қорқынышты. Бірақ текті атадан жаралған, талай сыннан сүрінбей өткен сүйегі асыл Қажығұмар Шабданұлы 80-ге жетеқабыл жасында 2000 жылы бұл реткі қапастан да аман-есен шықты. Бұдан былай да басқа адамдармен еркін кездесе бермейтін, емін-еркін жүріп-тұруына шек қойылған, алысқа ұзап шығуға болмайтын, бақылау астында болатын бесжылдық үй қамағы тағы бар екен. 2005 жылға дейін оны да өтеп бітті. Бұған дейін екі рет түрмеде отырғаны бар, осылардың бәрін қоса келгенде, Қажығұмар Шабданұлының жалпы қапас-қамақта отырған жылдары 45 жылға жуықтайды. Бұл енді әлемдік рекорд. Әйтеуір қай кезде де, қайсы үкіметтің тұсында да Қажекеңе түрме дайын тұр ғой. Сонда деймін-ау үкімет пен билік қанша ауысқанымен, соның бәріне де ұлттың ой-пікірін ашық айтып, жаза алатын қазақ қайраткерінің қоғамда еркін жүріп-тұруының қажеті болмағаны ғой...

Қазір Қажығұмардың жасы 85-те. Шәуешек қаласында тұрады. Не айлық жалақысы, не зейнетақысы жоқ. Кемпірінің алатыны – 8000 теңге (біздің теңгемен). Осы кемпірдің азғантай зейнетақысымен күн көріп отыр. Қажығұмар Шабданұлының өмір сапарының біз білетін ұзын-ырғасы осындай.

Енді «Қылмыс» романына келейік. Романдағы бас кейіпкер Биғабыл 1968 жылы «Тарымдағы» лагерден қашып шығып, атажұртқа, Қазақстанға өтіп кетпекші болып, үлкен тәуекелге бел байлайды. Биғабыл «Тарым» лагерінен амалын тауып қашып шығады. Ұйғырдың мүгедек, зағип шалы болып түрін өзгерткен Биғабыл Үрімжі қаласына келіп, енді Еренқабырға таулары арқылы шекараға кетпекші болып жолға шыққанда, қайтадан түрмеге қамалады. Онда да Қытай өкіметінің құзы-

рындағы заңды түрме емес, «Мәдениет төңкерісі» кезінде өзара қырқысып жатқан төңкерістік топтардың бірінің қолына түсіп, солардың құзырындағы заңсыз зынданға тасталады. Бұл зынданның үрейлі болғандығы сондай Биғабыл әуелі өзінің бұрынғы жатқан «Тарымдағы» жаза лагеріне зар болып қалады. Биғабыл бұл зынданда екі жыл жатады.

Әрине, мұның бәрі Қажығұмардың өз басынан өткерген қиындықтары ғой. Енді осы орайда мынадай сұрақ туады. Сонда Қажығұмардың 6 томдық «Қылмыс» романының басты идеясы не? Бұны былайша ұғынсақ болады: дүниеде бодандықтан өткен қорлық жоқ. Бодан елді төстеп үйренген отаршылдар үшін сенің бүкіл тірлігің – қылмыс. Сондықтан да ел болам десең, ең алдымен, бодандықтан, отансыздықтан, тәуелділіктен құтыл! Қорыта айтсақ, «Қылмыс» романының басты идеясы – Тәуелсіздік.

Алты томнан тұратын Қажығұмар Шабданұлының «Қылмыс» атты романдар циклі оның көзімен көрген, оның басынан өткізген қиындықтарын өзек ете отырып, өткен ғасырдағы Ресей мен Қытай империяларының шекаралық аумағында кіріптар, бодан болып отырған қазақ елінің бір ғасырға жуық көрген қорлық-зорлығын көз алдынан өткізіп, мөлдірете отырып көрсетіп береді. Бүкіл бір ғасырды қамтып жатқан қым-қуыт, қиян-кескі саяси оқиғаларды тізіп, шынайы әрі көркем жеткізеді. Кенен ойлы, кесек бітімді жүздеген көркем бейнелерді кескіндеп, алаш жұртының азаттық жолындағы күрестері мен азапты кезеңдерін алдыңызға жайып салады. Шығарма аса қуатты әлеуметтік сарында жазылған.

Желілес алты томнан тұратын, тұтастай бір ғасырдың суретін салған бұл шығарма көркемдік бітімі жөнінен қазақ әдебиетіне жаңа өрнек енгізді. Тың сарын әкелді. Бұл романды қазақ әдебиетіне бір ғасырда бір-ақ қосылатын үлкен қазына деп қабылдауымыз керек.

## ОМАРҒАЗЫ АЙТАНҰЛЫ

Омарғазы Айтанұлы (1931-1997) Қытайда өмір сүрген қазақ поэзиясы мен прозасының көрнекті өкілі. Жазушының келесі жыр жинақтары («Тырналар», «Құс жолы», «Түйе», «Сәукеле») мен прозалық шығармалары («Аң шадырын оқ табар», «Таразы») қазақ әдебиетінің абыройын көтеретін туындылар болып саналады деп айтуға болады. Сонымен қатар, жазушының драма, әдеби сын көсемсөздік шығармаларының да жөні ерекше. Қытай қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі ретінде әбден мойындалған О. Айтанұлы шығармашылығымен біз тек Тәуелсіз кезеңде ғана таныс болып отырмыз. Бұл зерттеуде жазушының «Тырналар» (А., 2003) атты жинаққа енген өлеңдері мен дастандары негізге алынды.

О. Айтанұлының өлеңдерінің басты тақырыбы – отан-сүйгіштік, атамекенге деген азаматтық ұран. «Майлы-Жәйір» (1952) өлеңінде туған жердің барлық қасиеті бейнеленген:

Жамылған жасыл жібек Жәйір-Майлы,  
Жазы бар жайма шуақ жанға, жайлы.  
Баурайы күзде – күзеу, қыста – қыстау.  
Жаз жайлау жұпар жоны кең, шырайлы.  
Май аққан күреңселі бетегесі,  
Бейне бір ырысты елдің етенесі.  
Болғанда Майлы ағасы, Жәйір іні.  
Секілді Теректі оның тетелесі [1, 6].

«Көктем көркінен» (1953) өлеңі адам баласының еңсесін көтеретін жыл мезгіліне арналған. Көктем леп белгілерімен емес, сөзден салынған суреттей бейнеленген. Бізге үйреншікті көктемі басқаша бейнеленген:

Жарқырап жазық жаңа жасыл киген,  
Тау – ару тамылжыта асыл киген.  
Қарағай қиядағы, қайың сұлу,  
Көк шатыр сәукелелі басын иген.

Біз «ақ бұлақ» деп үйренген метафора бұл ретте басқаша берілген:

Бұралып ерке бұлақ тербеле аққан,  
Қарлығаш бетін қалқи қанат қаққан.

Тербеген көңіл досым сұлу көркін,  
Секілді көктен бізге сыйға тартқан [1, 7].

Көктемнің бейнесі осылай тұлғаланып шыға келеді. Шынында да, көктем арқылы бізге мәңгіліктен жылына бір рет берілетін сыйды көбіміз үйреншікті құбылыс деп қана қабылдаймыз. Ақын уақыт пен мәңгілік мәселесіне осылай оқырманның назарын аударады.

Қазақ поэзиясында тау көк пен таласып тұрған биіктік. Ал, О. Айтанұлының өлеңінде «Тау – ару тамылжыға асыл киген... Көк шатыр сәукелелі басын иген» [1, 7].

«Күзгі күзет» (1954) өлеңінде де табиғат аясындағы жас жылқышы жігіттің түнгі күзеті суреттелген. Күзгі қара суыққа ақын жас жүректің қызуын қарсы қояды. Прозалық шығармада 5-6 бетке созылатын сюжетті ақын былай деп нақтылап берген:

Күзгі қара суықтың,  
Елеурейді ызыңы.  
Жас жылқышы жігіттің,  
Сөнбес оған қызуы.  
Бой ұрды ма сезімге,  
Салған әні түн жарып.  
Тыңдады екен өзіне,  
Кімдер оны ұйғарып [1, 8].

Күзгі қара суықта айтылған әннің куәгері болған күзгі табиғат былай бейнеленген:

Жерді құшты сағына,  
Күмбезденіп көк шеті,  
Шық моншағын тағына,  
Жылтылдайды жер беті [1, 8].

Күзгі таңды атырған жігітті ақын енді басқа мәңгілік хронотопта суреттейді:

Түрілді таң пердесі,  
Аспан шығыс шетінен.  
Сүйді таңның сәулесі,  
Жас жылқышы бетінен [1, 9].

Осындай шағын өлеңдерде қазіргі бір мезгіл мен мәңгілік қатар берілген.

Ақын «Халқымның қолы – қалың қол» (1956) өлеңінің атауына басты концептті қойып оны соңғы шумақта нақтылап берген:

Келемін, міне келемін,  
Басқан бір жолым – даңғыл жол.  
Халқым бір жүрген жер-елім,  
Халқымның қолы – қалың қол [1, 11].

Өткінші өмір мен мәңгілікті әр кезде есте сақтаған О. Айтанұлы «Уақыт» (1956) өлеңінде осы күрделі мәселені былай деп анықтап берген:

Уақыт жақсы жолаушы тау айналып,  
Күн қызуын күтеді жер табаны.  
Таулар ауыр ұйқыдан ерте оянып,  
Аспан-теңіз бетіне нұр толады.  
Өмір – тамшы, ғасыр бір қызық елес,  
Кім мезгілді ұйықтап ойлайтұғын?  
Жыл ешкімнің балдызы, жездесі емес,  
Етегінен тартып қап ойнайтұғын [1, 12].

Уақыттың әр мезгілі адам үшін тегін емес екенін ақын былай деп еске салады:

Бір секунд не бары: өлсең егер  
Төгіледі несібең ырыс толы  
Тірлігіңде қадамың күнде өлшенер,  
Ертең қайта тігілер уақыт тоны.

Әр қадам өлшеулі «уақыт тоны» деген метафора қазақ поэзиясында бұрын кездеспеген теңеу. Ғасыр туралы ақын былай депті:

Тастап артқа ғасырды тас тұлғалы,  
Жыл зуылдап барады болашаққа.  
Мезгіл-жүйрік арғымақ астындағы,  
Талып белі көрмейді тасырқап та.  
Тоқтата алмас бүйірден жанай шапқан,  
Соғып өтер жылдардың никел түсі.  
Қозғалыстың заңы бұл – су боп аққан;  
Уақыт – тентек мезгілдің бір еркесі [1, 12-13].

Ақын мәңгілік пен өткінші өмір туралы ойын осылай нақтылай түседі:

«Қозғалыстың заңы бұл – су боп аққан; Уақыт – тентек мезгілдің бір еркесі». Әдебиеттегі өмір – уақыт – мезгіл деген хронотоп мүшелері осылай асыл сөзбен реттеліп берілгенімен ерекше. Ақын маңайындағы табиғатты осы контексте қабылдайды. О. Айтанұлы қысты былай деп суреттеп берген екен:

Қыс демінің майда кірпігі  
Ақжоян түгінің мамық ұлпасындай.  
Табиғат дастарханының ақ інжу-маржаны,  
Төгіле түссе екен тағы мың жыл таусылмай [1, 13].

Яғни жыл мезгілдері – «Табиғат дастарханының інжу-маржандары». Январь айы туралы: «Январь соған ақ торғын көрпесін жабар». Абай айтқан «денелі, ақ сақалды» қыс О. Айтанұлының өлеңінде де орын алған:

Боғда жотасымен қыс жүріп келеді,  
Ақырын сілкіп ақ сақалын.  
Жер тіршілік төсегінде оянады,  
Таң алды жамылып ақ шапанын.  
Ақын ақ қарды да тірілтіп бейнелейді:  
Қар құлап түседі Үрімжі үстіне,  
Ақ қанат көбелектей періште ұшырған [1, 13].

**Ақынның қысқа деген көзқарасы да нақты:**

Қыс.  
Сүйем сені, сенің күміс шықтарыңды,  
Аяз алақаныңнан саудырап төгілетін.  
Сүйем сенің қызыл ұшқындарыңды,  
Кеш шапағына боялып,  
Сенсең малақайыма себілетін.

**Осы ретте ақынның теңеулері де ерекше:**

Жер ылғалымен көгеріп жасарар,  
Бұлт емшегі ақ сүтін иеді.  
Қыс ұлпасының жібек мақтасынан,

Жыл көктемде өз алтын тонын киеді [1, 14].

Бұл шумақ асыл сөзбен салынған табиғаттың сол кезде ақынға көрінген қайталанбас суреті.

Ақын жыл мезгілдерінің де ерекшелігін есте сақтайды:

Қыс демінің майда кірпігі,  
Аққоян түгінің мамық ұлпасындай.  
Табиғат дастарханының ақ інжу-маржаны,  
Төгіле түссе екен мың жыл бір таусылмай.

Ақын «Сұлулық» (1956) өлеңінде асыл сөз туралы былай депті:

Тамаша қандай әсем өлең селі,  
Ежелгі ақын-жырау нөсерлеткен.

Сұлулықтың қалай, қайдан жаратылатыны туралы ақын былай деп толғанады:

Табиғат ұста, дархан кереметті,  
Көкпенбек жартастарды бедерлеген.  
Төңкеріп жер бетіне аспан-көкті,  
Үйретіп адамзатқа не бермеген!  
Тұрмай ма еліктіріп әлі сені  
Шығыста сырлы күмбез мың жыл өткен...  
Жайқалса көк шалғыны беткейлердің,  
Жөнің бар тал, шөпке қызығатын,  
Бағасын кім айта алар төккен тердің,  
Сұлулық, міне осы, біз ұғатын [1, 17].

Осы ретте ақын былай деп қосады:

Сүйкімді көк кипарис жапырағы,  
Жас сәби ұйқыдағы оянбаған.  
Жуылып жазғы кеште тазарған Ай,  
Ұқсайды сезімдердің қиығына [1, 17].

«Махаббат» өлеңінде ақын бұл қасиетті сезімнің тегін былай деп атап өтеді:

Қыз-ана,  
Ертең оның мол ұрпағы,  
Бір кезде менің де әжем қыз боп өскен.  
Махаббат бізден сонда келер тағы,  
Махаббат хауаанадан мұнда көшкен [1, 17].

Ақынның «Мен ұлт туралы» (1956) өлеңінде азаматтық сезім нақтыланып берілген.

Мен ұлтыма неге әуел мақтанбайын,  
Атпен кіріп ғасырлар өткеліне;  
Тарих сенің сынға алып тәпсіріңді  
Мен өзім де бір ғалым өткеніме.  
Қазақ, қазақ кел отыр, өз өлеңің,  
Қара негр, саған да дастаным бар.  
Ақ нәсілдің бәрін де жек көрмеймін,  
Ал өздерің дүниені, басқарыңдар!  
Мен тігемін өлеңнің қазақ үйін,  
Стамбулдың кілемі төрге ұстаулы.  
Қызыл уық қарнына қойған іліп,  
Манифесің Маркстің тұр нұсқаулы [1, 21].

Осылай бастаған ақын қазақ тегі Орхон-Енисейдегі бабалардан басталатынын да айта кетеді:

Күлбіреген етегім кейде тозып,  
Бос қоямын тибетше бір жеңімді.  
Енисей мен Орхонда қыстап қалып,  
Мұздатамын кей-кейде жүрегімді.  
«Ұлт кітабы» төбеме көтергенім,  
Заман өзі үйреткен әліппені.  
Өгіз баққан Непалдың қара шалы,  
Құшақтағым келеді барып сені!

\*\*\*

Өз ішіме келгенде мен қазақтың,  
Сар далада сағымдай атпен шауып,  
«Қазақ!» «Қазақ!» «Қазақ!» деп көп шаршадым,  
Бұл қазақтың бақытын кейін тауып [1, 22].

Атамекеннен алыста жүруге мәжбүр болған ақын Отанына деген адал сезімін осылай білдіреді:

Ұмытпаймын, бәрін де көрген баспын,  
Ерен таудың, Алтайдың сұңқарымын.  
Ғасырлардың тұманы жатыр сонау,  
Аяғының астында тұлпарымның [1, 23].



О. Айтанұлы поэзиясына тән ерекшеліктің бірі – сөзбен сурет салу деп айтып едік. Соның тағы бір мысалы «Қызыл бояу» (1957) өлеңінде орын алған:

Табиғат бір суретші,  
епті, шебер,  
Жер-топырақ бетіне нұрын төгер,  
Күннің қызыл бояуы қандай жақсы,  
Күн бір ерке, сұлу, сал,  
Бақыт берер  
Түн ұйқыдан тұр оян,  
біздің адам!  
Шығыс-шапақ тұтулы алтын қалам.  
Күн жүрегі қып-қызыл сиясауыт,  
Жер дөңгелек столдей  
қызыл алаң. [1, 25].

Осы ретте ақын үшін:

Аспан күмбез, –  
Тігулі алтын шатыр.  
Күмбірлетіп бар осы дүниені  
Күн арбасын жетектеп бара жатыр».

Адам баласының бұл суреттегі орны туралы ақын былай деген:

Бұлт боялып,  
тау өтер,  
жер қызарып,  
Жер бетіне құйылған біз бір әріп [1, 25].

Осы ретте күн, аспан, адам бір кеңістікте суреттелген:

Күн бір ерке, күн сұлу, күн бір батыр,  
Күн үстінде тігулі алтын шатыр.  
Күмбірлетіп бар осы дүниені,  
Күн арбасын жетектеп бара жатыр.

Сөзбен сурет салу асыл сөздің қайталанбас құдіреті екені осылай айқындала түседі.

«Өзен ағып келеді» (1958) өлеңінде асыл сөздің қасиеті туралы ақын былай деп бастап:

– Сұлу өзен кеудемді жарып аққан»... – жалғастырады.

Сен қанша жыл  
Салқын су жылап ақтың!  
Сырынды ұқпай, тек онда бетін жуып,  
Көз жасыңнан қасіреттей маржан тақтым [1, 26-27].

Шынында да асыл сөз кеудені ғана жарып шықпайды. Ол көз жастың қасіретті маржаны да деген метафора өте нақты табылған.

«Жыр атасы» (1958) өлеңі (М. Горькийге). О. Айтанұлы Горький мен қатар Бальзак, Байрон, Гоголь есімдерін келтірген. Бұл өлеңде «Атамыз еді Горький о, құрметтім!» деген ақын:

Бір кезде Бальзак, Байрон өтті,  
Бейшара Гоголь пақыр қандай қызық?!

Бәрі де бір тағдырға тағзым етті [1, 38], – дейді. «Бар пролетариат бір туысқан!» деп бітетін бұл өлеңде советтік көзқарас ұстанған. Ақын саяси көзқарастан көбірек сұлулықты бейнелеуге бейім.

«Сұлудың елесі» (1960) өлеңінде ақын сұлулық пен өлең ұғымдары бір екенін былай деп еске салады:

Кім екен қайта-қайта жаңылдырып,  
Үстіне жасыл жібек жамылдырып;  
Отырған көк аршаның етегінде,  
Сағымдай елесіне табындырып?! [1, 47]

\*\*\*

Қараймын қабырғада құлап жатып:  
Тал бойын құз-қияда сылаңдатып,

Бұл қай сұлудың елесі деген оқырманға өлең соңында өлең-сұлу екенін осылай айқындап береді:

Қойды ғой жеткізбей-ақ өлең-сұлу,  
Көк-жасыл орамалын бұлаңдатып [1, 48].

Ақынның «Январь суреті», «Қолғапсыз қол», «Жайлау таңертеңгілігі» өлеңдеріндегі бояусыз салынған суреттердің жөні ерекше. Абайдың жазғы ауыл суретін О. Айтанұлы былай деп жалғастырады:

Жапырақ сылдырайды – сөлкебайын,  
Сен де бір қыр қыр үстіне өскен қайың.  
Ай сенің иығыңда күміс сырға,

Тигізер маңдайыңа күн маңдайын.  
Тау ару толқын киіп үлбіресе,  
Амал не сөз таба алмай тіл күрмелмек.  
Қайтер ең сен де сонда ақын мырза,  
Қолыңа сенің сонда қалам берсе [1, 53].

«Нұр» (1962) өлеңінде О. Айтанұлы осы кестелі сөзді былай деп дамытқан:

Шұғыла жайып жұқа ояуларын,  
Күн ерте қарағанда тау артынан,  
Көріп пе ең  
Дала сұлу  
оянғанын

Астыңда әппақ сәуле шұбатылған?

Асыл сөздің, өлеңнің нұрлы болып келетінін ақын былай деп берген:

Мың жылғы қатқан мұздар еріп.  
Ұйқастар тізіледі жыр жолына,  
Ырғақты  
өтер саған діріл беріп.  
Мүмкін бұл өлең болар енді жақсы,  
Қойылған  
нұр өлеңі мұның аты.  
Бұл жылу – нұр жылуы  
рахат тапшы,  
Бар мұнда  
барша жылу махаббаты [1, 56].

Алтай таулары туралы қазақ поэзиясында көп эпитет, метафоралар бар. Ақын үшін «Түйелер» (1976) өлеңінде Алтай таулары «Көктем бұлттары шөккен» тау болып көрінеді:

Өңкей бір алып түйелер есіме түседі,  
Жылдың жым-жырт бір күнінде  
Көктем бұлттары Алтай тауларына шөккен,  
Көз алмаймын шексіз қиялдар ішінде.  
Қалың орман, қарағайлы беткейлерден  
Сол түйелер аунап шудасын төккен [1, 57]

Енді бірде ақын «Түйе, түйелер қайтқан тырнадай тізіліп» деп бір қояды. Тайлақ, желмая, бозінген, алып буралар боп елестеген Алтай таулары ақын үшін қазақ тарихының беттері іспеттес.

Скифтерден басталатын «Бозінген» күйін тудырған желмаяны еске салған ақын Алтай тауын былай суреттеген:

Түйелер,  
Түйелер,  
Мүмкін сол түйелер емес пе екен  
Мың жыл жүріп,  
Шаршап келіп  
Қалған осы «Жібек жолында»  
Мәңгі тау болып шөгіп?!  
Ақ қар, мұз жамылған Тяньшань жоталары  
Тұрар сонда қарсы алдымда,  
Ұлы бір құдірет  
Әдейі қалдырғандай  
Ақ мәрмәрдан жонып [1, 59].

Қазақ жерінде әр тау қазақ тарихының сырлы беттерін жасырып жатқан бейне екені де бұрын соңғы кездеспеген теңеу екенін осы ретте айта кету керек.

Ақын О. Айтанұлы өз оқырманына деген ерекше ықыласын анық аңғартып отырады. «Ұлар неге шақырады» (1976) өлеңінде ақын өзін қинаған ойларымен оқырманымен бөліседі. Өлеңнің атауына қойылған сауал әр тармақта қайталанады:

Көріп пе ең шығып бұрын Ұлытауға,  
Ұлар неге шақырады?  
Басталып дәл қасымнан жасыл аспан  
Онан әрі  
Қорымдар созылады қына басқан.  
Мекені таутеке мен қодастардың.  
Жастар қабат-қабат  
Сіресіп құз-қиядан жатқан бәрі  
Әттең-ай – көрер ме едің  
Сол шағында  
Күп-күңгірт үңірейген шатқалдарды [1, 61].

Тау табиғатының сұлулығын бейнелеп отырған ақын жар-тасқа ұя салған қыран бүркітті көрсетіп, оқырманымен өзінің басты ойымен бөліседі:

Онан да жоғарырақ  
Мұздарымен аппақ қардың етегінде  
Отырды ұлы құсы биіктерде  
Ұлар неге шақырады?  
Толтырып аспан астын қуанышқа  
Табиғат неткен таза, сүйікті едің!!

Ақын өз оқырманына тәңірдің нұр шуағы – тауларды көрсетте отырып мәңгілікті еске салады:

Егіліп кетер дейсің ізгілікке,  
Дәл сол кезде –  
Мүлгіген тәңірдің нұр-шуағы.  
Бояуы құрғамаған жап-жасыл таулар  
Көңілдер елжіреді,  
Тыңдашы,  
Ұлар неге шақырады? [1, 61].

Ақын не туралы жазса да қазіргі өткінші ғұмырмен қатар мәңгілікті есте сақтайды. Осы ретте «Жауып тұр алғашқы қар» (1979) өлеңінің де хронотопы мәңгілік шеңберінде алынған:

Жауып тұр алғашқы қар,  
Ұшады кеңестікте  
Қисапсыз ақ көбелек –  
ақ ұшқындар  
Оранып топыраққа бір алтын дән  
Рахаттанар,  
Қисапсыз ақ көбелек ұшып келіп;  
Өңкей бір ақ қанатты періштелер  
Оранып ақ гүлдерге  
Тұрғандай көз алдында елес беріп [1, 65].

Ақын үшін жауған қар – ақ көбелектер, ақ қанатты періштелер, ақ гүлдер екені жеткіліксіз. Ақын бұлардың жердегі ғұмырын былай деп суреттейді:

Шаршаған қанатымен жатыр қонып,  
Қисапсыз ақ көбелек

Олдағы білдіргендей ынтық зарын.  
Жалаңаш төсегінде жер-құдірет  
Маужырап ұйықтайды,  
Алғашқы мамығымен  
таза қардың.

Қардың шаршаған қанатын, ынтық зарын жүрегімен сезініп оны оқырманға көрсеткен өлең көп кездесе бермейтінін айтып өту қажет.

«Координаттар» (1979) (Автобустағы адасу) деп аталған өлеңінде ақын өткінші өмірдің әр мезгілінің маңызды екенін ескертеді. Өлеңде Аристотельдің мысықтарына арнап ашқан тесіктеріне дейін мысал ретінде келтірілген. Бұл ақынның білім деңгейін аңғартатын мағлұмат екені даусыз.

Сонымен қатар О. Айтанұлы келесі дастандар мен поэмалар авторы: «Тау арасындағы поезд даусы», «Құс жолы», «Тырнарлар»; «Қорқыт», «Табиғат философиясы».

«Тау арасындағы поезд даусы» (1963) дастанының басты ойы шығарма атауына шығарылған. Ақын тау арасынан өтіп бара жатқан поезд ішіндегі ата-ана батасын арқалап кетіп бара жатқандарды сөз етеді.

Сырғанап

жылжып міне поезд ұзап,  
Ақыры қозғалтады жер денесін.  
Тұр әне тапжылмастан көз ұшыңда,  
Екі қарт – екі аяулы адам қатар.  
Ананың, әкенің де көкірегінде,  
Сол сезім  
күн боп батып,  
таң боп атар! [1, 87].

«Құс жолы» (1978) дастанының тақырыбы: ғылым мен өркениет идеясы. Ол туралы ең басында былай делінген:

Басталғанда шығыстан,  
Бір дүбір,  
Әлемнің жарым шеңбері –  
Шексіз кеңістікте идеялар шайқасып.  
Орман теңселіп,

Шайқалып кетті таулар,  
Өзендер арнасынан тасып [1, 88].

Ғылым мен ғалым, ақиқат пен өткінші өмір «Құс жолы» дастанының негізгі тақырыбы. Қабырғаға ілінген құс жолы карта-сы бар бөлмеде жатқан кейіпкер былай деп оқырманымен өз ойымен бөліседі:

Жым-жырт түн,  
Қатты кереуетте  
Бір қабат бұйра үстінде – сонда жатып,  
Шаршап ұйықтаған еді ғалым  
Арық,

ұзын денесін сұлатып.

Көтеріп жүргендей  
Түсінде оны біреу  
Кеңістікте жеп-жеңіл циркуль етіп,  
Яки

Алып болат сызғыштай  
Дөп-дөңгелек,

Жасыл жазықтықтар үстінде көлбетіп [1, 89].

Ғалым түсінде Ньютон, Коперник, Птоломейді, құс жолындағы Үлкен аю, Темірқазық, Ай мен Күнді көреді. Бірақ жердегі жендеттердің пендешілігіне іліккен ғалымның ғаламдық түсі осы жерден үзіледі, «Таптық күрестен қашып» жүрген ғалымды замандастары былай деп жазалайды:

Бітеу үйде жатқан бір қылмысты,  
Цифрлармен азғындаған,  
Бұ дүниеден,  
Өмірден, тұрмыстан безіп.  
Қайтарып әкеліндер оның ит жанын,  
Таптық күрестен қашып,  
Жұлдыздар арасында жүрген кезіп!  
Масқаралаңдар  
Мойынына жіп тағып!  
Еңкейтіндер  
Басын иіп  
Тағзым еткізіп –

Осы сөздер еді сонда олардың айтқаны,  
Айқайлап тұрып,  
Күрес жиынында сүйегін өткізіп [1, 91 б.].

**Шығарманың бас кейіпкерінің өзіне тән көзқарасы былай деп айқындалған:**

Эпикор  
Пифагор  
Есінен танғандай,  
Евклид постулаты тамыздық етіліп.  
Жатты бұрышта Гу-гу теоремасы жыртылып,  
Джордония Бруно от ішінен түрегелгендей.  
Ли Сгуаң түскен пароход  
Толқындата дөңбекшіп,  
Галилей ақиқат үшін өлгендей.

Сонда кімдердің заманы туды деген сауалға ақын былай деп жауап береді:

– Жүрді өңкей алаяқтар  
Қара көлеңкедей,  
Жындай кезіп,  
Отанның оңтүстігі мен солтүстігінде.  
Ар-намыстан,  
Ұжданнан,  
Ұяттан безіп.

**Шығармада ғалымның тұтқындалуы репрессияға ұшыраған Алаш арыстарын көзге елестетеді:**

– Алып кетті ғалымды,  
Күз айының бір күні еді...  
Қалды ыдыста қайнақ суы ішілмей;  
Ақ қағаз үстінде арманы.  
Ескі примус,  
Қалды столда  
Желінбей кепкен қара наны [1, 95].

Осы ретте бас кейіпкердің қасындағы нарратор оқиғаны бірге көріп тұрып кейде өз пікірін де білдіріп қояды:



Қайда қасиетті академия  
Кафедралар қаңырап бос қалған,  
Қанша ғалымға  
Есік алдында  
Ол пұлын арқалатып;  
Қор болды-ау сонда  
Мың жылдар мәдениеті  
Сілкіп лақтырғандай,  
Отан даңқын  
Орта ғасыр надандығына  
Қайтадан бір шалқалатып!

Қиянатқа ұшыраған ғалымның кім екені туралы мағлұмат  
былай деп берілген еді:

Жоқ еді оның қатын-баласы;  
Бар мүлкі-байлығы:  
Қағаздар мен кітаптар ғана.  
Махаббат еді оның  
– Ғашық жары:  
Әлі жазылып бітпей  
Шала қалған бір формула.  
Ұқсайды ол діндар бір сопыға [1, 108].

Нарратор кейіпкерге жаны ашып ол туралы былай деп тол-  
ғанады:

«Күнәға» батпады-ау тым құрыса  
Өмірінде бір рет араққа тойып-  
Кімдер екен оны бейіштен қуалаған,  
Бұл дүниедегі бар сенімін, қуанышын жойып?

Жатпаған шығар әлде ешкім,  
Дәл осындай  
Жетім бала секілді  
Жер бетінде  
Адамзатқа теріс қарап!  
Ойлай алса егер ол,  
Сөйлер еді

Осы бір сиқырлы түнде  
Өзін әлде бір әулиеге балап?...

\*\*\*

Мүмкін осы түн емес пе екен,  
Мұхаммед Мифражға шығып қайтқан?  
Әлде бір сахаба түсінде аян көріп,  
Аллаға мінәжат айтқан?!  
Жүр екен қайсы планетада адам жанын іздеп,  
Әзірейіл ұйықтамай ай жарығымен?  
Либай ұшып түскен екен қайсы кеңістіктен  
Поэзияның көкпенбек жеп-жеңіл салмағымен? [1, 108-109 ].

Осы ретте О. Айтанұлы асыл сөз бен ғылым туралы өз ойла-  
рын нақтылап берген:

Сызып сурет етуге болар ма,  
Бір түн картинасын  
Осы ұлы кеңістіктің  
«Құс жолы» тұлғасындай?  
Есептеп, өлең етіп,  
Ұйқасқа сыйғызу мүмкін бе  
Цифрлар азабын бір ғалым басында?  
Ғылымның таудай салмағын  
Көтеріп тұру оңай ма?  
Ақылдың қылдай жібімен?!  
Бағалап жеткізер  
Осы ізгі істерді  
Өркениет идеясы  
Ақыр бір күн өз ұлылығымен! [1, 112].

О. Айтанұлының «Тырнарлар» (1980) дастанында да өткінші  
өмір мен мәңгілік меңзелген. Шығарма сюжеті қарапайым: жүз-  
ге келген қария хал үстінде жатыр, қасында қош айтысып ұр-  
пағы отыр. Алыстан естілген тырна даусы осы бір сәтке ерекше  
әсер етіп, бұрынғы өмірдегі маңызды оқиғаларды еске салады:

Мұндайда жақпас еді  
Айтсаң да мамырлатып қайсы әніңді.  
Немесе домбырада

Шертсең де безілдетіп қай сарынды  
Алыстан естіледі тырна дауысы,  
Аспанның қоңырауы  
  емес пе сол?

Басқандай қыл пернесін  
Көкпеңбек кеңістікте  
Әлде бір қасиетті құпия қол.  
Бір шумақ өлең бе әлде,  
Айналып жер бетінде ұшып жүрген!  
Әлде бір керуен бе  
  шөлде кезіп,  
Аспанның аясына түсірілген.

Не деген ғажап еді

Кәдімгі тырна дауысы тыраулаған! [1, 113].

Бәрін бақылап отырған нарратор-баяндаушы енді кейіпкерлердің осы «аспанның қоңырауын» естігенде әрқайсысына қандай ой келгеніне сөз береді:

Әлде бір жылқышы ма,  
  кең қоныста,  
Қайырып мың жылқысын  
  құраулаған?

Көрініп шаңырақтан:

Шеп жайып,

  көк жүзінде баяу өтіп;

Алыстан оралғанда,

Сол дауыс

  кейде келіп,

  кейде кетіп;

Іркіліп тыңдарлықтай түйелі көш

Тоқтатып біз кестесін

Бір сұлу отырардай ойға батып.

Болды екен не сезімде?

Қария төсегінде тыңдап жатып.

Дірілдеп әппақ сақал

Айтылмай көкіректе жыр қалды ма?

Үңіліп

  солғын тартқан сол шырайға,  
Төрт ұлы – шөбересі  
  тұрды алдында.  
– Мені бір шығарындар кең дүниеге! –  
Деді қарт

  сонда оларға  
Өзі де осы сәтте  
  ұқсап кетті,  
Әлдебір ақсақалды әулиеге.  
Көтеріп кілемге сап  
Шыққанда үй қасында –  
  дөң үстіне  
Тырналар шеру тартып  
Айналып жүрген еді  
Өзінің қасиетті кеңісінде. [1, 114].

Адам өлер алдында нені аңсайды, неден безінеді? Адам үшін өмір несімен ерекше? Ол шығармада былай делінген:

Жүз жасқа келсең дағы  
  өмір қымбат  
Екен ғой  
Көз алдында ойнақ салып,  
Секілді бір топ бала  
Жүгірген шыбық атқа мініп алып,  
Айнала қарап еді [1, 115].

Осы ретте адамның ойының шапшандағы оның уақыт пен кеңістікке бағынбайтын құдіреті туралы былай делінген:

– Кім білед,  
  қажыды ма қайран ақыл?  
Қария бір азырақ көзін жұмып,  
Дірілдеп арық, ұзын саусақтары,  
Жабырқау тартты ма әлде  
  көңілі суып?  
Мүмкін ол кеткен шығар.  
Отыз жыл  
Тіпті елу жыл...

онан әрі.

Сексен жыл

бұрын мұнан,

Қайда кетті, сондағы ойнап-күлген құрбылары?

Еді ғой ауыл қасы,

Сол жерде,

айлы кеште

Әлі де отыра ма екен екеу болып?

Бір тамшы қалмаса да

Сондағы сезімдерден,

Осы бір әлсіз тәнде

Табыттай

енді мына жатқан солып.

Бір сөніп,

бір үзіліп,

Шынымен шатысты ма

ой жүйесі?

Секілді қыз ұзатқан

Құбылып

қызыл-жасыл дүниесі [1, 116].

«Біресе елестейді» деп басталатын үзінділерде өткен өмірдің түрлі көріністері берілген:

Біресе елестейді:

Үстінде көшкен мұнар

көкшіл киік;

Бейне бір алтын тіреу аяқтары

Дірілдеп көк сағымға тұрған тиіп.

Осы шал емес пе еді

Қос тігіп бір жылдары,

Жағасын Құланбастау мекен еткен.

Кәдімгі Қарамайлы,

қақтан өтіп,

Жүйрік атпен

Дағдылы су атына

Бөкеннің текесінен бұрын жеткен.

Екен ғой тірлік артық бәрінен де

Жүрсе де ит қорлықта,  
Жетелеп арық атын шөлде қалып.  
Болды ма тамсанғандай  
Сағынып әлде соны есіне алып?! [1, 117].

Осы ретте бәрін көріп бақылап отырған нарратор өз тарапынан былай деп қосып қояды:

Айналып ұшып жүрген тырналар қанатынан  
Әлдебір шипа жанға табар ма екен?

Тырналар сапқа тізіліп өздеріне ғана тән тәртіппен көкте жүріп жердегі адам баласын өткен мен бүгінгі халін еске алуына ерекше әсер етеді:

Десеңші қандай тәртіп  
Қойғандай әдейі сапқа тізіп.  
Кім қарап қызықпасын  
Қимылсыз сырғығанда  
көкте жүзіп!

Бәлкім бір тасбиық па,  
Жап-жасыл алақанда  
Жылжыған  
бір жазылып,  
бір жиылып!

Сонан соң солқылдайды  
Жалғыз тал жас шыбықтай көкте иіліп,  
Өзгеріп бастаушысы,  
Біресе оза шығып,  
тыңнан бірі,  
Адамның сай сүйегін сырқыратып,  
Қайтадан басталады ізгі жыры [1, 117-118].

Бәрінен хабары бар нарратор бас кейіпкердің бастан кешкенін бірге сезініп өз ойымен былай деп бөліседі:

Кім біледі,  
Ғибрат үшін жатарқан ба  
Тәңірім  
қағидалы осы құсын?!

Қайталап жүрме деп те қаларлықтай

Адамның жер бетінде еткен ісін.  
Суға ма, топыраққа ма  
Әйтеуір бір махаббаты бар ғой  
сүйіп:  
Асығып келетұғын көктем болса,  
Кете алмай жүре тұғын  
күзде қиып [1, 118].

Тырналардың тырауылдаған дауысы нарратор үшін жақсылықтың нышаны:

Тырналар жақсылықтың хабаршысы, –  
Деді ақын  
Өз-өзінен елегізіп, –  
Секілді ұшып жүрген  
Бір шумақ романтика  
көкте жүзіп.

Ұқсайды аккордқа да  
Тізілген скрипка сымдарына, –  
Тұрғандай дір еткелі  
Сәл тисе сезіміңнің қылдарына! –  
Тоқталып

осыны айтып,  
Әуестеу музыкаға  
сонда бірі

Ұңліп бабасына, солғын тартты [1, 121].

Тырналар қатарын түзеп сап басындағылары ауысып тұруын бақылаған баяндаушы бұл құбылысты адамдарға да тән деп санайды:

Ішінен көк шалғынның  
Қылтиса жер-өмірден басы шығып,  
Біреуі тырауласа,  
Қалғаны түсінетін  
тілсіз ұғып.

Көрсең ең,  
ұмтылып бір қомданғанын,  
Биіктей жөнелгенде

баяу өрлеп;  
Өткендей қанаттары кеңістікте  
Аспанның күй табағын қолмен тербеп.  
Ақсақал кәрі тырна  
емес пе өзі,  
Бәрін де жетелеген мұрындықтап.  
Көндіріп осы әскери қағидаға  
Үйреткен өз өнерін  
күнде ұқыптап [1, 123].

Тырнарлардың күз айында туған жермен қоштасуы қарттың өмірмен қоштасуымен дәл түседі:

Осыдан үш күн бұрын.  
Түсінен шошығандай бір топ тырна  
Тыраулап,  
кенет ұшып шыға келді,  
Хабарлап әлде нені ой мен қырға [1, 124].  
Ойланып,

деді сонда қарт мұғалім:

Құстардың кей қылығы,  
мінездері  
Ақылмен істеп жатқан сияқтанып,  
Адамға ұқсап кетед  
кей кездері.

Тоздырып сыртындағы қатты тонын,  
Сол жерде қалдырғандай ит жейдесін;  
Шиқылдап шыға келген бір балапан  
Өзінше түсінеді  
өз дүниесін.

Түскен жер  
ақ кірпігі,  
Қатқан жер қауырсыны,  
қанат бітіп [1, 124].

Адамдар сияқты құстар үшін де туған жер қасиетті екені осы ретте былай деп меңзелген:

Аунаған топырағы,  
Шілдеде ішкен суы,



Шөлдеп жұтып.  
Ол қайтып ұмыта алсын:  
Түкпірді  
    құрай өскен,  
                жалбыз шыққан;  
Жаңбырда паналаған бұта түбін.  
Жылғаны  
    екпетінен жатып бұққан!  
Туылып осы жерде,  
Осында төгілгендей кіндік қаны,  
Емес пе қашан да оған ыстық-қымбат,  
Өзінің осы мекен – жайлы отаны!  
Ең алғаш топырақ иіскеп  
Ең алғаш ол осында көзін ашқан.  
Теңселіп жас бұтадай,  
Сәбидей ол осында тәй-тәй басқан [1.25].

\*\*\*

Осы ретте өмір мен табиғат заңы ұрпақ ауысуы айтылған:  
Құлпырған жағалауын тоғандардың.  
Кәрі тырна қайта-қайта еліктіріп,  
Шықса да кеңістікке  
    талай алып;  
Қиқулап жүргені сол  
Леспей жас тырналар шыр айналып [1, 125].

Өлім алдында жатқан қарияның аузынан шыққан соңғы: «Ақ шөміш... шөк буыны... құстар қайтқан» сөздерін отырғандар талқылай бастайды:

Мүмкін бұл аят болар  
Яки аты ма бір періштенің?  
Жоқ әлде белгі сөз бе,  
Арналған тарихына ұлы істердің? [1, 126].

Осы тұста жүздегі хал үстіндегі қарияның сексендегі үлкен ұлы былай деп елге жауап береді:

«Ақ шөміш» деген сөздің мағынасын  
Болса да қазір айтар уақыт емес,

Тізіліп өте шықты  
Бір күңгірт  
көз алдынан  
бұлдыр елес...  
Емес пе еді осы бір ел  
Тау жайлап, бір кездерде қыр қыстаған.  
Іздейтін тары-талқан күзде ғана  
Ойдағы құда, тамыр, туыстардан.  
Көрініп  
әппақ болып көз ұшынан  
Шомдары түйесінің күнге күйген;  
Тізіліп қайтқан құстай солар ғой  
ең далада ілбіп жүрген.  
«Ақ шөмші» деген ат та  
қалған сонан,  
Сексен жыл  
бұрын шығар  
мүмкін мұнан,  
Қария жүз жастағы  
жатқан мына,  
Торығып қайда барса сағы сынған.  
Ілесіп ақ шомшыға,  
Жетелеп  
жалғыс сетік кәрі інгенін,  
Күз болса астық іздеп,  
Айтушы еді,  
ит өмірден түңілгенін.  
Ақыры қалған о да жатақ болып,  
Қыстақта мұнан біраз алысырақ.  
Манастың дариясы  
Жүгенсіз кететұғын онда бірақ.  
Құм кешкен бұл өңірде  
Жыңғыл мен тораңғының түбі шіріп,  
Тек қана мекен еткен астына ұя салып,  
Қоян кіріп.  
Қайда онда су қоймасы

Жататын бүгінгідей толқын атып?!  
Құс қайда жүрген мына  
Бетінде бірде қалқып, бірде батып?!  
Тырналар ұшып онда,  
Алыс бір шалғай жаққа кететұғын,  
Тізіліп сол ізімен, қиқулап  
күзде қайта өтетұғын.

Осы тұста «Ақ шөмші» не екені туралы былай делінген:  
Астында қайтқан құстың «ақ шөмші» жүр –  
Қалыпты сол заманнан осы өлең.  
Далада туып-өскен қайсы қазақ  
Басынан сол тұрмысты кешірмеген?!  
Тырналар мың жыл ұшып,  
Осында мың жыл тынбай дауыстаған.  
Секілді мың жылдардан  
қалған өлең,

Бұл өлең –  
ешкім айтып тауыспаған  
Осында жүз жыл жасап,  
Жүз бірге айналғанда,  
Сол қария  
Астында қайтқан құстың  
Шынымен жан үзер ме,  
уа, дариға?!

Қайдасың ұрпақтар, кең пейіл,  
жарқын шырай ата қайда?  
Иіскеп маңдайыңнан,  
қол жайған адал,  
ізгі бата қайда?

Тыңдашы, құлақ түріп,  
тырналар неге сонша тыраулайды?  
Тізіліп дауыс айтқан,  
осыны жоқтау-жырдан бір аумайды [1, 128].

Сап түзеп өтіп бара жатқан тырналар мен өмірмен қоштасып жатқан қарияның ұрпағының да сап түзеуі баяндаушы үшін бір табиғи көрініс:

Ширығып өздері де абыр-сабыр,  
Шеп жайып болған еді дайындалып.  
Түгендеп кәрі тырна жүргендей  
Ұрпақтарын тізімге алып.  
Мүмкін ол келер жылы  
Сол жақта қалар бәлкім,  
Келмес қайтып!

Секілді

тап-таза кеңістікте

өсиетін жүрген айтып...

Сол ма екен жорықтарда айтылған жыр

Немесе сырнай үні толғатып

салтанатпен тартылған бір.

Сол үнге ең соңғы рет тебіреніп,

Кәрия оянар ма бір селт етіп?!

Жүрмесе болар еді-ау,

Сол үнмен жан рухы бірге кетіп.

Оралып өмір қайта,

шынымен ашқаны ма қайта көзін?!

Оны да байлады ма?!

Тағдыр – сезім?!

Ең ақтық дәрмені ме?

Қиналды-ау – ең соңғы рет кірпік талып!

Көз алмай қайтқан тырна суреттерін,

Жатқандай жанарына жазып алып,

Сол ма екен бұл дүниеден

ең қымбат

қимағаны,

таңдағаны [1,129].

Әдеби дастандағы өмір концептісі былай деп берілген:

Секілді

жүз жылғы өмір эпилогы

Сол ма екен

ең соңғы бір қармағаны?

Тырна емес, тізбегіме

Созылған кеңістікте бір ғасырдың?

Қосар ма сол тізбекке  
Қария өз тірлігі – ізгі асылын?  
Қозғалып кетті сонда зор калонна,  
Бейне бір керуендей  
жүгін артып;  
Дағдылы көш басшысы  
Жетелей жөнілгендей соза тартып.  
Біресе ол шумақталып,  
Біресе жалғыз түзу сызық болып;  
Немесе бұрыш жасап  
қақ ортадан  
Қатарын өзгертеді  
бұзып көріп [1, 129].

Сөзбен осындай сурет салғыш ақын тырналардың сап түзеуі  
жебе сияқты болып реттелуіне ерекше назар аударады:

Секілді  
бара жатқан  
Сұр жебе – ырғақтары ұшып алыс.  
Күмбірлеп  
көкейінен күй боп тарап,  
Қозғалып  
қоңыраулы тұрған дауыс.  
Барғанша көз ұшына  
Қарасы  
қанша өшіп,  
қанша жанды? [1, 130].

Ақын О. Айтанұлы адамның жанының денеден шығып кет-  
туін былай деп бейнелеген:

Инеден  
жіп суырып әкеткендей  
Суырып әкетер ме ғазиз жанды?! [1, 130].

Амал не?  
Құс емес қой адам жаны,  
Көктемде туған жерге қайта оралар!

Жүз жастағы қарияның көк сағымда ғайып болған тырналармен бірге үзілген өмірі қатар суреттелгені тегін емес екен. Баяндаушы шығарма соңында былай дейді:

Қария жүз жастағы,  
Осылай  
жүз бір жасқа айналғанда  
Үн-түнсіз қайтқан құспен бірге қайтып  
Қош айтты  
қадырменді бұл жалғанға.  
Бір ғасыр – жүз жыл жасап  
Арман не  
осыншалық өмір көрсе?!  
Менің де өлеңімнің арманы жоқ  
Көктемде қабіріме гүл боп өнсе [1, 130-131].

Өмір мен тырналар шеруі шығарманың негізгі басты кейіпкерлері болғандықтан соңында ақын былай дейді:

Салар ек сол дауысқа,  
Егер де құстар әнін бізде білсек!  
Азырақ пайыз табар ол да тыңдап,  
Толғатып бебеулеген бір келіншек!  
Бір тырна тырауласа,  
Бір сәби жаңа туып іңгәлаған  
Ұқтырар тіршілігін  
өз тілімен,

Ақыл тап, осы үндерді тыңдап адам!

Әдеби дастанның соңғы сөйлемдерінде ақын өзінің кәсібилік парызы асыл сөздің қасіреті туралы да айта кеткен:

Көктемнің хабаршысы –  
Тәңірдің осы бір әсем құсы  
Келгенде жыл-жыл сайын,  
Білініп тұрады ылғи  
Сусылдап қанатының асығысы.  
Оңай ма  
Ұшқан тырна музыкасын  
Түсіру  
Ақ қағазға қолмен сызып?

Отырар  
ақын сонда  
Ауыр оймен,  
өзінің ұйқастарын  
құс қып тізіп [1, 132].

Тырналар шеруі – өмір шеруі – асыл сөз шеруі деген үш ұғым шығармада осылай басты тақырып болып айқындала түседі.

О. Айтанұлының «Сәукеле» кітабындағы өлеңдерінің толғаулық сарыны басым. Бұл мәтіндердің басты ойлары: махаббат, адамның ғана басына түскен мұң сезімі, өлең – асыл сөз құдіреті. «Тас ілгек» өлеңінде ақын махаббат сезімін Мағжан Жұмабаевша суреттейді. 1957 жылы жазылған бұл өлеңде сезім мен нәпсі, сұлулық пен парасат сөз етілген:

Кім көріп қызықпасын көзі түсіп,  
Тұрса бір сұлу сурет – сезім пісіп.  
Қоздырып елітеді әсем камзол,  
Көрсетіп қуыршақтай белін қысып.  
Не деген тап-таза тән келісті еді,  
Топ-толық көкірегінің еңіс жері.  
Сол жер ғой бекітілген тас ілгекпен,  
Нәпсідей бекітілген бейістігі. [1, 134].

«...Ға» деп аталған өлеңде кезінде ақын Шәкәрім тұңғыш рет анықтап берген мұң сезімін асыл сөзбен былай түсіндіріп өтеді:

Киіктей ойнап қыраттан,  
Бұлдырап асқан армандай.  
Үзіліп қайда қалды екен  
Көңілдің жібі жалғанбай?!

Ақын үшін мұң жай қайғылы кейіпкер емес, ол да қиналып жүрген сезім екенін былай деп анықтап берген:

Ұзатқан қыздай жат жерге,  
Ботадай өзен жағалап.  
Жүр екен қайда сол мұңым  
Қанатын құстай сабалап? [1, 135].

Шәкәрімнің ойын дамытып әкеткен О. Айтанұлы мұңның жөнін тек көңіл біледі дейді:

Жетер ме әлде жетпес пе,  
Жете алса егер, дұғаның  
Құпия жатқан көңілде  
Хабарын қашан ұғармын?

«Қара өлеңім» (1958) атты өлеңінде О. Айтанұлы асыл сөз құдіретін былай деп өткен:

Ежелгі аңқау, момын, қара өлеңім,  
Томсарып тамыршыдай табар емін.  
Ыстығым аса қалса жалбызға орап,  
Тигізген тынысыма жылы демін [1, 135].

«Өзімнің атымнан» (1958) өлеңінде О. Айтанұлы өзінің ақындық парызы туралы былай деген:

Алтынмен апталған,  
Күміспен күптелген  
Атағым ақ сауыт, көтеріп келемін.  
Дұға боп қапталған  
Құпия тылсымдай  
Бабалар әруағын тірілтер өлеңім [1, 136].

Бабалар аманатын арқалаған ақын бұны өзінің басты ақындық парызы деп санайды.

Өз сөзім өз атым,  
Өз бейнем сондағы  
Әр дөңнің үстінде бір үлкен суретім.  
Мың қабат қазатын  
Мың сарай қазынам  
Қопарып көрсетем мен соның құдіретін.  
Көк аспан көрпелі,  
Көк орман перделі  
Кең дала көркінен көз алмай үңілген.  
Мен тарих ерке ұлы  
Мен сол жер адамы  
Сар дала бетімен сағымдай жүгірген.  
Қаһарман өлмесе,  
Қаһарман өсер ме



Кеудемде мың батпан солардың даңқы бар.  
Бір тарих тербелсе,  
Бір дастан басталар.

Әр түстің өзінің сәулеті, салты бар.

Әр қазақ ұлы бабалардың аманатын арқалауы қажет деген ой былай берілген:

Ұл туса топырақ,  
Ұл бойын өсірер  
Бабалар ізінің киелі мөрі өшпес.  
Гүл ексе атырап  
Нұр болып шашырап

Асыл сөз құдіреті өлең екені туралы ақын осы ретте де айта кеткен:

Лирика қанаты – махаббат мұқалмас,  
Мұң шалып тоздырмас бұлбұлдар тандайын.  
Бұл – уақыт санаты  
Кірленіп ескірмес  
Нақыштап ұстайын ғасырлар маңдайын.

Бұл өлеңде де О. Айтанұлы өзінің ақындық мақсатын былай деп нақтылайды:

Бабалар затынан,  
Даналар сөзімен  
Темірдей сенімім құйылып шыныққан.  
Өзімнің атымнан  
Өзімдік сезіммен  
Сіміріп жұтамын мөл-мөлдір тұнықтан [1, 137].

О. Айтанұлының «Өлеңім менің азабым» (1959) өлеңі Мұқағали Мақатаевтың сарынымен үндес:

– Өлеңім – менің азабым,  
Азабым өзі – өлеңім.  
Азап пенен рахат  
Қайсысыңа көнемін [1, 137].

Бірақ ақын асыл сөз ақынның еркінен тыс, Алла бұйыруымен азапшен берілетінін былай деп ұйғарған:

Өлеңсіз өткен бір күнім –  
Қиянатым сол күнгі.

Астына басып ақ тұман  
Өшіреді көркімді.  
Кедей қыздың жалаңаш  
Жыртығынан иығы –  
Көрініп тұрған секілді  
Жетпей оған қиығы.  
Бір күн өлең жазбасам  
Суырылып бір тісім,  
Тістей алмай жатқандай  
Ақ қағаздың қыртысын...  
Қиналамын тыпырлап  
Екі өкшеммен жер қазып;  
Тік тұрады төбе шашым  
Тұла бойым құлазып.  
Жамамасам мен егер  
Айғыз-айғыз болмас па ем;  
Қабығын алып қатырған  
Қысқы ағаштай тоңбас па ем.

Өлеңнің ақынның жүрегінен осындай азаппен шығатынын ақын соңғы сөйлемде нақтылай түскен. Ал шабыт келіп тұрғанда ақын:

Өзім-дағы ұқсаймын  
Инелікке жем құған  
Ескі көйлек аз емес,  
Тер иісін мен жуған.  
Амана болса араным  
Бәрін түгел обар ем.  
Бүтін тұрса төрт мүшем  
Шегірткедей қонар ем.

Ақындық Алла беретін сый екені туралы былай делінген:

Қаламаймын болуды  
Бөтелкедей бос тұрған.  
Қобызындай бақсының  
Құдай ғой соған қостырған.  
Өлеңім – менің азабым,  
Азабым өзі – өлеңім.

Рахатым менен аулақ жүр,  
Азабым саған көнемін [1, 138].

«Аспан өрнегі» (1961) табиғаттың аспан мен жер, бұлт пен кеңістік сөз етілген. Аспанның өрнегі деген ұғым нақтылана түскен. Ақынның қолданған теңеулері де ерекше. Мысалы: жаңбыр – қыз болып жерді оятады:

Төгілгенде кеңістікте өрнегі,  
Жігітіне көйлек тоқып бергелі –  
Еңкейеді сұлулары аспанның  
Қалқаланып жұқа торғын пердені.  
Киімі жоқ жер жалаңаш тәнімен  
Жатқанында айырылып бар сәнінен  
Оятады оны осылай қыз болып  
Жазғы жаңбыр сыңғырлаған әнімен.  
Ақын жауынды да әсемдеп көрсетеді:  
Тұрар сонда тау ынтығын үдетіп,  
Далаларды сағындырған жүдетіп,  
Тамылжытып төгеді сол сұлулар  
Сезімдерін сорғалаған жіп етіп.

Асыл жібек өрнегін ақын суреттеп былай деп берген:

Бар шығар-ау, оны талай көргенің,  
Қара бұлттың жасыл шашын өргенің.  
Жайып ұстап тұрғаныңда төбеңде  
Судыратып асыл жібек өрнегін

Ақын асыл сөзді қайдан тауып алуы мүмкін деген сауалға былай делінген:

Қандай жақсы дәл кезінде келгені,  
Жер бетіне киім тоқып бергені.  
Құп жарасап сымбатына таулардың  
Киілгенде өлшеп тіккен көйлегі.  
Қайда ақын қаламыңды қолыңа ал,  
Тітіркенбей табиғатқа жақын бар.  
Тұрғанда ұйып – сай-салада сол сурет,  
Дәл айнытпай өз өңімен жазып қал!

Яғни ақын маңайымыздағы табиғаттың құдіретті суреттерін көре білуге шақырады.

О. Айтанұлының «Жүзік» өлеңі Мағжанның әсерімен жазылғандай:

Күміс сырға, білезік,  
Шолпының баяу сыңғыры,  
Өтіп те кетті мың жылғы  
Теңге моншақ сылдыры [1, 147].

«Баяғыдағы бір елес» өлеңіндегі кейіпкер Пушкиннің, оның кейіпкері Татьяна мен Тамарамен тілдеседі:

Отырып екеуіміз сонда қатар,  
Беті ашық алдымызда Пушкин жатыр.  
Мөлтілдеп стаканда қою шарап,  
Әлсіреп ай сәулесі мұңға батар.  
Кітаптың арасында қалған солып,  
Ол кезде Татьяна бір гүл болып.  
Қараңғы монастырда Тамараны  
Құшақтап жатыр біреу құс боп қонып [1, 153-154].

«Қоңыр өлең» (1980) атты шығармада ақынның азабы былай деп суреттелген:

Алғашқы білінумен көктем қызуының  
Дымқыл тартқанда  
Дөң-жыралар аттай бусанып;  
Кеткен еді ақын  
Отар қой соңынан – !  
Қорамсағын бөктеріп –  
Эпитет, метафора –  
Жыр жебелерімен құрсанып [1, 160].

Ақын О. Айтанұлы өзінің кейіпкерлері мен оқырмандарын да есте сақтап отырады:

Тау мен тасты орнықты  
Ашық аспандай жайдары  
Кім ұмытар осы мінездерді,  
Бар қимыл  
Тіршілік  
Ынтамен, сезіммен ғана.  
Шопан әйел қос алдында  
Күн сап қарайды

Тілсіз түсініседі  
Қой ішінде әке мен бала...  
Жаным сүйеді  
Дәл осындай жандарды.  
Жазсам деймін  
Поэзияны  
                    қойдай қоңыр етіп!  
Көкейімде-ақ тұр бір образ,  
Сол қазақ –  
Қойшы туысым,  
Амал қанша суреттей  
                    алмаймын тілім жетіп [1, 162-163].

О. Айтанұлы метафора, теңеулері де өзіне ғана тән екені айқыны, мысалы: «Соңғы моншақ» (1980) өлеңіндегі:

«Январь, сәукелесі – соңғы моншақ»,  
«Қанша өлең қалды менен мұз боп қатып» [1, 163].

Осы өлеңінде ақын О. Айтанұлы өзі туралы былай дейді:

Мінекей түңгі сағат 0-ге жетті  
Мен күтіп отырмын ба таң намазын?  
Алдыма жайып қойып тұрсам ба екен  
Жаңа жыл – әппақ таза жайнамазын.  
Табиғат сәждесіне басымды иіп  
Боғданың теріскейі етегіне,  
Ып-ыстық тосайыншы пәк жүзімді,  
Тұр дайын мінәжатым өтелуге.  
Ең биік мұнарасы дауыстардың  
Осы жер аспанының төріндегі –  
Тезірек жеткізе гөр ізгі үнімді  
Сағынып қалған шығар елім мені [1, 164].

«Алтай сағынышы» өлеңінде Алтайдың табиғатын айта келе оның асыл ерлерін де ақын ерекше атап қадірлей біледі:

Армысың, он екі өзен байтақ Алтай,  
Шашақты қарағайлар жасыл жұрын.  
Ардақты Ақыт қажы Үлімжіұлы,  
Жазды екен қай қоныста асыл жырын?  
Отырып қайсы дөңде төбе билер

Болды екен қай қуыста ұлы жиын?  
Бейсенбі, Көкен айтып күймен билік,  
Қай күні шертті екен «Кеңес күйін»? [1, 170].

\*\*\*

Ойласам бар тарихты өткен-кеткен,  
Қарт Алтай, не көрмедің, не кешпедің.  
Болар ма сыйғызуға бір өлеңге

Шұбырған сол жылдардың елестерін? [1, 172].

Ел тарихы – жер тарихымен тікелей байланысы екені осы ретте нақтылана түседі. Атамекені туралы ақын былай деп ағынан жарылады:

Қашанда есімдесің атамекен  
Мәңгілік борыштымын Алтай елім!  
Сәлемім ең алғашқы саған берген,  
Ұлытау, айдынды өзен, шалқар көлім!

«Осы таулар менің тауларым» (1984) өлеңінде ақын тауға қазаққа тән ерекше теңеу береді:

Атамыздан қалған ақ сауыттай  
Осы таулар – менің тауларым.  
Жантайып жатамын кейде  
Жатқандай бір жолаушы  
Басына жастап  
Алтын-күміс асыл қазыналарын.  
Айтпаймын ешкімге  
Неңдей сыр жатқанын  
Терең сай, адыр, қырларыңда.  
Осы таулар – менің тауларым,  
Майлы сүрі жамбас секілді  
Бір құпты қол мейіздей баптаған.  
Көктемге – сый қонағына арнап  
Тарих – кемпір кебежесінде сақтаған [1, 182].

«Жаңбыр не айтады» өлеңінде ақын жаңбырмен диалогқа түседі.

Жаңбыр не айтады?  
Тарқатып арқауын  
Төккенде өрнегін

Тек қана естимін,  
Ұқпаймын бірақ та  
Сөз емес пенденің.  
Жаңбыр не айтады?  
Сұлудың назы ма,  
Яки бір құпия  
Тәңірінің сөзі ме?  
Әйтеуір білмеймін,  
Сыбырлап жатады  
Сыңғырлап сезімге.

О. Айтанұлы жоғарыда келтірілген өлеңдеріндегі адам көңілі туралы ойын былай дамыта түседі:

Мүмкін ол шертiлген  
Көңiлдiң күйi ме,  
Музыка тiлiнiң  
Ең нәзiк қылымен?  
Есiтiлiп тұрады  
Тап-таза күлкiсi  
Тұп-тұнық үнiнен.  
Жаңбыр не айтады?  
Кеп тұрмын қасыңа,  
Тыңда да қара жер,  
Жаңбыр не айтады  
Бiлсең сен, айтып бер? [1, 190].

«Мен ашқарақпын өмiрге» (1985) өлеңiнде О. Айтанұлы тура Мұқағалиша ағынан жарылады.

Мен ашқарақпын өмiрге,  
Табиғат, сенi бiтеудей жұтып,  
Отырамын әрi-берi  
Кiм екендiгiмдi ұмытып.

\*\*\*

Мен адаммын,  
Жүйрiк атпын.  
Табиғат,  
Саған Мен осылай тiл қатып,

(Өмір!

Өмір! Тоқтамайсың-ақ).

Мен келемін, мен сенің соңыңнан келемін

Күндіз жортып

Түнде түн қатып [1, 191].

Бұл мотив «Тау» (1985) өлеңінде де жалғасқан:

Мен тау адамымын,

Тау басының ызғары бар менде.

Жататын онда

Қабат, қабат көк мұздар

Жібімей-ақ кеудемде.

Қырлы тастардай өткір

Поэзиям менің.

Бірақ ақын өзіне баға беруде әділдікке жүгінеді:

Тау! Тау!

Нағыз тау осы

Маған арман болған.

Басы – мұз.

Етегі орманға толған

Мен тау ақынымын.

Жаза алмай-ақ келемін бірақ.

Нағыз тау өлеңін.

Бояуы келіспей жүр ғой

Бояуы келіссе – аяр дейсің кім өз өнерін?! [1, 192].

О. Айтанұлының «Жер, бұлт, жел» өлеңін лирикалық проза деп әбден атауға лайық. «Жер аттары» деп басталатын монологқа автордың тікелей қатысы бар:

Жер айтады бұлтқа қарап:

Суретшінің бояуынан

Есеңгіреп жатырмын.

Бұлт айтады жерге еңкейіп:

Құшағыңды аш келіп тұрмын

Сезімімен ақынның [1, 198].

О. Айтанұлы өзінің басты тақырыбы ата-баба аманатын естен шығарған емес:



Арманым – осы.  
Айтар өзі табиғат өз арманын.  
Екеуіміз қосылып–  
Туған жер,  
Оятайық осында  
Ата-баба әруағын [1, 205].

«Билеп жүр бір сәукеле» (1981) өлеңінде сәукеле ақын үшін тек бас киім емес, ол махаббат дулығасы:

Билеп жүр бір сәукеле  
Көкпеңбек көк жайлаудың алабында,  
Қонғандай бір көбелек  
Тап-таза табиғаттың табағына.

\*\*\*

Билеп жүр бір сәукеле  
Сола ма екен лала гүлі?  
Құбылтып көрсеткендей  
Алтын зер қауашағын –  
Сән моншағын.  
Емес пе осы мұра  
Баяғы Жібек киген,  
Баян киген?  
Билеші жайлауымның биші қызы,  
Өкшесі әрең ғана жерге тиген.

\*\*\*

Қарашы, сәукелеме,  
Дулыға ма?  
Мүмкін бұл махаббаттың дулығасы,  
Қалдырған талай қызды оқтан сақтап,  
Қабыл боп ақындардың жыр – дұғасы.  
Билеп жүр бір сәукеле,  
Төгіліп әшекейі етегінен.  
Секілді жасыл ала бір көбелек  
Жеп-жеңіл салмағымен көтерілген [1, 233].

Бірде дулыға болған сәукеле енді бірде ақын үшін сұлулық пен махаббат тәжі:

Білмеймін сәукеле ме,  
Алтын тәж бе?  
Әлде бұл алтын тәжі сұлулықтың.  
Алдында осы тәждің  
Бар біткен патша тәжі  
Бекер-ақ екенсің ғой енді ұқтым.  
Билей бер, билей берші,  
Қыпшы бел биші қызы қазағымның!  
Жатқандай осы биде  
Мың жылғы махаббаты  
Таза мұңның.  
Егер де патша болсаң,  
Патшалық бар даңқымды талақ қылып;  
Тастар ем басымдағы алтын тәжді  
Астына аяғыңның лақтырып.

«Жасыл көйлек» (1988) дастанында ақын жасыл түске ерекше мән береді:

Жас жапырақ, жасыл көйлек –  
Бірі ыстық, бірі салқын,  
Қайтарады  
Ыстығымды салқыны.  
Тайталасып  
Екі жасыл бетінде  
Бір сөнеді, бір өшеді  
Жұлдыздардың жарқылы [1, 236].

Жасыл жалау секілденген  
Тістеп ұшқан сондағы оның  
Кеңістікте көлбетіп,  
Бір тал жасыл  
Зәйтүн ағашы жапырағын  
Келеміз ғой әлі күнге  
Біз оны –  
Күллі адамзат  
Тыныштыққа белгі етіп.  
Сол бояу ғой – жасыл бояу,

Бар бояудан бағалы  
Кім сүймейді  
Келе жатып теңізде  
Көрінген алдан  
Жап-жасыл жиек жағаны.  
Тұрса егер жер шарын  
Осы бояу  
Орап жұқа сағымдай.  
Кім өзінің  
Көкорай шалғын көк жылғасын  
Тұрар дейсің сағынбай  
Кеңістікте ләйліп жүріп  
Салмағы жоқ адам,  
О да неге сағынбасын  
Алыстағы жасыл шарды.  
Сол секілді құмда жатып  
Мен де неге сағынбайын.  
Көк жайлауда ғайып болған

\*\*\*

Көк көйлекті асыл жарды.  
Аты еді өлеңімнің  
«Жасыл көйлек»,  
Қандай рас болса егер де  
Бетте жатқан жасыл арша,  
Сондай рас  
Күнә ма екен қағаз бетін  
    ұйқасқа сап  
Сол жасылмен бояса?!

Табиғат, өмір, өлең, жасыл деген ақын үшін адам жанының  
түсі де жасыл екен:

Көк сияны баттастырып  
Жағып жатты  
«Жын-шайтанның» ақ бетіне.  
Мен де іліндім ақын болып,  
Сол атақтың құрметіне.

Жай сөз емес, қара жазу  
Түскен анық ақ қағазға;  
Көк лирика,  
Жасыл жалау көтеріп,  
Жылтылдатсам  
Жасыл отын жын-шайтанның  
Ойлаңдаршы,  
Бір адамға бұл күнә аз ба?! [1, 241-242].

Ажалдың түсі ақын үшін келесіндей боп көрінген:

Ажалға біткен «жасыл көйлек» –  
Лирикасы ақынның  
Шыға кепті  
Сол өпшіннің ішінен,  
Бұрышталып бүктелген  
Қолымен әйел затының  
Депті сонда:  
– Мынау өзі  
Өлең емес, апиын.  
Сары аурудай  
Аты мұның сары өлең.  
– Тамған удай  
Жыланның қара тілінен  
Ол тиген жерді  
Тастау керек  
Кесіп алып денеден.

Бірақ жасыл түстің ерекшелігі осы ретте былай делінген:

Қолына жасыл ту алып.  
Қуанышқа да,  
Қайғыға да жол ашқан  
Жасыл шырақ –  
Жасыл жалау сол еді.  
Тыныштал ақын,  
Жойылмас мәңгі жасыл жыр –  
Табиғат нілі  
Бояу боп жұққан сезімге  
Разы бол сен дағы,

Жасыл шар,  
Махаббат кетіп,  
Жасылың қалды өзінде [1, 262].

О. Айтанұлының «Қорқыт» (поэмадан фрагменттер) дастанында атақты дала абызының киелі істері суреттелген:

Нысан абыздан мың жыл бұрын  
Кім екен иесі сол қобыздың,  
Ата болған кезінде  
    қайсы ұрпағына оғыздың  
Иір ағаштың бітеу тошыны  
Неңдей сиқырмен  
Музыка болып өзгерген.  
Қайсы тұлпардың қыл құйрығы –  
Қандай саусаққа  
    тіл бітіріп сөз берген.

Қорқыт бабаның ең басты мақсаты былай деп сөз етілген:

Көмейден қайырып кейде  
Көрсетеді хикметін  
Килі сарын,  
Қозғайды адамзаттың ең алғашқы,  
Ең таза ізгі армандарын.  
Елім!  
Жұртым аман болар ма –  
Дәл осылай зарлап  
Диуаналар жалаң аяқ қобыз арқалап  
Түнейді  
Ескі молаларға.  
Не жаманы тұр: өкпе жүрегін өзінің қолына алып,  
Тілек тілеп ел ақтаса, ұшық салып.  
Қорқыт ата қолдай көр  
Ажалға қарсы тұрып  
Талай-талай алдашыны  
Бетін қайтарған  
Күй сазымен ұрып.  
Музыканың күші –  
Өмір жатыр

Оның әрбір ырғақ,  
Әр екпіні бояуында.  
Өлімге емес,  
Шақырады ол масыл ұйқыдан оянуға.  
Кетіп жатыр тұс-тұсқа  
Сыр-Дария үстінде,  
Осы күй – жыр.  
Кез келген шөңет, иіндерде  
Қатықтай ұйып кілкіп тұр.  
Айтпақ болады  
Арал теңізін гректердің  
Егей теңізіне теңестіріп,  
Онда да болған бір күй сазы  
Тұрғандай сол саз  
Әлі естіліп [1, 265-266].

«Табиғат философиясы» дастаны былай деп басталған:

– Табиғат көрпесінің салқын астары,  
Тіршілік төсегін тоздырмай бүркеген.  
Шегіртке сирағы сарғайып бүктеледі,  
Қанша жыл жоғалмай топырақ мүлкінен,  
Аққу қанатын теңізде көтерсе,  
Қиял кітабының тағы бір ақ беті ашылар!  
Бір жұлдыз сөнгені – бір шыбын өмірі,  
Мың жұлдыз дүниеге нұр болып шашырар!

Поэмада саясат, қоғам, ғалам мен мәңгілік, адам баласының әрекеттері былай деп берілген:

1. Жер өзі үлкен клетка,
2. Табиғат мазмұны – адамның ақылы,

Өмірдің мәні туралы ақын былай деген:

Дүние тарихы – өзгеру тарихы,  
Тіршілік – материал.  
Өнеді, өседі,  
Жаңалық – заманның бір мықты жігіті,  
Ескілік қирайды,  
Өледі, өшеді!

Омарғазы Айтанұлының ақындық әлеміне жасалған талдаудың негізінде қазақ поэзиясына қосылған асыл сөз үлгісі бар екеніне көзіміз жетті.

## СЕРІК ҚАПШЫҚБАЙҰЛЫ

Қазақ әдебиеті атты алып бәйтеректің бір бұтағы болып саналатын шетелдердегі қазақ әдебиеті ұлттық руханиятымыздың бір бөлшегі. Әртүрлі тарихи себептерге байланысты, Қазақстаннан тыс өмір сүріп жатқан қандастарымыздың төл әдебиетіміз бен жалпы ұлттық мәдениетімізге қосып келе жатқан үлестері өте зор.

Қытайдағы қандастарымыздың қазақ әдебиетіне (поэзия, проза, драматургия) қосып жатқан үлестері ұшан теңіз, олардың әдеби тыныс-тіршілігін зерттеу, ғылыми айналымға енгізіп, ұлттық әдебиеттану ғылымындағы алар орнын айқындау халқымыздың рухани игілігінің еселену жолында атқарылып жатқан мерейлі іс деп білеміз.

Еліміз Тәуелсіздігін алған соң мемлекет тарапынан шетелдерде тұрып жатқан қазақ қандастарымыздың рухани, әлеуметтік, мәдени, әдеби мәселелерін көтеретін салиқалы бағдарламалар жасалынып, маңызды іс-шаралар атқарылуда. Көшіқон бағдарламасын айтпағанның өзінде әрбір елдердегі қазақ диаспораларының рухани, мәдени, әдеби құндылықтарын зерттеу мақсатында түрлі экспедициялар ұйымдастырылып, жұмыс жасауда. Осылардың барлығы қазақ руханияты көкжиегінің кеңеюі үшін атқарылып жатқан шаралар деп білеміз. Сол себепті Қытайдағы қазақ әдебиетін зерттеп, зерделеу бүгінгі күннің басты талаптарының бірі.

Әдебиет зерттеуші Т. Дәуітұлы: «Қоныстанған жер көлемі мен адам саны жағынан ауқымды болып есептелетін Қытайдағы қазақ әдебиеті жеке қарастыруды қажет ететін үлкен мұра болып саналады. Бұл әдеби мұра басқа шетелдердегі қазақ әдебиетінің түп қазығы, қайнар көзі десек артық айтқандық болмас» [1, 3-4] – деп қазақ әдебиетінің негізгі арналарының бірі болып саналатын Қытайдағы қазақ әдебиетін зерттеудің маңыздылығын атап өтеді. Қазақ әдебиетінің құрамдас бір бөлігі болып саналатын Қытайдағы қазақ әдебиеті өкілдерінің өмірі мен шығармашылықтарын зерделеп, ғылыми айналымға енгізу бүгінгі ұлттық әдебиеттану ғылымының күн тәртібінде тұр-



ған негізгі мәселелердің бірі. Т. Кәкішев [2], Т. Тебегенов [3], З. Сейітжанов [4], Ә. Дәулетхан [5], Т. Рыскелдиев [6], Е. Әбікенұлы [7] т.б зерттеушілер Қытайдағы қазақ әдебиетінің жай-күйін зерделеген еңбектері мен мақалаларын жариялап, аталмыш тақырыптың өзектілігін көтерген еді. Қытайдағы қазақ әдебиетін зерттеудің қажеттілігін сөз еткен зерттеушілер ұлттық әдебиет пен әдебиеттану ғылымының негізгі бір саласы – шет елдердегі қазақ әдебиеті өкілдерінің шығармашылығын жинау, зерттеу, жариялау отандық әдебиеттану ғылымы алдында тұрған келелі мәселелердің бірі екенін атап көрсетеді. Бұл сөзімізге мына ғылыми мәні бар тұжырым дәлел болады: «Шетелдегі қазақ әдебиеті – әдебиеттану ғылымында, әдебиет тарихы аясында көркемдік негіздері жөнінен де әлеуметтік-тарихи мәні жөнінен де жан-жақты қарастырылатын тың дүние» [1, 4].

Тәуелсіздік таңы атқан, азаттыққа қолы жеткен, егемендігімен еңсесі көтерілген бүгінгі қазақ елінің руханият құндылығын жаңаша көзқарас тұрғысынан пайымдау, ұлттық болмыс, ұлттық сипатпен бірлік контекстінде сараптау мәселесі қазіргі жаңа заманның қойып отырған талаптары. Сол себепті, ұлттық құндылықтарымызды жаңаша көзқарас негізінде зерделеу бүгінгі ұрпақтың алдында тұрған негізгі міндеттердің бірі.

Елбасы, сарабал саясатшы Н. Назарбаев 2014 жылы Қазақстан халқына жолдаған кезекті жолдауында: «...Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – Мәңгілік Ел идеясы. Ендігі ұрпақ – Мәңгілік Қазақтың Перзенті. Ендеше, Қазақ Елінің Ұлттық Идеясы – Мәңгілік Ел!» деп, бүгінгі және келешек жас ұрпақ өкілдеріне сенім арта сөзін арнаған еді. Ұлттық руханиятымызды, құндылықтарымызды Елбасымыз белгілеп берген «Мәңгілік Ел» идеясымен сабақтастыра отыра, осы идеяны негізгі темірқазық ретінде ұстана отыра парасатпен пайымдау бүгінгі күннің негізгі талаптарының бірі. Сол себепті ұлттық болмысымыздың, сипатымыздың бір көрсеткіші болып табылатын руханиятымыздың бір бөлшегі, сіз бен біз қызмет етіп келе жатқан ұлттық әдебиетіміз бен ғылымымыз.

Ұлттық құндылық мәселесі сан ғасырлар қойнауынан тамыр тартып, бүгінгі күнге дейін қазақ халқының күн тәртібінен түспей келе жатқан, мәңгілікке бағыт алған өзекті тақырыптың бірі.

Тарих санхансында ғұмыр кешкен бабаларымыздан бастау алған бұл қастерлі ұғымның шын мәнінде жүзеге асуына азаматтық, перзенттік, қайраткерлік үлестерін қосқан, қосып келе жатқан тұлғаларымыз жетерлік.

Тарихи Отанынан жырақта жүрсе де қазақ әдебиетіне өзіндік үлестерін қосып жүрген ақын-жазушылардың туындылары ұлттық құндылықтарға құндақталып, ұлттық рухты шығармаларының өзегіне айналдыруымен құнды және осы қасиеттерімен үлгі. Бүгінгі таңда өзінің өміршең, отты жырларымен қалың оқырманын қуантып жүрген талантты аға буын ақындардың бірі – Серік Қапшықбайұлы.

Серік Қапшықбайұлы – 1934 жылы Қытай Халық Республикасында дүниеге келген. 1956 жылы Шыңжаң институтының тіл-әдебиеті факультетін тамамдаған. Еңбек жолын «Шыңжаң оқу-ағарту» журналында бастап, 1957 жылы елде жүргізілген «Іс-тіл дұрыстау» қозғалысында «ұлтшыл» атанып, 1979 жылға дейін қуғын-сүргінге ұшырайды. 80 жылдардың аяғы мен 90 жылдардың басында «Тарбағатай» журналының бас редакторы қызметін атқарады. 1994 жылы тарихи Отаны, атамекені Қазақстанға қоныс аударады. Бірнеше жыр жинақтары мен прозалық шығармалардың авторы. 1986 жылы «Жылдар арасында» атты таңдамалы өлеңдер жинағы үшін Қытай Халық Республикасының Мемлекеттік сыйлығы берілген. «Тас», «Жылқы ішінде ала жүр», «Жоқ», «Күншығыс», «Жер басып жүргендер», «Бала», «Салмақ түскенде» атты т.б. еңбектердің авторы. Қазақстанға оралғаннан кейін бес рет халықаралық ақындар мүшәйрасының бас бәйгесін иеленген. «Қазақстан Тәуелсіздігіне 10 жыл» медалімен марапатталған.

Атажұртына қоныс аударған арқалы ақын С. Қапшықбайұлының поэзиясы зерттеуді қажет ететін руханият құндылығы. Тақырыбының әр алуандығы, идеясының тереңдігі, көркемдік ерекшелігінің ешкімге ұқсамайтындығы, өлең құрылысының

әртектілігі тәрізді өзіне ғана тән сара жолы бар ақындық қасиеттің жемістері деп білеміз. Аталмыш ақын туындыларының поэтикалық қарымы жайында халық жазушысы Қ. Жұмаділов: «Жалпы Серіктің өлеңдері шығар жауабын әркім білетін есептің «төрт амалы» емес. Поэтикалық ойдың жоғары математикасы, осы бағыттың ірі өкілдерінің бірі» [9, 5], – деп айрықша баға берген.

Қазақ халқының елдігіне, жалпы руханиятына қатысты дүниелердің жаңарып, жаңғыруы еңселі егемендігіміздің арқасында қолжеткізген жемісті жетістігіміздің нәтижесі деп білеміз. Бүгінгі күнде азат елдің өмір жолының бүгіні, ертеңі игілікке, жақсылыққа толы мақсаттармен бағдарланып, кемел келешекке қадам басып келеді. Өшкен діліміз, жоғалған тіліміз, санамыз, ұлттық құндылықты дәріптейтін салт-дәстүрімізбен қайта қауышып, рухани жаңғыру жолымен өркениетке талпынып келе жатқанымызды ешкім де жоққа шығара алмайды. Ұлтымызға тән игілікті иеліктеріміздің қайта оралуы «тар жол тайғақ кешулерден» өте отырып қол жеткізген қасиетті Тәуелсіздігіміздің жемісі еді. Сол себепті ақын С. Қапшықбайұлының поэзиялық туындыларын зерделегенде еліміздің егемендігін, азаттығын дәріптейтін «Тәуелсіздік» атты өлеңінен бастағанды жөн санап отырмыз. Бұл тақырыпқа қалам тербеген ақын-жазушылар жоқтың қасы. С. Қапшықбайұлы да тәуелсіздік тақырыбын өз жырына арқау етіп, туындыларының негізгі темірқазығына айналдырып отырған.

«Тәуелсіздік» деп аталатын өлеңін:

Менікі ме түн мына?

Менікі ме құба таң?

Менікі ме құбыла?

Менікі ме бұл Отан? [9, 27] –

деп риторикалық сұрақ қоя отыра бодандықтың қамытын киген ұлттың тағдырын жырына арқау етеді.

Тағдырым тар, бұралаң,

Бұға жүрдім, қорғалап... [9, 27] –

деген жыр жолдарында өзгеге тәуелді болған тағдырдың қандай күй кешкенін, жүрер жолы, барар бағытының тұманды

екенін тілге тиек етіп, «бұғып», «қорғалақтап» жүрген өзіндік үні, пікірі жоқ адамның психологиясын жырына арқау еткен. Бұл өлең екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде өзгеге бағынышты болған ел тағдыры, адам ғұмырының азаттықты аңсауы негізгі тақырып болса, екінші бөлімде егемендікке қолы жеткен азат ел мен шаттыққа бөленіп, өзінің несібесі өзіне бұйырып, бұрын өзгенің иелігінде болған игіліктеріне қолы жеткен адамның шат-шадыман күйін суреттейді. Бөтеннің бауырында болған игіліктерін тұғырлы тәуелсіздіктің арқасында «менікі» деп қуанышпен айта алатын күнге жеткенін жырына арқау етеді.

Менікі ме түн мына?

Менікі ме құба таң?

Менікі ме құбыла?

Менікі ме бұл Отан? [9, 27-б.] –

деп күмілжи, жасқана, сауалмен басталатын он үш шумақты өлең жолын

Менікі ғой түн мына!

Менікі ғой құба таң!

Менікі ғой құбыла!

Менікі ғой бұл Отан! [9, 28],

– деп қуанышпен, батылдықпен, пафоспен аяқтайды. Еңселі егемендігіміз арқылы жеткен руханият құндылығын ақын өз жырларына әрдайым арқау етіп отырады.

Қазақ поэзиясынан өзіндік өрнегімен орын алған ақынның туындыларынан ұлттық рух, ұлттық құндылық, ұлттық дәстүр сынды қасиеттерді көптеп кездестіреміз. С. Қапшықбайұлы мазмұнды төл шығармалары арқылы қазақ халқының ұлттық қасиетін, салт-дәстүрін, ұлттық мінезін, ұлттық сипатын әрдайым насихаттап отыратын ұлтжанды ақын. «Ұлттық колорит – қайсы бір өнердің болсын келбетін мүсіндеп, көркін ашар, оған шытынамас берік ұстын, ұзақ ғұмыр сыйлар қасиет. Ол поэзияда ақынның мінезі мен тілдік қорынан, жырламақ объектісін таңдап-талғауы мен көру ерекшелігінен құрала келіп, айқын сипатқа ие болады. Туған халқының атынан сөйлеуге толық қақысы бар тұлғалы қаламгерді дүниеге әкелетін де, оның дара болмысын, өзге әдебиеттегі өз тұрғыластары арасындағы

орнын сезіндіретін де осы» [8, 139], – деген ғылыми мәні зор тұжырым С. Қапшықбайұлының ақындық ұстанымына бағытталып айтылғандай. Ақынның ұлттық қасиетімізді, салт-дәстүрімізді арқау еткен жырлары өте көп. Солардың бірі «Түрт, түрт» өлеңі. Ақын бұл өлеңінде тоталитарлық әміршіл-әкімшіл жүйенің тарапынан тыйым салынып, тоқтатылып, тәуелсіздіктен кейін ұлтымызбен қайта қауышқан – Наурыздың халық арасындағы қадір-қасиетін тілге тиек етеді.

Наурыздың күні бұл:  
Бөктер мынау – бұлғары.  
Тау көкала, буырыл...

Дір ете қап әз ғалам...  
Әз ғаламды бір ауық,  
Кім болды екен қозғаған? [9, 23].

Қазақ халқының ұғымында Наурыз айында күн мен түн теңеліп, жаңаша күн басталатын кезең. Бүкіл ғалам ерекше бір күйге еніп, жер бусанып, табиғат ананың құлпыратын шағы да осы наурыз айы. С. Қапшықбайұлының қазақы дәстүрді осы жаңа күнмен, жаңа жылмен байланыстыруы да сондықтан. Ақын осы дәстүрді жыр бойына арқау ете отырып, біраз уақытқа дейін үзіліп тойланбай кеткен салт-дәстүрді қайта жаңғыртып отыр. Өлең мазмұнынан наурыз айының ерекше қасиетін танысың. Ұзақ уақыт бойы жатып алған мазасыз қыс мезгілінің де бітер сәті, шуақты күн нұрына бөленген атыраптың айнала жасыл желекке малынуы да адам жанын жадыратып, ерекше бір күйге бөлейді. Бұл көріністерді де ақын өлең бойында бейнелі сөздермен өрнектей білген. «Бөктер мынау – бұлғары», «Тау көкала, буырыл», «Терісін жел тістелей...», «Дір ете қап әз ғалам» деген суретті жолдарда қыс мезгілінің кетуін, қардың еріп, қақаған қыстың жылы шуақты күнге айналуын бейнелесе, «Әз ғаламды бір ауық, Кім болды екен қозғаған?» деген тармағынан көктем мезгілімен келген жаңа жыл, жаңа күннің қуанышын танимыз. Салт-дәстүрді жаңғырта жырлауда шеберлік танытқан ақынның өлең соңын түйіндеуі де ерекше.

Бүлткіп-ақ тұр бүйірім.

Жаман еместігі ғой,

Бүйірімнің күйінің!? [9, 23]

– деп наурыз айында болатын табиғаттың өзгерістерін өзінің көңіл-күйімен байланыстыра түйіндейді. Өлең мазмұнынан наурыз айының ерекше қасиетін танысың. Ұзақ уақыт бойы жатып алған мазасыз қыс мезгілінің де бітер сәті, шуақты күн нұрына бөленген атыраптың айнала жасыл желекке малынуы да адам жанын жадыратып, ерекше бір күйге бөлейді. Жасыл-желекке көмкерілген айналаның әсері де ақынның шаттыққа бөленген күйіне әсер еткендігі байқалады. Сөйтіп шалқар шабыттың нәтижесінде суретті өлең дүниеге келеді. Жырлары ұлттық мінез, ұлттық бейне, ұлттық психология сияқты қасиеттерге толы ақынның ұлтжанды жүрегі әрдайым туған халқының қуанышымен бірге соғады.

Ақын «Бөрілер» атты өлеңінде ұлттық ерекшеліктің бір көрінісі іспетті мінез табиғатын сипаттайды. Ол қасиет қуанышта да, қайғыда да басына түскен ауыртпалықты қайыспай көтере білетін – қайсарлығы. Ақын осы қасиетті:

Лебізімнен ылғи бір –

Тірлік желі есулі [9, 42],

– деп өмірге деген құштарлық, тағдырдың қиыншылығына қарсы тұра алар қайсар мінезді өлеңіне арқау етеді. Лирикалық кейіпкердің «лебізінен ескен тірлік желі» тек белгілі бір уақыт мөлшерімен өлшеніп қана қоймайды. Кейіпкер аузына «...ылғи...есулі», деп сөз сала отырып оның табандылығын көрсетеді. Бұл өлең жолдарынан бірнеше игі ойлар мен көркем мінез табиғатын танимыз. Өмір құбылыстары, тағдыр заңдылықтары бір орында тұрмайтын ағымдағы процесс екені белгілі. Өмір баспалдақтарымен қадам басқан адамның ғұмыр жолы тек қана даңғыл жолға құрылмайтыны белгілі. Қуанышы мен күйініші, жақсылығы мен жамандығы, бейнеті мен зейнеті қатар жүретін қарама-қайшылықтардан тұратын тіршілік жолымен әрбір адам әртүрлі жүріп өтетіні белгілі. Біреулері пессимистік сарынға бой алдырып, декаденттік өмір жолын ұстанса, енді біреулері оптимистік күш-жігер мен қажырлыққа негіздел-

ген мінез-құлықымен табандылық таныта отыра ғұмыр жолында кездескен қиындық кедергілерінен сүрінбей жүріп өтетіні ақиқат. Екінші «жолдың жолаушылары» ақын жырына нысан болған, жүректерінен «тірлік желі ескен» қайсарлар тобы. С. Қапшықбайұлы «Бөрілер» атты өлеңінде қайсар қазақтың табанды мінезін бөріні деталь ретінде пайдалана отырып, параллелизм әдісімен шебер бере білген.

Ақын ниетін, адал пейілін «Жүрегім» өлеңінен де байқауға болады. «Ұлтымның өз жанында, жүреді ойым, жарбаңдап» деген өлең жолдарында үлкен азаматтық үн жатыр. Ұлттық құндылық, ұлттық мұрат, ұлттық мүддені жүрегімен түйсініп, ақындық ұстанымына айналдырып, жырларының негізгі темірқазығына арқау еткен С. Қапшықбайұлы қашанда ұлттық руханият игілігі үшін қызмет етіп келе жатқан ақын.

С. Қапшықбайұлының әрбір өлеңдерін алып қарайтын болсақ, әрбір туындыларында қазаққа тән ұлттық мінезді, ұлттық қасиетті ашып беріп отырады. Қазақ халқына әдептілік, ұяңдық, қарапайымдылық, кеңпейілдік, намысшылдық т.б. мінез-құлық қасиеттері өлеңдеріндегі кейіпкерлердің характерлері, монолог, диалогтары арқылы көрінеді.

Халық мінезінде өрлік, еркіндік қасиет бар. Ақын осы мінез табиғатын «Жұлдыз» атты өлеңінде тамаша көрсете білген.

Күш,  
Ерлік  
Болсын-ай,  
Өмірге жетерлік! [9, 96],

– деп ер мінезді қазақтың бейбіт өмірдегі ерлігін дәріптейді.

Ерлігін өрлігім деп санайтын қазақ қашанда ар-намысын бәрінен жоғары қояды. Ар-намыс жолында адамгершілігін ту ете отырып елге қызмет ету мәселесін әрдайым көтеріп отырады.

«Алатау» атты өлеңінде өр намысыңды, қажыр-қайратыңды, білім-білігіңді қолдана отырып өзіңе жүктелген абыройлы әрі негізгі міндет – халқыңа қызмет ету деген ойды жеткізеді. Тауды деталь ретінде ала отырып, оның биіктігін адам мінезіндегі өрлікпен байланыстырып, ұлттық намыстың иесі болуға да шақырады.

Міне ғажап,  
Кетпес оған ештемең.  
Алла саған – жойқын міндет  
Жүктеген [9, 168],

– деп лирикалық кейіпкермен сырласу арқылы оқырманын әрбір атқарған қызметің туған еліңе, жеріңе арналуы керек деген мақсатты жолға шақырады. Бұл өлеңін де параллелизм әдісін қолдана отырып астармен жазған.

Ақынның халқымыздың бойындағы асыл қасиеттерді өлең жолдарында тылсым табиғатпен байланыстыра жырлауы да сәтті өрнектелген. Қазақтың бойындағы бар асыл қасиет табиғат анамен астасып жатқандай. Ақын табиғат пен адам өмірінен осындай ұқсастық табады. Халқымызға табиғат-ананың тағы бір тарту еткен сыйы – халқының ашық-жарқын жомарт мінезділігін, суырып салма айтыскер ақындығын, ер жүректі батырлығымен қоса жас баладай аңқаулығын да жыр жолдарында тамаша бейнелеген. Қазақ халқының бойына біткен мінезі табиғатпен, оның ерекшелігімен тығыз байланысты. Ақын өлеңдерінде суретті сөзбен бейнеленген кең даладай дархандық, таза көлдей мөлдірлік, самал желдей еркелік, күн нұрындай қуаныш, тіпті, қайтпас қайсарлық дархан да ер қазақ мінезіне тән қасиеттер. Қазақтың бойындағы бар асыл қасиет табиғат анамен астасып жатқандай. Ақын табиғат пен адам өмірінен осындай ұқсастық табады. Халқымызға табиғат-ананың тағы бір тарту еткен сыйы – халқының ашық-жарқын жомарт мінезділігін, суырып салма айтыскер ақындығын, ер жүректі батырлығы мен қоса жас баладай аңқаулығын да жыр жолдарында тамаша бейнелеген. Өлең жолдарында ырғақ пен ұйқас астарласып, өте әдемі өрілген.

Сахарадай кең пейілді халықтың кең даланы қимауы да жарасымды. Табиғаттағы бар әсемдік, сұлулық қазақтың бойынан табылғандай. Сонымен қатар ақын қазақ халқының өр мінезділігін де жыр жолдарында әдемі суреттейді. Ұлттық дәстүр, ұлттық қасиет ақын бойына қазақы тіршіліктің, салт-дәстүрдің қасиетін сіңіреді.



Поэзия әлемінде әр ақын стиль ерекшелігімен, ырғақ, ұйқас өрімімен, өзіндік соны соқпақтарымен ерекшеленеді. Әр ақынның өзіндік қолтаңбасы қалыптасқан. Өйткені әр ақынға өзінің жүріп өткен өмір жолы, «тар жол, тайғақ кешуі», мұңы, сыры, туған топырағы әсер етеді. Туған жердің әрбір тасы, орман, су, тоғайлары, үп еткен самалы, жусанды белі, ерке желі, бораны мен құйыны, бәрі-бәрі ақынның көкірек көзінен қағыс қалмайды. Шашасына шаң жұқпаған шынайы талант иелері сөзбен жеткізе алмайтын осындай асыл қасиеттер анасының құрсағынан бойларына дарып туады. Сонау балғын кездегі жіңішке ғана соқпақ бара-бара болашақтағы бірнеше мың ғасырларға ұласатын дара жолға айналады. Жайшылықта көзге көрінбейтін әлдебір құбылысты ақын тылсым бір құпия құдіреттің күшімен алыста отырып-ақ сезінеді. Ол халқы қуанса қуанады, қайғырса қайғырады. Кейде жұрты жұбанса да, әлденеге елі үшін көңілі алаңдаған ақын жұбанбауы мүмкін. Оның себепсалдары да жетерлік. Мұндай ақындар алаш тарихында аз емес, бірақ көп деп айтуға да келе бермес. Міне, сондықтан да алаш жұрты өзінің шынайы шайырларын қадірлеп, қастерлеп отырған. Тарихымыздың сарғайған беттерін парақтағанда біздің көзіміз жеткен ақиқаттың бірі осы.

С. Қапшықбайұлы табиғаттың тылсым құбылыстары мен адам тіршілігін тікелей байланыстыра жырлап тың ойларымен поэзияға өзіндік өрнегін салады.

Қазақтың ұлттық қасиетін, ұлттық сипатын, ұлттық мінезін танытатын өлеңдер ақын жырларында көптеп кездеседі. Әр өлең жолдары белгілі бір ырғаққа құрылып, сөз мағыналылығымен ерекшеленіп, ата-баба тарихын, қазақы мінезді танытады.

Ақынның қай өлеңін оқысақ та өн бойынан халқымыздың асыл мұраты, ғасырлар бойы аңсаған арманы, ұлттық салт-дәстүріміз, ұлттық сипатымыз көрініс тауып отырады.

С. Қапшықбайұлы поэзиясында ұйқас өрімі, образ жасаудағы шеберлігі, халықтың бай тілін орынды қолдануы, елдің тұрмыс-тіршілігіне терең үңілуі, оны іріктеп, екшеп өлең жолдарында қолдануда ақындық шеберлігі байқалады. Өлең тармақтарындағы буын саны әртүрлі жырланғанымен, дыбыс

үндестігі, ұйқас өрімі берік байланысқан. Ұзынды-қысқалы тармақтарда ырғақпен байланыстырып, ақын айтар ойын ықшамды әрі нақты көрсете білген.

Ақын жырында қазақ ұлтының ұлағатты өмірін танытатын, ата-бабамыздың тарихы жатыр.

Оның «Мекен» атты өлеңінде де ұлттық сипат бар.

Ежелден ана-мынаны,  
Селт ете сезіп мен өстім.  
Төбемде ойнап тұяғы,  
Елең менен елестің [9, 29],

– деп «Отанды сүю от басынан басталады» деген қазақ мақалының мағынасын ақын өз өрнегімен көрсете білген. Ақынды туған жердің тарихы, тағдыры, бұрынғысы мен бүгінгісі де ойландырады. Ата-баба дәстүрі, ата-баба тарихы ақын көкірегіне сыр болып ұялап, жырға айналады.

Ақын жырларында салт-дәстүрді танытатын, қазақы тұрмыс-тіршілікті суреттейтін, сол ұлттық бейнені сомдайтын көріністер өзіндік ерекшелігімен дараланады. Ақын өлеңдерінде суретті сөзбен бейнеленген кең даладай дархандық, таза көлдей мөлдірлік, самал желдей еркелік, күн нұрындай қуаныш, тіпті, қайтпас қайсарлық дархан да ер қазақ мінезіне тән қасиеттер.

С. Қапшықбайұлының ақындық ерекшелігінің бірі – аз сөзбен көп мағына бере алатындығында. Өлең жолдарында кездесетін орынды теңеулері, бейнелеуі, кейіптеуі ақын ойының ұшқырлығын, өзіндік өрнегі мен тапқырлығын танытады.

Ақын жырларынан ұлттық болмысты нақты бейнелеген көріністі көреміз. Ақын қазақы салт-дәстүрді өмірмен байланыстыра білген. Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін бейнелеу арқылы оның тарихын танытып, қазіргі ұлттық көзқараспен ұштастыруда өзіндік шеберлігін танытады.

Ақынның әртүрлі тақырыпта жазылған жырларын ұлттық бейне көрінісі тұрғысынан сараптауға тырыстық. Нәтижесінде қазақ халқының ұлттық ерекшелігі ақын жырларында өзіндік стилімен танылады. Ақын қай тақырыпқа қалам тартса да шынайылығымен, тақырыпты терең аша білетін қабілеттілігімен, суреткерлігімен ерекшеленеді. Шығармаларында өз елінің,

жерінің мақсаты мен биік мұратын, түрлі сәттердегі көңіл-күйлерінің иірімдерін, сезім сырларын, асыл арман-тілегін айшықты да әсерлі бейнелей білген. С. Қапшықбайұлының осындай ұлттық сезім көріністерін терең аша білген тақырыптарының бірі – туған жер тақырыбы. Ақынның туған жерге, елге, Отанына деген ықыласы ерекше. Ол үшін туған жердің әрбір тасы ыстық, бір уыс топырағы қастерлі. Ақынға таудан соққан самал желден жұпар иіс аңқиды. Бұл көріністің барлығы да ақын жанын әсем сазға бөлеп, жыр жолдарына айналады. Туған жерге деген махаббаты ақын жүрегінен жыр болып төгілді. Туған жерінің алтын бұлағын «менің әрбір қан тамырым емес пе?» деп атамыз қазақ ежелден қасиет тұтқан қанға теңеуі де тегін емес. Қазақ халқы кіндік қаны тамған жерді қасық қаны қалғанша жаудан қорғаған. Ақынның туған жердің қадір-қасиетін терең сезінуіне, тебірене жырлауына ата-бабамыздың осы қасиеті сіңсе керек. Жер қойнынан шымырлай шыққан бұлақ көрсе көзін ашатын қазақ даналығын пір тұта жырлауы, ақын даралығын танытады. Туған жерінің топырағында әкенің басқан ізі мен жер анадан алған несібесі жатыр. Әкеге деген сағынышын сол ізге, жүрген жолына қарап басатын ақын әр тау-тасы, балауса көк шалғыны әкесін еске салатын қыр-белесті жыр жолдарына айналдырды. Оның ақындық қасиеттілігі сол – қарапайым сөздің өзіне нәр бере білуінде.

Ақынның туған жер тақырыбына арналған бірнеше өлеңдері бар. Қайсысын алып қарасаңыз да, ақын жүрегінен туған жерге деген сағыныш ыстық махаббат төгіліп тұрады. Ақын өлеңдерінен туған жердің әрбір тау-тасы, тал-шыбығы, әрбір белесі, сылдырай аққан бұлағы, жағасында жайқалған жасыл құрағы, бәрі, бәрі көз алдыңызға бейнелі суретті елестетеді

Ақын жүрегінен жыр болып төгілген риясыз шындық бұл. Сол себепті туған жерді суреттеген өлең жолдары оқырманына әсер беріп, сезімге бөлейді. Туған жердің әрбір тал-шыбығын, көз жетпес көк тіреген шыңырау құзын, тасқындап, таудан құлай аққан өзенін, әрбір тасын еш нәрсеге айырбастамайтын ақын ойын өлең жолдарынан аңғарамыз. Туған жердің шаттығына қуанып, күйігін өзінің қайғымдай көтеремін де-

ген ақын пейілі туған жері үшін жүрегін де жұлып беруге бар. Бұл ақынның туған жерге деген ыстық махаббатынан туған жыр. Өлең жолындағы көріністерден, қуатты сөздерден ақынның жүрегiнiң соғысының дүрсілін естисіз. Ақын өлеңнің әрбір сөзін, ішкі ырғағын, ұйқас өрiмiн жыр жолдарында өз орнымен пайдалана бiлген. Жылдың басқа мезгiлiн емес, тек көктем мезгiлiн таңдап, оны туған табиғатымен байланыстыра жырлауының өзi ақын зерделiгiн танытады. Көктемде жер дүние жасарып, жаңа бiр кейiпке енген табиғат, ұшқан құс пен қонған қаз, ашық аспан астында тiзiле ұшып бара жатқан тырналар, бәрi де ақын көңiлiн тербеп, көз алдына әдемі бiр сурет бейнесiн елестетiп, ақын жан-дүниесiн жаңа бiр күйге бөлеп, жүрегiнен жыр болып төгiледi. Бәрi, бәрi ұлттық болмысқа бай қазақ ауылының бейнесiн елестетедi. Осы көрiнiстер ақын жүрегiнен жыр болып төгiлiп, суреттi сөздермен көрiнiс бередi. Айдын көлден ұшқан үйрек, қонған қаз тыраулаған аспандағы тырналар өлең жолдарында жымдасып, өрiлiп жатыр. Бәрi де туған жердiң табиғатын барынша ашып жан-жақты көрсетуге септiгiн тигiзген.

С. Қапшықбайұлы қай тақырыпты жырласа да айтар ойын, көтерер мәселесiн сайлап алып, соларға лайықты теңеулердi орынды пайдалана бiледi. Ақынның тағы бiр ерекше қасиетi – оқырманға әсер, өлеңге әр беретiн сөз маржанынан суреттi сала бiлуiнде. Ақынның туған жерге деген махаббаты оның табиғатына ғашықтықтан бастау алғандай. Туған жер табиғатының бiрi – тау болса, бұл да ақынның ерекше бiр тақырыбы. Жырларын оқып отырып-ақ ақын мiнезiн көк тiреген мұзарт тау шыңына теңеп, «тау тұлғалы ақын» деген баға берiп жатамыз.

Ақын өлеңiндегi өмiрдiң кейбiр сәттерiндегi көлеңкелi көрiнiстi аңғартып тұр. Бұлттай түнерген қара тұман ақын өмiрiндегi қиыншылық сәттер. Тек ақынның жеке басының тұманы емес, халқына төнген тұман. Ақын оны өз жеке басының қайғысындай қабылдайды. Халқымен бiрге қайғыратын, халқымен бiрге қуанатын ақын ғана тән бұл қасиет.

Арайлап шыққан күн нұры ақын көкiрегiне нұрын себедi. Тау баурайының таңғы шығы да ақынға жақын, сол шықтай

мөлдіреген арман сырын қайыңдармен бөлісіп, тасқа өскен гүлдермен мұңдасады. Бұл оның өзгелерден ерекше ақындық қасиеті. Ақынды таудың асқар шыңы тау бесікке салып әлдилемесе, таудан соққан самал-жел жүрегін тербемесе, көңіл сазына бөленген ақын қаламынан әсем де, ырғақты жыр жолдары төгілмес те еді.

Ақын қасиетті Жер-ананың төсіне жабысқан алып тауды сәбиге теңеуі өте сәтті шыққан көрініс. Өйткені, Жер-ана барлық табиғаттың анасы. Ақын осы қасиетті өлең жолында бейнелі суретке айналдырып, тәкәппар таудың да ана алдындағы періште-сәбидей тазалығын көрсетеді. Алып тау мен жер ана бейнесі арқылы адамдар арасындағы қарым-қатынасты бейнелейді. Бұл ақынның табиғат пен адамды байланыстыра жырлауындағы тапқырлығы, ерекшелігі. Қазақ қашан да тауды қасиет тұтқан халық. Тауды өз жерім, ата-мекенім деп иемденген халық. Ақын қазақтың осы қасиетін лирикалық кейіпкер бойына дарытып, еркіндікті аңсайтын қазақ мінезімен байланыстыра жырлайды.

Өлең жолдарында қазақ халқына ғана тән мінез бар. Еркіндік, жауынан да тайсалмайтын мінезділік, адам жанын ұға білетін қасиеттілік, сезімділік, сырластық – адам бойындағы қасиеттер. Ақын осы қасиеттерді кейіпкер бойынан тауып, өлең жолдарына арқау етеді. Адам мен табиғат арасындағы ғажайып дәнекерді табуға ұмтылады. Қоршаған ортаның бояулары адам мінез-құлқындағы, көңіл-күйіндегі, өмірге деген көз қарасындағы түрлі өзгерістермен астарласып жатады. Тылсым табиғаттың құпия сырларын адам баласымен байланыстырып, сабақтастырып суретке көшіретін ақындық талант керек. Туған жердің қасиетін мойындап, жырымен ыстық сезімге бөлеп оқырманына сәулелі ой тастайды. Әр оқырман Отаның, халқын, туған жерін ақын сүйген жүрекпен сүйе білсе, ақынның арманының орындалғаны деп ойлаймыз.

Ақын өлеңінен қазақы ауылдың тұрмыс-тіршілігі көрінеді. Ұлттық салт-дәстүрімізді ұстанған қазақы ауылдың «Ақ боз үйдің түндігін желпілдетіп» көшіп-қонғаны, төрт түлік малдың дауысы, бәрі де ақын өлеңінің мәнін аша түскен. С. Қапшық-

байұлы ауыл өмірін, ондағы тұрмыс тіршілікті жыр – жолдарында өрнектей отырып, ауылдың көнекөз қарияларын да ерекше ілтипатпен жырға қосады. Асылдың сынығы, ақыл-парасаттың кеніші, өнеге- рухани тәрбиенің қайнары дана қарттар ақын жырларындағы басты тақырыптардың бірі. Ақынның қарттарға деген сыйластығы өлең жолдарында сәтті өрілген. Қазақ халқы қасиет тұтып, сыйынатын пайғамбарды өлең жолына қосуы, қарттарды пайғамбарға теңеуі қариялар бейнесін асқақтата түседі.

Халқымыз ертеден атадан балаға жалғасып келе жатқан үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету, үлкеннің жолын кеспеу, ата-ананы ардақтау, сөз асылын қастерлеу сияқты жастарға тәрбиелік мәні зор ұлттық әрі қазақы салт-дәстүрімізді берік ұстанған. Халық арасында ынтымақ пен бірлікті ту етіп, дуалы сөзімен көпті аузына қаратқан, ел арасындағы дау – жанжалды бір ауыз әділ сөзімен тоқтата білген қариялар, би-шешендер аз емес. Ақын әдет-ғұрыпты, ақылымен елді ұстай білген осы дана қарттарды жырлайды. Әрбір өлең жолынан мағынасы терең ой түйіндейсің. Ақынның поэзияға жайдан жай келе салмай, үлкен дайындықтан, биік белестерден өткенін жырларынан аңғарамыз. Сол қол жетпес биік белестерден асқан ақын поэзияға соншалықпен мән беріп, өлең-жырларын философиялық ойға құрайды. Сондықтан да оның әрбір өлеңі оқушысына ой салатын мағыналығымен де қымбат. Өлең мазмұнының астарында ақын арманы жатыр. Болашақ ұрпақ үшін заманның ағымын ұқтыруға, ондағы ақ пен қараны ажырата білуге күш салады. Ақын бұл ісін жыр жолдарымен өрнектейді. Сол жырларымен ақынның өз болмысы анық байқалады. Ал, ақын болмысы ерекше жаратылыс. С. Қапшықбайұлы жаратылысының ерекшелігі сол – ол еш уақытта, қандай жағдай болмасын халқын ұмытқан емес, керісінше халқын, елін жырымен демеп, келер күннен үмітін үзбеуге үндеп отырады. Ақын не айтса да, қандай тақырыпта ой қозғаса да халқының ойы, халқының арманын жырлайды. Өлең бойындағы өз ойым деп лирикалық кейіпкер бейнесімен сомдауының өзі көпшілік қауымның көңіл түкпірінде жүрген ойы, арманы. Ақын осы ойды өлең жолда-

рында суретті, сырлы сөздерге айналдырып, халқының алдына тарту етеді. Көпшіліктің көңіліндегі күпті болып жүрген ой, яғни, арман сұлу да сырлы сөзге айналып, мағыналылығымен, салмақтана түскен жағдайда ғана ақын көптің, халықтың ақыны болады. С. Қапшықбайұлын дәл осындай ақын деп айта аламыз. Бұл сөзімізге ақынның өлеңдері дәлел бола алады. Сонымен қатар ақын мінезінде кеуде соғар көкіректік еш уақытта болған емес. Оның найзағайдай жарқ етер мінезі, кіршіксіз, таза ақ пейілі, жас баладай сенгіштігі, өлеңдерінен көрінеді. Жырларындағы лирикалық бейне арқылы ақынның өз болмысын танимыз. Алып тұлғалы ақынның елі алдында кіші мінез көрсетуі, халқына бас июі де «ұлық болсаң, кішік бол» деген қазақы тектілікті танытса керек.

Ақ пейілді, нәзік жүректі ақын ғана халқының қуанышына шын жүрегімен қуанып, қайғысына қабырғасы қайысып жұртымен бірге қайғырады. Ақынның жанына жақыны да – халқы, досы да халқы. Адам баласына ең жақыны да, жанына серік, демеу болары да жанындағы жан жолдасы, досы. Қиналғанда қолтығыңнан демеп, қайғыңды бөлісер, қуанғанда шаттығыңа ортақтасыр да жанындағы жанашыр досың емес пе? Ақынның осындай досы – халқы. С. Қапшықбайұлының қадір тұтып, халқына арнаған өлеңдерінің өзі біршама. Өлеңінің бәрінде де ақынның халқына деген ыстық ықыласы, таза, тұнық судай ниеті, ақ тілегі көрініп тұрады. Өлең бойынан халқына еркелеген ақын бейнесі де көрініс береді. Бар ниетін, бар ықыласын халқына арнаған ақынның көзқарасы, қарым-қатынасы айқын. Әр сөзінің астарында ақын ғана қозғай алар терең ой жатыр. Сол ойға үлкен мағынамен мән беріп, жыр жолдарына айналдырады. Ақын жырларында ошақ басынан, шаңырақ астынан басталатын Отанға деген кішкентай махаббат ұлғайып ұлы сезімге айналған.

Әр адамда өз Отаны болады. Сол Отанның қасиетін терең сезіне білу, қадірін түсіну азаматтың парызы. Ақынның «Отаныңның қадірін білем десең» атты өлеңі осы қадір-қасиетті терең түсіне білуге үндесе, «Отаным» атты өлеңінде байтақ Қазақстанды әрқашан қастерлейтінін, мақтан тұтатынын жырлап,

оқырманына Отан туралы ұғымның қасиетін аша түседі. Өлең бойында қазақ тарихынан мағлұмат береді. Сол тарих арқылы, ата-бабамыздың қазақ жері үшін басынан өткерген қиындығын, «мың өліп, мың тірілген» Отан ананың қасиетін сезіндіріп, мәнін тереңірек ұғындырады.

Көзі ашық, көкірегі ояу әрбір оқырман қазақ тарихында, жалпы, ата-бабамыздың Отаны, жері, елі үшін басынан өткерген қанды қырғындарын, алқының қамын ойлаған Асан қайғының Желмаяға мініп, жерұйық іздеп жер бетін шарлағанын, жерімізге көз алартқан жаулардан елімізді, Отанымызды қасық қаны қалғанша қорғаған батырларының ерлік істерін біледі деп сенеді ақын. Жырларында ақын Отан-ана – Қазақстанның қадір-қасиетіне жету керектігін ұғындырады. Мұнда мақсат қандай айқын болса, ақындық тіл де сондай нақты.

Қазақ – бауырмал халық. Қазақстанда қаншама ұлт өкілдері өмір сүруде. Достықты жыр жолдарына айналдыра отырып, қазақ халқының кең пейілділігін, қонақжайлығын танытады. Сөйтіп, дархан халықтың дархан пейілін суреттейді. Отаным қасиетті жерім деген ақын жүрегінің дүрсілін естігендей бола-сың. Өлең жолдарынан үлкен философиялық ой түйіндейсің.

Өлең жолдарына Отан, туған жер, ел қаншалықты қымбат екенін арқау етеді. Оны лирикалық кейіпкер сөзімен Өлең бойына терең бойламай, көз жүгіртіп оқыған адамға өмірден түңілген лирикалық кейіпкер бейнесі көрінеді. Алайда, ақын түңіле, таусыла жырламайды. Керісінше, оқырманына ой салар салмақты идея тастайды. Оқырманын, кеудесінде қазақпын деп соққан жүрегі, бойында қазақтың қаны бар әрбір азаматын отансүйгіштікке тәрбиелейді. Жырымен рух бере сөйлейді. Оқырманының патриоттық сезімін оятатын, отансүйгіштікке тәрбиелейтін осындай өлеңдерінің қатарына «Табиғилық» өлеңін жатқызуға болады. Бұл шығармасында Отанды, қоғамды, сол қоғамда өмір сүріп жатқан адамдарды, олардың арасындағы қарым-қатынасты шынайы суреттейді. Күнделікті тіршілікте пендешілікке салынатын адамдарға кейіп «Қалса екен алақандай табиғилық!» деп жырлайды. Адал досын са-тып кеткен алаяқтарға да ашынады, ақын жанын қинаған мұн-



дай өзекті өртер мәселелер өлең жолдарында жиі ұшырасады. Оқырманына терең философиялық ой тастайды. Ақын лирикалық кейіпкер бейнесі арқылы өлең бойында сомдалған бейне атынан Отанынан кешірім сұрайды. Ақын бұл көріністі өлең жолдарында былай суреттейді:

Отаным

Ойымызбен біргеміз біз,

Кей кезі күбір қаға бөлінеміз... [10, 478],

– деп ақын бір сәт пендешілік қасиетін мойындайды.

Ақын өлең бойында лирикалық кейіпкер сөзімен өз қателігін, пендешілігін мойындап отыр. Мұндай қасиет тек ақында ғана болса керек. Себебі, кейбіріміз күнделікті тіршілікте жіберген қателіктеріміз бен пендешілігімізді білмей де қаламыз. Бұл тұрғыдан алып қарасақ, ақын өлеңі әрдайым оқушысын адамдық қасиетін жоғалтпай ұстауға үндеп, үнемі есіне салып отырады.

Қазақ халқында ақ түс жақсылықтың, қуаныштың белгісі. Ақын өлең жолында өзінің арманын ақ түске балайды. Ақ тілектің ақ түспен бейнеленуі көңілі аппақ қардай кіршіксіз ақынға ғана жарасады. Себебі, ақын жаны да аппақ қардай таза әрі мөлдір ғой.

Менің басымда

Бір арман...,

...Зулап –

Жүрегім тулап кетеді!

Жарысу

Арман мен еркін... [11, 17].

Адам арманы орындалғанша, алдына қойған мақсатына жеткенше талпынып, еңбектенеді. Ақын осы қағиданы көңіліне тоқиды. Ақын бұл тілегін «Зулап – жүрегім тулап кетеді!» деп өлең жолының тармағына бүкіл арманын, тілегін сыйғыза суреттеген. Арман болашағының үлкен екенін «Күн бе, Түн бе, Жүремін бірге...» деп бейнелейді. Арманын үлкен дара жолға жетелейді. Өлең жолдарынан ата-бабамыздың толғауларын танығандай әсер аласыз. Алайда, ақын ескі сарынға салынып кетпейді. Ата-баба толғауымен сол дәстүрді жалғастырып поэзия-

да әрі қарай жаңа, соны соқпақ жолға салады. Өмірдің ақ пен қарадан, жақсы мен жаманнан тұратын қасиеттерін термелей келе оны қазіргі заман тынысымен байланыстырады. Бұл поэзиядағы С. Қапшықбайұлының ақындық қолтаңбасы. Өлең өлкесіндегі тапқырлығы. Өткен уақыт пен қазіргі заман бейнесін байланыстыра суреттеуде ақын шеберлік танытқан. Өмірдің өзі қуаныш пен қайғыдан тұратынын ақын жыр жолдарында айқын бейнелейді. Ақиқат жүрген жерде арамдық, алдау, арбау бұқпантайлап бір жағынан кері тартып жүретінін, ынтымақ пен дау-жанжалдың таразы басында таласа салмақ тартатынын, яғни, дүниенің ақ жағы мен қара тұсы тай-таласта болатынын айтады. Ақын өлең бойында өмір көрінісін, өмір шындығын осылай суреттейді.

«Менің күнім» атты өлеңінде ақын мына өмірдегі алдына қойған мақсат-тілегін де ашып айтады.

Қауіптенем,  
Жанып болмай жатып-ақ.  
Сабатынан сарқылар ма  
Күрең күн,  
Ақ сәулелер ағыл-тегіл  
Шашырап?

(Тарс ұмытып –  
Кете көрмей  
оны да,  
Тағдырым тек,  
Шешілерсің әйтеуір:  
Бағым үшін...)

Рас, рас  
Бізді көрер болса көз...,  
Ол бәрі бір  
«Менің күнім» деген сөз! [12, 49].

Уақыт деген жүйріктің жалына жармасып өмірді, тіршілікті жырлау, жазғандарын қағаз бетіне түсіру, кейінгі ұрпаққа қалдыру – оның негізгі мақсаты осы. Ақын өмірде еш нәрсе бітір-

мей, үнсіз келіп, үнсіз кетуден қорқады. Сондықтан да «Тағдырым тек, Шешілерсің әйтеуір: Бағым үшін...» деп ойындағы бар арман-тілегін айтып қалғысы, ұрпағына қалдырып кеткісі келеді. Ақын жырларының соңын мөлдір, таза ойлылыққа құрылған ақыл дүниесімен түйіп отырады. Жүгі ауыр поэзия жолын таңдауын орамды жыр жолдарымен үйлестіріп көрсете біледі. Теориялық тұрғыдан қарағанда өлеңнің жалпы жырлану ерекшелігі басым. Тармақ соңындағы бірыңғай ұйқас, ырғақ ақын жырымен үндесіп, байланысып тұр. Әртүрлі буынға құрылған өлең жолдары да ақын ойын тереңдете түседі.

Өмірдің сан қырлы бұралаңынан түзу де дұрыс жолды ақын поэзиясынан анық таниды. Себебі әлі көргенінен көрмегені, білгенінен білмегені көп жас оқырман ақын жырларымен өмірді ұғынады. Өмір – өзеннің әл бермес асау толқындарын лирикалық кейіпкер аузымен жас оқырманға үлкен сабақ етіп ұсынады. Адам бойындағы асыл қасиеттер – адамгершілік, адалдық, әділеттілік, шыншылдық жайлы жырлары жасамыстардың жанын қайрай түссе, жас ұрпақты адалдыққа, әділеттілікке, шыншылдыққа баулиды. Ақын өлеңдерінен оқырманның өмір жайлы көзқарастары бұрынғыдан да қалыптаса түсіп, үлкен философиялық ой түйіндейді. Ақын адамдарды үлкен, жас деп жіктемей, олардың жан дүниесіне үңіле отырып, нәзік сезімдерін, жыр жолдарына айналдырады. Әрине, С. Қапшықбайұлының жырлары жас пен кәріге бірдей жан-сезімін тербейтін жолдар арқылы берілсе де, ағаның ізеттілігі, інінің құрметтілігі өлеңдерінің он бойында өріліп жатады.

Поэзия – ақын жүрегінің дүрсілі. Оның әрбір соққан жүрек үнінен, алған тынысынан ақынның поэзияға деген шексіз махаббаты сезіледі. Ақын сол махаббатын жырға айналдырып, көңіл көкжиегінен ұшырады. Ақын жанын мазалаған өлең дертіне емді поэзиядан іздейді. Ақынның бар арманы, асыл сезімі, жанын торлаған мұңы, қайғы-шері поэзияда жыр жолдарымен өріледі. Жанын жадыратар жылы шуақты да поэзиядан табады.

«Ой» атты өлеңінде:

...Тағдыр жерін маңайлап,

Сен беркідің,  
мен өстім!  
Ойым-ау, сиқың әп-әйбәт,  
Үбіжай-үрей емессің...

Алты-жеті жолдан соң  
қоюшы ем, қойсам нүктемді.  
Сонан соң, менің со нәрсем  
Қайырылды, бүктелді.

Бермей ме желік ауазға,  
уақытым, өмір сағатым,  
Кейде бәлки, ой аз ба  
Жырым жолда қалатын [10, 310]

– деп ақындық шабытқа тамызық болар ой мәселесін жырына арқау етеді. Өлеңнің осы бір жолдарынан ақынның бүкіл болмысы көрінгендей. Өлең бойынан өмірден шабытына қамшы болар ой іздеген ақын бейнесі көрініс береді. Ой іздеген лирикалық кейіпкер бейнесі арқылы ақын халін түсінесің. Ақын қиялы шартарапты шарлап «сен беркідің, мен өстім!» деген жолдардан ақынның эволюциялық өсу жолын көреміз. Ақын жанының поэзияны шарқ ұрып іздеуі, әр құбылысқа аландап, әр сезімнен үміт күтуі өлең бойында өте шебер бейнеленген. Ақын бойындағы бұл сезімдер де поэзиямен егіз. Сондықтан да ақын поэзияны осы ой, сезім арасынан іздейді.

Қорыта айтқанда С. Қапшықбайұлы ұлттық рухани мәдениетіміз бен әдебиетіміздің даму жолында үлес қосып, тағылым мен биік еңбектің үлгісін көрсетіп жүрген азамат.

Ұлт мұратын өзінің өмірлік ұстанымына айналдыра білген ақынның еңбектерін ғылыми айналымға енгізіп, лайықты бағасын беру бүгінгі жас зерттеушілердің парызы. Ұлттық әдебиетіміз бен мен руханиятымыздың өсіп-өркендеуіне қомақты үлесін қосып келе жатқан арқалы ақын С. Қапшықбайұлының еңбектері ұлтымыздың руханият қазынасы қорына қосылған құндылықтар деп білеміз.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Дәуітұлы Т. Шетелдегі қазақ әдебиеті. – Алматы, ҚазМем-ҚызПУ, 2010. – 184 б.
2. Кәкішев Т. Ақыт шығармалары Алашына жетті // Маса. kz. 20.03.2012.
3. Тебегенов Т. Шетелдегі қазақ әдебиетін оқулықтарға енгізу керек // «Жас қазақ үні» газеті, 20.04.2011.
4. Сейітжанов З. Шетелдегі қазақ әдебиеті. Алматы, Университет, 2003. – 277 б.
5. Дәулетхан Ә. Қытайдағы қазақ әдебиеті // Жалын. №2. 2008.
6. Рыскелдиев Т. Қытайдағы қазақтардың жаңа дәуір әдебиеті // Жұлдыз, №10. 2009.
7. Әбікенұлы Е. Шетелдегі қазақ әдебиеттануы. – Алматы, Таңбалы, 2012. – 144 б.
8. Әбдірашев Ж. Парасат пен парыз. – Алматы, Жазушы, 1973. – 168 б.
9. Қапшықбайұлы С. Күншығыс. – Алматы, Үш қиян, 2006. – 280 б.
10. Қапшықбайұлы С. Тас. – Алматы, Сөзстан, 2003. – 448 б.
11. Қапшықбайұлы С. Жылқы ішінде ала жүр. – Алматы, Үш қиян, 2003. – 224 б.
12. Қапшықбайұлы С. Салмақ түскенде. – Алматы, Ер Жәнібек Халықаралық қоғамдық қоры, 2014. – 280 б.

Т. Рыскелдиев – Қытайдың «Тұмар» әдеби сыйлығының иегері. Қытайда дүниеге келіп, 1950-80 жж. сол жердегі саяси құғын-сүргіннің бәрін бастан кешіп ата жұртына тәуелсіздік азысымен келген драматург-жазушы. Негізгі прозалық шығармалары: «Тасқын» (трилогия), «Тау тағысы» (роман), ондаған повесть, 50-ден астам көркем әңгіме. Әдебиетші А. Нұрғазыұлы: «Т. Рыскелдиев Қытайдағы қазақ әдебиетші М. Әуезов дәстүрін жалғастырушылардың бірі».

Т. Рыскелдиев Шыңжаң университетінің Қытай тіл-әдебиеті факультетін 1960 ж. бітірген. Ол келден бастап өлең, әңгімелер жазған. Қытайдағы «Мәдениет төңкерісі» тұсында: «қамаудың көкесін көріп, ашысы мұзданға тасталды. Тап жауы қалпағын киіп, өндіріс ұжымдарында «еңбекпен түзеу» көрді. 1975 жылға дейін Тұрсынәлінің қау құсы болмады. Бірақ түрмеде жатып та жасырын жазумен айналысты. «Бәбісе», «Тоты құс туралы аңыз», «Құрықтарғы бақаның арманы», «Алжыған аң», «Сасық қоңыздың мәңсіпсіз отыруы», «Қара шыбын», «Балтаның сабы» сияқты мысымалы кезінде жарық көргенімен алмас кездіктей жарқырат, қал түбінде жатп берді де. Және осы шығармаларымен билік басындағыларды келістіріп шенеді» [1, 115 б.] – деді С. Қалшықбайұлы. Шынында да шығармалардың атында тұрған астарлы тұбындьлардың жөні ерекше.

Кейін атамекеніне келгенде «Тамызық» атты жинаққа енген бұл мәтіндер туралы жыл қорытындысында сыншы Көсемәлі Сәттібаев бұл мысалдардың ойы, астарлығы Қрыловтан да асып түскендігін айқындап берген еді. «Жыл Көш» романы осы қазақ алажұрты келгеннен кейін жазылды. Бас кейіпкер Ақтоғы алып жасанды еден кетіп, атамекенге сексеннен асқанда қайта оралды. 1916 жылдың батырынан күшейген көшпен Тәуелсіздік кездегі елге қайта оралу арқы романның негізгі хронология. Романда жас бала Ақтоғы мен Ақтоғы әкеле дейінгі уақыттары уақиғалар қамтылған. Шымын жылқы біткен Сансызбай қажының ұланын әр елге дануға мәжбүр болғандығы, кейін амаж қызылдары елге қайта оралуы негізгі рол

ман сюжеті. Ол туралы С. Салтыкбайлы былай деген: «Туындыда ұлғымалдың жөңіс, жоқтал, суанышы мен қасіреті, өмірдің сая сорабы, қазақсыз, салт-дәстүрі көнінен суреттеледі».

«Біздің баян күйімізде осы өмірдің аңғарлы бұты» марал, елік, тауешкі, тауғана деймісін алдыңнан жығылып айырылушы елі. Құстары орманды басына сөздерің, дүлиетін көйі. «Бұлырай көлсе су құриды» деп соның бәрі де жөң. Тәңірім-ай! Заманның торығып тұрған бәрі болса, еміңді құзлап інге тықтайды дейсің? Жылағанды уатар, қайғылыны жұбатар жері қалмағаны ма? Сойыл тисе сорлыға тиеді көй. Бір ойда санаттымың! Қазақстан жаққа өртерек талпынғаны оң шығар? «Есің барла еліңді тар» дегендей, айтуір қазақсыз елі өскен көй, әнесі тепкен құлынның еті ауырмайды» («Елы көш», Бірінші кітап. 126-бет). [1. 106-117].

Роман жанрына сай Ақсөзіннің батылық шағынан бастап әкелік кезіне дейінгі — алты жасқа жеткеннен кейінгі уақыт қамтылған. Жазмыштың, бұрысын, қызы сол кездегі отанына қашуға мәжбүр болған елмен бірге өмірдің барша қаныдығын бастан кешеді. Қазақ тарихы күні бүгін арнайы зерттелмей келе жатқан бұл тақырып романда жан-жақты ашылған. Жарылқасын болыс отбасымен бірге басқын елге бас болып қытайға көш бастайды. Бірақ ұрпақ жолда қайтыс болады.

Ж. Аймауытов «Ақбіле» романында бейнеленген қасіретті асырғатсе ерекше кезінде. Қазақ көшіне құлып жеткен қазақ-орыс әскерімен шайқаста көрт болған ерлерде өздерін елдің аман болуы үшін құрбандыққа салады. Романдағы жас күйшінің аузына тістеп көшке ұласқан сұр жаншық бейнесі де ұтымды бейнеленген. Бұл бейне қазақтың сол кездегі басына түскен қасіреттің символы деуге әбден болады. Ашыңдан иттан құзалап көшкен адасады. Көшкен адасқан күйшік қыстай үнгірді паналап құтырған жасқырға таланады, нешін өзі де осы дертке ұшырайды. Күйшік өз етесін талап етіп жейді. Бөрілермен бірлесіп елдің малына шабады. Өз енесін талаған күйшік пен аштықтан елге шаңқан иттің бейнесі қазақ басына түскен қасіреттің тұспалдауы ғана емес.

Ел ағасы атанған Жарылқасын сияқты ерлердің елге қорған бола білген сөздері оның Қытай губернаторымен кездескендегі сөздерінен аңғарылады: «Орыс ұлықтарының алдында талай дауға түсіп, ысылған, көпті көріп көсілген, қанжылаудан ашынған Жарылқасын Қытай губернаторының бас-аяғын бір шолып, шарлай қарады да:

– Ашулы баста ақыл болмайды, тақсыр! «Балтаның басы кінәлі болса, сабы да кінәлі» деген мақал бар. Біздің халқымыздың орыс солдаттары қара қонысында қанға бояп, үйдегі кәрі-құртаң, қатын-баланы да найзаға іліп, қылыштады. Өзі билеген момын елді, өзі ашындырды. Біздің күнәға батып, кінәлі болуымызға патшамыз, үкіметіміз де себепкер болып отыр... Елжау күнбидің қайынжұрты, кең қолтық Қытай еліне, бабаларымыздың байырғы мекеніне, өзімсініп, еркелегеніміз ғой, – деді. Көкейіне, «Баяғы ме екен осы? Дойбының бір тасын қате жүріп алдым ба, қалай?» деген күдік те келіп қалған еді.

– Сен бұл тарихты да біледі екенсің, е!

– Губернатор мырс етіп, бір танауынан күлді. – Ашынғаннан істедің бе? Ертең-ақ, біздің де жағамызға жармасып жүрмеңдер? – деп орнынан бір тұрып, қайта отырды» («Ұлы көш», бірінші кітап. 280-281-беттер). [1, 118].

Жазушы Т. Рыскелдиев романда тарихи мағлұматтарды осылай қамтып отырады. Осы ретте С. Қапшықбайұлы былай деген: «Қаламгер осылай көркем прозаға тарихты сіңіруде оң қадам жасаған. Бір заманда Елжау күнби Таң хандығынан қыз алып, Қытай империясына іргесін ашып берген ғой. Жазушы тарихи деректі көп тықпаламай, ұтымды қолданып, орыс империясының озбырлығымен қоса бұрынғы бір қытайлық үстемдікті де әйбет мысқылдайды.

– Сансызбай қажының оқымысты ұлы (кенжесі) Ондасын – алашшыл, ал ортаншы ұлы – қарабайыр байлардың бірі. Екеуінің бейімінен патша империясы мен кейінгі қызылдардың аз ұлтқа деген ниет бірлігі ұғылғандай. Бұл не? Бұл – біздің аяншыты тағдырымыз, ұзақ жыр, жазылмас жара!» [1, 118-119].

Романдағы халықтың әдет-ғұрыпы (Нүсіпбектің асы) мен дәстүрлері ұтымды бейнеленген. Қазақтың парасатты, мәде-



ниетті ел болғаны, оның кезінде салтанатты әдеп-ғұрпы болғаны байқала түседі. Себебі, біз күні бүгін революцияға дейінгі қазақ өмірі ресейлік мұрағаттардағы ошақ басында отырған аш қазақ отбасыларының ғана бейнесімен елестетіп келеміз.

Жазушы қазақ мәдениеті мен ұлт мінезіне арқау болған елдің сән-салтанатты дәстүрлері мен қазір ұмыт қалған әдеттерін анықтап берген.

Романның тағы бір құндылығы оның тарихи тұлғаларды бейнелеуінде. Атақты қазақ ақыны Таңжарық романда Ақтотының ғашығы ретінде бейнеленген екен.

Қазақ тарихы ауыз ашпай келе жатқан тағы бір құнды мағлұмат осы романда қамтылған. Ұлы көшпен бірге қаншама Алаш ерлері отанынан кетуге мәжбүр болған. Осы ретте Ақтотының «кіші әкесі» оқыған қазақ Оңдасынның бейнесін ашу арқылы Алаш арыстарының істері, «найзаның ұшымен, ақ балтаның жүзімен» келген совет империясының қылмыстары әшкереленген. Романда қазақтың басына түскен қиын-қыстау заман ғана емес, адам баласының жыртқыштарға қарсы тұрып тектілігін таныта білген Оңдасын сияқты кейіпкердің істерімен көркейе түседі.

Жазушының «Ұлы көші» өзіне жүктеп алған аманат іспеттес. Текті қазақтардың бейнесін жасай білген Т. Рыскелдиев нақты тарихи негізді оқиғаларды басты етіп алған. Романның стилі анық, себебі әр кейіпкер өзіне тән тілмен сөйлейді. Сондықтан кейіпкерлердің тілі анық, сөздері өздеріне лайық және нанымды. Қазақ әдебиетінде «Елім-ай» көші деген ұғым бар. Ал «Ұлы көш» деген концептіні жазушы Т. Рыскелдиев қалыптастырғанын осы ретте мойындау қажет.

Монғолия, Қытайдағы қазақ әдебиеті арнайы зерттелуі қажет-ақ. Қытайдағы қазақ әдебиетінің басында кімдер тұрғаны туралы Рахым Айыпұлы былай депті: «Қытайдағы қазақ әдебиетінің проза жанрына өткен ғасырдың 40 жылдарынан бастап қалам тербеген алғашқы лек талантты қаламгерлер Бұхара Тышқанбаев, Дубек Шалғынбаев, Асқар Татанайұлы, Қажығұмар Шабданұлы, Қаусылхан Қозыбаев, Омарғазы Айтанұлы, Мағаз Разданұлы қатарлы аға буыннан кейін Тұрсынәлі Рыскел-

диев, Жақсылық Сәмитұлы, Оразақын Ахмет, Жұмабай Біләл қатарлы екінші бір екпінді шоғыр, жас буын өкілдері 50-жылдардың соңы мен 60-жылдардың басында әдебиет майданына келіп қосылды. Қытайдағы қазақ әдебиетінің қалыптасуы мен дамуы тар жол тайғақ кешуге толы болды. Алғашқы буынды «Оңшылдыққа, ұлтшылдыққа қарсы күрес» деп аталатын саяси толқын қаңбақтай ұшырып Тарымның құмды шөліне жер аударса, соңғы толқынды «мәдениет зор төңкерісінің» қара бораны жүндей түтті.

Қарап отырсақ, отаршылдық үстемдік тұсында қайыс нөқта ма, темір нөқта ма бәрі-бір бодандық қамытын киген қазақтың қаламгер ұл-қыздары қашан да қуғын мен құқайдан, ату мен асудан көз ашып көрмепті. Олардың бар кінәсі шындықты жазып өз халқын ұйқыдан оятқаны ғана. Тіпті абақтыны шығармашылық үйіне айналдырып, артына өшпес мұра қалдырған Ақыт ақын мен Таңжарық ақынды, тұтас ғұмыры «қылмыспен» шырмалған Қажығұмардың тағдыры осыған дәлел» [1, 120-121].

Осы ретте Т. Рыскелдиев «Тасқын» трилогиясына да келесі негіздеме берілген екен: «Мәдениет зор төңкерісінің» аяқталуы шала жансар, қал үстінде жатқан Қытай қоғамын дүр сілкіндіріп, тіршілік отын қайта маздатты. Әсіресе, бұл дәуір қаламгер қауым үшін қапаста тұншыққан қайғылы жылдардың есесін қайтаратын орайлы кезең, жұлдызды сәттер болды.

Орда бұзар отыздан асқан шағында қаламын қайта қолына алған екінші толқын қаламгерлер нағыз кемеліне келіп зар күйінде тұрған болатын. Олардың Тұрсынәлі Рыскелдиев бастаған бір тобы бірден соны соқпақтарға беттеп, Қытайдағы қазақ әдебиетінде тыннан түрен салды. Осы елдегі қазақ прозасында бұрын – соңды жазылмаған көлемді шығармалар Оразхан Ахметтің «Өзгерген өңір» романы, Жұмабай Біләлдің «Жондағы жорықтар» романы, Тұрсынәлі Рыскелдиевтің «Тасқын» трилогиясы іркес-тіркес жарық көріп, рухани әлемі әбден шөліркеген елдің таңдайын жібітті.

«Тасқын» трилогиясы Қытайда коммунистік билік орнағаннан кейін туған халқымыздың қоғамдық өміріндегі шұғыл өз-

герістерді бейнелейтін тұтас бір дәуірдің айнасы іспетті кесек туынды. Қытайда коммунистік биліктің орнауы ол жақтағы қазақ халқының өміріне жойқын апат ала келді. Басқан ізіне қан ұйып жататын қатігез билік тарих көшіне өзінің даму заңы, өз ырғағымен ілесіп келе жатқан бейуаз елдің тірлігін тосыннан соққан алапат тасқындай астаң-кестең етті. Дүлей күш, жымысқы саясаттың кесірінен сүттей ұйыған ағайын аяқ астынан бір-біріне бітпес жауға айналып, ел іші іркіттей іріді. «Тасқын» трилогиясының өн бойында «Құйыршықтарды тазалау», «Кері төңкерісшілдерді жаныштау», «Зомагер алпауыттарға қарсы тұру», «Кооперацияласу», «Халық коммунасын құру» секілді ел еңсесін езгілеген саяси тасқындардың толқынына тұншығып, мерт болған бейкүнә боздақтардың, ел мен жердің тонауға түсуі, бір-бірімен шебер қиқуласып, ұлтымыздың басынан өткен небір зобалаң күндер, зар-заманның айнытпай салған суреттерін жаның күйзеліп, жүрегің сыздамай оқу мүмкін емес. Тіпті, опасыз отаршылдық биліктің құлақ кесті құлы, әпербақан белсенділері де, ең соңында осы бір дүлей тасқынның қақпанына түсіп, иірімінде тұншығатыны да оқырманды терең ойға жетелейді»[1, 122].

Т. Рыскелдиевтің шығармаларына тән ерекше қасиет – өмірдің шынайы бейнеленгендігі екені айқын. Т. Рыскелдиевтің мәтіндерінен Қытайдағы қазақтардың көрген өмір қиыншылықтары ғана емес, қазақтардың отанын сағынышпен еске алып өткен жан азабы бейнеленгенімен құнды.

Екінші ерекшелігі саясатты ұстанбағаны. Саясиланған шығармада көркемдікке қиянат жасалып жасандылық үстем болады. Осы ретте Т. Рыскелдиев не туралы жазса да саяси оқиғалар ғана емес, оның кесірінен кейіпкерлердің көрген қасіреттерін сөз етуді мақсат еткен. Мысалы «Тасқын» трилогиясында жазушы Қытайдағы халық коммунасының әр ұлт өкіліне, оның ішінде қазаққа қалай әсер еткенін тарихшылар мағлұмат алатындай етіп бейнелеген. Күні бүгін қазақ тарихшылары жер ауған қазақтар тарихын арнайы зерттемегенін ескерсек, бұл мағлұматтар аса құнды екенін ескергеніміз жөн. Бір кезде жазылатын бұл ғылыми жобаға қажетті деректер осында көркем

мәтіндерден айқындалып алынуы да әбден мүмкін. Бұл көркем әдебиеттің болуы ғылым салаларына қажетті дерек көзі бола алатынының тағы бір айғағы. Жазушы шығармада саяси оқиғаларды бір жақты жамандаудан бас тартқан. Мысалы «Тасқын» романында халық коммунасы қоғамдық қозғалыс елге жаңалық әкелген тарихи оқиға ретінде берілген. Осы ретте Аян Нысаналин былай деген екен: «Тіпті коммунаны құруға көшбасы болып жатқан Қытай компартиясы мен көсеміне де кінә таға алмайсың. Трилогияны оқып шығып ойланып көрсең, тұнық өмірдің шындығы ғана жазылған. Тұнық өмір саяси науқанның кесірінен лайсаң қап-қара тасқынға айналғанын артынан байқайсың. Талай жандардың тағдыры трагедиямен тынады.

Романның басты кейіпкері Ержан әскери саптан ауылға оралған соң, жеті үй кедейдің басын қосып, «Мойын серік» деген егіншілер бірлестігін құрады. Бұл Қытай еліндегі ұжымдасудың бастамасы еді. Сонан бастап Ержан биліктің қолбаласы іспетті елпек те, ұшқыр атшабарына айналады. Ұзаққа бармай ауыл шаруашылық кооперациясы, онан соң халық коммунасы шаңырақ көтереді. Зор секіру, жерлік әдіспен болат қорыту, оңшылдыққа, жерлік ұлтшылдыққа қарсы тұру сияқты саяси әпербақан науқандар қара боранын қаптата бастайды. Ержан соның бәрінде де қылдан таймай, биліктің ығына жығыла береді. Оның қарсы жағындағы өліспей беріспейтін бақталасы – Байтұман зәңгінің баласы Талас. Ол – Ержанның махаббаттағы және заман өзгерісі туралы көзқарастары келісімге келе алмайтын бірден-бір жасырын жауы еді. Трилогияның соңына дейін екеуі тайталасып, текетіреседі. Қалайда Ержан билік жағындағы белсенді болғандықтан Таласты қысыратып отырады. Коммуна құру барысында талай-талай шытырман қайшылыққа, күдірлі тосқауылдарға тап болады. Бәріне де қайсарлық, табандылық танытады. Әйтеуір еңбегі жанып, оның дүниеге әкелген ұжымы да, өзі де озат болады. Пекинге барып, ұлы көсем Маузыдұңның қабылдауына ие болады. Махаббат тартысында да жеңіске жетіп, Таластың тоқалдыққа алмақшы болып, қалың беріп қойған қалыңдығы Гүлар деген сұлу қызды тартып алады. Ержан қызыл биліктің сілтеген семсері болып тұрған кезіндегі

әрекетін бүгінгі саналы оқырман оны іштей жаратпайды. Бірақ оның өнген топырағы мен өскен ортасына адалдығы, туған халқын жаңа өмірге, бақытты тұрмысқа жеткізсем деп, түнгі ұйқысын төрт бөлетін ізгі ниетіне тағы амалсыз бас изейсің.

Ең соңында басты кейіпкердің тағдыры немен тынар екен дейміз ғой? Трилогияның эпилогін оқып болған соң, Ержанға жаның қатты ашиды. Қытайдағы мәдениет төңкерісі кезінде ойламаған жерден оның «капитализм жолымен жүрген құқықты» деген саяси қалпақты баса киіп, халық жауларының қатарынан табылғанын бір-ақ білесің. Ақыры оны қызыл қорғаушылар қинап өлтіреді. Оның қарсыласы болған бай баласы Талас та ұрдажық саяси науқанның құрбаны болып, оны да әлгілер қинап өлтіреді. Екеуі де бір жерге қатар жерленеді. Ержан өзінің қателескенін қызыл қорғаушылардан қинау көріп өлер алдында ғана қанық біледі. Аудан секретарі Янлиннің бұйрығымен тар сайдың аузына орын тепкен қыстаққа тасқын жүріп, шешесі суға кетіп өлгенде де беталысынан қайта қоймаған еді. Ержанның образына бірде бас шайқасаң, бір ойда жаның ашып ішің жылиды. Барлық пәле-қаза қайдан келіп тұрғанын, жазушы өмірдің өзін шынайы суреттеу арқылы астарлы жеткізеді. Басты кейіпкердің тағдыры ұлт тағдырымен тұтасып жатады» [1, 126-128].

«Тасқын» трилогиясының басты тақырыбы қазақты кедей мен байға бөліп ұлт тағдырына балта шабудың іске асуын бейнелеген деп санауға болады. Совет үкіметінің таптық саясатына қарсы тұра алмаған елдің көркемдік суреттелуі нақты берілген. Ұрпағын, отбасын аман алып қалу үшін Шормақ сияқты ерлердің отанын тастауға мәжбүр болып Түркия, Үндістан, Австралия, Қытай асып көрген қорлықтары жан-жақты бейнеленген. Бөтен жерде қазақтың көрген жан түршігерлік қорлықтары қазақ әдебиетінде тура осылай суреттелмеген еді.

Романдағы Тәкен, Жындықара, аудан секретарі Янлин мен басқару секретары Жанюмин, Ержан, Айдар, Қапар, Қонысқан, Қазыбай, Жақып, Бәтиқан т.б. кейіпкерлердің әрқайсысы өз ойлары мен сөздеріне ие образдар. Басшы кейіпкерлермен қатар жазушы Ораз, Қаусыл, Сәрсен, Мұқан, Омар, Қапар, сауда-

гер Сүлеймен, Арыстанбек ұры сияқты кейіпкерлердің де бейнелері нанымды жасалған.

Үш кітаптық трилогияның көтерер жүгі ауыр және абыройлы. Бұл трилогияда жат елде жүріп жан сақтаған бауырларымыздың бастан кешкен тар жол тайғақ кешу жолдары көркем бейнеленген.

«Ұлы көш» романында да жазушы осы өзінің басты тақырыбын ұстанған.

Негізгі роман оқиғалары – Қытай жеріне алты жасар кезінде келген Ақтотының сексенге келіп атажұртқа оралуы.

Жазушы басты кейіпкердің балалық шағынан әжелік кезіне дейінгі оқиғаларды бейнелеу арқылы атамекенін тастап бөтен елде көрген жанның қайғы-мұңны ұтымды бейнелеген. Көркем әдебиеттің ерекшелігі – тарихи оқиғаларды қаз қалпында тізбектеу емес. Белгілі тарихи оқиғалардың адамға әсер етуін бейнелеу әдебиеттің мақсатының бірі деуге болады. Ұлы көш атты концептіні негіз алған бұл роман қазақ тарихының күрделі кезеңдерінен шынайы мағлұмат беруімен құнды.

Бүгінгілер «оралмандар» деп атап жүрген қандастарымыздың атамекенін тастауға мәжбүр болып жат жерде көрген қияметтері күні бүгін арнайы зерттелмей келе жатқан тарихи тақырып. Осы ретте бұл күрделі мәселені Қ. Жұмаділов, С. Жүнісов сияқты жазушылар көтергені белгілі.

Бірақ Т. Рыскелдиевтың «Ұлы көш» романы осы тақырыптың толыққанды романдық эпикалық деңгейде игергенін аңғартады. Жазушының басты туындысы да осы «Ұлы көш» болуы мүмкін.

Неге роман атауына «Ұлы көш» деген концептіні алынған? «Елім-ай» деген қазақты отанын тастап жат елде құл болуға мәжбүр еткен қандай саяси оқиғалар болған? Романдағы бір ғасырлық оқиғаларда қазақтың тарихы қалай орын алған? Біз үйреншікті санаған төңкеріс қазақ даласына қандай қайғы мен қасірет әкелген? Бас кейіпкер Ақтоты басына түскен оқиғалар мен ұлт тағдыры қалай қабысып жатыр? Қазақ әйелінің тағдырын бейнелеп отырған жазушы қазақ елінің мұңын, қайғысын,

жат жерде көрген қорлығын, атамекенге келгенде көргендерін нанымды суреттеген.

Романда біз күні бүгін нақтылай алмай жүрген тарихи деректер берілген. Ол 1916 жылғы көтеріліс, Алаш арыстарының текті бейнелері мен қазақты ел етіп біріктіретін тарихи мағлұматтардың басынан табылған ерлердің істері көркем суреттелген. Романда Алаш партия өкілдері Ахмет, Міржақып, Мұхаметжан, Халел, Жүсіпбек, Тұрар, Мұхтар, Смағұл Сәдуақасов. қатарында жүрген Сансызбай қажының оқымысты ұлы Оңдасын, онымен қарсылар Рақымберген «Қарашегіртке» деп аталған екі топтың өкілдері ғана емес, екі түрлі саяси жүрістің іс басындағы өкілдері.

Рақымбердінің елге істеген сатқындығының соңы өліміне әкелді. Рақымберген «Ақбілекті» өз ауылының ақтарға жем еткен Мұқаш сияқты қызыл белсенді ақтардан сытылып соққан бұл сияқтылар өздері құзғындардың қолынан қаза табады. Оңдасын Семейге келіп қарындасының күйеуі Мұңайтпастың көмегімен Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, М. Әуезовпен табысады. Романда Әлихан Бектің Түркістан Ұлттық Алашорда Үкіметіне Төраға сайланғаны бейнеленген. Әлихан сияқты Оңдасын орыс, ағылшын тілін жетік білген, Мәскеуде мұрағат бөлімінде қызмет атқарған сауатты азамат.

Алашорда үкіметі қанша уақыт өмір сүрді? Бұл үкімет өкілдері қызылдармен қалай күресті? Қандай нақты бастамалар ұсынды? Қызыл империя Алаш арыстарын өз қылмыстық істеріне қалай пайдаланды? Көзі ашық, білімді қазақ ерлері айбалта ұшымен келген билікке қарсы тұруға шамалары неге келмей қалды? Неге көп кешікпей Әлихан Мәскеуге жер аударылып, қазақ елінен алыстатылды? Үй түрмесіне қамалған Алаш қайраткерлері абақтыға неге қамалды? Осы ретте романда адмирал Колчактың: «Халыққа сөзі өтетін бес жүз зиялының көзін жойса болғаны» деген сөзі келтірілген. Яғни Совет үкіметі қазақты отарлау саясатын жалғастырудың ең қасіретті жолын осылай таңдаған. Романда Алаш партия өкілдерінің істері нақты сөз етілген. Ертіс жағасында Ахмет, Міржақып, Оңдасын үшеуінің ақылдасу мәжілісі суреттелген: Ленин мен Сталинге

жіберілген арызды орысшаға аударуды Оңдасын іске асырып, хатқа қол қоюды өзі қолға алған. Міржақып пен Жүсіпбек тұтқындалады, олардың ісін жалғастыруды Тұрар Рысқұловтың: «Көш басымыз тұтқындалғанымен, халықтың жүрегі тұтқындалған жоқ», - деген сөздері осы ретте келтірілген.

Романда 1921 жылы күзде Орал, Ақтөбе, Торғай, Қостанай, Ақмола жерлерінде орын алған аштықтың қолдан жасалғанына көздері жеткен Алаш азаматтары нақты елге жәрдем ету істің басынан табылады. «Ақжол», «Қазақ елі» газеттері арқылы елге сауын жарияланды. Орынбордағы зиялы қауым бастаған ел аштан қырылып жатқан елге көмек көрсетуді қолға алады. Арнайы комиссия төрағасын Ахмет Байтұрсынов, мүшелері: Мұхтар Әуезов, Оңдасындар болады. Әуезов баяндамасын Оңдасын орысшаға аударып отырады мәжілісте. Жүсіпбек, Міржақып, Мұхтар, Оңдасындар Семейден бастап жылу жинай бастайды. Романда Жүсіпбек, Мұңайтпас, Оңдасын Бөріліге барып жылу жинауға аттанады. Көктемге дейін жиналған сегіз мың бас мал Торғайға жеткізіледі. Бұл тарихтан белгілі оқиға романда жақсы берілген. Совет белсенділері «аштарға мал әділ таратпаған» деген шағым тауып, Жүсіпбек пен Оңдасынның үстінен арыз жібереді. Романда Торғайдағы аштан қырылып жатқан елге мал үйлестіру, тірілердің бірін етін бірі жеуге дейін барған қасіреттер нанымды суреттелген.

Бір жарым миллионнан астам адам өлген аштық кезінде үндемей отырған мәскеулік билікке алаш арыстарының елге еткен қызметі ұнамауы да заңдылық еді. Алаш ерлерінің артына салып қойған Әбдірәсіл сияқты белсенділер көбейе түседі. Алаш арыстарына «кері төңкерісшіл, ұлтшыл» деген айып тағылады. Оларды қорғамақ болған Мұхтар өзі тұтқындалады.

Романда Оңдасын Алматы түрмесінде бұрынғы көршісі Андреймен бірге жатады. Алаш партия өкілімен ақгвардияшыл екі жақтың өкілдерінің көзқарастары жақсы берілген. Ақ гвардиясына адалдығын сақтаған Андрейдің сөздері бүгін де мәнін жойған емес: «саясат деген – жалап әйел сияқты. Басшы ауысқан сайын, жазалаудың тактикасы мен саясаты да өзгеріп отырады. Осы кездері Байтұрсынов, Аймауытов, Жұмабаев, Дула-



товтар бастаған 44 адамға ату жазасы үкімі шыққан еді. Алашшылдарды әшкерелеуге келіспеген Оңдасын сол 44 адам қатарында атылды. Күйеубаласы Мұңайтпас пен түрмеден қашып келіп Оңдасын мен өз отбасын бастап шекара асады. Бұл Германия, Түркия, Иранға басталған ұлы көш еді. Ол көш туралы баяндаушы былай деген: «Туған топырағында садақадай шетке шыққан жетім көш, көкірегін жарған ауыр өксік жүгін арқалап, қараңғы түннің меңіреу құшағында сүңгіп бара жатты. Қансоқтасы қабынған жаралы қаланы алақанымен сипалап, жөңкіле көшкен қара бұлт қанатын жайып келеді» [1, 142].

Романдағы Сансызбай қажының ұрпағының тар жол тайғақ кешуі бейнеленуі арқылы қазақ елі басына түскен тарихи оқиғалардың елге тигізген қасіреті бейнеленген. Қазақты езгіге салған қызыл империяның қылмыстық әрекеттері ұлттық мүддені жақтаған саясат жан-жақты суреттелген.

Романдағы тағы бір ерекшелік – ұлттық дәстүрдің бейнеленуі. Ақтоты әженің жастарға айтқан әңгімесіндегі құнды мағлұматтардың жөні ерекше. Осы ретте қымызды баптау, күбіні ыстау сияқты деректерді атап өту керек. Қазақтың тойында бәске қымыз ішудің өзі – ойын түрі екені айтылған. Осы ретте бойтартар, қолтық керер, мойын иер, көзге тиер, ынтықпа деген ойын түрлері келтірілген.

«Ұлы көштің» екінші кітабында Күлтебектің асын бейнелеу арқылы жазушы ұлттық дәстүрді мағлұматты етіп баяндаған. Осы ретте осы роман туралы жазған С. Қапшықбайұлы былай деген екен: «Ұлы көш» романының екінші кітабында Нүптебектің өлімінің артын жөнелту, асын беру барысындағы ұлттық кескін-келбетімізге саятын ірі хикаяттар арқылы жазушы қазақ халқын әр қырынан таныта алған. Астың өту барысы жалаң ұлттық әдет, салт, дәстүр, наным, сенімдер ғана емес, екі елдегі ұлы империялық саясат, халқымыздың қасіреті мен тартып жатқан азабы бейнеленеді. Бұл астың қандай деңгейде өткенін Тұрсынәлі түгелдей ойдан құрастырмаған. Болған шындық бұрмаланбайды. Жазушының қосары – өмірдегі қарапайым шындықты көркем проза өресіне көтеріп, асқа қатысқан кейіпкерлерлерінің жан дүниесін, ішкі әлемін аша алғандығында.

Халқымыздың дегдарына жоқтау айтып, той-топтағы дыр-дуданның жуан ортасынан ақын Таңжарық пен оның ғашығы Ақтотының көрінуі «Ұлы көш» романының серпінділігін кемеріне келтіріп, кенересіне толтыра түскен. ...Нүптебектің асы не үшін қазақ даласында бұрын-соңды болмаған ас дейміз? Өйткені бұл асқа қазақ халқының далалық мәдениеті, халықтық спорты, діни наным-сенімдері түгелдей сіңірілудің сыртында, қалалық мәдениеті де тәуір көрсетілген. Оны айтасыз қытайдың, қалмақтың, қырғыздың, ұйғырдың ұлттық мәдениеті, ауыз әдебиеті, кейбір салт, дәстүрі қисынды кірістірілген» [1, 147-148].

Құлтебекке арналған жоқтауды жазған Таңжарық ақын екені де осы ретте нақтыланған. Романда ұлт дәстүрін, салты бейнеленген кездегі келтірілген мағлұматтардың да жөні ерекше. Мысалы, Құлтебектің жесірі Сүйімхан мінген жорғаның «ер-тұрманы, жүген, құйысқан, өмілдірік, ердің қасы, үзеңгі, сағалдырық, таралғы, пыстаннан тартып, түгелдей күмістелген» делінген. Бұл заттарды бүгін екінің бірі ажыратып айта бермейтіні анық. Кейіпкерлердің мінген аттарының өзі су жорға жүрісі арғымақтар екені, аттар үргілжің қара, ақбоз, «өңкей қаз мойын, қамыс құлақ». Не болмаса «екі атан түйеге саба артып, үстіне қарақоңыр кілем түсті жабылған». Бұл да қаралы белгі еді. Совет кезінде сақталған архив суреттердегі ошақ басындағы жан бағып отырған кедей қазақтарды насихаттаумен келді. Және бұл көрініс қазақ елінің төңкеріске дейінгі жағдайы деп тарихи дерек ретінде күні бүгінге дейін насихатталып келеді.

Ал «Ұлы көш» романында қазақ дәулеті асқан мәдениетті, салт-дәстүріге бай, ел ретінде бейнеленгенімен құнды. Мысалы суға шомылып жүрген Ақтоты мен Нұрқия өзеннің арғы жағасынан Таңжарықтың «Есіңе ал» әнін естиді. Қазақ ауылының сәні мен мәні осындай көріністер арқылы сәтті суреттелген.

Жазушы романда алдын ала болашаққа болжам болатын оқиғаларды суреттей өтеді: «Екі қыз Таңжарықтың жаңа әнін айтып келе жатқан кезде, Ақтоты байқаусызда қырғауылдың балапанын басып кетеді. Ақтотының күрделі тағдыры осы байқамай өлтіріп алған балапанның обалына да байланысты сияқты.

Жазушы ауылдың қаралы көшінің салтанатын бейнелеу арқылы қазақтың қазір ұмыт қалған әдет, салтын, ырымдарын жақсы келтірген. Романда келесі ұлттың сал-серілері қолданған музыка аспаптарымен Жүсіпбек таныстырады: домбыра, қобыз, жетіген, шертер, адырна, шіңкілдек, сыбызғы, сырнай, ұран, керней, бұғышақ, сықырауық, үскірік, дауылпаз, дабыл, шыңдауыл, кеңшік, даңғыра, жатаяқ, сылдырмақ, мүйіз тақылдақ, аттұяқ, мыс қоңыраулар. Сырнайдың сазсырнай мұзсырнай түрлері болғаны, қобыздың мысқобыз, жезқобыз, шаңқобыз түрлері.

«Ұлы көштің» төртінші кітабында Ақтоты Таңжарықтың қоштасуымен басталады. Бұл бөлімде Оспан батырға қатысты мағлұматтар көркем бейнеленген. Қытайлар ойын баласын тірідей құдыққа тістеп қызы Кәмила мен 14 жастағы ұлын көзінше өлтірген. Әйелі бұны көтере алмай өзенге кеткен. Жазушы Оспан, Жолдыбай сияқты батырлардың қайсар істерін нақты бейнелеген. Оспан батыр, Дәлемхан Сүгірбаев бастаған төңкерісі, Іледегі төңкеріспен сабақтастысып, Алтай жауқолынан азат алады. Жазушы бұл ерлердің істерін бейнелеуді өзіне міндет етіп алғандай. Себебі ұлт мүддесіне қатысты тарихи оқиғаларды романда бейнелеу арқылы жазушы ұлы көштің қасіретті екенін айқындауды да өзінің парызы санағандай.

Романның соңы Ақтотының жерленуімен аяқталады. Роман туралы айтылған С. Қапшықбайұлының келесі пікірімен бұл роман туралы талдауды аяқтауды жөн санадық: «Ұлы көш» оқырманға не айтпақшы? Төрт кітаптан романды оқып болып, мен осы сұраққа жауап іздедім. Ұлы даласында айрандай ұйыған қазақ халқы дүниеге бастарына не күн туып, тарыдай шашылды? Барған жерлерінде қандай қилы тағдырларға тап болды? Атажұртта тапжылмай, тұрақтап қалғандар ше? Қаңғырыстап кеткен қандастар неге атажұртқа қайта оралып жатыр? Бұрыннан арғы бетте қалғандар ше? Қазақ еліне тәуелсіздік қалай келді? Бүгін қандай күн кешіп жатырмыз? Бұл заманның нендей қыры мен сыры бар? «Ұлы көш» осы сұрақтарға жауап береді

Сонда қалай? Жазушы Сансызбай қажының ұрпақтарын жер бетіне шашып жібереді. Бір бөлімін атамекенде қалдырады. Бұл ұрпақтың басына бүкіл қазақтың тағдырын жинақтайды. Әсіресе, басты кейіпкер Ақтотыны бір ғасырға таяу жас жасатып, қыз кезінде ақын Таңжарық екеуін бір-біріне ғашық қып, қазақтың қилы тағдырын өз көздерімен көрсетеді. Өздерінің басынан да өтеді. Он алтыншы жылдан басталатын босқын көш атажұртқа ағылған ұлы көшке ұласады. «Ұлы көш» романынан қазаққа тән не іздесе табылады. Ұлы дала мәдениеті, тұрмыс-салты, ырым-жырымы, қол өнері, діні, наным-сенімі, ғылым-өнері, халық емшілігі, аңшылық, құсбегілігі, атбегілігі, көшпенділер тарихына қатысты маңызды деректер, ұлттық көтерілістердің өзіне тән ерекшелігі, далалық соғыс тактикасы, ұлттық мінез-құлық қатарлылар – арғы, бергі беттегі ірі-ірі саяси науқан, оқиғалар, тарихи бұрылыс, қоғамдық өзгерістерге тұздық болып, әсерлі, әрлі бояу-өрнек бағыштайды. Ал, бұдан өзге не сұраймыз «Ұлы көш» эпопеясынан?!» [1, 262].

#### **Пайдаланылған әдебиет:**

1. Рыскелдиев Т. Көптомдық. 10-том. Сүзгі. – Алматы: ҚазНұр, 2013. – 357 б.

## ИМАШХАН БАЙБАТЫРҰЛЫ (1938-2000)

Моңғолияның «Алтын жұлдыз» орденінің иегері, көрнекті ақын Имашхан Байбатырұлы шығармашылығы қазақ әдебиетінде өзіндік үні мен орнын айқындаған тұғырлы дүние десек, ешкім де дау айтпас.

Имашхан Байбатырұлы Моңғол Халық Республикасының Баян Өлгий аймағының Қызылқайың өңірінде өзі мәңгі өлеңге қосып өткен Қызылтөбе тауының баурайында ел жайлаудан күзеуге көшіп келген мамыражай қоңыр күзде 1938 жылы дүниеге келген. «Ақынның мамыражай қоңыр мінезді болғаны да содан» деп қалжыңдайды екен туыстары. Руы керей ішінде Шерушінің Төлек тобының Кәдір атасынан шыққан. Имашханның арғы аталарын ауызға аларлықтай жөніміз бар. Кәдірден: Өмірбек, Балғабек, Әлібек, Жәнібек, Темірбек атты «бес бек» атанған сал сері, әнші, күйші, ер жігіттер болған. Бұларды маңайындағы елдер «Көп қалақшаның ауылы» дейді екен. Өйткені олардың әр үйінде құрығанда бір домбыра, кей үйде екіден домбырасы болған. Келген қонаққа домбыра ұсынып, қонақ кәде сұраған соң «Көп қалақшаның ауылы» аталса керек.

Ақынның әкесі Байбатыр өз нәпақасы өзінде, бай болмаған, билік құрмаған, шағын ғана жекеменшік малы бар, сопы да сотқар да емес, біртоға, жуас, істі ақылмен шешетін, ауылына сыйлы, адал адам болған. Имашхан жеті жасқа толғанда әкесі дүние салады. Бұдан кейін ақынды ағасы Тәмешкен мен жеңгесі Бәтен өз қамқорлықтарына алады. Ал Тәмен ағасы мен Зылиман жеңгесі жаз жайлауы, кең тыныс өрісі болғанын айту ләзім.

Көсемдігі мен шешендігі тең ұлы ата ұрпағынан шыққан Имашханның нағашы жұрты да осал атаның тұқымы емес-ті. Ақынның шешесі Зылиман шешендігімен көзге түскен, ауылдың айтыскер ақыны атанған сөзге ұста адам болған. Жеті атадан бері сөз билігі түспеген ұлы ата қанымен, бойында шешендіктің оты бар ана сүтімен дарыған сөз қасиеті жас Имашханның ақындық жолға түспесіне еш мүмкіндік қалдырмады.

Имашхан жастайынан алғыр, зерек, сөзге өтімді, от тілді болып өседі.

И. Байбатырұлы 1949-1958 жылдары Өлгий қаласындағы №1 онжылдық орта мектебінде білім алады.

Анасы Зылиманның суырып салма ақындығы, туған өлкенің керімсал табиғаты бұғанасы қатып, топшысы бекімеген Имашханның ақындық жолға түсуіне бірден-бір себепкер болады.

И. Байбатырұлы 1959 жылы Моңғолия Білім министрлігінің жолдамасымен Алматыдағы Абай атындағы мемлекеттік педагогикалық институтының тарих-филология факультетіне оқуға түседі. Оның талантының өсуіне осылайша үлкен жол ашылады. Сөйтіп 1964 жылы ғылыммен қаруланған ақын, сан ондаған ақын, жазушы дос тауып Сағидың салмақтылығын, Қадырдың қуақы ойлылығын, Тұманбайдың сыршылдығын ойына тоқып, ауылына арқалап қайтты.

1964 жылдан бастап 1982 жылға дейін 18 жыл бойы Моңғолия Жазушылар Одағының бөлімшесін басқарып, әдеби «Шұғыла» журналының бас редакторы қызметін қоса атқарады. Орта мектептерде Баян Өлгийде және Мақаншы аудан орталығында барлығы сегіз жыл қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі қызметін атқарды. 1970 жылы Моңғолия Жастар одағының сыйлығын алады. 1972 жылы Пушкиннің поэзия мерекесі мен Жамбылдың 125 жылдық мерейтойларына қатысады. 1978 жылы творчестволық сапармен Венгрия мен Югославия елдеріне барады. Осы сапарларында «Петефи алаңында», «Совет қаһармандарының ескерткіші», «Театрға кірсем де», «Мәңгілік гүл», «Пушкин туған жер», «Москвадағы кездесу», «Ленин ескерткіші алдында» қатарлы өлеңдерін жазады.

1983 жылы ақынға «Шұғыла» журналының кезекті сыйлығы беріледі. 1985 жылы Алматыда моңғол әдебиеті күндеріне қатысады. «Сәлем», «Көңілім менің – Көкшеде» атты көгілдір бояуға толы өлеңдерін жазады. 1989 жылы МЖО-ның ҮІІ съезінде «Алтын жұлдыз» орденімен марапатталады. 1982-1989 жылдары МХР Министрлер кеңесі қасындағы Цензураның аймақтағы өкіл редакторы, 1989-1991 жылдары оқулықтар редакциясының редакторы қызметін атқарады.

Тағдырдың талқысы ма, дәмнің тәттісі ме ата жұрты оны тартты да тұрды. Лауазымды қызметтер атқарған, жұрт сыйлаған ақын «бәрін тастап» 1992 жылы шілде айында Қазақстанға ат басын бұрып, Семей облысы Мақаншы ауданына келіп қоныс тебеді. Орта мектепте мұғалім, аудандық оқу бөлімінде инспектор, әдіскер қызметтерін атқарады.

Бөгелмеген егіндей өнер деп ем,  
Көгермеген жан болдық өнерменен.  
Мен кетермін келмеске, үнім қалар,  
Өлер деген ойым жоқ өнер деген –

деп ақындықты өнер деп қастерлеген, біртума бұла талант, талғампаз зергер, кемеліне келіп толысқан шағында пайғамбар жасына жетер жетпесте 2000 жылы 6 сәуірде «қазағым, халқым» деп соққан ақын жүрек атажұрт деп аңсап жеткен тәуелсіз Қазақстан топырағында тыныс тапты. Ақын сүйегі Мақаншы ауылының Жайтөбе тауының бөктеріне жерленген. Бірақ дана Абай айтқандай «өлмейтұғын артына сөз қалдырған» поэзия жұлдызының мұрасы – асыл жырлары уақыт көшінде ұрпақтан-ұрпаққа жалғаса бермек. Ақынның жыр-дастаны өмір дастанға айналып, ақын жүрегіндей мәңгілік соғып тұрмақ.

И. Байбатырұлы және оның шығармашылық мұрасы жайында ой-пікір айту 1960 жылдардан басталады. Ең бірінші болып П. Сайраг «Утаг зохиолын чанарыг сайжруулья» («Әдебиеттің сапасын жақсартайық») атты мақаласын 1959 жылы «Жаңа талап» журналына жариялады. И. Байбатырұлы туралы алғашқы пікір «Педагог» газетінің 1962 жылғы 24 қаңтардағы санында жарық көрді. Яғни «Талант иесі» (авторы – Хисмет Табылдиев) мақаласынан біз көп жайды кездестіреміз. Сонымен қатар, И. Байбатырұлының есімін белгілі әдебиетші ғалымдар Х. Әдібаев, Т. Ибрагимовтің сыни мақалаларынан да кездестіреміз. «Шұғыла» журналының 1972 жылғы №1 санында жарық көрген «Толысу жолында» атты мақаласында профессор Қ. Қалиасқарұлының И. Байбатырұлы жайлы ғылыми пікірі берілген. Ш. Рахметұлы да «Ұнамды өлең хақында» атты мақаласында И. Байбатырұлының туындыларына әдеби көзқарасын білдіреді.

Осы жылдардан бастап И. Байбатырұлының шығармашылығын көпшілікке жеткізу мақсатында ақынның өз тұстастарынан және қаламдас інілерінен қазақтың көптеген ғалым, жазушылары: Я. Лиясұлы, А. Жұмажанұлы, Ш. Нығышұлы, Қ. Арысбайұлы, Қ. Жұмаханұлы, Ерболат, Тоқталхан, Б. Ысқақов, С. Асанов және басқалардың пікір-пайымдары мен байыпты талдау-тұжырымдарының мәні зор. Профессор З. Сейітжанов «Моңғолия қазақтарының әдебиеті» мақаласында Моңғолиядағы қазақ әдебиетінің даму жолдарын зерделей келе, И. Байбатырұлының да атын атап өтеді.

2002 жылы «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясының IV томында және 2004 жылы жарық көрген «Қазақстан жазушылары: XX ғасыр» анықтамалығында, 2005 жылы «Қазақ әдебиетінің тарихы» онтомдығының IX томында (авторы З. Сейітжанов) ақынның өмірі мен шығармалары деректі түрде таныстырылады. Белгілі ғалым Қ. Ергөбектің «Көзайым (Шетелдегі қазақ әдебиеті жайында бірер сөз)» атты мақаласында ақын есімі зор құрметпен аталады. 2005 жылы Е. Арыққарақызының «Моңғол қазақтарының поэзиясы және Кәкей Жаңжұңұлының шығармашылығы» деген кандидаттық диссертациясында ақынның поэзиясына, әсіресе пейзаждық лирикасына кеңірек тоқталып, ғылыми талдау жасалған. Мұның барлығы ақынның таланты мен шығармашылық қырын толық танып болдық деген сөз емес екені айтпаса да түсінікті. Әйтсе де ақындық болмыс-бітімі қаламгердің әр жылдары шығып тұрған жыр жинақтарына жазылған алғы сөздермен қатар сол кітаптарға айтылған сыни пікірлерден көрініс тапқан. Көбіне-көп біріне бірі ұқсас, ой қайталаған ондай мақалалардың ақынның қазақ поэзиясындағы орнын, өзіндік бітімін таразылауда белгілі бір дәрежеде үлес қосқанын айта кету ләзім.

Өнегелі өмірі мен зерделі өнерін өлең-ғұмырға сыйғызған ақынның шығармашылық еңбегінің заман еншісінен елеулі орнын ойып алып, маңдай алды майталмандардың қаламына ілігуінің өзі де дәуірге сай заңдылық. Қазіргі таңда ақынның шығармашылық портреті жасалып, өмірбаяны жинақталып Моңғолиядағы мектеп оқулықтарына енгізілді.



И. Байбатырұлының шығармаларының алғаш жариялануы жайында кереғар пікірлер кездеседі. Алғашқы шығармаларының баспа бетінен жарық көруі жайлы профессор Қ. Қалиасқарұлы былай дейді: «Алғашқы тырнақалдысы 1957 жылы баспа бетін көрген Имашхан аз жылдың ішінде тасқынды туындыларымен оқырмандарына танылды» [1, 111]. Бұл пікірді қостай келе, жазушы Соян Қажыбайұлы: «Мен оның шығармаларын, әдебиетті дамытуларындағы зор еңбегін, адамгершілік қасиеті мен өмір жолын бес саусағымдай білемін. Өйткені екеуіміз бір жылы туып, тай-құлындай тебісіп бірге өскен, өмір сапарын бірге кешкен жандармыз. Ақынның алғашқы өлеңдері 1957 жылы жарық көргенін, оны алғаш белгілегеніміз әлі есімде» [2, 57] – дейді. «Моңғолияның қазақ қаламгерлері» деген кітап та жоғарыдағы ойларды бекіте түседі: «Б. Имашхан, С. Шанас, Т. Хулданың алғашқы өлеңдері 1957 жылы жарық көрді» делінген.

Біз 1957 жылғы шыққан газет, журналдарды парақтап отырып, Имашхан ақынның бір де бір шығармасын кездестірмедік. Тек 1958 жылғы «Жаңа талап» журналының №3 санынан төрт өлеңі басылғанын анықтадық. Ал «Моңғолия қазақ әдебиетінің тақырыптық көрсеткіші» кітабында «Балалық шақ», «Мен кіммін?», «Лақ», «Өлең» деген алғашқы өлеңдері 1958 жылғы «Жаңа талап» журналының №3 санында жарияланған» – деп біздің ойымызды бекіте түседі. Нақтырақ айтқанда, ақын шығармалары 1958 жылдан бастап Моңғолияда жарық көре бастайды. «Жағымсымай, жастайынан жыр емген» Байбатырұлы ерте бала кезінен, яғни мектеп қабырғасында жүргенде-ақ оқушы құрбыларын елең еткізіп, үлкен үміт күттіреді. Балауса жырлары 1958 жылы мектеп оқушысы кезінде-ақ аймақтық газет, журналдарда жарияланады.

Жас шәкірт шағында-ақ балғын жырларымен көзге түсе бастаған талапты жастың тырнақалды «Балалық шақ», «Лақ», «Өлең», «Мен кіммін?» атты өлеңдері алғаш рет «Жаңа талап» журналында жарық көреді. Осыдан бастап ақынның көк қауырсын жырлары Баян Өлгийдегі қазақ баспасөз беттерінде ғана емес, Ұланбаторда шығатын ғылыми – көпшілік «Утга зохиол,

урлаг», «Тоншуул» журналдарында Л. Хуушаанның аударуымен моңғол тілінде 1965 жылдан бастап үзбей жарияланып тұрды.

Имашхан поэзияға лирика арқылы келді. Ақындық тұлғасы, бүкіл табиғаты, болмысы лирикамен үндесіп жатыр. Оның поэзиясының мөлдір бастауы, телегей теңізі – ақынның өзі, рухани әлемі, сезім сырлары. И. Байбатырұлы поэзиясының дені – оның лирикалық шығармалары. Оның шығармаларының ішінде лирикасының алатын орны ерекше екенін кезінде Қ. Қалиасқарұлы, П. Сайрағ, Б. Бааст, Қ. Жұмаханұлы және т.б. атап өткен [3]. Бүгінгі таңда 15 кітаптың авторы, оның ішінде 12 кітабы қазақ тілінде, 3 кітабы моңғол тілінде басылды. Ақын шығармалары орыс, болгар, серб, бурят, алтай, мажар, қытай тілдеріне аударылды.

Талантты ақын драматургия саласында да жемісті еңбек етіп, «Киелі қанның тамшысы», «Жүрек жолын тапты», «Қаратау қарлығашы», «Бөліске түскен балдыз», «Құны түскен құпия», «Махаббат», «Епшілескендер» қатарлы пьесалары мен «Керім-ау-айдай» опера-либреттосын жазды. Ақын пьесалары Баян Өлгий аймақтық музыкалық драма театрының сахнасында қойылды.

И. Байбатырұлы әдебиеттану саласына да зор үлес қосып, әдебиеттің өсу жолдарындағы түрлі мәселелерге ден қойып, қоғамның дамуы барысындағы әдебиеттің орнын көрсететін «Жаңа өмір» газетінде «Журнал беттерін ашқанда», «Саны бар, сапасы жоқ», «Қозы Көрпеш Баян сұлу – театр сахнасында», «Тусыған орманның сыңсыған бұлбұлындай», «Жаңа кітап – жаңа жыр» деген көптеген ғылыми мақалаларын жариялайды. Б. Явуухулан, Д. Сэнгээ, Д. Содномдорж поэзиясы жөнінде айтқан ой-тұжырымдары моңғол әдебиеті тарихынан өз орнын алды.

И. Байбатырұлының «Шұғыла» журналында редактор болып қызмет атқаруы оның журналист ретінде қалыптасуына тікелей ықпал етіп, журналда «Әңгіме жайлы ортақ ой», «Моңғол әдебиетінің ұлттық және интернационалдық сипаты», «Жаса менің туған елім», «Айтыс – халық мұрасы», «Ақын мерекесі», «Екі съезд аралығында», «Жыл жемісі», «Бесжылдық биігінен»,

«Сыр маржандарын сараласақ», «Сәтті қадам», «Съезден съезге дейін» іспетті ғылыми – көпшілік, танымдық, әлеуметтік мәні бар мақалалар жариялайды. Бұл мақалаларда моңғол әдебиетінің бүрлі бұтағы саналатын қазақ әдебиетінің даму үрдістері мен қазақтың ғылыми ойы мен танымының қалыптасу мәселелерін талдады.

И. Байбатырұлы – танымал аудармашы. Ол – Д. Сэнгээ, Д. Тарваа, Б. Явуухулан, С. Дашдооров, С. Буяннэмэх, Ц. Гайтав, П. Бадарч, Д. Мягмар, Д. Пүрэвдорж, Л. Хуушаан, Д. Бямба т.б. шығармаларын аударды. Таулы Алтай ақындары Аржан Адаров пен Борис Укачиннің және тыва ақындары Радиф Гауллин, Гэрэй Рахим өлеңдерін аударып бастырды.

Ақынның содан кейінгі уақытта жарық көрген «Қазақ әдебиеті», «Лениншіл жас», «Педагог», «Уақыт тынысы», «Ақиқат», «Ұлағатты ғибрат» газеттері мен «Жалын», «Жұлдыз», «Сарыарқа», «Абай» журналдарынан ақынның бірқатар шығармаларын кездестіреміз.

Нақтырақ айтқанда, ақынның рухани әлемі қазақ халқының ауыз әдебиеті дәстүрінде қалыптасқан болатын. Имашхан сөз өнерінің алтын қоры фольклор мен ауыз әдебиетінің көркемдік дәстүрін өз шығармашылығында ұтымды пайдалана отырып, туындыларын түрлендіре дамытты. И. Байбатырұлының ауыз әдебиетіне қатынасын бірнеше тараптан байқауға болады. Біріншіден, ақын қазақтың халық поэзиясының бүкіл поэтикасы мен сюжеттік элементтерін шығармаларында шеберлікпен пайдаланады. Екіншіден, халық арасында кең таралған, әсіресе тұрмыс-салтқа байланысты туған өлең-жырларды жаңаша түрде қайта жырлайды. Үшіншіден, халық арасына тараған аңыз әңгімелерді тірнектеп жинай отырып, «Такуа Тандайбай» атты сын-сықақ пен әңгімелер топтамасын жазады. Міне, осының барлығы да Имашхан ақынның қазақ ауыз әдебиеті мен фольклорын өз шығармашылығында қажет жерінде пайдаланған, көркемдік дәстүрді жалғастырушы ақын екендігін дәлелдейді.

Қазақтың жазба әдебиетінің алыбы Абай тағлымының қай ақын үшін де берері мол, үйретері де шексіз. Абай мен Имашхан поэзиясындағы байланысты сөз ету – дәстүр мен жаңашыл-

дық жайын тексеріп, қарастыру сияқты күрделі мәселелерге бастайды. Әдеби-рухани байланыстың түп-төркінін әріден тексерсек, Иماشхан ақынның Алматыдағы ұлы ақын атымен аталған оқу орнында білім нәрімен сусындауын тарихи тамырластық дер едік. Әйтсе де тарихи тұлғаларға тән тектіліктің тіні И. Байбатырұлының табиғатына жат емес екен:

Қаталды матаған ақылмен,  
Қаһарлы болсаң да ақылды ең.  
Мен түскен оқудың ордасы,  
Аталды өзіңнің атыңмен.  
Көнімді жырыңмен жібіттім,  
Шөлімді қандырып, іріттім.  
Парызым көп саған, ақтауға,  
Көгімде құсы ұшты үміттің» [4, 9].

Бұл – ақынның өмір соқпақтарының бір үзік мезетінен алынған сыр-суреті.

Ақынның бір сәт Абай ағасына жүгінуі де ой-идеялары мұраттас өнер алыптарының рухына тағзым ету, аруағына табыну, тұлғасына сиыну дәстүрінен туындап жатады:

Саралап өлеңнің соқпағын  
Жағалап өзіңе тоқтадым.  
Жасындай жарқ еткен, әулием,  
Бағалап, жоғынды жоқтадым.  
Сөгілдің сонда сен таңым боп,  
Төгілдің жаныма жауын боп.  
Аспанмен таласқан мәңгілік,  
Көріңдің асқар шың тауым боп [4, 9].

Абай үрдісімен жазылған шығармаларға ақынның «Жар таңдау», «Жаңбырда», «Үйдегі күйдің қамы деп...», «Қанатым болмаған соң», «Аттан десең», «Көктем таңы атарда», «Біреу мені шамдайды күлесің деп», «Тұлғасың көкте самғаған», «Күндерге қашан ой бөлдік», «Аңсай күткен арманың мен мұратың» т.б. өлеңдері жатады. Табиғат тартуын Абайша жырға қосқан ақын лирикасынан поэзия патшасының қолтаңбасы айқын аңғарылады. Ұлы Абайда табиғат құбылыстарын жансызға жан бітіріп – кейіптеу тәсілімен өрнектеу басты рөл атқарса, осы үрдісті бұл-

жытпай түрлендіре, оң бере бедерлеу Имашхан ақындығының және бір қыры.

Көңіл-күй, философиялық толғамдар мен қоғамдық-әлеуметтік тақырыптағы өлеңдерде де Имашханның Абайға жақындығы бар. Замана жайынан ой толғаған сондай өлеңдердің сыршылдығынан гөрі сыншылдығы басым боп келеді. Көңіл-күй қошынан азаматтық әуенге ауысу мәнері Абай лирикасына тән қалып болса, бұл жерде Имашхан ұстаз-әулиеге кәдуілгі шәкірт. Адамның ішкі сыр-әлемін қоршаған ортаның әсері арқылы жеткізу, психологиялық ахуалдың аужайын өзге тіршілік нышандарымен құбылта бейнелеу – шын суреткердің талайына сын. Мәселен, Абайдағы:

Көк ала бұлт сөгіліп,  
Күн жауады кей шақта,  
Өне бойың егіліп,  
Жас ағады аулақта [4, 116] –

деп келетін көңілдің сан алуан түйткілдері лирикада сұлу, шебер, нәзік оралымдармен әдемі көрінсе, осы сынды әсем де сырлы, мұңлы өрімдер Имашхан ақында:

Түнеріп бұлттай тоңып жүр,  
Қайғылы жүрек қарасұр.  
Жігерім ғана болып жүр,  
Қайырымы молдау жанашыр [4, 60]

– деп жырланады. Сондай-ақ Имашхан өлеңіндегі «жер – жігіт, аспан – қыздың некелесуі» Абайдың әйгілі «күн – күйеу, жер – қалыңдық сағынысты, құмары екеуінің сондай күшті» – деген өлең жолдарымен мазмұндық, суреттік ұқсастықта. Ұлы ақынның дәстүрі жаңашылдықпен жалғасын тапқанына бір мысал осы болса керек.

Қоғам өмірінің әлеуметтік көрінісін жырлауда Имашхан ақын Абаймен үндес. Абайша заман жайынан ой аңдату, сыр шерту – Имашханның «Абай атама», «Толғану», «Парыз», «Ақын атаға шағыну», «Ақ атам – әулием», «Тұлпармын табаны тесілген», «Әкімдерге айтар сөз», «Жаңаша ойлау», «Не етерсің?», «Адамдар-ай!», «Күпимеге күпті сөз», «Имандылық қайда жүр?», «Талтақтаған біреуге жалтақтаған», «Басшы жеңгеме», «Тоқтал-

ды ағындарым лақылдаған», «Қораға шошқа үретін заман болды», «Астасқандай уға тілім бал тамар» деп аталатын шығармаларында ұлы ақын дәстүрін дамыта түскен. Аталған өлеңдерден дәуір шындығының самал желі еседі. Бұл туындыларда ел басқарғыш ақылсыз әкімнің, бәлеқор мен жалақордың, сөзге ерген ерменің, жағымпаздар мен жылпостардың Абай заманынан таныс «бойы бұлаң» қысқа күнде қырық құбылған пенделердің бейнесі қылаң береді.

Қысымым тасып,  
Мүсінім жасып,  
Шығамын әрең көз ілмей.  
Сырылдап өкпем,  
Жыбырлап көптен,  
Ірінді ұйқым, жоқ тыным.  
Жүрекке түскен,  
Жүдеткен іштен,

Жараны мен де жалайын [4, 65] –

деген жолдар Абайдың «Сегіз аяқ» өлеңінің үлгісімен жазылған.

Өмір, уақыт тынысынан нәр алып, туған ел, туған жерге деген көл-көсір сүйіспеншілік, шалқар шабытпен жырланған оралымды ой, айқын азаматтық әуен, ақ жарма нәзік сезім мен сыршыл саз, ажарлы бояу мен айшықты сурет, өмірдің өзіндей нақтылық, мөлдір сұлулық – міне, бұлар, ақын жырларының сан қырлы сыр-сипатын, өзіндік ерекшелігін танытатын қасиеттер. Ақын өз туындыларының осынау ерекшеліктерімен Моңғолиядағы қазақ поэзиясының идеялық-көркемдік дамуына, мазмұн және түр жағынан баюына елеулі үлес қосты.

Оның көп жырларынан ақын ұлға тән өмірге деген өзгермес махаббатты, сезім нәзіктігін, сұлу да сиқырлы сөздерді жұптастыра кеп сыр шертетін шеберлікті, нені жырласа да елжірей, емірене жырлар ғашық жүрек лүпілін сеземіз. Жігі ашылмас, жүгі жеңілдемес: жұмыр ұйқас, тегеуіріні мықты теңеу, қуатты поэзияға ауадай қажет талант қарымдылығы мен туынды тұшымдылығының ілкі нышанын оның өлеңдерінен аңғару қиын емес. Ол – ең әуелі нәзік сезім ақыны. Оның лирикасы сыршыл,

нәзік, таза, мөддірлігімен көптің жүрегінен орын алған. Ол поэзияға үлкен жүрек, өзіндік парасат-пайымымен келді:

Көңілім бар тірліктен безінбеген,  
Сырларым бар ұқпаған, сезінбеген.  
Әбігермін жүректі жырлатам деп,  
Осынау бір тұп-тұнық кезімде мен.  
Қайратыма қайралған төзімменен,  
Түйгенімнің айнытпай өзін берем.  
Бере алмасам, айтыңдар, көре алмадым,  
Өз бетімді өзімнің көзімменен [5, 18] –

деген ақынның үні оның азаматтық рухы, тереңдігі мен биіктігінің белгісіндей. Осындай жолдардан үлкен жүректі ақынның арқалы табиғатын, азаматтық рухын сезінесіз.

И. Байбатырұлының шығарма мазмұнын көркем пішінге көшіру барысында көріктеу құралдарына негіз боларлық өмірлік материалдарды табиғаттан қапысыз екшеп ала білетіндігінің ең үлкен айғағы – оның пейзаждық лирикасы деп білеміз. И. Байбатырұлы шығармаларындағы пейзаждық лирика түрлерінің дені туған жер тақырыбына арналған. Ақынның туған жерге арналған елуге тарта өлеңі бар. Ақын өзінің «Ауылдан сәлем» жинағының алғы сөзінде-ақ туған жер, туған ауыл туралы былай дейді: «Ақшаңқан үйлері айдындай қонған, алқапты өлкесі түлікке толған, тарих беттеріндей шежіре қарттары бар, барсаң бағланын соятын, жантайсаң жастық әкеп қоятын әдепкі өскен жастары бар ауылда өсіп, сонан қанаттанып ұша тұра қалай ақын болмассың! Өзгені кім білсін, әйтеуір өз басым күні бүгінге дейін туған ауылыма алаңдап, апта өткен сайын аңсарым ауып, сағынып тұрамын. Оның тілсіз тасына дейін көзіме ыстық көрініп, көңілдің пернесін басып, ішегін шерткендей болады. Барған сайын емірене тербеліп, ери тебіреніп келемін» [6, 5]. Алыстан аңсап келіп, туған даласының балаусасына аунап, асау өзеннің ақ моншақ тамшыларына алақанын тосып, балаша мәз-мейрам болған, таңмен таласа тұрып бозторғайдың тамылжыған әніне құлақ құрышын қандырған, саумал самалын мейірі қанғанша жұтқан, осы дала төсін жаңғыртқан ерлердің еңбегін үлгі тұтқан,

ақынның көңіл толғанысы «Туған ел – туған жерге», «Бір пайдам тисе екен деп елім үшін», «Қызылтөбе деген жердің ұлымын», «Алтай сенің төбеңнен...» атты өлеңдерінде шынайы бейнеленіп, сырлы сурет болып өрілген. Бұлай бейнеленуі заңды да. Ақын үшін тас та, тау да, самал да, сағым да сыры, тілі бар, тіршілік дүниесі.

Көркемдігімен көз тартар сұлу Қызылтөбе тауының етегіндегі ауыл қаламгердің эстетикалық идеалына айналған. Ол кіндік қаны тамған туған жерге деген шексіз махаббатын Қызылтөбе бейнесі арқылы жеткізеді. Бұл қасиет ақынның әрі өмірлік, әрі поэтикалық ойлау жүйесіне әбден сіңісіп кеткен. Ол өзге біреудің өз туған жеріне деген сағынышын өзінің Қызылтөбеге деген сағынышы арқылы түсіндіреді:

Қызылтөбе – сөнбейтін қызыл жалын,  
Қуанғаным, күлгенім, қызынғаным,  
Қызылтөбе – мендегі қыршын жастық,  
Қызылтөбе – жүректе қызыл қаным.  
Аласарса мендегі биік талап,  
Тұрғаныңды көремін түйіп қабақ.  
Қиындықты егер мен қиып өтсем,  
Тұрасың сен сүйсіне сүйіп қарап... [5, 9].

Автор өзінің бозбала шағындағы қымбат қасиеттерін Қызылтөбеден ажырағандықтан жоғалтып алғандай, оның бәрі сол жұртта қалғандай етіп жырға қосады. Ақын дәріптеген осынау қасиетті мекен жоғарыда айтылғандай, бәйге дүбіріне толы кейіпте көрсетіліп, бейне бір думанға, шаттыққа толы жастық шақ базарының символындай биікке көтеріле жырланады. Ол халқымыздың өткен өміріндегі тұрмыс суреттеріне қатысты шындықпен байланыстырып отырады және сол арқылы ақынның өткен шаққа деген сағынышы, туған жерге деген махаббаты танылады. Туған жерге деген перзенттік махаббатын осылайша жүрек жалынымен, сыршыл сезіммен тебірене жырлайды. Бойындағы талантының туған жер құдіретінен әсте тысқары емесін сездіріп, жақсы жырдың ащы толғағына Қызылтөбесінен шарапат тілейді. Туған «Қызылтөбесі» ақынның балғын жастығы, жүрегіндегі қызыл қаны. Ақын талғамға татымаса



Қызылтөбе ұяттан шөгіп бара жатады. Бойдағы асылын аямай үйіп-төксе ғана ол биіктей береді. Екеуінің ұласқан мұраты бір-бірін тек сүйсіндіріп, сүйіп өтуді аманат еткен. Жақсы жырмен ораларына, ақын атына лайық ұл бола аларына серт бергендей. Ақын жаны сәбидей бейкүнә, жас ұландай елтігіш. Оның сұлулыққа іңкәр жүрегі жақсы жыр сыйлар жаратылыс үнін қалт жібермей естіп, көңіл көзімен көре білетініне:

Өздерің жақтан ерке елік,

Бір әдемі ән келіп тұр, [5, 11] –

сияқты сезімтал сергек тармақтар дәлел бола алады. Дәл осындай ояу шақта көкірек қақпасы ашылып, ақжарма сыры ақтарыла жөнелетіні бар. «Жалыны мол, жаны пәк жүрегіммен, шуақ шашқан өзіңде күн едім мен» деуін осы тұрғыдан ұққан жөн. Поэзияның даңғыл жолына, соны соқпақпен баруды мақсат тұтқан ақынның туған жерге арналған өлеңдерінің басым көпшілігі оған деген сағыныштан туған ыстық тебіренісі, іңкәрліктің белгісі.

Жол жүріп, жолдас тауып жайрандаған

Қол біліп ағайынды сайрандаған,

Күндерім – көрген тәтті түске айналып

Болдырып, бастан өтті-ау, қайран заман!

Даралап жыр-патшаны тағына аунап,

Жағалап Қобда өзенді балық аулап.

Сайран сап өткізетін есіл күндер,

Жаралап жүр ғой жанды қалып аулақ [4, 17].

Жалынның жанымдағы бүтінінде,

Жарымның жүре беріп күтімінде,

Қадірін туған жердің білмеппін ғой

Сағындым ауылымның түтінін де! [4, 18].

Ақынды ата-бабасының сүйегі жатқан, кіндік қаны тамған Қызылтөбе күнгеіне деген сартап болған сағынышы осылайша еріксіз тебіrentсе, енді бірде туған дала төсінде зыр жүгіріп, табанын тасқа тілдірген, ойын қуған, оттан ыстық бала кездің балауса шағын еске алады.

Тимесін деп маған қонар жырға ұшық,

Жүруші едім гүл құшақтап, нұр құшып.

Алаңы жоқ қайран балғын балалық,  
Көбелекпен кетті ме екен бірге ұшып? [4, 85]

Бұл ойын «Қайран балалық» өлеңінде ары қарай жалғастырады:

Көз қиығын салмастан ұлыққа да,  
Қарсы алумен барлығын күліп қана.  
Жүруші едік албырап бал-бұл жанып,  
Қарамастан сөгілген жұлыққа да [4, 76].

Кешегі асыр салып, дала кезген, балалық кезін аңсаған ақынға туған жерінің бар табиғаты соншама ыстық көрінеді. Сондықтан да ақын оны асқақ сезіммен шынайы махаббатпен жырлауға тырысады.

Даланың дауылындай үстемелі,  
Талабым шалқар еді, үстем еді.  
Өзіме Гималайдай Қызылтөбем,  
Қабағын түйіп тұрып түске енеді.  
«Баланың ойынындай істегені  
Қарағым, сау жүрші» деп күш береді.  
Сол кезде бір сағыныш ішке енеді,  
Жанарым моншақпенен түстенеді [5, 79].

Ақынның осы бір кішкентай жатаған төбешікті Гималайға теңеуі туған жерге деген ыстық іңкәрліктің белгісі. Тұғыры болған туған жерін кім аңсамайды? Туған жерден шалғайда «жабырқау» тірлік кешіп жүрген адамның аһ ұрған үні, торыққан мұңы десек те болады. Оның арманы – қамсыз қайғысыз жүрген жалынды жастық шағы өткен туған жерін бір көру. Елден жырақ кету ақынды ой тұңғыығына батырмай қоймайды.

Момын халық Моңғолым, момын халық,  
Жолым бағып, көрмеген қолым қағып.  
Құшағында есіріп, шалқып өстім  
Тобын жарып, арманым орындалып.  
Ешкімдері қуған жоқ, ешкім мені  
Ес білгелі суық сөз естілмеді.  
Бас асаулық танытқан шағымда да,  
Кескіндері құбылмай «кештім» деді [4, 16] –

деген жолдардан ішкі сыр-өкінішін естігендей боламыз. Бала-лығының базары өткен туған жерінен алыстап кеткеніне өкіне отырып, оның «сары жайлау, салқын белін, жанға жұпар ескен желін» елжірей отырып есіне алады. Сарғайтқан сағыныш өлеңнің соңғы шумағында біртіндеп өксік-өкінішке айналады. Туған елден алыстап кету жанын жегідей жесе, сол жерге көзі тірісінде қайта бір оралу екінші бір үлкен аңсар-арман болғаны да анық. Туған жерге деген іңкәрлік сартап болған сағынышқа айналып, үнемі жүрек сыздатумен болады. Ақынның сағыныш сазы мүлде бөлек, қиялдағы елеске айналған туған жер дегенде толғанбай тұра алмайды. Табиғаттан тысқары тірлік жоқ екенін ескерсек, ақын жаны алыстағы Қызылтөбеге іңкәр.

Қиясына бура-бұлттар шөгеді,  
Ұясында қыран қандай көп еді?  
Тастайсың ба киелі ақбас Алтайды,  
Қиясың ба сонау Қызылтөбені?  
Дос емес пе жанға серік етерің,  
Қос емес пе ол барда бақ-жетегің?  
Балалық пен жастығыңның куәсі –  
Осы емес пе туып-өскен мекенің? [4, 31].

Бұл – ақынның жанын жеген ащы сыры. Ол үшін «дүниенің қай бұрышында жүрсе дағы» туған жерінен, елінен қымбат ешнәрсе жоқ. Атақоныс көзінен көшкенмен, көңілінен өшпек емес. Бір тал шөп, бір бұтасынан бастап, қарыс сүйем жері, бір ұрттам суына дейін жүрегінің терең түкпірінен орын алған. Сондықтан өзен-көлі мен тау-төбесінің ешқайсысын да қаға беріс қалдырмай, бәрін де өлеңімен өрнектейді. Жанына сая, басына пана болған мекенімен қоштасуы мұңға толы. Енді көре алмасын жаны сезгендей. Терең тебіреніспен туған жерімен бетпе-бет келіп сырласып тұрғандай, ақтық сөзін айтқандай.

Автордың «Аңсау», «Моңғолым», «Күн едім мен», «Сауал мен жауап» секілді өлеңдерінің қай-қайсысын оқысақ та кіндік қаны тамған туған жерін, бауыр басқан елін қимай толғанған жүректің запыран-зарындай естіледі.

Туған жер тақырыбындағы жырларының үлкен тобы – арнау сипатындағы өлеңдер. Бұл қатарда «Қызылтөбе», «Қобда

өзеннің мұңы», «Дайынға», «Сэлэнгіге», «Ауылым», «Кенжетал», «Қарғалы», «Туған жер дидары», «Бөкентауға», «Алтайға», «Бүркіт тау», «Сырғалы», «Бесбоғда», «Бесқарағай», «Семейге», «Мақаншы», «Қатынсу» сияқты туындыларды атауға болады.

Табиғат көркін сан түрлі бояуларымен жандандыра тартымды суреттейтін өлеңдер И. Байбатырұлы шығармаларында молынан ұшырасады. «Күз суреті» өлеңінде:

Жамылды дала үстіне ар кілемін,  
Әлі де қызықтары бар білетін.  
Ертең-ақ ақ сақалды аяз келіп,  
Сұғады қойындарға қар білегін,  
Жатпайтын ешкімнің де жайын сұрап.  
Жұлқитын күздің желі ойыншыл-ақ,  
Ауылда жинап алып алтын дәнін,  
Қайтуға құстар кетті қайыншылап [5, 210].  
Сондай-ақ, «Тағы да көктем күле кел» өлеңінде:  
Шойырылған таулар емделіп,  
Жіпсиді дене ақ самай.  
Моншағын жаздың теңденіп,  
Келеді орман қапсағай [5, 120] –

дейді. Жоғарыдағы өлең жолдарында сөз қолданудағы шарттылық, әсірелеуді пайдалану кең орын алған. Өлеңде ұлттық өрнек бедерлері мол пайдаланылған. Мәселен, «қайтуға құстар кетті қайыншылап» тармағы қазақ ұғымына жақын түсінікті болуымен көзге түседі. «Моншағын жаздың теңденіп» тармағындағы «теңдену» сөзі де көшпелі қазақ тіршілігіне таныс сөз ретінде әсерлі естіледі. «Жамылды дала үстіне ар кілемін», «Ертең-ақ ақ сақалды аяз келіп, // Сұғады қойындарға қар білегін», «Жұлқитын күздің желі ойыншыл-ақ», «Шойырылған таулар емделіп, // Жіпсиді дене ақ самай. // Моншағын жаздың теңденіп, // Келеді орман қапсағай» тармақтарына назар аударайық. Алғашқыда даланың жан иесі тәрізді кілем жамылуы, ізінше аяздың қолы бардай қойынға білегін сұғуы, күздің желінің бала тәрізді ойнауы, таудың адам сияқты белі шойырылып емделуі, денесінің жіпсуі, орманға аяқ бітіп келе жатуы – бәрі де жансыз табиғатқа жан салу, кейіптеу нәтижесінде берілген.

II. Байбатырұлының лирикалық поэзиясында ұлттық ерекшелік табиғат суреті, халық өмірімен ұштастырылып, жалпыланған түрде берілген. «Ауыл көктемі», «Қойшы құрбыма», «Шопанның төрт мезгілі» өлеңдері тұтас бір тақырыпты қамтитын бір цикл өлеңдер.

Қыс, құйын, жел сияқты табиғат құбылыстары мен уақыт мезгілдері акын өлеңдеріне тән бейнеліліктің бірден-бір сипаты. «Тіршілік жер астынан шыға келіп, Жапырақ талға қонып сілкінеді [5, 22]. Қайынның қарға малып толарсағын, Қыс келіп, дірілдеген қонар сағым» [5, 20] тақылеттес жолдар табиғат көріністерінің жанды бейне, жарқын суреттерін көз алдымызға әкеліп, ой мен сезімді тапқырлықпен астастырып сөзбен айшықты сурет салады. Шығармада тіршіліктің жанданып жер астынан шыға келуі, жапырақтың құсқа айналып талға қонып сілкінуі, қайынның аяғы бардай аяғын қарға малуы – бәрі де кейіптеу үлгілері. Ал «Қайынның толарсағы» – метафоралық тіркес. Себебі, адамның толарсағы немесе тірі жанның толарсағы десек, ол өз мағынасы: адамның немесе тірі жан иесінің аяғында толарсақ болатыны белгілі.

Оның өлеңдерінде лирикалық кейіпкер санасы мен табиғат суретінің астасып кететін тұстары көп. Табиғатты кейіптеудің адам бейнесіне айналдырудың ерекше бір түрі «Май келеді», «Көктем көріністері», «Жер» өлеңдерінен айқын көрінеді. Сонымен бірге, II. Байбатырұлының бұл туындылары алдыңғы буын қалдырған әдеби дәстүрден құнарлы нәр алғанын аңғартады. Аталмыш туындылар С. Мұқановтың «Майға сәлемін» еске салады. Бұл табиғатты кейіптеудің, адам бейнесіне айналдырудың өзгеше бір түрі. «Маймен тілдесудің» өзі қазақ поэзиясы үшін бұрын кездеспеген қадам болатын» [7, 52] – дейді Р. Бердібаев. «Май келеді» өлеңінде де акын жыл мерзімі мен маусымын тірі адам кейіпінде оған ерекше назар аударта сөйлейді. Акынның бұл туындыларының С. Мұқановтың «Майға сәлеміне» ұқсас тұстары да осында. Ал суреттелген жыл мезгіліндегі дала суреті екі акын жырында екі басқа. С. Мұқанов май айының атына «жолдас» деген сөзді қосақтап, лирикалық кейіпкеріне кеңес азаматына тән саяси ресмилік сипат да-

рытады. «Май мейрамының өзін ақын «жолдас» деп атап, оны жаңа адам, жұмыскер бейнесінде елестетеді» [8, 303] – дейді М. Базарбаев бұл туралы. Ал И. Байбатырұлы «майының» жөні бір басқа. Ол:

Лауласын деп жүректе жыр да от алып,  
Жапырақтан қайыңға сырға тағып,

Жатпасын деп кеудеде сыр маталып,

Май келеді, достарым, Май келеді [5, 10] –

деп мезгілдің адам жан дүниесімен астасар тұстарын баса көрсетеді.

И. Байбатырұлы – жаңашыл ақын. Оның жаңашылдығы – кезеңдік жаңа поэзияның азаматтық рухын, үнін жаңа мазмұнмен жаңғыртуында, жаңа мазмұнға сай түрлік өзгешелік жасауында. Ақын соңғы кездерде жазған өлеңдерінде жаңаша ізденіске барып, өлеңді басынан да, аяғынан да ұйқастырып соны серпін жасаған.

Егер де болсам сенің ақын ұлың,

Өнерде еркелеуге қақылымын!

Өтер ем өрге серпіп, өршеленіп,

Берер ме оған мұрсат қапырығың?!

Тиынға алмасты да кеше-бүгін,

Қиынға қамалып жүр шешен ұлың.

Ұрпағым азып-тозып кете ме деп,

Миында ойнақтайды кесел ұғым.

Аяғынан өрлей оқысақ:

– Ақын ұлың сенің болсам егер де,

Қақылымын, еркелеуге өнерде!

Өршеленіп, өрге серпіп өтер ем

Қапырығың оған мұрсат берер ме?!

Кеше-бүгін алмасты да тиынға,

Шешен ұлың қамалып жүр қиынға.

Кете ме деп азып-тозып ұрпағым,

Кесел ұғым ойнақтайды миында.

Бұл өлеңдерді аяғынан өрлете оқысаңыз да ұйқасқан өлең қалпын бұзбайды. Өлеңдерінің басты ерекшелігі – басынан да аяғынан да ұйқасатындығы. Бұл жайында ақын өз естелігінде:

«Бұл өлеңдердің барлығы да басынан да, аяғынан да ұйқасады. 1990 жылдан бері осылай жазып келемін» [9] – дейді.

Жан-жақты өнер иесі болып қалыптасқан автор бейнесі оның өз өлеңдерінде сомдалған. Бұларды шартты түрде өмірбаяндық өлеңдер деп атасақ болады. Әдетте кез келген лирикалық өлең өзге әдеби текке жататын өмірбаяндық туындылармен жақын болып келеді. Бірақ сонда да автордың өз бейнесіне өзі назар аударатын өлеңдерін ғана өмірбаяндық туындылар қатарына жатқызған дұрыс. Мұндай өлеңдерде автордың өз бейнесі объектіге айналады да лирикалық қаһарман мен объектіленген бейненің арасында біршама алшақтық пайда болады. Ол, әсіресе, уақыттық алшақтық түрінде айқындалады. И. Байбатырұлының «Жыр қарлығашы» жинағындағы «Айтыңдар», «Менің атым көп», «Сыр», «Көтерілсе көк жиектен қызып күн», «Жүрегімде ұятым бар», «Қайтпайсың бірақ үйге» өлеңдері осы топқа жататын туындылар.

Өнер тақырыбында И. Байбатырұлының ең көп қалам тартқан. Ақынның бұл туындыларында өнердің өлместігі, өнер адамының қиын тағдыры жиі арқау етіледі. Мұның көбін ақын өз бейнесі арқылы береді, кейде жалпы мәселелер сөз болғанмен, ақын өлең соңында өзіне оралып отырады. И. Байбатырұлының жалпы өнер мәселесіне арнаған өлеңдерінің қатарында «Ақын сыры», «Көктем таңы атарда», «Ақын достарға», «Сыйладың өзің ақылды ой» сияқты туындыларды айтуға болады. Бұларда сөз өнерінің өлмес қасиеті жырланса, «Қарт ақынның жас ақынға базыналығы» сияқты өлеңдерінде жалпы өнер, өнер адамының рухани ішкі жандүниелік ерекшеліктері бейнеленген.

Өмірдің өзін өлең деп бағалаған қаламгердің өлең-сөзге жүгінуі ақын мұратын әйгілеп тұрғандай. Өлең-жырдың жасампаздық құдіретіне ерекше маңыз беру де ақындық мұраттың басты шарты болса керек. Ақын лирикасындағы шалқар шабыт ақынның сөз өнерін құрметтеу, оған табыну құдіретінен көрік алады. Нағыз ақынға тән кредо – жыр бұлағын аялап сүюден нәр алып, одан арғы биіктерге қол созады. Ақын түсінігінде өлең патшалығы адамзат дамуы мен жеке тұлға рухына қызмет

етер ерекше дүние. Қазақ сөз өнерінің өзегі – өлең деп ұқсақ, «сөз патшасына» сыйынып сыр ашу – ақынға ғана жарасқан символика болғаны. Ақынның өзекті өртеп шыққан «Өлеңге дем беру» өлеңіндегі өміршең өрнектер автордың поэзия ғаламшарындағы өзіндік танымын паш еткендей:

Өлеңім! Наданға бас ұрма  
Көненің көзіндей ашыл да,  
Өренін табындыр асылға.  
Маңайдан бақталас шықса да  
Қалай да өзіңді нық сана,  
Абайдан басқаға ұқсама [4, 9].

Үнемі ізденістегі ақынның өзін-өзі қайрауы, өлең өрісін өзгертуге тыңнан түрен салуға ұмтылысы байқалады. Ақын болмай-ақ сөз қадірін бағамдайтын жұмыр басты пенде де жыр-жақұтын жан серігі етуге қақылы. Айырмасы сол – жыр маржаны «жүрекке жылы тисе болғаны» (Абай). Ақынның ақынға қояр талабы мен жырға адалдығында сырт көзге көріне бермес бір ізгі сыр бар. Өнерден үміткерге таудай талап қойғыш қаламгердің жазу машығында мәнсіз мәнер атымен жоқ. Әрі әлеміш дүниеге дәті шыдамайтын қара сөзден от ойнатқан ақынның айтар сыры, салар салмағы шексіз. Сөз зергерінен күтері – сөз бұлағынан бал тамызар тегеуірінді жыр мен өміршең өлең. И. Байбатырұлының пайымды шумақтарында өршіл өлеңнің өресі өшпес өрнек жібінен өрілген. «Биік ұш, өлең – көбелегім» өлеңінде:

Кеудесінде момындардың жатады ұйқтап ұлылық,  
Селбесуге қолын берер соларды тап бұрылып.  
Дауылды да талқандап өт, қара бұлтты қақ айыр,  
Ауырды да арқалай біл болғаныңша ақайыл.  
Түйіп келме қабағыңды таяқ жеген күнде де,  
Биіктерге самғады деп бейуазды күндеме.  
Танысаң да дарындыны, дарақыны таныма,  
Налысаң да дауыл күні ашылар күн бағыңа! [4] –

деп ақын «сөз сарасының» қадір-қасиетін жеке бастың мұң-мұқтажынан әлдеқайда жоғары қояды.



Қаламгердің кейбір туындылары белгілі өнер иелеріне арналған «Ақын Аржан Адаровқа», «Қадыр мен Тұманбайға», «Ақ түн» «Болгар ақыны Георгий Константиновқа», «Құрмашқа ақтарар сыр», «Сәбеңмен дидарласу», «Ақаң бүгін...», «Біздің Дәкең», «Достық пейіл» «Б. Ойдовқа», «Қ. Жұмаділовке», «Көкбай көкеме», «Абай атама», «Ақын өткен...», «Мұқағалиға» атты ондаған өлеңдері бар.

Қазақтың жазба поэзиясында ән тақырыбын тудырған, оны өнер дәрежесіне көтеріп, тұңғыш рет жырлаған ақын – Абай. Абай сүрлеуімен қазақ әдебиетінде бұл тақырыпты нағыз поэзия дәрежесіне көтеріп, кең де терең қамтып, шебер жырлаған ақынның бірі – И. Байбатырұлы. Ақын шығармашылығының ерекше маңызды да толымды саласының бірі болып табылатын бұл тақырыптың басы, қайнар көзі 1970 жылдарда жазылған «Өлгий вальсі» дейтін өлең. Ақынның әнге жазған ондаған өлең-текстері өзінің ұтқыр мазмұн, ойнақы да сыршыл әуезділігімен көпшілік көңілін баурап, «Достарым», «Сағындың ба?», «Жасайды достық мәңгіге», «Туған жер дидары», «Егер мен...», «Дәрігер әні» тәрізді ән өлеңдері өнер сүйер көптің сүйікті әуеніне айналды.

Поэзияның сарқылмас қайнар көзі – махаббат лирикасы десек, И. Байбатырұлы шығармашылығының ең әсерлі бөлігі – оның махаббат тақырыбындағы өлеңдері. «Махаббатсыз бос күнім», «Сағындың ба?», «Қайдасың, қара көзім?», «Жүрегімді...», «Ізде мені», «Махаббатқа бас идім», «Ерке қалқам», «Қалқам-ау, қандай адам аңсағаның» т.б. өлеңдерінде жалынды махаббатты жыр етеді. И. Байбатырұлы махаббатты жырлауда адал жүрек, пәк сезімді өлең өрісіне айналдырды.

Өлеңдерінде ауыл адамдарының, соның ішінде тұла бойы адалдық, ақкөңіл абзал қариялардың образы бар. «Қарттық монологы» атты өлеңінде асау тұлпардың жалынан ұстап, дала төсін дүбірге бөлеген, бойында жалын, жігері тасқындаған кешегі жастың бұл күндері төбедей шөгіп, қартаң тартқан кезін, өр даңқын ұрпағына мирас етіп қалдыратындығын шынайы сезіммен суреттеген. Біз мұндай өлеңдерді ақынның «Қысқа қайырымдар» цикліне енген өлеңдерінен де кездестіреміз.

Ақынның шығармашылық бетін, қалам қарымын танытатын, лирикасының ажарлы көрінер күнгейі – азаматтық әуен-жырлары. Қоршаған ортадағы оңды құбылыстар мен келеңсіз көріністер лириканың азаматтық айбарын танытатын абыройлы тақырып. Академик С. Қирабаев қазақ поэзиясындағы азаматтық әуенді жан-жақты зерттей келе: «Поэзия өзіңді, өз құпияңды ашу, жария ету, Абай тілімен айтқанда «сырынды жұртқа жаю». Поэзиядағы азаматтық әуен де сондықтан ақынның азаматтық кейпінен туады» [10, 22] деген болатын. Демек, зерттеуші тұжырымының түйіні лирикалық кейіпкердің ішкі әлемінен авторлық «меннің» үні де естіліп, елес бергендей. Суреткердің лирикалық «мені» азаматтық тұлғаға айналарда оқырманға басқа бір қырынан шуағын шашады. Бұл тұрғыда қоғамның тұрмыстынысын, ондағы адамзат тіршілігінің түйткілдерінен сыр шертер өлеңдер И. Байбатырұлының «Өрт шалған жүрек» (Алматы, 1998) атты кітабында мол ұшырасады.

Азаматтық биік әуенді, салмақты ойды арқалаған ондай туындылардың бірі «Телім боп би-басшыға бұлықсыған...» атты өлең. Лирикалық кейіпкердің арман-тілегі бір арнаға тоғыса келе, әлеуметтік мәні зор өткен заманның шынжырлы шындығынан шер ақтарған елдік, халықтық мәселелерді ой тезінен өткізеді. Бұл сынды азаматтық лириканың қатарын «Бір ініме», «Не дерсің», «Басшы жеңгеме», «Ініге наз», «Жақсының торға түсіп жаз арманы», «Іші мұңға толғанның іш уын да», «Содыры бар сойыл соғып жағынған», «Күпимеге күпті сөз» т.б. туындылар толықтыра түседі. Дәуірдің бар болмысымен дем алысын дөп басқан бұл өлеңдерден күнделікті өмірдегі өзімізге етене таныс шындық суреттерін көреміз.

Тентіреген желөкпе жемтір емен,  
Тең тіреген аяғын еркіменен.  
Мен бір өртті адаммын шалажансар  
Дертім – өлең, күнім жоқ елтімеген,  
Ел тілеген күйімді шертіп өлем [4, 69].

Ақын мақсаты «ел тілеген» өз «күйін шертіп өлу». Ал нағыз ақын өз күйін айта отырып, өзгенің күйін, елдің тілегін жеткізері хақ.

И. Байбатырұлы поэмалары түрлі-түрлі: кең диапазонды толғау түрінен лирикалық поэмаға, одан үлкен эпикалық полотноға ұласып жататын кесек-кесек туындылар. Алғашқы дастандарының тақырыптары – өнер, адамгершілік, ерлік, ескі заманның көріністері мен тарихи кезең жайлы жазылған «Телқоңыр», «Бедерлі белестер», «Келін», «Ерліктен елес», «Серікбай» поэмалары тарихи шындықтың суретін қанық түсірген туындылар. Публицистикалық сарын мен толғаныстарды білдіретін «Найзағайлы күндер», «Ұмытпаймын сені ешқашан», «Жалғыз киік» дастандары мен таза психологиялық ішкі иірімдерге құрылған «Туған жер дидары», әр тақырыпты қамтитын «Октябрь шапағы», «Құмалақшы», «Отардағы досыма», «Қибатдолдаға» сияқты шығармаларымен қазақ поэзиясының эпикалық дәстүрін жаңа сатыға көтере дамытты. Оның бұл жанрдағы туындыларында алуан түрлі өмір, шындық қамтылған.

Оның «Жыр тұлпары» атты тұңғыш поэмасы ақындық өнер туралы жазылған. Поэма жыр тұлпары Бабиұлы Ақтанды, оның қанатты өнерін, сол арқылы халқына сыйлаған өзекті өнеге, тәлім тағлымын негізгі желі еткен. «Ақтанға 1972 жылы «Мәдениеттің озат қызметкері» атағы беріледі. И. Байбатырұлының поэмасы осыған орай жазылған» [11] – дейді З. Сейітжанов. Қаламгер ХХ ғасырдың бас кезіндегі тарихи шындық, әлеуметтік қарым-қатынастар негізінде ақиық ақынның жасай беретін жан дүниесін, кескін тұрпатын тұлғалайды. Бас кейіпкер Ақтан тарихта болған адам. Әдебиет зерттеушілері оны осы заманғы Моңғолия қазақтары әдебиетінің негізін салушы деп таниды. И. Байбатырұлының кемел тұлғаны бейнелейтін аталмыш поэмасы – кейіпкер портреті тұрғысында өзіндік жаңалығы бар туынды.

Поэмадағы шағын детальдардан бастап, ірі эпизодтарға дейінгі барша құрамдас бөліктер А. Бабиұлы бейнесінің қырсырын ашуға қызмет етеді. Түптұлға тағдыры ғасырлар қойнауында жатқан бабаларынан бастап баяндалады да, әсіресе, 1919-1960 жылдардағы өміріне баса назар аударылып, сюжеттік желіге негізгі іс-әрекеттік кезең ретінде арқау болған. Өмірінің осы айтулы шақтарындағы А. Бабиұлы басынан кеш-

кен оқиғалар, тағдыр тауқыметі баяндаушы-қаһарман тарабынан сараланып, нақты деректік мәліметтермен дәйектеліп отырады.

Поэмадағы тарихи оқиғалардың көркем игерілуі автор-қаһарман тұрғысына сәйкес авторлық психологиялық баяндауға бағындырылған. Осы ретте өмірлік жағдаяттардағы А. Бабиұлының рухани әлеміне тікелей автор-қаһарман көзқарасымен сырттай барлау жасалып отырады.

Шығарма құрылымындағы кескіндеменің атқарар қызметі кейіпкердің сыртқы тұлғасын суреттеумен ғана шектелмейді. Портрет әдеби образдың ішкі жан дүниесі мен сыртқы түр-түрпаты арасындағы үйлесімді не кереғарлықты суреттеу, жекелеген ситуациялардағы ішкі психологиялық өзгерістерінің тысқы қимыл-ишарат, қалып-күй арқылы сыр беруін бейнелеу сияқты маңызды істерді жүзеге асыруда елеулі рөл атқарады.

«Жыр тұлпары» поэмасы, негізінен, қаһарманның көркем портретінен гөрі оның шығармашылық келбетіне, өнердегі алғашқы табыстарына баса назар аударады. Арагідік ұшырасатын портреттік үзінділердің кейіпкер кескіндемесін суреттеуден гөрі характерологиялық мақсатқа бағындырылғаны айқын аңғарылады. Алайда автордың қалыптасу үстіндегі тұлғаға тән айрықша тұлғалық қасиеттерді болмашы штрихтар арқылы астарлауға бейімділігі көзден таса қалмайды. Жас Ақтанның қанатты көңілімен, өзгеше мінез-жаратылысымен, жан дүниесінің сезімталдығымен әрдайым ерекше адами потенциал байқалып отырады. Ол, әрине, Ақтан бойындағы шығармашылық күш-қуат мүмкіншіліктері.

Өсу, жетілу үстіндегі, кемелдену жолындағы кейіпкер портреті сюжеттік желімен параллель өрістеуі қажет екені – эпикалық жанрдың белгілі заңдылығы. Бала Ақтаннан бастап жас Бабиұлына дейінгі аралықтағы кейіпкер өмірінің алуан асулары мен белестерінде көріністейтін шашыраңқы қалыптағы портреттік сипаттамалар эпикалық баяндау барысында біртіндеп тұтасады. Осылайша, автор динамикалы бейнеге сәйкес пішіндемелік жобаны жүзеге асырған.

Жазушы қаламымен сомдалған Бабиұлы портретіне, ең алдымен, символдық сипат тән. Желілі символдық образ динамикасынан, авторлық баяндау екінінен талант өмірін қорытындылауға, түйінді ой тұжыруға бейімділік танылады.

Кейіпкерге бағытталған көзқарастардың әртараптылығы А. Бабиұлының мейлінше толыққанды, жан-жақты, объективтендірілген әрі көркем кескіндемесін ұсынады. Осы орайда қолданыс тапқан амал-тәсілдер жиынтығы (кейіпкердің субъективті пікірі, авторлық суреттеу, өзге кейіпкер тұрғысынан бағамдау, сыртқы пішін мен рухани әлемді сабақтастыратын символдар, психофизиологиялық портрет штрихтары т.б.) бірін-бірі қайталамайтын, тосын, әрқилы сипаттарымен құнды. Ақтан образының сыртқы бітімі мен ішкі болмысы көп жағдайда авторлық психологиялық баяндау арқылы үйлесім тауып отырады. Поэмадағы қатар өрілген статикалық және динамикалық пішіндемелер бейненің сыртқы бітімімен шектелмей, ішкі әлеміне де сәуле шашу арқылы Бабиұлының ақындық, шығармашылық келбетін, қайраткерлік дана дидарын әйгілейді; әр алуан эпизодтық жағдайға сәйкес берілген кейіпкер қияпатының өзіндік өзгерістері оның әлеуметтік, тұрмыстық, кәсіптік, психологиялық, дүниетанымдық қырларын байқатады; кей арада назарға іліге бермейтін елеусіз портреттік детальдардың өзі Ақтан тағдыр-тарихына қатысты маңызды дерекпен байланыса, өзекті мәнге ие болады.

Поэмада Ақтанның ақын азамат ретінде қалыптасуы ХХ ғасыр басындағы қазақ қоғамының барлық ой-қырымен, бұлтартарыс, көлеңкелі тұстарымен өріле суреттеледі. Бар ғұмырын әділдік пен ақиқат іздеуге арнаған ақын бейнесі роман басында дүниеге кіршіксіз албырт, аңғал сезіммен қарайды. Өзін қоршаған қазақ қоғамындағы келеңсіз жайттардан жаны түршіккен жас ақын айналасындағы әділетсіздікті сырттай бақылап қана қоймайды, бүкіл ақындық болмысымен іштей тебіреніске түседі, халық қайғысын жан-тәнімен сезінеді және де өзінің қарсылығын қимыл-әрекет үстінде көрсете біледі.

А. Бабиұлы бейнесі талантты ақын ғана емес, ел ісіне ерте араласқан әділдік, теңдік жолында талмай күрескен халықтың

сүйікті ұлы, азаматы ретінде сомдалады. И. Байбатырұлы ақынды күрескер ретінде суреттеу барысында Ақтан қайраткерлігін ағартушы ақын деңгейінде бейнелейді.

«Жыр тұлпары» поэмасында шығармашылық үдерістің ой толғақ, шабыттану, елестету, қиялдау сияқты мәнді кезеңдері де табиғи, тарихи ортамен тығыз сабақтастықта өрнек тауып отыратынын аңғарамыз. Осылайша, қаламгер белгілі туындылардың дүниеге келу жағдайын қаһарман өміріндегі тарихи маңызды сәттермен, реалды пейзаждық суреттемелермен ұштастыра баяндайды. Поэмадағы пейзаждық суреттемелерде кейіпкер арман-мұраттарын асқақтата бейнелейтін әрі талант иесіне тән айрықша әсершіл көзқарас тарабын танытатын тұстары баршылық.

«Жыр тұлпары» поэмасында А. Бабиұлының тарихи тұлғасына өмір шындығы тұрғысынан баға беріп, көркем түрде қорытындылаған, сөйтіп өмірдегі «Ақтанның әсемдік әлемін» өзек еткен туынды.

И. Байбатырұлының көлемді туындысы «Келін» поэмасы 1961 жылы жарық көреді. Поэманың өзекті идеясы – қоғамды нығайтып, аянбай еңбек етуші адамдардың бойындағы қасиетті тәрбиелеп, мәпелеп өсірген іс-еңбектерін ардақтау. Ақын поэмадағы сол өзекті идеяны басты кейіпкердің тұлғасын мүсіндеу арқылы абайлатып отырады. «Келін» яғни, Айжанның бейнесі арқылы оның өмір жолын, сол жолдағы басты уақиғаларды баяндау арқылы ақын поэманың сюжеттік желісін өрбітеді. Ақын поэманың көп жерінде Айжанның ішкі ой-сезім дүниесінде айқын суреттейді. Поэмада ақын табиғат суреттерін кейіпкерлердің өмірімен, іс-қимыл, көңіл-күй сезімімен байланыстыра, соларды айқындап, толықтыру мақсатымен пайдаланады.

«Жамал» поэмасы (1963) бастан аяқ тартысқа құрылған, оқиғасы мол, адамның көңіл-күйіне әсер ететін эпизодтарға бай. Бұл поэманың тақырыбы – қазақ әйелдерінің бас бостандығы үшін күрес.

Поэманың бас кейіпкері – Жамалдың өмірі мен тағдырына байланысты оқиғаларды мол қамтып, шынайы бейнелей отырып ақын сол заманның шындығын ұтымды аша білген.

Поэмада бір-біріне қарама-қарсы, өзара бітіспес жау, өмірлік мақсаттары да бір-біріне ұқсамайтын екі топ суреттеледі. Олардың бірі – Жамал, Берік сияқты махаббат бостандығын жақтаушы, жауыздыққа қарсы күресушілер. Бұлар адамгершілік, арнамыс, ақыл-парасаттың иелері. Бұл кейіпкерлердің бейнелері сол заманға тән қимыл, күрес үстінде көрінеді.

Ал екінші топ – қарапайым халықты қан қақсатып, зар жылатқан қараниет байлар.

Жалпы алғанда, «Жамал» поэмасы – төңкерістен бұрынғы қазақ аулының өмір шындығын кеңінен қамтып, көркем бейнелейтін шығарма.

Жазылу хронологиясына қарай көз тігіп, ой тастасақ ақынның поэмалық талабы, таланты толысып жеткен шағы 1960 жылдар болғанын байқаймыз.

Бұл өсу, әсіресе 1965 жылдары халық шежіресінің ықпал әсерінде жазылған «Телқоңырынан» да айқын көрінеді. «Телқоңыр» поэмасы 1965 жылы жазылып, 1967 жылы «Телқоңыр» атты жинағында жарияланып шығады. «Телқоңыр», «Ақиық» поэмалары жайында Қ. Қалиасқарұлы былай дейді: «Ақынның «Телқоңыр», «Ақиық» сынды поэмалары ақын творчествосының ғана өрелі биіктері емес, ұлттық поэзиямызға поэма жанрының қалыптасуына өзіндік ерекшелігімен елеулі үлес болып қосылған шығармалар» [1].

Шығармада сюжетпен тамырласып жатқан лирикалық шегініс те мол. Баяндау, суреттеу қатар жарысып, поэманың жалпы бітімі сындарлы болып шыққан. Поэма сюжеті «Телқоңыр» күйінің шығуы жайлы аңызға негізделіп құрылған, яғни, күйші Құлыбай дегеннің күй қалай шығарғандығы жайында, халық аңызының идеялық-көркемдік жүйесін сақтап отырады.

Ақынның идеялық нысанасы күйдің мазмұнын бейнелемек тұста байқалып отырады. Яғни, күй мазмұны халық өмірінің айнасы екенін, күйде елдің әдет-ғұрпы, салт-санасы бейнеленіп тікелей аңғартқан. Поэмада домбыра күйі халық тіршілігінің сәулесі екенін поэтикалық тіл өрнегімен дұрыс та айқын бейнелеп берген. Міне, осылайша, әр дәуірден халық тіршілікке

байланысты жоталы ой-пікірлерін бейне жолдарымен әсерлі де, тартымды толғап берген.

Өнерлі жігіттің тартқан күй мазмұнын ақын шабытты, мәнерлі, сұлу, сөз нақыштарымен келістіре суреттеп отырады. Құлыбай домбырада тартқан бұлбұл күйін ақын мынадай әдемі жыр кестесіне түсірген:

Құс шіркін, тәтті күйді қаламай ма?

Әуілдек әуілдейді анадайда.

Кеткендей өзге тірлік күйге айналып,

Аспанда бұлт қалмаған танадай да.

Дүние күймен ғана жаралғандай,

Тіршілік күй сазынан нәр алғандай.

Жан беріп қу ағашқа тіл бітірген,

Мықты едің жүрек неткен, адам қандай!» [12, 101] –

дейді де сол күй ойнағандағы айналадағы ымырт тыныштықты бейнелейді.

Күй құдіретін, күй сиқыры мен сырын жеткізу мақсатында метафораның индивидуальды – авторлық қорын ұлғайтқан: «қоңыр күй», «есті күй», «шерлі күй», «өктем күй», «күйын күй», «нөсер күй», «толғақ күй», т.б.

Поэма кейіпкері – күйші Құлыбай шынайы халық өкілі. Оның бойындағы бұладай тасып, бұрқыраған өнер – халық жасаған ғажайып өнер көрінісі.

Имашхан халық фольклоры мен Лияс ақынның дәстүріне сүйене отырып, ұшқан құстың қанаты талып, жүгірген аңның тұяғы күйетін, ұзақ жерге шабатын, жылқы малына жеткізбейтін өрен жүйрікті сипаттап береді. И. Байбатырұлына I. Жансүгіров жасаған стильдік әсерді, ұстаздық өнегені көру қиынға соқпайды. Ақын күй өнерінің құдіретін, оны қасиеттеген халықтың арман, тілегін қастерлейді.

1965 жылы ақын «Ақиық» поэмасын жазады. «Ақиық» поэмасының ерекше күші, әсерлілігі, әуезділігі қазақ дәстүрінде ғасырлар бойы айтылып келе жатқан құсбегіліктің тарихын тұтастай етіп көрсетуінде. Поэмадағы негізгі ой ақиықтың балапанынан басталып, сол балапан төңірегінде оқиға өрбиді. Алтайдың жасыл шыңын мекен еткен қыран балапанын алу үшін



жұрт ұзақ әуреге түседі. Осы туралы түрлі аңыз әңгімелер тарап, қыран даңқы елге терең тарайды. Ақын халық арасындағы ақиықтың балапаны жайлы аңызды оқиғаға арқау етеді.

«Ақиық» дастаны қанағаты жоқ, құлқынынан мерт болған жарлы жалшы Марқайдың тойымсыз нәпсісін шенеп, «нәпсінді тый», «қанағат керек» деген тағылым таратады. Жеке басының ғана күйін күйттеп, өз ошағының ғана отын үрлейтін өзімшілдер ақын жанын қатты тітіркендіреді. Поэма қанағатсыздық пен нәпсіқұмарлық ұлы оқиғалармен ғана емес өте болымсыз себептерден де өрт алып өрши түсетіндігін ақынның сақтықпен, халықтық талғаммен көрсете білуімен құнды.

«Ұмытпаймын ешқашан...» (1966) поэмасы екінші дүниежүзілік соғыс тақырыбына арналған. Поэмада фашистік қанды соғыс тапшылық тартқызған ауыр күндердің шытырман шырғалаңы шынайы достықтың қадір-қасиетімен нанымды жырланады. Поэманың «Жыр басы» атты кіріспе бөлімінде Таубек қарттың тұрмыс-тіршілігімен оқырманды хабардар етіп кетеді.

Бұл поэманың басты тақырыбы – халықтар арасындағы достық. Автор адал достықты, адамгершілікті қастерлейді. Шығарманың құрылысы лирикалық толғау негізінде алынған. Шығарма кейіпкерлері аз, небары төрт-бес кейіпкер арасында өрбіген оқиға осылардың арасында ғана шешіледі.

Ақынның ел аузындағы аңызға арқау болған дастандарының бірі – «Жалғыз киік» дастаны (1968). Ақын аңыздың мазмұны мен ауқымынан ауытқып, аңыз желісі өзгеріске түсіп, халықтың жай-күйі секілді әлеуметтік, қоғамдық шындықтарға еркін барып, оны терең ашуға ұмтылыс танытқан. Сөйтіп ақын жалқылықтан жалпылыққа ауысып, ұлттық, идеялық сипатын арттырған. Поэма үш бөлімнен тұрады. Алғашқы тарау күзгі дала, толқыған егінді суреттеуден басталады. Жалғыз киіктің байдың егініне келіп жайылып жүргені, бай адамдарының зұлымдық әрекеттері сәтті бейнеленген.

Дастанда бес-ақ кейіпкер бар: бай, бағбан шал, киік, киіктің екі лағы. Қалғандары жалпылама, ортақ бейнелер. Олар – қара халық, бай нөкерлері.

Дастанның «Киіктің зары» атты тарауы – тұтастай байдың қолына түскен киіктің аянышты халіне арналған. Бір пәлеге тап болғанын сезген киіктің аласұрған көңіл-күйі суреттелген. Ақын бұл шумақтарға бар күш-жігерін салып, дастанның поэтикалық қуатын арттырған.

«Лақтардың зары» – поэманың шешуші әрі соңғы тарауы. Дастанның көркемдік шешім табатын, ақынның негізгі айтар ойының да көркемдік шешіммен үйлесетін, тақырыптық тұрғыдан қарағанда қорытынды жасалатын осы тарау. Мұндағы басты идея – ізгілікті, адамгершілікті уағыздау, тоғышар дүниеқоңыздылықты, мейірімсіздікті сынап, әшкерелеу. Бұл – автордың ұстанымы.

«Серікбай» (1969) поэмасы тарихи тақырыптық жағынан өзіндік ерекшелігі бар туынды. Поэмаға арқау болған кейіпкер Серікбай МХР Еңбек Ері. «Серікбай» – тарихи-эпикалық поэма. Негізінде ардагер шопан Серікбай мен ақын Имашханнның кездесулері араға біраз жылдар салып үлкен дастанның жазылуына арқау болған. Бай жалшылығында өткен балалық жастық шағы, халық революциясы арқылы еркіндік алған жігіттік кезі, басшылық істен қойшылыққа ауысқан ерге тән батылдығы, Ер атандырған ерен еңбегі өз монологу арқылы нанымды баяндалып, бас-аяғы шағын дастан күрделі мазмұнға құрылып, сом кейіпкер бейнесі жасалған. Әсіресе образ жасауда кейіпкердің өз монологын пайдаланып, автор сәтті ұтады.

Өмірдің жолы бұралаң,

Жегізген талай таяғын.

Бекімей жатып бұғанам,

Күл болған мынау аяғым.

Белдесіп жаумен сынбаған,

Сындырған байдың соққысы» [12]

– деп жалшылықта өткен балауса жастық шағын қамығып еске алады бас кейіпкер. Поэмада осындай монологтар арқылы ақын оқиғаларды өте түсінікті әрі қысқа қайырып, ойды мейлінше ықшамдап, тұжырымдап жеткізген. Поэма композициясымен епті қиюласқан монолог – поэманың діңі, өзегі секілді. Ақынның көзбен көріп, көңілге түйген өмір шындығы

табиғи қалпын сақтап соның нәтижесінде еңбек адамының шынайы болмыс бітімі, игілікті істері көрінеді. Мұның өзі ақынның «адамның ең жоғарғы адамшылық қасиеті еңбекте танылады» деген ойымен астасып жатады.

«Найзағайлы күндерде» (1975) поэмасында ақын ауылдағы тап тартысын, бай мен кедейдің арақатынасын нақтылы бейнелер арқылы суреттейді. Поэмадағы бас кейіпкерлер – Шәріп Өтепов, Абай Қасымов, алғашқы ұстаз Дүгэрэг, кедей бала Әжікен. Бұлардың барлығы да өмірде болған адамдар.

Моңғолиядағы қазақ кедейінің қиын тұрмысы, оның байдан көрген зәбір-жапасы, бас бостандығы үшін күресі, ақыры теңдік алғаны – поэманың негізгі желісі. Ақын бас кейіпкер Әжікенді балалықтан қарттыққа дейінгі өсу жолын шолу негізінде алып қиян-кескі тартысқа салады.

Шығармада этнографиялық суреттер аз көрінеді де, оқиға көбіне автордың сезім толғанысы сол кездегі хал-күйге автордың баға беру, топтау, топшылауы арқылы елес беріп отырады. Поэмада шашырандылық, тарам-тарам коллизиялардың аздығы шығарманы ықшам етіп, жақсы жүйеге, бір сымға тартады. Шығарма кейіпкерлері аз, небары он неше кейіпкер арасында өрбіген оқиға осылардың арасында ғана шешіледі.

Әдебиет әлемінде Иماشхан ақынның жұлдызы жанған саланың бірі – аударма саласы. Еңбекқор ақын өзі жайында «көз ілмей, сөз түрлеймін» деп әзілдеп айтады екен. Әлем әдебиеті классиктерінің, көршілес немесе туыс халықтардың ең үздік шығармаларын аударып, қазақ әдебиетінің алтын қорын молытқан ақын Иماشхан Байбатырұлының аудармалары оның поэзияның бірнеше жанры саласында еңбектенгенін байқатады. Лирика саласындағы аудармаларының ауқымы өте кең.

1950-1970 жылдары моңғол әдебиетінен аударма жасау арқылы әдеби байланыс жаңа белеске көтерілді. Әдеби үрдісте әдебиеттер туыстығын, моңғол әдебиетінің көркемдік-эстетикалық болмысын дәл танып, шабыттана аударған қазақ ақындарының бірі – И. Байбатырұлы. Ақын аудармаларында монғол әдебиеті мол орын алады. Ақын моңғол халқының ауыз әдебиеті мен фольклорлық үлгілерінен де сәтті аудармалар жаса-

ды: «Білімнің пайдасы», «Сұқмерген», «Бой бермес боз қария», «Атышулы ақ бие» тәрізді ертегілермен қатар моңғолдың ертедегі айтыс өлеңі – «Юндэнгөгөө». Сонымен қатар моңғол халқының көне жәдігерлік мұрасы «Моңғолдың құпия шежіресіндегі» өлең, афоризмдерді аударған.

Қазақ әдебиеті мен моңғол әдебиеттерінің өзара байланыстары, бірін-бірі көркемдік-танымдық байытуының түп-төркіні тереңде жатыр. Баян Өлгийдегі қазақ әдебиеті, әсіресе, моңғол халықтары әдебиетімен тығыз байланыста болғаны профессор Қ. Қалиасқарұлының еңбектерінде кең баяндалды. Демек, әдеби аударма моңғол әдебиетінің бүрлі бұтағы саналатын Баян Өлгий қазақтарының жаңа әдебиетін молықтырып, оны жаңа сапалармен, жаңа образ, жаңа көркем сөздермен байыта түскен аса маңызды қайнар көздің бірі болды деуге толық негіз бар. Мәселен, 36 жолдан тұратын «Жаңбырда» өлеңінің өн бойындағы нәрі:

Цагаан гэрийн хүмүүс

Өрхөө хушуулдан гүйнэ

Өрхөө хушуулдсан хүмүүст

Өөрсдийнх нь баясгалан тодорно [13] –

деген жолдарға саятынын жақсы аңғарады да, оқырманды осы ойға даярлайтын алдыңғы шумақтарды жолма-жол дәл түсіруді мақсат етпейді. Бірақ, өлеңнің көркемдік ажары, сезім қуаты, тұтастығы түпнұсқадағы деңгейінен төмен емес. Керек десеңіз, моңғолшасында байқала қоймайтын ішкі әуен бар:

Күлімдеп миықтан,

Ойлы күн қарады,

Топты қой ширыққан,

Шапқылап барады.

Түндігін қайырып,

Өресін ашады.

Жағасы жайылып,

Қалпына басады» [14].

Осындай сәтімен, еркін аударылған өлеңдер тобына «Қардағы ізге қарап», «Сол бір ыстық махаббат», «Моңғол ару» тәріздес өлеңдерді де батыл қосуға болар еді. Өйткені бұл туынды-

лардың өне бойындағы сағыныш сазы, мезгіл рухы жаңа сөздермен көркем кестеленген, жатық та ұғымды, өзекке түсердей ыстық.

Реалистік аударма түпнұсқадан шығып кетпей, жазушының стилін сақтап, оқуға жеңіл де қонымды аударма. Демек, түпнұсқаның ықпалында қалып қоймай, оның бүкіл бейнелілігі мен сөз саптауын, мағынасын ана тілі заңдылығының шеңберінде бере білу нағыз шығармашылық еркіндікті талап етеді. Осындай тамаша шығармашылық реалистік еркіндіктің тамаша үлгісін Имашхан ақын жасаған аудармасынан көптеп кездестіруге болады.

Мәселен, Л. Түдэвтің «Құны түскен құпия» әңгімесінде: Луу гүң таңбасынан қашып, ауылын аңсап келе жатқан Төмөрді қабыл қош алған оның туған өлкесінің табиғат суреті былайша аударылған: «Еңсесін көтерген ертеңгі күн жаз көркімен жасарған дүниеге таңдана қарап, табиғаттың түрлі, түрлі бояулары алмасып, мың құбылған бір күні таңертең Төмөр Гуулин жазығының бір жағынан өз елінің «Эрдэнэ засгийн унага» дейтін өлеңін шамасынша шырқап, қосар атпен жортып шыға келді де тізгінін тежеді. Қуаныш шаттық белгісі шарқ ұрған көздерін жан-жағына жіті жіберіп еді, будақ-будақ бұлыңғыр арасынан мұнар тартқан Тарлан тауы көрінді.

Ықтиярсыз ыршып кеткен көзінің жасы тана бастырып қадаған маржаңдай мұрнының ұшына барып қонды.

– Мекенім, Тайшир ханым! – деп ішінен күбірледі де, атынан түсіп, жаңа шыққан жусанын жұлып алып шайнап еді, екі ұртынан жасыл көбік шашып шыға бастады. Төмөрден үріккен бір топ жирен ырши-ырши зытып бара жатты да, кенет қайта оралып, алыстан келген жолаушының әуселесін біліп қалайық дегендей аң-таң қалып біраз тұрып, ойысып келді» [15, 98] – деп тымық тыныштық жайлаған байтақ моңғол өлкесінің суреті мен өз өлкесін аңсаған ер азаматтың көңіл тебіренісін ұштастырып берген жазушының көркем ойы бүкіл мазмұн мағынасымен, суреттілігімен, көркем сөз саптауымен тұтас түсірілген. Ақын шеберлігін танытатын ұтымды тұсы: жирендер туралы сөз еткенде «энэ хүнийг таних гэсэн юм шиг» деген сөйлемнің

сыңарын «алыстан келген жолаушының әуселесін біліп қалайық дегендей» деп дала аңының тұңғиық таңырқаушылығын олардың құлқынына тән сөйлеммен беруінде.

Енді аудармашының шеберлігін айқындайтын осы тәріздес ұтымды тұстарына тоқталайық.

Түпнұсқа:

«Сүсэг бишрэлтэй холбоотой юм» [16, 83].

Аударма:

«Бойтұмар тәрізді нәрселер» [15, 98 ] деп, діндар адам біткеннің бәріне түсінікті тілмен әрі олар түгел тұтынатын бұйымның атымен бейнелейді.

Ақын сонымен қатар «баатар хүн нэг суманд, баян хүн нэг зуданд», «үхсэн буурын гол гойноос амьт ат айна гэгчээр», «давахгүй гэсэн даваагаар гурван даван давадаг» тәріздес мақал-мәтелдердің орнына қазақ тілінің бай сөздік қорынан оларды тура ауыстыра алатын: «батыр бір оқтық, бай бір борандық», «өлген бураның басынан тірі атан қорқыпты», «адам баспаймын деген асудан үш асады» секілді мақал-мәтелдерді дәлме-дәл таңдап алып, сәтті қолданыс тапқан тұстар аз емес.

И. Байбатырұлы мақал-мәтелдер қасиеттерінің табиғатына зер салып, аударма кезінде олардың негізгі және ішкі ұйқастарына, дыбыстар үйлесіміне ден қойған. Мақал-мәтелдерден поэтикалық сипат аңғарылатындықтан, оларды аударудың сәтті болып шығуы аудармашының білімімен, дарынымен, шеберлігімен тығыз байланысты.

Тұрақты сөз тіркестерін бір тілден екінші тілге аудару аудармашыдан еңбекқорлықты, аударылғалы тұрған тіл иесі – халықтың жан дүниесі, салт-дәстүр, бүкіл ұлттық болмысынан хабардар болуды, аудармаға аса ыждағаттылықпен қарауды талап етеді. Тұрақты сөз тіркестерінің аударылуы жайында әр ғалым әр түрлі ұстаным ұстанады. Дегенмен, ұлттық ой-таныммен тікелей байланысты тұрақты тіркестерін тәржімалауда тікелей яғни сөзбе-сөз аударушылық жиі байқалады. Фразеологизмдерді бір тілден екінші бір тілге аударғанда түпнұсқадан ауытқып кететін тұстар кездеседі. Көп жағдайда фразеологизмді фразеологизммен аудару керек деген қағидаға сүйенеміз. Фра-

зеологизмдерді аудару барысында мұндай тәсіл кейде мүмкін бола бермейтіндіктен, оларды аударудың басқа жолдарын іздестіру қажеттігі туындап жатады. Ал енді аудармаға назар аударып көрейік. Мысалы: «Олонд нэр гарах», «хүн ахтай, дээл захтай нь дээр», «бүрэнхий болох», дуулгартай болох», «энэрэх сэтгэл», «жирвэгэр хөмсөг», «сайн үгэнд санаа сэргэх», «юм бүхнийг хийдэг», «бага ярьж их хий», «их л мөрөөдөх» тәрізді фразеологиялық тіркестер – «атағы жер жару», «ағасы бардың жағасы бар», «көз байлану», «құрша жорғалау», «жылы жүрек», «қиғаш қас», «жақсы сөзге жан семіреді», «сегіз қырлы, бір сырлы», «арық айтып семіз шық», «аузының суы құру» деген толыққанды баламасымен берілген.

Сол іспеттес қазақ тілінде ондай қолданысқа дайын күйінде кезікпейтін «дэмий суухаар тэмээ харуул», «ямаа туйлаад янгиа эвдэхгүй, тэмээ туйлаад тэнгэрт хүрэхгүй», «тураг ядрахдаа уул барааддаг, хүн ядрахдаа төрхөмөө барааддаг», «өршөөлтэй хүн даваан дээр, өртөй хүн зээл дээр», «саваагүй нохой саранд хуцна», «эр хүн долоо дордож, найм дэгжиж явдаг» құралыптас тұрақты тіркес, идиомаларды: «қарап отырғанша түйе қайыр», «ешкі тулап ыңыршақ шықпайды, түйе тулап көкке шықпайды», «аң шалдықса жеріне, адам шалдықса еліне деген», «қас дұшпаның кезеңде тосады, алымсағы бар базарда тосады», «дарақы ит айға дарақтайды», «ер жігіт ит көйлектің ішінде жеті солады да, сегіз толады» деп дәл балама тауып, тұрақты тіркестердің ерекшеліктері, құрамындағы сөздердің қиысы мен сөз саптау мәнерін, мағына ашу қасиеті мен ықпал ету күшін айқын бейнелей отыра, халық ұғымына жақын сөздер сіңіріле қолданылған.

Ақын жасаған бұл баламалар біріншіден халық пен қаламгердің көркем ойын шұңғылсыз ашып бере білсе, екіншіден сөздік қорға тым жатырқаусыз кірігіп, әдеби тілді құнарландырып байыта түсуде.

Уулсын дунд Алтайн оргил,

Туульсын баатар шиг эрэлхэх үзэгдэнэ.

Үүлсийн дунд магнай нь цантаж,

Уур савсан рүртэй харагдана [13, 37].

Аудармасына зер салайық:

Батырдай ертектегі айбар шегіп,  
Таулардан жеке жатыр Алтай шөгiп.

Қыраулап қас-қабағы бұлт ішінде,

Шыңдары буырқанған демін төгіп [14, 72] –

деп тәржімалап, ажарлы Алтайдың айбынды суретін түпнұсқамен бірдей дерлік шебер кескіндеген.

Аударма әдеби байланыстың алтын көпірі, дәстүр жалғастығының бірден бір ықпалды жолы екенін ескерсек, И. Байбатырұлы – бұл салада өзін азаматтық, ақындық парызын толығымен орындаған ақын. Моңғол әдебиетінің отыздан астам өкілінен үш жүзге жуық шығарма аударған ақын еңбегі ерекше. Ұлт әдебиетіне қосқан тарихи үлесі, қайраткерлік қарымы оның аудармаларында айқын көрінеді. Ақынның аудармашылық шеберлігі, одан үйренген дәстүрі оның жалпы поэзиясына нәтижелі ықпал етті. Аударма айрықша шеберлікті қажет етеді. И. Байбатырұлы аударма саласында жемісті еңбектеніп, Д. Нацагдорж, Д. Сэнгээ, Б. Явуухулан, Ч. Лхамсүрэн, Л. Түдэв, Д. Гармаа, Б. Бааст, Д. Цэдэв, Д. Содномдорж, Л. Хуушаан, Ж. Дашдондог т.б көптеген ақындарды қазақ тілінде жаттық жырлатты. Олардың ішінде Сэр-Одтың «Бұйдан батыр», Д. Сэнгээнің «Той күні түнде», Д. Пүрэвдоржның «Цэгс цагаан богд», П. Хорлооның «Адъяахүү», С. Дашдэндэвтің «Үш үй», Д. Содномдоржның «Навсайдамба және оның достары», «Қорқақ қара ұл» тәрізді эпикалық поэмалары қазақ қиссаларынша жырланды. Ақынның қазақ мектебінің ана тілі мен әдебиет оқулықтарына енген тілі жеңіл көркем де жаттық аудармалары қазақ балаларының сүйіп оқып, қызығып жаттайтын шығармаларына айналғанын айта кету ләзім.

Түпнұсқаның рухы, стилі, ақындық табиғаты сақталып сәтті жасалған И. Байбатырұлы аудармаларының бірі – классик ақын Б. Явуухуланды аударуы. Б. Явуухуланнан «Алтай шыңы», «Алғашқы қар», «Аңсарым менің», «Күн», «Таутекенің тұрағы», «Аврора үні», «Киіз үйдің іргесінен басталған», «Жарық жер жылы» деген өлеңдерді аударған. Б. Явуухулан үлгісі, Б. Явуухулан әсері ақынның 1970-1978 жылдар арасында жазған шығар-



маларында айқын байқалады. Өрт жүректі ақын И. Байбатырұлы Б. Явуухулан шығармаларындағы ерекшелікті қабылдай отырып, өзіндік жол салды. Әлеуметтік ортасына сай, замана ағымына лайық туындыларымен моңғол қазақ әдебиетінің дамуына қомақты үлес қосты, оны жаңа биікке көтерді. Б. Явуухуланның ақындық рухын, тұтас стилін сақтау төңірегінде әңгіме қозғар болсақ, көбіне өз стилін жеңе отырып, Б. Явуухулан мен И. Байбатырұлы арасынан табылатын жаңа бір қолтаңба қалыптастырған дер едік: екі жақтың да ерекшеліктері сол арнаға келіп тоғысып жатқандай. «Алтай шыңы», «Цайдам ойпатында», «Дала күзі», «Түнгі ой», «Үлкен қала көшесінде» тағы басқа көптеген өлеңдер қос дарынның ортақ перзенті тәрізді.

Ақын қиын иірім, күрделі образдарды түпнұсқадан ауытқымай тосын қалыпта тіл нәріне тамсана отырып өз ырқына көндіре білген. Салыстырмалы талдауға жүгінелік. Классик ақын Б. Явуухуланның «Алтай шыңы» өлеңінің түпнұсқасында:

Хүйтний оргил ханхал мөрөөрөөн,  
Хөх тэнгэрийг мөрөвчлөн зогсоно.  
Үүлэн хүлэг мөргөн бутраад,  
Өвчүү хавьд нь сэмрэн урагдана [17].

Шумағының әр жолы, әр сөзі образ жүгін арқалап тұрған осы жырды И. Байбатырұлы бірсыдырғы сәтті аударған:

Мінгізіп көк аспанды иығына,  
Алып шың паң қарап тұр қиырына.  
Еркінсіп екпінімен келіп сүзген,  
Есер бұлт қирап жатыр қиынында [18].

Түпнұсқадағы «ханхал» сөзінің тікелей аудармасы – төкаппарлану. Ал аудармада «паңдана қарау», «көз қиығын салу» сынды синонимдік тіркестермен беріліп, асқақтық, биіктікті үдете түседі.

Имашхан аудармалары ұлттық таным-түсінікке қабысатындай ұғымдылығымен ерекшеленеді. Ол қабылдаушының ұлттық ерекшелігін ескерген. Сонымен бірге эстетикалық қуатты, поэзиялық тұрғыдан төрт аяғын тең басқан көркем болуын назарда ұстаған.

Бұл жөнінде ақынның ізденуі, тіл шұрайлылығы мен ірі талантын ерекше ынтамен зер салып жұмсауы өзгеше көрінеді. Өз өлеңдерін туғызуда қолданған ақындық шабыт, сыншыл ұқыптылық, тіл орамға өткір жүйріктік – осының барлығы да аудармалық еңбекке барынша күшімен түгел жұмсалған деуге болады. Тіпті, кейде И. Байбатырұлының өзі тудырған тамаша нәзік терең сырлы сөздер, көрікті ойлар – осы аудармаларда үнемі көрініп отырады.

Халық арасына кеңінен тарап, ә дегеннен-ақ көпшілік жылы қабылдаған шығармалардың бірі – моңғолдың классик жазушысы Д. Сэнгээден аударған «Той күні түнде» туындысы. Ақын оны қазақ өлеңінің өрнекті тілімен сөйлетті. Қабидаш Қалиасқарұлының айтуына қарағанда, 1967-1968 жылдары аударылса керек. Осы пікірдің дұрыстығын 1968 жылы Өлгий қаласында жеке кітап болып басылған «Шұғыла» атты кітаптың алғы сөзі де растайды. Онда: «1968 жылы «Жаңа талап» журналының №3 санында басылғандығы туралы деректер келтірілген». Сол жарық көрген аударма мен негізгі түпнұсқаны салыстыра келгенде, екеуінен пәлендей дерлік ойсыраған алшақтық, ауытқушылық та кездеспеген. Дегенмен, жарық көрген нұсқа (1968 жылы) негізге алынса да, кітапта жоқ 18 жол өлең қосылып толықтырылған.

Шығармадағы негізгі оқиға арқауы түпнұсқадағы қалпын түзген. Кей тұстардың поэзияға орайлы көркемдік кесте, әрі мазмұн үшін де ықшам үлгіде алынып қысқартылуы мен әлдебір суреттеулердің қазақи болмысқа айналып, ұлттық айшықпен өрнектелуі бар. Мәселен, «сыйлы қонақ әдептен озбас», «адамы бұл заманның сақ болады, сақ болмаған пәлеге тап болады», «битке өкпелеп тоныңды тастама» тәрізді мәтелдер тек И. Байбатырұлы нұсқасында кезігеді. Тек әдеттегі ақындық жоралғымен автордың алғысөзі беріледі. Түпнұсқада XVII тарауды құрайтын қарасөз үлгісі Имашхан ақында 362 шумақ өлең жолдарына өрнектелген, оның 27 шумағы автордың алғысөзі. Бұл сөзінде ақын қоғамның дамуы, шығарманы аударудағы мақсатын және көркем сөздің халықтың рухани өміріндегі маңызын анық жеткізді. Түпнұсқа мен аударманың арасындағы тағы

бір өзгешелік: моңғолша мәтін жекелеген тарауларға бөлінсе, ал қазақша мәтін тарауларға бөлінбеген. Кейбір детальдар, эпизодтарды Иماشхан ақын саналы түрде қалдырып етеді, ал кейбіреуін өзінен қосады. Мәселен, тәржімада Ядамның хаты, Алтантуяаның көрген түсі шығармаға енбеген.

Ал Ядамның жағымсыз қылықтарын Д. Сэнгээ «муу зальтай хүн», деп бейнелесе, Иماشхан ақын «жылайдай сұсты түгі сыртқа тепкен, жылмаң жүз», – деп немесе:

Бұл күнде мейманасы тасып тұрған,

Әкім жоқ одан кәрлі асып туған.

Жылаған сәбиің де тез уанады,

Жеткенде ол ақшелденіп асып қырдан [19, 59] –

деп суреттеген. Шығармада түпнұсқада кездеспейтін оралымды ұйқастар ұтымды көрініс береді. Ондағы ұлттық реңк үстейтін жолдар тізбегі төмендегідей: «маңдайын керегенің көгі тесу», «сегіз өрім қамшы», «алты аласы, бес бересі», «жеті жұт» – деуі қазақ ұғымына жақын, жарасымды арна тапқан. «Түлкідей төске қашқан», «сегіз биенің сабасындай», «бүркіттей бұру», «айдай көркем қыз», «ботадай боздау» теңеулері де осы айтқан оймен ұштас. Ақынның әр ұғымды өз ортасына орайластырып, түсінікті сипатпен әкелгендігін мына бір жолдар айқын көрсетеді:

Жағып тұр маршалыңа солар ғана,

Кім болса пәреқоры, күндегіші [19, 68].

Сол сияқты «төлөөлөгч», «баг» қолданысы ауыз жаласқан сыбайлас жемқорлар қалпын танытуда ерекше сипат берген. Дәл қазақ үшін шені аса маңызды болып тұрған жоқ, кім болса да әйтеуір құлқынның құлымен кеткен мансапқор, парақор ұлық келбетін көрсетеді.

«Той күні түнде» туындысы өзінің бүкіл болмысымен ақындық дүниетаным негізінде көркемдіктің биік шыңына иек артқан іргелі туынды екендігін дәлелдейді. Ең әуелі ақынның «Той күні түнде» тегін бармағаны да рас. Ақын ойшылдығының қуаты мен суреткерлік құлашын танытар «Той күні түнде» поэмасы реалистік үлгідегі ойы анық, көркемдігі қанық туған туынды. Шығарма кесектігі, деректілігі, нысананың сүйектілігі бірден аңғарылар бұл шығарма, ақын қолтаңбасының күллі

қыр-сырымен қаныққан. Бұған әуелгі айғақ, қарасөзді өлең өрісіне өрнектеуі мен ақынның өзі көтерген мәселелермен өзектес идеяны одан әрі өрбітіп, тереңдетуі. Әрі поэмадағы жекелеген ойлардың лирикалық ойларымен ұштас ұйғарылуы да осы ойға қуат берері сөзсіз.

Ақын аудармаларын оқып отырып, оның аударма саласындағы еңбегінің орны ерекше екенін көреміз. Аудармаларының бәрінде де өзіндік өрнек, өзгеше сипат бар. Имашхан ақын тәржімәлау кезінде түпнұсқаның мазмұнын, композициялық құрылысын сақтап, сөз шеберлігіне келгенде талап деңгейін биіктете түседі. Сөз еркіндігіне жол береді. Қай аудармасы болмасын «қазақша қалыпқа» түсіп, кейіпкерлердің ерекшелігі айқындалып отырады. Шығарманы оқу барысында көптеген сөздерді аударылмаған қалпында кездестіреміз: «бурхан», «лама», «төлөөлөгч», «баг», «кешуін/гишүүн», «кілтис/хилтэс», «татвар», «есірку/эсэргүү», «көкшін/хөгшин», «дэнлүү», «феодал», «гүн», «старшын» және т.б. көптеген моңғол сөздеріне ақын қазақ тілінен балама іздемеген.

И. Байбатырұлының моңғол классигінің бай шығармашылық мұрасының ішінен дәл осы шығарманы таңдап алуына ақынның эстетикалық талап, талғамына Д. Сэнгээ шығармаларындағы рухани, этикалық мәселелердің көтерілуі сәйкес келген болар. Екі ақын туындыларында да басты назарда адам, оның ішкі дүниесі мен сыртқы құбылыстары мен қарым-қатынасы сөз етіледі. Түпнұсқа мен Имашхан ақын аудармасын салыстырып қарағанда, ақынның Д. Сэнгээні ғана емес, сол кездегі жаңа үлгідегі бүкіл моңғол әдебиетін, ондағы көркемдік ерекшеліктерді жетік біліп, жеткілікті танығаны айқындала түседі. Ақын Д. Сэнгээ шығармасының құрылымдық желісін берік сақтаумен қатар, XX ғасырдағы моңғол әдебиетінің үлкен табысы болып табылатын дүниежүзілік көркемдік танымға зор жаңалық, тың тыныс әкелген нәзік психологизмге ден қойған. Кейіпкерлер тағдырының қоғамдық астары, олардың іс-әрекеттерінің мінез-құлықтары дәл пайымдалған. Ал бұл сол кездегі моңғол әдебиетіне тән соны қасиеттердің бірі болатын. И. Байбатырұлы аударған «Той күні түнде» туындысы моңғол-қазақ

әдебиетінің әдеби өміріндегі жарқын құбылыстардың бірі болды. Ол ұлт әдебиетінде туған төл шығармадай жүректерге жол тауып, аударма өнерін жаңа мұраттарға бастады.

Ұлтаралық тарихи-әлеуметтік, рухани көркемдік байланыстар өзара озық көркем шығармалардың сол халықтың тіліне аударылып, ықпалдасуына, әлемдік ұласуына алып келеді. Орыстың классикалық әдебиеті моңғол әдебиетіне ХІХ ғасырдың 1950-1960 жылдары жүйелі түрде аударыла бастады. Ақын орыстың ұлы ақыны А. С. Пушкиннің «Анчар», «Қарға қарғаның бағытымен», «Түрме», «Жер мен теңіз» атты шығармаларын аударған.

И. Байбатырұлының енді А. С. Пушкиннен аударған «Жер мен теңіз» аудармасына тоқталып көрелік.

Когда по синеве морей  
Зефир скользит и тихо веет  
В ветрила гордых кораблей  
И челны на волнах лелеет  
Когда же волны по брегам  
Ревут, кипят и пеной плещут,  
И гром гремит по небесам,  
И молнии во мраке блещут [20, 231] –

деген жолдар Имашхан аударуында төмендегідей болып шыққан:

Теңіз бетін жер дидарын,  
Самал жел соғып өткенде.  
Аялап тәкаппар кемеңің,  
Желкенін келіп өпкенде.  
Толқын ұрып жағаға,  
Қайнап көбік шашқанда.  
Жаңбыр жауып, найзағай,  
Нөсерлетсе аспанда [21].

Осындағы сөздердің қазақшасын аудармадан іздесек таба алмайсыз. Түпнұсқадағы кейбір сөздерді аудармай сол қалпынша тастап кеткен. Аудармашы Пушкиннің әр жолын, әр сөзін тізіп аударудан бас тартады. Жолма-жол дәл түсіруді мақсат етпейді. Ақын азды-көпті еркіндіктерге барған.

Ақын аудармасының үлкен бір саласы – туысқан түркі әдебиетінен жасалған. Имашхан қарақалпақ, қырғыз, татар, саха (якут) тілдерін еркін меңгерген. Ақын И. Байбатырұлы Таулы Алтай ақындарының шығармаларын аудару арқылы да өзінің ақындық қуатын тексеріп байқаған. Бұл аудармалардың ерекшелігі – оны төл түпнұсқадан аударуы. Бұл – ақынның аудармашылық еңбегінің айрықша тарихтық, мәдениеттік өзгеше бағасы зор құндылары. Имашхан ақын Ш. Шатиновтан «Таулар бейне», Б. Суркашевтан «Ерте келген көктем», Б. Бедюровтан «Алғашқы орыс сөзі туралы баллада», С. Сартаковадан «Алтайым», Б. Укачиннан «Қария», «Шырқармын, достар, шырқармын», «Таң», «Дәрігер», П. Самыктан «Қубаға», Э. Тоюшевтен «Бүркіт», Э. Палкиннен «Қойшы», «Влтава жағалауындағы досыма», Л. Кокышевтен «Қойшының ұрпағы», Н. Улагашевтен «Сайра, сайра Топшурым», П. Чагат-Строевтен «Ленинді жоқтау», А. Саруевадан «Көсем туралы ой», С. Суразаковтан «Таулардың иесі», «Мен ертеңді жырлаймын», А. Адаровтан «Ленин күндей құдірет», «Көшпенділер», «Элегия», «Партия билеті» қатарлы өлеңдерді аударған.

Ақын Имашхан аударма саласында прозалық шығармаларды да тәржімалап, өз бағын сынап көрген. Оның моңғолдың классик жазушылары Л. Дашнямнан «Балдан қария», Л. Түдэвтен «Құны түскен құпия», Д. Мягмардан «Адам деген қызық қой», Л. Хуушааннан «Әр гүлдің өзіндік иісі бар» атты әңгімелерінен басқа, армян жазушысы Раффи Акоп Мелик Акопянның «Сұлу Вардик» әңгімесін, азербайжан жазушысы Ахмед Мырзажафарұлының «Кешегі өмір» әңгімесін, югославия жазушысы Бронислав Нушичтің «Өсек», Тува жазушысы Салчак Токаның «Қасқыр аулау» әңгімелерін аударған. Бұдан басқа, мысалы, Радиф Гатауллиннан орысшадан аударған «Досыма хат» өлеңін, Гэрэй Рахимнан татар тілінен аударған «Тезірек қайт», «Қара деп көзің сүйгем жоқ» атты өлеңдер де қазақ поэзиясына келіп қосылған қомақты дүниелер.

И. Байбатырұлы шығармашылығы үстіміздегі ғасыр бедерінде лайықты орнын алар, ұлттық рухани байлықтың бірегейі деуге толық негіз бар.

## Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қалиасқарұлы Қ. Өскен өлкенің өршіл әдебиеті. – Өлгий, 1976. – 164 б.
2. Қажыбайұлы С. Әдебиетіміздің ақиығы // Шұғыла, 1977. – № 2, – 54-58 б.
3. Қалиасқарұлы Қ. Моңғолия қазақтарының әдебиеті. – Өлгий, 1993. – 85 б. 4. Сайраг П. Утга зохиолын чанарыг сайжрульа // Жаңа талап, 1959. – № 4. – 44-47 б. Баст. Б. Б. Имашхааны шинэ ном // Утга зохиол, урлаг, 1984, – № 19. 5. Жұмаханұлы Қ. Гүлденген әдебиет пен өнер // Жаңа өмір, 1989. – № 9.
6. Байбатырұлы И. Өрт шалған жүрек: Жыр жинағы. – Алматы: Атамұра, 1998. – 112 б.
7. Байбатырұлы И. Жүрек толқындары. Таңдамалы. – Өлгий, 1983, – 204 б.
8. Ауылдан сәлем! Ауыл ақындарының өлең – жырлары. (Құрастырып редакторлаған И. Байбатырұлы). – Баян-Өлгий, 1977. – 127 б.
9. Бердібаев Р. Қазақ совет әдебиетінің қалыптасуы (1930-1940 жылдар аралығы). – Алматы, 1971. – 336 б.
10. Базарбаев М. Замана тудырған әдебиет: Зерттеулер, мақалалар. – Алматы: Ғылым, 1997. – 504 б.
11. Байбатырұлы И. Алыстан сәлем // Жаңа өмір, 1994. – № 24.
12. Қирабаев С. Талантқа құрмет. – Алматы: Жазушы, 1988. – 248 б.
13. Сейітжанов З. Қытай және Моңғолия қазақтарының әдебиеті. Кітапта: Қазақ әдебиетінің тарихы (Кеңес дәуірі 1956-1990). 10 томдық. IX том. Жалпы ред. басқарған – ҚР ҰҒА академигі С. Қирабаев. – Алматы, 2005.
14. Байбатырұлы И. Айшықты алтын. – Өлгий, 1986. – 152 б.
15. Нацагдорж Д. Зохиолууд. – Улаанбаатар, 1964. – 292 х.
16. Балаларға базарлық. Өлеңдер мен жырлар жинағы. – Өлгий, 1977. – 356 б.
17. Түдэв Л. Құны түскен құпия. – Өлгий, 1985. – 250 б.
18. Түдэв Л. Үнэн буурсан нууц. – Улаанбаатар, 1982. – 270 б.

19. Явуухулан Б. Күздің аспақ таңы. – Өлгий, 1984. – 220б.
20. Явуухулан Б. Сонгомол зохиолууд. – Улаанбаатар, 1979. – 390 х.
21. Пушкин А.С. Собрание сочинений в 10-ти томах. Т. 4. – Москва: Худож. лит., 1975. – 520 б.
22. Дала гүлі. – Өлгий, 1975. – 130 б.



## АМАНГЕЛДІ ЖҮСІПҰЛЫ

... Біреулер «қар» деп сөйлер білмеген соң,  
Омбы – өзен, соның аты, бұл сөзге көн.  
Еркелеп кеп, Ертіске құшақ ашқан,  
Омбының қолтығы деп түсінген жөн.  
Суы – бал, кедесі май, малға дәрі  
Құт қоныс, құнарлы өлке Омбы қары.  
Армансыз аралап кеп асау Ертіс,  
Жөңкіліп, Мұзмұхитқа жөнейді әрі.  
Түстігінде Кереку, сұлу Көкше,  
Терістігі – Сібірдің ормандары.  
Шығысы – Құландының құт даласы  
Батысында Есілдің Қызылжары.  
Жоңышқалы жотасы ұлы Ертістің,  
Мал мен жанның ризықты болған нәрі.  
Ордалы Орта жүзге орталық боп,  
Орнаған осы өлкеге Омбы шәрі...

Бұл – омбылық ақын Амангелді Жүсіпұлының «Омбым – Отаным» дастанының кіріспе жолдары. Бүгінде ол сол баяғы атажұрт Омбыда тұрады. Қолынан қаламы түспеген қазыналы ақын, ұлтжанды азамат. Осы бір дастанды оқығанда Омбы жеріндегі қазақтардың тағдыры ойға келеді. Бұлар кімдер? Омбыда болып, Ф.М. Достоевский музейіндегі ғылыми-практикалық конференцияға қатыстым. Көшеге шықсаң, қаптаған қазақ. Бұлар кімдер? Студенттер ме әлде жергілікті тұрғындар ма? Тағы бір қызығы, үлкен жастағы орыстың кемпір мен шалдары, «біз ақмолалықтармыз» деп көшеде сәлемдесе бастады. Осылай Амангелді Жүсіпұлының өлеңдерін оқып, пікір жазу үстінде тарихи деректерге ден қойған жөн болар деп шештім. Бұл ақын рухын, оның ұлттық болмысын тануға септігі тиер деп білдім.

Сонымен бүгінгі Омбы өңіріне XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Тобыл губерниясының Тар және Тоқалы (Тюкалы) уездері мен Ақмола облысының Омбы уезі кіріпті. 1897 жылғы патшалық Ресейдің санағы бойынша 682608 тұр-

ғынның 427389-ы қырғыз-қайсақтар екен. Олар 33 ауылды мекендеген. Бірақ 1920 жылы 19124, 1926 жылы 23396, ал 1937 жылы 49685-ке жеткен.

1927 жылдың басында Омбы уезінде 10 қырғыз болысы болып, қазақтар 53111 адамға жеткен.

Омбы қазақтың озық ойлы интеллигенциясының алтын ордасы еді. Ш. Уәлиханов қалдырған ұлттық жаңғыру аманаты жалғасын тапты. «Бірлік» тобы құрылды, кейін олар «Алашорданың» туын көтерді. Олар Сәкен Сейфуллин, Мағжан Жұмабаев, Қошмұхамед Кемеңгеров, Нығмет Нұрмақов, Тұрғанбек Байлин, Асылбек Мұратбек, Мұсылманбек Сейітовтер сынды тұлғалар еді.

1930 жылдары ұлттық оянушылық Омбы өңірінде ерекше етек алды. Бірақ қызыл террор оларды аямады. Русское Поляно ауданының Ұзынағаш ауылы қазақ мектебінің оқытушысы Әжуар Есмағамбетов, «Жас қайрат» пен «Қара молла» ауылынан Шәймерден Әбелдинов пен Орысбай Есенәлиев, Азов ауданы Қарақұдық ауылынан Көпен Самратов пен Уәйіс Әбдіхалықов, Шарбақкөл ауданы Бұрын ауылынан Қайырнас Сүлейменов, Мосқале ауданынан Құрман Құтемгенов 10 жылға сотталып, Омбы маңындағы ауылдардан Сәдуақас Жантасов, Баймұхамбет Бейсембинов, Ғалайдан Мәмеков, Балықбай Мүсірәлинов, Сматай Қойшыбаев, Айтмолла Тоқбаев, Илияш Бижікенов ату жазасына кесілді.

Осындай тарихи деректерден соң Омбы жыршысы Амангелді Жүсіпұлының дастанын ерекше ықыласпен оқыдым. Енді Омбының өлеңмен жазылған жыр-тарихына құмарлықпен зер салдым. Кешегі қазақтың отаны болып, кейін шекара бөлініп, Ресей құрамында қалған қалың қазақтың өз рухын жоғалтпай, Сібір жерінде өлеңін айтып, домбырасын тартып, суретін салып, мемлекеттік қызметін атқарып, ғылыммен айналысып, Омбының шырайын көтеріп жүр. Ал олар болса кешегі ту көтерген батырлардың ұрпақтары. Ақын былай жырлайды:

Оқтанған от қаруын озбыр көрші,

Бертінде осы өңірге қоңсы қонды.

... Өкілі өзге жұрттың орнағанға

Екі жүз сексен төрт жыл жаңа толды.  
Көрші кейін қожа боп алды төрді,  
Даланы «іш» деп «сырт» деп екі бөлді.  
Құтылмас өзіне деп құрған торды,  
Аңғарды сонда барып қазақ сорлы.

Сонау бір жылдардың тарихи сәулесі осылай өлеңмен өрілді. Ақындық шеберлік те, тарихи сапа да осыдан көрінеді. Бұл дастан Омбы өлкесіндегі қазақ елінің бодан болуы мен оған қарсы күрескен қазақтың көркем шежіресі іспетті. Абылай айбыны, Кенесары айғағы дастанда ерекше ұлттық пафоспен жырланады.

Ұстанған Абылайдың өнегесін,  
Азаттық аламын деп, ерегісіп.  
Он жылдай соғыс салды қарсылық қып,  
Хан Кене – қайсар туған немересі.  
... Арқада алшаң басқан қазағыма,  
Қыл шыбыр, қысқа тұсау жеткен еді.  
Науан батыр, ел болмас онан артқан  
Омбының ол да келіп дәмін татқан...

Омбы қандай жер? Ол – Қожаберген жыраудың ізі қалған жер. Ол – Байболат Кенжалы батырдың қанын төккен жер. Ол – Колчакқа қарсы шыққан Борлыбай батырдың Омбысы. Бұл – «мен сені жауға шапсын деп тапқам» деп Оразбай ұлын қалмаққа қарсы салған Торғай ананың Омбысы. Бұл – «жарқырап Шоқан жұлдыз жанып тұрар» Омбы. Ол – «Алаштың алға бастар серкесі» Омбысы, ол – «араб әрпін енгізген санамызға» Ахмет Байтұрсыновтың Омбысы, ол – «түбі бір түркі жұртын жырға қосқан» Мағжан Жұмабаевтың Омбысы, «әрі ақын, әрі сазгер дүлдүл Сәкеннің» – Омбысы, ол – «сайраған сардаланың сан бұлбұлы», жазушы Сәбит Мұқанұлының Омбысы, ол – «Омбыда ең бірінші мектеп ашқан Иса қажы баласы Әміренің» Омбысы, ол – атақты суретші Қанапия Телжановтың Омбысы, ол – қайраткер Фазыл Кәріпжановтың Омбысы, ол – мемлекет басқарған Жұмабай Шаяхметовтің Омбысы. Амангелді ақын бұдан басқа да Омбы жеріне ат басын тіреген қазақтың игі жақсыларын түгендеп, көп көңілінде жүрген сауалға жауап іздейді. Ақын оны тапты да.

... Жер даулап, желөкпе боп желікпен де,  
Орысты келімсек деп кеміткен де...  
«Омск – орыс жері» дейтіндердің,  
Күдігін болдым білем сейілткендей...

Иә, тарихтың ұстараның жүзіндей саясаты кімге опа берді?  
Ол тарих келмеске кетті. Бірақ өз атақонысында қалған қазақтардың жүрек шамы сөнген жоқ. Ол жанып тұр.

Атамекенінен ешқайда қоныс аудармай, алаш елінің қасиетті жерін өлең-жырларының негізгі өзегі етіп келе жатқан арқалы қын Амангелді Жүсіпұлы 1938 жылы осы Омбы облысының бұрынғы Азов, қазіргі Таврчан ауданының Сосновский кеңшарындағы Қожан-Бекен ауылында өмірге келген. Сталиндік құғын-сүргіннің зардабын өзі айтқандай: «тумай жатып тартқан», әкесі жазықсыз айдалып кеткенде іште қалған ол жастайынан жетімдік тауқыметін көргенімен ауыр тағдырына мойымай, ел қатарлы оқып, жұмыс істеді. Туа біткен дарыны – өз жанынан суырып өлең шығару талантымен ел назарына ерте ілікті, өмірдің келеңсіз құбылыстарын ащы мысқылға толы жыр жолдарымен сынауы арқылы жұртшылық қошеметіне бөленді.

Жер ортасы жастан ауған шағында Омбымен көршілес Қызылжар, Көкшетау өңірлеріндегі ақындар айтысына қатысып, суырыпсалмашылдық өнерімен көзге түсті. Айтыскер ақын ретінде атағы бүкіл қазақ даласына жайылды. Омбы ақыны деген атпен талай дүбірлі айтыстарда топ жарып, жүлде алды.

Амангелді ақын – көсемсөзші. Ол өзінің туған облысының жылнамашысы. Қазақтан шыққан ұл-қыздардың насихатшысы. Айтыскер, өлең сөздің кестесін көркем сөзбен бейнелеген Амангелді ақынды профессор Т. Кәкішев ерекше қадірлейді. «Ең негізгі мәселе – шығарма авторының творчестволық қабілеті қандай дегенге жауап берер болсам, Амангелді Жүсіпұлы – ақын деп зор сеніммен айта аламын». Бұған толық қосыласың.

Өтіппін ақындықтың тар көпірін,

Айтыста ел таныды Омбы өкілін.

Елімнің намысы еді қорғағаным,

Қазақтың қару етіп өткір тілін. –

деп ағынан жарылады.

Алғашқы үлкен жыр сайысы Шығыс Қазақстанның атақты айтыс ақыны Абаш Кәменовпен 1989 жылы Алматыда өткен Халықаралық ақындар айтысында өтсе, одан кейін омбылық ақынмен сөз жарыстырғысы келгендер қарасы көбейе түсті. 1989 жылы көкшетаулық Тыныштық Кәменовпен, Айтжан Оразбаевамен және сол жылы жетісулық жыр жүйрігі Қаныша Раисовамен, 1990 жылы торғайлық Әлфия Орманшинамен Омбыда айтысты. 1990 жылы Алматыда өткен Республикалық ақындар айтысында атыраулық Қамбар Оразовпен сөз қағыстыруы естен кеткен жоқ.

Ресейдің соңғы ақыны атанған А. Жүсіпұлының ақындық рухы мықты. Ол сөзден өрнек құрап, Омбы өңірін жырға қосып келе жатқан жыр жүйрігі. Қазір де шабылты шағында өлең өлкесінде жемісті еңбек етіп келеді.

## ЖАҚЫП МЫРЗАХАНҰЛЫ

Жақып Мырзаханұлы 1940 жылы ҚХР ШҰАР Іле Қазақ облысы Қорғас ауданының Сарыбұлақ ауылында дүниеге келген. 1955 жылы Шыңжаң институтының (қазіргі Шыңжаң университеті) Тарих-география факультетіне оқуға түседі. Алғашқы тырнақалды туындысы «Жайлау гүлдері» атты әңгімесі 1962 жылы «Шыңжаң әдебиеті» (қазіргі «Шұғыла») журналының №5 санында жарияланды. Туған жерінің әсем табиғаты мен ауыл адамдарының ақжарқын, асыл мінездерін әсерлі суреттеген бұл әңгіме өз айналасында жақсы аңыз қозғап, сол жылы қытай тіліне аударылып «Шыңжаң газетінде» жарияланды.

Қытай ҒА Шыңжаң филиалының тарих институтына жұмысқа тұрып, зерттеу мен әдеби шығармашылықты тең қолға алған жас таланттың жолы болмады. Қытайдағы атышулы «Мәдениет төңкерісі» кезінде айдалып, сотталудан аман қалған Жақып Мырзаханұлы заманның қабағын бағып, дертін ішіне жиып, сол кездерде билік мүддесі үшін ұйымдастырылған экспедицияға, қоғамдық тексерулерге қатысып, Үрімжінің айналасын, Іленің, Алтайдың тау-тасын, ел-жұртын аралап өмірлік азық жиды. Сақтардың молалары, Түрік заманының бал-бал тастары, көкірегі даңғыл көзі ашық көнекөз шежіреші қарттардың таңға жалғасар әңгімелері жас жігіттің бойына нәр, рухына дем беріп, шабытына шабыт қосты. Заман сәл-пәл тынышталып, азырақ шығармашылық ерік тигенде ешкімнің тісі бата бермейтін күрделі тақырыпты арқау етіп, 1973 жылы Қытай қазақтарының тұңғыш романы «Арман асуында» жазып шықты.

Шыңжаңды билеген милитаристер өздерін жергілікті халықты аяусыз қанап, өмір сүру мүмкіндігінен айырды. Алтайдың әр жерінен басталған бүлік Іленің Нылқы ауданында Совет одағының қолдап қуаттауымен ұйымдастырылған көтеріліс соңында бүкіл Шыңжаң халқының ұлт-азаттық көтерілісіне айналып 1944 жылы Шығыс Түркістан Республикасы құрылды. Жақып «Арман асуында» романында Алмалы деген ауылдың өмірін суреттей отырып ғұмыры қысқа Республиканың арғы-бергі тарихына көз жүгіртеді. Көсемдері құрбан болып, үлкен

атмосфера өзгерген, тағдыры империялардың талқысына түсіп, қайтерін білмей дал болған, ел иелерінің әлсіз қарсылығы соңғы тұяқ серпуі, Совет тәрбиесін көріп, «Коммунизм-Елес» дақыртына сенген ұлт зиялыларының күрделі көңіл күйі, әлеуметтік теңсіздікті таптық күрестен іздеген дәрмені аз, дәмесі зор жастардың алды-артына қарамайтын алаңғасарлығы романның өң бойын коммунистік идеология қаншама тұмшалап тұрса да, белгілі дәрежеде көрініс табады. Аспан түстес туын қызыл туға ауыстырған көне үкіметтің 100 мың сарбазы, зеңбірегі күркіреп тобығынан қан кешкен Жаңа Үкіметтің 100 мың әскері, күн көріс көзі мал мен жер болған, өркениеттен тым алыс қалып, байырғы Жібек жолының бойында томаға тұйық өмір кешіп жатқан туысқан екі халықты – қазақ пен ұйғырды тізелетіп тастады. 1957 ж. оңшыл ұлтшылдыққа қарсы қозғалыс, ұлт қаймақтарын қиша сыпырса, мәдениет төңкерісі бүкіл ұлттың жадын ұмыттырды. Дәстүр мансұқталды, құндылық өзгерді. Отбасы ойрандалды. Әйел еркекке, бала әкеге, шәкірт ұстазға жау болды. Конституция құр қағазға айналды. Қарны да, қадірі да қашып, кетеуі кетіп тұралап қалған осынау қоғамда аз жылымықты пайдаланып дүниеге келген «Арман асуында» сол заманның қоғамдық санасына дүмпу тудырды. Партияның, биліктің өткінші екенін, тарихтың доңғалағы сәл-пәл тайғана-са да, өз даңғылынан ауытқымайтынын дәлелдеп берді. Роман осы жағынан да құнды еді. Роман 1982 жылы «Шыңжаң» халық баспасынан қытай тілінде жарық көрді, 1983 жылы өлке бойынша Республика құрылған 30 жылдан бергі ең үздік әдеби туынды сыйлығын алды.

Жақып Мырзаханұлы 1981 жылы Пекиндегі Лушун атындағы әдебиет институтына білім алуға шақырылады. Сонда оқып жүріп «Таңқурай» атты сүбелі шығармасын дүниеге алып келді. Роман 1984 жылы Пекиндегі «Орталық ұлттар» баспасынан жарық көрді. Жазушы не жазса да тыңнан түрен салады, таптаурын тақырыпқа бармайды. «Таңқурайда» қызыл үкімет орнағаннан кейінгі қаладағы қазақ зиялыларының тауқыметке толы, аянышты, күйінішті тағдыры сөз болады. Билікке қарулы күрес, зорлық-зомбылық арқылы келген қызыл үкімет,

етек-жеңін жиған соң, көл-көсір уәдесін қайырып тастап, шын бет-бейнесін көрсетті. Елдің ұйытқысы, рубасыларды, діни тұлғаларды, билерді, әсіресе, ұлт зиялыларын басты жау санады. Диктатор Мао қоғамды 14 жікке бөліп, зиялыларды жезөкшелерден де төмен 9-шы орынға қойып, «Сасық 9-шы» деп атады. Жазушының замандастары жаңа үкіметке сеніп еліме пайдам тиер деп, жатпай-тұрмай оқыды. Шала құрсақ жүріп, көз майын тауысып ғылым соңына түсті, бірақ соңшыл ұлтшылдарға қарсы қозғалыс, «мәдениет төңкерісі» өмірді астаң-кестең етті. Зиялылардың барар жері түрме болды, одан аман қалғаны қызметтен қуылды, қара жұмысқа жегілді. Осы сүркей өмір романда қарапайым ауылдан шыққан Бекен деген жігіттің қиын да қысталаң тағдырымен қабаттаса суреттеледі. Сол кездегі идеологияның бір көрінісі ұлттар ынтымағы дәріптеледі. Бас кейіпкер «оңшыл» атанып қуғынға түскен қытай зиялысының қызымен көңіл қосады. Бірінің елі азып – тозған, екіншісінің отбасы ойрандалған екі мұңлықтың тағдыры сол заманның шын көрінісі еді. Бұдан сырт Жақып Мырзаханұлының 1984 жылы Шыңжаң жастар өрендер баспасынан «Дала гүлі» атты прозалық шығармалар жинағы жарық көрді.

Жақып Мырзаханұлы өткен ғасырдың 80 жылы соңынан бастап, өз мамандығына көбірек үңілді әрі көптеген ғылыми жобаларға басшылық етті. «Қазақтар» (Қытай тілінде 1989 жылы «Пекин» орталық ұлттар баспасында басылды), «Тарихи этнографиялық зерттеулер» (1990 ж. «Күйтің Іле» халық баспасы), «Қазақ халқы және оның салт санасы» (1992 ж. Үрімжі, «Шыңжаң халық» баспасы) бұдан басқа «Күшлік хан», «Абылай хан» атты тарихи танымдық еңбектері жарық көрді. «Қазақ тарихындағы әйгілі адамдар», «Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихына қатысты деректер» атты үлкен ғылыми жобаларға жетекшілік етіп мәресіне жеткізді.



## КӘКЕЙ ЖАНЖҰҢҰЛЫ (1946 - 1993)

Халқының ар-намысын жырлап, тілі, ділі, діні үшін күресіп өткен Кәкей Жанжұңұлы Моңғолиядағы қазақтың белгілі, белді ақыны еді. Моңғолиядағы қазақ әдебиетінің жарық жұлдыздарының бірі, талантты ақын, белгілі әдебиетші. Ол «Жауқазын», «Маусым», «Жебе», «Қош бол, көктем» сияқты тағы басқа өлең кітаптарының және көптеген ғылыми зерттеу мақалаларының, мектеп оқулықтарының авторы болатын. Сұм ажал 1993 жылы сәуір мен мамыр айларының аралығында Кәкей бауырымызды арамыздан алып кетті. Аман болғанда еліне, халқына деген мол мұрасы ұлғая түсетін еді. Бір жұбанышымыз Кәкейдің артында айтулы мол мұрасы қалды.

Моңғолияда біраз жыл жұмыс істеген кезімде Кәкеймен жиі араласып, сырлас дос болдым. Кәкей көз жұмғанша екеуміз хат жазысып, екі елдің арасындағы жаңалық, өзгерістерді ортаға салып тұрдық. Қазірде Кәкейдің мұраларына бас-көз болып, ата-жұрттағы оны онша көп біле бермейтін ағайындарға насихаттап, ақын жанына, жарық жұлдыздай ерте жанып түскен қайталанбас талантына жанашыр болу міндетім деп санаймын.

Кінәлама, жақсым не, жаманым не,  
Соның бәріне айыпты заманың де,  
Ұлан-ғайыр өлкеме кетсем сыймай,  
Сыйдырмаған тағдырға амалым не?  
Жанда – рух, бойда – қан күшіменен,  
Мазалаймын атажұрт, түсіңе енем.  
Іздегендей үйірін енді-енді,  
Естисің бе, даусымды кісінеген!

Сағыныш, туған жерге деген, атамекенге деген сағыныш! Мәңгілік ортаймайтын, естен кетпейтін, араға жылдар түскен сайын ұмытыла ма десе, қайта жүз еселеп артып, бар ынта-зарыңды, көңіл-күйіңді тек өзіңе аударып, сағынышыңды арттыра беретін атамекенге деген құштарлық. Қайран атамекенге деген сағыныш! Қазақ дейтін халықтың кіндік кесіп, кір жуған, қыз ұзатып, келін түсірген алтын ұясы. Тұлпарлар көсіле шапқан,

батырлар туған жердің әр сүйемі үшін майдан жасаған, ақындар өлең-жыр төккен, аяулы да қымбат кең дала – қазақ даласы сен неткен керемет ең! Неге ынтықтырасың?! Неге өзіңе тарта бересің? Дүниенің төрт бұрышына тарыдай шашылып кеткен, әрине, өз еріктерімен емес, тағдыр тәлкегімен, мықтылардың үркітіп, қорқытуымен, сүзгілеуімен туған жерден қашқан ұл-қыздарыңның сағынышы неткен керемет! Мұңы, өлең-жыры, сірә, бітер ме екен? Біте қоймас. Алыста жүрсін, мейлі, саған келе алмасын, өмірінде бір рет келбетіңді көрмесін, бәрібір сені сағынады, бәрібір сені аңсайды. Демі бітіп бара жатқанда да: «Қайран қазақтың даласы-ай! Ата-бабамның қара қонысы-ай» деп көз жұмады. Бойында қазақ қаны бар әр пенде солай. Мейлі, ол Қытайда, Моңғолияда, Түркияда, Германияда, Америкада жүрсін, керемет тұрмыс кешсін, мол байлық пен бақыттың құшағында болсын, бәрібір сені армандайды, түнде түсінде көреді. Күндіз көз алдыға елестеумен болады. Қыран дала, тәкаппар тау, жүйрік тұлпар, нар жігіт, ботакөз ару, сылдырай аққан өзен, мөлдір көл – кімнің есінен шығушы еді? Оның үстіне әу бастан бойға сіңіп, жүрекке ұялаған: «Сен қазақ даласының перзентісің, даланың ұлысың» деген қадірлі де құрметті ұғым атадан балаға мирас болып айтылып, санасына күнделікті күйылып келе жатса, қалай ұмытарсың бұл даланы?..

Қазақ даласын аңсаған, оның жақсы ісіне жүрегі жарыла қуанып, жаманына жанын қасірет жегідей жеп ауырып, екі көзі төрт болып, Алтай сілемдеріне қараудан бір жалықпаған аяулы азамат, марқұм Кәкей Жанжұнұлы еді. Ол Моңғолиядағы қазақ әдебиетінің жарық жұлдыздарының бірі, талантты ақын, белгілі әдебиетші, сондағы көптеген мектеп оқулықтарының авторы болатын. Ең бастысы, қазақ еліне, жеріне деген құрметі, сағынышы шексіз-тін. Мұндағы ағайындар Кәкей Жанжұнұлы туралы онша көп біле бермейтінін сезінемін. Тек ақын, жазушылар, әдебиет пен өнер төңірегінділер болмаса, қарапайым халық оның есіміне қанық емес. Әрине, туған жерінің басылым беттерінде оның бірнеше өлеңдері мен мақалалары жарияланды. Бірақ оның бәрі есте қала бере ме?

Өткерсем де сан тозғын - қырқысуды,  
Түгендесең аз емес түр-түсімді.  
Шартаралқа тағдыры шаша салған,  
Менің халқым шашудың – құрты сынды.  
Кемшілік те бар менде, теңшілік те,  
Өмір көшім жүрмеген жөншілікке.  
Жарты елінде әлемнің жартым жүрсе –  
Жібермеген ешкім де елшілікке.

Бұл Кәкей ақынның жан сыры. Айта салған жай сөз емес, ішкі жан айқайы. Бір қазақтың емес, дүниенің төрт бұрышында жүрген бар қара көздердің мұңы, зары, наласы. Ақын ағынан ақтарылып отыр. Жан сырын ортаға салып отыр. Әрмен қарай Кәкей ақынның өлеңдерін және оқиықшы:

Көбейді «аға», онда да көбейді «інім»...  
Өз жұртындай өзгені жебейді кім ?!  
Қанша бауыр бассаң да қоймас, сірә,  
Өгей емшек істемей өгейлігін!  
Тап-тұйнақтай өзгенің жұрты-сынды,  
Біріктіре алмадым пір-күшімді,  
Момын едім, тарихтың өзі үйретті,  
Қамшы үйіріп, жағаны жыртысуды.

Бөтен елде, басқа ортада жүрмін-ау деп именіп, кей ойларын ішке бүгіп қалып, тілін тістеп отырған жоқ Кәкей. Айтатынын айтып салып, қасқиып қарап отыр. Ешкімнен жасқанбастан, ертеңгі күнім қалай болып кетеді деп үрікпестен, ақындық шабыт, ақындық жан дүние азаматтық болмыс, туған халқына, ұлы Отанына деген махаббат пен сүйіспеншілік оған мол күш, жігер мен қайрат берген.

Шынын айту керек, Моңғолия жерінде тұратын бауырларымыздың тұрмыс-тіршілігі, еркіндігі, жағдайы ешкімнен кем емес. Моңғолдар үстемдік танытып, кемсітіп, қазақсың деп қорлап жатқан жоқ. Қайта туысқандықпен, ізетпен қарайды... Бірақ соған қарамастан, көзі ашық, көкірегі ояу өр қазақ ата-бабасының туған жерін аңсайды. Соның тыныс-тіршілігіне құлақ түреді.

Пір тұтатын әулием, ана тіл-ау,  
Ана тіл-ау, ұшатын қанатым-ау.

Жүйріктейін қан түскен аяғына,  
Жүдеу тартып күн сайын барасың-ау!  
Жаутаң-жаутаң етесің есіл тілім,  
Есіл тілім, барады не боп күнің?  
Жарқ-жұрқ еткен жалынды мынау шақта,  
Неге бәсең шығады сенің үнің?  
Сенің күйің болса да еліңе сын,  
Мінбелерден тым сирек көрінесің.  
Есіктегі кірмелі құл емессің,  
Шықпай жүрсің неге сен төріңе шын?

Ана тілінің тағдыры үшін Кәкей Жанжұнұлы қалай қиналатын? Жанын ауыртатын. Бұл жерде ол Моңғолиядағы қазақтар туралы айтып отырған жоқ. Қазақстандағы, ұлы Отанындағы қазақ тілі үшін, мемлекеттік тіл деген дәрежесі заң жүзінде бекітілген, бірақ соған қарамастан, қолданылу аясы күнбе-күн тарылып, тек отбасы, ошақ қасының күңкілдесіп қана сөйлесетін құралына айналған ана тіліміз үшін қиналып отыр. Сондықтан ол бүкіл дүниеге былай деп жар салады.

Заманың сай болса да құты басым,  
Бүйте берсең тозғындап жұтыласың.  
Кеңсе, іс-қағаз тілінде сөйлей алмай  
Жиындарда ресми тұтығасың.  
Қалмасаң да намыстың еш көшінен,  
Зәбір жасап, кімімен шектесіп ең?  
Өз үйінде кім сені өгейсітіп,  
Кім шеттетті сабақтың кестесінен.  
Бір бел емес, білсең сен Айда жүрсің,  
Бағанды біл, бағынды байлап жүрсің,  
«Негізгі Заң» ұсынған еркің қайда,  
Сыбағаңнан құр қалып қайда жүрсің  
Ұрпақтардан ұрпаққа жалғасулы,  
Артқа тастап келіп ең сан ғасырды.  
Кім шектеді еркіңді, мұжықсынып,  
Көрсет, көне, көзіме алдашыңды!  
Ана тілім, сен үшін өлімдімін,  
Сенің күнің емес пе менің күнім.

Халқым өшіп кетпесе бұл тарихтан,  
Сен де өлмессің дегенге сенімдімін.

Жалпы, Кәкей ана тілі мен жер тағдырына қатты қиналған ақын. «Жер мен тіл – менің тағдырым, ар-намысым, бүкіл болмыс-бітімім, ол екеуі құрыған күні қазақ деген халық жер бетінде бар дегенге нанбаймын. Мен онан бұрын өлуім керек» дейтін еді марқұм кең отырып сырласып, емін-еркін әңгіме-дүкен құрған сәттерімізде. Қинала отырып, буырқанатын, буырқана отырып, туған жерде, Алматыда болған, білім алған жылдарын ерекше бір сағынышпен, қимастықпен еске алатын. Алматыны айтқанда жүзіне жылылық ұялап, жаны жадырап, шуақтанып шыға келетін. Арманы – қазақтың тәуелсіз мемлекет болып, егемендік алуы еді. Сол күнді естігенде оның қалай қуанғанын тілмен айтып жеткізу мүмкін емес. Бір арманы – дүниеде шашырап жүрген бауырларына қолғабыс жасау еді. Солардың басын қоссам деуші еді. Не керек, нағыз толысып, жігіт ағасы болып қалған шағында 1993 жылы сәуір айында ұшақ апатынан қайтыс болды. Оның қазасына бүкіл Моңғолия жұртшылығы қабырғасы қайыса қайғырды.

Халқына қамқор пана боп,  
Өнерде тудың дара боп,  
Кешігіп дінге келсең де,  
Кетіп ең лезде дана боп.  
Күмбірлеген күй едің,  
Халықтың әділ биі едің.  
Айырылып сенен қалғанда,  
Босағаны-ай жүйенің.  
Өрлеген көкке нұр жүзбен,  
Исламның жұлдызы ең.  
Жұлдызым ағып түскенде,  
Есеңгіреп тұрдым мен, –

деп жоқтады Моңғолиядағы қазақ ақыны Азатхан Мұқанұлы. Оның қаралы жиынында Моңғолия мұсылман қоғамының төрағасы Сайран қажы былайша тебіренді:

Көк орман боп көктегей,  
Көк майса болған шалғынсың.

Ұстаз болдың ұлағатты,  
Жанарымнан тарам-тарам бұлақ ақты.  
Қанаттыға қақтырмаймын  
Сенен қалған жұрағатты...  
Дүлдүл болдың тайпалған,  
Ақын да болдың майталман.  
Марғасқа едің маңдайыңда ай толған,  
Жазушы едің жан-жақты,  
Сенсіз қалай көтерем?  
Иығыма түскен салмақты», –

дей келіп оның қазақ халқы үшін тындырған игілікті істерін саралайды.

Кәкей 1946 жылы Бұлғын өлкесінде Нәрін деген жерде жарық дүниеге келген. Сол жерде оқып, тәлім-тәрбие алған. Өлгийде орта мектепті бітірген соң туған жерінде мұғалім болған. Кейіннен Алматыға келіп, жоғары білім алады. Қазіргі Алматы мемлекеттік университетінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы мамандарын даярлайтын факультетін бітіріп, туған жеріне оралады. Ол алғашқы еңбек жолын туған ауылында мектеп мұғалімі болып бастайды. Кейіннен оқу ісінің меңгерушісі, оқу бөлімінің нұсқаушысы болады. 1982 жылдан Моңғолия Жазушылар одағының аймақтық бөлімшесін басқарады. Моңғолияда шығып тұратын әдеби-көркем «Шұғыла» журналының редакторы қызметін атқарады. 1991 жылдан кәсіби жазушылықпен айналысады. 1990 жылдардың басынан бастап Моңғолиядағы қазақтарға дін сабақтарын жүргізе бастайды. Дін жолында өзінің жастығына қарамастан, жалықпастан көптеген жұмыстар істейді. 1992 жылдан медресе-мүдірі, діни газет «Шарапаттың» бас сарапшысы болып істейді. Кәкей көркем шығарма жазумен жастай айналысқан. 1960 жылдың басында-ақ оның алғашқы шығармалары баспасөз бетінде жариялана бастайды. 1983 жылдан Моңғолия Жазушылар Одағының мүшесі және сол кезден бастап қазақ жазушылар кеңесінің басқарма мүшесі болады. Оның алғашқы жинағы 1972 жылы «Жауқазын» деген атпен жарық көреді. Одан кейін «Маусым», «Жебе», «Қош бол, көктем» жинақтарын ұсынады. Моңғол тілінде өлең-

дер жинағы жарық көреді. Оның көптеген өлеңдері өзі атаменің баспасөздерінде жарық көрді. Көптеген өлеңдері орыс, алтай, тува тілдеріне аударылған. Моңғолдың көрнекті ақын-жазушыларының шығармаларын ана тілімізге аударып бастырған. Ол, сонымен қатар, көптеген оқулықтардың авторы еді.

Ақын Кәкей халықтың айтыс өнері жанданып, Қазақстанда өркен жая бастағанына қатты қуанатын. «Бір үміт қылған тірлігіміз қайтадан қалпына келді, бағымыз жаңды, ата-бабамыздың арқалы да азулы айтыс өнерін өмірге әкелген халқымыз бақытты. Айтыс ақындарын бабаларымыздың әруағы қолдайды», – деп отырушы еді. Моңғолиядағы қазақ ақындарын Қазақстандағы айтысқа қатысқанына кереметтей қуанған. Алғашқы айтыс ақындары Қазақстанға келгенінде арнайы хат жазып, оларға бас-көз болуды маған арнайы тапсырған еді. Олардың айтысын, тек олардың ғана емес, бүкіл қазақ ақындарының айтысын ұнтаспаға түсіріп, жазып беріңіз деп өтініш қылған. Ол күндіз-түні ізденіп жүріп «Мұрагер» деген ансамбль ұйымдастырды. Ол қазақтың бүкіл ән-күйін, шығармасын Моңғолия жерінде кеңінен насихаттады. Бүкіл Моңғолияға аты мәшһүр Ақыт қажының мұраларын жинап, алғашқы жинағын 1991 жылы «Қажы Баян» деген атпен бастырды. Ақыттың мерекесін тойлауға, Ақыт қорын жасауға жанын сала кірісіп, толық жинағын шығаруға зор ынтамен қызу атсалысып еді. Ол ислам дінінің жалынды жаршысы бола білді.

Табиғатында Кәкей сегіз қырлы, бір сырлы еді. Ол керемет талғампаз, таза жаңды, мөлдір сезімді, лирик ақын еді. Өткір тілді, сатирашы, әзілкеш еді. Сонымен қатар, спортшы, суретші, қаламы жүйрік журналист болатын. Соңғы кезде ғана белгілі болып жатыр, ол көптеген прозалық шығармалар жазыпты. Айтпақшы, осы жерде бір айта кететін нәрсе – Кәкей керемет саятшы болатын. Сол саятшылығының жемісі болар «Қасқыр» деген кереметтей айшықты, көркем әңгіме жазды. Жалпы, оның «Қасқыр» әңгімесі жазушының алып отырған тақырыбын барынша зерттеп, жан-жақты аша білуімен, көркем тілмен, Моңғолия қазақтары прозасының көшбасында тұр. Сондай-ақ, жазушының кешегі нәубет жылдарды көрсеткен «Құпия хат»

деген шығармасы бар екенін бүгінде естіп-біліп жатырмыз. Ол көптеген әңгіме, повесть, очерктерді өмірге әкелген қаламгер.

Шыр айпалып шындық бір келеді екен,

«Ауруын жасырған өледі» екен.

Жарқылдаған ұрандар қош-аман бол,

Менің «коммунизмім» бөлек екен», -

деп жырлайды Кәкей. Ол әу бастан-ақ коммунизмге, оның көсемдеріне, жалған ұрандарға бой ұсынбаған. Әу бастан-ақ, халқының бай мұрасын жинап, арғы-бергі тарихын зерттеп, қазақтың бүкіл болмыс-бітіміне байланысты шығарма жазып өлең-жырларын өмірге әкелген. Ол сондай-ақ, «Әліппе» оқулығын баспаға даярлады. Кәкей өзінің жастығына қарамастан, бір күн де тыным көрмеген, күндіз-түні мол ізденістің құшағында жүрген абзал азамат еді. Бірақ соған қарамастан, ештеңені қанағат тұтпайтын. Ол бір өлеңінде былай дейді:

Тірі де емен және де өлгенім жоқ,

Берерімді халқыма бергенім жоқ.

Бұл Кәкей ақынның жан сыры еді. Оның тұла бойы тұнған архив қазынасы еді, халқымыздың шежіресі еді. Үлкенге іні, кішіге аға бола білген. Ақылымен де, материалдық көмегімен де төңірегі қуанышқа бөлеп жүретін үлкен тұлға еді. Нашарларға қайырымды, достың арасында парасатты, ауылына пана, халқына дана еді.

Оның бойынан имандылықтың, адамгершіліктің лебі қашан да көрініп тұратын. Барынша кішіпейіл қарапайым болатын.

Жоқ даңқым, артық білім, атағым да,

Ұрпағы емен әруақты атаның да.

Желіксіз, қарапайым бір ұл болдым,

Шақ қана өз бойыма шапаным да,-

деп өзі жырлағанындай, ол атақ, даңқ, мансапқа қызықпаушы еді. Оның бәрін атамекенге деген махаббатқа айырбастайтын.

Ақын шығармалары кезінде әділ бағаланып отырды. Ол соңғы жылдары жыр бәйгелерінің жеңімпазы атанды. Әңгімелері үшін де үлкен-үлкен сыйлыққа ие болды. «Қош бол, көктем» жинағына 1992 жылы Ақтан атындағы аймақтық сыйлық берілді. Қарымды қаламгер, айрықша талантты лирик ақын, ха-



лық ағартушысы, әділ де мейірімді, ары таза тынымсыз еңбек-  
қор, жан-жақты білімді азамат Кәкей Жанжұңұлы Моңғолия қа-  
зақтарының да, өзінің ұлы Отанының да ардақтауына лайықты  
азамат.

Ғұмыр өтіп барады, мен не дейін,  
Өкінейін аһ ұрып, дөңгелейін.  
Еш алаңсыз келемін, о бетім-ай,  
Тағы жүз жыл жасайтын пенде дейін.  
Ақын деген қойсаңшы бұл ынжықты,  
Атой салмай, міңгірлеп үнім шықты,  
Таңдайланып қанша рет таңым атып,  
Тамырланып қанша рет күнім шықты.  
Тірі де емен және де өлгенім жоқ,  
Берерімді халқыма бергенім жоқ,  
Шаранамды кебінге айырбастап,  
Кету үшін өмірге келгенім жоқ,  
Ғұмыр өтіп барады, мен не дейін,  
Өкінейін аһ ұрып дөңгелейін,  
Еш алаңсыз келемін, о бетім-ай,  
Тағы жүз жыл жасайтын пенде дейін.

Қаншама жұмыс істеп, халық үшін шыбын-шіркей болып  
жүрсе де, елге танылған ақын, ағартушы болса да, өз ісіне,  
тірлігіне риза емес. Ол осы ойымен, өзін-өзі қамшылаумен  
өмірден өтті.

Менің қолымда Кәкей Жанжұңұлының 1989 жылы 25 сәуір-  
де көрнекті ақын Олжас Сүлейменовке жазған хатының көшір-  
месі бар. Онда ол Моңғолия қазақтарының арғы-бергі тарихын  
әңгімеге арқау етіп, Моңғолиядағы қазақтармен ұлы Отанында-  
ғы бауырларды араластырып, шығармашылық байланысқа мұ-  
рындық болуды Олжас ағасынан қатты өтінген.

«Моңғолия қазақтары жайлы таныстырып жатуым Сіз үшін  
жаңалық болмас, – деп бастайды Кәкей хатын. – Сонау «акта-  
бан шұбырынды» заманы іргесін шайқалтқан Керейдің Жәні-  
бек, Қатырақ батырлар бастаған көші Сыр бойынан босқында-  
ғаннан «Алакөлді айналып, ақ қайың сауған» алапатты артта  
тастап, шығысты бетке ала тартса керек. Содан Алтайды қоныс

еткеннен, бірте-бірте Ұлытаудың күнгей беті Қобдыға да сұғынып, кереге жая бастаған ғой (сөйтіп, Абақ атаң ұрпағы делінетін он екі рулы Керейдің осы өлкеге қоныстана бастауына 150-дей жылға жуықтағанын тарихшылар мен қариялар әңгіме етеді. Осы ғасырдың 20-30 жылдарында ат тағанында тозғындаған Алтай қазақтарын тарих қазаны құрғақ бидайдай қуырғаны өзіңізге мәлім. Олар Қытайдың ішкі өңірі Индия, Пәкістан, Түркия, сонымен бірге, Моңғолияға шашылды. 30-жылдардың орта шенінен ғана Моңғолия мен Шыңжан арасында, Алтай тауы сілемін қуалай шекара бекіді. Солайша Моңғолия қазақтарының қонысы тұрақтанды. Ойпыл-тойпыл шақта қазіргі Семей, Шығыс Қазақстан өлкесіне ауып келген адамдар да кездеседі.

Ресми емес мәліметпен, халқы 2 миллионнан сәл ғана астам республикамызда 120 мыңдай қазақ тұрады. 20 ұлт өкілі тұратын елімізде қазақтар алдыңғылар қатарында. Олардың 80 мыңдайы ұлттық Баян Өлгий аймағында, өзгелері Моңғолияның әр түкпірінде тұрады.

Аймақ – сіздердегі облыс пен ауданның аралық деңгейіндегі әкімшілікті білдіреді. Республикада 18 аймақ бар. Ел батысындағы Қазақ ұлттық аймағы Баян Өлгий 1940 жылы орнаған. Ол 12 сұмынға жіктеледі. Орталығы Өлгий қаласында 25 мыңдай адам тұрады. Аймақта 30-дай ұлттық мектеп бар. Қазақ музыкалық-драма театры жұмыс істейді. Күніне екі сағаттық қазақша бағдарлама беретін радио, қазақша кітап, журнал, газет басатын баспахана, қазақ тілінде шығатын «Жаңа өмір» газеті, «Үгітші» журналы, әдеби «Шұғыла» журналы бар.

Бізде сіздердің баспаларыңыз бен кітаптарыңыз, радиохабарларыңыз өз елдеріңіздегіден кем емес дәрежеде рухани игілігімізге қызмет етеді.

Қазіргі жазба әдебиетіміз 40-жылдардың басынан қалана бастады деп есептейміз. Қалыптасып, қарқын алуына 1955 жылы ресми әдеби үйірме құрылып, 1955 жылдан бастап әдеби журнал, әдеби кітаптар шыға бастауына игі ықпал жасады. Өлгийдің қазақ баспасынан осынау отыздан астам жыл ішінде 60-тан аса қаламгердің 200-дей кітабы, 40-тай біріккен жинағы қазақ тілінде 20-дан аса адамның 40-тай кітабы Ұланбатор-

да моңғол тілінде басылды. Романымыз соңғы жылдың ғана жемісі. Саны оншақты ғана. Жасыратыны жоқ, әдебиетіміз балаң, саны аздық етпейді. Сапасы көздегенге жетпейді. Қазақ қаламгерлерінің 20-дайы Моңғолия Жазушылар одағының мүшесі. Республика бойынша барлық мүше 200-дей ғана. Сонда бұл жаман көрсеткіш емес қой деймін».

Кәкей Жанжұндылы Моңғолия жазушыларының жетістіктерін осылай мақтанышпен ауызға ала отырып, кемшіліктерге де жан-жақты тоқталған екен. Үлкен Отандағы әдебиетпен байланысты күшейту арманы болыпты.

Бірақ, не керек, ол арманға жете алмады.

Тауларыма шығайыншы бөктерлеп,

Бұл жолменен өтпеген көп, өткен көп.

Күлкімменен күн көтеріп тұрайын,

Жақын барып аспанына көкпеңбек.

Бұл жолменен өткен де көп, өтпеген.

Бұл асқарға жеткен де көп, жетпеген.

Биіктен бір келбетіңе қарайын,

Балқи-балқи күнге айналып от денем.

Немесе ақынның «Орқаш-орқаш тауларым» айдарына енген және бір мына өлеңіне құлақ түрейікші.

Асқақ-асқақ тауларым –

Асқақтаған арманым.

Ақ жусаны – әтірім,

Ақ бұлағы – саумалым.

Шешек атқан жан-жағым,

Шалғынына аунадым.

Көк майсасы – кілемім,

Көк аспаны – самғауым.

Кәкей тауларды өте жақсы көретін. Тауда қыдырғанды, оның басына шыққанды күнделікті кәсібіне айналдыратын. Таулар туралы өлендері көп еді. Ақыры сол, әмірінің ең соңғы күні тауларымен қоштасып, ол ұшқан ұшақ тауға соғылып, үш метр терең қар астына кіріп кетіп, тауын, оның тасын құшақтап үш жеті бойы жатты. Сүйегі сонан кейін барып табылды.

Үлкен азамат, арқалы ақын, қазақ халқының ар-намысын жырлап, тілі, ділі үшін күрескен Кәкей туралы айтылар әңгіме әлі ұзақ. Ұзақ әңгіме алда деп білеміз. Моңғолия мұсылмандар қоғамының төрағасы Сайран қажы бүгінде Кәкейдің ісін бірден бір ілгері жалғастырушы, жоқшысы, мұрагері. Ақынның толық шығармалар жинағын шығару алдағы күннің ісі. Биыл оның туғанына 57 жыл толып отыр. Алдымызда қолға алынар біраз іс бар. Ақынның адал да сүйікті жары Сәуле Кәкейден қалған балаға бас-көз болып, оларға жақсы тәрбие беріп отыр. Үлкен ұлы Тоқтар әке атына кір келтірмейтін, жақсы ісімен көрініп, елге танылып қалған азамат. Әйтеуір, арты жақсы.

Менің бүгінгі міндетім – Кәкейдей ақынды көпшілікпен таныстыру, сондай жалынды да айтулы ақынның өмірден өтсе де артына мол мұра қалдырғанын халқына жеткізу. Кәкей ақын халқымен мәңгі бірге жасай береді.

Қайран Кәкей! Үлкенге де, кішіге де бәрімізге ортақ сүйіспеншілік, өзара құрметпен шынайы сезім кісілікке, кішіпейілділік пен ақжарма адал ниетке толы ішкі асыл дүниенің әркез сұлуланып, оқшауланып тұратынын ұмытпа алмаймын. Бір өзіңе ғана біткен біртуар иманға толы жарқын жүзің жан біткенді нұрландырып, аялап әкететін-ді.

Не шара, орны толмас тосын қазаң жай оғындай жаңғырып ортамыздан өзінді алып кеткеніне, міне, он жыл болыпты.

Өзің көп сүйіп жырлаған биік тауда мәңгі өлмейтін өміріңе қадам баспағанда, Кәкейім-ау, биыл 57 жасқа келер едің. Бергеніңнен берерің көп еді ғой ел-жұртыңа, соны көруге жазар ма еді?..

Сен көктесің, біз жердеміз, сен періштесің, біз пендеміз, Кәкей! Әруағың риза болсын! Артыңда қалған жарыңа, балаларыңа, барлық ұрпағыңа ғұмыр тілеймін! Кәкейдің соңғы хатында маған жазғандай:

Кездесуге дәм жазсын,

Көріскенше күн жақсы! –

бірақ енді кездесуге дәм жазбады, не шара! Сол өзің сүйіп жырлаған биік рухың әрдайым биіктей берсін, биіктей берсін!

Сондай-ақ, Кәкеймен қатар, кеше көзіміз көрген Моңғолиядағы қазақ диаспорасының дарынды өкілдері, талантты қаламгерлер, көрнекті ақын-жазушылар – Мұрат Пұшатайұлы, Қуанған Жұмаханұлы, Имашхан Байбатырұлы, Дайын Қалаубайұлы, Арғынбай Жұмажанұлы, Сейітхан Әбілқасымұлы, Қауия Арысбайұлы, Елеусіз Мұқамедияұлы, Қабдай Мысаханұлы, Баман Құрманханұлы бүгінде арамызда жоқ. Осынау арыстай азаматтарды, шынайы талант иелерін, шын ақын-қаламгерлерді опасыз жалған тағдыр ерте алып кетті. Осынау арқалы ақындардың артында орны толмас өкініш, айтылар қалың естелік, зерттелер талай еңбек, бітпеген көп ой-арман, сиясы кеппеген мол дүние – мұралары қалды. Біз олармен қоштаспаймыз. Олар бүгінгі әдебиетімізде, өмірімізде, біздің көңілімізде жасай береді. Олар өз көзіммен көргенімдей әрқашан сабырлы да иман жүз, қоңыр үндерімен, әркез ақылшы да қамқоршы жанашыр мінездерімен замандастарының мерейін өсіріп, елі-халқы қадірлейтін нағыз дарындарымен шынайы шабыттың, ізгілік, имандылық пен ақ адал азаматтық келбеттерімен біздің жүрегімізде мәңгі сақталады.

## ҚУАНҒАН ЖҰМАХАНҰЛЫ

Ақын Қуанған Жұмаханұлының «Құстар қайтып барады» атты өлеңдер жинағының алғысөзінде, дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы төрағасының бірінші орынбасары Талғат Мамашев «Жарық жұлдыздар жарқ етіп сөнгенде артына ақ жолақты отты ізін қалдырып жатады. Моңғолдық бауырымыз Қуанған Жұмаханұлы (1951-1996) да аз ғұмырында өшпес ақындығымен танылған азамат еді. Амал не, өмірі қысқа болды. Бірақ сол аз ғана тірлігінің өзінде адамдықтың ақ туын жамылып, ақындықпен тіл қата білді», – деп түйіндеді. Бұл жинақ ақынның артында қалған қолжазбаларын жинастырып Баян Өлгейде жарық көрген «Іңкәр сезім», «Әнім сен едің» жинақтарынан құрастырылып, белгілі дәрежеде сұрыпталған.

1979 жылы жазылған «Құстар қайтып барады» өлеңінде ақын:

Қанатына ақ торғын бұлт ілінген,  
Құстар қайтып барады күн-түнімен.  
Айдын көлін қия алмай күрсінеді,  
Күміс моншақ үздігіп кірпігінен.

Топшысына төсеумен алақанын,  
Баулап ұшып, құлатпай балапанын,  
Туған жермен қоштасып барады олар,  
Әніменен қарсы алып, дала таңын.

Қиқулаған үнімен мұң ақтарып,  
Әнге басып барады, сыр ақтарып.  
Үзік-үзік құс жолы жатыр шұбап,  
Жазылмаған шумақтар сияқтанып.

– деп бастап, әдемі айшықты суреттермен көмкеріп, одан әрі:

Көк жүзінде ақша бұлт толқынданған,  
Қанаттарын күн сүйіп жалтылдаған,  
Жөңкіледі құстардың керуені,  
Белбеуінде аспанның солқылдаған.

Төңкеріліп төбеде құлап барып,  
Көк жүзінде қыз бұрым сияқтанып,  
Құстар қайтып барады шат-шадыман,  
Жарқын жазды думанды жыраққа алып,

– деп жалғастырады да:

Көк жүзінен сазды әуен үн естіліп,  
Наз әнімен бақытты үлестіріп,  
Құстар қайтып барады жастық шақтың,  
Махаббатын соңынан ілестіріп.

Сыр шертеді, әнімен сырласымдай,  
Көңіл шіркін, толқыған тұр басылмай.  
Соңдарынан қол бұлғап қалып барам,  
Шығарып сап сапарға қимасымдай.

– деп түйіндейді. Өлеңнің бойында ақын Тұманбай Молдағалиевтың «Құстар әнінің» әсері өне бойы сезіліп отырады. Солай десек те, ақын өзінше нақыштай білген. Поэзиялық суретте Қуанғанның қолтаңбасы айқын көрінеді. «Қанатына ақ торғын» бұлт мінген» тәрізді, «Айдын көлін қия алмай күрсінеді, күміс моншақ үздігіп кірпігінен» тәрізді сурет Қуанған ақынға тән нақыш-баяу. Сол сияқты «Жөңкіледі құстардың керуені, Белдеуінен аспанның солқылдаған-сынды оркестр» – Қуанған ақынның өз әлемі. «Төңкеріліп төбеде құлап барып, Көк жүзінде қыз бұрым сияқтанып» сынды теңеулері өзіндік соны теңеулер. Тұманбай ақынның саз-әуеніне ауысатын тұстары да жоқ емес. «Наз әнімен бақытты үлестіріп, құстар қайтып барады» деген сипаттары аяулы ақынымыздың «Құстар әнін» еске оралтады. Наз әнімен, саз әні құлақта жаңғырып атақты ән-өлеңін жадына оралтады.

«Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы, «Атажұрт» баспа атынан дайындаған «Құстар қайтып барады» кітабының аннотациясында: «Бұл кітапқа Монғолияда өткен көрнекті қазақ ақыны Қ. Жұмаханұлының ертеректе жарық көрген бір топ өлеңдерімен өмірінің соңғы кезінде жазған жырлары топтастырылған. Ақын ақ пейілдің, айнымас көңілдің, таза табиғаттың үнін әсем жыр тіліне енгізіп ағынан ақтарылып отырады. «Тіл-

ге жеңіл, жүрекке жылы тиетін» өлеңдердің оқырманды баурап отыратындығы сөзсіз» – деп жазыпты. Расында да, Қуанған ақынның жырлары жылы лепті, іңкәр жүректі, әсем сазды поэзия екен. 1979 жылы Моңғолия жері Дэлүүнде жазылған «Сыр» өлеңінде:

Назды сыр, мың бұралған бидің елі,  
Жомарт жұрт - әннің елі, күйдің елі.  
Қия алмай кетерімде мөлдіреумен,  
Егіліп жан жүрегім тұрмын енді.

Ақынға сендей мекен жат болар ма,  
Амал жоқ, бірақ мәңгі қап қаларға,  
Дәл қазір қимай тұрмын әсем Булған,  
Аяулым, ауылыма аттанарда

– деп толғанған ақын «Қия алмай кетерінде мөлдіреумен, егіліп жан-жүрегім тұрмай енді» десе, одан әрі толғанып, «Ән-өзен, бұрым-бұлақ, тырна көз-көл» деп айшықты теңеуге көшеді.

Қош Булған,  
Ақбас таулар, бұйра жондар,  
Ән - өзен, бұрым – бұлақ, тырна көз – көл,  
Жанымда қал мәңгілік қимасымдай,  
Ақынның жүрегінде жыр боп өзгер,

– деп, жерге деген, елге деген ақын жүрегі егітіліп, «ақынға сендей мекен жат болар ма» деп төгіледі. Төгіле отырып, туған еліне оралатынына сенім сезімін бойлата жырлайды. Содан да «Аман бол, бұла-Булған, жыр, ән – Булған» деп түйіндейді.

«Жасын ғұмыр» атты алғы сөзінде: «Қ. Жұмаханұлы өз кезінде Моңғол университетін және Мәскеудің М. Горький атындағы Әдебиет институтының жоғарғы курсына бітірген. Филология ғылымдарының кандидаттығын Алматыда қорғаған. Қазақстанда өткен II Түркі дүниесі поэзиясы фестивалінің лауреаты атанған. Ол өлең жазумен айналысып қалмастан әдеби сын жанрында, аудармашылықта да өз бағын сынаған көрнекті қаламгер. Біз ақынның артында қалған қолжазбаларын жинастырып Баян-Өлгейде жарық көрген «Іңкәр сезім», «Әнім сен



едің» жинақтарындағы бір бөлім өлеңдерімен қоса осы жинақты құрастырып отырмыз. Мұнда ақынның елі мен жеріне деген сүйіспеншілігі мен сағынышы, махаббаты, азаматтық ар-ожданы асау жырлармен бейнеленген. Оның өлеңдерінен аз жазса да саз жазатын өзіндік қолтаңбасын тану қиын емес. Еркін төгілген жырлары шабытты шақтардың шашасына шаң жұқтырмас «Шалқұйрығы» екенін байқатады, – деп жазады. Айтса айтқандай, ақын қиял қанатына еніп, «Кеуде төсін таңның ескен желіне», «Келер күнге көз жіберіп қиялмен, сағынышпен барып қайтып өткенге» осылай күй кешіп:

Бозторғайлар шаттық әнін тартқанда,  
Арайлап ақ таң күліп атқанда,  
Отырасың осылайша жыр жазып,  
Ел ұйқыда, оңаша бір шақтарда,

– деп жырлайды ақын. Онымен қоса:

Бөлек менің даусым да, үнім де,  
Жыр жазамын туған ана тілімде,  
Қуанғанмын жырлаймын мен сол үшін,  
Қуанғанның үнінде,

– деп өз есімін өлең тілінде ойната біледі. Қыр кезіп, өзен, көлге жүзгенінде, қыр гүлінен жауқазын жыр үзгенін де айта келіп, «Ал өзеннің тереңінен тұңғиық, Мөлдір моншақ - жыр маржанын сүздім мен» – дейді. Мұнымен қоса ақын:

Өз даусыммен шырқап келем бүгін де,  
Өз даусыммен шырқатамын тірімде,  
Өз даусыммен жырлап барып бітемін,  
Өз үніммен сөйлеймін мен түбінде, -

деп алып, өз мақсатына жетеді ақын. Яғни арман-үмітіне әрбір өлең құдіретімен жете білген. Үлкен жүк арқалай білген ақын.

«Бес сала» деген өлеңінде ақын шеберлігі айқын көрінеді. Ақынның дүниесі көре білетіндігі, өмір тынысын сезіне білетіндігі осы өлеңде көрініс берген. Көркемдіктің көкейтесті айшықтарына үкі таққандай бірінен соң бірі сұлулана түседі.

Ұрпағына үлестірген батасын,  
Айнымаған ақ басты атасын,

Көк мұнардың құшағында бұлдырып,  
Көкжиекті көмкеріп кеп жатасың.

Аспаныңның жаңбыр моншақ төгіліп,  
Жатса сіңіп, қасат қарға көміліп.  
Жалбыр бұлттар омырауыңа түнейді,  
Жұлдыз ілген шын – сүңгіге соғылып,

– дейді ақын. «Жалбыр бұлттар омырауыңа түнейді, Жұлдыз ілген шын – сүңгіге соғылып» дейтін теңеулерді бұрын ешкім айтпаған көркемдіктің көзі.

Мұзбалақтар зеңгір көкте айналып,  
Көз тастаса көркіне жайланып.  
Шомылдырып шұғыласына сүттейін,  
Түн қойнында көгіне ай байланып.

Арай кеште құшағына күн құлап,  
Қол бұлғайсың көз ұшында бұлдырап.  
Жалғызғаш, Тасқыныңа үн қосып,  
Сай-салаңнан сыбызғылы мың бұлақ.

Шілдеде де ақ сәлденді жамылып,  
Ақша қардан алтын алқа тағынып.  
Жатырмысың айналайын Бес салам,  
Сәлем саған, келді ұлың сағынып,

– деуінде үлкен мән-мағына бар. «Шомылдырып шұғыласына сүттейін, түн қойнында көгіне ай байланып» – сынды оралымдар «Сай-салаңның сыбызғылы мың бұлақ» деуі де ерекше, өзіндік көркемдік оқшау суреттері.

Ғалым-сыншы Мүсілім Базарбаев өзінің «Замана тудырған әдебиет» атты кітабында «Жаңаша бажайлау» деген зерттеу еңбегі бар. Сол еңбекте: «Қазақ әдебиетінің тарихын қайта қарап, жаңадан жазатын кез келді. Бұған себептер көп, ол түсінікті де. Ең алдымен әдебиет тарихынан көптеген есімдердің, әсіресе, көрнекті, белгілі, уақытында бүкіл қауымға мәшһүр болған тұлғалардың шығып қалуын, кейбір шығармалардың аты да аталмауын, тіпті ұшты-күйді жоқ болып кет-

кенін айтқан жөн. Мұның бәрін орнына келтіру қажет», – деп жаза келе, одан әрі өз ойын толықтырып, – «Екінші себеп – аты аталған, шығармалары талданған қаламгерлерге ол кезде берілген бағаның кей-кейде көпе-көріне қате, әділ емес, оғаш екендігі. Бұл жайда я асыра мақтау, көзжұмбайға салынуға, я болмаса әдейі шүбә, күмән келтіру, тіпті теріс баға беруге орын берілгендігі ескерілуі тиіс. Әдебиеттің идеология шылауында болуы, бүкіл өсіп-өну, көркею мәселелерінің бәрі осы көзқараспен өлшенуі, тәжірибенің де, теорияның да бірден-бір партиялық саясатқа бағынуы, көркем әдебиетті өзінің табиғи даму заңынан айырып, оны мемлекеттік халық шаруашылығы міндеттерінің бірі ретінде қарау, айналып келгенде, көркем-сөзді жүдеткен, оны ежелгі жаратылысынан айырған фактор болды. ХХ ғасыр әдебиетін, яғни қазіргі заман әдебиетін зерттегенде бұл аса есте болатын жай. Тарихты қайта қарап, жаңаша жазу керектігінің өзі осыдан», – деп түйіндейді. Осындай алға қойған бағдарламаны бүгінгі зерттеу еңбектерінде басшылыққа алған орынды. Яғни, мұндай салиқалы тұжырымды темірқазық ету – біздің міндетіміз. Әсіресе, бұрын жазылмай да, айтылмай да келген шетелде тұратын қазақ ақын-жазушыларының шығармалары зерттеп, бағалауда осы бір қағиданы еске ала отырып, зерттеуіміз ғанибет. Соның бір мысалы, бұрын-соңды зерттеу объектісі болмаған Қуанған Жұмаханұлының «Жүрек әні» («Өлке», 2001, 422 бет) мен «Құстар қайтып барады» (Өлеңдер жинағы, 2008, 104 бет) кітаптарын зерттеуде осы жағын ескеруіміз қажет.

Моңғол елінде ғұмыр кешкен Қуанған Жұмаханұлы аз ғұмырында көп ізденген, құдай берген талантын қаймағын бұзбай халқына тарту етуге ұмтылған аса бір дарынды жан. Оның өлеңдегі мақамы бөлек, дәстүр мен жаңашылдықты бірге тұтастыра білген қаламы жүйрік қаламгер. Көркемдік, мазмұндық жағына баса көңіл бөліп, қашанда оқырманның жүрегінен табылуға ұмтылған зерделі жан. «Замана тудырған поэзияның көркемдік, мазмұндық жайын, ізденістерін, оған қоса бұрынғы дәстүрмен жалғастығын, әрі жаңашылдығын айтқанда, оның бір жаңа құбылыс болып қалыптасқанын байқаймыз.

Дәстүр мен жаңашылдық, яғни ұлттық сипат, белгілі бір кезеңнің ғана емес, әдебиет дамуының барлық дәуіріне тән, онымен органикалық тығыз байланыста көрініп отыратын жай.

Суреттеу, бейнелеу, көркемдік тәсілдері бірден емес, бірте-бірте өзгеріп отыратынын аңғарамыз. Бұл әсіресе, шығарманың формалық, мазмұндық қалпынан айқын көрінеді», – деп М. Базарбаев «Замана тудырған әдебиет» кітабында жазды. Сондай ой түйінінен бой көрсететін ақын өлеңдерін ұсынайық.

Шетел қазақтарының шығармашылығына назар аударып, олардың еңбектерін зерттеуіміздің астарында халқымыздың, ұлтымыздың тәуелсіздігі жатыр. Кешегі кеңес өкіметі кезінде Алаш азаматтарымен қатар, шетелде жүрген бауырластарымыз – қазақтардың өнердегі жетістігін айту – мүмкін болмай қалған. Қытайда ғұмыр кешкен Таңжарық Жолдыұлы-сынды тұлғалы әдебиетшілерімізді, Моңғол жұртындағы Қуанған Жұмаханұлы-сынды талантты ақындарымыздың шығармашылығына бет бұруымыздың өзі – Тәуелсіздіктің арқасы. Таңжарық та, Қуанған ақын да ұлт тәуелсіздігі үшін жырларымен күрескен ақындар. Күресе білген ақындар.

«Тәуелсіздік» атты кітаптың алғысөзін жазған қаламгер Сауытбек Әбдірахманов: «Тәуелсіздік... Мына дүниеде 2500-ден астам халық бар екен. Соның екі жүзге жуығы ғана өзінің мемлекеттілігіне ие екен. Саны жағынан қазақты сан орап кететін ұлттардың арасында да өз елі өзіне өлең төсегі болмай, туған жерінен бір жапырақ туын тігетін алақандай төбе таппай жүргендері жетерлік. Тіпті туған жерге туын тіккен елдердің бәрін бірдей толық мағынасында тәуелсіз деп тани алмайтынмыз тағы бар», – дей келе өз ойын өрбітіп, соны да салықалы пікірді алға тартады: «Бұл биікке ел тәуелсіздікті жариялаумен, әнұранды, елтаңбаны туды белгілеумен, тіпті Біріккен Ұлттар Ұйымының мүшелігіне өтумен де бірден жете қалмайды. Тәуелсіздік ұғымының аясы кең. Әлемдік қауымдастық мойындаған өз аумағы болуы да, сол аумақты басқаратын мемлекеттік биліктің болуы да бұл үшін аздық етеді. Тәуелсіздік, ең алдымен, мемлекеттің өз саясатын өз еркімен жүргізуге қабілеттілігін білдіреді. Күнінді зорға көріп, көршілеріңнен көмек

сұрап, барар жеріңе бара алмай, айтар сөзіңді айта алмай, жан-жағыңа жалтақтап жүрсең қанша жерден атың тәуелсіз болса да затың тәуелді елсің деген сөз». Иә, шынында да «Қазақстан жолы» деп ат қойып, айдар таққан шын мәніндегі феномен құбылыс дүниеге келгенін Елбасы да, Қазақ халқы да дәлелдеді. Айтқандай алыс та, жақын да мойындайтын, Батыс та, Шығыс та сыйлайтын елге, көп дінді, бірақ бір ділді елге айнарудың қандай қиындығын да сезініп, Елбасы бастап, елі қостап құрып берген қазақ елінің қадыр-қасиетін тани отырып, таныта отырып, ұлттық бақытымызды сезіну де, сезіндіру де – үлкен жауапкершілік.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік Тәуелсіздігін салтанатты түрде жариялай отырып, 1-бабында жазылғандай: Қазақстан Республикасы – тәуелсіз, демократиялық және құқылық мемлекет. Ол өз территориясында өкімет билігін толық иеленеді өзінің ішкі және сыртқы саясатын дербес белгілеп, жүргізеді» деген бір ауыз сөйлемде қаншама құдіретті сезім күші бар екендігін іштей мойындайсың.

Ақын, әрі ғалым Әбділда Тәжібаев «Өмір және поэзия» кітабында лириканың табиғатын, түр-тұрпатын, ағысты иірімдерін, терең тамырларын жан-жақты талдап, қолға ұстатқандай ғылыми еңбек жазды. Бұл еңбектің басты темірқазығы Виссарион Белинский болды. Өйткені лирика туралы негізді ойды, салмақты тұжырым мен пайымды, дәл сол сыншыдай айта алған адам бола қоймас. Сыншының ұғымында: «Лирика тілсіз түйсіктерге сөз береді, оларды тар кеуденің қыспағынан көркемдік өмірдің таза самалына алып шығады да, ерекше өмір сүргізеді. Сөйтіп лирикалық шығарманың мазмұны объективтік оқиғаның дамуы емес, субъектінің өзі және сол субъект арқылы өтетін дүниелер. Лириканың шағындығы да соған байланысты. Қысқа лирикалар өмірдің тұтас бір кезеңін қамти алмайды. Өйткені, субъект (ақын) бір мерзімде түрлі мазмұнда болады. Әрине, адамның рухани қабылдағыш қабілетінде шек жоқ, бірақ ол барлық құбылысты бірден қамтымай, сансыз мерзімдер бойында кезекпен қабылдайды. Барлық жаратылыс, барлық субстанциал (заттық тектер), барлық идея, ойлар – қысқасы бүкіл

әлемді, бүкіл өмірді қозғаушы құбылыстың бәрі де лирикалық поэзияның мазмұны, тек сол құбылыс субъектінің қанына сіңсін, көкейіне қонсын, оның тұтас тірлігінің бір тетігіне айналсын, басты шарт осы ғана», - деп жазды. Бұдан әрі сыншы: «Көңіл бұрар, ой толқытар, я қуантып, я қайғыртар, я сергітер, я қажытар, субъектінің рухани өміріне ұрық себер, жүрегіне ұялар, толғағына айналар нәрсенің бәрі де лирикаға мазмұн. Оның заңды дүниесі. Мұндай нәрсенің өзіндік құны жоқ, мәселе оған ақынның қаншалық мән беруінде, өзіндік шабыты мен рухани толғағында, фантазиясында, түйсік, сезіміне айналдыруында...» – дейді.

Сыншы айтып, ақын қостағанындай: «Поэзия – көрікті қыз жүзінің ұялшақ, албырт қызғылты, теңіздей, көгілдір аспандай тұңғыық көзінің ынтықтық сәулесі, әйтпесе қара көзіндегі өткір от, мрамордай иығына төгілген бұйра шашының толқыны, торғындай кеудесінің демігіп тыныстауы, күмістей үнінің гармониясы, сиқырлы сөздерінің музыкасы, сұлу қозғалыстарының ғажайып сиқыры... Поэзия – қайраты қайнардай балғын жігіттің отты көзі, өрен ерлігі, тентек тегеуріні, аспан мен жерді жалынды құшағына сыйдырмақ болған, өмірдің уы мен балын бір-ақ рет сарқи сімірсек болған тойымсыз талабы... Поэзия – ұйығандай, құйылғандай орныққан, өз еркін әбден билеген, өмір үшін жетіккен, тәжірибемен шыныққан, рухани күші теңдескен, көңіл көзі көреген, ойға батыл, майданға батыр ер қуаты... Поэзия – қарттың әрсіз көзінің жұмбақ сәулесі, момақан мейрімдей, терең ойдай, бұл өмірден алыстай бастаған әжімді берінің ерекше нұрлы ажары, қалтырай үзіліп шығар даусының жаны бай, салмақты дыбысы, бәсең айтылар, бірақ әсем айтылар сөздері, сүйіп сөйлер, данышпан сөйлер ажарлы шырайының күлім қағуы. Поэзия – болмыстың берекесі мен мерекесі, күтпеген сәтімізде сирек соғар өмір рахаты; поэзия – үміт сезімі, жүрек дірілі, жан тынысы, ашынған құмарлық сезімнің бораны мен толқыны, шексіз толы махаббат, тәтті қамығу, ләззат таба егілу, көз жасыңа көмілу, әлдеқайда, шегі жоққа тарықса да ынтық ата ұмтылу; өмір-бақи айнымас, еш мезгілде тояттамас құмарлық; барлығын да құшағыма

алсам деу, барлығымен біріксем, біте қайнассам деу, ол – жүрегімізде бүкіл әлем ырғағымен бір соқтырар құдіретті пафос; үмітке толы жанарлы көздің алдынан болмыстың ең ғажайып көріністері бүркеусіз ұшып өтеді, ал сиқырлы құлақ әлем мен сфераның гармониясын, жер мен аспанның, аспан мен жердің қауышқан, бірін-бірі нұрландырған, бар табиғаттың неке жа сауына оранып, келісім тапқан құдіретті пафосын есітеді...

Бүкіл әлем, гүл, бояулар, дыбыстар, бар жаратылыс, барлық өмір – поэзия дүниесі, осы құбылыстардың құпия қуат, оларға тіршілік, ойнақы өмір беретін сырлар поэзияның тетігі мен жаны. Поэзия – әлемдік өмірдің қан тамырының соғуы, сол өмірдің қаны мен оты, жарығы мен күні», деп жазған пікіріне барша ғұлама ғалымдар бойұсынған. Мұндай поэзия Абай мен Махамбет, Пушкин мен Лермонтов шығармашылығына тән. Ал, Мағжан Жұмабаев поэзиясына тікелей қатысты десек те болады. Өйткені, Мағжан ақынның тұла бойы тұнып тұрған лирика десек артық болмайды.

Филология ғылымдарының докторы, көрнекті қазақ ғалымы Мүсілім Базарбаев: «Поэзия әлемінде айрықша із қалдырған, өзіндік үлкен өнер, өрнек тудырған, терең сырға, ұшқыр қиялға толы өлең дүниесін кейінгіге аманат етіп қалдырған ақын – Мағжан Жұмабаев. Өзі де, өлеңі де қиын-қыстау тауқымет жолын көп кешкен. Қалың бұқара оқушы қауым арасында әуелден-ақ қаншалықты белгілі, аты мәшһүр ақын болып танылса да, ресми ортада барған сайын айдаудан көз аша алмай, тыныштық дүниеден қара үзіп, кешегі қуғын-сүргін заманда есімі біржолата өшуге айналған жан» – деп жазды, бұдан әрі ғалым ой-тұжырымын өрбітіп: «XX ғасыр басының қазақ ортасына тән демократиялық, ағартушылық, бостандық ізденістері Мағжан Жұмабаев үшін Қазан төңкерісімен бітіп, арманға қол жеткендей үзіліп қалмайды, одан кейін де ақын өз болжамынан танбай, жалпы халықтық, адамдық, мұраттық жайлардан қол үзбейді. Теңдік, азаттық жайындағы лепірме ұрандар, толып жатқан «жасасындар» Мағжанды жанамалай өтіп жатқандай, өзін баурап әкетпейді. Оның басты себебі: революция халыққа азаттық әкелетін болса, неге оны қақ жарып, бір-біріне қарсы

қояды, қазақ көрмей ме, әлі іргелі ел болып қалыптаспаған, ылғи тепкіде, қанауда, айдауда болып келген халық енді қол ұстасып, жаңа өмір құрудың орнына жаңа араздық, жаңа наразылық туды емес пе? Мағжан ойланады, толғанады» – деп ғылыми тұжырым жасайды.

Қуанған Жұмаханұлы «Арал қартының азасы» деген өлеңінде:

Көрсем-дағы үдере ел көшкенін,  
Көрмеп едім теңіз бен көл көшкенін.  
Көз алдымнан өтпесе сұмдық сурет,  
Айтпа жалған,  
Ешқашан сенбес те едім.  
Балықшымын, Аралмен бір жасасқан,  
Кеше – айдын, бүгін – құм белдескенім.

Тай-тай толқын толықсып төңкеріліп,  
Көсілмейді жағаға кең керіліп,  
Көкшіл айдын қоржындай бөлек-салақ,  
Қусырылып құмменен көмкеріліп.  
Суыртпақтап күндіз-түн тұзды құйын,  
Боратады аңызак жел кеп ұлып.

Әпербақан ағаттық – бүгін қайғы,  
Ақталсақ та кінәміз жуылмайды,  
Байлығына теңізді құрбан шалған,  
Жандар үшін бет күйіп, дуылдайды.  
Шынымен-ақ кете ме құрдым сіңіп,  
Зәрем ұшып, жүрегім суылдайды, –

деп толғанады. Бұл қайғы-қасірет Тәуелсіздік ала алмаған тұста, империялық күшке Тәуелсіз халықтың дәрменсіз кезінде болған қасірет-қайғы еді. Сол кезде мұндай жазуға жол берілмеген шақта да Қуанған Жұмаханұлы жаза білген, келешек ұрпаққа жазып кеткен. Ақынның өсиетіндей.

Сенің де адам, менің де болар қайғым,  
Толқып-шалқып арнама қона алмаймын.  
Өмірге адам келмесе екінші рет,  
Мен де бәлкім қайтадан жаралмаймын» -



Деп қалама ашулы Арал жазған,  
Аза бойым қаза боп алаңдаймын.

Қатер сауал не зәбір көрсетпеді,  
Атажұрттан жылыстап ел шеттеді.  
Балық құрып, оталып көк шалғыны,  
Тоз-тоз қылып аң-құсын бөлшектеді.  
Ащысынып, о сұмдық ана сүтін,  
Нәрестелер жеріді емшектегі, –

деп ашына жазып, адамзат алдына ақындық сауал қояды:

Жүрек сыздап, көкірек толар мұңға,  
Сүрінеді тайғанап жанар құмға,  
Тағдырына күрсініп, күңіреніп,  
Үрейленіп, талықсып Арал қырда –  
Жатыр әне, дөңбекшіп не демекпіз,  
Кімдер жауап береді ар алдында.

Иә, Аралды құртқан бодандықта болған халқымыздың сол кездегі тәуелді, бейшара халі осындайда көрінеді. Шынында да: «Кімдер жауап береді ар алдында» сол арымыздың, ар-ожданымыздың сөнбеген намысымыздың арқасында кешегі желтоқсан оқиғасы бүрк етіп көтеріліп, Алатаудың басындағы күңіренген қара бұлтқа айналып, нөсерледі келіп. Сол нөсердің нұрынан – Тәуелсіздік оянды. Бұл – бостандыққа жол еді.

Мен азамат ретінде, ақын ретінде осы Қазақстан Жазушылар одағында тәуелсіздік туралы не айтуға болады деп не айтылуға тиіс деп ойладым. Әсіресе, біздің қадым ғасырдан келе жатқан поэзиямыз өзінің трибунасында нені жырлау керек, бүгінгі халқымызға нені айтуымыз қажет деп іштей толғандым.

Қайраткер азамат Марат Мұхаметқазыұлының ұсынысымен, дүниежүзінде екінші Шекспир атанған Португалияның ұлы ақыны Луиш ди Камозенстің «Сонеттері» атты кітабын тәржімаладым.

Сол ақын Португалияның тәуелсіздігінен айрылған 1580 жылдың 10 маусымында дүниеден өтеді. Көз жұмар алдында: «Мен, тіпті, өзімнің туған Отанымда көз жұмғалы жатқан жоқпын, мен сол тәуелсіздігінен айрылған туған Отаныммен бірге

өліп жатқандай сезінемін» деген ақынның жалынды сөзі ұлтының жүрегіне ұялап, Португалия елі қайта тәуелсіздік алғанда, ақынның асқан дана сөзі үшін Луиш ди Камоэнс қайтыс болған күнді – Португалияның Ұлттық күні деп белгілейді.

Біз, қазақ елі, ұлттық Тәуелсіздік алғанымызға жиырма жыл өтті. Кезінде Кеңес өкіметі кезінде «Қазағым» деген сөзді кітабымызға кеңінен жариялай алмаған тұстарымыз болды. Оны өткен ғасырда басымыздан кешірдік.

Қазақ халқының арман-тілегін, елдің ынтымақ бірлігін көксеген кемеңгер, терең ойшыл Бұхар жыраудан бастап (1684-1782) ұлттық Тәуелсіздік үшін құрбан болған ақын Махамбет Өтемісұлынан бастап, Қытайда ғұмыр кешкен, әділет үшін күрескен Таңжарық Жолдыұлына дейін, кешегі «Мен қазақпын мың өліп, мың тірілген» деп жырлаған Жұбан Молдағалиевке дейін, одан қалды біздің замандастарымызға келіп бұйырған ұлы олжа – Тәуелсіздікті жырлау, ұлтымыздың бостандығын жырлау, ынтымағын жырлау – бүгінгі ақындарымыздың үлесінде!

Алаштың асылдары – Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев сынды ардақтылардың поэзиясы да сол Тәуелсіздікке келіп тіреледі.

Кезінде ұлтымыз туралы өрелі сөзді айтқызбаған Кеңес өкіметі тұсында ақын Ғафу Қайырбеков:

Басқа елдердің хандары хан сияқты,

Біздің хандар несіне жаман болған, -

деп ішкі ақындық қасіретін сыртқа шығарғаны бар...

Қазіргі таңда ақын Ұлықбек Есдәулетов «Қазақстан! деген өлеңінде.:

Шаңырағың – шырағым,

Топырағың – тұмарым,

Ғаламда жоқ сыңарың,

Ғажайыбым, жұмағым,

Басы таза бұлағым,

Басылмайтын құмарым,

Қазақстан – қыраным! –

дей келе:

Айың тусын оңыңнан,  
Күнің тусын солыңнан,  
Жұлдыз жансын жолыңнан,  
Басыңа бақ орнасын,  
Қыдыр болсын жолдасың,  
Құдай сені қолдасын,  
Қазақстан – көз жасым!.. –

деп түйіндейді. Жырдың ширығар тұсы «Қазақстан – көз жасым!» – деген тұс. Тәуелсіздікті иығымен арқалаған жан да, Тәуелсіздікті сағынышпен күткен жүрек те: «Қазақстан – көз жасым!» деп толғанары хақ. «Жер орта» жинағында ақын Серік Тұрғынбеков:

Елімның жарлығына,  
Ой-пікір ойыспаса,  
Халқымның зар-мұңына,  
Қабырғаң қайыспаса,  
Өмірдің дерегіне,  
Тамсанып табынбасам,  
Ақын боп керегі не,  
Ағымнан жарылмасам, -

деп толғанады. Шынында да Тәуелсіздік теңізі тербеткен тұста, ағынан жарылып, осынау бір Тәңір сыйлаған бостандықты жырламаса, шынында да ақын болып керегі не?!

Жанарбек Әшімжан, Әмірхан Балқыбек, Маржан Ершутегі тағы басқа ақындар, Тәуелсіздік хақында қалам тартып жүр.

Солай десек те Тәуелсіздікті жырлау дәрежесін ұлтты сүю, ұлтжандылық деңгейінде асқақтатып, әсем де сазды лирикалық-философиялық ойға қалдырарлық, толғандырарлық биікте жырлау – бүгінгі ақындарымыздың парызы деп білемін.

«Тәуелсіздік» атты мақалалар жинағы жарық көрді. Соның алғы сөзінде: «Тәуелсіздік... мына дүниеде 2500-ден астам халық бар екен. Соның екі жүзге жуығы ғана өзінің мемлекеттілігіне ие екен» – деп жазды жазушы Сауытбек Әбдірахманов. Сол Тәуелсіздік алған елдің ортасында Қазағымыз бар. Бұл дегенің ұлы қуаныш емес пе? Қуанышымызды жырлау – ұлтжанды ақындарымыздың парызы!

Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Менің сенетінім – жақсылық, менің сенетінім – болашақ» – деп жазды. Біз, ақын-жазушылар, болашағымызға сене отырып, қаншама ғасырлар бойы көкसेген ұлы арман-мақсатымыз Тәуелсіздігімізді көк байрақ туымыздай биік етіп, ұлттық намыспен жырлау – ақындық парасатымыз, азаматтық парызымыз!

Қазақстанның халық жазушысы Шерхан Мұртаза: «Шөп екеш шөп те еркіндікті аңсайды. Қалың қара асфальттің өзін тесіп шыққан қияқ шөпті көріп жүрміз ғой. Сол аңсау. Күннің көзін аңсау.

Ал, сонда қандай халық тәуелсіз болуды аңсамайды? Кім өз еркімен құлдықта, езгіде жүргісі келеді? Әлдебір мәңгүрттер болмаса, ондай халық та, ондай адам да жоқ.

Тәуелді деген ұғымды тудырған күштілер мен озбырлар. Империя атаулының бәрі сондай. Империя өзінің әлсіздерді бағындырып, басып алып, билеп-төстеуге дағдыланған. Ескендір Зұлқарнайынның, Шыңғыс ханның, Наполеонның империялары сондай. Рим, Византия империялары сондай. Бірақ бәрінің ақыры біреу: күндердің күнінде империя құлайды...», – деп жазған «Тәуелсіздік толғағы» мақаласында.

Жер жаһанға жырымен жар салған ақын Қуанған Жұмаханұлы: «Әлем жалғыз – әлемде Арал жалғыз» деп түйеді. Сол жалғыздарымыздан айрылмау – Адамзат алдындағы, тарих алдындағы, тәңірдей – табиғат алдындағы парызымыз.

Ақын Қуанған Жұмаханұлы өмірдің келеңсіз жайттарынан қашанда жақсылық іздейді, тіршілікке мейірбан ақындық көзбен қарайды. «Құрып қалды Мамыркөл...» деген өлеңінде.

Көз алдымда-ақ сартаң қақ, құла құм,

Көкірегімде - өксiк әуен, бала мұң.

Көрдiм көлдiң қотарылған құр месiн,

Аңыз деме, ақиқат бұл шырағым.

Айрылғандай қимасынан айнам көз,

Аңырадым, ағыл-тегіл жыладым, –

деп алып, «Құрып қапты... Қуаңшылық жалмады, Құйқылжытып құстар үнін салмады» дейді ақын күйзеліп. «Өкінішті, аң-

сап келіп қос аққу, өксік кетті, сартаң құмға қонбағанын айтып, «Сұлулығы бұлбұл ұшқан көзінен, Мамыркөл-ай... Мамыр-көл-ай сондағы!» – деп мұң қатады. Сонда да ақын түнілмейді. Үміт күтеді өмірден. Болашаққа сенім артады.

... Сары көң жұрт – қой қоздатқан кешеулеп,  
Күре жолмен керуен-керуен көш өрлеп,  
Шұбырғанда көк жайлауды бетке алып,  
Арпалысқан алаң ойға кетем көп.  
Сабасына түсіп қайран Мамыр көл,  
Толқын атып, толқып жатар ма, екен? –

деп толғайды ақын.

«Мұхиттар даусы» өлеңінде өмір мұхитына сүңгіп, ұлан-ғайыр ғаламға құлаш ұрып, құрлықтарды құшақтайды ақын құштарлықпен.

Мөлдірліктен түп-тұнық жаралғанмын,  
Ұлан-ғайыр ғаламға таралғанмын,  
Арудайын көркіммен көзайым ғып,  
Толқынымды – бұрымдай таранғанмын,  
Құрлықтарды құшақтап құштарлықпен,  
Ақ білектей мойнына оралғанмын, -

дейді ақын. Бұдан әрі адам қолымен жасалған қастандықтарды, мұхит ақтара айтып, жайып салады да:

Сұсты жаугер өң-түсін күн қақтаған,  
Қабағы қар жауып түн қаптаған,  
Бұқпантайлап кемелер бұлғақтаған,  
Үрейімді ұшырып уһілетпе,

Білсең адам, тыныштық қымбат маған, –

деп түйіндейді, Мұхит атынан бұдан соң «Жұлдыздар даусымен! тұжырымдай келіп:

Ауыздықта арымызды,

Тәубәне кел, адамзат, сол, –

деп сабырға шақырады. Бұл дауыстар, әрине, «Ақын дауысына» айналады.

Табиғатында лирик ақын қай өленін жазса да, тебіреніш жазады, толғанып жазады, шынайы жазады. Сонысымен жүрекке жетеді, есте қалады. Токетерін айтқанда, Қуанған ақын – тумы-

сынан тума талант, дарынды ақын. Оның жырларын зерттей түсіп, жан-жақты аша түссек, дүниеден жастай өткен ақынның мұраларын әлі де толықтай түссек, ақын әлемі ашыла түспек. Талантты тот баспайтын, қайта уақыт өткен сайын оның не бір қырлары ашылып, уақыт сарабынан өтіп, ақын еңсесі биіктей түсері анық. Моңғол жерінен шыққан ақын – қайтқан құстармен бірге, туған елінде үлкен із қалдырған ақын...

## ШӘМІС ҚҰМАРҰЛЫ

Шәміс Құмарұлы 1952 жылы Қытайдағы Санжы облысының Мори қазақ автономиялы ауданындағы Шоқпартас ауылында туған. 1974 жылы Шыңжаң университетін бітірген. ҚХР, ШҰАР Жазушылар одағы төрағасының орынбасары, 1978-82 жылдары Шыңжаң оқу-ағарту баспасында редактор әрі аудармашы. Қазір «Шұғыла» журналының бас редакторы. «Үміт ұшқыны» (1980), «Бір тамшы қан» (1984), «Ақ серке мен көк серке» (1984), «Қарамайлы аңыз» (1986), «Көз жасы сарқылмайды» (1989), «Жасанды дала» (Қытай тілінде жинақ, 1992) әңгіме, повесть жинақтарының, «Ертіс кілкіп ағады» (1989), «Бөке батыр» (1987), «Ер Жәнібек» 1989), т.б. романдарының авторы. Мемлекеттік әдеби сыйлығының иегері.

Құмырсқадай қаптаған, жеке өңірде ғана емес, жалпақ Азия өлкесінде құжынаған қытай ішінде жұтылып кетпей, өзін қазақ ретінде сақтаудың өзі – бір адамдық болса, сөзін сақтап, жұтындырып-жарқыратып жалпы жұрт – халық оқып-елейтін дәрежеге жеткізу – екінші бір белес, ұлттық-рухани жетістік, жоғары азаматтық белгісі екендігі дәлел тілемесе керек. Мен бұл жерде сөзін сақтап, жұтындырып, жарқыратып дегенде Қытайдағы 1,5 миллиондық қалың қазақ қадірлеп, оқитын сондай бір сөздің иесі – қандас қаламгер Шәміс Құмарұлы шығармашылығы туралы айтып отырмын. Әдетте сөзді түсініп, жүйесін тауып жұтындыру да екінің бірінің қолынан келмейтіндігі мәлім. Ал оны шырақтай жағып жарқырату, жарқырата алу – тек қабілетті: жаны бай, жүрегі қуатты, отты адамның ғана еншісінде екендігі басы ашық. Өйткені бұл жарқырау – күннің шуағы түсіп, соны қармап, шағылыстырып жарық тарату емес; бойында төл сәулесі мол, қозы, өшпес жалыны бар сөздің жанып жарқырауы болса, онда әңгіме сөз арқылы әдебиетте жанды өз әлемін түзген, басқаға ұқсамайтын кейіпкерлерін – аналары мен даналарын, батырлары мен билерін, кішкентай кісілері мен кемел көсемдерін мүсіндеп, туған жер мен уақыттың күнге мен көлеңкеге толы, пендешілік пен ұлылық шарпысып, махаббат пен зұлымдық айқасып-тартысқан, ыстық қан мен

тер төгілген, жақсылық пен жамандық себілген қазақ деген ұлт пен қырық ұрудың (тіліміздің төл заңдылығына сүйенсек, ру емес) тағдыры шешілген ұланасыр бір табиғи-тарихи мезетін қалпына келтіріп, келісті-көркем, тірі-жайнақы күйінде ұсына алған талант-авторға ұласары ақиқат.

Әріптесіміз Шәміс Құмарұлы, міне, сондай бір сөзі – қарымды да құдіретті қалам иесі. Менің осы айтқанымға жазушының «Ер Жәнібек» атты жаңа романы да анық айғақ бола алады.

Туған тарихымызда Жәнібектер баршылық. Ханы да, қарасы да. Бұл жерде автордың тілге тиек етіп отырғаны – керей Ер Жәнібек. Роман 1714 жылы мына жарық әлем есігін ашып, 1792 жылы өмірден өткен Ер Жәнібек Бердәулетұлы туралы.

Дау жоқ, араға екі ғасырдай уақыт түскендіктен және кезінде бәрі жазбаша қатталып отырмағандықтан, осы өткен уақыт – өмірді қаз-қалпында көзге елестетіп, басты тұлға келбетін тарихи шындыққа мейлінше сәйкес, шынайы, типтік күйінде көркем, келісті бейнелеу тіпті де оңай емес. Әрине, бұл орайда тасқа түскен деректер де жоқ емес. Айталық, орыс елінде. Сол кездегі парсы мемлекетінде. Әсіресе, 5 мың жыл бойы жүрген-тұрғанын, көршілермен керісіп-келіскеніне қоса патшалары мен жаушы-елшілерінің де ұйықтап-оянғанын да хатқа түсіріп отырған қытай жерінде мағлұмат-мысалдар көп кездеседі. Дегенмен, бұлар – там-тұм және сол елдердің көзқарасымен, мүддесіне орайлас жазылған. Ендеше ең сенімді қазына – халқымыздың жады – ауызша шежіресі. Демек, бұл тұрғыда алуан ақиқаттарға қоса асыл аңыздар да қатты жәрдемге келеді. Бәрібір басты, шешуші фактор – жазушының дарын деңгейі, ақыл-санасының қадым тарихты көктей өтіп, көңілге айқын елестетер қуат-күші.

Міне, осы жарқын мақсат, ұлық міндетті жазушы Шәміс Құмарұлы қалай орындап шықты? Бұл айтқанымызға «Ер Жәнібек» романының тұтас болмыс-бітімі дәлел десек қателеспейміз. Әрине, әуелі бала Жәнібекпен жүздесеміз. Батырлық белгілі адамның өспірім шағында-ақ бой көрсетеді, бедер байқатады. Бұл да – өмір заңдылығы, табиғаттың нышан-сыйы болса керек.



Туған нағашы атасы Досымбек «Бүгінде жастық дәурені өткен алаптың ардақты таулары мен тұнық аспанына мейірі қанғанша көріп ұзақ отырғысы келді. Көннен тігілген қайың шегелі саптама етігімен жон таудың ержігіттің шашы тәрізді қайратты қызыл сірігін сыртылдата басып текшеге шықты, шықты да тоқтай қалды. Текшенің ар жақ шетіндегі қыратша таста көкжал бөрі тура өзіне қарап итше шоңқиып отыр еді. «Апырай, қозыны Жәнібек осы жаққа әкетіп еді, қырып кетті-ау» деп ойлады. Сөйтті де қайың таяғын таянып, бөріге қарай жүрді. Бөрі де Досымбек қарияны тосып отырғандай; қария бар қайратын бойына жиып, жүре басып қыратқа шықты. Міне, қызық! Қыраттың астында бөріні қойып көлеңкесі де жоқ, көсіліп жатқан жазық беткейде ауылдың қозысы қайқая беттеп жайылып келеді. Қария байқамаған екен, әлгі қыратша тастың ар жақ түбінде арқасын шым төмпешікке сүйеп Жәнібек ұйықтап жатыр...» (87-бет).

Ол қаннен-қаперсіз қатты ұйықтап жатыр. Көк бөрінің қалай жоқ болғанын байқамай қалғаны өз алдына, қозылардың үріккені де білінбейді. Қария мынау сұмдықтың байыбына бара алмай қайран қалды.

Досымбек қария мұның сырын сәл кейінірек сезді. Сұңғылалығы ғой. Жиенінің киесі – Көк бөрісі көрінген шағы екен бұл. Он бес жасында-ақ топ аттылыны киіп-жарып барып атпал, жігіттерден көкпарды бір-ақ тартып жұлып алған Жәнібек өзінің ересен күш иесі екенін көрсетті. Морт болғанмен, ақылды, есті. Мұның үстіне жылқы да таниды екен ол. Жаугершілік заманда, қазақ «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламаға» ұшыраған ауыр шақта бес бірдей ұлынан айырылып, сексенге таянған шағында жесір келін, жетім немерелерге қарап қалған нағашысына анасы Хадишаның ертіп жіберуімен төрт жылдай қолқанат-демеу болған Жәнібек еліне қайтарда көзге түсіп жүрген жарау жүйрік, жұлқынған жорғалардың біріне де қарамай, бүкіш қаракөк дөненді таңдады. Нағашы ағасы Ешеннің пайымдауынша, ол «сыншылар айта беретін құдіретті жүйрік аты», «ең бір киелі сетерін» танып, ноқталапты.

«Су алғалы жөнелген Ешеннің әйелі бастауға таман барып, бір нәрсені көріп, жығылып-сүріне қашып дөңде отырған Досымбек қарияның қасына жүгіріп жетті.

– Үлкен ата, – деді ерні дірілдеп, аузы сөзге келмей, – анау бастаудың ар жағындағы дөңде әлгі Жәнібек деген баланы екі бөрі жеп жатыр.

Әйелінің соңынан жүгіре жеткен Ешен:

– Не дейді! – деп тұра ұмтылмақ болып еді:

– Тоқта, Ешен! – деп Досымбек қария тоқтатып алды. – Осыны сенің көргенің жақсы. Оны жеп жатқан бөрі емес. Жұр, сонымнан ер!

Досымбек қария асықпай орнынан тұрып, Ешенді ертіп бастауға қарай жүрді. Ешен мұның еш байыбына бармады. «Баласын қасқыр жеп жатса, неге асықпайды?» деп ойлады ішінен. Жақын келгенде Ешен анық көрді. Анадайын жаттық төрде шалқасынан жатқан Жәнібектің үстінен екі көкжал бөрі айналасына тілін салақтатып қарап қойып, кезек-кезек қарғып тұрғаны анық көрінді.

– Ана екі бөріні көрдің бе? – деді Досымбек қария Ешенге бұрылып.

– Ей, Алла, мынадай сұмдықты өмірімде көрмеген екенмін, – деді Ешен таңғалып.

– Бұл екі бөріні ренжітпегендерің жақсы. Әйтпесе түптеріңе осы жетеді, – деді Досымбек қария (98-бет).

Аңыз ба? Жоқ, ақиқат. Адам ағзасының әлі ғылым білмейтін құпиясы көп. Оның күш-қайраты тән шарқына сай бола бермейді. Бұл күш-қайраттың қайтуы немесе тасып-төгілуі дір етпес немесе дір етер жүректе, асқақ, майрылмас рухта жатса керек. Ендеше Жәнібектің иесі, батырлық киесі – қос Көк бөрі болуында таң қалатын түк те жоқ-ау.

Аулына аттанып бара жатқан Жәнібекке нағашы атасы ақ батасын берді.

– Бірінші – олжаға қызықпа, батырдың өлімі олжадан болады. Екінші – адам пендесінің айыбын бетіне басып ұялтпа, ішінде зілі қалады. Үшінші – нәпсіге қызықпа, ер жігіттің абыройы жуылып, қайеті қайтады. Осы сөзімді құлағыңда сақтасаң, балам, кем-қор болмайсың...

Жасыңда толарсың,  
Әруақты батыр боларсың.  
Тойлап ұран саларсың,  
Алысқан жауды аларсың.  
Еліңді ел етерсің,  
Ежелгі жерге жетерсің.  
Егіз бөрің тұрғанда,  
Екіленбей нетерсің.  
Досың қайтпас ер болсын!  
Дұшпаның сынып жер болсын!  
Абырой берсін бір Алла,  
Орның мәңгі төр болсын!  
Аллаһу акбар!

Бата ғана емес, болжам да жатыр бұл сөзде. Жігіт Жәнібектің орда бұзар отыздағы, ел бастаған, қол қостаған Жәнібектің ұстанымы, қырық-елудегі ұлағаты, ұлылығы да осы айтқанға саяды. Ол ақ жолдан, ата салт-дәстүрінен кейін де тайқып, тайған жоқ. Ер Жәнібектің келешегі де нақ осы айтқандай қалыптасты.

...Жалпы, Жәнібек – туғаннан айрықша жаратылған бала. Нысаналы нәресте. Оны көтерген соң, анасы Хадиша қасқырдың етіне жерік болды. Күйеуі Бердәулетке амалсыздан, шыдамы біткендіктен соң ғана білдірді. Өзі әйгілі батыр атанбаса да, Бердәулет ересен арлан бөріні соқты. Ақылдылық, кәнігі аңшылық танытып қана қалмай, қайраттылық та аңғартты. Бұл – халқымыздың батырлар жырында ғана айтылатын жайт па?! Жоқ, біздіңше, өмірде де бағзыдан ұшырасқан, әлі де ұшырасатын ақиқат. Басқа нәрсенің бөріне жерік болғанда, ананың – эпосымызда баяндалатындай – жолбарыстың жүрегіне, қыранның қияғына аңсары аумайтындай несі бар?!

Асылы, Жәнібек – туғаннан Алланың оң көзі түскен ұл. Құдай керей Жәнтекей ішіндегі онша өспеген ата Сүйіндіктің тағдырдан олқысын толтырып, атажаудан есесін қайтару үшін бергендей. Бердәулеттің ұлы әкесі Алты елін жоңғарға қапыда қалғанша алдырмаған атақты батыр, белгілі бай болып, бәйбішесінен туған жеті ұлы жеті отау тігіп, толықсып отырса

да адуын Өлаят анасының әруаққа шеттеу сөзінен аса алмауы қырсық болып жабысты ма, Сүйінбай, Сүйіншәлі ауылдарына ілесіп кетпеген, бір-ақ күн еру болған бұлардың ауылын қаптаған жау сол түнде басып, Алтының өзінен бастап бәйбішесін, тоқалын, жеті баласын жаппай қырып салды. Алтының інісі Қалекенің Құлманбет деген баласы ғана жалғыз қашып құтылып, Алтының тоқалынан туған сегіз жасар Есназарын жау олжалап әкетеді. Тек оның Сары деген әлі бір жасқа да толмаған інісін Өлаят әже жерошаққа жасырып аман алып қалады. Сөйтіп, Алтыдан бес әйел: бір ене мен төрт келін, жалғыз бала ғана тірі қалыпты. Ол жоңғардың жаңадан асып-таса бастаған кезі, бірлігі жоқ берекесіз қазақты басынып, он жастан төменгісін олжа қылып, одан жоғарысын түгел қырып тастаған заманы екен. Жаудан босып безген Керей елі Сарысу өзені жағасына жетіп, одан Сыр дариясының бойына өтіп паналаған-тын.

Бүгінгі шақ – сол жолғы қырғыншылық қатты ойсыратқан Сүйіндік әулеті қалмақтан қашып келген Есназар, Сары арқылы жалғасып, ес жиған уақыты еді. Есназардан Жайлаулар өсіп-өнсе, Сарыдан ағайынды Бердәулет, Кірдеулет өрбіпті. Жәнібек, міне, осы Бердәулеттің отыздан асқан соң барып зарығып көрген баласы еді.

Ер мүсінді, ірі денелі анасынан нысаналы, алып болып туған сәбиге Жәнібек деген ат қойылуының өзі ерекше оқиға. Мұның бір себебі – қазақтың сәбиге жақсы ат қоюға ғана емес, кімнің ат қоятынына да қатты мән беретін ежелгі салтында жатыр еді. Қырқынан шыққанша да есім де иеленбеген сәбиге алыстан құдай айдап келген қадамы құтты, елбасы, аты шыққан қонақтардың бірі – арғын Шақшақ Жәнібекке ат қою бұйырыпты. Таңданырлығы – оның сәбиге көңілі толып, өз атын қойғаны:

Аты болсын Жәнібек,  
Ақ арманға қанып өт,  
Ақ жалындай жанып өт!  
Іңгәламай таңда тек  
Керей деген елің көп  
Ел айналар шешен бол,  
Жағаласар жауың көп

Найза ұрып тесер бол.  
Ел ішінде дауың көп,  
Жұрт алдында көсем бол  
Жайылған жауды жапырып,  
Шайқасқанда есен бол...  
Атын біреуге ататып,  
Аңдаусызда боқтатпа.  
Ат жалын тартып мінген соң,  
Алған беттен тоқтатпа!..

Бұл тілек – ақ бата да періштенің құлағына шалынып, қабыл болғанын білеміз. Өзі атын алған шақшақ Жәнібектен де асып қасақы жаудың мысын басып, дара батыр болды, мыңға татыр болды, дара би-шешен болды, дана елбасы – көсем болды.

Сонымен, ер Жәнібек он сегіз жасқа толды. Бала жасынан жаудан кек алсам деп армандап, есе қайтарсам деп шамырқанып өскен жігіт алғашқы жорыққа аттанды. Аттанарда анасынан бата алмай бола ма?!

Саған тілек тілесем,  
Әуелі жолың болса екен деймін  
Жебе алдыңнан тисе,  
Анаңның ақ сүтін ақтағаның.  
Жебе артыңнан тисе,  
Анаңның қарызын жүктегенің...  
Әуелі қосынды тап,  
Одан соң досынды тап.

Қарап тұрсаң, қатардағы қазақ әйелі, ауылдағы көп ананың бірі – Хадишаның осы батасында қандай даналық бар, қандай ұлы аманат жатыр. Бұл – қандай қалың жау, қас дұшпаның жолықса да, қорықпа-қашпа дегені. Әдетте қашқан адамның ғана артынан оқ қадалар, қалған жағдайдың бәрінде де атылған жебе, ұшқан оқ адамның алдынан тиер. Міне, батасында да осыны меңзеген ана тілегінен соң, қандай да бір ұл қалай қаһарман болмас...

Бозбала Жәнібек, жігіт Жәнібек бұдан кейін де талай шешуші сәтке тап келіп, түрлі бата алды. Батамен көгерді, ағайын алғысымен, ел тілегімен өсіп-өркендеді. Асылы, осы кітап –

халқымыздың асыл баталарының бір қоймасы, тіпті барлық құнды, ұлық әдет-ғұрыптарының да қазынасы десек те шындықтан шалғай қонбаспыз...

Айтпақшы, Жәнібек айрықша жаратылған жан, ер мінезді, мойымас төзімді, батыр екенін бала кезінде-ақ көрсете бастады. Табиғаттың да, тарихаттың (уақыттың) да кейде өгей бала екенін байқатып, жығылған үстіне жұдырық үстейтіні бар. Алдымен қазақ даласына ақсүйек жұт келді. «Батыр бір оқтық» болса, «мал бір жұттық». 1722 қоян жылы сондай нәубет алып келіп еді.

Ол кезде қазақты оқымаған жұрт, көшпенді ұлт десе де, тірлік құнын, табиғат сырын жетік білетін талантты, қиындықтан қиңбас озық ел болатын. Әттең сол батырлық-мықтылықтың батпан соры – бірлік, ынтымақ жетіспейтін. Әйтпесе қазақты жаужүрек жоңғарлар түгілі мылтығы от алған, оқты зеңбірегі жасанған қалың қытай да, ормандай орыс та жеңе алмасы анық-тын. Жоңғар да әуелі бас құрап, жүз жылдай күш жинап, мықты мемлекет құрып алды да, елі – шалқақ, жері – байтақ қазаққа 1723 жылы күтпеген жерден жойқын жорық жасады. Несін жасырамыз, мақсаты – қазақты түп-түгел жойып жіберіп, жерін иелену.

Бұдан бұрынғы алапат қырылып қалудан оңалып, бас көбейіп, мал біте бастаған Есназар, Сары әулеті әуелі жұт апатына тап болды. Қалың қамысы, құйқалы оты мол Сыр бойы Абақ Керей ауылдарына пана бола алмады. Қыс басы жақсы болғанмен, наурыз кіре ай бойы толассыз белуардан қар жауып, бүкіл Сыр мен Шу бойы, Қаратауды мекендеген халықтың уақ малы тілін тістеп, қорадан шыға алмай қалды. Ал көкек туа 10 күн үздіксіз жаңбыр сіркіреп, жер-дүниені тегіс жылтыр мұз басты. Мұндай ақсүйек жұртта мал басы жаппай қырылып, тігерге тұяқ қана қалары мәлім ғой. Осыны біле отырып әдейі пайдаланды ма, 1723 жылы жаз шыға қазақ даласына жоңғар қолы жан-жақтан лап қойды.

Ақсүйек жұт осылайша Ақтабан шұбырындыға ұласты.

Күні бұрын қамсыз қазақ ауылдарына жансыздар жіберіп, жағдайын жақсы біліп алған жоңғарлар қапыда басты. Дағдарған ел Сырдың суы көтерілмей тұрғанда Қызыл құмға сіңіп кетуге тырысқанмен жау мұны да ойластырып, алдарын кесіп үлгеріпті. Жау қолына ең әуелі Көнсадақ, Сүйіндік ауылдары

түсіні. Бала-шағасы, қатын-қалаштар жылыстан ұштарың деп жалғыз тосқауыл құрып, сапақ атып соғысқан Шәһабеттің әскер Бердеулет мерт болды. Шақабай батыр жау алдынағы ақалмақ шығып, жекпе-жекке шақырып, ес қозғал ұштарың біраз кейінгер бұған қосылып, дұшпанды біраз тоспақтасмақ, жасақаны қалың жау қайта қалтады. Сырдың төменгі сағасындағы, Шығу бойындағы қазақтардың тоз-тозы шығып, орта жүздің бір бөлігі солтүстікке, Улытау өңіріне қарай беттесе, көп бөлігі Сырдарияны өртелеп, Бұқара жаққа қарай бастап, Ботасынаны айырыпшып боздаған ілгендер, күйеуінен, бағасынан ажырап айрапаны аналар, бос қолырақ айдаған, бетпақ көшпені – ақтабай шұбырған көр-жис. Көңілге демеу – осындай аса ауыр, алмағайымы сөзге де өлдік жан сөзгеуы, тіршіліктен ұмыт үзбей, күресуші, Шығумен, үрей мен өлімді жасауы.

Ақтабай шұбырғанды – қарақұлақ қыстағышы Сөван Рабдан «сыйлаған» көсірет. Бұдан бұрын да жасақтарлар сап рет шабуылданғанмен, Төлеуөл нан, Төрке қандар тұрғышы алғашқы аса тір батыршап, ерденен өлтіре алмаған. Төрке жан өліп, қанақ мемлекетінің ерлерін өлтіруші ерді жасақтардың орысмен (солар әлі алыста) күллісіне қыстағыш күллісі, әкесумен де шығышының қамын, құрғын әскер құрып, шешті мекендерін басып қойып, жоқбірекеңей ер құрғын ме болуы – осындай бөрі 2 мекендердің қалың қазақпен қызыл судай ағылып, ұштық өкіліне ақша құрғырғын, ер жерін алып-тасуына асақал әскер.

Өлім мен өлім, Жер бетінде ер болып қалу, көлеміне қолына-тұқшынымен құрып кету. Қарақтың алыстағы өлді асындай қалдыр, осындай пендеу тұрған еді.

Шіне, осы алғашқы алып, қалың басына, "қосқан көрбешек" ордашы Жерей қалың қарышып қайтса да, көме құрғын азып көрсе де, қанық аты құрылмай, рухы ақтабай өліп, Жәдік, Жәңгілдер де Шығу басты көллісіне – қоныс жасап, ер бос жасақ Жәңгілге асақал басылмай, құрып қалырмай өліп.

Қос шеші қарай Абылай қалың бастына қарасып (Абылай, қазақпенде Бөкейбай, Бөкей бастылар (Бөкей) қалың) Шығу шығып қалыпты 20 мың қалың қалың (Бөкей Бөкей бастылардың) 40 мың қалың қалыпты ер жерінде қалыпты Шығу

Абылай қанды қырғынның қақ ортасында шайқасып жүрген жаужүрек қаһармандығы өз алдына, шебер тактик, мықты стратегтігі – кемеңгерлігімен оқшау көзге түседі. Жау қазақ қолының қанша екенін, қайдан қалай келе жатқанын білмейтінін әдемі пайдаланады. Қазаққа көмектескен жер ыңғайы тағы бар.

Міне, осы сұрапыл шайқасқа Көк дөненімен қойып кеткен Жәнібек алғашқы ұрыста-ақ қайтпас қайрат, арыстандай айбат көрсетеді. Өзін жекелеген жау қоршауын жарып шыға отырып, аға батырлар Базарқұл, Жобалай, Машандарға да жәрдем береді. Тәжірибесіздігіне қарамастан Көк дөнenniң жылдамдығы, өзінің әбжілдігі талай рет құтқарып, кілең сәттілік жолдас болып, әруақ қолдайды. Алты күн шайқаста жүздеген жау сарбазын жер жастандырады. Алпамсадай сары жоңғарды өгіздей өкіртіп түйреп құлатады, атақты Қабанбай батырдың өзенге ұшып түскен дулығасын тез іліп алып, басына қайта кигізіп үлгереді. Күллі қазақ сарбаздары түгел қайсарлық танытып қайтпай шайқасқанмен, қарсыластың екі есе көптігі бірнеше рет қысталаң, қиын жағдайға тап келтіреді. Сондай сәттерде ығысып, қаша соғысқан қазақ қолына ес жинатып, білек біріктіруге мәулет берер уақыттан ұту үшін Жәнібек үш рет жекпе-жекке шығады. Қалай десек те мойындауымыз керек, қапыда шабуылдап, бейбіт халықты қойдай қырғындаған жоңғарлар да – бетпе-бет ұрыста көзсіз батырлар. Соғыс заңын бұзбайды, мәрттік танытып, әділдікке тақ тұрады.

Соңғы жетінші күнгі ұрыс тіпті қиян-кескі, сұрапыл жан беріс, қан төгіске ұласып еді. Шешуші күн, ең қиын, аса ауыр ұрымтал сәт. «Жәнібек өзеннің шығыс жиегін жағалаған жау қолымен кежігулеп шегіне шайқасып жүр еді. Қарсы жағада жауды тоса сайысып жүрген Абылайды таныды. Абылайдың астындағы ақтангер арғымағы болдырып, барлығып, аяғы ауырлап қалған екен. Қуған жау да аңдағайлап Абылайға төніп келеді. Жаудың мақсатын жас Жәнібек біле қойды, қазақтың сұлтанын тірі қолға түсірмек...» (143-бет). Мұны көрген Жәнібек алдындағы жауды жолдастарына қалдырып, өзеншеден шауып өтіп, Абылайдың қасына бір бүйірден жетіп келеді. Абылайдың алдына атын тосып, ауысып мінуін, қашқан жасақтардың ал-



дын тосып, жағдайды оңалтуын өтінеді. Алайда намысқой сұлтанға бұлай ету оңай ма? «Менің атымнан өзің барып қайтар оларды», – дейді:

– Тақсыр-ай, – деді Жәнібек асыға сөйлеп. – Мен сіз бола алмаймын, ақыратын айбатым, көпті жүгіндіретін салауатым жоқ. Сізді қорғап, алдын бөгей айқасуға қайратым ғана бар.

Қолы қармаулы, сөзі жалынды, көзі отты, қыршын жігіттің ұтымды сөзіне жалт бұрылған Абылай:

– Жас екенсің, шырағым, жау басым, жазым боларсың, – дей бергенде қатты ашуланған Жәнібек:

– Сіз қолға түссеңіз, халқыңыз басшысыз қалар, мен қолға түссем, қазақтың бір әйелі ұл табар, – деп қылышына қол салып, Абылайға қадала қарады» (144-б.).

Абылай орынды сөзге тоқтап, жеке басы намысынан гөрі жеңіс мүддесін қамдауы жөн екенін мойындап, Көк дөненге ауысып мініп, қазақ жасағы соңынан жөнелді. Ал Жәнібек Абылай ұзағанша жаудың бетін өзіне бұрғысы келіп өзенге сұғынған аласа дөңге шықты. Анталай төніп келе жатқан жау тобына:

– Жекпе-жек! Жекпе-жек! – деп айқай салды. Бұған жауап, әрине, жау жағының да ұрысты тоқтатып, қарама-қарсы сап түзеп тұруы. «Жау жақтың мынау жекпе-жекке іркілуі» қаша ұрысып келе жатқан қазақ жасақтарына үлкен тыныс болды.

Жау жақтан жүректі бір батыр табылды.

– Бірінші кезек менікі! – дейді ол айқайлап шауып келе жатып.

– Тұрыстық бердім! Кезек сенікі! – деді Жәнібек...

Құдай қолдап, айбаты да асып, әруағы да басып, Жәнібек қос жоңғар батырларының бірінен кейін бірінің жанын жаһаннамға жіберді. Жекпе-жекке шығуға үшінші батыры табылмай, рухы түскен жау қолы еріксіз шегінді. Жаудың екі батырының басын кесіп алып, айдарынан қосарлап қанжығасына байлаған Жәнібек ақтанкерді иесінің қосына апарып тастап демалған.

Абылай таңертең тұрса, аты байлаулы, қанжығасында – қазандай қос жау батырының басы. Таңданарлық та, тәнті боларлық жағдай ғой. Дәл кешегі күнгі ұрыстағы Жәнібек ерлігі таң ата-ақ аңыз боп тарай бастаған. Сұлтан енді:

– Ана мен мінген Көк дөненді жетектеп жүріп көрсетіп, иесін тауып әкеліңдер! – деп бұйырды (148-бет).

Жәнібек батыр, әрине, керей-уақ батыр-сарбаздарының ақыл қосуымен қолбасы сұлтанға үш тілек айтты. Біріншісі – «...сіздің заманыңызда ел қатарында еңсе көтеріп, оң тізеңізден орын алсақ дейміз». Әрине, ежелгі қонысынан ауып, тозып кеткен елдің бұл талап-тілегі өте орынды-тын. Абылай құп алды. Екіншісі – «Керей деген елім деп оң тізеңізден орын бергеніңіз рас болса, жасағымды жиып, сарбаздарым мен сардарларымды сайласам деймін, қылышымды өткір қайрап, найзамды ұстап, жау алдында ат ойнатсам деймін». Дау жоқ, бұл да – құптарлық тілек. Үшіншісі, «Ата-бабамыз Марғұз хан да, Тұғырыл да желкілдеген ту көтеріп, елдік құрған еді. Сардар сайлап, жасақ құрғанда түскен төбеде, шыққан тауыма тігетін туымды белгілеп беріңіз» (151-бет). Абылай «іздегенге сұраған» мұндай үш тілекті қалай қабыл алмайды?!

Түс ауған мезгілде Абылай бұйрығымен қайта қатар түзеп, жиналған салтанатты сап алдында Абылай екі есе көп жаудың бетін қайтару батырлықтан бұрын бірлік, берекенің арқасы екенін айтып, жас батыр Жәнібекке оң тізесінен орын бергенін мәлім етіп, оны Керей қолының қолбасысы етіп тағайындады, желбіретер туын белгілеп, «Үш құлаш қаратанақ найзаға сапталған, ені түс жара қытайдың ақ торғынынан жасалып, қызыл сары шашақ төгілген туды Абылай өз қолымен Жәнібекке ұсынды.

Керей елінің батырлары Абылай алдында «Тар жол тайғақ кешуде жанымызды құрбандыққа берсек те, Жәнібектің алдынан кесе өтпейміз!» десіп ант берді. Бұл – 1731 жылдың күзі болатын.

Осы жерде сынап отырған менің көкейім мен оқырман көкейіне бір сауал оралуы бек мүмкін. «Бұл өзі – қандай роман?» Бұған жауап былай: «Шәміс Құмарұлының «Ер Жәнібегі» тарихи-ғұмырбаяндық роман» десек орынды. Өйткені таза көркем роман мен тарихи романның, сондай-ақ өмірбаяндық роман мен тарихи-ғұмырбаяндық романның төл талаптары мен өз ерекшеліктері бар екенірас. Осыған орай, автор Шәміс Құмарұлы 18 ғасырда дүниеге келіп, аласапыран заманы мен ардақты халқының басындағы трагедиялық, «тар жол-тайғақ кешулі»

ахуалға қатысты қиын күн кешіп, тыныс алған, ерен еңбек етіп, ерекше ерлік жасаған, билік айтып, жалынды сәттер кешкен Ер Жәнібектің асулы өмір белестерін түгелдей қамтып, жылнамалық-шежірелік негізде әдеби әсерлі және келісті көркем өрбітіп, оның толағай Тұлғасын тартымды да нанымды бедерлеп, адамдық та азаматтық бейнесін қисынды да қияпат бейнелей алған. Батырдың отбасы, ағайын-айналасы, жетіліп-жарқылдауы, майдандас батырлар мен билер, Абылай хан мен Хадиша ана, Керей елі мен Орта жүз ортасы, қазақтың кеңбайтақ жері мен ерке Ертіс бітімі, қысқасы, 18 ғасырдағы алаш жұртының тарихы мен Ер Жәнібектің тағдыры жан-жақты да жарасымды көрініс тапқан. Өшпес өң мен өзгеше түс, айшықты аңыздар мен ажарлы ақиқаттар, табиғат пен тарихат, халықтық діл мен шешен тіл «Ер Жәнібек» атты әдебиетімізде ойып алар өз орны бар, әлеуметімізді әрқашан өрге-төрге сүйрей берер шоң да шырайлы роман етіп тудырып, халқымызды әрлі де әдемі рухани әлем – маздақ та маржан қазынамен табыстырған.

Мұның мысалы – мың-сан. Бердәулеттің арлан бөріні соғуы, Хадишаның қасқыр етіне жерік болуы, Шақшақ Жәнібектің балаға ат қоюы, Кәлпе анасының көріпкелдігі, тоғыз жасар Жәнібектің тоғыз күн шұбырындыда тозып үсіп-күп болып ісіп, шарығына жабысып қалған аяғын тобанаяқ етіп алмай, семіздеу қойдың ыстық жынына екі күн бойына тығып жазып алу, неше түрлі жекпе-жек, Абылай мәрттігі, қалыңдыққа ұрын бару, жер дауы мен жесір дауларын шешу, тағысын-тағылар...

Бір ғана құн дауының романдағы қыртыс-қатпарына үңіліп көрелікші... «Осыдан бір күн бұрын арғындағы Ақан деген атақты бай кіші ұлына келін түсіріп, той жасайды. Қаратау, Сыр бойындағы арғын, найман, керей, уақ болып, шығыстағы қоңыраттарға дейін... Ақан байдың тойына байы да, кедей де келіп, үміт күткен сәйгүлігін түгел жаратады. Кесел дәл осы бәйгеден туылады. Ақан байдың жүйрік аты мен керейдегі Құнан деген байдың ақжал аты таласып келіп, көмбеге жеткенде ақжал аттың сәл мойны озады. Бірақ даяшы ақжал атты ұстамай, күрең атты ұстайды. Осы арада керей жақ «Біздің озып келген атымызды ұстамады» деп дау тудырады» (179-бет).

Әділетсіздік орын алған жерде дау тууы заңды. Дереву дұрыс шешілмесе, ұлғаюы, ұрыс-таласқа ұласып кетуі әбден мүмкін. Осылайша салғыласу үлкен жанжалға соғып, арғыннан жеті адам, керейден бес адам сойылға жығылады. Той иесі Ақан байдың өзі де сойылға жығылып өледі. Найман елінің билері араға түсіп әрең тоқтатады.

Үлкен жанжал, үлкен дау ма? Иә. Ақыры найманнан Төбет би, уақтан Өтеген батыр бас болып, арғын мен керейдің тізгін ұстаған билерін бас қостырып, керей жақты құныкерлікке жығып, екі жүз жылқы төлеуге келістіреді. Осы зорға келісуде үлкен кілтипан жатыр. Осы түйін-түйткіл тарқатылмаса, ел бірлігіне сызат түсіп, екі рулы елдің іргесі сөгілуі ғажап емес.

Дауға кеш араласқан Жәнібек алғаш жанжал өртке ұласпас деп ойлаған. Қалыс ағайын қаншалықты әділдік танытты, бұған күмән бар. Әділетсіздігімен дауға себепкер жуан тайпаға қапыда кінәлі болған жіңішке елді жығып бергендей. Бәрібір кесім шықты, соны орындау керек. Ал ол тіпті де оңай-оспақ шаруа емес. «Арғыннан кісі өлтіріп құныкер болғандығы үшін екі жүз жылқы құн беруге жығылған керей елі арғынның үш жүз адамын үй тігіп күтіп, алдарына сол екі жүз жылқыны салып қайтармақ. Соған иесі керейдің сорпа бетіне шығар игі-жақсылары бас қосып отыр» (183-бет). Жасы да, жолы да үлкен Жабай қария мәселені бірден шешіп берді: – Е, байқасам, көбінің-ақ қабағың қарс салбырап, ұнжырғаларың түсіп кеткен, еңселеріңді көтеріп, кеуделеріңді керіп отырыңдар. – Жабайдың даусы қатқыл шықты. – Сан рет жоңғар шауып, мал емес, адамымызды да ештеңе қалдырмай отап кете жаздаған, сонда да тірлік құрған елміз ғой. Тәйірі, екі жүз жылқы деген не, түскен салмақ он бөлікке бөлінсін. Осы жанжалдың керей жағындағы тиегі – Жәдік, саған үш бөлік; түтінің көп, малың көп. Ел сағасына екі бөлік: Шұбарайғыр – саған бір бөлік, Ителі – саған бір бөлік, Сарбас – саған да бір бөлік, Жастабан – саған да бір бөлік, Шеруші – саған да бір бөлік. Ал, отағасы Қарақас, Молқы, Көнсадақ – үшеуің отыз үй тігіп, үш жүз адамды күтіп аласың» (184-бет).

Күллі керей осы бекімге тақ тұрды. Алайда арғын, анығырақ айтқанда, үш жүз құн өтеуші қисая тартты. Өздерінің ақылы

ма, жоқ ар жағындағы айтақтаушылары тапсырмасы солай ма немесе көптігіне сеніп, кесірлік көрсеткені ме?! Іштерінде ел ағасы дерлік ешкімі жоқ. Қымыз апарған сабаларды жарып, керегелердің сағанақтарын сөгіп, сырмақтарды кескілеуі – бітім емес, анық бәле іздегендіктері. Апта бойы жатып астамдық танытты. Ара ағайын болса келмеді. Содан соң керейдің үш батыры арғынға екі жүз жылқыны өткізіп, қайқайындар деді. Олар болса алып батыр Жантайдан аяқ тартқанмен, өздері тұрған отыз үйдің шаңырағын ортасына түсіріп, туырлығын кескілеп, жау шапқаннан бетер ойрандап кетті.

Бұл – ненің белгісі? Бітімге көнбегеннің, кешірім бермегеннің, қорлап, жуандық танытып, төске өрлегеннің белгісі.

Сонда Керейге енді не істеу керек?!

Батыр Шақабайдың, баба Барақтың сөздері – сөз, бекім: «Бізді арғын да, найман да санатқа қоспай отыр екен. Анау 23 жылы Орға ауып кеткен ашамайлының да, аз ауыл жәдіктің де күні жаман емес көрінеді. Басқа басты, етекке жеңді қосып, ел болғанымыз оң...»; «Құдайға шүкіршілік, жер таныған қарттарымыз, ел таныған батырларымыз бар. Сырды құлдап, Егізқарадан өтіп, Қарақұмның солтүстігінен Бұланты, Шұбар теңіздің оңтүстігіне дейінгі өңірді бытырай қыстасақ, Текелі өзенінен бергі ойды көктетіп, шілдеге дейін Мұқалжар тауының бергі етегіне ілініп кетерміз... Алла тағаланың адам баласы үшін жаратқан осы кең дүниесінен аз ғана елге ірге жаярлық бір шолақ сай табылар» (190-бет).

Сонымен, керей елі Сырдың терістік бетін сағалап, Арал теңізінің солтүстігін бетке алып көшті. Алда – құмды ойпаң-белдер. «...Бұйраланған сарғыш құм даладан әредік шаң бұрқ ете қалады да, топ-топ құлан Бетпақты бетке алып шығысқа қарай арт-артынан шаң беріп жоса жөнелді.

– Құлан! Құлан! – деп айғайлады кебежеден басы қылтиған ауыл балалары.

– Көрдік. Құланды көрдік! – деді енді бір тобы. Жалы екі тізесін соққан арыстан жал көк атқа мінген Барақ қария мынау жалпақ құмды үлкен кемеше қақ тіліп келе жатқан көштің ең алдында келеді...» (195-бет).

18 ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ даласы. Бұтасы белден, құланы өрген құмды пұшпақ.

Орта жүз бұлай бір шетінен сөгілсе, тізе батырған Арғынға да, араша түсе алмаған Абылайға да оңай соқпас. Сондарынан алты күншілік жерді басып Абылай сұлтан сәлемін алып қуғыншы жетті. «Ең алдыңғы уақ Өтеген батыр екен де, қасындағы Бұқар жырау екен». Тарихтан мәлім, әдебиеттен әйгілі Бұқар жырау Қалқаманұлы. Оның мына келісі де – бізге бала кезімізден оқулықтан жақсы мәлім оқиға. Несін жасырамыз, жазылу бағдары солай шығар, бірлікті көздеп, керейге күштілік көрсеткен Бұқар жырауды құптайтын едік те, керейді бүлікші, шырық бұзушы көретін едік. Енді Шәміс Құмарұлының романын оқып отырып, мұның себеп-сыры аз керейдің асқын арғынның астамдығына көнбеуінде жатқанын байқаймыз.

Қуғыншыларды әуелі көштің соңын жиыстырып жүрген Шақабай, Қаптағай, Жәнібек батырлар қарсы алды. Көк дөненнің басын тіке Бұқардың астындағы сары бауырдың алдына қарай тартқан жас Жәнібек:

– Ассалаумағалейкум, Бұқар ата, қол беріп қоштасқалы келсеңіз, мына қонып жатқан қалың ел – түгел Барақтың ауылы, жауласқалы келсеңіз, іздеген Барағыңыз – мен, қане, жүріңіздер, – деді Барақтың ауылы жақты екі бүктеп ұстаған қамшысының ұшымен нұсқап» (197-бет).

Кешкі ас ішіп, түнде демалған қонақтар сөзді таңертең бастады. Өтеген батыр: «Қара басты адам беріп, адам алған сүйек тамырыңыз арғындар да араздыққа қиғанымен, айрылысуға қимайды екен. Ініңіз Бұқар келіп отыр. Сұлтан: «Ағамыз ашу-өкпесін маған берсін, ренжімесін, Ұлытауға барсын» деді», – деп тоқтады. «Е, Өтеген, – деді Барақ қария... – Арғынның тізесі батты деп көшкен керей емес, халықтың қорланғаны – қасиетінің кеткені, ердің қорланғаны – еңбегінің өшкені ғой. Үзілгенді жалғайтын, ақ-қараны айыратын араға түсер ағайынға өкпеліміз. Сұлтанымыз Абылайға айтыңыз, жоңғарлардың отынан Сырға келген керей енді орыстың отына кетті...».

Сөздері жерде қалған, сұлтан тапсырмасы орындалмағандықтан осы жолы Бұқар жыраудың бізге бала кезден таныс тарихи жыры төгіліп еді:

Керей, қайда барасың,  
Сырдың бойын көбелеп?  
Артыңнан қуып мен жеттім  
Тұлпарымды жебелеп.  
Енді алдыңнан шығайын  
Қар-жанбырдай себелеп.  
Ақ мырзамды өлтірдің,  
Ақ сойылмен төбелеп.  
Уа, сен, танымай кетіп барамысың?!  
Мен – арғын деген арыспын,  
Азуы кере қарыспын.  
Сен – бұзау терісі шөншіксің,  
Мен – өгіз терісі талыспын.  
Абылай алдында сен бітсең,  
Құдандалы таныспын.  
Абылай алдында бітпесең,  
Атасын білмес алыспын.  
Көшің кетер бір жаққа,  
Елің кетер бір жаққа,  
Көш соңына жете алмай,  
Есің шығар сол шақта.  
Бұл барғаннан барарсың,  
Жар басына қонарсың.  
Жарты лашық тігерсің.  
Ауызыңнан ас кетер,  
Қара көзден жас кетер,  
Бұл қылығың қоймасаң,  
Сонау кеудедегі бас кетер!..

Бала кезімізде осы тарихи жағдайды, нақ шындықты білмегендіктен Бұқарды қолдасақ та, бүгін жырауды қорғай алмаспыз. Арғын көп болса, күшті болса, онда ағайынға астамсығанша, артық сөз айтқанша, арыстығы рас болса, жау жоңғармен

жағаласпай ма, анау үш жүз есерсоғы дау өршітіп, киіз үйлерге күш көрсеткенше жау төбесінен жасын болып түспей ме?!

Барақ қария да айтарын айтты:

– Дулығалы бас, кіреукелі дене ежелден ақбараның жүзіне тігулі емес пе, жырау. Десе де Алла тағаланың әркімге берген бір-бір несібесі бар ғой, адамы жоқ бір сайдың жыланы елу жылда бірін-бірі жұтып, ең соңғы біреуі айдаһарға айналады деуші еді. Арғын айдаһарға айналғанда бір-ақ көреміз...

«Бұқар мен Өтеген... қайта аттана жөнелгенде сонау қамысты сары даладағы әлгінде ғана ел көшкен қарабарқын жұрттан өлусірей сыздықтап көтерілген түтіндер ғажайып сүркей көрінді. Ел көшкен жұрт емес, жау жапқан жұртқа ұқсайтын сияқты сезілді. Өтегенге шалғайдан елбеңдеген бір-екі нәрсенің бараны байқалып еді. Жақындай келгенде анық көрінді. Қозысымен қалып қойған ақсақ саулық екен. Жануар алдыңғы оң аяғын көтеріп алып, көш кеткен ақшаңдақ жолмен жылжып келеді...» (201-бет).

Бұл – енді айтары астарлы көркемдік тәсіл, ұтымды деталь, жазушы шеберлігінің көрінісі. Керей ағайыннан асқаннан ажырасып бара жатқан жоқ. Тоңып секірудің нәтижесі ғой.

Көшіп келген керей Ор өзенінің екі сағасын құлдап қоныстанды. Ашамайлыны аз ғана Жәдік, Жәнтекей ауылдары қарсы алып, елге ел қосылып, етекке жең жалғасты.

Керей Ор бойына ауып келгенмен, басқа мемлекеттің жеріне қоныстанған жоқ қой. Жоңғарлар тағы да жорыққа шығып, жиырма мың қолмен Сарыарқа өңіріне беттепті; ал батыста Еділ қалмақтары да жарақтанып жатыпты. Осыны айтқан Абылай сұлтан хабарынан соң, Керей қолы тағы да бас құрап, төрт күн жүріп, Ырғыз, Торғай өзендерінен өтіп, қазақ қолы топталатын Ұлытаудың шығысындағы келісілген мекенге жетті.

Қазақ қолы жау қолымен Шыңғыстың бөктерінде ұшырасты.

Әуелі «ұзыны есік пен төрдей, жолбарыс кеуделі қан жиренге мінген жау батыры екі қолдың арасындағы кең жазыққа шауып шығып:

– Жекпе-жекке! – деп айқай салды. Оның атқа отырысында да, қылыш үйіріп айбар көрсеткенінде де, күркіреген найзағай сияқты шарыл араласқан жуан даусында да ешкімді өзіне тең-



гермейтіндей, тіпті мынау жер бетіндегі адам пендесінің бірде-бірін қалдырмай, өзіне ғана басыбайлы құл етіп алуға жаралған ерекше мақұлық сияқты ғажайып өрлік бар...». Жәнібек көк дөненімен майданға шықты. Әлгі күрең атты жоңғар ханының Садырбайын деген батыры екен... Садыр да оңай жау емес екен, алғашқы найзаласқанда-ақ Жәнібекті лоқытып ерінің артына мінгізіп кетті...» (209-210-бб.). Алып батыр екен ол да. Екеуінің айқасы жарым күндей созылды. Шақабайдың «Жәнібек!» атын айқайлап салған ұраны тың рух қосып, Жәнібектің әруағы асып, күші тасып, Садырбайынды найзасымен аттан аударып, жерге құлатып, жылдам басын кесіп алды.

Жәнібек жоңғардың екінші батырының ә дегенде-ақ шаруасын шалқайтты. Осыдан кейін-ақ жоңғарлардан ес кетіп, қазақтарға дес бітіп, жеңіс тағдыры шешіліп сала берді. Үш күн бойы қаша соғысып, Аягөз өзені бойындағы тұрағына әрең жетіп, ол жерде де табан тіреп тұра алмай, тіпті өз басына қауіп төнген Қалдан Серен сонау Еділ бойындағы көне Ордасына бір-ақ тартты.

Арқадан Тарбағатайға дейінгі өңірге бытырай қоныстанған ойрат ауылдарын қазақ қолы шөп отағандай тап-тақыр қылып шауып алды.

Жәнібек қолы Аягөз өзенінің орта тұсына келіп еру жасады. Ол жекпе-жектен соң, Садырдың долан жиренін мініп, өз Көкдөненін қосарлаған. Өзеннің қалың қара тал бүркеген батыс жағасында ойраттардың жығып артуға үлгермеген аппақ алты қанат үш киіз үйі қалыпты. Осы жерге қонған Жәнібек ертесіне таң сәріде тұрды. Жеңілдеу киініп, аяндап өзен жағасына барды. Тұп-тұнық өзен суын жағалай жоғары өрледі. Өзен жағасының түйетайлылау жайпақ жерінен келіп тізесін бүгіп, бетін жуды. «Кенет астын тасқын ұрып, шыңырау етіп кеткен шұңғыманың кілкіп қарауытқан бетіне түскен теректің сәулесінен ғажайып нәрсе көргендей болды. Толқыған су ырғағы тоқтағанша үнсіз мелшиіп қарап отырды. Су бетінің дірілі басылып еді, теректің сәулесі... теректің бұтағында отырған ару тұлғасы да ап-анық көрінді. Жәнібек орнынан ақырын тұрып, өзінің арт жағындағы өзенге еміне қисая біткен бақал теректің ба-

сына таңғала қарады. Теректің дәл шұңғыманың үстіне көлбе-ген жүйрік басында жасыл реңді кестелі шапаны бар сұлу қыз отыр. Жәнібек аңырып тұрып қалды. Қыз да Жәнібектен көз айырған жоқ. Қыздың екі көзінен от шашқан ғажайып өткір кескіні Жәнібекті бұрынғыдан бетер таңғалдырды. «Қашқан жаудың бірі болса, мұның жүзіндегі үрей қайда?» деп ойлады. Неде болса бір-екі ауыз тіл қатып, жөнін ұққысы келді.

– Сен не қылған жансың? – деді Жәнібек.

Қыздан үн шыққан жоқ. Алғашқы беті бедірейген қалпы отыр. Жәнібек қайта тіл қатты:

– Ағаш басында неге отырсың? Түс, – деді. Мүмкін «түс» дегені ықпал етсе керек.

– Мен түспейтін адаммын, – деді қазақша жатық сөйлеп.

– Неге түспейсің?

– Мен өлуге тиіспін.

– Неге өлесің?

– Мен Садырбайын деген батырдың айттырып қойған қалыңдығы едім. Елім «Садыр қазақтың Жәнібек деген батырының қолынан жекпе-жекте өлді» деп қашып көшті. Менің көңілім Садыр өлгенге мүлдем сенбейді. Садыр қазір келетін сияқты болады да тұрады. Елімнен жасырынып осында тығылып қалдым. Садыр тірі болса көрмекпін. Садыр өлген болса, мына шұңғымаға құлап өлмекпін.

Жәнібек сөздің нарқын толық ұғынды. Жақындап келіп, басында қыз отырған терекке оң иығын сүйеп аз тұрды.

– Садырбайын өлді, – деді Жәнібек шорт қайрылып. – Сол Садырдың басын алған мына менмін.

Қыз ағаш діңіне сүйенген Жәнібекке қадала қарады. Бірақ жылаған жоқ. Мынау қыздың асқан ерлігі мен ғажайып сұлулығы Жәнібекке ой салды. «Садырды өлтірдім, қалыңдығын олжа етсем болар ма?» деп ойлады.

– Жерге түс, мен сені әйелдікке аламын, – деді Жәнібек.

– Сенің Жәнібек екеніңді кеше білгенмін, астыңдағы Садырдың жирен атын да танығанмын. Егер мені аламын десең шартым бар, соған уәде бересің, – деді қыз.

– Шартыңды айт! – деді Жәнібек.

– Шартым – бір, мені тек өз әміріңе ғана аласың. Басқа біреуге беріп қорласаң, қазір-ақ мына шұңғымаға өзімді тастаймын.

– Айтқаның болсын! – деді Жәнібек.

Қыз қалтасынан бір кесек тұзды алып жерге лақтырды:

– Уәде шын болса, ана тұзды жалайсың.

Жәнібек қойдың асығындай тұзды алып, жалады; қыз да сырғып жерге түсті...» (214-215-бб.).

Керемет оқиға. Өмірде кездесетін, онда да тек батыр жігіт пен сұлу қыздың басында ғана ұшырасар мәрттік әрі серттік сәт. Екеуін тәңірдің өзі қосқандай. Керей, уақтың ту көтерген жорық басы серке батырлары бұлардың байлауын құп алып, бақыт тіледі.

Алайда аңызға белгісіз ақиқат бақ, осындай айрықша жұптасу өте өкінішті аяқталды.

Қазақ қолы жоңғар шапқыншыларын Аягөзден өткізіп, Тарбағатайға қарай қуып салып, сан мыңдаған жылқы, қой, сиыр, түйе секілді олжа алып қайтты. «... Бақанас өзеніне жеткен керей, уақ қолы күн бесінге аунаған шақта Абылай қос тіккен Аққарынға таяу келіп түсті. Жол-жөнекей Жәнібектің жаңа қалыңдығының сұлулығы мен жосындылығы мынау керей, уақ қолының көбінің сілекейін шұбыртты» (216-бет). Ол ол ма, ай мен күндей арудың тек Абылай сұлтанға лайық екенін айтып, жарамсақтанғандар бар еді. Содан Абылай сұлтан Жәнібек қосына өзі келіп, белдеуіне жанына балаған Ақтангер арғымағын байлады. Қолқасы – олжа бойжеткен.

– Батырдан сауға! – деді Абылай күліп.

– Сауғаңызды атап алыңыз! – деді ештеңе аңғармаған Жәнібек.

– Сауғаға олжа бойжеткенді аламын, – деді Абылай Жәнібектің қиыс ар жағында тұрған қызға қадала қарап. Мына сөзді естіген қыздың екі көзі алақандай болды, айтарға болмаса Жәнібек те едәуір толқып тұрып қалды. Қыз алқына дем алып, Жәнібектің оң жақ білегінен келіп ұстап:

– Уәдең қайда, батыр, уәдең қайда? – деді жылап. Жәнібек үнсіз тағы біраз тұрды. Төңірегіндегілер де демі ішіне түсіп, қатты тарығып кетті. Мынау қыз осы қостың айналасындағыларға да қатты жаққан болатын.

– Тақсыр, сіз сөзіңізден таймаңыз, мен сертімнен таймаймын, – деп қасында тұрған қызға қарады. Мүмкін қыз «Абылайға беріп қоя беретін болды» деп ойласа керек, тізерлеп отыра кетіп:

– Батыр, сертіңнен тайма! – деп өз жағасын өзі жыртып, жасыл реңді кестелі шапанының көкірегінің дал-дұлын шығарды. Өзі мен жаңа қалыңдығына сұқтана қарап тұрған Абылайға бұрылған Жәнібек алдыңғы сөзін қайта қайталады:

– Тақсыр, сіз сөзіңізден тайсаңыз – кім боласыз, мен сөзімнен тайсам – кім боламын? – деп беліндегі қылышын суырып алып, егіліп тұрған қалыңдығының басын ерен шапшаңдықпен қағып түсірді. Басы бөлек ұшып кеткен қыз денесі бұлқинуға да дәрмені келмей, қостың іргесіне сылқ етіп құлап түсті.

– Әй, Жәнібек, қолың не деген тез еді, көп олжаның бірі ғой деп едім, саған қонған құт екен ғой, – деді Абылай даусы қоңырлап, өкінішті шықты. Сөйтті де аттана жөнелді» (217-бет).

Әй, Абылай, Абылай! Әззіл сөзге, сұлу әйел көрсе сұқтанбай тынбайтын ұстамсыз тілекке ермеуі керек еді. Не болды? Өзі де оңбай қалды, Жәнібекті тығырыққа тіреп, амалсыз адам өлтіруге мәжбүр етті. Әсіресе, жоңғар сұлуына обал болды. Мына өмірде батырлар қалай өмір сүруге тиіс болса, сұлулық та – сондай ырыс-құт, өмірдің көрік-келбеті еді ғой.

Арада екі ғасыр өтсе де өтпейтін өкініш бұл.

Керейлер Ор бойына келіп қоныстанғанмен, қазақтың жеріне енген орыстардың аузына келіп кіргені белгілі. Қару ұстайтын жігіттер жоңғармен шайқасқа кеткенде мұндағы орыстар осылар жүз атты ұрлады деп елде қалған қыршын жас бала-шағаға батырлық танытып, кемпір-шалмен соғысып, 60 қазақты атып өлтіріп еді. Міне, орыстың озбырлығы! Қазақтың жеріне кіріп алып, «қырғыз» деп қорлайды, көздері жетпесе де күдіктеніп, зорлайды. Қайтесің, жаужүрек батырлықты жасырынған оқ-мылтық жеңген заман. Адамдық намысты айуандық тақыстық аяққа басты.

Жеңісті жорықтан оралған керей батырлары осы қанды қырғынның үстінен түсіп еді. Бейбіт елді қырғандардан кек қайтару керек. Жан-жақты ойластырып, жан-жақтан жасалынған шабуылдан соң мұндағы мың қаралы орыс әскердің үш жүзге жуығы ғана жан сауғалап, Орал өзеніне түсіп, қайықпен қашып

құтылды. Ор бекінісі күйреп, отарлаушы орыстар еріксіз Орынборға шегінді. Дегенмен отты қаруы бар орыстардан, амал болса, аулақ кеткен жөн. 1740 жылы керейлер қайтадан Нұра, Есіл өзендерінің бойына ауды.

Уақыт дөңгелегі ілгері қарай айналып, Өмір жалғаса түсті. Жесір дауы. Жәдіктің қызы Ақшолпан қайтып келіпті. Ол жесір қалса да, жаманға тимепті, қазақ жолын бұзбапты. Сол үшін алшыннан қөрмеген қорлығы, зорлығы жоқ екен. Жәнібек қуа келген даушылардың өзіне әділ төрелік айтқызып, тамаша жол тапты.

«Бір данышпаннан біреу: «Қандай адам халыққа зиянды?» деп сұраған екен. Сонда данышпан: «Білгенін халыққа айтпаған пенденің, ұрыға жақсылық істеген әкімнің, бұзақы баласының маңдайынан сипаған ананың, опасызды біліп тұрып басқаларға адал деп сендірген кісінің, өз досын кемсітуге асыққан адамның, өмір бойы еңбекті сыйламайтын жанның халыққа зияны көп» деген екен. Сондайлардың зиянын бұрын да аз тартқан жоқ едік. Бұл жолы да естен қалғысыз зиян тарттық... Ақшолпанды адамдық сыйынан айырған алшынның айыбы үшін әйел құны жүз жылқы берсін, құшағында келген ұл керейде қалсын. Ұл үшін керей елу жылқы берсін», – деді Дәулет.

Бұл – арлы-білікті адамның, белгілі бидің кесімі.

Романда батыр да би, кемеңгер сұлтан, көсем хан Абылай тұлғасы бар. Осы эпитет-теңеулерге лайық мүсінделген тұлғасы. Атақты батырлар, үш жүздің дарабоздары Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, уақ батыры Баян, керей қаһармандары Жабай, Жобалай, Машан, Қожаберген, Шақабай, Бармақ, тағысын тағы әрқайсысы бір атаға, немесе рулы елге ұран болған нешетүрлі батырлармен жүздесеміз. Өзіндік ерекшеліктері де, дара мінез-құлықтары да жоқ емес олардың.

Жәнібектің нағашысы – батыр, дана Досымбек қария өз алдына, алашқа әйгілі қаз дауысты Қазыбек бимен де тілдесіп, бірнеше билігіне куә боламыз.

Соның бір ғана мысал-әңгімесін алға тартсақ, Қазыбек би Жәнібекті ауылында жеті күн жатқызып, ат мінгізіп, бата беріп қайтарған екен. Жәнібек аттанар шағында:

Нағашы ата,

Мынау керей, уақ деген ел едік,  
Ығысып-ығысып елдің шетіне келдік,  
Ат пен азаматы сыналар жаудың өтіне келдік.  
Басымыздың аздығы кемдік емес шығар,

Аз рудың сыймағаны теңдік емес шығар, – деген.

Сонда көпті көрген кемеңгер Жәнібектің кемелділігіне қатты разы болып, үйсін Төле бидің дулат Тұрсын батырға айтқан мына сөзін алға тартып еді:

Асып тусаң – керей бол,  
Үш қазаққа мерей бол.  
Уақ болсаң шоға бол,  
Даулы істе жорға бол.  
Арғын-қыпшақ болсаң – Алтай бол,  
Найман, қоңырат болсаң – Матай бол,  
Байұлы болсаң – адай бол,  
Үйсін болсаң – ботбай бол,  
Бұл алтауы болмасаң,  
Қалай болсаң, солай бол!.. –

депті қайран Төле би. Нақ осылайша ел сыйлаған, ер қадірлеген Қазыбек қашан жаңылып еді, керейдің кемдік көрмеуіне, Жәнібек теңдік алып, төрге өрлеуіне талай көмектеседі.

1745 жылдың тамыз айында Абылай тағы да қол жиып, жорыққа аттанады. Қалдан Сереннің тыныш жатпайтыны өз алдына, «Бұл жорықта Қалдан Сереннің көзін жойып, жоңғарды біржолата тұралатуымыз керек» дейді Абылай сұлтан. Жоңғар жойылмай, қазаққа бейбіт таң атпайды.

Романдағы ұрымтал көркемдік әдістің бірі – түс. Абылай да, әруақты батырлар да талай түс көреді. Жақсысы да бар, жаманы да жоқ емес. Соны оң жорып, алдын алудың өзі – қазақтың бір үлкен қасиеті десек те болғандай. Мынау ұлы жорық алдында да Жәнібек түс көреді. Жаман түс. Жорытуға келгенде Абылайдың даралығы ғана емес, даналығы да шығар: бас батырлардың бәрін шақыртып қойыпты. «Түс көргенінді білдім, айтпай қоя тұр» деп алдымен Жәнібекке қол жайдырып, өзі ақ тілек тілеп, айналасындағыларды аң-таң қалдырып, жанына балаған аяулысы – қызыл атын құрбандыққа шалдырып, етін

қостағыларға жеткенінше таратты. Аңтарылған батырларына: «Жорықты бір күн кешіктірдім. Сіздерді соның жөнін білсін деп, жорық жолына Алла атына айтып, азырақ тілек тілегелі отырмын. Содан дәм татсын деп шақырдым», – деді күлімсіреп. Содан соң: «Ал, Жәнібек, енді түсінді айт, – деді. «Түсімде, – деді Жәнібек Абылай ханға бұрылып, – Сіздің бұйрығыңызбен жау сардарына жекпе-жекке шыққан екем, алдыртпай көп тіресті. Оның тостағандай үлкен шаралы көзі өңмеңімнен өте қадалды. Оң бүйірінен найза сілтемек едім, ол мені қармануға келтірмей, мойнымнан ұстап, қылышыма қол салғанша оның жарқылдаған қылышы тамағыма келіп тірелді. Енді қайтсем де өлдім ғой деп ойлап, кеудеме қарасам, екі емшегімді екі айдаһар жылан еміп жатыр екен. Содан шошып ояндым...».

– Иә, Алла! – деді Абылай хан қостың шаңырағына шалқая қарап, – Бұл – менің аузым емес, Қызыр пайғамбардың аузы. Түсіңде ол сені шаншыса, өңінде сен оны шаншисың. Кеудендегі екі айдаһар кейінгі ұрпағың екен, екі айдаһар секілді екі тауда өседі.

Бұл Жәнібектің өз өмірінде тұңғыш рет ерек үрейлі түс көруі еді» (264-бет).

Жоңғар қолына қазақ қолы Аягөз өзенінің тау сағасынан шығар босағасында жолықты. Жәнібек Қалдан Сереннің өзін жекпе-жекке шақырды. Ол шықпай, Серен ноян шықты. Шұрқылтайдан найза ұрып, астамсыған Серенді бұйражал қоңыр аттың үстінен жерге серең еткізді. Көктоқал арғымағынан қарғып түсіп, қылышын қынабынан суырғанда «Тоқта!» – деді Серен ыңырсиде дауыстап. «Айт, айтарыңды!» «Кеше түнде мен де түс көріп ем, сен де түс көріп ең. Мен сені өлтіріп ем, – деді Серен ыңырана. – Сенің түсің жақсы жорылған екен. Менің түс жорышым жаман жорыпты. Өйтпегенде жеңіс менікі еді» (270-бет).

Жәнібек екінші жекпе-жекке шыққан жоңғар батырын лезде жамсатты. Арқаланған қазақ қолы селдей төңкеріліп, қаптады. Жер дүниені жиырма мыңдаған ат тұяғының дүбірі сілкіндіріп, жойқын өрттің түтіні тәріздес құп-құла шаң Аягөздің шығысындағы жатаған тауды лезде тұншықтырып тұмшалап алды.

Жоңғарлар ойсырай жеңіліп, қаша соғысты. Бұл жолғы жеңіліс жоңғарлар тарихындағы ең ауыр жеңіліс болды. Тоз-

тозы шығып Қалдан Сереннің қолбасы батырының тірі қалғандары бас сауғалап, Алакөлден ойысып, Алатау (қазіргі Жоңғар қақпасы шығар) аузынан өтіп, өздерінің Текес өзені бойындағы ордасына бір-ақ тартты. Дабашыға қарасты аз бөлігі Еміл өзенінің басына қашып өрлеп кетті.

Ер Жәнібек елбасы ақсақалдар, қолбасы батырлармен ақылдаса келіп, кейінгі кездері Арқалық, Едірей тауларынан шығысқа қарай созылып, Көксала, Бақанасқа дейін бытырап жатқан керей ұлысын бастап жаудан босаған Аягөздің арғы жағындағы Қалбаның кең қарабұйырлі, шұрайлы адырларына қарай аунауды жөн көрді.

Ер Жәнібектің ендігі арманы – Керейді ежелгі атақонысқа, яғни бір кезде, дәлірек айтқанда, 1652 жылы тұтқиылдан төрт ойрат шауып ойрандап, үштен екісін опат етіп, тек қазақ елінің өтіндегі керей ұлысын жеке-дара ақтабан шұбырындыға ұшыратып, тартып алған Ертіс бойындағы Жиделі байсын жеріне оралтып, қайта қоныстандыру еді. Туған жер емшегіне енген, төрт түлік малдың тісіне ерген көшпелі руға басқа ағайын таласпас, жас ұрпақ ата-баба бейітінен адаспас құтты қоныс, түпкілікті мекен керектігі дәлел тілемесе керек.

Осы арманының жақындығын сезген Жәнібек күн түс мезгіліне таяған шақта жиырма шақты серіктерімен Аягөз өзенінің басындағы биік белге шықты. Бес қаруын сайланған бұл топ Керей елінің шолғыншылары болатын. Бұлт сәгілген белден алтын Алтай аясындағы алып аймақ: Жайсаң көлі, Сауырдың Мұзтауы мұнартып, Сайқанның адырлары анық көрінген. Жәнібек жезбен саралаған тобылғы сапты екі бүктеп ұстаған қамшысын ілгері созып: – Барлығың да мына жердің суретін жақсы көріп алыңдар. Исі Жәнтекей баласы мына Ақсуаттан шығысқа қарай созылып қоныңдар. Ал Жәдік пен Шеруші Көкпектіден бері қарай қонсын. Көкпектіден Қалбаға дейін Шұбарайғыр, Қарақас, Молқы, Көнсадақ отырсын. Жастабан, Сарбас, Меркіт, Ителі рулары Көксала, Бақанастан Аягөз, Көкпектіге дейінгі қарабұйра өңірде отырсын.

Жәнібек әр рудың батырларына елін бастап келіп қонатын жерін көрсеткен соң, ауыл қайдасың деп Бақанасқа қарай тартты» (288-бет).



Осы мақсатын жүзеге асыруға бірден бел шешіп кірісіп кетуге арпалысқан заман жар, атажау жол бере ме?! Қалдан Серен өліп Әмірсана талқандалғанымен, енді Дабашы шығыпты. Ол 1753 жылдың басында сұрыпталған отыз мың қол жиып, Орта жүз қазақтарына жорыққа аттанды. Не істеу керек? Абылай бастап Қабанбай мен Бөгенбай жасақтары жеткенше жауды шырғалап бөгей тұру міндет. Сөйтіп Жәнібек пен Әбілпейіс сұлтан басқарған екі мыңның үстіндегі қол Дабашының отыз мыңына қарсы тұрды. Арыстандықпен ғана емес, ақыл-айламен, ұтымды да ұрымтал айқаса білумен. Уәделі уақытында Қабанбай мен Бөгенбай қолдары жетіп, он бес мыңдай қазақ қолы Дабашы, Сайынболқы жасақтарын талқандап, жан олжалап қашуға мәжбүр етті.

«Жыланның үш кессе де, кесірткелік әлі бар» дейді халқымыздың бір қанатты сөзі. Сол айтқандай, жоңғарды толық жоймай, қазақ даласына тыныштық заман орнамасы белгілі. Алайда Абылай хан бақталастарынан бір кезде бас сауғалап қашып келген осы Дабашы мен Әмірсананы орысқа да бермей, Шын еліне де қайтармағанда, Алатау аузындағы осы ұлы жеңісті шайқастан соң, әлсіреген жаралы жаудың соңына түсіп түп-түгел жусатпағанда – қазақ қолын көп селдіретпей сақтауды, елін батыстағы аю мен шығыстағы айдаһар арасында аман өргізіп, жоңғарды өзара қырылыстырып, қытай қолымен тып-типыл етуді көздеген саясатын аяқтауды ойластырған кәмілдігі де бар еді. Оның бұл айласы жүзеге асып, бес жылдан кейін Шын (чиң) патшалығы ойраттарды өзара қырқыстырып, Әмірсана, Банжурға әбден әлсіреген Дабашыны талқандатып, оның артынан Әмірсананың түбіне жетті. Мұның ақыры қалың қытай қолының төрт ойратты үрім-бұтағына дейін қырып, талай ғасырлар ғұмыр кешіп, кейінгі қос жүз жылдықта кемеліне келіп күші тасқан Жоңғар мемлекеті жер бетінен мәңгілікке жойылып кетті.

Арада төрт-бес жыл өткеннен кейін, дәлірек айтқанда, 1754 жылдың 9-айының (қыркүйектің) 23-і күні Қабанбай мен Жәнібек бастаған қазақ қолы атамекенге толық тыныштық орнатып, жаудың қалған-құтқанынан тазалау жорығына аттанды. Бұлар Ертістің бір саласы – Еміл өзені сағасын бойлап ілгерілегенде-ақ

құйыт, қошут рулары шығысқа ауып, Үліңгір өзені бойын құлдап кетіпті де, Тарбағатайдан Жайыр тауына дейінгі қаңырап қалыпты. Осы Жайырдың тауының солтүстік бөктерінде тосқан Сайынболқы қолы жарты күн тіресуге ғана жарады. Бұлар қашқан аз ғана қолды өкшелей қуып, Дәм өзені бойындағы сазды алқапта Сайынболқыны өлтіріп, жасағын түп-түгел қырып салды. Бұдан соң Қабанбай қолы кейін қайтты да, Жәнібек Сауыр тауының оңтүстік етегіндегі ойрат қорғанын құлатуға аттанды.

Бұл – қашып-пысқан түрлі жасақ, қалдық жоңғар сарбаздарының бәрі жан-жақтан жиналған, күш жинап табан тіреген соңғы бекінісі еді. Он жетінші ғасырда жоңғар хандығы құрылып, Батыр қонтайшы тұсында алғаш бас көтерген кезде хандық орда болған бұл қорған қазір де өте берік бекіністің. Қабырғасы қалың да биік. Жан беру оңай емес, әрі жоңғар жауынгерлерін қорқақ деп те айта алмайсың. Десек те әділдіктің мойыны озық, қазақ батырларының жосығы бөлек; оның үстіне жау қолынан жазықсыз мерт болған ата-бабалардың кегін қайтару рухыңды тастырып, әруағыңды бастырады. Бұл жолы да солай болды. Жәнібек жасағы қорғаннан шығып, қайтпай қарсыласқан жоңғар қолын ерлікпен жеңді, ал қорғанын ақыл-айламен алды.

Осыдан кейін де жылдар жылжып, Жәнібектің жүзіне өз бедер-таңбасын салды. Шайқаста қатты жараланған туған інісі Әлібек баз кешті. Жоңғармен соғыста керей ағайын көбірек шығындалып, үш жүздей сардар-сарбазы шейіт болды. Мұны білген Абылай Қабанбай, Бөгенбай батырлармен бірге өзі келіп, Хадиша анаға қоса қалың ағайынға көңіл айтты. Қалың жаудан құтылғанмен, бірлі-жарым кекті жоңғарлар қиын таудың түкпіріне тығылып жан сақтап, бейбіт жұртты мазалап, жылқы барымталады. Осы қарақшыларды құртуға ізімен барған үш батыр түнде жолда аялдағанда Жәнібек жұмбақ бір мақұлықтың басын шапты. Күндіз көрсе, ол – айдаһарға айналған алып ман жылан екен.

Романның соңғы тарауларының бірі «Батырдың соңғы махаббаты» деп аталады. Бұл да – қызық кеп, адамға, алып батырға тән оқиға. Бәлкім осалдық емес, озықтық шығар. Әсіресе,

алпысқа таяп қалғанда... Батыр ұнатқан, батырға көңілі ауған Қанипа қыз арғын Қаракесектің ұрпағы, қаз дауысты Қазыбек бидің шөбересі екен. Мәселені қыз келісімі шешті. Жәнібек төртінші әйелі Қанипаға осылай сүйіп қосылды.

Міне, осындай кең тынысты, берекелі, кенен ырысты-мерекелі шығармада, қадірлі оқырман, мен келтірген мәнді мысал-үзінді, дәрменді дәйек-дәлел сөздерден өздеріңіз де бірлі-жарымын байқап отырған шығарсыздар, ешқандай мазмұндық-мағыналық мен, кішкентай да түйткіл-тін ұшыраспағаны қандай жақсы. Бірақ кәдімгі өмірдегідей кәсіби өнерде де мұндай аздаған кемшілік, жетімсіздіктен құтыла алмауымыз заңдылық та болар. Бұл жерде біз басқа мемлекетте өмір сүріп, бөлек қонғандықтан орын алар жекелеген «түсініксіз» сөздерді, сөз саптау мен ой жұптаудағы (сөйлем құрудағы) өзгешеліктерді аңдағайлатып айтып жатпаймыз. Ол – автордың дарынына, суреткерлік қарымына қатыссыз заңды түрде кездесетін жайлар.

«Үйінен таң сәріде аттанған Бердәулет қар қымтаған бұйратты құм далада құлагердің көсіле басқан желе аяңымен солтүстікті бетке алып тартып келеді. Кешеден бері бір күн, бір түн тоқтаусыз жауған соны қар сонау Сыр бойынан шығыста шөккен нардай көсіліп жатқан Қаратаудан тартып анау шығыс солтүстік жақтағы Сарысу мен Шу өзені бойына дейінгі Мойынқұммен тұтасқан ұланғайыр кең даланы аппақ жұмыртқадай жылмITYп, қымтап (?) тастапты. Солтүстік жақтағы ақ жайқынға аунаған меңіреу ой одан ары мұнарта барып, сол ақ тонымен көкжиекке тіке тұтасып жатыр. Ат екпінімен тең алғашқы ақшаның салқын лебі Бердәулеттің бетіне ұрылып, бойын ширата түскендей болды. Алдыңғы жағына жасаураған көзімен күн сала қарап, үзеңгісін шірене қозғалып түзеліңкіреп отырған соң, құлагердің тізгінін батысқа қарай тартып, жылқының іші-қарыны тәрізді жатаған құмды бұйратқа қарай ойысты...» (3-бет).

Біз бұл жерде романның бастауынан мысал келтіріп отырмыз. Шығарманың осы алғашқы сөйлемдерінде-ақ талай сыр жатыр. Біріншіден, ә дегеннен-ақ қазақ жерінің кеңбайтақ екені көрініп қалып тұр. Бүгінгі уақытта Бердәулет шолып келе жатқан өңірді нақ Шәмісше суреттей алмайсың. Қазір жаппай

ел қонған, қоныс, қыстаулар жыпырлай жайғасқан жерді тұтас қарастырып, кең құлашты бедерлеудің өзі мүмкін еместей. Екіншіден, тек қазаққа, тек қазақ қаламгерінше тән суреттеу бұл. Аттың «көсіле басқан желе аяңы», жерді «аппақ жұмыртқадай жылмитқан» қар, «ақ жайқынға аунаған меңіреу ой» (жердің ойпаңы), «алғашқы ақшаның (қардың) салқын лебі», «жылқының қарыны тәрізді жатаған құмды бұйрат» – қандай әдемі қазақы суреттеулер. Біз қазір осылай көріп, бейнелеп «жазудан да айырылып қалмадық па?! Тек осы табиғат көрінісіндегі (пейзажындағы) сөз қайталау – алғашқы не кейінгі қымтау сөзін өзгертсе, роман бастауы титтей қайталаудан да құтылып, одан ары ажарлана түсер еді-ау деп ойлаймын.

«Биік қабағының астындағы шұңғыл көздерінің айналасын жиі-жиі әжім сызықтары торлапты, тозған кебістің жұлығы секілді екі ұрты қуырылып (?) ішіне кіріп кетіпті» (31-бет); «... көштің ең алдында кеткен Жәнібек күрең құнанын қылжақта-тып (?) қайта шауып келді» (35-бет); «Ауыл-ауылдың іргесінде қалған малдың жемтігі (?) төбе-төбе болып үйіліп қалды» (38-бет); «Оң жаққа шымылдық құрып, шымылдық ішінде төрт ержеткен (?) қыз әлі жоқтау айтып отыр» (230-бет).

Мен ары қарай мұндай мысалдарды тізбей-ақ қояйын. Әбден қарттық меңдеген Кәлпе ананың екі ұрты қуарылмай, мүмкін қусырылып ішіне кіріп кеткен шығар. Күрең құнанды қылжақтатып шабу да құлағыма кірмегенін айтпағанда, ақсүйек жұттан төбе-төбе болып үйіліп қалған малдың өлігі жемтікке жатпас-ау. Әдетте қасқыр жарып кеткен, жегенінен қалып кеткен өлген малдың денесі жемтік саналмаушы ма еді?! Сондай-ақ ұлбала ержетсе, қызбала бойжетпейтін бе еді?!

Мені шығармадағы екінші бір елеңдеткен нәрсе – Абақ керей он екі ата болса, соны түгелдей алмауым. Бұл – автор Шәміс Құмарұлының дұрыс есептемеуінен кеткен нәрсе ме, жоқ әлде Абақ керей іс жүзінде он екі ата емес пе, әйтеуір бір кінәрат бар. Алайда бұл маған да, авторға да онша керек болмаса да, романға, оның басты кейіпкері Ер Жәнібекке өте қажет дерек деп білемін.

Жоғарыда мен осы арғын мен керей арасындағы бір дауды арнайы айтып кетсем де, құн төлеуді бөлісуді қайта келтіре кетейін.

Билікті аға батыр, жолы үлкен Жабай былай айтатын еді ғой:  
– ...Тәйірі, екі жүз жылқы деген не, түскен салық он бөлікке бөлінсін. Осы жанжалдың керей жағындағы тиегі – Жәдік, саған үш бөлік, түтінің көп, малың көп. Ел ағасы да екі бөлік: Шұбарайғыр – саған бір бөлік, Ителі – саған бір бөлік. Сарбас – саған да бір бөлік, Жастабан – саған да бір бөлік, Шеруші – саған да бір бөлік. Ал отағасы Қарақас, Молқы, Көнсадақ – үшеуін отыз үй тігіп, үш жүз адамды күтіп аласың (184-бет).

Он екі атаны түгендесем, мына жерде тек 9 ата: Жәдік, Шұбарайғыр, Ителі, Сарбас, Жастабан, Шеруші, Қарақас, Молқы, Көнсандық көзге түседі. Бәлкім, өзім білетін Жәнтекейді қоссам, Жәнтекей бұл жақта жоқ шығар, онымен 10 болады. Ал, мына, 200 жылқы салық қалай 10-ға қалай бөлінді, соны санасам, 8-ақ бөлік шығады; егер «Ел сағасы да екі бөлік» дегенмен түгелденбесе. Бірақ бұл жерде қай аталар айтылып тұр, оны білмейміз, білмеген соң іздейміз, ал тікелей ел сағасы делінетін ата жоқ еді ғой.

Қош, бұл – бір сұрақ. Екіншісі – ...

Ер Жәнібек сөз алды:

– ...Құдайға шүкір, тозған елдің басы қайта құралды, басқа бас, етекке жең қосылды. Ашамайлы толысып Есіл бойында қалды. Абақ дәулетті де, бұл күнде толысып, би де, батыр да бар, толықсыған қара ормандай ел болыппыз. Арғынға алман төлеп келген ауылдар да, найманға алман төлеп келген ауылдар да түгел іргемізге келіп қосылды. Біздің түбімізге жау жете алмайды, біздің түбімізге алтыбақан алауыздығымыз жетеді. Атамыз қазақ он аққуға бір басшы дейді. Мен, байқасам, абақ әулетінің өзі де он (?) руға айналған екенбіз. Сұлтанымыз ашамайлының ішінде қалды. Абақтың осы он екі атасына бас белгілесек. Ойлап отырсақ, он екі деген киелі сан сияқты, осы он екі рудың қонысын, өрісін белгілесек. Он екі киелі сан дейтінім: бірінші – қазақтың таныған жұлдызы – он екі, екінші – бір жылдағы ай саны – он екі, үшінші – бір денедегі мүше он екі;

төртінші – мүшел жыл саны – он екі; бесінші – арыстан он екі жылда бір күшіктейді; алтыншы – түйе он екі айда бір боталайды; жетінші – ат әбзелі он екі болушы еді; сегізінші – киіз үйдің ішкі жабдығы он екі болады; тоғызыншы – кәде он екі түрлі болады; оныншы – қысырақтың үйірі он екі байтал болады; он бірінші – ер бала он екі жасқа жеткенде балиғатқа толады; он екінші – киелі хайуан бұғының мүйізінің саласы да он екі болады екен. Басы Жәдік пен Жәнтекейден аяғы керейдің кенжесі Сарбасқа дейін дәл он екі болыпты. Жәдік, Жәнтекей, Шеруші, Қарақас, Молқы, Көнсадақ, Жастабан, Меркіт, Шұбарайғыр, Құлтайболат, Сарбас деп бірден санаңыздар (309-310-беттер).

Осы үзіндідегі алғашқы он атамыз деген сөздің жаңсақ екені, ол жерде екі деген сөз түсіп қалып тұрғаны анық. Енді осы үзінді соңындағы тізім – он бір атамен бітіп тұр. Сонда – он екіншісі кім?

Елін ежелгі атажұртына – ұзын Ертіс бойына оралтып, қоныстандырған Жәнібек жасы келіп, қартая бастағанда мазасын алып, түн ұйқысын қашырған ендігі ой-арманы – Керейдің терезесін басқа арыстармен теңестіру еді. Жиделібайсындай құйқалы, қыртысты тиесілі жері бар. Мал жайылымына таласып жуан аға баласы арғын да, қалың найман да, басқа да тізе батыра алмайды. Тыныштық құшағында өсіп-өніп, он екі атаға жеткен, дәулет құраған, батырлары теңдік сұраған есті елі бар. Сонда жетпей тұрғаны не? Айналасы мойындар елдік. Ал көсегелі елдің көрші ағайын-арыстар мойындаған, үш жүзге ортақ ұлы хан – ең берісі Орта жүз ханы бекіткен заңды иесі – ханы, әйтпесе төре-сұлтаны болады. Ақтабан шұбырындыға ұшырап, ақыл азған, тон тозған, сана сансыраған заманда бұлар төл хан-төресі Әбілпейіс сұлтаннан ажырап, ол бүгінде Арқада қалды, бұлар Ертіске барып түбегейлі орнықты. Қазақ дәстүрінде керей өз ішінен хан сайлай алмайды, әзірше ел иесі Жәнібек болып, оның шалқып тұрған шағында бәрі санасқанмен, шау тартқан бұл өмірден өтсе, Абақ Керейге кім ес болмақ?!

«Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман...». Мұны ұлы Абай беріде айтқанмен, бұл – осы кездегі Ер Жәнібектің де күйі. Қайғысы – бас қамы емес, елінің келешегі еді. Бұл шақ-

та ұлы Абылай хан қайтыс болып, қазақтан қайрат кете бастаған. Жабай, Бұқарбай, Жантай, Баян, Шақабай, Байтайлақ, Қожаберген, Жобалай, Машан, т.б. аға батырлар бақи дүниеге аттанған. Шығыста – шекара жағалай қаптаған шүршіт. Батыстан – орыс сұғына кіріп, ентелеп келеді. Жоңғардың қайта жанданбайтынына кім кепіл?! Мұндай жағдайда Жәнібектің орнын басып, елге иелік етер бір жас би керек. Ең дұрысы – керей төресі Әбілпейістің бір баласын абақ керей ішіне әкеліп, хан көтеріп, кеңқолтық Қытай патшалығынан қамқорлыққа куәлік алып беру. Мұның орып келе жатқан орыс пен жауласып тұрған жоңғарға айбар-тоқтам да болары ақиқат. Осындай ойға нық бекіген Жәнібек 1783 Қоян жылы шілденің екі жаңасында жаңа, жас ел басыларының кеңесін шақырған. Осы алқалы жиын тоқтамымен 1784 ұлу жылы Тауасар Қазыбекұлы бастаған 17 адам Жәнібектің хатын алып, Уақ-Керей төресі Әбілпейістің бір ұлын алып келуге аттанып, оның кіші әйелінің баласы Көгедайды ілестіріп қайтқан. Әлі жас, бәйбішенің ересек баласы емес деп көңілдері көншімеген Тауасарларға Әбілпейіс төре: «Көгедайымның жолы басқа... Осыдан он екі жылдың алдында қазақ-қырғыз арасындағы дау-шарды бітіруге қырғыз ханы Орманбеттің ордасына бардық. Жолымыз оңды болып, ісіміз дау-дамайсыз бітті. Екі жақтың билері кеңесе келіп, «Судың түбін шым тоқтатады, даудың түбін қыз тоқтатады» десіп, қазақ-қырғыз ұрпақтарының мәңгі дос өтуі үшін Орманбет ханның қызы Тұмарды маған атастырды. Тұмарды алып қайтқан жолымда аспандағы көк ай қойыныма кірген жақсы түс көріп, сол түсімді ырымдап, Тұмардан сүйген тұңғыш ұлымның атын Көгедай қойған едім. Маған бар баламнан осы балам ыстық көрінеді» деп жөнін айтқан. Тауасар сол жолы Көгедайды қос бауыры, анасымен бірге ертіп қайтқан. Керей елі он екі жасар баланы ақ киізге салып, шоқыға шығарып, хан көтерген.

Арада алты жыл өткенде осы Көгедай он сегізге толып, Жәнібектің ақылымен 1790 ит жылы қазан айында 17 кісі болып жолға шығып, Көгедай Бейжіңге барып, Ежен ханға сәлемдесіп, қамқорлық қағаз алып, арада 1,5 жыл өткенде елге қай-

тып оралған. Керей елі ішкі ісін өзі басқарса, сыртына Қытай иелік жасайтын болыпты.

Бір баһадүр батырға, халықты сөзге ұйытқан даңғыл шешенге, небір қиын дауды, қылмысты шарды әділ шешкен биге, ханды да, қараны да жөнге тоқтатып, Керей елінің көшін түзеген, ежелгі атамекені Ертіске қайта қондырған көсемге – жігіт Жәнібек, ел ағасы Жәнібек, ел атасы Жәнібек жарты ғасыр бойы көрсеткен батырлықтар, жасаған қайратты қадам, құтты істер, айтқан дара сөз, дана биліктер аз ба? Аз емес, әрине. Оны өз заманыңнан озып, жиырмасыншы ғасырға мойын созып, Ахмет Байтұрсынұлының ілімін, Әлихан Бөкейханның білімін байқатып, Тұрар Рысқұловша он тоғызыншы ғасырдың беліне шығып, керейіңнің ғана емес, күллі қазақтың төбесінен көрінбедің деп қалай кінәлаймыз?! Ер Жәнібек – өз ғасырының заңғары. Кемел биі. Керемет Батыры. Кемеңгер Көсемі. Көңілің бітіп қанағаттанатының – Шәміс Құмарұлы Ер Жәнібектің осы бітім-болмысын: періштелік, пенделік, перілік қасиет-құдіреттерін шынайы, шымыр, шырайлы жеткізе алған.

Біз осы мақаламызда Ер Жәнібектің жүрегі түкті батырлығын, адамдық-азаматтық байсалдылығын, жан әлемін: шешендігін, көсемдігін ұзақ толғап, таңдап ортаға салып, ой өрбітіп жатсақ – ол жалаң мақтамай, дәрменді дәлелдерге сүйеніп, маздақ та маржан мысалдарға жүгінгеніміз. Романдағы басты оқиғаларды, рухани байлықтарды түстеп жеткізгеніміз. Егер Жәнібектің жер танығыштығы, ер танығыштығы сәл олқылау айтылды десек, дара билігі, дана шешендігі әлі кемдеу қамтылды десек, онда және бір-екі ерекше мысалдарды алға тарта аламыз.

«Ел шетіне енді ілініп, Қалбаның етегіне жақындағанда батырдың алдынан бір кішкене бала шығып:

– Ассалаумағалейкүм, батыр аға! – деп зор дауыспен әдейі сәлем береді.

– Уағалейкүмассалам! – деп Жәнібек батыр далада сәлем берген қарғадай, өңі жүдең жас балаға бұрылып қарады. Көзі дөп-дөңгелек, сұлуша келген әлгі жас бала:

– Батыр аға, біздің үйде сізді атамыздың асына шақырады, – деді.



Сәбидің сөзін естіген соң Жәнібек батыр бұл баланың тегін сәлем бермегенін аңдай қалды. Жолдастарын өзеншенің жағасындағы көгалға түсіп азықтана беруге қалдырды да, өзі баланы алдына алып:

– Атадан қалған ас – оған бұрылмаса болмас, шақырған асқа бармаған оңбас, – деді сәбидің бастауымен бір ауылдың аяқ жақ шетінде отырған жалғыз жесір әйел ғана бар күркеге кірді. Мынау жүдеу әйелдің аянышты кескіні, күркенің ішінің жұтаңдығы, бәрі-бәрі де Жәнекенді толғандырмай қоймады.

Әйел үйіндегі бар дәмді батырдың алдына қойған соң:

– Бірінші – дидарыңызды көрсем деуші едім; екінші – күркемнен дәм таттырып, ақ тілек тілесем деуші едім, арманым жеттім, – деді. Сонда Жәнібек:

– Ер кезегі үш деуші еді, басқа айтарың болса, айт, қарағым, – деді.

– Апыр-ай, батыр аға, үшіншісін айтсам, жолыңыздан кешігіп қалар ма екенсіз, – деді жерге қарап күмілжи сөйлеп.

– Айт, қарағым, айт! – деп Жәнібек қолындағы шынысын дастарқанға қойды. – Арыз арманың болса аршып, қалдырмай айт.

Сол екен әйелдің шаралы көздерінен жас меруерт маржанша төгілді...» (384-385-бет).

Әйелдің әңгімесінен ұғарымыз – бір бай ақсақалдың үш баласының ортаншысына тиген оның бір балалы болғанда күйеуі кенет ауырып, дүниеден өтіпті. Бай қайыната мен қайынене ертеректе қайтыс болған. Жыл толғанда қайнағасы мен қайынысы әмеңгерлікке таласып, екеуі де үйленгісі келеді. Әйел: «Құдай қосқан қосағымның орнын жоқтатпайын, отын өшірмейін, жалғызымды ержеткізейін», – деп көнбейді. Айтқанымызды істемедің деп енді екеуі қорлық көрсетеді, мұның шаңырағының мал-мүлкін тартып алады, жетім баланы несібесіз қалдырады. Араға түсіп арашалар ағайын жоқ, сатылған би мен молда әлгі екеуінің сөзін сөйлейді. Содан тіріде босағасын тастап, баласын жетелеп, қаңғып жүргеніне жеті жыл өтіпті». Мұны естіген Жәнібек терісіне сыймай ашуланды. Дереу адам жіберіп, әйелдің қайнағасы мен қайынысын, әлгі би мен молданы түгел

шақыртып алды. Төртеуін жесір әйелдің қара лашығына қаратып отырғызып қойып:

– Осал еркек мықты әйелге ілесу керек, жақсы әйелге ердің құнын кесу керек. Орнымды кетірмейін, отымды өшірмейін деу – аталының сөзі, ақылдының ісі емес пе? Оны білмеу, қарсы тұру – ездер мен бықсықтардың ісі ғой. Ер қазалы болғанға әйел жазалы болмайды, бұл үйдің мал-мүлкін түгел өзіне қайтарындар. Жесір әйел мен жетім баланы қорлаған жазықтарың үшін түйе бастаған екі тоғызға кестім, соны қоса тапсырасындар, – деді. Сөйтіп, сорлы жесір мен жетімнің ұзақ жылғы арманы орындалып, қалған еді.

Бұл – Жәнібек батырдың керейдің ішіндегі талай дауды ым-жымсыз бір ауыз кесіммен бітіріп жүрген кезіндегі бір ғана оқиғасы еді» (386-387-беттер).

Әділ билік пе? Әрине. Кемел шешім. Кедей-кепшікке теңдік әперу ме? Иә. «Тілге келсе – елу бесте болып сөйлескен, дауға келсе қырық бесте болып белдескен, жауға келсе жиырма бесте болып» айқасқан Ер Жәнібек қой бұл. Тіпті жасы келіп, қатты ауырып жүргенде жаңа ел иесі жас Көгедай төреге айтқан көрегендік ақыл-кеңесі де, өмірден өтерін білген қария Жәнібектің елімен қоштасудағы даналығы, артындағы елге қалдырған өсиет-аманаты да қайран қалдырмай ма?!

– Ел де өсіп қалды ғой, десе де ел кіндігі – өзіңсің, балам. Орданды өз тұсында Көкпектіден көшірме, елдің алды ұзаса, мен көрген Бәйтiкке дейін барар. Алды тосылғанда қайта оралады. Керейдің өрлегені – Ертістің жалғыз аңғары ғой, – деді Көгедайға күлімсірей қарап.

Қарияның сөзін тегіс түсінсе керек, Көгедай үнсіз бас изеді.

– Мың жасайтын құзғын емеспін ғой, – деді Жәнібек Көгедайға бұрылып. – Алланың аманатын тапсыратын уақытым да жақындап қалған сияқты. Қалбаның қоңыр салқын төсінде жатсам, арманым жоқ... Мен көз жұмған соң, қаралы хабарымды ешкімге хабарламаңдар. Мынау өспеген аз ғана Сары ауылдары Жәнтекей ішіне бытыраған соң, екі жылдан кейін ісі Орта жүзге хабарлағандарың жөн. Қалғанын өзіңе тапсырдым (441-бет).

Жаз өтіп, күз келе бере Жәнібектің ауруы қайта қозды. Күзеулікке елден бұрын еңкейген Жәнібек ауылы 1792 жылы қазан айының басында Қызылсудың Шар өзеніне құйған қабағының терістік жағына он шақырым жердегі Әулиебұлақ деп аталатын ағын бастаудың басына барып қонды. Ақ бетегесі желпілдеген арқаржон қоңыр адыр осы жылы ерек көктеген екен... Бастаудың батыс жағындағы жатқан дөңге өзі шыққан батыр бетегелі сары жазыққа ұзақ көз тастады. Төсін тұлпардың тулығымен сан рет дүрсідеткен батырдың бұл туған жерімен қоштасуы еді. Осыдан соң төсек тартып қалған ер Жәнібек күн бесінге ауған шақта жары Қанипаға:

– ... Алланың аманатын тапсыратын уақыт келді. Жиырма жылдан артық жолдас болдың, бір кісідей күттің. Разымын. Қатем болса, кеш, балаларың да сыйлап өтер... – деді.

Қанипаның дөңгелек қара шаралы көзінен екі тамшы мөлдір жас домалап, саусағынан ұстап отырған Жәнібектің үстіне келіп тамды.

– Көз жасыңды көрсетпе! – Жәнібектің даусы сәл қатқыл шықты. – Мен пәни ғаламмен біржола қоштасамын, арманым жоқ. Мен көз жұмған соң, екі жылға дейін көзіңе жас алма.

Қанипа шақыртып, ауыл азаматтары, батырдың балалары жиналды. Көгедайға айтқан сөздерін қайталап, өсиет-аманатын табыстады. Қосқаны: «...Менің өлімімді ауыл-үйдің балалары да білмесін. Ешкімді де шақырмаңдар. Жаназамды өзім шығарып қойдым. Көзім жұмылған соң, бастаудың төменгі анау көлденең жай бір дөңнің үстіне жалғыз апарып қойыңдар. Қабір тұрғызбай, топырағымның үстін тегістеп, мал айдап тастаңдар. Мені сұраған туыс-туғанға ауруын емдеткелі Ташкент жаққа кетті дейсіңдер...».

– Алла амандық берсе, айтқаныңызды екі етпей орындауға дайынбыз. – Ұлы Ноғайдың үні дірілдеп шықты. – Басқа айтарыңыз бар ма?

– Тірліктің тірегі – бірлік, – деді батыр маздап жанған отқа қарап. – Араларыңа суықтық кіргізбендер... Бес күндік бықсық дүниені қуып, бірінді-бірің ренжітпендер. Ескертерім: менің

әруағым жаугершілікте, жалғыз жүріп жаныңа қысым түскенде, әйел босана алмай қиналғанда қолдайды...» (444-445-беттер).

Қайран Ер Жәнібек жарық дүниемен осылай қоштасыпты.

Оның Алланың аманатын тапсырғанымды екі жылға дейін ешкім: қаймана қазақ түгілі жақын ағайын да білмесін дегенінде жау жуық маңда кеудесін көтеріп, елімнің еңсесі түспесін деген нұрлы ой-мақсат жатқанының басы ашық. Өлгеннен кейін де елін екі жыл қорғаған Ер Жәнібектің ақтық сөзінде, артындағы ұрпақ-еліне айтқан өсиетінде бүгінгі біз де ерекше ескерер, ұмытпай, күнделікті өмірде жүзеге асырып отырар екі нәрсе бар. Біріншісі – тірліктің тірегі – бірлікті сақтау. Бұл – әулетіне ғана емес, қалың елі-әлеуметіне арналған сөз. Екіншісі: батыр рухының үш жағдайда: қазағының басына жаугершілік түссе, өзін ұмытпаған ұрпағы жалғыз жүріп қысылса, алаш анасы сәбиін дүниеге әкеле алмай қиналса қолдайтыны.

Ол көзі тірісінде ұруын – керейін Ел қылып, ұлтын – қазағын қытай аспас, орыс баспас Бел қылса, өмірден өтерінде осы елдікті, хандық – мемлекет ретіндегі Белдікті сақтай білуді өсиет етіпті.

Өз басы – тәні өмірден өткенмен, Ер Жәнібектің жарыққа толы жаны, жанып тұрған жүрегі, кеудесін қытай мен орысқа да бастырмаған, жоңғарға (*ойрат пен қалмаққа да*) жақ аштырмаған асқақ рухы өтпепті. Әлі тірі, қазіргі күні де оның Абақ Керейін ғана емес, қалың елі – Алаш қазағын қолдап, қорғап келе жатқаны аксиома болса керек.

...1748 ұлу жылы мамырдың 6-сында Орта жүздің ханы Абылай ел басы батыр-билері: Бұқар жырау, қаракерей Қабанбай, қанжығалы Бөгенбай, керей Жәнібек секілді серкелерін ертіп Сарысу бойындағы Әбілмәмбет ханның ордасына келеді. Ол үш жүзге сауын айтып, ұлы жиын шақыруға мұрындық болыпты. Сол кеңеске Қазыбек би ауырып келе алмаса, кіші жүз ханы Әбілқайыр мүлдем келмеді. Ұлы жүз жау табанында Төле би Ташкенттен жетіпті. Бұл екі арыстың орта жүзге қанаттас, аралас отырған ағайындарынан өкілдер қатысыпты. Ұлы жиынның мақсаты – үш жүздің басын біріктіріп, жоңғарларды жеріміз-

ден қуып шығып, қазақтың елін азат ету мәселесін шешу. Шақшақ Жәнібек бастаған, Әбілқайыр ханмен қатар жүрген Орта жүздің кейбір ел басылары жоңғармен соғыспай, Ресейге қарауды талап етіп бұра тартады. Сондағы түйінді сөзді Абылай хан айтады: «Қазаққа апат сырттан емес, іштен келеді. Біздің түбімізге жеткен – осы алауыздық. Жоңғарлардың күштілігі – олардың берік ынтымағы мен бірауыздылығында. Жоңғарлар қанша көп болса да, қазақтан көп емес еді. Сонау Тәуекел ханның тұсында қазаққа қарап келген ойраттардың өзі халқымызды қойдай қырып, ең шұрайлы өлкелерімізді басып алды. 1723 жылғы ақтабан шұбырынды әлі естеріңізден шыққан жоқ... Мынау іргедегі жоңғарлардың самсатып қол жиғанын білетін тіл жібермеу, отыз мыңдай ғана жау қолын ақыл тауып, алдынан тоса алмау – расында да өкінішті-ақ. Сол замандағы ел бастаған билер, қол бастаған сардарлар, әлі де ортамызда отырсыздар ғой, осы сорақылыққа қалай жол бердіңіздер? Қане, айтыңыздаршы!» (292-бет).

Абылай ханды Төле би, Қабанбай батыр, ер Жәнібек қостайды. Бірлік бар жерде ғана тірлік бар.

Көз жұмар алдында да алауыздыққа салынбай, бір болуды құнттағанда Жәнібектің көздегені – ағайын арасындағы ынтымақ қана емес, қалың Алаштың бірлігі. Өсиет – орындалса ғана қасиет. Сол ынтымақ-бірлік бізге бүгінгі күндері де өте қажет болып отыр. Сондықтан да Тәуелсіз еліміздің Президенті Н. Ә. Назарбаев қазақтың бірлігін, қазақстандықтардың ынтымағын атқа мінгелі әрқашан айтып, таққа мінгелі үнемі тиянақтап, орнықтырып келе жатса керек.

## МҰРАТ ПҰШАТАЙҰЛЫ

Ақын Мұрат Пұшатайұлы (1954-1999) Моңғолияның Баян Өлгий аймағында туып-өскен. Аймақтық он жылдық орта мектепті үздік бітірген. 1973-1978 жылдары қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология факультетінде оқып, оны тәмамдаған соң туған өлкесіне оралады. Аймақтық партия комитетінде, Моңғолия Жастар одағының аймақтық бөлімінде, Баян Өлгий аймақтық азаматтар өкілдері туралы басқармасында жауапты қызметтер атқарған. Моңғолия Журналистер одағының мүшесі болды. «Студент дәптері» атты жыр жинағы жарық көрген. Моңғолияның «Алтын жұлдыз» орденімен марапатталған.

Мұратпен бес жыл университетте бірге оқып, жатақханада бір бөлмеде тұрып, бірге жүріп, сырлас досы болып кеткен едім. Оның елін, жерін сағынып жүріп жазған өлеңдерінің алғашқы тыңдаушысы да мен болған шығармын. Туған жері туралы ол:

Тауларыңда ұлылық бар болатын,  
Қарашада басына қар қонатын.  
Белбеуінде баяғы батырлардың,  
Жондарыңда жап-жалпақ жол болатын,  
Сапарыма бастаған сол болатын...» –

деп толғанса, мұнда бейнелі сурет те бар, шынайы сезім де бар, шуақты сағыныш та бар. Ол өзінің студенттік жылдарда жазған өлеңдерінің басын құрап, 1980 жылы, Баян Өлгийден «Студент дәптері» деген атпен жыр жинағын да шығарды. Кітап алғысөзінде: «Мұрат Пұшатайұлы аймағымыздың жас толқын ақындар буынының талантты өкілдерінің бірі. Өз стилін, өз үнін айқындау жолында еңбектеніп жүрген жас ақынның жыр жинағы оқырман қауымның жүрегіне жол табады деп сенеміз» – делінген. Одан соң, неге екені белгісіз, ол кітап шығаруға асықпады. Бірақ, өлеңнен мүлде қол үзіп кетпегеніне соңында қалған әдеби мұрасы дәлел.

Көз жіберші қырмызы қырға, жаным,  
Көк пүлішпен көмкерген күз балағын,  
Бұлақ жатыр бұлқынып төскейлерде,  
Бұрымындай бұралып қыз баланың,

Басталғандай жаңғырып жаңа бір ән,  
Сарғалдақтар майысып сабағынан,  
Күй төгілген сияқты кең далаға,  
Шаң қобыздың шымырлап шанағынан».

Лирикалық өлеңдерінің бойындағы нәзік иірімдер оқырмандарына жылы әсер қалдырады. Ол, тіпті, сенің ауылыңның табиғатын жырлап отырғандай күй кешесіз. Мұның сыры әлгі жыр шумақтарындағы көркемдік қуатта, көнермейтін сарында жатса керек.

Ал мына екі-ақ шумақ өлеңдегі көл-көсір сезімді, аяулы махаббатты, кең жазықта кербесті мініп, жұлдыздай аққан балаң жігітті, ат тұяғы тиіп сабағынан үзілген гүлді, жараланған гүлді қолына алып, жігіттің соңынан қарап тұрған ару қызды суретші-ақынның қолынан туған дүние екен демеске, шара қайсы:

Сауырынан суылдап самал ағып,  
Кең жазықпен кербесті барады ағып.  
Тұнып тұрған гүлдерге тұяқ тиіп,  
Табан асты қалыпты жараланып.

Бесті кетті бедерлі ізі қалып,  
Балаң жігіт барады жүзі жанып.  
Артынан кеп ару қыз қарап тұрды,  
Сабағынан сол гүлді үзіп алып...».

Бір жолы студенттік жылдардағы жазғы үш ай каникулды Мұрат бізбен, курстастарымен бірге Семей облысының Шұбартау ауданында құрылыс қосынында өткізді. Сол жолы ол ел танып, жер шолып, қолына күрек ұстап, еңбектің дәмін татып қана қойған жоқ, сағыныш сазына бөленген бірнеше сыршыл өлеңдерін де жазды. Мынау сондай бір өлеңінен үзінді:

Сабырдан сан сәт айырылып,  
Сағындым, еркем, сені мен.  
Сызылтып ән сап құс өтті  
Семейдің зеңгір көгінен.  
Көбірек күттім мен сені,  
Көңілдің қырын бүктемей.  
Жазықта тұрдым жабырқап,

Жапанға қойған нүктедей.  
Хаттарың келер деп едім,  
Хабарың кетті құрдымға.  
Қанатын сусыл қақтырып,  
Қарлығаш ұшып жүр мұнда...

Әдемі лирикалық өлеңдегі саз бен бояу сылдыраған келісім мен үйлесім тапқан. «Шалыс ұйқасқа шалынып, құлап қала ма десем, ақсақ ұйқаспен өзің жорға мінгендей тайпалтасың ғой!» деп әзілдейтінмін мен.

Бізге университетте «Әдебиет теориясы» аталатын пәннен профессор, филология ғылымдарының докторы, академик-жазушы Зейнолла Қабдолов дәріс берді. Әлгіндей отты өлеңдерді оқығанда ұстазымыздың екі көзі шоқтай жанып кетуші еді. Содан соң «Ғажап емес пе?!» дейтін тамсанып, жұртты да тамсандырып. Міне, Мұрат Пұшатайұлы Семей сапарынан кейін осындай сұлу өлеңдер, сыршыл өлеңдер жаза бастаған еді десем, қателеспеймін. Ол, әсіресе, табиғатпен тілдескісі келіп тұратын, табиғаттың тынысын жеткізгісі келіп тұратын еді.

*Сары өзектерде сағымдай,  
Жарқырап жатқан лағылдай.  
Бұлқынып бұлақ тулайды,  
Еліктің ерке лағындай.*

Осы бір бейкүнә шумақтың бойында да бір еркелік бар, алдымен сұлу суретке назар аудартады, одан соң әлгі суретке жан бітіреді, қимыл-қозғалысқа келтіреді. Сөйтіп, елгезек оқырманын сұлулық әлеміне қарай ертіп әкетеді...

*Жағасын шұғылалы нұрға малып,  
Барады Қобда өзені құлдап ағып.  
Лүпілін жүрегiнiң сыйға тартып,  
Күлкісін арулардың ұрлап алып».*

Қобда өзенін көрмеген, білмеген адамның өзі қалай ынтығып, ақынмен бірге әсерленіп, әлгі өзенге біртүрлі бүйрегі бұра бастағанын байқамай да қалады. Өйткені, өзеннің жүрегiнiң лүпілін сезіну үшін ақын болып туу керек.

Шырақтарын жаққанда шырайлы іңір,  
Шың қойнауын кернейді ұдай дүбір.



Шын ерлікпен бұлақтар қақпа тастан,  
Шыңырауға бұлқынып құлайды бір».

Мұндай шумақтардың құпиясы ішінде болады: шырақтарын, шырайлы, шың қойнауы, шын ерлікпен, шыңырауға секілді кілең «ш-дан» басталатын сөздердің басын қосып әкеледі де ойын шашыратпай, шынайы шығарма тудырған. Негізі, өлеңдегі саздылық, сөзге сөздің көлеңкесін түсірмей, көркем үндесіп жатуы да ақындық шеберліктің айғағы. Мұраттың бірқатар өлеңдерінде осындай ізденістерінің ізі сайрап жатыр. Ал ақынның кейде өзіне өзі көңілі толмай, іштей ширығып, ортасын олқысынып отыруы сары уайымшылдық емес, лирикалық кейіпкердің рухани серпілуі, жігерлендіруі, қайрауы, қатаң талап қоюы деп түсінсек болар. Мәселен, мына шумақ:

Қанаты балғын жырларым,  
Қалықтап сынға түспеген.  
Жақсы өлең жаздым бір-жарым,  
Жаза алмай жүрмін күшті өлең! –

деп ағынан жарылуы арқылы көңілге қонақтайды. «Бір өлеңі бір елдің мұрасындай, // Жыр жаза алмай жүрмін мен Расулдай» – деп Мұқағали да оқырмандарына мұң шаққан. Бұл жерде ой қайталау деп емес, оған үндесу бар деп қабылдадық. Енді бірде ол:

Сәлем айтам Жетісу өлкесіне,  
Оранғамын көгілшім көрпесіне.  
Кеудесінен Хэрлэннің гүл үзем де  
Алатаудың қадаймын өр төсіне.  
Сыр бойына сыр айтам Сырғалыдан,  
Жағасынан тарайтын ырғалып ән.  
Сәлем айтам Алтайдың шыңдарынан,  
Көз жеткісіз Говының құмдарынан...» –

деп Ақшоқыдан, Сырғалыдан, Бесбоғда мен Буйырдан, Байөлкеден сәлем алып, өлең алып жетуші еді Алматыға! Ол сондай-ақ:

Қара торы, қолан шаш, қыр қызы едің,  
Мінезің жаз, тілің бал, қырмызы едің.  
Өзгелерден өнерлі өзгеше едің,  
Өзіміздің ауылдың жұлдызы едің», – деп те;

Даламыздың сәні ме едің,  
Ақбидайдың дәні ме едің.  
Сыңғырлаған күміс күлкің,  
Құлағымда әлі менің!» –

деп те жыр шумақтарына сыр жасыруды меңгерген. Өлеңдегі ойнақылық, сезім пернелерін дөп басуға тырысу оның қаламының желі бар екенін аңғартады еді.

Ақындықтың өзі ананы, әкені ардақтау, туған жерге, туған елге тағзым болып, перзенттік парыздың оянуынан да бастау алады. Бұған шығармашылық иелерінің өмірінен көптеп мысал табуға болады. Мұрат та «Анама хат» деген өлеңін оқығанда, көздеріне мұң ұялап, күрсініп қойып, қалың ойға шоматын.

Сары адыр белдің үстінде,  
Сарғайып жолға қараған.  
Сапарға кеткен сары ұлын  
Сағына күткен жан анам.

Қарбалас тұрып ертемен,  
Қарсы алар соңғы тау кешін.  
Қалқалап қарап тұр ма екен,  
Қалақтай күннің сәулесін?!

Ебі бір қашқан саусақта,  
Еріксіз діріл бар шығар.  
Емексіп кетіп кей шақта  
Еридi-ау көзден тамшылар.  
Көгілдір тартып көкжиек,  
Көлеңдеп мұнар көлбейді.  
Көңілін шыдап тұр сүйеп,  
Көкірек, шіркін, шөлдейді.

Аңсайды иісін ұлының,  
Адамда төзім керемет.  
Алысқа кеткен құлының,  
Амалсыз жүр-ау, не керек!

Бұдан басқа «Ана» дейтін тағы бір өлеңі бар еді. Онда ғұмыры ерте үзілген анасының рухына соңында қалған төрт баласының атынан мінәжат жасайды. Бесікке бөлеп, бейнетімді кешіп, ер жеткізген ұлыңның қызығын көре алмадың-ау деп қамығатын... Мұрат Пұшатайұлының қаламынан туған дүниелердің бәрі жинақталып, жеке кітап болып шығарылуы керек. Ал, оның біз мысалға келтірген өлең шумақтарына қарап-ақ арқалы ақын екенін аңғаруға болады. Қолымыздағы туындыларының сыртында да жинақталмай қалғандары болуға керек...

Мұраттың соңында қалған әдеби мұраларының ішінде ән мәтіндерінің орны бөлек. Композитор Бержан Файзоллаұлы (1954-2002) екеуі оншақты әнді дүниеге әкелген. Солардың ішінде «Ел көшкенде» дейтін ән шекараларды көктей өтіп, ел аузында жүр. Өлеңінің өзегінде қимастық, зар, мұң, сағыныш, үміт пен күдік, сенім мен жігер астасып жатқан күрделі шығарма. Әрине, ол атажұртқа қарай қозғалған ұлы көшке өзінің бірер өлеңдерімен-ақ үлесін қосып кетті. Бергенінен берері көп еді. Амал қанша!..

## СҰРАҒАН РАХМЕТҰЛЫ

XIX ғасырдың орта шенінде Өр Алтайдан Моңғол жұртына қоныс аударған қазақ елінің бір бөлігі бүгінгі таңға дейін сол мекенде өмір сүріп келеді. Өздеріне сай мәдениеті мен әдебиеті қалыптасқан бұл аймақта қалам қарымдарымен моңғол оқырмандары зердесінен де өзінің орнын тауып үлгірген қаламгерлер баршылық. Сан жылдар бойы сол мекенде өздерінің салт-санасын, дәстүрі мен тілін сақтап келген қазақтардың тарихы мен әдебиеті бүгінгі таңда ғалымдар назарына ілігіп, зерттеу нысанына айнала бастады. Моңғолия қазақтарының әдебиеті әлі тереңіне ешкімді бойлата қоймаған, түрен түспеген тың тақырып деуге болады. Себебі, ең алғаш Моңғолиядағы қазақ әдебиетін зерттеген ғалым Қабидаш Қалиасқарұлынан кейін ғалым Есенгүл Кәпқызы, Еркегүл Арыққарақызы, Наурызхан Ғазизұлы сынды бірен-саран зерттеушілердің жекелеген қаламгерлерге арналған зерттеу еңбектерінен басқа ешкім бұл тақырыпқа арнайы барған жоқ. Моңғолия қазақтарының әдебиетін зерттеушілерді атағанымызда, зерттеуші ғалым Қабидаш Қалиасқарұлының есімін әдебиет тарихына алтын әріппен жазған жөн. Себебі, ғалым өзінің өмір бойғы ғылыми еңбегін осы тақырыпқа арнап, біршама еңбектер жазып, аталмыш әдебиетті жүйеге келтірді. Алайда, ол тақырыптың зерттеу нысаны өткен ғасырдың орта шеніндегі қалам иелері болды. Әрдайым дамып отыратын әдеби құбылыс бар жерде қазақ әдебиеті де жаңа таланттармен толығып отыратыны заңды құбылыс. Егер Моңғолиядағы қазақ әдебиеті отандық әдебиеттің бір бөлшегі деп санасақ, онда қазақ әдебиеті тарихынан да өзінің орнын алуға тиіс қаламгерлердің бірі – ақын Сұраған Рахметұлы.

Ақын, публицист, тарихшы, аудармашы Сұраған Рахметұлы 1958 жылы Баян Өлгей аймағының Дэлүүн сұмынында дүниеге келген. 1984-1988 жылдары Моңғолияның әскери-саяси институтын, 1999 жылы Басшылық академиясын бітірген. Тарих ғылымының кандидаты. Алғашқы еңбек жолын 1980 жылы мерзімді баспасөз беттерінен бастаған ол ұзақ жылдар бойы баспасөз саласында қызмет етеді. 1996 жылы аймақтық аза-

маттар өкілдігінің құрылтай мүшесіне ілескен ол сол жылдан бастап, Баян Өлгей аймағының әкімі, Моңғолия Жазушылар Одағының Баян Өлгей аймағындағы бөлім бастығы, аймақтық бұқаралық ақпарат құралдарының басшысы болып қызмет атқарады. 2002 жылдан бастап, Моңғолия Жазушылар одағының Баян Өлгей аймағындағы бөлім бастығы, Моңғолиядағы қазақ радиосының басшысы әрі өлкелік «Шұғыла» журналының бас редакторы және аймақтық «Жаңа дәуір» журналын қайтадан қалпына келтіріп, соларды басқару қызметін атқарып келеді.

Сұраған Рахметұлы 1970 жылдардан бастап, шығармашылық жұмыстарға белсене араласады. Ол сөз өнерінің алуан түріне қалам тартып, аудармамен, таза поэзиямен, драматургияға құлаш ұра бастайды. Ақын өлең жазумен қатар біршама шетел ақындарының еңбектерін қазақ тіліне тәржімалаған және Моңғолия мен Қытайды мекендеген қазақтардың саяси өмірінің тарихы жайлы біршама зерттеу еңбектері жарық көреді. Шетел ақындарының еңбектерін қазақ тіліне аударумен қатар, ол қазақ әдебиетінің шоқ жұлдыздары шетел ақындарының еңбектерін қазақ тіліне аударумен қатар, ол қазақ әдебиетінің шоқ жұлдыздары Тұманбай Молдағалиев, Олжас Сүлейменов, Жұбан Молдағалиев сынды біртуар ақындарымыздың таңдамалы өлеңдерін және Баян Өлгей аймағының классик ақындары Арғынбай Жұмажанұлы, Даниял Дікейұлы сынды қаламгерлердің шығармаларын моңғол тіліне аударып, моңғол оқырмандарының назарына ұсынды. Қазақ-моңғол тілдерінде қатар қалам тербейтін ақынның ең алғашқы «Жұлдыздың лағыл елесі» жинағынан бастап, «Ақ тегершік», «Өрен жүйріктің сілекейі», «Түске оранған күз», «Көгілдір шабыт» атты жыр жинақтары жарық көреді. Сонымен қатар, ол моңғол ақыны Бавуугийн Лагвасүрэннің «Іштен шыққан шұбар жылан» кітабын және Қытайдың Ли Бай, Ван Бей, Жапонияның Мацуо Баше (1644-1694), Мацаока Сики (1867-1902), француз ақындары Шарль Бодлер (1821-1867), Стефан Маллерме (1842-1898), Поль Верлен (1844-1996), Артюр Рембо (1854-1891), Гийом Аполинер (1880-1918), американдық Эмили Дикинсон (1830-1886), аргентиналық Хорке Луис Борхестің (1899-1986) өлеңдерін қазақ тіліне тәржімалаған майталман ау-

дармашы. Және өзінің таңдамалы өлеңдері де орыс, моңғол, қытай, түрік тілдеріне аударылып үлгірді.

Сонымен қатар, ол тарих саласынан Моңғолия қазақтары тарихының ақтандақ беттері жайынан «Құжырты құрбандары» атты көлемді тарихи еңбегін жазады. Тарихи шығармаларының негізгі арқауы етіп, көбінде қазақ-моңғол тарихындағы аласапыран жылдарды, олардың қилы тағдырын, орыс пен қытай еліне бодан болған қаралы жылдар тарихын тың дәлел-дәйектерге сүйене отырып, келтіреді. Оның публицистикалық көркем шығармалары үшін Моңғолия жазушылар одағының және 2011 жылы Моңғолияның Еңбек сіңірген мәдениет қайраткері дәрежесін алады. Ақынның қай саладағы еңбектері болмасын, сөз қадірін білетін зиялы қауымның көңіл төрінен өзінің лайықты бағасын алып үлгерген. Ақын өлеңдерінің жаңашылдығына, олардың дәстүрлің поэзияны ерекше серпінмен жоғары деңгейге жеткізгендігіне оның Алматы қаласында өткізілетін дәстүрлі түркітілдес халықтардың поэзия фестивалінен және Моңғолия Жазушылар одағының әртүрлі сыйлықтарын ұдайы алуынан байқауға болады. Сонымен қатар, ол Қазақстан Республикасының бүкіл ұлттық деңгейді қамтыған халықаралық жыр мүшәйраларына 2003, 2005, 2008 жылдар арасында бес рет қатысып, бірінші және екінші орынды қатарынан төрт рет иеленгені де оның қарымды қалам иесі екенін аңғартады.

Нарықтың қиын-қыстау кезеңінде Моңғолия Жазушылар одағының қазақ бөлімін ашуға белсене атсалысып, онда шығарылатын «Шұғыла» журналының әр санын танымдық, көркемдік жағына жете мән беріп, оқырмандар талабына сай қылып шығарғандықтан, 2009 жылы осы журнал Қазақстан Республикасы ұйымдастырған «Таңдаулы баспасөз» номинациясына ие болды. Аталмыш журнал Моңғолия Жазушылар одағының да назарына ілігіп, жоғары бағаланды және ақынның «Жұлдыздың лағыл елесі», «Ақ тегершік» атты жыр жинақтары 2005 жылы Жазушылар одағының арнайы сыйлығына ие болды. Ақын Сұраған Рахметұлы Моңғолия мемлекеті елбасының жарлығымен 2007 жылы «Алтын жұлдыз» медалімен және «Бұ-

қаралық ақпарат құралдары саласындағы үздік қызметкер» төс-белгісімен марапатталды.

Сұраған Рахметұлының түрлі саладағы еңбектерінің әрқайсысы жеке-жеке зерттеу нысаны болуға лайық. Сондықтан бұл жұмысымызда тек қана ақынның поэзиялық туындыларына ғана тоқталамыз.

Ең алғашқы жинағы «Жұлдыздың лағыл елесі» кітабы шыққаннан бергі ақынның өмірінің жолы өнер жолымен сабақтас. Себебі, ақын өмірін өлеңге айналдырады, өмірдегі барша құбылыстарды, қуаныш пен мұңды, қайғы мен шаттықты жыр тілімен халқына паш етеді.

Сұраған Рахметұлының өлеңдерінде, танымал жинақтарының барлығында да адамның басындағы түрлі сезімдерді күрделі де әсем ойлармен айшықтап отырады. Ақын өлеңдері әр алуан тақырыпқа арналады.

Тегінде, қасиетті туған жердің топырағы өзінің киесін ақтар, өзіндегі барша сұлулықты әйгілер, сол сұлулықты өлең тілімен жыр етер бір ақын перзентін дүниеге әкелмеуі мүмкін емес-ті. Және ол жер әр сөзі мыңға татитын жалғыз ақын әкелсе де, ештеңе емес, қайта сол ақын өз туған жерінің қасиетті топырағын, асқарын, көлін, мөлдір бұлағын сан жүректерге құйып, өз мекенін сан көңілдер төріне ұялатады.

«Туған жер табиғаты – ақынның тұла бойындағы адамдық, адамгершілік қасиеттердің қалыптасуына және ақындық жанының шыңдала түсуіне тікелей ықпал жасайды. Өйткені, адам бойындағы барлық қасиеттер киелі туған жер табиғатымен тікелей үндесіп, тамырласып жатады» [1, 74], – дейді ғалым Секей Жанбота.

Ақынның туған жері – Дәлүүн сұмыны жазира даласымен, бұла табиғатымен дараланатын киелі де қастерлі өлке. Ол жер қашаннан да ақындар елі деп әспеттелетін қалам ұстар қауымның қасиетті мекені. Сол жерде туып-өскен ақынның өзінің тұмадай тұнық Қарасуын, асқар тауы Бүркітін, ала мұзарт Ақзеңгірін, Қараөткелін жырламауы мүмкін емес-ті. Ақынның бір-қатар өлеңдері өз туған жерінің тауы мен суын асқақтата жырлауға арналады.

Мұң Қарасу,  
Мың үйрек, құрақ аумақ,  
Бүйірінде Бүркіттің  
Қыран аунап...  
Шыңның күміс төбесін  
Желпіп қойып  
Уыс бұлттың жиегі тұр алаулап.

Қарасудың айдынды, Бүркіттің айбынды келбеті ақын өлеңдерінен әдемі көрініс тапқан.

О, кішкентай ауылым,  
Құшасың сен жел әуенін, тау үнін.  
Марқа қырдың сеңсеңіне оранып,  
Еміп жатыр Мама бұлттың сауынын.

Қазақы қасиеттің қаймағы ауылда екені ақиқат. Ауыл – әр қазақтың көкірегіне жылы сәуле сепкен, мейірім мен ізгіліктің, адамгершіліктің барлық қасиетін қазақтың қара домалақ баласының бойына сіңіретін қазақы тәрбиенің қайнар көзі. Қасиетті мекеннің тәрбиесімен сусындап өскен ақын:

О, шап-шағын мекенім,  
Сезінбейсің өркениеттің не екенін.  
Бал ай үшін күреспеген, тіреспеген  
Басқамен,  
Сарайысың махаббат пен некенің.

Осылай да осылай қазақ ауылының барша болмысын алды-ңа жайып салатын ақын өлеңдерінде табиғилық пен шынайылық басым. Өмірдің барша сырын еш айнытпай өлеңге көшіру, өлеңі мен өмірі бірігіп, кірігіп кету хас таланттың ғана қолынан келетін қасиет. Расында да, қазаққа ғана біткен қайсарлық, оларға тән нағыз табиғи келбет өлеңде айқын көрініс тапқан. Атам заманнан бері қазақ халқы асау табиғатпен арпалысып өскен, ен даланың еркін қырандарындай қалықтаған. Қазақ әйелі отын теріп жүріп те, талай перзентін дала құшағында дүниеге әкелген. Сондай арда қазақтың қаймағы бұзылмай сақталған Баян Өлгейдегі шағын ауылдың тірлігі осылай болмағы заңдылық. Оны ақын сағынышпен еске алады. Және осындай бұла келбетті табиғаттың ақын перзенті Сұрағанның өз ту-



ған жерін үздіге жырлауы басым. Алайда, ауылдағы адам біткеннің барлығы да періште емес. Адалдығы мен аңғалдығы басым ауылдың келбетінен қасиетін қашыратын кей пенделердің ауылда да болуы заңдылық.

О, ауылым!

Шапағаттым, сорлым-ау,

Өкінтпей ме миға құрған тор мынау?!

Сенің құтты, сенің сүтті жұртыңда

Отырғанның басы шірік,

Орны дау.

Қазіргі ауыл бұрынғы ауыл емес. Кішкентай болса да өзіне тән өркениеті қалыптасқан, заманауи мәдениеттен аз да болса сусындаған ауыл. Сондықтан, ол жердің де басшысы мен атқамінерлері аз емес. Көп мәдениеттен мақұрым қалған ел, елдің тұрмысы төмен жағдайы, тағы басқа қиянаттарына төзе алмаған ақын өз мұңын жырмен жеткізеді.

Қайран ауылым, тың жоқтауым, тұл әнім,

Алдаспанның жүзінде бақ сынадың.

Жерде отырып, Көк Тәңірін қия алмай,

Дүркін-дүркін сілкінеді қыраның.

Ақын өлеңдерінде өз мұңы мен адамзат мұңы сабақтасып жатады. Моңғолия қазақтары Алтайдың арғы бетіне өткен аралықта нешеме жолдарды басып өткен. Ертістің асау толқыны, «Шіңгілдің мөлдір суы», жылай да жылай арғы бетке ауып кеткен Керейлер мұңы өлең болып өріледі.

Тағдырымен келісе алмай тістеніп,

Ескі жұртқа қарайды атам үш бөлік.

Бессаланың берекеті керемет

Азаны арай, таңы мерей, түсте құт.

Атажұрттан алыстап кеткен ақын мұңы байырқалап, береке тауып орныққан жеріне шүкірлік айтып, сол жердің сұлу табиғатын жырға қосады. Алайда, алыста қалған балдәурен күндер, атамекеннен жырақ кеткен жылдар, туған жеріне тартылатын рухани күш ақын жүрегін жай тапқызбасы анық.

Бұлғын, Шіңгіл, нән Көксерке, Күртіден,

Көкейінде жатады оның бір тілек.

«Анау жатқан үлкен үйдің жұрты» деп,  
Жасаураған көзін әпкем сүртіп ед.

Ел мен жер – егіз ұғым. Бұл ұғымдар ақын өмірінің қос қанаты іспеттес. Аласапыран заманда адасқанымыз көп, жүрек сыздатар өкініш те аз емес. Түрлі себептермен шекара асып кеткен халық тағдыры, ақын жүрегінің ең бір нәзік қылындай сезіледі.

Көзбен кешіп, сол мекеннің әр құмын,  
Тыңдап тұрмын Сұлубайдың зарлы үнін.  
Бергеніңнің түгеліне шүкірмін,  
Бермегенің болса соған жарлымын.  
Тағдырым.

Кей адамдардың бабасы қазақ жерінде, атасы Қытайда, әкесі Моңғолияда дүниеге келуі де көшпенді халық зарындай естіледі. Қилы да қиын қазақ тағдыры ақынды толғантпай қоймайды. Алмағайып жылдарды басынан кешіріп, арпалысып жүріп, арманда кеткен Сұлубай мұңы жырланады.

Сұлубай – Керейлер арасынан шыққан, өзі ақын, өзі батыр, сері болған адам. XX ғасырдың орта шенінде Шығыс Түркістандағы Оспан батыр бастаған ұлт-азаттық көтерілісінің қайраткері. Ел тыныштығы, жердің азаттығы, ұлт игілігі үшін жар құлағы жастыққа тимей өткен, талай қанды шайқастардан өткен батырдың ел аузына таралған өзі жайлы өлеңі «Сұлубай» жыры ұрпақтан-ұрпаққа жетіп келеді. Ақындар әрқашан сөз өнерін қастерлейді, Сұрағанды да толқытқан Сұлубай зары, оның тағдырының жалғасындай атамекенге жете алмай арманда жүрген қазақ қандастардың қайғысы. Алайда, ақын өмірден түңіліп кетпейді, ол нұрлы болашаққа, жарқын келешекке сенеді, ертеңге үміт артады. Адам өмірі Алланың қолында, сондықтан, әр шеккен қасіреттің қайта оралмауын тілеп, бүгімізге шүкірлік етуіміз қажет.

– Ғаламат түрен, қабағат сүрен кеспірің,  
Кесіртке күліп, кесапат кезген кешқұрым.  
Көртопырақта гүлдер тарамыс гүлмін ақырғы  
«...Танымайсыңдар, ә, ешбірің?» [2, 41] –

деп, өлең жазатын ақын бүгінгі таңда ақындықтың дана деңгейіне көтерілген. Ақын өлеңдері басқа да сан алуан тақырыптарға арналады. «Ақын боп өмір кешіру оңай деймісің, қа-

рағым, Аузында болу бұл өзі, сыздаған барлық жараның» деп, ақиық ақын Төлеген Айбергенов жырлағандай, әлемнің бар қайғысы ақын жүрегінен сүзіліп өтеді. Жаны нәзік ақын қауымына баршаның мұңы мен мұқтажын, қасіреті мен қайғысын, қуанышы мен шаттығын, сезімдері мен махаббатын жырлау міндеті жүктелген. Сондықтан, қоғамдағы әрбір келеңсіз жайларға ақынның үн қатпай қалуы мүмкін емес. Бұл үрдістен Сұрағанның да шет қала алмайтыны анық.

Сұраған Рахметұлының өлеңдеріне әріптесі Шынай Рахметұлы мынадай пікір білдіреді: «Ақын халықтың мұңын:

Уәж тапты бұл себепке

Кім нендей?

Әлсіз білте түн ішіне сіңгендей.

Боздап қойып еңкілдейді есіл ел

Өрісінен үйге қайтқан іңгендей –

деп жеткізеді. «Қайран нар тұлға! Халықтың панасы-ай. Дана-сы-ай» деп жалғасу емес. «Гүлдері-ай, бүрлері-ай, түрлері-ай» деп арзан ұйқас қумақ емес, жалған атақ, жағымпазданып пайда табу емес. Жарқ еткен серт, жалп етіп өшкен сенім. Үмітін үзген халық. Талайы қайтқан кейпі. Бейне ауылға аңырап қайтқан ақ іңген!..

Сенің жиі айтатын кеңесінді,

Естіп жүріп көңілім неге сынды?

Жазбен жетер жайдары қабағың жоқ,

Күзден көрдім ең соңғы елесінді.

Қайғыру жоқ. Кінәлау да жоқ. Салқын ғана мұң. Сәл реніш. Арғы жағында бір бейне. Жаны жұмбақ. Жалт берген жалғаншы досың секілді. Бір кейіпкердің күллі мінез-құлқы, іс-әрекеті жалғыз шумаққа сыйып кеткен. Ұйқас, қисын да келісімді. Кей пенде сөйтеді. Неге? Неге екен?!

Күнбатыс жақ қызыл қан,

Қызыл бас тау, қызыл қыр сұлап жатыр ұзыннан.

Қара ала бұлт жалбырап, сақал-шашы жұлынған.

Айыр өркеш құздар тұр,

Арасында Ай мыжылған.

Батыстағы қанды қырғын. Дүние әлем тапырақ. Ай рәмізді діндестеріміздің тағдыры. Елес емес. Ащы ақиқат.

Көктем берген келбетін жіберіп ап,  
Күйікжелік күй кешкен күдері бақ.  
Мынау жатқан жас бұтақ жас қиылған  
Кешегі өскен теректің бүрі еді. Қап!

Осылай суреттеу де бір ғанибет. Ойрандалған табиғатты да, опат болған тағдырды да [3, 43].

– Бей бұлдырық, жел құсы...

Бас жағымнан ұшып өткен

Сенбісің?

Ғұмырымның зырлап қайтқан қайығы:

Менің тірі жүргенімнің

Ең кіші –

Ғаламаты сенбісің?

Махамбеттің «Қызғыш құсы» елес беретін тәрізді. Бірақ, ақын жаңаша жырлайды, жаңаша түйсінеді, онда ақын бұрынғыдай, яғни, Махамбет батырдай кектеніп жүрген жоқ, онымен алысатын хан Жәңгір де жоқ, тек жәңгірлер, яғни, пасық пенделер бар. Ақын бұлдырықпен сырласады, жан сырын өлеңмен ақтарады.

– О, бұлдырық,

Жел құсы:

Екі келмес уақыттың сел –

күші.

Өлеңдердің өртеп

Өткен шақтары:

Анашымның самайының

Ақтары:

Менің сонша сүрінгенімнің белгісі.

Ақын не нәрсені өлең етсе де, оған жүрегімен еніп, жанымен беріліп жазады. Анасының самайына енген ақтар, перзентінің сүрінуінің белгісі екені анық. Өйткені, перзентінің қылығы мен қызығы, тіпті былығы да қашаннан ананың жүрегінде болары кәдік.

Ақынның бірқатар өлеңдері отансүйгіштік рухпен жазылса, екінші бір топ өлеңдері ана тілімізге арналған. Көшпелі қазақ

рухын бойына сіңірген ақынның жырлары өзіне тән ұлттық сипатпен ерекшеленеді. Себебі, «ұлттық сана, біріншіден, өз халқын, ұлтын сыйлайтын ыстық ықылас пен сергек сезімнен туады. Екіншіден, елінің, халқының, ұлттың өткенін, қазіргісін, келешегін толық біліп, тексеріп, халық тағдырына, ұлт мәселесіне елдік, мемлекеттік тұрғыдан қарайтын саналы, салиқалы ойдан туады. Бұл ретте ұлттық сананың жасаушысы, сақтаушысы, қорғаушысы әрқашан да ұлттық интеллегенция, зерделі авангард топ, зиялы қауым, әсіресе, ақын-жазушылар [4, 11]. Ұлттық сипат – Сұраған Рахметұлының шығармашылығындағы негізгі сарын болып табылады. Ол – қазақтың ұлттық болмысын, өзіндік тұрмыс-тіршілігін, жан-тәнімен сүйген ұлтшыл. Өлеңдерінің ұлттық идеямен суарылып отыруы – ақынның бүкіл поэзиясына тән өзіндік басты ерекшелігі.

Оң босаға, тезектің қанарында Ай,  
Жез ошақтың сипайды балағын жай.  
Ай, ай, керемет мәлиген сағанақтан,  
Ас дәметкен күшіктің жанарындай [5, 37].

Ақын ескі ауылдағы қазақы тірлікті бар болмысымен көз алдымызға әкеледі. Төбедегі толған ай, жерошақта қайнаған ет, солармен бірге есік көзіндегі қарауыл ит – бәрі-бәрі де қазақы ауылдың қайнаған тірлігі. Сұраған Рахметұлының өлеңдерінде мұндай сипаттың болуы заңды да. Себебі, Алтайдың арғы бетіндегі қазақтардың өмірі көшпелілік сипаттан әлі толық арылмаған. Қыста қала тіршілігіне етене араласып, шаруаларын күйтесе, жазда ен даланың төсіне емін-еркін қоныстанып, киіз үйлерін тігіп, бие байлап, қымыз ішіп, нағыз қазақы сән-салтанатты бастарынан өткереді. Солардың арасында туып-өсіп, ен даланың еркін қыранындай қалықтаған ақын:

Жер шарана жып-жылы  
Мұйықтағы,  
Жаңа ғана тыныстап, ұйықтады.  
Ат тұмсығын қытықтап, оятады-ау,  
Ақ байғыздың шақырған сүйікті әні... [5, 37] –

деп, тағы да қазақы болмыстың қайталанбас суретін жасайды. Жазғы жасыл жайлаудағы айлы түн көз алдыңызға келеді. Тек

қана құр көріністі суреттемейді, сонымен қатар, барша әлем тыныштығының бұзылмауын аңсаған ақын жүрегінің кеңдігіне қайран қаласыз.

Жоғарыдағы өлең – елінен жырақтап, «қиыр жайлап, шет қонған» қазақ баласының жан сыры. Ақын оны өрнекті тілмен айшықтап береді. Бұл өлеңнен ақын поэзиясындағы патриоттық сарынды аңғарамыз. Сұраған да атамекеннен жырақ қонғанымен, тағдырын отанмен байланыстыра білген ақын. Ол қазақ елінің жетістігіне сүйінеді, қайғысына қабырғасы қайысады. Әлем қайғысы ақын жүрегінің сүзгісінен өтетінін ескерсек, ақын өлеңдеріндегі көтерілген көптеген өзекті мәселелердің қазақ елінің бойындағы «жарақат» екенін аңғара аламыз. Шет мемлекет қанша кең болғанымен, жеме-жемге келгенде, «шөміштен қағып» қалатынын ақын «үзеңгісін ұзарта алмай жүргенімен» бейнелейді.

Кешегі айтқан ақ әуен бүгін түскен

Ай келін,

Тезек жаққан боз үйдің безілдейді шәйнегі.

Көк құрақтың үстінде

Көсіліп бір Күн жатыр.

Мейіріміндей әжемнің қандай жұмсақ, жайлы еді?! [5, 114].

Тағы да қазақы тірлік, тағы да қазақы болмыс. Мұқағали:

Мотордың дауысын есіте-есіте шаршадым,

Жамырап жатқан жас төлдің даусын аңсадым.

Жабағы үйді ақ жауын түтіп тұрғанда

Отырар ма еді түтінін жұтып аршаның! –

деп, күңіренсе, Сұрағанда ондай күйзеліс жоқ. Кез келген өлеңінен «қалалық ақындардың» ауылды аңсап, тас қабырғаға қамалып отырып жазатын күйзеліс сарыны байқалмайды, қайта тап-таза, тұп-тұнық қазақы мөлдір поэзияның өрнегін көреміз. Қазақы ауылдың қасиетін бойына қондырған ақын:

Биік үйлер, үрейлі үйлер иен молаға ұқсаған

Тірі өліктер ұйығы.

Айқайлайды асқазандар қасап жақтан шықса қан,

Өркениеттің сыйы бұл.

Биік үй, [6, 163] –

деп, шошына жырлайды.

XXI ғасыр бізді көп құндылықтарымыздан айырды, бүгінге дейін қаншама кезеңдер мен асулардан өтсек, сол жолдардың барлығы да біздің қасиеттерімізді жырымдап, алып қалып отырды. Осы ғасырдағы түрлі өзекті мәселелер ақын поэзиясында өзекті өртер өкінішпен көтеріледі. Ақын мұнымен де шектелмейді, ол XXIII ғасырға да оймен сапар шегеді. «Аллегория немесе ақырғы сөз» атты өлеңінде ол «...Дәруіш ойдың шырқау шегі! Дәлірек айтсам, XXIII ғасырдың басы. Маң даланың төсінде маймылдар көбейген. Олар асыранды ана қаздың жұмыртқасымен атысуда...» деп келеді де:

Қызыл ғасыр, тоқ кекірем,

Аш келіп,

Сын тасыңа сидім тағы,

Мас келіп?!

(Құрдым аузы аш бөрі)

Әкесінің жылдығына

шошқа сойып,

– ?

Ас беріп...

Ыржияды бас тері!

Қа-аш бер-рі-і... [6, 18] –

деп, адам шошырлық сурет жасайды. Әрине, мұндай күйді басымызға бермесін. Алайда, санасы уланған жастар, үлкенді құрметтемеу, руханияттан адасу, дәстүр-салтымызды аяққа таптау т.б өзекті мәселелер өлеңнің өн бойынан көрініс тапқан. Бүгінгі заманымыздың сиқы оңбай тұрғанда, арғы ғасырларда «қазақ» деген ұлт жер бетінде жасай ала ма? Осы секілді философиялық сарынмен көтерілген мәселелер – өлеңнің негізгі арқауы. Абай қазақты қалай сүйсе, солғұрлым ащы тілмен сынау арқылы түзетіп отырды. Абай рухын бойын сіңірген ақынның да ашына сөйлеуі заңдылық.

Ұлым, қызарған өкпесің,

күлкілі Мисың.

Саған өкпелегеннің өті іріп,

Құлқыны күйсін.

Өтірік айтамын,

«Жек көру деген жақсы көрудің тегі»

Бойына сіңірген елсің арғымақ жылқының иісін [6, 47].

Бір шумақ өлең қазақ табиғатын ашады. «Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың» деп келетін Абай өлеңдерінің заңды жалғасы іспеттес. Қазақ халқының аңғалдығы, бала мінезділігі және желдей ескен еркіндігі, жылқы мінезділігі көрініс табады. Және «неге екенін білмеймін, сол елімді сүйемін» дейтін Мағжанның сарынындай өз ұлтын барша болмысымен сүйетін дархан жүрегінің дала пейілі қылаң береді.

Сұраған Рахметұлының осы типтес кез келген өлеңдерінен ұлттық сипатты аңғара аласыз. Бұған, біріншіден, тамырында ойнаған қазақы қан мен Абай бастаған ұлылар рухын бойын сіңіргендігі себеп болса, екіншіден, ақын Тыныштықбек Әбдікәкімұлы айтқандай, Моңғолдың кең жазира даласында «түнде сықырлауығынан жұлдыз сығалап, күндіз шаңырағынан ару Күн алтын бұрым түсіретін, табалдырығынан бірден дархан Дала басталып кететін көшпелі өмірдің қошына бөленгендігінен» [7, 193] болар.

Шын мәнінде, туған жерін, туған ұлтын, ана тілін сүйген адам ғана халқының нағыз патриоты бола алады. Сол себепті де олар халқына адал қызмет етіп, өмірін соған арнайды. Сұраған Рахметұлы да бүкіл саналы өмірін ұлтына арнап келеді. Оның өлеңдерінде көтерілген негізгі идеялар да өз ұлтының бойындағы «айтпауға болмайтын» мәселелер болды.

Шеру кетіп барады

Тыр жалаңаш...

Айқайлайды аяғы сынған ағаш...

Қызықтысы – кешегі мырза аға мас,

Қызықтысы – бүгінгі мың қазан аш.

Қоғамның келеңсіз жағдайлары аз емес. Кешегі дәурен бүгін бір адамның басында жоқ. Өтпелі өмір сынаптай сырғып, біреуге бақ, біреуге сор әкеліп, өз бағытымен сырғи бермек.

Улыға ықтап, сарғайған

Шулыға ықтап.

Мейлі... дейміз

Жөтелге булығып қап...



Бұл өмірде айтпауға тиісті, айтылмауға тиіс жағдайлар да бар. Оны айтам деген талай тіл кесілген, талай бастар домаланған. Оны білгендер жұмған ауыздарын ашпайды, ал, ақынның үндемей қалуға қақысы жоқ.

Ақынның бірқатар өлеңдері тіл мәселесіне арналған.

Кеңірдекке тірелген кеп түйткілдер,  
Жүректерде құлдырау бар, миыңда өрт.

Өңшең тірі өліктермен біргесің,

Жаның жалын,

Заманың қас,

Күйің дерт...

Бұдан әрі бұрқай соғып...

Не дерім?

Жабырқау күз, жуды жаздың бедерін.

«Тілің қайда, қарағым-ау?», - деп едім:

«Жұмыршақта ұйықтап жатыр», – деді Ерін... [5, 78].

«Тіл – әрбір адамға сондай қымбат болса, әрине, ұлт үшін де қымбат. Тілсіз ұлт тамырынан айрылған ұлт болып жасай алмақ емес. Ондай ұлт құрымақ. Ұлттың ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілі болу. Ұлттың тілі кеми бастауы ұлттың құри бастағанын көрсетеді. Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмауға тиісті...» [8, 72] деген Мағжан Жұмабаевтың пікіріне сүйенсек, ұлттың тілі туралы мәселелер қай заманнан бері зиялы қауым өкілдерін толғатып келе жатқанын аңғарамыз.

Ана тіліміздің қадір-қасиетінің құлдырауы, бүгінгі қоғамның «мәңгүрт» кейпінің өз туған тілін менсінбеуі ақынның «улы сия, ащы тіліне» іліккен. Бұл орайда да ақын қазақ елінің тағдырымен біте қайнасқандығын көрсетеді. Себебі, «Баян Өлгий қазақтары үшін тілдің проблемасы жоқ» [7, 197]. Моңғол жеріне алғаш барғандағы қазақтар тілі қандай болса, бүгінгі таңдағы Баян Өлке қазақтары әлі де ана тілінің қадір-қасиетін, қаймағын бұзбай сақтап келеді. Сондықтан Қазақстандағы ушығып тұрған бұл мәселені ақын орынды көтере білген. Бүгінгі таңдағы қоғамның түрлі былық-шылықтарының бастауы да ана тілімізден алшақтап, «ұлтым» дейтін ұрпақ тәрбиелей алмай жатқандығымыздан болса керек. Себебі, барлық құндылық-

тардың өзегі ана тілінен бастау алатындығы мәлім. Бұл жайлы ақынның өзі де бір сұхбатында айтып өтеді: «Рухани құндылықтардың айналымға түспей тұрғанына кедергі жалғыз проблема, ол – тіл. Тіл жоқ жерде ұлттық сана жоқ. Ұлттық сана жоқ жерде ұлттық құндылықтарға ешкім қарамайды...» [9, 4] – деп немесе «Қазақтың әдебиеті сындарлы біртұтас әдебиет. Қазақтың әдебиетіндегі біртұтастық өзге әдебиеттерде жоқ. Осы біртұтастықты ыдыратып жіберетін бір осалдық бар. Ол – Тіл. Тіл мәселесі шешілмесе, қазақ әдебиеті қазақстандық әдебиет болып, бытшыты шығып бөлінеді. Сол кезде ұлттың күйреуі басталады. Тілдің туы көтерілсе, қазақстандық әдебиет өз жөнін табады да, қазақ әдебиеті әлемдік аренаға көтеріледі. Тура ағылшыншаға, жапоншаға, қытайшаға аударыла бастайды» [9, 5] – деп, тіл мәселесіне қатысты да өзінің азаматтық үнін қосады.

«Ойран» өлеңінде ақын:

... Тік жазулар көз жасы,  
Былғап кеткен,  
Сұп-суық жүз қарайды күллі  
Ақ беттен.  
Мына бір сөз – кекеудің егеуіндей,  
Мына бір сөз –  
Жаныңды тырнапты еппен.  
Күн күркіреп, жай түсті  
Бір жақ шеттен,  
Қызыл тілде қыбыр жоқ  
Құрғап кеткен... [5, 143], –

деп, жан шошырлық көрініс береді.

Тағы да Тыныштықбекке жүгінейік. «Бұдан көк аңқыған көшпенділік руханиятын («сүт») отырықшылықтың технология («кір») ғана сасыған озбыр формациясы да аяусыз басып-жаншып тастағандағы тақсиретіміз де, сөзіміздің самалын бұзып бітірген «тік жазуды» (кириллица) Көк Түрік әліпбиіне ауыстыруда көсем таппай сандалғандағы қасиретіміз де Сұрағанның жүрегін аяусыз тілім-тілім еткені айқын көрінеді» [7, 199]. Бұдан ақынның күллі қасиреті – туған елінің бойындағы дерт екенін аңғарамыз.

Ақын өлеңдерінің ерекшелігі де сол – онда күллі ақын біткен қалам тартпай өтпейтін нәзік сезімнің, жұптар арасындағы аяулы махаббат лирикасының жоқтығында. Мұқағалидың: «Поэзия махаббатпен басталып, парасатпен аяқталады» деген пікіріне сүйенсек, Сұраған поэзиясында махаббат лирикасына орын болмауы таңдандырады. Жыраулар поэзиясынан келе жатқан дидактикалық сарынмен сусындап, әлем әдебиетінің мол жауһарларына құныққан ақын жырлары тек қана күрделі ойларға, қиын мәселелерге арналады. Махаббат жайлы аз жазылған бірен-саран өлеңдерінде ол сүйген сұлуының қасы мен көзін суреттемейді, махаббат деген қандай сезім екеніне және оның Абай айтқандай, «ғашықтық, құмарлықпен – ол екі жол» екендігіне тоқталады.

Мәселен:

Шарап ішкем, дәмі қалай?  
Ұмыттым.  
Ернің де есімде емес, қылықтым.  
Өлеңінді естімегем, бәрі аулақ,  
Қалғаны тек қасаң қайғы,  
Сынық мұң.

Бұл өлеңде жар аңсаған жігіттің үзіле үздігуі жоқ, тек кешегі өткен істерге салауат айту ғана бар. Сол себепті де өлең өмірдің өткіншілігін сипаттауға құрылған.

Бәрі тәмам. Тұман түсті маңдайға,  
Ертең мүмкін жарылады жүрегім!  
Мың сәтгердің игілікті легі  
Ұмыт қалды!  
Шалғайда.

Махаббаттың сырлы сезімдері, сүйген жардың сиқырлы сезімдері көрініс таппаған. Тек бірен-саран өлеңдерінде қылаң беретін сезім жанның емес, тәннің жақындығын сипаттауға арналған.

Мәселен:

Табылған тамыр тайпадан,  
Мақұрым болған бойдағы із.  
Алкеуде бойдақ жайпаған  
Алғашқы түнді ойла, қыз.

Сұраған Рахметұлының тағы бір топ өлеңдері табиғат лирикасына арналады. Табиғаттың сан қилы құбылыстарын өлеңмен өрнектеу, оның түрлі келбетке енуін адамның ішкі иірімдерімен, көңіл-күйімен астастыра жырлау, табиғат мезгілдеріне «жан бітіру», оларды «сөйлету», «сылқылдата күлдіру» немесе «өзді-өзімен сырластыру» Абайға дейінгі қазақ поэзиясында болған емес. Абай кескіндеген «үсті-басы ақ қырау, түсі суық» қыс деген «кәрі құданың» ашулы, долы мінезінен ызғар байқағанымызбен, мұндай соны өлең түрі ілкіден түрен тартқан жыраулар поэзиясындағыдай қасаң ақылға ғана сүйенбей, қазақ өлеңінің бойына нәр мен жан бітіріп, оның тамырын тулатып, шырқау биікке көтеріп әкетті. Табиғат құбылыстарын дәл бейнелеу, оны ешкім айтпаған тың тіркестермен жаңаша жырлау хас таланттың ғана қолынан келетін суреткерлік болып табылады. Абай салған ізді жаңаша жолмен ХХ ғасырдың басынан бері қалам ұстаған қазақ баласының барлығы өз деңгейлерінде өлең етіп келеді.

Бұл тұрғыдан алып қарасақ та, Сұраған Рахметұлының суреткерлік шеберлігі, жыр әлеміндегі талантты тұлғасы өзгелерден оқ бойы озық тұрғанын айтып өтпеске болмайды. Сұраған Рахметұлы – Алтайдың арғы-бергі бетіне аты кеңінен мәлім, талантына сөз қадірін түсінер жұрты түгел бас иген ақын. «Әттеген-айлатар» жай, ақынның атажұртқа қоныс аудармағаны болса да, есімі қазақ елінің әдебиет әлемінде өз орнын алып үлгерген қандасымыздың шығармашылығы да жырсүйер оқырманның көңіл төрінен орын алған. Бұған ақынның қазақ елінде бір жылдың ішінде жарық көрген қос кітабы «Түске оранған күз» бен «Көгілдір шабыт» атты жыр жинақтары дәлел бола алады. Кітаптағы «тұңғиық тереңдік, қанатты қиял, тың теңеу, тосын тұжырым, оқыс ой тұнған жауһар жырлар – бөлек болмысты ақынның адуын талантына айқын айғақ» деген аннотациядан-ақ, ақын талантының шоқтығы биіктігін көзіқарақты оқырман пайымдай алмақ.

Сұраған Рахметұлының өлеңдері өзінің тұңғиықтығымен, қарапайым оқырманның қиялы жете бермейтін тереңдігімен, көркем ойды барынша дәл жеткізе алуымен де құнды. Ақынның бұл суреткерлігі оның табиғатты жырлаған, пейзаждық өлеңдерінде айқын көрінеді.

Ақынның табиғат лирикасында оның өзінің де ішкі сана-сезімі, психологиялық иірімдері анық ашылған. Әрбір құбылысты бояуын қанық түрде айқын бейнелеу ақынның теңдессіз реалистік шеберлігін анық аңғартады.

«Мамыр кеші» өлеңіндегі соны суреттер оқырманды жылы сезімге, поэзияның тылсым құдіретін тануға жетелейді.

Күн еңкейді, күн еңкейді, түңілдім  
Тас астынан түрегелді іңір – мұң.  
Тянь-Шанның тік басынан ұшқан күн  
Құшағына бір-ақ кірді Құмылдың...

деп келетін өлең жолдары «аққулардың қанатынан алма-кезек дөңгелеген күрең күн» мен «сұлап жатқан сұм көлеңкенің ұзарғанын» айта келіп, былай аяқталады.

Түн бүркеді, түн бүркеді шаршадым.  
Гүл ішінен тұрды тағы барша мұң.  
Қайран күндіз бұрқ етті де жоғалды  
Шөкім ғана түтініндей аршаның.

«Аршаның түтініндей бұрқ еткен қайран күндіз» атам қазақтың «қамшының сабындай қысқа ғұмыр» философиясын елестетеді. Жалпы алғанда, ақын поэзиясының кез келген тіркестерін, әр жолын жалаң жаза салмайды, олардың әрқайсысында да бірде жасырын, бірде ашық пәлсапалар тұнып тұрады.

Күздің жұтып салқынын  
Еккен гүлім қайта оңды.  
Ел ұйқыда.  
жалқымын  
Ен даламда ай тоңды [11, 95].

Күз – табиғат мезгілдерінің ішінде жанды жабырқатар кез. Жаз бойғы салған сайран мен сауық тарап, жазғы жап-жасыл дүние сарғайып, сұрланып, бүкіл әлемді сазды әуенге, көңілді қиқуға бөлеген құстардың қайтып бара жатқаны жылылыққа жаны құштар адам баласына өмірдің өтпелілігін, ғұмырының қысқалығын аңғартар болса керек. «Еккен гүл оңады», солады, жаз дүние сіздің қалауыңызсыз-ақ, күзге айналады. Соны сезген ақынның жабырқау көңіліне аспандағы «тоңған ай» да көңілсіз күйде сырын бөліссе керек.

«Табиғатты жырлауда екі өзгешелік бар, – дейді сыншы, әдебиетші, І. Омаров бірінші, табиғатқа сүйсіну, дәлдікпен суреттеу, көрген жердің картинасын беру, екіншісі, табиғатқа жан беру, тірілту, адаммен, қоғам өмірімен теңестіру» [10, 201].

Ат кісінеп мөп-мөлдір  
Үркер үрікті төбемде.  
Өлең жазам өктем бір  
Көз жасымды төгем де.

Жазғы мезгілдеген жырақтау табиғаттың төрт аяқтыларына да көңілді әсер бере қоймаса керек. «Ат кісінеп, үркер үркі» де сары күздің өзіне тән өзгеше белгілерінің бірі. Осылай да осылай бөлекше тізбектелетін бөлек ойлар былай аяқталады.

Жалған үміт жан үрлер  
Бұрынғы сәт қолтаңба.  
Жалбарынып тәңірге  
Мұң шағамын сол Таңға.

Өмірдің өтпелілігі, басымыздан жаздай айналып, қаздай айналып ұшар қысқа ғұмыр күз суреті іспетті. Адам өткенге әр кез салауат айтады, өмірінің ақыр аяғында бұрынғы күндердің бәрін еске түсіреді, сол кезде ғана оның ой елегінен «адам» деген қасиетті атқа лайық болғаны немесе өмірін бекер өткізгендігі айқын сезіледі. Өмірден өтпесе де, белгілі белесті артқа тастаған жігіт ағасы өткен күндердің қиқулы да қызықты сәттерін еске алып бір күрсінуі заңдылық. Алайда, ақын артына тек өкінішпен көз тастамайды, ондағы мерейлі сәттері мен жұрт игілігіне, жеке басына зор қуаныш әкелген өмір белестеріне қуана көз тастап, бұл фәниде өзінің тегін жүрмегеніне марқаяды, өзінен із қалғанын түйсініп, «бұрынғы сәт – қолтаңба» деп қайырады. Ақын сондықтан да алға зор үмітпен, шын сеніммен қарайды, оқырманын да жетелеп әкетеді.

«Доңыз жылғы көктем» өлеңі өзінің сұлулығымен, тазалығымен ерекшеленеді.

Сайын сағым самал кешкен сары – елік  
Жатыр дала мың әуеннен нәр егіп.  
Көкше мұздың көк бетіне тамады  
Аққулардың қанатынан ән еріп.

Мөңкіп аққан бастау беті  
Мың іртік  
Мешел талдар кемсеңдейді  
сіңір түп.

Қоңыр қаздар жұп боп ұшып келеді  
Жұмекеннің қоңыр үнін шұбыртып.

Қазақ даласының маңдайына біткен хас таланттары жайлы ақын інілерінің тебірене толқымауы, оларды сағынышпен еске алмауы мүмкін емес. Ғажайып Муза сазы тербеткен өлең деп аталатын құдіретті күйді шертіп жүрген ақындардың бір-бірінің рухын асқақтатуы заңды құбылыс. Қатал тірлікті, күйкі ғұмырды, «көрбілте шақты» да ұмыттыратын, оларға сән беретін, нәр беретін, әрлендіретін бір ғана құдірет болса, ол – Муза. Сондықтан, сөз дарыған ақын ұлдың оны айтпай кетуі мүмкін емес. Алайда, кешегі тірлік әлі де жалғасуда, өмір өзінің қоңыр бояуынан, сұрықсыз кейпінен және бастысы, әділетсіз де жалғандығынан тайған жоқ, бірақ, солардың хақ ортасынан ғасырлардан-ғасырларға жетіп, өздерінің асқақ үндерін, құдіретті өлеңдерін асқақтатып тұратын хас таланттар есімін ұрпақ ұмытпақ емес.

Еске құйып кетер менен

Өтерді

Есіл көктің жиегінен от өрді.

Жан даусымен дала, дала, дала деп

Сағи ағам жерден басын көтерді. –

деп өзінің інілік ізгі борышын ағалар алдында әспенсітпей, қарапайым келбетімен көрсете алған Сұраған ақынның да тылсым әрі соны поэзиясы өз тереңдігімен, соны сұлулығымен бүгінгі замандағы әдебиет көшін жалғастырушылардың бел ортасында келер ғасырларға жол тартары даусыз.

Сұрағанның өлеңдерінде көтерілетін тақырыптар сан алуан. Өлеңдері көбінде ұлтқа, салт пен санаға, қазақы болмысқа қатысты болғандықтан, онда арғы тарихтың болуы заңды құбылыс. Сондықтан, тотемдік архетиптердің семиотикалық мәнін бүгінгі шындықпен шеңдестіріп бейнелейтін өлеңдері де баршылық. Ақын өлеңдерінің мұндай ерекшеліктеріне Айгүл Кемелбаева жан-жақты талдау береді:

Ақылынан адасып жүр бүгінде

Көк түріктің кермек қанын татқандар.

Ақын өзі ат қойып, айдар таққан – лағу, эклирбис дейді. Эклирбис – латынша «ex libris» – кітаптан кеткен сөз, кітап белгісі, жазба белгі. Әлем әдебиетінде «сана ағымы» делінген, ой толқытқан, психологиялық көңіл күй, сан-сапалақ толғаныс сезімнің кернеуін осынау «лағу» сөзі көбірек, дәл ашады. Расында бұл адасу емес, ақиқатты тануға құштарлық, адамзатқа тән асыл мұрат. Бірақ, лағусыз, хаоссыз тіршіліктің лебі жоқ. Сұрағанның лағуы – бақсының сарнауы тәрізді. Әр сөздің коды бар. Бәрінен бір шамырқану күшті.

Құртқа - жұлдыз түртеді

Көкжал түннің бауырын.

Ана қасқыр Құртқа, көк түркілердің тотемі жадтан өшпейді. Мыңжылдықтар аңызын сүйеміз. Көкбөрі мен жылқы культі. Бұл символдарды ақын өлердей сүйеді. Жатты өзден сөйтіп айыратын сияқты.

Шомбал айғыр шабады ылғи кісінеп...

Біздің жақта Тәңірінің түсі – көк!

Сұраған тәңіршіл, ислам туралы айта бермейді, бірақ, бұл құдайдан безу емес. Тегінде бұл ақынның тұла бойында дәстүрлі діндер орныққанға дейінгі көне дәуірлердің алғашқы діні – пұтқа, табиғат құбылыстарына, Күн мен Айға, суға, желге, тасқа табынған кезеңнің бұлғағы білінетіні анық. Моно-теизм әуелі түркілерден шыққан.

Құлшылық ет, Тәңірге, іштей оған жалбарын,

Жалбарын да ертеңнің өзегі үшін бас қатыр.

Әсіресе, ол діндердің өзара алшақтығына наразы. Хақтан безіп, қара албасты ма? Сонда нені көксейді? Шаманизмге құлай беріліп сөйлейтіні сезіліп тұрады.

Жын – иеден нәр жұғады бақсыға,

Жапырақтан оқығаным ең соңғы:

Дүниеге келмегендер жақсырақ.

Ғұмыр ағашы. Көрнекті зерттеуші Тұрсын Жұртбай «Мықан ағашы» дер еді. Өлісінде жаманы, тірісінде жаманынан аманы жоқ адамзаттың кескіні, міскіндік, бәлкім. Ең қызығы, ақын са-



насында сол әрқилы діндердің тамыры бірдей көктеген тәрізді, еуропалық таным түсінік пен түркілік сана тең, эклектика басымы, парадокс болмақ.

Түкті әлемнің сүт кенжемсі сүліңгір

Буддалардың кірпігі де жұмулы.

Немесе:

Алма ағаштары бұтағын қорғап ешкіден

Көкке тырмысқанда:

...Жалған дүниенің теңсіздігі басталған дейді

Естілер.

Христиандық әпсанада текені сайтан бейнесіне балайды. Ал, әлемдегі ең үлкен шөлдер әуелде жұмақтай жасыл, сулы-нулы, орманды жерлер болған деседі. Оны құртқан ешкі малы екен. Қазақ ешкіні аса жақтыртпайды. Ақын бір шет түйсігі арқылы шындықты дуалы ауызбен айтуға хақылы.

Сұраған адамның санасын жаулаған қилы наным-сенімдердің жаратылысына Махамбеттің «Қалмаққа шатыс хандарды» жек көргені тәрізді өшіге қарағанмен лағу-жыр сарқырамасынан ең әуелгі қағанның зары мен құсасы төгіледі. Көне түрікінің қағаны қағанатын, елін, жерін, жатқа бодан болған, құлдыққа ұшыраған халқын жоқтайды ғой. Сол сарын – Сұраған поэзиясынан анық байқалады. Ақырзамандық нышандардың өлеңдерінде тым уытты, көп кездесетіні сондықтан.

Жасырын жау түлкі кейпін киеді,

Құбылыстар құдіретіне мастанып, ібіліс – хан

Табытыңа сиеді.

Құмырсқа империясы – улы ілімді бүйі елі.

Сендегі ойдың ағытады тиегін.

Осы тұста ақын поэзиясының анық лейтмотиві көрінері анық: бір кездерде «күн түбіне жортқан» (Доспамбет жырау), жарты әлемді аузына қаратқан, Еуропаны қара түнектен құтқарған күн дидарлы көшпелілер едік қой, қазақтығымыз ғажап еді ғой, енді неге ұлттық болмысымыздан ажырай бастадық?! Тіпті бұл қайғының қасында ақырзамандық сипат бағзыдан аян етілгенін сеземіз:

Кесір жайлап ұлы төрін кең үйдің

Мұз таулардың дымы қалмай ериді.

Бұл Таурат пен Құранда бар сөз, қиямет-қайымның алдында болатындығы шүбәсіз. Адамзат өз көрін өзі қазуға шебер.

Жалынсыз отқа пісірген,  
Дарынсыз елміз, панасыз.

Тағы да Абайдың аһ ұруы байқалады. Зар заман ақындарынан бері бұл өкініш ортаймай келеді, амал не? Сол үшін ақын өзі түйіндейді:

Қан топырақ қабатына мың жылғы із сақталып,  
Жапыраққа жаспен өлең жазылар.

Тегінде, иман мен рух – шайырлықтың Көк Тәңірісі. Тосын да жұмбақ, аққан жұлдыздай құйрығын ұстатпайтын беймаза, беймағлұм, кереғарлықты пір тұтқан, үйлесімге өлердей ғашық жырлар іздесеңіз, өзіңіз құзыр болып оқыңыз» [12, 29].

Сұраған Рахметұлының өлеңдері өзінің сонылығымен, әсем де күрделі ойларымен ерекшеленеді. Жоғарыда оның өлеңдерінде көтерілген көптеген идеяларға біршама талдау жасалды. Алайда, ол ақын шығармаларын толыққанды аша алдық деген сөз емес. Ол алдағы уақыттың еншісінде болмақ.

Ақын тілінің көркемдік ерекшеліктерін талдау әдісі әр алуан. «Поэзиялық шығарма тілінің бейнелілігі ойдағыдай болмаса, ондай туындының көркемдік-эстетикалық әсері солғын тартар еді. Поэзияның керемет күшінің бірсиқыры ажарлы айшығына байланысты екені даусыз» [13, 201]. Тілді байытар тәсілдер ұшан-теңіз.

Әдеби тілге дыбыс қайталаулар арқылы да әжептеуір ажар бітіруге болады. Бұл тәсіл екі түрлі: аллитерация – бірыңғай дауыссыз дыбыстарды қайталау және ассонанс – бірыңғай дауысты дыбыстарды қайталау. Бұл тәсілдер өлеңді оқыған кезде немесе жазғанда да ырғағын жүйеге келтіріп, құлаққа жағымды естірткенімен құнды. Сұрағанда да мұндай өлең жолдары көптеп кезедеді.

Көк мұнармен көмеді,  
Көкшоқыны көктегі ай  
Көкше талдың бүріне түнеп  
Қайтқан көктем-ай.

Аллитерация. Айлы өлең. «Айды айрықша пір тұта жырлау күллі ақындарға тән. Маралтай айшыл, өлеңде толған айға сұқтанатындар аз емес, әйткенмен, Алтайдың арғы бетіндегі Ай айрықша сұлу болса керек, Сұрағанда ай бейнесі өртеңге шыққан гүлдей қаптап тұрады. Бауырын мекендеген халықтар тегіннен тегін Айлы-Күнді Алтай атандырмаған ғой.

Сұраған ақын айдың тұтас бір галереясын жасайды. «Қайыңдардың қабығы да қызыл аймен өртенген...», «Көгілдір өлең бал-бұла / Көк ала көкте ай - тандыр», «Ай көрінді: (...ай сәулем, ай-күнім-ай...)», тіпті ажарсыз ай деп те жырлайды. «Ай түнгі күнге келмей ме, ай-күнім-ай» деуі бекер емес. Ол айды әр қилы көре береді, ай да құбылмалы, дүние де сондай, қазақтың да көңілі сетінегіш, «ай маңдайлы қызы бар». Құбылған ай әр мезетте әр нені еске салып, адамды мазалайды, жүрегін құсша ұшырады. Ай жарығында күллі әлем елеске айналып кетуге бар. Абайға үндес өлеңдер Сұрағанда бар. Өзі айтпақшы, «Абай мінген жыр пырағын абайсызда басқа ұрдым».

Өлеңді өлең ететін ырғақпен қатар, ұйқас екені белгілі; ал, ұйқас, яки рифмдік дыбыс қайталаулар, дәлірек айтқанда, өлең тармақтарындағы сөз аяқтарының үндестігі, өзара ұқсас, дыбыстас естілуі. Ұйқас – өлеңнің сыртқы түріне ғана емес, ішкі сырына тікелей қатысты нәрсе, яғни, өлеңнің сыртқы сұлулығы үшін ғана емес, ішкі жылуы, қызуы үшін де ауадай қажет нәрсе.

Қазақ поэзиясында ұйқастардың түрі көп. Соларың ішінде қалыптасқан ұйқас түрлері деп академик Қ. Жұмалиев ұйқастың 8 түрін көрсетеді.

Ақын өлеңдерінің көбі қара өлең ұйқасымен жазылған:

Қара өмірде қарындас көп.

Апа мың.

Бірақ, ару астында тұр тақаның.

Сені өртер ед бар жылуы жетпей жүр

Көлеңкеден тігіп киген шапаның.

Немесе:

Таңданбасын жаның шын,

Танымыңның парағынан жүл да жаз.

Кер даланың құлағына шалынсын,

Шалқасынан жатыр сарынар бұл қағаз, –  
деп келетін шалыс ұйқастар да кездесіп отырады.

Қалам иелері туралы сөз қозғағанда ең әуелі олардың шығармашылығы еске оралады. Әр ақын өзінің жеке-дара қолтаңбасымен ерекшеленеді. Сұраған Рахметұлының поэзиясын саралап отырғанда, оның жекелеген тіркестері, соны сөйлемдері, тұтас шумақтары өзінің ешкімге ұқсамайтын даралығымен көзге ұрып тұрады. Сұрағанның әр өлеңдерінде алуан образдар мен аллегориялық күрделі де әсем ойлар құбыла ойнап тұрады. «Атамның сипап әжімін, түндіктен түсті ақсақ Ай», «Жетім шамның жарығы үрейіме түсіп тұр», «Алкеуде бойдақ жайпаған, Алғашқы түнді ойла, қыз», «Ұстараның аузындай сауал қойдым, Жарақаттың аузындай жауап алдым», «Айдың түбі – сөнген сүт-қара жарық», «Торғай түні тамады аспан жақтан», «Бұтаққа қонған іңір-құс», «Кәрі әженің жүзіндей қараңғы арай», «Біреуден бәлкім үркесің, байлаулы жүрек, қыңсылап», «Айыр өркеш құздар тұр, арасында ай мыжылған», «Денемде бар сұрқай үрей, суға тамған сиядай», «Құба желдің сүйгені – құрғақ ерін», «Кісінейді уақыт – құлынды күн», «Кекілін жайған жалбыр шам», «Тұяғында жанымның жазуы бар, қызыл табан құнаным есінейді», «Сіміріп жатқан күндізді, неткен қараңғы бесті іңір!..».

Сұраған Рахметұлының өлеңдерінің әрқайсысында үлкен түйінді ой жатады. Сұраған афоризмге құштар, әр өлеңінің түйінін көркемдікпен ұштайды.

Жасыл шөппен қайтқан жылға шүкірлік.

Кекселенбес сағыныштар қоштасуға келіп тұр.

Көбінесе үздіге сөйлеу бар.

Сұраған:

Бек адалды қабатын

Иттер даяр,

Тек жүйкеге шабатын қақпан жатыр.

Абайда:

Жаны аяулы жақсыға қосамын деп

Әркім бір ит сақтап жүр ырылдатып.

Қазақта Абай дәстүрінен ешкім аттап өте алмайды.

Жаным солай, қара ымырт

Саңылаусыз түкпір-ді.

Абай: «Қаны қара бір жанмын, жаны жара», – деп күңіренді. Қазақтың кейінгі ақындары бас ақын Абай тәрізді арзу айтпай қалуға тіпті жөні жоқ.

Аузын ұрдым қақпаның мен тағыңның

Табылмайтын ұжмақты

Неге сонша аңсайсың?

Жадқа бірден Иран Ғайып жырлары оралады. Ақындар өзара үйлеспей тұрмайды. Ағадан іні қарызданбағы заңдылық. Бұл өлендерден оның өзге ақындармен үндестік табатынын көреміз.

«Жазушы мен ақынның тілі шұрайлы, сөздік қоры мол болу керек. Бұл – қалам иесіне қойылар бұлжымас талап. Тіл байлығы сөз өнеріндегі мазмұн байлығына әкеледі. Ақынның тілі бай болуға тиіс дегенде: ол өзінің сөздік қорын молайту үшін ылғи да тыңнан сөз жасасын деп ешкім де айтпайды және әрқашан олай ету мүмкін де емес. Жазушы өзінің сөздік қорын молықтыру үшін жалпыхалықтық тілдің телегей-теңіз бай қазынасын, мүмкіндігінше, молырақ иегеруі, оның қилы-қилы қиын әрі қызық құбылыстарын жете түсінуі, әр сөздің мәні мен мағынасындағы ұланғайыр өзгертулер мен өңдеулерді, ауысулар мен алмасуларды, құбылтулар мен құлпыртуларды дәл аңғара білуі қажет» деген З. Қабдоловтың пікіріне жүгінсек, Сұрағанның бұл талаптың үдесінен шығатынына шек келтірмейміз. «Айдындағы сурет» өлеңінен ақынның соны тіркестерін ұшыратамыз.

Айдындағы кім екен таныдың ба?

Қандайда бір жұмбақ бар қалыбында.

Бұдан мың жыл бұрынғы пенде ме бір,

Құлдың басын шайнаған анығында.

Данаң, бақсың, боданың, шалығың да

Тоқтағанын біле ме ол салы құмда.

Қас-қағымның ажарлы

қасіреті

Таста ғана ізі бар алыбың ба?

Айдындағы өң қарайды тығып бір

Мұң.

Шерлі қаздың үнінен ұғып тұрмын.

Тозаңы жоқ ырғайдың  
тіні ме екен.  
Тозағы көп денеге бұғыпты ырғын.  
Айдың түбі сөнген сүт, қара жарық  
Байыбына жете алмай сана ғаріп.  
Бейтаныс өң жалт етіп  
дөңге аттанды.  
Айдалаға асығып барады арық.  
Мөлдір судың жүзінде (баспай) із бар...  
Иі жеткен мүмкін бұл басқа айыздар.  
Малып едім қолымды сол айдыңға  
Өлік сынды су беті тастай ызғар.

Сөзбен салынған сурет. Кешкі айдың түбін сөнген сүтке теңейді. «Сүттің сөнуі» қазаққа таныс емес. Ақын ауыстырып, ажарлап, күннің түнге алмасуын, ақтың қараға айналуын, кешегінің бүгінге жеткенін «сөнген сүт» тіркесімен әдемі айшықтайды.

Кәрі қыстың түсіне кіреді өткір тістері  
Қаз үнінен жасқанып,  
Қайтқан ба аяз ішкері.  
Барлық сайлар қара тер  
Мұздақ сығып көз жасын:  
Қаймығыңқы хас дауыл қарауланған күштері.  
Күннің нұрын сүйреп кеп сиреді ызғар жас пері.  
От семсерін бұлғайды өткінші бұлт ғаскері.  
Мейіріміне қайыңның мекіреніп құба бел  
Арқа жаққа аунайды «ауыздағы бас тері».  
Көлеңкенің түбінен тұрды осылай сорлы айлар  
Құм төбенің бөктерін топ жібекпен торлайды әр.  
Ақ жусанның үстіне үн себеді бұп-бұйра,  
Көк қозының жүнінен көрпе тоқып торғайлар.  
Жинағандай жайырақ жаны жадау бұлт есін  
Сан мысалдың мұртына жағады алтын білтесін  
Құлын ізін сақтаған құмдық бетін сипалап.  
Таудың соңғы қарына жанарыңды сілкесің.

Поэзия – сөз өнері, көркемдік шеберліктің теңдесі жоқ озық үлгісі. Оның үстіне, поэзияның аса маңызды, әлеу-

меттік, қоғамдық құбылыстарды бейнелеп көрсете алатын зор мүмкіншілігі бар. Ол – айналамыздағы дүниені, өмірді танып-білудің күшті құралы, біздің қоғамдық ой-санамыздың, көркемдік, эстетикалық сезіміміздің үлкен өнімді саласы. Сондықтан, поэзиядағы сөз суреттілігі, бейнелілігі өмір шындығынан нәр алып, соған тікелей жалғас туады. Сөз қолдану шеберлігі, көркемдік шеберлік дегеніміз өмір құбылыстарын танып-білу, ұғып-түсіну қабілетімен, көркем ой-сезім қуаттылығымен терең тамырласып, қабысып жатады [14, 11] – деген З. Ахметовтың пікіріне сүйенсек, Сұраған Рахметұлының өлеңдерін талдауда осы пікірдің үдесінен толық шығатынын көреміз.

Ақын өлеңдерінде психологиялық параллелизм, табиғат құбылыстарын адамның жан дүниесімен астастыра жырлау, метафора мен метонимия, құбылту мен айшықтаудың неше алуан түрлері кездеседі. Өзінің қайталанбас қолтаңбасымен ерекшеленетін ақын:

Бір байғұз шақырады...

Өтпелі әннің сұлбасы ол (жапырағы?..)

Ай етбеттей құлаған

Көл бетіне:

Алтай шыңы төбесін батырады.

Бұл байғұс: әнші-қайғы.

Суға құзды құлатқан, сәншіл Айды.

О, тәңірім!

Сыбызғының көзінен тамшылайды.

деп жырлайды. Өмірдің өткінішілігі туралы философиялық ой-түйіндер өлеңнің өн бойынан көрініс тапқан. Мұнда кейіптеу тәсілі бар. «Жансыз табиғат құбылысы кәдімгі тірі кісінің қылығымен ауыстырып жырлаған» мұндай тәсіл қазақ әдебиетінде молынан кездеседі. Сұраған Рахметұлы өз өлеңдерін өрнектеуде осы тәсілді өзге қалыппен құйып шығарады. Ақын поэзиясының көркемдік ерекшеліктерін талдаудың қиындығы да сонда – жоғарыда айтылғандай, оның өзгеше тәсілмен сөз сызатындығында. Оны дәстүрлі жолмен талдай алмайсыз, ондағы әдеби тәсілдер анық көрініп тұрмайды, оның түбін тектеп табасыз.

Ақын өлеңдерінде көбінде символ жиі ұшырасады. Яғни, белгілі нәрсені бедерлі сөзбен айшықтап, астарлап жеткізу.

Ғайпи күздің жанарындай пәк  
Жүрекке салған ұясы  
құстың  
Ару қыздың анарындай хақ  
Ана даланың миясын Құштым.  
Беталды жаққа бұлдырық ұшты,  
Бұйра қарқаның  
етегін қиып.  
Гүлдерден теріп түрлі дыбысты  
Бұла сағымның  
жетегінде келемін ұйып.  
Жаздың дыбысы (мазақта сірә!)  
Мәжнүн боп илла кеттік-ау деймін.  
Азапты асып, ғажапты асырып,  
Осып өтеді көк дырау кей күн.

Өмірдің өткінішілігі, сауық-сайранмен кеткен көп күндер жайлы ой-толғаныс бір сәт ақын санасынан орын тепкен. Абайдың «Егер есті кісі болғың келсе, күніне я жұмасына бір рет өзіңе-өзің есеп беріп тұр» дейтін даналық сөзін еске түсіреді. Жоғарыдағы өлеңде «ғайпи күздің жанарындай», «ару қыздың анарындай» дейтін теңеу де, «көк дырау күн» деп келетін метафора да, «ғайпи күз», «бұйра қырқа» деп келтеін эпитеттер де кездеседі.

Сұраған Рахметұлының бірде-бір өлеңінен қарапайым жасалған тіркестер, жеңіл ұйқастар кездестіре алмайсыз.

Қараөткелдің аузында қалған ұмыт  
Қайран күлкім мен сені іздеп келем  
Жапырақ – жыр, қаз даусы, тізбекті өлең  
Қалқып ұшып сөнеді сынық талдан  
Қыс, Хабар, Мұң  
Қараөткелдің маңында ұмыт қалған  
Қайталанбас үнімді құстан алдым.  
Осы маңда тамаша бір ғұрып бар  
Рахмет!  
Аяулы бұлдырықтар  
Босанады боз жусан, шыңғырып тал...  
Рахмет! Аяулы күллі жұптар.



Тағы да сол кешегі өрнек, кешегі жыр, кешегі уақыт. Бір өлеңнің бойына түрлі тәсілді сыйдырады. «Боз жусан мен тал шыңғырып босанады». Күрделі тіркестер ойдың сонылығына жетелейді.

Бір гүлінен бір гүлі  
Мөддіреген жаңаша  
Бұлағының сылдыры  
Бұл әуеннен тамаша  
Гауһар тұнған шөп іші  
Анам тіккен алаша  
Жұлдыздардың көбісі  
Маңдайымнан аласа  
Есінейді биік қыр  
Аунап алып жас құмға  
Имек шындар иіп тұр  
Иегімнің астында

Тағы да «анасының алашасымен» берілген қазақы ұғым қылаң береді. Бұл өлеңде дамыту, ұлғайту, кейіптеу т.б. тәсілдері тұнып тұр.

Көлеңкені кимелеп, көз байланды.

Күшік тұр.

Сеңсеңінің етегін,

Желпиді ептеп ішік қыр.

Бетін тырнап беткейде үкі бүрген қояндай:

Жетім шамның жарығы үрейіме түсіп тұр.

«Ішік – қыр» – соны тіркес. «Үрейге жетім шамның жарығы түседі». Өлеңдері арқылы ақынның «лирикалық Мені» көрініс береді.

Уақыттың бір түтім түймесіндей  
жырларым.

Тырауынан мұң жауды

Кеше қайтқан тырнаның.

Жаздың жүзі баяғы жапырақтай оңғанда,  
шағына алмай біреуге:

Жылағым кеп тұрғаны...

Иә, барлығымыз да жапырақтай оңамыз, біздің де біреуге шағынғымыз келіп тұрады ылғи. Бұл ақынның барлық жүректің лүпілін бірдей жырға қосқан шеберлігінің көрінісі.

Сұраған Рахметұлының өлеңдерін оқып отырғанда, ғалым Серік Қирабаевтың мына бір пікірі еріксіз ойға оралады. «Ақын өмірінің екі үлкен кезеңі болады – оның туып қалыптасуы мен кемелденуі. Осының екеуінде де ақын өмірі мен оның тіршілік құрған ортасымен, дәуірімен, уақытпен тығыз байланысты етеді. Алдымен уақыт пен дәуір оның туып қалыптасуына әсер етсе, кемел шағына жеткен кезде, ақын керісінше уақыт пен дәуірдің өзіне ықпал жасайды, өз творчествосымен қоғамның рухани өміріне әсер етеді. Қоғам мен адам сырын көркем бейнелей отырып, уақыттың қызметін ашады, бүгінгі шындық арқылы келер ұрпақпен тілдеседі. Халықтық ой-пікірдің, оның рухани тіршілігінің жетілуіне көмектеседі. Бұл тұста ақын сөзі үлкен саяси, идеологиялық күшке айналады. Қоғам мен ақынның біте қайнасуы деген осы. Творчество адамының негізгі мақсат-мұратының өзі де осында. Нағыз таланттар осы жолда өз тағдырын өзі жасайды» [15, 90]. Бұл сөзді Сұрағанның поэзиясына да қатысты айтқан жөн. Себебі, Сұраған Рахметұлы «алаш әдебиетінің тарихында анық қалатын ақын». Сұрағанның соны поэзиясында тылсымы терең өрнекпен көмкерілген өлең жолдарындағы басты идеялар осындай. Бір өкінерлігі, ақын поэзиясын зерттеу мәселесі әлі де соқпақ түспеген тың дүние. Әдебиетші ғалым Айгүл Кемелбаеваның, ақын Тыныштықбек Әбдікәкімұлының аздаған шолу түріндегі талдаулары болмаса, әлі де бұл тақырыпта арнайы зерттеу жұмысы қолға алынбай келеді. Біздің мақсатымыз да осы шараның алғашқы баспалдағы болмақ. Өлең өрнегі. Жаңа өрім. Жалықпай өрлеу. Жанталаса шарықтау. Бірақ, ол ақын тоқмейілсімейді:

Тәлкектеп тұр ма Ай мені,  
Дұрысы – қайту... Ұйықтау...  
Кешегі түнім жайлы еді  
Бүгінгі ойым сұйықтау.

Сұраған Рахметұлы қазақ поэзиясына өзіндік үнімен, өзінің жеке-дара стилімен келген ақын. Әр кейінгі ұрпақ өз жолын алдыңғы аға буынның жеткен жерінен бастайтынын ескерсек, Сұ-

раған да Абай мұрасын бойына сіңіріп өскен. Сонымен қатар, шығыс пен батыстың ескі де жаңа мұраларын зер салып, поэзиялық-философиялық туындыларын талдап, саралап, ойшылдарының еңбектерінен сусындап отыратын ақын поэзиясы бүгінгі таңда өзінің кемел шағына жетті. Оның өлеңдері өзінің сонылығымен, өзгелерге ұқсамайтын қалам қарымымен ерекшеленеді.

«Стиль – өнер ерекшелігі. Стиль әр жазушының дара қасиеті» деген Ә. Кекілбаевтың пікіріне сүйенсек, Сұрағанның поэзиясынан да өзіне ғана тән ерекшелікті аңғарамыз. Өлеңдерінен ұлттық бояудың иісі аңқып тұрғанымен, оның жырлары негізінен постмодернизм стилінде. Олай болуы заңды да. Себебі, «әр ұлтың әдебиетінде көркемдік әдіс, бағыттар, ағымдар әр кезеңде әртүрлі жағдайда өзгеше қалыппен пайда болып, дами бастайды. Қайсыбір әдіс, бағыттар басқа топыраққа тамыр жібермей жатады. Ол тарихи-әлеуметтік жағдай, әдеби-интеллектуалдық орта табиғатына байланысты. Мәселен, Абай сыншыл реалист пе, жоқ, ағартушы реалист пе деген мәселе әлі анықталмады. Бізде рыцарьлық романтизм, сакральды аллегоризм, маньеризм, барокко тәрізді көркемдік бағыт, ағымдар болған, болмағанын іздестірмейміз де. Имажинизм, дадаизм, акмеизм, футуризм, лучизм ағымдары хақында, әрине, ауыз ашпаймыз. Мүмкін, олардың қайсыбір жұрнақтары табылар. Көркем әдеби үдеріс өзге әдебиеттерді қайталау, соған еліктеу міндетін алға қоймаған. Географиялық, экономикалық, мәдени-эстетикалық ахуалдарды тұрмыс-тіршілік, салт-дәстүрдегі айырмашылықтар өз үстемдігін жүргізген. Ол үшін қынжылу тіпті де қажет емес» [16, 5].

«Сұраған Рахметұлы – атажұртта есімі танылған ақын», – дейді ғалым Айгүл Кемелбаева: «Баян-Өлгий – көне түркілердің киелі ошағы. Ақындық лебіз әуелден тәңірін іздеуден бұр жарады. «Дүниенің кілті кімнің қолында екенін білу үшін... P. S.» Бұл постскрипtum – ақынның «Ақ тегершік» атты жыр кітабының эпиграфы. Біртүрлі төңкеріліп түскендей, ғадетте латын қарпімен бұл белгі ең соңында қойылады, ал эпиграф (грекше жазу) – сөз басы.

Сауал жусап жатады әр ізде мың,  
Қайрақ тасты тырналап нәр іздедім.  
Қыңсылаған күшік үн қайда қашты?

Олеңде аспан тұттай жалаңаш болмағы ненің тұспалы?

Ит солықтап ішінде көсегенің

Қапырық кеш шашады

Көсе көгім.

Түсім сынды амалсыз айға соқты-ау

Көбелектің қанатын төсенемін.

Көне Ведалардан бастап шеру тартқан поэзия модернизмге құдилады: Бодлер, Поль Верлен «Қарғыс атқан ақындар» деп ат тағып жіберген өз шоғыры Артюр Рембо, Стефан Маллерменің үні бір мезет қабат естіліп қоя бергендей, «Ұлып жұртқа қайтқан ойға» (Абай) байланды. Абсурд деуге тілім бармайды. Бұл не, футуризм бе, акмеизм бе, сюрреализм... бірақ көркемдіктен жұрдай емес. Футуризмге ХХ ғ. басында күміс ғасырдың білгірі хәм зергері Г. Адамовичтің берген анықтамасы бар: «Түсініксіз, беймағлұм құбылысты түсінікті жазатын поэзия бар, ол – футуризм». Тосын хәм кереғар дүниені үйреншікті тығырықтың арасында жүріп адам баласы шын көңілі қалап тұратын тәрізді.

Қайталайды-ау тырна үнін шың дара,

Құлын туды енесінің тамырынан сырғанап.

Барлық әлем кісінейді,

Сол сәттен соң ғажап ай,

Жансыз әуен көзін ашты тырналап.

«Ана Алтайдың аржағынан ақжал атым арқанын

Соза тартты ойнақтатып бойындағы бар қанын.

Шоқтығына жел жетпейтін ірі шыңның ығында,

Қарауылға байлаулы екен қайран менің тарпаңым».

Ақын өлендеріндегі мұндай сарынды ғалым Айгүл Кемелбаева былайша талдайды: «Қайран менің Еділім», Қазтуған жырау жоқтауының жалғасындай сезіледі. Ғасырлар шеруінде түркілердің жоғалтқаны көп, көңілдің көкжиегінен сырғып кеткені мол. Ең негізгі сарын – «Елім-айлап» өксіген қазақ баласының көкірек шері.

Үлкен үйдің іргесі алыс болғасын ба, кім білген,

Үзеңгімді ұзарта алмай жүрмін мен.

Ақын үлкен үй дейді, қарашаңырақ демейді. Алтайдың аржағындағы кең жазық шекарадан асып кетсе де, баба қазақтың жылқысының түгі қалған жер».

Қазіргі заманғы қазақ поэзиясындағы модернизмнің түп астарына бойлаған сайын ұлттық фольклордың нышандарын, архетипті таба береміз.

Көңілсіз күз аялы жапырағын сілкілеп,  
Ши түбінен еседі бұлаң құйрық түлкі – ілеп.  
Қылаң тұман тау басын шырқай шауып барады,  
Судың бетін ұшықтап сумақы бұлт – сұр түнек.

Ақынның тілінің шұрайы табиғи нәрінен арылмаған бағзы бұла қалпында болғанмен, өлеңнің формасы тың, стилі жаңа. Әйтпесе, мынау суреттен жер жыртығын жамаған жалмауыз кемпірден алтын сақасын алып қашқан баланың бейнесі жалт ететіндей. Артынша өлеңнің жүзі кілт құбылып өзгеріп шыға келмегі тағы аян:

Денесі жоқ үн көрем,  
Сенесіз бе, қымбаттым,  
Табыспасам сол үнмен аластамай кеш, құдай.

Ғайыптан сорғалап періште жырдың қанатынан Лермонтовтың 16 жасында жазған бір құдіретті өлеңі қалықтайды, атауы «Періште» болатын.

Сұраған Рахметұлының өзі кей сәтте лағу деп ен салған жырларын оқып отырғанда еске қазақтың космонологиялық мифологиясы, жерге түскен Үркер, аспан денелері оралды. Сондай-ақ, Дулат Бабатайұлы дәуіріндегі эпикалық толғау біздің заманымыздың безбеніне құлайды, абстрактілі образға айналып кетеді.

Ағып түскен жұлдызды күйсеп қойып  
Іңір жатыр бұзаудың желісінде.

Ақынның қарашығы асылдығы болар, көрместі көріп, байқамасты аңдып үлгеретін тәрізденеді. Және кей сәт лағып, адасып, ми айналар кеңістіктен, символдық белгі атаулыдан түркілердің тұяғын іздеп аласұратыны анық. Қарапайым оқушы зердесіне тоқып үлгермей абыржытынын елең қылмайтыны бір өкініш. Мүмкін модернизмде өстіп адастырмай, еліктірмей қоймайды. Мистикалық ымырттарды француз Стефан Маллармеден аңдаған едік.

Поль Верлен мен Артюр Рембо өлеңдеріне тән кешкі ой кешу, күн батып, ай туғаннан соңғы толғаныс «Ақ тегершік» пен «Жұлдыздың лағыл елесі» атты қос жыр кітабында молынан кездеседі.

Мына заман мамығы ақ қарғаның

Адам сыңар,

Жер обыр,

Аспан залым.

Тұран – абам жөтеліп ұйқылы-ою

Жылан – анам көтерген Сақтар жанын

Кешір, кешір кең әлем, кесір әлем,

Есіл болған елімнің аққан қаны.

Есігі ашық, о, тоба, ұрмақтың

Есі кеткен Эллиндер құжынап тұр.

Тесік өкпе тексіздер

Тек тамұқта.

Ал мен болсам азырақ қызып аппын.

Кекшіл Хунну көгінде

Қызыл аққу.

Ғұн. Күн. Мағжан. Ақын қайда құлаш ұрады? Қай қиырларды, қай ғасырларды аңсап аласұрады? Егер өткен замандар болса, ол келмесе кеткен.

– Көктің жүзі құба жыр, дала қойны құба түк.

Ақын өзінің ата-бабасының сөзін қаузайды, даланың өрнегін де, жөргегін де өзі көрді. Мәңгілік сағыныш оның атауы. Бәсе, кей мезет ұғымға қиғаш келетін тәрізді жыр жолдарынан бір-жола безіп кете алмайтыныңыз енді мәлім болды.

Әжем қонды түсіме кеп, үркітпеші, кірпігім.

Міне, алшақтық қайда? Батыс пен Шығыс. Бірі сағыныштан жұрдай. Ал, әруаққа сыйынуды шет көрмейтін түз баласының мынау мәңгілік сағынышын рационалды біртекті әлем қабылдай қояр ма екен?! Олар оны бағзыда лақтырып тастаған; кәрілер үйі жанға жайлы, күтімі мен бабы күшті. Мынау экономикалық сан алуан мағлұматқа бағынған біртүрлі әлем әжесінің асыл бейнесін сағынуды қайтсін.

Сұраған ақынды оқыған сайын атаң қазақтың дүние жалған философиясын ерекше ұғынуға болады. Бәрі де өткінші, мұң оранған. Оны өзі де келтіріп өтеді:

Бір мұңым бар қойылмайтын нүктесі [11, 27].

Өмірі өлеңіне, өлеңі өміріне айналған. Себебі, «постмодернизм үрдісіндегі қазіргі қазақ поэзиясында айналасына көңілі толмау сарыны бәрінен басым. Лирикалық кейіпкерлер тартысты ғұмыр кешеді. Әлемдегі техногенді заман өзгерістеріне жылы ұшырай алмайды. Байырғы ұлттық құндылықтардың жойылып бара жатуына наразылық күшті. Тәркі дүние соққыларын төтеп беру қиын. Олар жалғанның опасыздығынан түңіледі де, белгісіз бағдарда, уақыт пен кеңістікті сезінбейтіндей жағдайда шарасыздық мұнарына сіңіп кетуге бет алады. Бұл ахуалдың шынайылығын толығымен теріске шығару жасандылыққа, әсіре саясатшылыққа апарар еді [16, 5].

Бұрынғы дәстүрлі жырдан алшақтағанымен, Сұрағанның өлеңдерінде қазақы болмыс қаймағын бұзбай, кілкіп тұрады. Постмодернизм стилінің өзі де сыртқы келбетін өзгертіп, ақиқатты астарлап жеткізетін тың тәсіл. Бұл стильге ғалым Бақытжан Майтанов мынадай анықтама береді. «Постмодернизм қоғамда ірі сілкіністер дүниеге әкелетіндігі белгілі. Өткен ғасырдың 70-80 жылдары әлем әдебиетінде осындай дүрбелең тудырды. Жаһандану дәуірінің ақпараттық жүйесі арқылы одан өзге халықтың мәдениеті мен өнері жете хабардар болып жатты. Постмодернизмдегі ең үлкен дүниетанымдық ерекшелік – кертартпа романтиктердегі сияқты өзіне таныс өмір сиқынан түңілушілік. Олар айналаны өзгертуге де тырыспайды. Бәрін шарасы таусылған көзбен, тіпті бейтараптықпен, қажыры кетілген, көбіне өзіне қаратылған ащы мысқылмен (самирония, самопародия) топшылайды. Үкім айтуға ұмтылмайды. Сырт қарап қана ілбіп отыратындай. Шын мәнісінде бұл сияқты бет-перденің (маска) ішінде керемет қарсылық тулап жатады. Олардан сыншыл сарын, реалистік элементтерді таба алмаушылық қателікке ұрындырар еді. Өз басымыз, әсіресе, қазақ әдебиеті жағдайында модернизм мен постмодернизмді реалистік әдістің жаңғырған, өзгеше кескін алған, танымастай өзгерген, бірақ түпкі

мақсаты алшақтамаған нәсілдік туысы санауға бейімбіз. Ал, қазіргі дәуірдегі модернизм мен постмодернизмнің қазақ әдебиетіндегі көріністері тұтас бағыт деңгейіне көтерілмеген, олар өзара ара-жігін де ашып дараланбағандықтан, бүгінгі күн бедерінде көркем әдеби ағым ретінде өмір сүруде. Орнына қарай дәстүр, үрдіс, көрініс, стиль терминдері қоданылуы мүмкін. Біз бұл үдерісті жылдамдатуға да, кідіртуге де құқылы емеспіз. Тақсыр уақыт пен әдеби тәжірибе негізгі сөздің тұтқасын ұстамақ. Осы жайында көрнекті ғалым Айгүл Кемелбаева былай дейді: «С. Рахметұлының өлеңдері қазіргі заманғы қазақ поэзиясындағы постмодернизмнің озық үлгісі. Ол ХХ ғ. ағымдардан бас тарта алмайды, алайда ата тегінен, көшпелі нәсілінен, негізінен бір айнымайды, сонысымен баурайды» [12, 32]. Өзінің тың да тосын ойларымен, соны тіркестерімен «оқырманын сынап» жазатын ақын өлеңдері оқырманын өз тереңіне бойлау үшін көп ізденуге ұмтылдырады. Ақынның «Өрен жүйріктің сілекейі» кітабына пікір жазған әріптесі Шынай Рахметұлы ақын шығармашылығына былайша баға береді: «...Сұрағанның өлең шығару әдісі бөлек. Өзіңді кінәлама: Түсінбедім деп. Дәрменім жетпеді деп. Түсінуге. Оны кінәлама: Абайша жазбады деп. Абайша жазуға болады. Ұқсап бағасың. Ізімен жүресің-ақ. Ескі сүрлеумен. Бірақ, ол бола алмайсың. Дара да бола алмайсың. Жұбан, Мұқағали, Жүмекен, Төлеген, Бұлар дараланды. Абайға ұқсамауымен. Бір-біріне де. Дарынды ақынның іздеген арманы сол: тыңнан түрен салу. Сұрағанның да өз дауысы, өз үні, өз тәсілі керек. Одан нұқсан келмейді. Поэзияға жақсы леп келеді. Өлең толысады. Қазақ өлеңі. Өйтсе «Өрен жүйріктің сілекейі» осы қазынаға қосылып отыр. Тамшы болып. Меруерт тамшы» [3, 43].

Қазақ поэзиясына меруерт тамшы болып қосылған ақын поэзиясының тақырыбы да, көркемдік ерекшеліктері де сан алуан. Қазақ поэзиясындағы постмодернизм сарыны Сұрағанда ғана емес. Қазіргі қазақ әдебиетінен постмодернизмді табуға әрекеттенбесек те, Т. Медетбек, Ә. Қайран, Т. Әбдікәкімұлы, Ж. Бөдеш, Б. Сарыбай, Б. Қарағызұлы, А. Жатқанбай сияқты т.б. ақындар шығармаларынан дүние сырын қорытуда оқшау көзқарастар аңғарылады. Біз жан әлемін терең мұңды, нәзік су-



реттейтін Н. Оразалин, Ұ. Есдәулет, Е. Раушанов немесе модернизмнің импрессионистік тармағына хас эстетикаға сай жыр толғайтын Г. Салықбаева, М. Райымбек, З. Елғондинова, Ж. Әскербек, Т. Толқын, Ж. Қадырованы айтып отырғанымыз жоқ. Ал Т. Медетбек, Ж. Бөдеш, Ә. Қайранның мейлінше таза реализм не оның романтизммен аралас құйылымына лайық туындылары да мол екенін жоққа шығармаймыз. Ешбір көркемдік әдіс, ағым, бағыт туралы әлем әдебиетіндегі басым қағидаларға байланып қалудың жөнін көре алмаймыз. Мәселен, Дж.Фаулз өзін реалистпін деп есептесе, зерттеушілер оны модернист, әсіресе, постмодернист қатарына қосуға әуес. Дж.Дойстың модернист не постмодернист екенін ажырату қиын. Ол реалистік стильден ада емес. Постмодернизм ешқашан модернизмді толық тәркілемеген, өзі оның қойнауынан шығып, сондағы стильдік арсеналды өзгеше көру нүктесі арқылы дамытып отырған. Ал, постмодернизм қазіргі уақытта үлкен дағдарысты басынан кешуде. Алдағы көркемдік әдіс немесе бағыт, ағымдар қандай болмақ? Ол белгісіз. Сондықтан теориялық анықтамалар беруге асығудың қажеті шамалы. Постмодернизмді құбыжық көрудің реті болмаса керек. Оны осы дәуірде бірден-бір көркемдік әдіс, бағыт, ағымына жатқызу да жағдайды дұрыс пайымдауға апара бермесе керек. Мәселе қандай қаламды не компьютерді пайдаланса да, шындықтың мейіріміне тойып туған талантты дүние жаза білуде [16, 5] – дейді ғалым Б. Майтанов.

Қорыта келгенде, ақын Сұраған Рахметұлының поэзиясының тақырыбы да, көркемдік ерекшеліктері де өзгелерден оқ бойы озық екендігін көреміз.

Зерттеу нысанына алған ақынның басқадан кездеспейтін соны тіркестері ақын шығармашылығының қазақ әдебиетіне тың жаңалық, соны құбылыс болып енгенін көреміз.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Секей Ж. Имашхан Байбатырұлы лирикасының кейбір сырлары. Шұғыла. – 2009. – №2.

2. Бавуугийн Лхагвасүрэн. Иштен шыққан шұбар жылан / Моңғол тілінен ауд. С. Рахметұлы. – Уланбатор. – 2008. – 41 б.
3. Рахметұлы С. Өрен жүйріктің сілекейі. – Уланбатор, Соембо-Принт, 2006. – 195 б.
4. Өтейұлы Ж. Мұқағали Мақатаев поэзиясының көркемдік жүйесі. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясы, Астана, 2007. – 140 б.
5. Рахметұлы С. Көгілдір шабыт. – Алматы, Атажұрт. – 2011. – 192 б.
6. Рахметұлы С. Түске оранған күз. – Астана, Фолиант. – 2011. – 208 б.
7. Әбдікәкімұлы Т. Өлеңнен ұшып жеткен құс // Түске оранған күз. – 2011.
8. Жұмабаев М. Шығармалары. – Алматы, Жалын. – 1996. – 250 б.
9. Рахметұлы С. Туған тілі ғана қазақтың жанын алып қалады // Әдебиет айдыны. – 2006. – 16 қараша. – 4-5 б.
10. Арыққарақызы Е. Моңғол-қазақ поэзиясының көркемдік ерекшеліктері // Алыптар тобының асылдары. Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы, Қазақ университеті. – 2005. – 380 бет.
11. Рахметұлы С. Жұлдыздың лағыл елесі. – Уланбатар: Соембо-Принт, 1995. – 100 б.
12. Кемелбаева А. Ана Алтайдың ар жағы // Шұғыла. – 2011. – №2.
13. Мақырұлы С. Адамтану өнері. – Алматы: Арыс, 2009. – 214 б.
14. Ахметов З. Поэзия шыңы – даналық. – Астана, Фолиант. – 2002. – 408 б.
15. Қирабаев С. Талантқа құрмет. – Алматы, Жазушы. – 1988. – 248 б.
16. Майтанов Б. Қазіргі қазақ поэзиясы және постмодернизм // Қазақ әдебиеті. – 2011. – 14-20 қазан (№ 41). – 5 б.

## БАЙЫТ ҚАБАНҰЛЫ

Академик Серік Қирабаев кітабының алғысөзінде: «Еліміз тәуелсіздік алған тұста мен Қазақ ССР Ғылым Академиясының М.О. Әуезов атындағы Әдебиет пен өнер институтының директоры қызметін атқаратынымын. Соның алдында Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті құрған Ш. Құдайбердиев, А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, М. Дулатов сияқты Алаш жазушыларының мұрасын қайта қарау туралы комиссияның құрамында жұмыс істеп жүргем. Осы ақын-жазушылар шығармашылығымен толық танысып, комиссияға ұсыныс дайындау жұмыстарын мен басқардым. Олардың кітаптары мен баспасөз беттерінде жарияланған еңбектері түгелдей біздің кітапханалардан табыла қоймай, біразын сырттан (Мәскеу, Ленинград, Қазан, Омбы, Орынбор, Ташкент кітапханалары мен мұрағаттарын) іздеп тапқанымыз бар. Осы қыруар жұмыстың арқасында аталған жазушылар ақталысымен (1988), біз олардың шығармаларын тез арада (1989) кітап етіп басып шығаруға мүмкіндік алдық» – деп жазды. Тәуелсіздік алған жылдардан бастап, шетелдегі қазақ әдебиетінің өкілдерін өз отанында танытуға жол ашылды. Соның бірі Моңғолияның Эреденет ауданында тұратын Моңғолия жазушыларының мүшесі, шетелдегі қандастарымыз талантты да, дарынды ақын ретінде мойындалған Байыт Қабанұлы. Ол қазақ елінің тәуелсіздік алған жылдарында, яғни 2010 жылы «Бұрымбиді» кітабы, 2011 жылы «Даланың әні» атты дүниесі Қазақстанда жарық көріп, әйгілі де мәшһүр ақынның адалдық пен пәктікпен, сұлулық пен сырлылықтан, ізгілік пен іріліктен жаралған даладай дархан жүрегі өз елінде танылы бастады.

Даламның әні – қуанышым мен  
наламның әні арыла көрме даламнан,  
Даналық елім сенімен ғана ғасырлар бойы  
көнеріп кетпей жарқыраған да жаңарған.  
Бабамның әні, Ананың әні, Баламның әні  
жас төгілетін жанардан,  
Шаттығыменен, ақтығыменен,  
қайғысыменен, нарттығыменен

далалық әннен жаралған.

Далалық әнім өлсем де менің

өшпейсің рух санамнан –

деп жырлайды тегеурінді ақын.

Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы төрағасының бірінші орынбасары Талғат Мамашев: «Бір жиын кезінде Моңғолияның шет аудандарының бірі – Эрденетте тұратын Байыт деген ақын жігіт маған келіп, арнайы сәлем берген еді. Сол кезде өзі туралы әңгімелесіп тұрып қолыма шағын үш жыр кітабын ұстатып кеткен болатын. Жиынның қарбаласымен жүргендіктен, кітаптарды үңіліп оқи алмадым. Той тарқап, Алматыға келген соң, жаңағы ақынның кітаптарына көзім түсті.

Өлсем де келетіндей сағындырам,

Өлместің, өшпестіктің тағын құрам.

Тұрлаусыз төрткүл мынау дүниені

Төртауыз өлеңіме бағындырам, –

деген жалынды шумақ «Таңсәрі шуақ» атты кітабының басқы бетінен орын теуіпті. Арықарай оқи бастадым. Адалдықтың ақ сәулесіндей, ақын жанының айнасындай болған өлеңдер бірінен кейін бірі шумақтала берді. Нағыз қазақылықтың қаймағы ма дерсің...» – деп толғана тебіренуі бекер болмаса керек.

Байыт Қабанұлы қашанда өзгешілікті бағдар шам еткен ақын екен. Сөз құрауды жазушы Асқар Сүлейменов осындай тосын сөз құрылысын сабақтап, сөйлегенде де ешкімге ұқсамайтын мақам-сазды тауып айтатын. Сондай үлгідегі ақын Байыт болса керек. Өлеңдегі ұстанымы да, ой айту ерекшелігі де басқаша. Тек, Байыт ақынға лайық, тек Байыт ақынға жарасатындай. Моңғолияның Баян Өлгей аймағына ғана емес, барша қазақ даласына лайықталған дүниелер. Моңғолия жерін, одан қалды Баян-Өлгей маңайында өмір сүретін қазақтар Байбесік біздің байырғы мекеніміз деп есептеп, сол жерлерден мәңгі тұрақ тауып қалған екен. Оны Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы төрағасының бірінші орынбасары Талғат Мамашев та растап отыр. Содан да болар Дүниежүзі қауымдастығының «Атажұрт» баспасының жоспарына Байыт Қабанұлын енгізіп, кітабын жарыққа шығаруды оң санаған. «Таңсәрі шуақ», «Аруа-

на сезім», «Ой кесте» деп аталатын үш кітабынан сұрыптап, «Бұрымбибі» жинағы жарық көрген.

Тас табанын аялап майда гүлден,  
Самалдан да сақтанып сайға кірген,  
Өлең бітсе бойыма нәзіктенер,  
Менің сиқым боздаған қаймал інген.  
Күнге ұмтылып қол жетпес айға күлген,  
Айран жалап қазаннан қаймақ ілген,  
Өлең туса қуанған алақайлап,  
Менің түрім жас бала тайға мінген.

Өлеңнің сөз мақамына тұла-бойына қарап отырсаң өзгеше сөз қолданылысы көзге түседі. «Тас табанын аялап майда гүлден» немесе «самаладан сақтанып сайға кірген» деп алып, өлеңсіз күндерінде өлең жазбаған уақыттарында «Менің сиқым боздаған қаймал інген» деп ақын, нәзік жүрегін алға тартады. Ал өлең туа қалса қуанып, алақайлап «Менің түрім жас бала таға мінген» деп ақын болмысын жатық та, әдемі суреттейді.

Қаймықпаған басқадан ханға кірген,  
Ұран салған қышырлы қайрақ үнмен.  
Жарық көрсе кітабым батырдаймын,  
Барша көптің алдына байрақ ілген.  
Сайман етіп қолдағы қалам-хатты,  
Жақын етіп, дос етіп алам жатты.  
Қызыл гүлді қызғанам қыс қарынан,  
Топырақтан қызғанам адамзатты.

Бұл шумақтарда «Жарық көрсе кітабым батырдаймын, барша көптің алдында байрақ ілген» деуі де, «Сайман етіп қолдағы қалам-хатты, жақын етіп, дос етіп алам жатты» деуі де, Аманжолов Қасым ақынды, дүр ақынды еске түсіреді. Бір досымнан айрылсам, он досымды табамын деген мағынада жырлайтын ақындар үндестігі. Үндестік болғанда өзінше, өзіне тән ғана үндестік.

Жақсы өлең, жақсы жырға бас иетін елдің поэзияға деген махаббатын жырлаған ақын:

Жарық етіп түбегейлі түн түнегін,  
Өлеңнің өрт жалынын бүркіп едім,  
Жаңбырдан соңғы сулы күнбағыстай,

Бетінді тоса бердің шіркін елім.

Орындап «шөл даланың» бір тілегін,

Нөсер боп,

ақжауын боп сіркіредім.

Қырық күн шөлден түскен нар атандай,

Сырымды сусын еттің сыршыл елім, –

деп толғанады. «Жанбырдан соңғы сулы күнбағыстай, Бетінді тоса бердің шіркін елім» десе де, «Қырық күн шөлден түскен нар атандай, Сырымды сусын еттің сыршыл елім» десе де, ақынға жарасып тұр.

Өлеңнің түйінінде, Байыт ақын:

... Адам сірә, тойған ба

бал-шекерге,

Шекерге қол сермедім бе

бекерге.

Бақыт тәтті болады екен әрдайым,

Баста шалқып тұрғанда емес, өтерде, –

деп, мәпелеп ақын еткен бір түлегінің елі үшін от пен суға түсуге бар екендігін шынайы сезіммен, ақиқат ұғыммен жеткізеді. Байыт ақын сонысымен ақын.

Өз елінде ғұмыр кешкен адаммен, шетелде шалғайда жүрген адамның айырмашылығы бар. Өйткені, өз елінде жүрген жан-ның өмірге қояр талаптары басқаша, ал шетелде жүрген қандастарымыздың ойы да, сағынышы да өзгеше. Содан да болар Байыт ақын:

Айналдым сыйлы домбырасы бар халықтан,

Домбыраң сені көркейткен күнде дамытқан.

Домбыраң сенің рухыңа сәуле дарытқан.

Домбыраң сені әлемге барша танытқан.

Домбыраң барда – Алатаудай асқақ шынарың.

Домбыраң барда – шынарға талай шығарсың.

Домбыраң барда – шаттыққа телі сыңарсың,

Домбыраң барда – шалықтап көкте тұрарсың, -

деп жырлайды. Халқына деген махаббатын домбырасы арқылы жеткізеді. «Айналдым сыйлы домбырасы бар халықтан» деп

қазақ халқына деген патриоттық сезімін жолдаса, «Домбыраң сенің рухыңа сәуле дарытқан», «Домбыраң сені әлемге барша танытқан» деп домбыра арқылы, домбырадай қайталанбас, тек қана қазақ елінде ғана бар құдіретті аспап арқылы, адамдарын да аңдататын сияқты.

Сыңсыған сазды домбыраң сенің,  
бар халқым,

Сондық үшін де жайдары жаның  
ақ жарқын.

Еркелет, толқыт,  
аяла әсем назды үнді,

Домбыраң барда –

сен дағы барсың, нар халқым, –

дейді. Шынында да Домбырасы нар халқымыздың ұлы Жамбыл айтқандай не бір «шоң қазақтар» барын, сол жандарды да, сол әсем сазды да еркелет, толқыт, аялау керектігін еске салады. «Өйткені оның жайдары жаны ақ жарқын. Сондықтан да қазақтарға, ақын домбыраң барда – Алтайдан асқақ шынарысың, домбыраң барда – шынарға талай шығарсың деп алып, дәстүрінді сақтап, дәстүрінді ұлықтасаң ұлы ел болатынына сенім ұялатады. «Домбыраң барда – шаттыққа телі сыңарсың, домбыраң барда – шалықтап көкте тұрарсың» деп, ұлттық өнерге деген махаббат сезімге тартады. Шалықтап көкте туындай желбіреу үшін де домбыраңдай киелі асыл қазынаңды ардақтау керектігін ақын жан-тәнімен жырлайды.

«Қос» деген өлеңінде ақын тарих тағылымын, тарих толқынында суреттейді. Аз ғана дәмді суреттерімен тарихқа сүңгіп, өзінше ой қозғайды.

Ұлы күндер өзгеріліп,

Енсе дағы не түрге,

Өзгерілмей қоңыр күзде,

Қоңыр желдің өтінде.

Көшпенді елдің

Көшкен жолын

Ұмыттырмай еске сап,

Қарақос тұр қара көңнің шетінде.

Қара көңнің шетінде тұрған қара қос тарихтың бір белгісі. Қостың іші – өмір, қостың іші – тірлік, тірліктен басталған ұлы тіршілік. Сол тіршілік бірде жанып, бірде сөнеді. Содан да ақын:

Бүтіндерім кетілме,  
Қырық жамау қара қос тұр  
Ескен желді жылатып,  
Жылағанды уатып.  
Тарихтың салып кеткен  
Шұрық-шұрық жарасын,  
Жамағандай ұлы дәрігер-уақыт.

Қандай әдемі, терең ойлы суреттер. «Тарихтың салып кеткен, шұрық-шұрық жарасын жамағанда ұлы дәрігер-уақыт» деуі де тегін емес.

Жалғаса бер сыр-ақық.  
Өткен күнді  
айқындатып мұнардан,  
Ескен гүлді  
көз жасымен суарған.  
Барша әлемді  
Алақандай қуысынан шығарған,  
Қара қос тұр күнге күйіп қуарған...  
Түгесілме, ұлы арман.

Бұл жәйі қос емес, «барша әлемді алқандай қуысынан шығарған» қос бұл қостан ата-бабаларымыз ұланғайыр ұрпақтарын өркізген қос. Бұл қос – бүгінімізге жеткізген қос.

Ақын Байыт Қабанұлының ерекшелігі де осында, ақынның ақындығы осында. Өлеңнің түйінінде:

О қара қос,  
Алты қанат ақ орданың анасы,  
Дала елінің сіңген арман, наласы.  
Сені көрсем еске түсер  
Көп қауымның шаласы мен дарасы,  
Сенің шоқпыт жамауларың –  
Ел-жұртымның жүрегінің жарасы,  
Сеніменен жалғасады  
Ұлы өмір мен Ұлы өлімнің арасы.



О қара қос, алты қанат ақ орданың анасы – деп аяқтайды ақын. Шынында да сол қара қос – алты қанат ақорданың анасы ғана емес, бүгінгі ақ ордалы қаламыздың да анасы. «Сенімен жалғасады, Ұлы өмір мен Ұлы өлімнің арасы, О қара құс, алты қанат ақ орданың анасы» деуі де сондықтан. Ел-жұртымыздың жүрегінің жарасы, – сенің шоқпыт жамауларың деп теңеуі де ақындықтан хабар береді.

Ақын Байыт Қабанұлының ерекшелігі де осында, ақынның ақындығы осында, өлеңнің түйінінде» әдемі аяқтайды ақын. Басқа елде, басқа ғұмыр кешу деген оңай нәрсе емес. Қашанда туған елдің, бауырмал елдің тау-тасы да, қара топырағы да, шалғын майса шөптері де, аққулы айдын көлдері де сағындыра-ры сөзсіз. Сондықтан Байыт ақын:

Мен осы алағыздым кеште неге,  
Тояттамай тұр көңіл ештемеге.  
Биіктерін Алтайдың сағынды ма,  
Бестөбеге қарайды ес көре ме.

Сағынды ма Алтайдың биіктерін,  
Аңсады ма биіктің киіктерін.  
Ес-түсімнен әйтеуір шықпай қойды,  
Шақырды ма тентегін сүйікті елім.

деп тебіренеді. Туған елі – Алтайды сағыну жәй сағыныш емес, мұң-нала, запыран-қайғы да болуы мүмкін. Сен тентек бол, не момын бол – сағыныш иліктіреді, сағыныш алдында басыңды иесің. Сағыныштай құдірет сезім жоқ. Ол бір құдіреттің саған берген асыл сыйы. Сағынышты өмір сүрген адам ғана бақытты. Арман биігі де сағынышқа келіп тіреледі. Адам өмірі – сағыныш. Сол сағыныштың бірі – уыз дала, ұлы дала:

Уыз – дала,  
Ұлпа – тас,  
Сағым – белім,  
Саумал желмен тараған дарын ба едің.  
Саф ауамен қаныма кірген дарын –  
Найзағайлы сарқылмас жауын ба едің.

Жаңбыр, жаңбыр жауа түс аялдама,  
Нұр себейін аттыға, жаяуға да.  
Өлеңменен мейірім таратайын,  
Айыр құйрық, улы тіл шаянға да.

Абыз кеуде күңіренсін жыр-көкейім,  
Алдау емес асқарға шын жетейін.  
Қара тасты жібимес мұңлы етейін,  
Қасқырды да жайдары сырлы етейін –  
деп жырлауы, ақынның уыз – даласы, ұлпы – тасы, сағым –  
белі, саумал желмен тараған таза сезімдей.

Өлеңмен мейірім таратып, қара тасты жібимес мұңлы етіп,  
улы тілділерді де, азулыларды да сырлы етіп, дүниені өлеңмен  
айналдырғысы келеді ақынның.

Қара ниет біткенге сүт төгейін,  
Көні кепкен шөлдерге шық себейін.  
Қарғыстының бата боп ауызына,  
Жалаң басқа құт сіңген шыт берейін.

Шырқа,  
шырқа, шырқыра,  
жаным менің,  
Шарпи түссін отсызды жалын демің.  
Өзі берген ауамен аз дарыннан,  
Опа тапсын сары дала,  
Сағым белім.

Шынында да өзі берген дарыннан, сары дала, сағым бел опа  
тауып, өзіне-өзі келуі ақынның күткен мақсат-ұстанымы. Мына  
бір өлеңін тұтастай келтірсек, артық болмас деп ойлаймын.  
Өйткені бұл ақынның өмірлік кредосына айналған өлеңдей  
әсер етті:

Мына өмірден аларымды алмасам,  
Шырын жинап қанарыма қанбасам,  
Аяқ жетіп барарыма бармасам,  
Өле алмаймын мен тып-тыныш әрқашан.

Келешекке берерімді бермесем,  
Кешегінің кемшілігін жеңбесем,  
Бүгінгінің тек асылын термесем,  
Мен өлмеймін, қара да тұр сенбесең.

Езуімнен елге енші бөлмесем,  
Төрге шығып көрерімді көрмесем,  
Мен оп-оңай берілмеймін өлімге,  
Өз отыма өзім күйіп өлмесем.

Ақын айтқандай, аяқ жетіп барарыңа бара алмасаң, өмірден аларыңды ала алмасаң, келешекке береріңді бере алмасаң өмірдің мәні қанша?! «Мен оп-оңай берілмеймін өлімге, өз отыма өзім күйіп өлмесем» деп қайсарлыққа, өжеттілікке ұмтылуы – ақындық ұстанымы, ақындық тағылымы. Ал, ақын жүректің адалдығын, парасатын танытатын мына өлеңде өзгеше пайымды қажет етеді:

Дұшпандар арандатып арымды ашып,  
Жүрсе де басымдағы бағым қашып.  
Мен әйтеу сол сұмдарды жек көрмеймін,  
Жалғанға сол қалпымен жаным ғашық.

Жаным ғашық әрқашан  
бұл жалғанға,  
Қарғыс айтып көргем жоқ  
сұм жандарға.  
Тірі күнде байқұстар жамандасын,  
Несін айтар бір уыс құм қалғанда –

дейді ақын. «Жүрсе де бағым қашып», мен әйтеуір сол сұмпайы жандарды жек көрмеймін деп, «Жалғанға сол қалпыммен жаным ғашық» деп өз ойына нүкте қояды. Және де ақындық жүрек өз-өзіне сенім артып:

Құм қалғанда бір уыс несін айтар,  
Сол күні бүгінгінің өші қайтар.  
Мен бе әлде  
дұшпандар ма кім жеңгенін,  
Кемеңгер кең даламның кеші байқар.

Кеші байқар кемеңгер кең даламның,  
Оны қойшы, арттағы елге алаңмын.  
Өнеріме сенемін, өлеңіме,

Аңыз болып сол елде мен қаламын –  
дейді. Айтса айтқандай, ақындардың көзі тірісінде көре алмаушылардың уақыт келе бәрі де дүниеден өтеді де салмақтап өлшер әділ ұрпақ қалады. Олар өзгеше пайым жасап, өз үкімін айтады. Бұл шынайы бағалау, өйткені, көре алмаушылық, бақастық ақын дүниетанымынан ада болады да, енді шынайы сын, ақиқат көзімен қарайды. Ақиқат уақыт көзімен өлшенеді. Сонда ақынның бағы ашылып, жолы – даңғыл жолға айналады.

Байыт Қабанұлы – сағыныштың ақыны. Бұған шетелде, елден жырақ шалғайда жүргені қатты әсер етсе керек. Үйде, отбасында жүріп те адам сағынышқа бөленеді. Мұның жолы бір бөлек. Академик Серік Қирабаев «Ұлт тәуелсіздігі және қазақ әдебиеті» атты кітабында сағынышқа оранған ақын жайында сөз ете келіп:

Ауыл жыршысы ретінде танылған Бейімбет, шынында да, сол өмірмен біте қайнасқан, өз тағдырын да елмен байланыстырған жазушы болды.

Ауылды сорлы жүрек сағынады,  
Шарықтап жүйрік қиял ағылады.  
Көктемде я қантардың мезгілінде  
Елді бір көрсетші деп жалынады, –

деп жазды ол. Бірақ теңдік жолы басқаша екенін, оның отаршылдық саясаттың ырқымен іске асып жатқан шаралары негізінен орталыққа ғана қызмет еткенін Бейімбет те, оның замандастары да түсіне алған жоқ. Олар келешекті алдан күтті. Оның қалай бұрылатынын біле алмады.

Байыт ақын оң-солын жақсы білетін, қоғамды оң-терісін пайымдайтын ақын. Оқыған ақын. Сондықтан көбіне көп саяси толқынға бара бермей, өлеңнің мәңгілігін ойлайтын қаламгер. «Сағындым аға» деген өлеңінде:

Сән кетті қыран жетпес  
шынарымнан,  
Дән кетті шырыңды бал

бұлағымнан.

Ән кетті ерке, сері көңілімнен,

Қалған соң егізімнің сыңарынан.

Ақжарқын аға-ай, ініге еркелік берген,

Мен үшін талай от кешіп өртеніп көрген.

Өзіңнен күткен сыбағам әлі көп еді,

Осылай екен жаңа ұқтым келтелік деген.

Атқосшы етіп ертіп ап ерке күнімді,

Естіртпес жаққа жол шектің көркем үніңді.

Өзіңнен қалған үш ұрпақ ержетер ертең,

Кім иіскер сенің тел оскен тентек ініңді.

деп жырлайды. «Сән кетті қыран жетпес шынарымнан, дән кетті шырынды бал бұлағымнан» деп бастауы, бұлақ ағысындай сыңғырлап сай-салаға еркін ағыспен түскендей.

Айға да талпынып қол созған аға,

Неге ерте иеленді қозба нала.

Ғашық ең туған жерге, сондықтан ба,

Асығыс сіңіп кеттің боз далаңа.

Сындырып сағын туыс, ата-анаңның,

Адамы болып кеттің «жат аралдың».

Мен болсам түсінікті дүниенің,

Түйінін түсіне алмай қапаландым –

десе де, «Ғашық ең туған жерге, сондықтан ба, Асығыс сіңіп кеттің боз далаңа» деуі де, шынайы ақындық. Бұдан әрі:

Жүруші ең ылғи мені алға бастап.

Жан едің Алтай таудай арманы асқақ.

Мына өмір өкпелі етіп жіберді ме,

Жолыңды жазықтағы жарға жастап.

Тайдың ба күз-қиядан абайламай,

Тез кеттің алды-артыңа қарайламай.

Мен болсам көзім талды өзің жүрген,

Шегі жоқ шерлі өлкеге қарай-қарай.

Ақынның: «Мына өмір өкпелі етіп жіберді ме, Жолыңды жазықтағы жарға жастап» немесе «Мен болсам көзім талды, шегі жоқ шерлі өлкеге қарай-қарай» деуі де аяулы сағыныштың үздіккен үніндей. Ақынның жүрегі адамдар үшін жаралған. Үздігіп сағынады, үздігіп сүйеді. Жандарды жанына тартып, аялағысы келеді.

Беу адамдар, өнер құдым,  
өлең жаздым сен үшін.  
Менің осы егісімнің  
адамдар көр жемісін.  
Өлеңіммен өктем етсем,  
көктем етсем ел ішін,  
Тек сол болар бұл өмірден  
менің тапқан жемісім.

Беу адамдар, күнде мені,  
тілде мені тілдесең,  
Тілдегеннен, күндегеннен көптен бері  
көпке кетіп жүр есең.  
Қарсы аламын қай жағымнан  
қалай шенеп, мінесең,  
Бәрібір мен  
сендер үшін күресем.

Ақындық деген адамдарды сүю, ұлтын сүю, халқын ардақтау. Ақынға қай адам да жат емес. Өйткені, өз ұлты, өз халқы. Халқының ұл-қызын ақын жүрек қалай алалайды? Қалай бөледі?! Сондықтан да ақын «Өлең жаздым сен үшін, менің егісімнің адамдар көр жемісін», «Бәрібір сендер үшін күресем» деуі – ақындық жүректің ақтарылуы.

Ақынның арманы – өлең-жырының мәңгілігі. Мәңгі болу үшін елі-халқы керек. Мәңгі болу үшін – алдымен ана тілі мәңгілікке айналуы заңдылық. «Жанының жыршы құстарын» ойлаған ақын былайша төгіледі:

Жанымның жыршы құстары,  
Қиула, жырла, шуылда.  
Көктем де келді масайрап,

Жалында, жаңдыр, суынба.  
Боздаған мен бір бозінген,  
Боздамай, сірә, тынбаймын,  
Дауысымды жеткіз, жалғастыр  
Менен соң келер буынға.

деп толғанады. Бұдан соң ақын «Жетімдік көрген жерім жоқ, Жер беті толған ел барда» десе, «Жанымды сазға толтырған, жаршы құстарым сен барда» деп өлең-жырына, жаршы құстарына сенім артады.

Ақын қалай жыр жазса да, шынайы, табиғи жазады. Байыт ақынға сенесің. Сеніміңе ие болған соң ақын оңды-солды жазуға да лайық. Өйткені, ол шынайылығымен оқырманын баураған ақын.

Шаттанушы ем сені көріп керілсең,  
Мас болушы ем  
жан ұйытып берілсең.  
Өзге ешбір жан саяхаттап көрмеген,  
Маған ғана таныс әлем едің сен.

Әлемнің бар жинасам да көркемін,  
Сен ғана едің табатұғын  
дерт емін.  
Өзге ешбір жан жалынына шыдамас,  
Ақ көйлекке орап қойған өрт едің.  
дей келіп, үлкен ақиқаттың басын ашып, алға тартады.

... Адам сірә, тойған ба  
бал-шекерге,  
Шекерге қол сермедім бе  
бекерге.  
Бақыт тәтті болады екен әрдайым,  
Баста шалқып тұрғанда емес, өтерде.

Иә, шынында да, бақыт тәтті болатыны әрдайым, басты шалқып тұрғанда емес, өтерде. Өмірден өткенде ғана сол бақытты кеш түсінетін жандар аз ба? Қолда бар алтынның бағасын ұқпай, бақытының жанында жүріп, оны сезінбейтін де жандар жоқ емес. Ақын сол ойын жып-жинақты жеткізе білген.

Мағжан ақын:

Сарғайдым күннен күнге қуат кеміп,  
Қалың ой, қара жылан жүректі еміп.  
Ақырын бітіп барам жанған шамдай, –  
деп жазған өлеңін:

Дәрігер, дәрі бақсы деп,  
Алмаңдаршы мазаны,  
Тірліктен өлім жақсы деп,  
Сұраймын өзім қазаны, –

дейтін өлеңін:

Қабірім менің теңізде,  
Естимін ажал дауысын, –

тәрізді өлеңдерін еске түсіріп, жырлайтын-ды Байыт ақын. Мағжан ақын түңілуінде де, Байыт ақын түңілуінде де аржағында үміт сәулесі жатыр. Бұл күйреу емес, қайта өзін-өзі қайрау. Алға ұмтылу. Сондайды сезіне отырып, қайта ұшталу дер едім.

Мәшһүр ақын Әбділдә Тәжібаев өзінің «Өмір және поэзия» кітабында: «Біздің қазіргі әдебиетіміздің марқайғаны сонша, бүгін поэзиямыздың өзін іргелі елдердің кәдесінше неше алуан салаға жіктерлік дәрежеге жеттік. Ұйқасқанның бәрін «өлең» деп қарау мезгілі әлдеқашан өткен. Енді біздің бір тобымыз негізінен поэмашыл ақындар аталса, енді бір тобымыздың лирикаға шеберленгенін аңғарамыз», - деп жазған еді. Сол лириканы темірқазық еткен ақын Байыт Қабанұлы – шынында талантты да дарынды. Қасым Аманжолов бастаған, Әбділдә Тәжібаев қостаған Ғали Орманов, Сырбай Мәуленов, Әбу Сәрсенбаев, Жұбан Молдағалиев, Қуандық Шаңғытбаев, Ғафу Қайырбеков, Мұзафар Әлімбаев, Тұманбай Молдағалиев, Қадыр Мырзалиев, Сағи Жиенбаев, Төлеген Айбергенов жалғастырған лирикамыздың бір шеті – шетелдік қазақ ақындарында жатыр екен. Олар Қытайдағы Таңжарық Жолдыұлы, Моңғолдағы Қуанған Жұмаханұлы және осы біз зерделеп зерттеп отырған ақын – Қабанұлы Байыт ақын.

«Жалғыз ағаш» өлеңі ақынның жақсы-ақ басталған. Аяқ алысы ширақ тереңге тартатындай, бірден баурап алады. Бірақ, соңғы шумағы, өлеңнің түйіні көңіл қалдыратындай. Өзі айтқандай:



Қалыңдыққа бер маған адалдықты,  
Залымдыққа боп барад жаным үйір, –  
дегендей, «Сенде тудық, сенде өстік, сенде тағы өлеміз, Назаланба «Көппін деген көпшілдердің көрге бірге түскендігін көреміз» деген тіркестер ақынның тазалығына лайық емес. Оқырманын суық жайға жетелеп, көңілін қалдырады. Мұндайдан Байыт ақын аулақ болғаны жөн. Әрі тауып айтылған сөз де емес. Бір көре алмастық көзіндей қарайды. Көпшілдерге неге ала көз болады? Бұл ақынға жараспайды. Мұны алда ойлағаны артық болмасы анық. Ал, өлеңнің басталуы:

Жалғыз ағаш.

Жалғзым-ау,

Мен өзіңе сырласпаққа мың бардым.

Сыр ашпадың,

Үнсіз ғана самал желмен ырғалдың.

Жалықтың ба,

«Көппін» – деген қылығынан сұмдардың.

Назаланба.

Сен несіне «жалғызбын» деп мұңдандың –  
деп, ой тастарлық өлеңді одан әрі де жақсы жалғастырады:

Білесің бе,

Жалғыз күн бар, шуағынан нәр аламыз бәріміз.

Ай да жалғыз,

Қараңғыда көретұғын жалғыз аппақ ағымыз.

Аспан жалғыз,

Ай мен Күнді, көп жұлдызды кеудесіне сыйғызған.

Жер де жалғыз,

Барлығымыз тұрақтайтын жалғыз тұғыр тағымыз.

деп ақын, «Назаланба. Сен несіне «жалғызбын» деп мұңдандың», «Ай да жалғыз, Қараңғыда көретұғын жалғыз аппақ ағымыз», «Барлығымыз тұрақтайтын жалғыз тұғыр тағымыз» деп әдемі үйлестіріп келеді де, түйінін келістіре алмаған. Әрине, адам да, ақын да кемшіліксіз болмайды. Бірақ, өлеңді сұрыптағанда осы жағын ойластырған ләзім. Бір ақыннан: «Сіз ылғи да мықты өлең жазасыз, соның құпиясы неде?» деп сұрайды. Сонда ақын: «Ошақ пен пеш көмектеседі», – дейді. «Ол қалай көмекте-

седі?» дейді сауал қоюшы. Сонда ақын: «Мен жаман өлеңдерімді ошақ пен пешке өртеп отырамын», – депті. Бұл да табылған сөз.

«Мен неге ақын болдым?» деп Байыт ақын өзіне өзі сұрақ қояды да, жауабын өзі береді: «Адам болып жаралу, сірә, ғаламат. Ал ақын адам болып жаралу, ол сәті түссе мыңнан бір-ақ рет кез келерлік ғажайып ғаламат. Сәті түспесе ше, мың жылда да жаралмауы ықтимал. Енді ақын болып жаралған екенсін, ол себепсіз болмайды. Басқа ақындардың себебін білмеймін. Менің ақын болып жаралуымда мынандай айнымас төрт түрлі себеп бар», – дейді де, оны таратып айтады:

«Қазақта «Қабан» атты екі әке болған екен, соның бірі – алты алашқа аты шыққан айтыстың ақпа ақыны, суырып салма желмая шешен, қазақ ауыз әдебиеті үлгісінің көрнекті өкілі Тауданбектің әкесі. Бірі – менің әкем.

Қазақта «Ұлжан» атты екі ана болған екен. Біреуі – Азияның жеті жұлдызының кемеңгері, қазақтың жазба өлеңінің шебері, ұлы Абайдың шешесі, енді бірі, әрине, менің шешем.

Қазақта «Күлтәй» атты екі ару болған екен. Соның бірі қазақтың халық жазушысы, Қазақстан мемлекет сыйлығының иегері, махаббат жыршысы атанған ақиық ақын Тұманбайдың әйелі, енді бірі, дау жоқ, менің жарым.

Моңғолдың байтақ даласында «Дэлүүн» атты екі жер бар. Соның бірінде әлемге әйгілі қолбасшы Шыңғысхан туыпты, енді бірінде мен тудым. Шыңғыс әлемнің жартысын жүзінен қан тамған қылышымен иеленіпті. Ал менде ұшынан ем тамған қалам бар...

Менде сірә, ақын болмасқа шара жоқ», – деп түйеді. Бұл да ақынның өзін-өзі дәлелдеуі, өзіне-өзі сенуі. Осыны алғы сөз етіп алып, әрқайсысына өлеңмен тоқталады. «Тауданбек ақынның әкесі Қабан бабаға тағзым ету», «Абай ақынның шешесі қасиетті Ұлжан анаға бас ию», «Тұманбай ақынның әйелі Күлтәй арумен сырласу», «Әйгілі қолбасшы хан Шыңғыспен бетбет» өлеңдері бір топтама жырға айналған.

– Қабан әке!

Тауданбектей ұл туғыздың таудан биік дарынды,  
Сол дарынның арқасында ол өлең айтты,

салмақты да сарынды.  
Сарынды өлең бізге жетті асқақтатып бағынды.  
Асқақ жырға амалсыздан барша қазақ бағынды.

Сен жараттың азаматтың, ақындықтың үздігін.  
Ол жібітті ыстық сөзбен суық өмір мұздығын.  
Сенің ұлың ақын емес, хан болса егер хаһарлы,  
Екі ғасыр өткеннен соң,  
Сені, сірә, білмес едік біз бүгін.

деп бастап,

Мені дағы:

«Қабан» атты әке жоқтан бар етті,  
Бар еткенде тек жай емес,  
Ақын етті. Нар етті.

Нар болудың нарқы бірдей болады екен жан баба!

Себебі сол:

Маған дағы Тауданбектей нар ақынның зары өтті.  
дейді, Тауданбектей айтыс ақынының, топты жарған жыршы-  
ның, әкесі – Қабан екенін еске салып, екіншісі, өзі, яғни Байыт  
ақын. Бұл «Тауданбек ақынның әкесі Қабан бабаға тағзым ету  
атты өлеңінде.

Бұдан соң «Абай ақынның шешесі қасиетті Ұлжан анаға бас  
ию» атты өлеңі мен өзінің неге ақын болғандығын дәлелдеуге  
ұмтылады.

Жалғыз тұрып құлан жортпас құланиек далада,  
Өзге бөтен ой келтірмей санама:  
Ұлы өлкеден кеппесін деп ақын шыққан шарана.  
Ғасыр аттап басымды идім,  
Ақындықтың пірі болған ұлыҰлжан анаға.

Заманыңды жатса дағы қасқыр иттей талап мұң. Аналықтың  
қасиетін шартарапқа тараттың.

Ғасырлардан ғасырларға көшіп өмір сүру үшін,  
Жан ана.

Абайыңды ақын етіп жараттың.

Ұлы уақыт – басы биік бұлдыр-бұлдыр құзар шың. Аяғыңның астында тұр сен одан да шынарсың.

Ұлың Абай тамақ тілеп жылағанда шырқырап:

Омырауыңнан сүт емес сен өрт ағызған шығарсың – деп, «Ақындықтың пірі болған ұлы Ұлжан анаға бас ие отырып, «Омырауыңнан сүт емес сен өрт ағызған шығарсың» деп, Ұлжанмен аттас өз анасын алға тартып» Байыт ақын:

Сені қолдап қоршаған соң кең сахара, жон далаң,  
Сүтке бөлеп, құтқа бөлеп еккен гүлің солмаған.  
Әйтсе дағы ақын тауып, ақ жалынмен асырау,  
Сеземін ғой, сізге де оңай болмаған.

Уақыт пен жер арасы болғанменен тым алшаң,  
Бізге жетті ақындыққа дұға болған «Тұмаршаң».  
Сен кешірген қасіретті менің шешем  
Ұлжан ана кешірді,  
Сенің ұлың шыққан көкке мен  
талпынып шыға алсам.

деп, арманын көркем етіп жеткізеді. «Сондай-ақ, ««Тұманбай ақынның әйелі Күлтай арумен сырласу» жырында да, «Әйгілі қолбасшы хан Шыңғыспен бетпе-бет» өлеңінде де Байыт ақын өзінің ақындық жолын сабақтайды. Қолбасшы хан Шыңғысқа:

Сен де атақты Дэлүүндей жерденсің.  
Мен де атақты Дэлүүндей жерденмін.  
Сен әлемге жаралғанда – қан уыстап келгенсің.  
Мен әлемге жаралғанда – ән уыстап келгенмін.

Сен әлемге хан болуды, заң болуды аңсадың.  
Мен әлемге шам болуды, таң болуды аңсадым.  
Сен әлемді қанға бояп қылыштадың шаршадың.  
Мен әлемді әнге бөлеп, дұрыстадым, шаршадым.

деп, хан мен ақынның айырмашылығын, екеуінің халық алдында екі тұлға екендігін, бірақ, қай ғұмыр баянды болатынын уақыт және ұрпақ шешетінін, бәрін екшейтін ұлы тарих және келешек қалай қарсы алатынын терең ойлылықпен тебірене жар-

лайды ақын. Бұл өз ойын айтудың ұтымды жолдары екендігін білдірсе керек.

«Күй» деген өлеңінде, күй құдіретін ақын жеткізуге ұмтылады, жүрегімен, жан сезімімен жеткізіп, екінші бір жүрекке қарлығаштың балапанындай ұялатуды көздейді.

Жан даусын лақтырып көкке бұлғап,  
Шер мұңын шерлі жаннан төккен ылғап.  
Еріксіз сезім құсын кеткен ұрлап,  
Япырай, мынау өзі неткен ырғақ.

Көңілді көшсіз қалған дала қылып,  
Көк күшік айдалада барады ұлып.  
Жүректің түкпірінде жатқан толқын,  
Аңыратып аласартты жағаны ұрып.

Моңғол жазушысы Нығышұлы Шерияздан «Болашақ бізді ұмытпа» повесі, «Оқырмандарға «Жырақта қыран жылдар», «Оралу» романдары, «Күдірлі керуен», «Өмір пернелері» повесі, «Белгісіз хат», «Игілік жолында» атты драмалары арқылы ежелден таныс жазушы Шерияздан Нығышұлының «Болашақ бізді ұмытпа» деген повесін жазған.

Даламның әні – қуанышым мен  
наламның әні арыла көрме даламнан,  
Даналық елім сенімен ғана ғасырлар бойы  
көнеріп кетпей жарқыраған да жаңарған.  
Бабамның әні, Ананың әні, Баламның әні  
жас төгілетін жанардан,  
Шаттығыменен, ақтығыменен,  
қайғысыменен, нарттығыменен  
далалық әннен жаралған.  
Далалық әнім өлсем де менің  
өшпейсің рух санамнан –

Проза саласында көптен бері қалам тартып келе жатқан жазушы бұл повесі арқылы құрылысшылар өмірін, оның ішкі, сезімдері тартыс үстінде көрсетіліп, оңтайлы шешім берген жазушы. Повестің екінші бөлімі «Арнау» деген атпен жазылып біткен екен. Моңғол еліндегі жазушы-прозаикті атай отырып, біз

Байыт Қабанұлының өлеңдері нағыз болашаққа жазылғандай әсер етеді. Әрбір өлеңінде ой салмағы, салиқалы сазды әуені, өзгеше оралымдары еріксіз тартады. «Болашақ бізді ұмытып, жадында сақтай жүр» деген үн тереңнен естіледі, алыстан жаңғырығады, елге сағынышты сәлемін жолдайды. Тебіренген терең де, арналы ағыспен ағатын өзендей. Бұл Байыт Қабанұлы ақынның «Даланың әніне» ұласқан үні, ақындық жүрегі, сезімтал жаны поэзия даусымен бірге үндеседі. Сондықтан да ақын:

Далада тудым,  
далада өстім ер болып,  
Құшағымды аштым  
жайылдым байтақ жер болып.  
Шайқалдым да  
төгілдім шалқар көл болып,  
Арғымақ аспас  
жаралдым биік өр болып.  
Тау кезіп өстім таңынан тұрып ертелік,  
Қарына аунап, қара күңгейде өртеніп.  
Еркін жүрген Елік, Маралды көп көрдім,  
Жаныма менің солардан сіңген еркелік.

Шабысыменен сайгүлік жүйрік аттардың,  
Қырағы болып қыр самалына қақталдым.  
Тасбұлақтардан тамсана сусын қандырып,  
Түп-тұнық мөлдір сезімді содан ап қалдым –  
деп тебірене толғанады. «Шабысымен сәйгүлік жүйрік аттардың» бәйгесімен жарысып, арғымақ аспас жаралған биік өр болып.

Далалық ұлмын,  
далаға ынтық жанмын мен,  
Дарабоз толқын  
ағайын болдым ақ жырмен.  
Осы далада ойпырай не боп өтпеді.  
Сондықтан болар сыр шертем үнем зарлы үнмен.

Далада тудым аядай қала тар маған,  
Нажағай өртеп, ақ бұрқақ соқса жанданам.

Арман емес киетін киім, нан маған.

Әлемге жалпақ айғайға басып паңданам –  
деп бір тоқтайды ақын. Ақын жүрегінде қаншама тасқын күш-  
қуат бар. Сол күш-қуат өлеңге, поэзияға айналған. Онымен  
қоймай ақын:

О менің арайлы өлке,  
таулы асқарым,  
Өзіңсіз бағасы арзан  
бау-бақшаның,  
Жат жерде жайлы тірлік  
етемін деп,  
Қаңсыдым,  
қалжырадым, қан қақсадым –

дейді. Жат жерде жайлы тірек етемін деп, қаңсыдым, қалжыра-  
дым, қан-қақсадым деуі ақындықтан туған сөз парасаты, шына-  
йы шындығы.

Аялап маған құшақ жайған ана,  
Көп болды бара алмадым бай далама.  
Содан ба ластанып жан сезімім,  
Дау дамай толып кетті айналама.

Нұр шашып күн шықса да күн артынан,  
Мұң тасып болмай қойды мұң артынан.  
Шықсам да бой жеткісіз биіктерге,  
Тұмшалап арылмады мұнар тұман.

Иә, солай, туған елден жырақта жүрген жүрек запыраны.  
«Нұр шашып күн шықса да, күн артынан, мұң тасып болмай  
қойды мұң артынан» деп туған жерсіз салы суға кеткендей.  
Сондықтан да ақын:

Қалаулы қарапайым қағыр далам,  
Балаң ем бас байлауға бағынбаған.  
Меңдедім медеу болшы не істесем,  
Сарғайып атқан таңдай сағымданам –

деп, туған елге деген махаббатын жеткізеді. Шетелдегі қазақ  
болу – оңай ма?! Оны сезінген жүрек қана сезінеді. Осы оймен

ақын «Даланың әнін» жүрегімен жырлайды, жүрегінің қанымен толғанады. Қанымен қоса жанымен, жан-жүрегімен тебіренеді.

Даламның әні –

даналық пенен дархандық, мәрттік ұраны,

Ұрандап сені айтады көкке, жер-суға

Жылан, Қыраны.

Даламның әні тек ғана сенсің

өміріне де, өліміне де сән беріп,

Далалық елді жұпынылықтан сақтаумен келген

жұпарға толы жұмағы.

Даламның әні өзіңсіз менің өмірім сәтті өтер ме,

Сен болсаң болды әуре боп босқа

салмаймын көзді бөтенге.

Далам – ау, саған келгенде кеше шырқырап келгем, шырылдап ертең кетерде,

Даламның әнін айта алмай кетсем

далалық ұл боп жаралғандығым бекер де.

«Даланың әні – даналық пен дархандық» деуі де, «жұпарға толы жұмағы» деуі де, «даламның әнін айта алмай кетсем, далалық ұл боп жаралғаным бекер» деп жырлауы – ақындық тұғырда тұрып, биіктен сөйлеген тұлғадай әсерлі. Төгіле жырлаған ақын, өзін-өзі тоқтата алмайтын тұлпар аттай мәреден өтіп кетіп те қалады.

Даламның әні – қуанышым мен наламның әні

арыла көрме даламнан,

Далалық елім сенімен ғана

ғасырлар бойы көнеріп кетпей

жарқыраған да жаңарған.

Бабамның әні,

Анамның әні,

Баламның әні –

жас төгілтетін жанардан,

Шаттығыменен, ақтығыменен,

қайғысыменен, нарттығыменен



далалық әннен жаралған.  
Даламның әні өлсем де менің өшпейсің  
рух санамнан.

Кім оқи білер даланың шалқар  
көп баулары мен көк тауын,  
Олар ма?  
Олар – далада туған, далада өлген от қауым.  
Оқиды солар, айтады солар  
жан жүрегімен тыңдайды және сезеді,  
Даланың шаттық ән, әуендері мен  
мұңайған сыңсу, жоқтауын.

Ақын «Кім оқи білер даламның шалқар көп баулары мен көк туын» деп алып, «даламның әні – қуанышым мен наламның әні» деп алып, шаттығыменен, ақтығыменен, қайғысыменен, нарттығыменен далалық әннен жаралған. Даламның өлсем де менің өшпейсің рух санамнан деп қайран қазақ даласының мәңгі ел екендігін поэзия рухымен дәлелдейді. Соған оқырманын сендіреді, сендіре отырып, қуат-күш, жігер береді. Одан әрі ақын қанаттанып:

Далалық елдің арайлап атып  
нұр шашып үнем тұруы үшін нұр таңы,  
Шырқалып дәйім тұруы керек  
дауылпаз, дархан  
дарияның әні, бұлт әні.

Даланың елі жаратты мені  
сондықтан болар  
дарияның әні, бұлт әні –  
Кеудемнен менің дауыл боп соғып,  
бұрқасын болып бұрқады –

дейді, кеудесінен дауыл соғып, бұрқасын борап, соңында даланың әні – дауылпаз, дархан дарияның әніне, бұлт әніне айналды. Өзін даланың елі жаратқандығын да ұмытпайды:

Білетін жанға созылған шетсіз далада не бір  
дабылды әннің түрі бар,

Содан ғой мына далалық елдің  
жандары нәзік, сыры бал.  
Жандары нәзік, сыры бал халық  
жаратты мені сыршыл ғып,  
Даланы білмес қапастың халқы

мені оқы дағы даланың сырын біліп ал –

деп, өзінің жүрегін халық алдына тартады. Жүрегі ұлы даласымен бірге. Далада шырқалатын мәңгілік әнімен бірге ән-әуен, сазы бар дала – мәңгілік Ел. Мәңгілік ел – ол қазақ халқы, қазақ рухы.

«Қазақ әдебиеті» тарихының III том, екінші кітабында Тайыр Жароков туралы: «Ақын таланты бойына біткен ерекше қасиетімен ғана емес, өз заманының көз-құлағы болып, өзі жырын жырламақ таптың не белгілі бір әлеуметтік топтың тілек, мүдде, ой, сезімдерін жұртшылыққа сөз өнері арқылы жеткізе білуімен бағалы. Осы шарттарға дәл келетін шын талант деп мақтан ете аларлық ақындарымыздың бірі – Тайыр Жароков.

«Ажал мен өмір» өлеңінің түйіні мықты. Ол түйін өнердің өлмейтіндігін, қоғаммен бірге жасап, алдағы ұрпақтарға жететінін паш етуге саяды.

Қолымда болса менің мың ажалға

Бермес ем жақсы жазған бір өлеңді!» –

дейді Тайыр соңғы шумақтың алғашқы жолдарында.

Осыны ақынның өз поэзиясы жөнінде де айтуға болар еді. Тайыр Жароковтың құдіретті талантынан туған асыл мұрасы – тамаша өлеңдері мен поэмалары әдебиетіміздің қымбатты қазынасы болумен қатар, біздің коммунистік құрылысымызға қызмет етіп, тірілермен тірілерше тілдесе беретін жанды құбылыс деп бағалады. Осындағы «Қолымда болса менің мың ажалға, Бермес ем жақсы жазған бір өлеңді!» – деген Тайыр ақын сезімі – Байыт ақында да бар. Ол сол рухта жазуға жан-тәнімен беріледі.

Әбділдә Тәжібаев: «Ендігі биім жаңа би, Ендігі күйім жаңа күй» деп еді, Байыт Қабанұлы, «Даланың әнінен» даланың күйіне жанын тосады. Құдіретті күйге айналып, жыр жазады. Әбділдә ақын:

Өсе бір түсіп, тауларым,  
Таси бір түсті көлдерім,  
Кеңейе түсіп аспаным,  
Көгере түсті жерлерім! –

деп еді. Бұл сөз алдыңғы толқын ағалардың, кейінгі толқын інілерге айталған сөзіндей. Соның бірі – Байыт ақынға да қатысы бар.

Ақын Байыт Қабанұлы шетелде ғұмыр кешсе де, Қазақ деген ұлы елі бар екендігіне арқа сүйеп, пір тұтады. Қай жерде жүрсең де туған отаның, ата-бабаң – туған жері, тамыр жайған өлкесі барын жаныңа медет тұтасың. Сол сезіммен Байыт ақын «Елім барда» өлеңімен, елім барда деп көкірегін көкке тіреп, арқалана түседі. Қазақ деген ел тұрғанда, қазақ деген жер тұрғанда тұғырынан түспесін сезінеді. Сондықтан да ақын:

Қазақ – деген,  
Бабам –  
Балам –  
Елім жұртым бар менің,  
Құлақ салып құлдық етіп қабылдаймын әр демін.  
Баба – еліме бас иемін  
тарихынан, тағдырынан үлгі алам,  
Бала – елімнің аялаймын  
қорғаштаймын оқ өтетін жан жерін.  
Елім барда  
байлық маған қажет емес,  
қажет емес тақ маған,  
Адал ұлы болсам болды  
арда жұрттың ақ сенімін ақтаған.  
Қазақ үшін күйінемін  
өлімге де бас тігемін мақтанам.  
Одан басқа киелі де құты басым  
еш дұғам жоқ жаттаған.

деп, «Қазақ – деген, Бабам, балам – Елім жұртым бар менің!» деп арқасын Алатауға тірегендей, арқалана түседі, арқалана жырлайды. «Құлақ салып, құлдық етіп қабылдаймын әр демін, Баба еліме бас иемін» деп ақын елінің пақын, жерінің нарқын

терең түсініп, тұңғыық ойға түседі. «Қазақ үшін өлімге де бас тігемін» деп, одан басқа «еш дұғам жоқ» деп тағзым етеді, елін күдірет тұтады.

Қазақ деп мен мұң шегемін,  
қазақ деп мен арқалаймын ақ арман,  
Елсіз, жерсіз ер басыма  
ерке бақыт таңа алман.

Ол екеуміз  
бір құрсақтың кіндігі бір егіздері ежелден,  
Мен – Қазаққа,  
Қазақ – маған іштей тартып жаралған.

Әз халқымның бар болмысы  
байланысты маған да,  
Менің қандай болмақтығым  
байланысты оған да.  
Бір кемеңнің мақсаты бір  
жолшылары таңдамайды екі жол,  
Қазақ өссе, мен де өсемін,  
қазақ өшсе, мен де өшемін табанда.

Ақын «Қазақ өшсе, мен де өшемін табанда» деп, ұлы авар ақыны Расул Ғамзатовтың ойын қайталаса да, өзінше жазуға, өзінше ой толғауға ұмтылады. Өзіндігі сол: «Мен – қазаққа, Қазақ – маған іштей тартып жаралған» деп өзін еріксіз қосып, ба-тыл ой айтпақ болады. Онысы қонымды да. Ақындыққа салынып, өзінен де, өзгеден де қазақтық сипат іздейді. Өз бойынан қазақтың табиғатының бәрі де табылатындай көрінеді. Сондықтан да ақын:

Мен қашпаймын көтеремін  
дұшпандардың елге жапқан  
жаласын,  
Қасқыр тілмен жалап өтем  
нар қазақтың қанды ауызды жарасын.  
Мені іздесең қазақты ізде  
қанағатқа кенелесің қарызыңды аласың,

Ал қазақты іздер болсаң  
мені іздеп кел жаңылмайсың табасың.

Еркін айтып, еркін сөйлейтін ақынға бәрі де жарасымды. «Мені іздесең қазақты ізде» деп алып, «Ал, Қазақты іздер болсаң, мені іздеп кел жаңылмайсың, табасың» дейді ақын. Кеңес дәуірінде ойын еркін айтуға ұмтылған ақын жүрегінен бір сәт есіме оралып отыр. Кеңес дәуірінде «Семей-невада» және «Арал экологиясы» туралы айтылуға тиіс емес еді. Бірде Қазақстан Жазушылар одағына неміс жазушыларының делегациясы Мюнхеннен келіпті. Олардың басты жоспары Арал теңізін барып өз көзімен көру екен. Ол кезде Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы Олжас Сүлейменов еді. Мені шақырып жатыр дегесін келсем, неміс делегациясы отыр екен. Олжас ақын оларға: «Арал теңізіне баруға рұқсат жоқ, ал мына Арал теңізінің ақынын Сіздерге таныстырып отырмын. Шөмішбай Сариевті көріп Арал теңізін көргендей сезімде болыңдар» деп еді. Мұны айтып отырғаным, Байыт ақын: «Ал, қазақты іздер болсаң, мені іздеп кел жаңылмайсың, табасың» деп ақындық жүрекпен жырлайды. Бұл да ақындықтың бір белгісі болар.

Байыт ақын әрбір өлеңге әлемді сыйғызып, қарапайым дүниеден үлкен де ұлағатты ойлар туғызады. Бесіктің құдіретін, оның киелі қасиетін айтып қана қоймай, одан ұлтының, халқының тарихын табады. Бесік – қарапайым бесік қана емес, қадым ғасырдан келе жатқан ата-балалар дәстүрі, салты. Бесіктен ұлы нәрсе жоқтығын, «Қазақ ана әлди әнін салдырып тербеткенде бесігін, тынышы кеткен мына дүние сол қалпымен тербетіліп ұйып, мүлгіп жататынын», «Атам жатқан, әкем жатқан, өзім жатқан, балам жатқан бесіктің, бір рулы ел тараған алақандай ішінен» деп, «Бесік болса бала да бар, жаялығы кеппейді, жаялығы құрғамаса, ұлы қазақ құрымайды, мәңгі бақи көптейді» деп түйін түйеді ақын. Солай бола тұрса да, «Ұл мен қызы сыйлай алмай... атасы мен анасын, Ата-анасы көндіре алмай, өзі тауып, өзі өсірген баласын... Далақтаған тексіздерден төмен қойып данасын, Қалың елім Қазағым-ай қайда кетіп барасың» деп налиды ақын жүрек.

Хандарды қайтем қара халыққа тас ұрған,  
Жандарды қайтем жаны жоқтарға бас ұрған,

Зандарды қайтем замана сырын жасырған,  
Арларды қайтем аяқ астына басылған.

Әкені қайтем әлектің басын бастаған,  
Шешені қайтем жастық қып шерді жастаған,  
Ұлдарды қайтем қайырымы жақ тас табан,  
Қыздарды қайтем жалаңаш санмен жасқаған,  
деп келіп, ақын аялы сезіммен толғанып:

Ағаны қайтем ақылын жатқа талатқан,  
Ініні қайтем ағаның мұрнын қанатқан,  
Бағаны қайтем арзандап күнде баратқан,  
Жағаны қайтем жыртылып күнде жаматқан,

Үндерді қайтем үндемесем де үндеткен,  
Тілдерді қайтем тілемесем де тілдеткен,  
Күндерді қайтем күндерден кейін күнде өткен,  
Кімдерді қайтем күндермен еріп бір кеткен –

деп налалы жүрегін ақтарыла айтқан ақын, біраз жандарды ойға қалдыра аларлықтай сыр тартады. Сырды тұңғыық тереңнен тарта отырып, өзі сол тұңғыыққа еніп, еніп қана қоймай өзгені де енгізіп, толғантады. Болашақты ойлауға, бірге ойлауға ұмтылдырады. Бұл да нағыз ақындық жүректің айғақ белгісі.

Ақынның өзіне деген сенімі мол. Тәңір берген талант болғасын оған сенім артқан да дұрыс. Сол сенімнің үдесінен шығу мақсатында ақын басын тау мен тасқа ұрса да, мұқалмай, қайта қайрала түсіп, дегеніне жетеді. Дегеніне жету деген екі түрлі: бірі – көзі тірісінде, екіншісі – дүниеден өткенде. Нағыз ақындық баянды ғұмыр – ақын өзі дүниеде жоқ кезінде басталады. Ең соңғы өлетін үміт демекші, үміттің білте шамы сөнгенше ақын кемесі теңіз жағалауында қайырлымауға тиіс. Сондай сезімдегі ақын Байыт Қабанұлы:

Қамықпаймын!

Мен ұйқыда жатсам-дағы  
ұлы жырдан ұзақ бола алмаймын,  
Маржан сөзді тізбектеуден,

Қанжар сөзді жүзді ет деуден  
талықпаймын, талмаймын.

Тұман күндер арасынан  
табылмасты табамын да  
талғамасты талғаймын.  
Тұнығымды туғанға да  
әлі тумай жатқанға да арнаймын.

деп, өлеңін, өз ғұмырым бүгінге де, болашаққа да арнайтынын  
ақтарылып айтады. Өлеңімен сырласа отырып ақын:

Өлеңдерім сен менің –  
Өлместікке берілген  
өзгерілмес сертімсің,  
Тамырымды талдырып  
тасып аққан өртімсің.  
Табылмаған басқаға  
тастан қайтпас еркімсің,  
Жаралғанда жабысып  
жазылмаған дертімсің.

Сондықтан да мен сені  
жалықпадым жинадым,  
Жинап едім көк толқын  
көкірегіме сыймадың.  
Сыймадың да жанымды  
жалындаттың қинадың,  
Мені қинап өзгеге  
өнді ләззат сыйладың...

деп, «Енді айтатын тілегім» деп алып, сені оқыған жандардың,  
менің жүрегімді сенен танып, ұғынсын, мені түсінсін деген  
ұғымда түйін жасайды:

Енді айтатын тілегім –  
Сені оқыған пенденің  
көңіл кірі арылсын,  
Мені сағынбағандар  
сені жоқтап сағынсын.

Менен табылмағандар  
сенен үнем табылсын,  
Маған табынбағандар  
саған жаным табынсын.

Бұл да ақынның өзіндік кредосы. Өмірге қойған мақсаты. Ол бола ма, болмай ма, оны уақыт таразылады. Дегенмен, қазақ айтқандай «үмітсіз – шайтан» демекші, өз үмітіне жүгінеді. Сол үшін де ақын іштей запыран кешеді. Шетел тағдырын тартқан ақынның көңілінде туған елі – қазақ елі. Сондықтан достар менің елден шалғай жүрсем тағдырыма қызықпа дейді.

Қыздырып қаулап тұрса да мейлі  
кешті де аппақ таңды үнім,  
Қызықпа достар  
мен деген мына запыран жұтқан зарлымын.  
Арманға толы жанымды менің  
отқа да салды, суға да салды итеріп,  
Ақындық қуған адуын асау тағдырым.

Ұшына әкеп от іліндіргендей білтенің,  
Жарық әпердім,  
жылу әпердім төріне орда, күркенің.  
Жететін жерге жерткізбей әсте  
кем қылып көрген жерім жоқ,  
Керекті сөзді,  
деректі сөзді оңды да, солды сілтедім.

Ақын жолы болмағанын біреулерден, өсек-жала, көңіл түкпіріндегі наладан көретіндей. Бірақ, олай емес. Өмір екшейді. Тіршілік таразылайды. Оған уақыттың арасалмағы керек. Сондықтан бар тосқауылды «есектер» мен «кесектерден» көруге болмайды. Үлкен жүректі ақынға мұндай ойлар опа бермеуі мүмкін. Мұны да ойланып қойған абзал. Өйткені «өсегің» мен «есегің» де, «кесегің» де өз халқыңның өкілі. Ол түсінбесе, ұрпағы түсінеді, әйтеуір бір ұрпағы ұғынар деген пайымға келген дұрыс.



## ЕРБАҚЫТ НҮСІПҰЛЫ

Моңғол қазақтарының арасында проза жанры 1955 жылдан бастап дами бастады. Алғашқы шығарма жарық көрген жылдан кейін осы шығарманың ізін ала бұл жанр салалана дами келе, прозаның күрделі жанры романдарға дейін барды. Моңғолиядағы қазақ әдебиетінің жетіле дамығандығын көрсететін бұл соқпақ бүгінде даңғыл жолға айналған. Бұл жанрдың осы кезге дейінгі үзілмей келе жатқан желісі осы жанрға қалам тартатын қаламгерлердің әлі де бар екендігінің дәлелі. Соның бірі – Моңғолиядағы қабырғалы қаламгер Ербақыт Нүсіпұлы.

Ербақыт Нүсіпұлы – Өлгей қаласында туған. Қазақ мемлекеттік ұлттық университетін бітірген. Жазушы. Ербақыт Нүсіпұлы өзінің шығармашылық жолын студент шағында бастайды. Осы кезден бастап-ақ, жеңіл тақырыптарға қалам тарта бастаған жазушы шығармашылығының бүгінде шоқтығы биік. Алғашқы әңгімелеріне әркімнің басына соқпай өтпейтін нәзік сезімдерді арқау етсе, кейін келе, күрделі философиялық ойларға, тағылымы терең шығармаларға ауысады. Әңгімелері қазақ елінің орталық басылымдарында жиі жарық көреді. «Алтын Жұлдыз» орденінің иегері. Соңғы жылдары жазушының «Беймаза түн» атты проза кітабы жарық көрді. Көлемі шағын әңгімелерінің өзімен-ақ оқырманының жан-жүйесін баурап алып, ертегідей еліктіріп әкететін шығармалардың иесі Моңғолиядағы қазіргі қазақ әдебиетінің белді өкілі болып саналады.

Жазушы көбіне-көп қоғамдағы келеңсіз жайттарды сынға алған. Оның қаламының күшімен оқырман қауымға өмір сүріп отырған ортамыздағы көптен ащы шындықтар айқын жеткізіледі. Шығармаларында көбіне осы заманның келбетін, ұлттық құндылықтарымыздың әлсіреуін, «құндылық» деп санайтын дүниелеріміздің құнын жойып бара жатуын, ашық, демократиялық қоғамның қазақы келбетімізге тигізген әсерін арқау етіп, ашына бейнелемек болған жазушы өз замандастарының келбетін көрсетуге ұмтылады. Сондақтан да, оның әрбір әңгімелерінде күнделікті біз кездесіп жүрген адамдар кейпі айқын көрсетіледі.

«Мейлі шағын, мейлі, көлемді ұзақ шығарма болсын, жазушы-ақындар өмір туралы, адам және олардың араларындағы қарым-қатынастар туралы жұртшылыққа өздерінің ой-пікірлерін, көзқарастарын ұсынады.

Шығарманы жазбас бұрын, қандай мәселені оқушының алдына тартпақшы, сол туралы аз ба, көп пе ойлайды. Сан ой, сан алуан пікірлердің ішінен біреуін негізгі ойының қазығы етеді. Сол шығарманың тақырыбы саналады» [1, 40] – деген ғалым Қажым Жұмалиевтің пікіріне сүйенсек, зерттеу нысанына алып отырған жазушының көбіне замандас келбетін айшықтауға ұмтылатынын көреміз.

Шығарманың тақырыбын шығарманың идеясынан бөліп қарауға болмайды. «Жазушының шығарманы не туралы жазуын – тақырыбы десек, шығармадағы суреттелген өмір құбылыстарына оның өз көзқарасы, қалай бағалаушылығы – шығарманың идеясы болмақ» [1, 40].

Ербақыт Нүсіпұлының 2006 жылғы «Шұғыла» журналының №4 санына жарияланған «Ересек болғым келеді» әңгімесі аймақтың өмірі мен саясатынан хабардар етеді. «Әдебиет – өмір айнасы» атты Л. Толстойдың пікіріне жүтінсек, жазушы шығармасы сол қоғамның әдеби бейнесі, айнасы ретінде жазылуымен құнды. Аталған әңгіме Моңғолияның, қала берді бүкіл Советтер одағында әлі де партияның құдіреті жүріп тұрған кезінен, қызыл ұран мен қызыл айқайдың қызып тұрған кезінен сыр шертеді.

Әңгіме тақырыбы – қоғам өмірі болса, идеясы – үлкендер арасындағы жазылмаған заңдылық, яғни, үлкендердің кез келген күнәдан қымсына бермейтіндігі жайлы айтылады.

Әңгіменің бас кейіпкері – Қайрат өзінің жұпыны отбасының, ата-анасының және екі інісінің қызыл көрмей, ашығып жүргеніне жаны ашып, кез келген затын ұқыптылықпен ұстауға талпынады. Қарындары ашып, онысын жасыра алмаған балаларына анасы ет табу, отбасын асырау отағасының міндеті екендігін айтады. Тұрмыс қамытынан езілген әкесі оны қайта-қайта есіне сала беретін әйелінің «ызыңынан» қажып біткен. Осылай да осылай жалғасатын сүреңсіз күндеріне қоңырлау болса да мән қосатын жалғыз ұн, ол – кешкілік бір сағат бойы күмбірлей сөйлейтін радио хаба-

ры. Бүкіл жаңұа болып, тыңдайтын радиодан батыстағы капиталистік елдердің жадау тіршілігі, олардың аш-жалаңаш жүргендігі, олармен салыстырғанда «өзіміздің бай да бағаналы елімізде» ешқандай аштық болмағандығын, мұндағылардың барлығының «ішкені алдында, ішпегені артында» екенін ерекше асқақ пафоспен, көңілді әуенмен хабарлап өтеді де, артынан осы айтылғандардың қуанышын жеткізу мақсатында шаттық күйі ойналады. Бала жүрегі әрқашан шындық деп соғады ғой. Қайрат та радиодан айтылған, еш қисынсыз сөздерге сене алмайды. Оның «өтірікті соғады-ай кеп осылар» деген сөзінен селк еткен әкесінің оған «Радио партияның сөзін айтып тұр, партия өтірік айтпайды. Ал, кейде... Мүмкін, туу, не айтып кеттім, өзі. Иә, олар өтірік айтпайды. Сен бұл туралы ешкімге айтпа, жарай ма?! Сөйте ғой, күнім!» деп түсіндіруінің өзі заман шындығын айпарадай ашып беруімен құнды. Ал, ертеңіне мұғалім «әкел» деген бес сомды әкесінен сұрау үшін жұмыс орнына іздеп барған Қайрат мінбеде партияны мақтап, соның арқасында шадыман өмір кешіріп отырғаны жайлы айтып жатқан әкесін көреді. Көз алдына, құлағына әкесінің айтқан сөздері елестеген Қайратқа барлық үлкендер атаулы жұмбақ болып көрініп, бойын «тезірек өссем» деген бейкүнә арман билейді. Мүмкін, ол үлкендердің жалғандықты кейде жасырып қалатынын, белгісіз жұмбақ қатынаста болатынын, олардың өмірінің тек шындыққа негізделмейтінін білсе, тезірек өсуді армандамайтын шығар да еді, бәлкім!

Шағын ғана әңгіме осындай күрделі шындыққа негізделген. Жалаң сезімнен, әсіре қызыл сөзділіктен, қарапайым баяндаудан ада бұл әңгімеде кішкентай ғана аймақтың басынан кешкен кесепатты күндер, ондағы тұрмыс-тауқыметі және бүкіл жұртқа ортақ, бала атулығына тән адал мінез бен ақ пейіл айқын ашылып көрсетілген. Әңгіменің бас кейіпкері Қайраттың жол бойында жатқан консерві қалбырын теуіп жүріп, кенет бәтеңкесінің тұмсығына қарауы, оның «өз есебінше ержете бастағанының» белгісі болатын. Кейіпкерін осылайша мінездеу арқылы бүкіл балалар қауымына ортақ мінезді ашады. «Ересек болғым келеді» әңгімесі өзінің шынайылығымен, қарапайымдылығымен, тілінің жеңілдігімен құнды.

«Жазушы – өз халқын басқа халықтар арасында таныстырып отыратын өкілетті елшісі. Суреткер өз шығармасында туған халқының өмірін шынайы суреттеп, бейнелей білсе, ол – бақытты жазушы» [2, 139], - дейді ғалым Дандай Ысқақұлы. Ербақыт Нүсіпұлының шығармаларын оқып отырғанда ойымызға аймақ өмірі мен ондағы адамдар тіршілігі елес береді. Бірақ, бұл Баян Өлгей атты қазақ аймағы тек қана жаман қылықтар ордасы деген сөз емес, мұндағы айтпақ ой, барлық қоғамда кездесетін сүреңсіз жайттар, тек жазушы оны аймақ өмірінен алып, мысал келтіре отырып, кейіпкерлер арқылы көз алдыңызға әкеледі.

«Ызғарлы көктем» әңгімесі де қоғамның ащы шындығын ашып көрсетуге арналған. Бүгінгі қоғамда белең алып жүрген ең бір қасіретті жай – баласын тастап кете беретін азғын әкенің келбеті. Сонымен қатар, өзара келіспеушілік, жұбайлық ғұмырдың жарасым таппауы, ең алдымен, балаға әсерін тигізетіні, оның сәби жүрегіне өшпестей із қалдыратыны шағын әңгімеде кейіпкерлердің мінезі, жан-дүниесі, ойлары арқылы терең ашылып, талданған. Әкесін көзін талдыра күтетін кішкентай қыз Гүлайна өзін қандай қасіретті өмір күтіп тұрғанынан хабарсыз. Ол тек әкесінің ұзақ сапарға кеткенінен өзіне базарлық әкеліп береді деп үміттенеді. Әкесін күткен сағынышты сезіміне сырттағы көктемнің майда лебі, балапандарына жем тасыған қарлығаштың қылығы түрткі бола береді. Әсіресе, қарлығаштың мейірімі өз әкесін сағынуға бұрынғыдан да бетер ынтықтыра түскендей. Алайда, сәби жүрек аңсаған әкені сағынуға әйелінің жүрегі дауаламайды. Шаңырақ көтергеннен кейінгі тәтті жылдарды бастан кешірген отағасының аяқ астынан сабындай бұзылуы, әрнені сылтау етіп, ақыры мәңгілікке алшақтауы әйел жүрегінің астаң-кестең болып бұзылуына, қалған өміріндегі жесірлік тауқыметінің ызғарын сезінуге әкелетіндей. Бала көңілі әкесінің оралатынына бек сенеді, күтеді. Алайда, бір күні терезенің сыртынан көрген қыз бен жігіттің құшақтасып, бірінбірі аймалап тұруы, адамдардың бір-бірін сонша жақсы көруі, осынша мейірімділікті көрсетпеуге тырысқан анасының мұңлы жанары, жанарындағы ыстық жасы бала көңіліне беймәлім

сырлар енгізеді. Бұл күнгі түнді ана мен бала ұйқысыз өткізеді. Әңгіме «кең дүниеден лап етіп енген мынау өмірдің ызғары бала жүрегіне де қонақтай бастаған-ды» [3, 34] деп аяқталады.

Бұл әңгімеден де аңғаратынымыз, Ербақыт Нүсіпұлының шығармаларының барлығы түйінді ойлармен аяқталатындығында. Әңімелеріне күрделі мәселелерді арқау еткен жазушы шығармаларының барлығын оқырман көңіліне де салмақ салатындай ауыр да нақты ойлармен аяқтайды. Бұл да жазушының шеберлігін аңғартса керек.

Жетім бала мен жесір ананың қасіреті, әкесіз өскен бала тәрбиесі, қоғамдағы жартылай жетімдер, бүкіл отбасының тауқыметін арқалайтын нәзік жандылардың басындағы ауыртпашылық – XIX ғасырдың өзекті мәселелерінің бірі. Сан адамның, қоғам тағдырын алаңдатып жүрген мәселені жазушы шағын әңгімесіне лайықты арқау етіп ала білген. Әр жазушының өзінің шығармашылық мектебі болатынын ескерсек, Ербақыт Нүсіпұлының да өзіндік өзгеше қалам-қарымы, шығармаларына ең бір өзекті мәселелерді арқау ететіндігі, бітімі бөлек жазушының өзгеше стилін аңғартады.

Ербақыт Нүсіпұлының «Бейкүнә сәт» атты новелласы өзінің сюжетінің жеңілдігімен ерекшеленеді.

«Өмірден алынған құбылыстардың әдеби шығармада жаңа бейнеге ауысуы алдыңғы планға оқиғалар қозғалысынан (эпикалық, драмалық шығармаларда) немесе ой-сезім қозғалысынан (лирикалық шығармаларда) туындайтын сюжетті шығарады. Сюжет жалпы адам болмысы, алуан-алуан тағдырлар, қарама-қайшылықтар мен қоғамдық тартыстардың мәні ашылады.

Сюжет (француз тілінде «sujet» - «зат») – эпикалық және драмалық, кейде лирикалық шығармаларда қозғалыс үстінде көрінетін оқиға барысы, әрекет дамуы. «Сюжет» терминін ең алғаш рет XVII ғасырда классицистер П. Корнель мен Н. Буало қолданды» [4, 148-149].

Шығарма өмірдің өткінішілігін, қарт көңілдің қимас сәттерін аңсауына арналған. Әңгіме ауру шалдың «таяғына сүйеніп, ілби басып, далаға шыққан» сәтінен басталады. Қария немересінің балдан тәтті қылықтарын тамашалап, сыртта әдеттегісінен ұза-

ғырақ аялдап қалғанын сезбей қалады. Суды шалпылдата кешіп жүрген бір топ баланың ортасында жүрген немересіне Жартыбай шал «үйге қайт» демейді, қайта оның солармен бірге шапқылап, жүгіріп жүргеніне өзі де қосыла масайрап тұрады. Алайда, атасының немересінің қуанышын қызықтап тұрғанын келіні жаратпайды, оның ойы «тек ауру адам кешке тағы да ауырып қалып, мазамызды алады ғой» деген ниетте болады. Немересінің ойынын бөлгісі келмеген шалдың ойын еріксіз селт еткізген бұл сөзге қарттың жаны күйзеліп кетеді. Кенеттен барлық адамды өзімен бірге осы ойынды көруге шақырғысы келеді. Алайда, олардың барлығы да өзін жындыға балайтынына кәміл сенеді. Суық күнде ұзақ тұрғандықтан кешке Жартыбай шал қайта төсек тартып ауырып қалады, көз алдынан өзінің де бала шағы, бағанағы балалардай суды шалпылдата кешіп жүргені бәрі-бәрі елестеп өтеді.

Туындыда аса бір үлкен әлеуметтік мәселелер көтерілмейді, алайда, дүниеден өтер шағына жетіп, жастық шағын аңсаған қария жүректің барлығы ылғи болмаса да кей сәттерде осынау жағымсыз әсерді сезінері хақ.

Бұл шығарманың ерекшелігі де сол, онда бала көңілдің пәктігі, олардың шынайы тазалығы, ал, қарияның аңғалдығы мен өміріне деген қимастық, келінінің қазымырлығы көрініс тапқан.

Ербақыт Нүсіпұлының шығармаларының ерекшелігі – оның адамның, яғни, оқырманның психологиясын жақсы меңгергендігінде, сондықтан да ол кейіпкерлеріне өздерінің мінездерін ашып көрсететін тіл берген. Жазушының әр кейіпкерінің сөйлеген сөзінен-ақ, оның қандай адам екені айқын аңғарылып тұрады.

Әдебиет теориясында «композиция» ұғымына былайша анықтама береді: «Идеялық-көркемдік ойды жүзеге асыру үшін бірде кейіпкерлер сөзіне, бірде суреттеуге, бірде авторлық баяндауға, бірде диалогқа немесе монологқа, бірде автордың лирикалық толғанысына, бірде кейіпкердің ақыл-өсиетіне, хаттарына, күнделіктеріне жүгіну қажеттігі әр шығарманың құрылымын анықтайды. Бұл әдебиет теориясында композиция деп аталады. Латын тілінде «орналастыру, құрастыру, біріктіру» деген мағына беретін «composito» сөзінен шыққан композиция –

көркемдік түрлердің орналасуы және ара қатынасы, яғни, шығарманың мазмұны мен жанрынан өрбитін туынды құрылысы. Композиция шығарманы біртұтас дүниеге айналдыруға ықпал етеді [4, 148-149].

Ербақыт Нүсіпұлының шығармалары да жеңіл композицияға құрылған. Оның себебі де, жазушы үлкен тақырыптарға бара бермейді, шығармаларының дені жеңіл әңгімелерден құралады. Алайда, ол сол жеңіл туындыларымен-ақ, біраз мәселелерді көтереді. Жазушының туындыларында оқиғалар көбіне бір адамның ойымен басталады, кейде сол ойдың ішіндегі авторлық толғаныс арқылы да біраз нәрсе айтылады. Мәселен, жоғарыдағы «Бейкүнә сәт» новелласының өзінде де Жартыбай шал қазіргі қоғамның аласапырандығына, бұрынғыдай сыйластықтың жоғалуына, құндылықтардың құнсыздануына ой жүгіртіп өтеді. Ол әдебиет теориясында ішкі монолог деп аталады.

«О, құдай, аман болайық, әйтеуір. Міне, Ертайжан да адам болып келеді. Әлі талай қызығын көреміз. Айналып кетейін жалғыз ермегім менің. Ал, Шолпан болса әлі кішкентай, шешесінің омырауын қанша емсе де қанбайды-ау, қанбайды. Келін түсіріп, баламның отауын көтеріп бергеніме де оншақты жыл өтіпті ғой. Дүние-ай деген, сонда да құдай немереге жарытпады. Ұлымның айтуынша, мұның себебі, заманға байланысты. Қазіргі заман үшін ең қолайлысы осы екен. Оның бұл айтқандарына ашулана мырс етіп, сосын жерге шырт түкірген едім ғой. Иә, айтпақшы, былай дегенім де есімде.

– О, сұмдық, бүйткен заманы құрысын. Бара-бара ұрпақсыз қаламыз деші. Немене, сонда Майсалдың сегіз немересіне қазіргі заман таршылық етіп отыр ма? Әлде, солардың анасы басқадан кем қор ма екен? Жо-жоқ, мұнынды менен басқалар естімесін».

«Оның ақталғысы келіп, міңгірлегеніне де қарамай тұрып кеткенін» есіне алып жатқан шал осылай ой толғайды. Кейіпкердің аз ғана ойына бүкіл бір әлеуметтік мәселелер сыйып кеткен. Қазірі уақыттағы балалардың саны азайып бара жатқаны, қала әйелдері мен ерлерінің көп балалы болудан ат-тонын ала қашатындығы шығармада айқын бейнеленеді.

Жазушы шығармалары осындай айқын композициялық дәл жүйеге құрылған.

Шығарма композициясы жайлы ғалым Б. Майтанов былай дейді: «Уақыт өте келе, шығарма композициясы туралы пікірлер де айқындала бермек. Қайсыбір жағдайларда оны сюжетпен шатастыру бар. Ол қате. Өйткені, сюжетке де композиция тән. Фабула – сюжет емес, сюжеттің сүйегі. Композиция – сюжеттік материалдардың орналасу тәртібі. Көркем туындының аталуынан бастап, пролог, абзацтар, тараулардың қиысуы, оқиға жүйелерін баяндау, бейнелеу, суреттеу элементтері, пролог, эпиграф, авторлық шегіністер, т.б. мәртебелі композиция тақсырға қызмет етеді [5, 215].

«Бейкүнә сәт» новелласы былай аяқталады: «Ауру денесін билей алмаған күйі Жартыбай шал төсек үстінде қиналып жатыр. Тұңғыш рет мамық төсек арқасына бата түскен. Майсал шал от басында күбірлеп отыр.

– Эх, дүние, өмір деген осы... Жәкеңнің құлағы елең етіп, өз ішінен де бұл сөзді қайталап жатты. Бұдан арғысын естіген жоқ, ұлының жиі-жиі күрсінгенін ғана құлағы шалды. Ертай болса күндізгі ойыннан кейін шешесінен ұрыс естіп, өкпелеген күйі беті торсып пысылдап ұйқыға бет алған. Шал сандырақтап, көз алдына сонау балалық шақтағы алғаш ат жалын тартып мінгені, анасының алақанына салып берген сары майы, сосын майлы қолын жаңбыр суына тосқаны, сондағы тау жаңғырықтырған өзінің қуанышты айқайы бұлақ суын шалпылдата кешкен бейкүнә сәттері елестеп өтті» [6, 36].

Адам біткеннің барлығы ерте ме, кеш пе, бұл өмірден өтері хақ. Қамшының сабындай қысқа ғұмыр пенде атаулыны аһ ұрғызар арман, құйрығын ұстатпайтын алдамшы. Атам қазақтың өмір деген қызылды-жасылды тірлікті не үшін «жалған» деп атауының сырын өмірден өтерде ғана түйсінесіз. Әңгіме арқауы осындай ойларға негізделген. Әңгімені оқи отыра, өзіңіз де, Майсал шалмен, Жартыбай шалмен бірігіп, өзіңіз де «эх, дүние, өмір деген осы...» деп, қалай күрсінгеніңізді сезбей қаласыз.

«Замандас бейнесін жасау – қашанда болмасын қолына қалам ұстаған әрбір жазушының алдында тұрған асқар асу,



шешімін табуы қиын ең бір күрделі шығармашылық мәселелердің бірі», [7, 160] – дейді ғалым Дандай Ысқақұлы.

Зерттеу нысанына алып отырған жазушының «Тіршілік түтіні» әңгімесі де замандас келбетін жасауға арналған.

Әңгіме шағын да жеңіл, қызықты оқиғаға құрылған. «Киіз үйдің дәл ортасынан орын тепкен дөңгелек пештің аузында от жағып отырған» Сәния қолқасын қапқан ащы түтіге қақалып, ашумен пешті даңғыр еткізіп салып қалады. Оның даусынан өзі селк еткен ол жаңа ғана тұрып кеткен төсегіне көзі түскенде мейірленіп, жүрегі жылып сала береді. Себебі, «ұйқыдағы күйеуі Кәрібайдың тілім-тілім болып жарылған қап-қара қолы шымалдықтың бір ұшын қарыса уыстап алыпты». Еріксіз мейірленген Сәния күйеуінің жанына барып, кеудесіне басын қойып, ұзақ ойға беріледі. Көз алдына алғаш отау құрған жылдары, оның да, өзінің де жалынды сәттері, жұмыстағы сәтсіздіктері келеді. Далада жауып тұрған жаңбырмен жарыса ойға шомған әйел күйеуінің өзіне деген мейір-махаббатын, түрлі қылықтарын ой елегінен өткізіп отырады. Жұмыс орнында өзімен тірескен дұшпаны бар болғандықтан, күйеуі Кәрібайдың ісі алға баспайды. Құрылыс басында күні бойы шаңға көміліп жүретін күйеуінің қылығына Сәнияның да көңілі толмайды. Бұл үйдегі жиі болып тұратын жанжал да ақшаның жетімсіздігінен, ерлі-зайыптылардың арасындағы толық түсініспеушіліктің салдарынан болып тұрады. Кәрібайдың қас дұшпаны Темірлан жұмыстан шыққан күні Кәрібай үйіне масаң оралады. Түнімен әйеліне сыр ақтарған ол таңға жуық көзін іліп, ұйықтап кетеді. Кез келген жағдайда әйелінің алдына бас имейтін адуын еркектің сол түні кірпік қақпай шығуы, мейірін төге бермейтін әйеліне «менің бақытым - сенсің» деп, айтуы және сол күні көзіне жас алуы жас келіншектің таңданысын арттырады. Қуанышы қойнына сыймаған әйел сол бақыттың әсерімен ұйқыға шомады. Таңертеңгі шай үстінде түндегі сұхбат жайлы суыртпақтап сыр тартқан ол күйеуінің ештеңені есіне түсіре алмағанына налиды. Аяғы жанжалмен аяқталған соң да тіршілік жалғаса береді. Осынша оқиға көз алдынан тізбектеліп өткен кезде жаңбыр да басылады. Шелегін алып далаға шыққан әйел артына бұрылып қараған сәтте

«пештің түтігінен шыққан көгілдір түтіннің жаңбырдан кейінгі тымық ауаны тіліп, тіке ұшқанын» көреді. Әңгіме соңындағы «Бұл суреттің өзі жас әйелдің жан дүниесіне шаттық күйін сыйлағандай болды. Жүрегі лүпілдеп алғаш босаға аттаған сәттеріндегі ауыл қартының ақ батасын есіне түсірді. «Шаңырақтарың биік болсын, түтіндерің тік ұшсын» деп еді ол. Сол тілектің орындалғаны бәлкім, - деп ойлады ол, – тіршілік деген осы болар. Ал, мынау түтін тіршілік түтіні екен ғой» деген жолдардың өзі әңгімеге ерекше түйін болып тұр. Себебі, адамзат баласының барлығына тән құндылықтардың бірі де бірегейі – шаңырақтарының шайқалмауы, отбасындағы жылылық болмақ. Адамзаттың барлығы да өмірге өзінің қолтаңбасын қалдырып кеткісі келеді, яғни, өзінің перзенттері, өз шаңырағы болғанын қалайды. Жазушының әңгімені қарияның ақ батасымен аяқтауы да кездейсоқ емес. Жас отауға батасын берген қарияның ақ тілегі барлық қазақтың рухани құндылығы, олардың өмірінің темірқазығы іспеттес. Әңгіменің түйіні «неңдей жағдай болмасын, отбасыңды тастама, оған жылулық сыйла, өмірдің қиындығы мен қызығын жарыңмен бөлісіп көтер, әрқашан түтіндерің түзу ұшсын» деген ойды меңзеп тұрғандай. Осындай әңгімелеріне зер сала оқысаңыз, жазушының әрбір әңгімесін қазақы болмысқа негіздеп, ұлттық құндылықтарды ұлықтайтынын аңғарамыз. Мұндай ой – оның бүкіл шығармашылығына желі тартып жатқандай.

Қорыта келгенде, жазушы Ербақыт Нүсіпұлының шығармашылығын барлығы да қоғамдағы келеңсіз мәселелерге үн қатуға арналған. Аймақ өмірі, қала өмірі болсын, барлық қоғам өміріне көз жүгіртіп, ондағы жайларды ашына жазған жазушы өз оқырмандарын олардан қашық болуға және өз құндылықтарымызды дәріптеуге шақырады.

«Жазушының еңбегіне байланысты творчествоның азабы деген ұғым бар. Сол азаптың ең үлкені – суреткердің сөз үстіндегі қызметі. Шынында да: «миллион сөз ойлап, соның тек бірін ғана таңдау – қандай азап?» (Л. Толстой). Алайда, шын таланттың рақаты да сол – азапта: миллион сөз ішінен бір сөзді таңдап тауып, дәл орнына дір еткізе түсіру – азаптан туған рақат» – дейді ғалым З. Қабдолов. Осы пікірді ескерсек, қалам

ұстаған адамдардың барлығына дерлік ортақ талап – ондағы тілдің шұрайлылығы мен нәрі, көркемдік ерекшелікке бай болуы тиіс екенін аңғарамыз.

«Тілдің міндеті – ақылдың ақауын аңдағанша, қиялдың меңзеуін меңзегенше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарау... ойын ойлаған қалпында, қиялын меңзеген түрінде, көңілдің түйгенін түйген күйінде тілмен айтып, басқаларға айтпай білдіруге көп шеберлік керек. ...Сондықтан, сөзден сөз жасап шығару деген жұмыс әркімнің қолынан келе бермейді және шығарғандардың да сөздері бәрі бірдей жақсы бола бермейді», - деген ұлтымыздың ұлы перзенті Ахаңның пікіріне сүйенсек, жазушы шығармашылығында тілді дұрыс қолданудың маңызы зор екендігін көреміз [8, 141].

Сөз зергері Ғ. Мүсірепов те әдебиеттегі басты мәселе тіл туралы не бір құнарлы пікірлер айта білді.

«Көркем сөз – жанның сәулесі! Көркем сөзді құлқынға құл қылған, ол – бір надан адам, хайуан; ақыннан шыққан асыл сөздер, ол – биналар, ғимараттар, аспан тірер ол мұнара. Жер бетінде кездеспейтін мұнаралар. Сөз қаталы жауыңа ғана лайық; досыңа да солай айтсаң, жан-жүрегің өртегенің. Көркем сөздер күннен де жарық, тіліп өтсін жүректі... Көркем сөзге мен ризамын, жанымды саламын жүрекпен бірге. Шын ақынның айтар сөзі – жүрегінің қаныменен бірге шықсын!

Бұлбұлдарға тек гүлден орын берілісін!

Көркем сөзге атар оғы таусылмайтын жандар бар.

Ата берсін, көркем сөзге қадалуға

садақ оғы өзі ұялады» [9, 104].

Жоғарыдағы пікірлердің барлығы дерлік, әдебиет әлеміндегі басты талап жазушының құнарлы сөздік қоры, бай тілі екеніне тоқталады. Зерттеу нысанына алған жазушымыз да бұл талаптың үдесінен толығымен шыға алады.

«Көркемөнердегі құнсыздану мәселесі бүгінде әлем жұртшылығын алаңдатуда. Әр әдебиеттің өз тағдыры бар. Ғасырлар бойы ауыз әдебиетін азық еткен туған әдебиетімізде халықтық талғам басым болғаны рас. Жазба әдебиет осы нәзік те үзілмейтін мықты арқауды босаңсытып алмай отырып, оны уақыт-

қа сай даму үрдісінде қорытудың мәні зор. Қаз дауысты Қазыбектен Абайға жалғасқан шешендік-көсемдік үрдіс, «Қыз Жібектен» Сәкенге, Мағжанға ұласқан сұлулық үрдісті т.б. құндылықтарды үкілеп, игілікке айналдыруда профессионалдық айыбымыз көп. Соның нәтижесінде бүгінгі жазба өнеріміз дәстүрден ақсайтыны жасырын емес. Күні бүгінгі Мұқағали, Төлеген, Жүмекен ілгеріліктен қазақ поэзиясының соны серпіні де оқырман деңгейінде ғана «қалықтап» жүр. Дегенде де, қазақ прозасының атасы М. Әуезов мектебі дер кезінде қазақ қара сөзін жаңа профессионалдық сапада қанаттануға өзінің зор ықпалын тигізді. Талғамы биік жазушы талғамды оқырманды іздеуі – заңдылық. Эстетикалық құндылық та осы жерден көктейді» [10, 224].

Ербақыт Нүсіпұлының шығармалары тілінің жеңілдігімен, қарапайымдығымен ерекшеленеді. Ол да бітімі бөлек жазушының өзіндік өзгеше стилін аңғартады. Стиль – жазушының бір болмысы, талант кепілі. Жазушы тұлғалана алғанда ғана, стиль түзелетіні мәлім. Олай болса, тіл, таным, эстетикалық өлшем, философия – бәрі де стиль арқылы жарыққа шығады.

Ғалым З. Қабдолов мынадай пікір айтады: «Көркем әдебиеттің тілі екі түрлі екені белгілі: а) еркін құбылыстағы тіл яки, проза (латынша *prosa* тікелей, тура айтылған сөз); б) белгілі бір тәртіпке бағынған, тізбекке түскен тіл, яки поэзия (грекше *poiesis*- творчество)» [11, 254].

Ғалым сонымен қатар, әдеби жанрдың (тек пен түрдің) көбінде шартты түрде екі мағынада қолданылатынын айтады: «1) әдебиеттің тектері – эпос, лирика, драма; 2) әдеби шығарманың түрлері: әңгіме, роман, баллада, поэма, комедия, трагедия т.б.» [11, 254].

Біз зерттеу нысанына алып отырған жазушының шығармашылығының өзегін көбіне-көп әңгімелер мен новеллалар құрайды. Бірақ, бұл жазушының тек қана осы жанрмен шектеледі деген сөз емес, оның шығармаларында очерктер мен повестер де кездеседі. Алайда, негізгі туындылары осы жанрда жазылған. Жазушының бүкіл кітабын сараптап, түгелімен талдауға диссертацияның бір бөлімі аздық етеді, сондықтан, оның бірен-саран әңгімелері мен новеллаларына тоқталып отырмыз.

Әңгіме туралы әдебиет теориясы жайлы кітаптарда оны көбінде эпостың шағын көлеміне жатқызады.

Сонымен қатар, «көркемдік дамудың жаңа кезеңдерінде эпикалық шығармалардың да бұрынғы түрлері өзгере, жаңара тұра, тіпті тың түрлері туып отыратыны сөзсіз. Феодализм мен капитализм тұсындағы шағын эпоста сондай жаңадан туған түрдің бірі – новелла (итальянша *novella* – жаңалық, соны сөз), – «бұрын-соңды көз көріп, құлақ естімеген тамаша оқиға туралы шындыққа сыйымды әңгіме» (Гёте).

Новелланың алғашқы белгілері грек әдебиетінде біздің эрамыздың бас жағында көріне бастағанымен, ол шағын эпикалық түр ретінде Еуропадағы ояну дәуірінде туып қалыптасты. Бұл тұста қоғам назары біртүрлі жеке адамдарға ауа бастады: әркімнің дара тіршілігі, іс-әрекеті, оның басынан өтетін оқшау оқиғалар, кездейсоқ құбылыстар жұрт назарын көбірек аударатын болды. Новелла осындай жеке адамдар басынан кешкен оқыс, оқшау оқиғалардан туған еді. Ренессанс кезіндегі Италияның көрнекті жазушысы Бокаччоның әйгілі «Декамероны» сондай новеллалар циклі. Бүкіл дүние жүзі әдебиетінде жұртқа мәлім айрықша шебер новеллистер – Н. Гоголь мен А. Чехов (Россия), П. Мериме мен Г. Мопассан (Франция), Эдгар По мен О. Генри (Америка) т.б. Бұл новелланың даму сатылары.

Біздің дәуірімізде новелла көркем әңгімемен ұласып, ара жігі жойылып бара жатыр. Әдебиет білімпаздарының бірқатары тіпті бұл екеуін бір-бірінен айыра қарауға қарсы, екеуін бір нәрсе деп түсіндіреді [11, 306].

Ғалым З. Қабдолов әңгіме жанры туралы былай дейді:

«Әңгіме деген не?

Бұл сұраққа жауап беру қиын, әңгіменің сыр-сипаты өлшеп пішуге көнбейді, бірыңғай анықтама шеңберіне сыймайды. Дегенмен, «Әңгіме, – дейді Сомерсет Моем – ұзын-қысқалығына қарай он минуттан бір сағатқа дейін оқып бітіруге болатын, әбден аршылып алынған бір-ақ нәрсе, бір ғана оқиға немесе бірігіп кеткен бірнеше оқиғалар тізбегі туралы жазылған шағын шығарма. Әңгімені еш нәрсе қосуға да, алуға да болмайтын етіп жазу керек». Бұл арада Моем әңгіменің жанрлық сипатын анық-

тай отырып, оны жазудың екі түрлі ерекшелігін, біріншіден, қысқа жазылуы керектігін, екіншіден, шебер жазылуы қажеттігін ескертеді. Бұл екеуі де бір-біріне тығыз байланысты» [11, 307].

Жазушы Ербақыт Нүсіпұлының шығармалары осындай шағын әңгімелер мен новеллалардан құралған. Әңгіменің көлемі қысқа болатынын ескерсек, жазушы осы шағын дүниелерінің өзімен-ақ, бірсыпыра жайтты толғайды.

Ербақыт Нүсіпұлы өзіне тән қолтаңбасын әлдеқашан екшеген жазушы. Оның шығармалары оқырманды, ең алдымен, өзінің қарапайымдылығымен, шынайылығымен, жеңілдігімен баурайды. Оның ең басты ерекшелігі кейіпкерлеріне өздеріне сай тіл беруімен құнды.

Көркем әдебиеттегі жинақтау типке әкелсе, даралау мінезге әкелетінін білеміз. Әдебиетші ғалымдар әдебиетте адам мінезін берудің неше алуан түрін береді. Соның бірі – адамның қимыл әрекетін, сөйлеген сөзін беру арқылы адам мінезінен хабар беру.

«Сегізінші наурыз» әңгімесі жеңіл де қызықты оқиғаға құрылған. Алдағы мерекені бірге қарсы алмақ болған Мырзаш әйелінің мерекесі күні құрдасы Аманның үйіне барып, «бірер шөлмекті жаһаннамға жіберіп қайтады». Аяғын баса алмаған ол ақыры әйелімен бара алмайды. Оқиға масаң Мырзаштың ұйқыдан оянуынан басталады.

«Басы мең-зең манаураған қалпы ұйқысынан оянды да қайда жатқанын, қайдан келгенін есіне түсіргісі келгендей айналасына көз жүгіртті. Өз үйі екен. Әрбір жерінің сылағы түскен, үйінің қотыр қожалақ қабырғалары осыған көзін жеткізгендей. Кіре берістегі бөлмеде әлдекімдер дабырлап жүрген сияқтанған соң демін ішіне алып құлақ түрді.

– Сен неге жыладың, біздікінде отыра берсең саған көп тәтті берер едім.

Шешең неғып кешікті екен–деді әйел дауысы.

– Шеше – док, – деп жауап берді бала дауысы.

Бұлардың көрші әйел Хадиша мен өзінің кішкентай қызы Айнұр екенін дауысынан таныды.

– Иә, шешең док. Сен енді жылама жарай ма? Әкең ұйықтап жатыр.

– Әке кук (ұйықтап жатыр дегені)

- Бешпетінді киіп ал, үй суық екен.
- Док, кимейім.
- О, несі ауырып қаласың.
- Ауымайм.
- Кімге тартып қырсық болды екенсің, ә!
- Әке бала.
- Ұқсайсың.
- Әке бала.
- Е, әкемнің баласымын де. Олай болса мен әкенді оятайын, сен енді жылама».

Шағын ғана диалогты оқып отырып, жазушының шеберлігіне таңқалмасқа амалыңыз қалмайды. Баланың аңғалдығын, оның былдырлаған тіліне салып, оқырманға жеткізуі де шын шеберлікті қажет етсе керек. Немесе, оны ойнатып, уатып отырған әйелдің де балаға деген мейірімділігін, анаға тән мейірін байқауға болады.

Сонымен қатар, осы үзіндіден Мырзаш туралы оқымай-ақ, оның кім екенін аңғаруға болады. Таңертең оянған қалпында «қайдан келгенін есіне түсіре алмай, басы мең-зең болып ойланып жатуы» оның қандай адам екенін аңғартса керек. Яғни, түнімен жолдастарымен бірге жүріп, таңертең үй ішінің, әйелінің қайда кеткенін де білмей масаң қалыпта жатқан адамды көреміз. «Өз үйі екен. Әрбір жерінің сылағы түскен, үйінің қотыр қожалақ қабырғалары осыған көзін жеткізгендей» деген жолдар да оның шаруаға қырсыз, олақ адам екенін көрсетеді.

«Жазушының тілі шұрайлы, сөздік қоры мол болуы керек. Бұл – қалам иесіне қойылар бұлжымас талап. Тіл байлығы өз өнеріндегі мазмұн байлығына әкеледі. Ал, жазушыға қажетті шығарма – мазмұнды шығарма.

Тума көркемдік қабілет кез келген кісінде бар. Олай болмаса, кез келген кісі өнерді де, көркем әдебиетті де жан-жүрегімен қабылдап, сезіне, түсіне алмас еді. Дегенмен, материалистік эстетика нағыз суреткерге тән бірнеше ерекшеліктерді тізіп, талдап, сол арқылы талант табиғатын сипаттайды», - дейді ғалым З. Қабдолов.

«Айқындау, яғни, эпитет – заттың, құбылыстың айрықша сипатын, сапасын анықтайтын суретті сөз».

Жазушы шығармаларында эпитет тәсілі мол ұшырасады.

– Қасым мен Жайдархан жолықты.

– Асқа неге келмедің? – деді Қасым.

– Сырқаттанғаннан саумысың – деді Жайдархан. Ешқайсысын естіген жоқ. Өне ақ көйлек көрінді. Көзі мөлдіреген, оймақ ауыз, кішкентай мұрынды, нәп-нәзік қыз тез-тез, тырп-тырп адымдап келе жатыр. Қолшатыры жоқ екен, басын екі алақанымен көлегейлеп, айналасына жасқана қарайды. Пұшырайған мұрыны жауыннан тығылып, томпайған қос бетінің ортасына жабыса түскендей. Бір сәт қарсы алдында аңырып тұрған бейсауат жанға жақтырмаған пішінде таңырқай көз тастады.

– Тамақтанып болдыңдар ғой, шамасы? – деді не дерін білмей сасып қалған жігіт көзін тайдыра.

– Көріп тұрсыз ғой деді – қыз елемеген сыңайда жанынан өтіп бара жатып. – Иә, иә, солай ма? – деп міңгірлей берді жігіт».

Шағын үзіндіден кейіпкер тілінің ерекшелігі мен жазушының оқырман психологиясын тереңнен меңгергенін пайымдай аламыз. Себебі, мұнда қыздың портретін де, жігіттің ғашығын көргендегі аузына сөз түспей қалған ұяндығын да, қыздың сұлулығын айқындаған түрлі эпитеттерді де, қысқа диалогтан анық байқалатын кейіпкерлер мінездерін де көруге болады.

Сонымен бірге, бұл тәсіл прозада портрет деп аталады. Әдебиеттегі адам портретінің классикалық үлгісін Мұхтар Әуезов салған болатын. Солар салған сара жолмен жүрген Ербақыт Нүсіпұлы да өзінің шағын әңгімелерінде портрет жасаудың шағын үлгілерін көрсетеді.

Жазушы тілі өзінің шұрайлылығымен ерекшеленеді. Кейде өзі әдейі қосып отыратын диалект сөздерден сіз аймақ өмірін аңғара аласыз.

Осындай жолдармен жазушы шығармаларында адамдардың неше алуан түрлері кескінделген. Олардың әрқайсысына тоқталуды біздің ғылыми жұмысымыздың көлемі көтермейді, әрі шырайы кетіп қалатыны хақ.

Сондықтан, басты назарға алып отырған жазушының шығармаларында көтерілген өзекті мәселер мен туындыларының көркемдік ерекшеліктерінің шамалысына ғана тоқталдық.



Қорыта келгенде, Ербақыт Нүсіпұлының шығармаларының дені қысқа әңгімелер мен новеллалардан тұрады. Кең жанрларға құлаш сермегенімен, жазушының осы деңгейі де зерттеу нысаны болуға лайықты. Себебі, Моңғолияда қазақ әдебиетімен сусындауға бүгінде жағдай жасалмаған. Қазақ елімен бұрынғыдай әдеби байланыс азайғандықтан, баспалар уақытында Баян Өлгейге жеткізілмейді. Моңғолиядағы қазақ әдебиетінің майталмандары, сөз өнеріне еңбегі сіңген жандардың көбі егемендіктен соң қазақ еліне қоныс аударып кетті, кейбірінің нарықтың ауыр қыспағында әдебиетпен айналысуға мұршасы да жоқ. Сондықтан, жазушы Ербақыт Нүсіпұлын елде қалған бір-саран жазушылардың арасынан қазіргі кезең әдебиетінің белді өкілі деп атай аламыз. Біз оның шығармаларының аз бөлігін ғана таразыладық. Қалғаны уақыттың еншісінде.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік оқу-педагогика баспасы, 1960. Ысқақұлы Д. Әдебиет алыптары. – Астана: Фолиант, 2004. – 304 бет.
2. Нүсіпұлы Е. Беймаза түн. – Өлгий, 2008. – 208 б.
3. Ахметов К. Әдебиеттануға кіріспе. – Қарағанды: Арко, 2004. – 332 бет.
4. Майтанов Б. Сөз сыны. – Алматы: Ғылым, 2002. – 344 бет.
5. Нүсіпұлы Е. Бейкүнә сәт. // Шұғыла. – 2006. – №4.
6. Ысқақұлы Д. Әдебиет айдынында. – Алматы: Арыс, 2009. – 320 бет.
7. Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы, 1989.
8. Мүсірепов Ғ. Күнделік. – Алматы., 1997.
9. Кәрібаева Б. Қазіргі қазақ әдебиетінің көркемдік даму арналары. –Астана: Елорда, 2001. – 312 бет.
10. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 352 б.

## ҚОРЫТЫНДЫ

«Шет елдердегі қазақ әдебиеті» тақырыбы бойынша кең ауқымды зерттеу жұмыстарын жүргізу нәтижесінде жазылған бұл ұжымдық монография қазақ көркемсөз өнерінің бұрын жеткілікті деңгейде қарастырылмай келген үлкен бір қабатын терең ұғынып зерделеу міндетін шешті.

Бұл көлемді ғылыми еңбек шет елдердегі қазақ әдебиетінің XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдағы және жаңа ғасыр көгіндегі кезеңдерін қамтып отыр. Ұлт әдебиетінің ажырамас бөлігі ретіндегі бұл елеулі құбылыс бүкіл қазақ әдебиетінің үлкен бір бұтағы ретінде қарастырылды. Метрополия (бұрынғы кеңестік) мен қазіргі жалпыұлттық қазақ әдебиетін шет елдердегі диаспоралық әдебиетпен салыстырмалы талдау жүргізу негізінде ортақ ұлттық көркемсөз өнерінің екі бұтағына тән ерекшеліктерге ғана тоқталып қоймай, шет елдердегі отандастырымыз жасаған әдебиеттің бай көркем тәжірибесі мен өзгешеліктерін жан-жақты сараладық.

Қытай мен Моңғолиядағы қазақ диаспоралық әдебиетінің ғасырдан астам уақытқа жалғасып келе жатқан даму заңдылықтары туралы, бұл бай да мағыналы әдебиеттің негізгі ерекшеліктері мен даму кезеңдері, ақындар мен жазушылардың шығармашылық дербестігінің әрқилылығы туралы маңызды әдеби құбылыстарды заманауи көркем үрдістер тұрғысынан бағалау қағидасын ұстанып, осы аталған елдердегі қазақ әдебиетін әр тарихи кезеңдегі жанды және өзіндік үдеріс ретінде қарастырдық.

Шығыс Түркістан (Қытайдың қазіргі Алтай, Тарбағатай, Леймақтары) атамекені болғанмен кейін екі алып империя шекара бөлгеннен соң бөгде ел қарауында қалғандықтан өзінен өзі шетелдіктер атанған қандастарға XX ғасырдың отызыншы жылдары Қазақстанда қолдан жасалған алапат аштық салдарынан этникалық қазақтардың жөңкіле көшіп қосылуы эмиграцияны күшейте түсті. Күнделікті өмір сүру мен тұрмыс жағдайы едәуір түзелгенімен, сол өздері тұратын ел заңымен жүріп, тәртібіне бағыну бұлжымас заңдылық болса, бұл мәселе шығар-

машылық адамдарға қиын тигені белгілі. Туған жерінен еріксіз безіп, шекара асқан ақындарға мүлдем бөтен елде тіршілік ету оңай болған жоқ. Олардың негізгі өмір сүру мазмұны да жеке шығармашылық десек, бұл жағынан әлеуметтік-психологиялық көңіл-күйдің бұзылып, өзге қоғамда өмір сүруі талант қуатын әлсіретуі тиіс еді. Бірақ бұлай болған жоқ.

1930 жылдары Қытайға жеткен эмиграцияның жаңа толқыны қазақ диаспоралық әдебиетінің өрісті кезеңін бастап берді. Бұл елдегі қазақ әдебиеті 1940 жылдардан бері үлкен өркендеу кезеңіне түсті, қазақ тілінде газеттер мен журналдар шығып, ел сүйіп оқитын көптеген көркем шығармалар өмірге келді. Қазақстаннан келген шығармашылық өкілдері өз таланттарын жоғалтпай, керісінше, тың күш алып, қанаттарын қатайтты, қытай жеріндегі дарынды қазақ жастарының өсіп жетілуіне игі ықпал етті. Ал олар кейін Қытайдағы және Моңғолиядағы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдеріне айналды.

Осылайша, Отанынан, жақын туыстарынан айырылып, ешқандай қолдау көрмеген қандастар бөгде елде кеңестік жүйенің тоталитарлық тәртібінің саяси тиымдарынан тыс жағдайда өздерімен өздері еркін ойлап, еркін жаза алатын, кез келген тақырыптағы көркем туындыларын еш кедергісіз жариялай алатын шығармашылық еркіндік құқығына ие болды. Бұл, әрине, әдеби үдерісті идеологиялық пікір-таласқа еш итермелеген жоқ. Шет елдердегі қазақ әдебиетінің даму үдерісін саяси-қуғын сүргіннен бой тасалаған ақын-жазушылар үшін саяси да, азаматтық та есеп беруге міндеттілік емес, еркін шығармашылық ізденістердің көп болуы айқындап берді. Үйреншікті емес жаңа жағдайда ақын атаулы өзге елде өмір сүрудің ащы шындығына қарама-қарсылықта саяси бостандығын ғана емес, ішкі рухани еркіндігін, шығармашылық байлығын сақтап қалды.

Шет елдердегі қазақ қаламгерлері өздерінің бүкіл ұлт әдебиетіне үлес болып қосылған мағыналы көркем туындылары арқылы талант қуатын ғана емес, Қазақстанға деген риясыз перзенттік сүйіспеншілігін және атамекенмен тығыз байланысын айқын дәлелдеп берді. Бұл шығармашылық адамдар әде-

биет әлеміне, бірінші кезекте, қазақ ұлтының өкілдері ретінде мәшһүр болды.

Ақыт, Таңжарық, Көдек, Ақтан сияқты шет елдердегі қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің және басқа да осындай талантты сөз зергерлерінің көркем мұрасы мен туындыларының түпкілікті Отанына монографиялық тараулар арқылы ғылыми айшықталып танылуы және сонымен бірге, олардың шығармашылығына оқырмандар мен зерттеулер ықыласының арта түсуі тарихи әділеттілікті қалпына келтіру әрекеті ғана емес, уақыт ажыратқан байланыстарды біріктірудің ізгі амалдарының бірі болып табылады.

Қазақ диаспоралық әдебиетінің даму үрдісіне қорытынды жасай отырып, бұл әдебиеттің бүкіл отандық әдебиетке сүбелі үлес қосқан көпқырлы, өзіндік ерекше көркем құбылыс болғандығын атап өту қажет. Шет елдердегі қазақ қаламгерлерінің ауқымды рухани әлеуеті отандық мәдени дәстүрлерді сақтап қана қоймай, айтарлықтай дамытты. 1975 жылы «Аруақтар арасында» атты қазақ тілінде тұңғыш ғылыми-фантастикалық әңгіме жазып, елді елең еткізген дарынды жас Сұлтан Жанболатов шет елдердегі қазақ әдебиетінде ғылыми-фантастикалық әдебиеттің негізін қалаған көрнекті жазушы ретінде бүкіл Қытайға кеңінен танылуының өзі көп жайтты аңғартса керек. Өкінішке орай, шет елдердегі қазақ әдебиетінің шығармашылық жетістіктері көп уақытқа дейін жеткілікті деңгейде қарастырылмай келді, еліміз тәуелсіздік алған кезден бастап қана бұл мәселе белсенді түрде зерттелу үстінде.

«Шет елдердегі қазақ әдебиеті» ұжымдық монографиясының басты ғылыми жаңалығы да қазақ диаспоралық әдебиетін феномен ретінде ұғынуды кешенді түрде зерттеу болса, еңбекте шет елдердегі қазақ әдебиетінің өзекті мәселелері мен көркемдік өзгешелігін дамыту тұжырымдамасы дәйектелді, бүкіл отандық әдебиет дамуындағы құнарлы бұтақ ретіндегі рөлі мен орны айқындалды.

Бұл монография қазақ диаспоралық әдебиетін Қытай мен Моңғолиядағы әдеби үдерістің қалыптасуымен тікелей байланысты қоғамдық-саяси жайлар мен құбылыстардың жүйелі

бірлігінде қарастырған ұлттық әдебиеттанудағы алғашқы ғылыми еңбек болып табылады. Ғылыми айналымға бұрын белгісіз болып келген материалдар енген зерттеу барысында шет елдердегі қазақ әдебиетінің идеялық-эстетикалық өзгешелігін айқындаған ақын-жазушылардың көркем мұрасы мен шығармашылығы қарастырылды. Соның нәтижесінде зерттеу нысаны болған авторлардың шығармашылық дербестігінің, олардың шығармаларының проблемалық мәні мен көркемдік шешімінің маңызды ерекшеліктері кеңінен талданды. Еңбекте сонымен бірге шет елдердегі қазақ әдебиеті алғаш рет тұтас бір көркем құбылыс ретінде сараланып, оның қалыптасып дамуының негізгі заңдылықтары нақты айқындалды, бұл әдебиеттің проблемалық және көркем шешімі тұрғысындағы көркемдік әдістері мен қағидаларының біртұтас жүйесі жасалды, Қытайдағы және Моңғолиядағы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері туралы алғаш рет жеке портреттік тараулар берілді.

Қорыта айтқанда, шет елдердегі қазақ әдебиеті – бүкіл отандық әдебиеттің ажырамас нәрлі бір бөлігі десек, бұл құнарлы әдебиеттің берері мол. Қазақ диаспоралық әдебиетінің қай көркем туындысы болсын, түпкілікті атамекені мен Отанын, адамгершілік пен имандылықты, парасаттылық пен достықты суреттеуге арналған. Ең бастысы, шет елдердегі қандас қаламгерлер қос елдің де рухани мәдениетінен сусындай отырып, өздерінің ерекше әдебиетін қалыптастырып дамытуда. Шет елдердегі қазақ әдебиеті туралы кешенді зерттеулер, шын мәнінде, енді ғана басталды. Бұл көркем құбылыс тылсымдары әлі көптеген ойларға жетелері сөзсіз.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Арыққарақызы Е. Моңғолия қазақтарының поэзиясы // Туған тіл. – 2012.
2. Арыққарақызы Е. Моңғол-қазақ поэзиясының көркемдік ерекшеліктері // Алыптар тобының асылдары (Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары). – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 380 б.
3. Ахметов З. Поэзия шыңы – даналық. – Астана: Фолиант, 2002. – 408 б.
4. Ахметов К. Әдебиеттануға кіріспе. – Қарағанды: Арко, 2004. – 332 б.
5. Әбдікәкімұлы Т. Өлеңнен ұшып жеткен құс // Түске оранған күз. – 2011.
6. Әуезов М. Ертегілер. – Алматы: Рауан, 1957. – 255 б.
7. Бабиұлы А. Шығармаларының толық жинағы. – Өлгий, 1987.
8. Бавуугийн Лхагвасүрэн. Іштен шыққан шұбар жылан / Моңғол тілінен ауд. С. Рахметұлы. – Уланбатор. – 41б.
9. Байбесік тұмалары. – Алматы: Атажұрт, 2010. - 192 б.
10. Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы, 1989.
11. Байтұрсынұлы А. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 245 б.
12. Бәмішұлы Б. Тұмарлы таң. – Алматы: Көркем, 2003. – 160 бет.
13. Белинский В.Г. Шығармалары. Әдеби-сын мақалалар. – Алматы: Қайнар, 1987. – 325 б.
14. Ғазизұлы Н. Моңғолиядағы қазақ поэмасы // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2010. - № 3. – Б. 105-110.
15. Жаңжүңұлы К. Жауқазын. – Алматы: Атажұрт, 2012. – 216 бет.
16. Мырзаханов Ж. Жазушының шығармалары. – Үрімжі, 2004. – 41 б.
17. Жұмабаев М. Шығармалары. – Алматы: Жалын, 1996. – 250 б.

18. Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік оқу-педагогика баспасы, 1960. Қинаятұлы З. Моңғолиядағы қазақтар. – Алматы: Ғылым, 1992. – 353 б.
19. Жұмаханов Қ. Сын сыры. – Өлгий, 1985. – 114 б.
20. Жүсіпұлы А. Омбы өңірінде. – Омбы, 2012. – 116 б.
21. Казахи в евразийском пространстве: история, культура и социокультурный процесс: Материалы Международной научно-практической конференции, посвященной 25-летию Региональной общественности организации Сибирский центр казахской культуры «Мөлдір» (Омск, 13-15 мая 2014 г.). – Омск, 2014. – С. 326.
22. Казахи России: история и современность. Материалы Международной научно-теор. конф. В двух томах. – Омск, 2010. – Т.1. – С. 308.
23. Казахи Омского Прииртышья: история и современность. – Омск, 2007. – С. 202.
24. Кәпқызы Е. Баян-Өлгий аймағы – бұзылмаған қаймағы // Түркістан. – 2010. – 22 шілде. – 8 б.
25. Кәпқызы Е. Моңғол-қазақ әдебиетінде проза жанрларының қалыптасуы мен дамуы. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясының авторефераты, Алматы – 2000. – 140 б.
26. Кәрібаева Б. Қазіргі қазақ әдебиетінің көркемдік даму арналары. – Астана: Елорда, 2001
27. Кемелбаева А. Ана Алтайдың ар жағы // Шұғыла. – 2011. – №2.
28. Қабанұлы Б. Бұрымбиді. – Алматы: Атажұрт, 2010. – 164 бет.
29. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 352 б.
30. Қазақша энциклопедия. – Алматы: Ғылым, 1988. – Том 6.
31. «Қазақстан –2050»: Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. – Алматы, 2013. – 44 б.
32. Қазақстан жазушылары: Анықтамалық / Құрастырушы: Қамшыгер Саят, Жұмашева Қайырниса – Алматы: Ан арыс, 2009.

33. Қазақ әдебиеті: энциклопедия. – Алматы, 1999. – 750 б.
34. Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. – Алматы, 2004. – Т.8. – 520 б.
35. Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. – Алматы, 2005. – Т.9. – 998 б.
36. Қазақ диаспорасының жасампаз әлеуеті: тарихы және заманауи келбеті: Респ. ғыл.-практ. конф. материалдары. – Алматы, 2013. – 480 б.
37. Қалиасқарұлы Қ. Моңғолия қазақтарының әдебиеті. 8-10 класқа арн. оқулық. – Өлгий, 1978. – 235 б.
38. Қалиасқарұлы Қ. Моңғолиядағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Арыс, 2009. – 240 б.
39. Қалиасқарұлы Қ. Өскен өлкенің өршіл әдебиеті. – Өлгий, 1976.
40. Қинаятұлы З. Жылаған жылдар шежіресі. – Алматы: Мерей, 1995. – 298 б.
41. Қирабаев С. Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет. – Алматы: Ғылым, 2001. – 448 б.
42. Қирабаев С. Талантқа құрмет. – Алматы: Жазушы, 1988. – 248 б.
43. Құмарұлы К. Арпагер. – Астана: Рух, 2008. – 120 бет.
44. Құмарұлы Ш. Бөке батыр. Тарих роман. – Алматы, 2008. – 320 б.
45. Құрманхан. Шығармаларының толық жинағы. Өлгий, 1983.
46. Майтанов Б. Сөз сыны. – Алматы: Ғылым, 2002. – 344 бет.
47. Майтанов Б. Қазіргі қазақ поэзиясы және постмодернизм // Қазақ әдебиеті. – 2011. – 14-20 қазан (№ 41). – 5 б.
48. Мақырұлы С. Адамтану өнері. – Алматы: Арыс, 2009. – 214 б.
49. Мәсімханұлы Д. Қытай қазақтары поэзиясындағы ұлт-азаттық идея (XX ғасырдың 20-50 жылдары). Филол. ғ.к. ғыл. дәрежесін алу үшін дайындалған дис. авторефераты. – Алматы, 1999. – 28 б.
50. Мендикулова Г.М. Казахская диаспора: история и современность. – Алматы, 2006. – С. 343.
51. Мұқамәдиқызы Е. Қайтқан қаз. – Астана: Аударма, 2005. – 172 бет.
52. Мұқаметханұлы Н. Қазақ диаспорасының ұлттық танымы мен тәуелсіздік санасы – ұлттық біртұтастанудың ұйтқысы // Төртінші билік. 2011. 3 қазан.



53. Мүсірепов Ғ. Күнделік. – Алматы., 1997.
54. Мырзаханов Ж. Алтын ұя. – Үрімжі, 2010. – 343 б.
55. Мініс А., Сарай А. МХР, Баян-Өлгий қазақ халқы тарихы. – Өлгий, 1960.
56. Нүсіпұлы Е. Бейкүнә сәт. // Шұғыла. – 2006. – №4.
57. Нүсіпұлы Е. Беймаза түн. – Өлгий, 2008. – 208 б.
58. Өтейұлы Ж. Мұқағали Мақатаев поэзиясының көркемдік жүйесі. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясы, Астана. 2007. – 140б.
59. Рахметұлы С. Өрен жүйріктің сілекейі. – Улаанбаатар: Соембо-Принт, 2006. – 195б.
60. Рахметұлы С. Көгілдір шабыт. – Алматы: Атажұрт, 2011. – 192б.
61. Рахметұлы С. Түске оранған күз. – Астана: Фолиант, 2011. – 208б.
62. Рахметұлы Ш. Қарагер. – Алматы: Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы, 2006. – 192 бет.
63. Рахметұлы С. Жұлдыздың лағыл елесі. – Ұланбатор: Соембо-Принт, 1995. – 100 б.
64. Рахметұлы С. Туған тілі ғана қазақтың жанын алып қалады (Ақынмен сұхбат ) Жүрг. Ө. Әбдіхалық // Әдебиет айдыны. – 2006. Қараша. – 16.
65. Секей Ж. Имашхан Байбатырұлының әдеби мұрасы. Филол. ғ.к. ғыл. дәрежесін алу үшін дайындалған дис. авторефераты. – Алматы, 2007. – 28 б.
66. Сейітжанов З. Шыңжаң қазақ әдебиеті. – Монография. – Алматы, 1999. – 184 б.
67. Сейітжанов З. Қытай және Моңғолия қазақтарының әдебиеті // Қазақ әдебиетінің тарихы: кеңес дәуірі (1956-1990). – Алматы, 2006. 9-том.
68. Сейітжанов З.Н. Қытай қазақтары әдебиетінің туып, даму жолдары (поэзия, проза. 1950 жылға дейінгі 3 кезең). Филол. ғ.д. дәрежесін алу үшін дайындаған диссертацияның авторефераты. – Алматы, 2000.

69. Секей Ж. Имашхан Байбатырұлы лирикасының кейбір сырлары. Шұғыла. – 2009. – №2.
70. Субханбердина Ү., Сейфуллина Д.С. Қазақ кітабының шежіресі. – Алматы: Рауан, 1996. – 288 б.
71. Сыроежкин К.Л. Казахи в КНР: очерки социально-экономического и культурного развития. – Алматы, 1994. – С. 118.
72. Тәукейұлы С. Ата таным. – Уланбатор, 2006. – 205 б.
73. Тәукейұлы С. Он томдық шығармаар жинағы. – Уланбатор, 2013. – Т.9. – 350 б.
74. Тойшанұлы А. Моңғолиядағы қазақ әдебиеті // Керуен. – 2009. – № 4
75. Тұрмағамбетова Б. Ұлттық өнер – өміршең қазына. – Алматы, 2013. – 360 б.
76. Шәкенұлы Ж. Жалғыздың үні: Сын-зерттеу мақалалары мен сыр-сұхбаттар. – Алматы, 2010. – 42 б.
77. Шұғыла. Моңғолия қазақтарының әдеби-мәдени, ғылыми-танымдық журналы. 2012. – №1 – Б. 4.
78. Ысқақұлы Д. Әдебиет айдынында. – Алматы: Арыс, 2009. – 320 бет.
79. Ысқақұлы Д. Әдебиет алыптары. – Астана: Фолиант, 2004. – 304 бет.
80. Ысқақ Қ. Бәрімізге ортақ бір ғана қазақ әдебиеті бар // Қазақ әдебиеті: 2005. 30 қыркүйек.
81. Ізгілікпен өткен өмір: Естеліктер, зерттеулер. Алматы, 2008. – 136 б.
82. Лиясұлы Я. Алғыр қаламгер – алғашқы әңгіме // Біздің Құрмаш. Өлгий, 1983.
83. Лиясұлы Я. Сегіз қырлы, бір сырлы ақын // Шұғыла. – 1993. – № 1.
84. Лиясұлы Я. Шеберлік деңгейі. – Өлгий, 1985.

## РЕЗЮМЕ

Подготовленная Институтом литературы и искусства им. М. О. Ауэзова Министерства образования и науки Республики Казахстан коллективная монография «Литература казахов зарубежья» – обобщающий историко-литературный труд, участники которого ставили своей главной задачей исследование литературы казахов зарубежья как составляющей части всей казахской литературы, основных черт и тенденций в ее неразрывных и многообразных связях с социальной и интеллектуальной историей.

Мировое сообщество в начале третьего тысячелетия вступило в новую историческую эпоху, главной особенностью которой являются процессы цивилизованной глобализации во всех сферах жизнедеятельности человека, в том числе в литературоведческой науке. Социально-экономические, общественно-политические, культурно-исторические явления, процессы, события во всех без исключения государствах мира становятся сегодня взаимообусловленными и взаимозависимыми. В этой связи особого внимания и углубленного анализа требуют проблемы исследования литературы казахов зарубежья, неотъемлемой части казахской литературы в целом.

Глобализация имеет в большей степени положительные тенденции, потому что мы интегрируемся в общемировую культуру, общемировой процесс развития цивилизаций. В этом отношении национальная литература не знает государственных и административных границ. И раньше жили рассеянно, но старались оставаться в одном духовном пространстве. Нынешняя же ситуация может в десятки раз активизировать общение и духовное объединение представителей одного этноса. Благодаря научно-техническому прогрессу отодвинута угроза изоляции и исчезновения национальных языков и культур.

Нужны лишь политико-правовая и материально-техническая, финансовая и организационная базы для распространения информации и культурных ценностей, как таковым является литература казахов зарубежья. Именно на это направлено

научное исследование темы о развитии литературы казахов Китая и Монголии. Настоящий труд является комплексным и охватывает несколько подтем, заключающихся в исследовании литературы казахов этих стран в отдельности. Ее целью является восполнение истории казахской литературы путем исследования литературы казахов зарубежья.

Уважение к своей нации происходило от объективной оценки и всестороннего анализа своей исторической судьбы. Председательство нашей республики в ОБСЕ, активная суверенная вовлеченность в международные процессы и политические события региона – приковали к стране внимание всего мирового сообщества, практически ничего не знающего ни о Казахстане, ни о казахлах. Однако проблема не в том, что мир не знает о казахлах. Проблема в том, что мы сами мало знаем о себе. Это и касается литературы казахов зарубежья. Отечественные ученые давно обратили внимание на важность изучения диаспорной литературы, но целостных работ, посвященных проблеме литературы казахов зарубежья, до сих пор нет. Отдельные монографические разделы и статьи, также отчеты, доклады и брошюры Всемирного сообщества казахов дают лишь отрывочные представления о литературе казахов зарубежья. Сегодня, на переломе XX и XXI веков, когда казахская зарубежная литература достигла своей подлинной зрелости, возникли предпосылки для научного анализа этой уникальной литературы. Актуальность и недостаточная разработанность этих проблем послужили основанием к проведению настоящего исследования.

Настоящая монография приоритетна тем, что работа велась только с первоисточниками, в большинстве с арабописьменными текстами произведений литературы казахов Китая, а также впервые введены в научный оборот многие ранее не опубликованные произведения и малоизвестные источники.

В результате исследования воспроизведена общая картина литературы казахов зарубежья; выявлены особенности, основные тенденции и закономерности развития этой литературы; воссоздана творческая личность видных представителей литературы казахов зарубежья и исследованы идейное содержание

и художественные особенности их произведений; определено место литературы казахов зарубежья в истории всей казахской литературы.

Содержание труда – своеобразная история литературы казахов зарубежья начиная с конца XIX века и по настоящее время. Разумеется, эта монография не может претендовать на полноту освещения всего богатства литературных фактов и процессов данной литературы. Усилия авторов сосредоточены преимущественно на осмыслении творческой деятельности тех поэтов и писателей как Акыт Улимжиулы, Танжарык Жолдыулы, Кодек Байшыганулы, Актан Бабиулы, Имашхан Байбатырулы, Сураган Рахметулы и другие, произведения которых имеют общенациональное значение. Отбирались также такие литературные явления, в которых наиболее ярко и полно выразились определяющие приметы того или иного направления; обращалось также особое внимание на произведения, которые имели оснополагающее значение для данного периода литературного развития, а также и на наследие таких художников слова, творчество которых подготавливало признаки последующего поступательного движения литературы.

Издание подготовлено сотрудниками Института литературы и искусства им. М. О. Ауэзова МОН РК с участием работников вузов и исследователей литературы.

В написании разделов коллективной монографии «Литература казахов зарубежья» принимали участие: С. Корабай, кандидат филологических наук, доцент («Вступление», «Казахская диаспорная литература», «Актан Бабиулы», «Заключение»), У. Калижанов, доктор филологических наук («Амангельды Жусипулы»), З. Н. Сейтжанов, доктор филологических наук, профессор («Кодек Байшыганулы»), А. С. Исмакова, доктор филологических наук, профессор («Акыт Улимжиулы», «Омаргазы Айтанулы», «Турсынали Рыскелдиев»), Ш. Н. Сариев, кандидат филологических наук («Танжарык Жолдыулы», «Куанган Жумаханулы», «Байыт Кабанулы»), Т. Албеков, кандидат филологических наук («Шаргын Алгазыулы»), Д. Мухамадиев, кандидат филологических наук («Серик Капшыкбайулы»), Ж. Секей, кандидат

филологических наук («Имашхан Байбатырулы»), А. Кайырбеков, кандидат филологических наук («Мурат Пушатайулы»), Б. Сарбалаулы, критик («Шамис Кумарулы»), Л. Токайулы, кандидат педагогических наук («Какей Жанжунулы»), Ж. Шакенулы, писатель, критик («Литература казахов Китая»), Х. Омарулы, исследователь литературы («Курманхан Мукамадиулы»), А. Сагындықулы, исследователь литературы («Кажыгумар Шабданулы»), О. Адилбек, критик («Жакып Мырзаханулы»), А. Хаутай, магистр филологии («Литература казахов Монголии», «Сураган Рахметулы», «Ербакыт Нусипулы»), А. Ахметова, магистр филологии («Аскар Татанайулы», «Библиография»).

Объем – 592 стр.

## SUMMARY

Joint monograph “Literature of the Kazakhs abroad” which is prepared by the M. O. Auezov Institute of Literature and Art, Ministry of Education and Science of Kazakhstan – is a synthesis of history and literary, the participants of which have set their main objective to study literature of the Kazakhs abroad as part of the whole Kazakh literature, main characteristics and trends in its inextricable ties and diverse linkages with social and intellectual history.

The world community at the beginning of the third millennium has entered a new historical era, which main feature is the processes of civilized globalization in all spheres of human activity, including literary studies. Socio-economic, socio-political, cultural and historical phenomena, processes, events in all states of the world have become interdependent and interrelated. In this regard, the research of literature of the Kazakhs abroad requires special attention and in-depth analysis, as the integral part of the Kazakh literature in general.

Globalization has increasingly positive trends because we are integrating into a global culture, global process of development of civilizations. In this respect, national literature does not have state and administrative boundaries. In earlier times people also lived scattered, but tried to stay in the same spiritual space. The present situation may highly enhance communication and spiritual union of the members of one ethnic group. Thanks to scientific and technological progress, the threat of isolation and disappearance of national languages and cultures has been eliminated.

We only need political-legal and logistical, financial, and institutional frameworks for the dissemination of information and cultural values, such as literature of the Kazakhs abroad. This is the aim of the research area of the theme on the development of literature of the Kazakhs in China and Mongolia. This is a complex work and involves several sub-topics of exploring the literature of the Kazakhs of these countries individually. Its goal is to fill the history of Kazakh literature by exploring the literature of the Kazakhs abroad.

Respect for the nation has resulted from the objective evaluation and comprehensive analysis of the historical destiny. Chairmanship of our Republic in the OSCE, active sovereign involvement in international processes and regional political developments –have attracted the attention of the entire world community to our country, who didn't know anything about Kazakhstan or the Kazakhs. However, the issue is not that the world does not know about the Kazakhs. The thing is that we do not know much about ourselves. This also concerns the literature of the Kazakhs abroad. National scientists have long emphasized the importance of studying literature of Diaspora, but still there are no integral works devoted to the issue of literature of the Kazakhs abroad. Specific monographic sections and articles, as well as reports, presentations and brochures of the World's Community of the Kazakhs give only fragmentary ideas about literature of the Kazakhs abroad. Today, at the turn of the XX and XXI centuries, when Kazakh foreign literature reached its true maturity, there have appeared the prerequisites for the scientific analysis of this unique literature. Relevance and insufficient elaboration of these issues have served as the basis for the present study.

This monograph is a priority because the work was carried out only with primary sources, mostly with Arab written literary texts of the Kazakhs of China, and many previously unpublished works and unknown sources have been first introduced in scientific use.

In the course of study the overall picture of the literature of the Kazakhs abroad has been reproduced; the specific features, main trends and patterns of development of this literature have been revealed; the creative personalities of prominent representatives of the Kazakh literature abroad have been reproduced and the ideological content and artistic features of their works have been studied; the place of literature of the Kazakhs abroad in the history of the whole Kazakh literature has been identified.

The content of the work is a kind of history of the literature of the Kazakhs abroad since the late XIX century to the present time. Of course, this monograph cannot completely cover all the wealth of literary facts and processes of this literature. The efforts of the



authors are primarily focused on understanding of the creative work of the poets and writers such as Akyt Ulimzhiuly, Tanzharyk Zholdyuly, Kodek Bayshyganuly, Aktan Babiuly, Imashkhan Baybatyryly, Suragan Rakhmetuly and others, whose works have national importance. Such literary phenomena which is most clearly and fully expressing the basic signs of a particular direction have been selected; also attention was paid to the works that have fundamental value for a given period of literary development, and on the legacy of such writers whose creative writings have prepared the signs of the subsequent progressive movement of literature.

The edition was prepared by the M.O. Auezov Institute of Literature and Art, MES RK, with participation of the staff of universities and researchers in the field of literature.

In writing the chapters of the joint monograph "Literature of the Kazakhs abroad" participated: S. Korabay, Ph.D Philology, Associate professor ("Introduction", "Literature of Kazakh Diaspora", "Aktan Babiuly", "Conclusion"), U. Kalizhanov, Dr. Philology («Amangeldi Zhusipuly») Z.N. Seytzhanov, Dr. Philology, professor ("Kodek Bayshyganuly"), A.S. Ismakova, Dr. Philology, professor ("Akyt Ulimzhiuly", "Omargazy Aytanuly", "Tursynali Ryskeldiev"), Sh.N. Sariev, Ph.D. ("Tanzharyk Zholdyuly", "Kuangali Zhumahanuly", "Bayyt Kabanuly") T. Albekov, Ph.D Philology ("Shargyn Algazyuly") D. Mukhamadiev, Ph.D Philology ("Serik Kapshykbayuly"), Zh.Sekey, Ph.D Philology ("Imashkhan Baybatyryly"), A. Kayirbekov, Ph.D Philology ("Murat Pushatayuly"), B. Sarbalauly, critic ("Shamis Kumaruly"), L. Tokayuly, PhD Pedagogy ("Kakei Zhanzhunuly"), Zh.Shakenuly, writer, critic ("Literature of the Kazakhs in China"), H. Omaruly, researcher of literature ("Kurmankhan Mukhamadiuly"), A. Sagyndykuly, researcher of literature ("Kazhygumar Shabdanuly") O. Adilbek, critic ("Zhakyp Myrzahanuly"), A. Hautay, Master of Philology ("Literature of the Kazakhs of Mongolia", "Suragan Rakhmetuly", "Erbakyt Nusipuly"), A. Akhmetova, Master of Philology ("Askar Tatanayuly", "References").

Volume - 592 p.

## СОДЕРЖАНИЕ

КІРІСПЕ .....	3
ҚАЗАҚ ДИАСПОРАЛЫҚ ӘДЕБИЕТІ .....	8
ҚЫТАЙДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ .....	20
ҚЫТАЙДАҒЫ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ЖАҢА ДӘУІР ӘДЕБИЕТІ .....	61
МОНҒОЛИЯДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ .....	91
АҚЫТ ҮЛІМЖІҰЛЫ .....	136
КӨДЕК БАЙШЫҒАНҰЛЫ .....	148
АҚТАН БАБИҰЛЫ (1897–1973) .....	216
ТАҢЖАРЫҚ ЖОЛДЫҰЛЫ .....	220
ШАРҒЫН АЛҒАЗЫҰЛЫ .....	243
АСҚАР ТАТАНАЙҰЛЫ (1906–1994) .....	250
ҚҰРМАНХАН МҰҚАМӘДИҰЛЫ (1923–1964) .....	261
ҚАЖЫҒҰМАР ШАБДАНҰЛЫ .....	269
ОМАРҒАЗЫ АЙТАНҰЛЫ .....	279
СЕРІК ҚАПШЫҚБАЙҰЛЫ .....	324
ТҰРСЫНӘЛІ РЫСКЕЛДИЕВ .....	346
ИМАШХАН БАЙБАТЫРҰЛЫ(1938–2000) .....	361
АМАНГЕЛДІ ЖҮСІПҰЛЫ .....	405
ЖАҚЫП МЫРЗАХАНҰЛЫ .....	410
КӘКЕЙ ЖАНЖҰҢҰЛЫ(1946–1993) .....	413
ҚУАНҒАН ЖҰМАХАНҰЛЫ .....	426
ШӘМІС ҚҰМАРҰЛЫ .....	443
МҰРАТ ПҰШАТАЙҰЛЫ .....	482
СҰРАҒАН РАХМЕТҰЛЫ .....	488
БАЙЫТ ҚАБАНҰЛЫ .....	527
ЕРБАҚЫТ НҮСІПҰЛЫ .....	557

ҚОРЫТЫНДЫ.....	574
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР .....	578
РЕЗЮМЕ .....	583
SUMMARY .....	587

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
Ғылым комитеті  
М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты

## ШЕТ ЕЛДЕРДЕГІ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

Верстка мен дизайн: Ивахнова Н.

Басуға: 22.12.2014 ж. ұсынылды.  
Пішіні 60x84 <sup>1</sup>/<sub>16</sub>. Көлемі 37 б.т.  
Офсеттік басылым. Офсеттік қағаз.  
Әріп түрі «CharterITC».  
Таралымы 500 дана.

«Evo Press» баспаханасы,  
Алматы қ-сы, Мақатаев к-сі, 129/1  
тел.: 8 (727) 279 71 34, 352 82 02



